


А 2015

3624к



ТЫНЫМБАЙ ТӨЛЕПБАЙҰЛЫ

ШЫРҒАЛАН



А/2015/3624 к


ТЫНЫМБАЙ ТӨЛЕПБАЙҰЛЫ

◆ ШЫРҒАЛАҢ ◆

РОМАН

Астана-2015

FOLIANT
БАСПАСЫ



ӘОЖ 821.512.122-31

КБЖ 84 (5Қаз)-44

Т 65

ТҮНІМБАЙ ТӨЛЕПБАЙҰЛЫ

ШЫРҒАЛАҢ

Т 65 Төлепбайұлы Т.
Шырғалаң. Роман. / Т. Төлепбайұлы. – Астана:
Фолиант, 2015. – 400 бет.

НОМАН

ISBN 978-601-302-315-1

Бұл кітапқа жазушы Тынымбай Төлепбайұлының төрт бөлімнен тұратын «Шырғалаң» атты романы еніп отыр. Шытырман оқиғаларға, небір күрестерге толы, адам мен қоғам арасындағы ажырамас байланысты нанымды түрде суреттейтін көркем шығарма дәуірдің дауысы, өмірдің айнасы іспетті.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.



ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)-44

ISBN 978-601-302-315-1

© Төлепбайұлы Т., 2015
© «Фолиант» баспасы, 2015

БІРІНШІ ТАРАУ

Жасжан бұрын кіріп көрмеген кең кабинеттің ішінен қара торы жүзі күлімдеп, жақсы түс көргендей көңілді шықты. Ол бұлай боларын күтпеген еді.

Әлгінде ғана, бас инженер мен кәсіподақ комитетінің төрағасын машинасына отырғызған директор өздерімен бірге Жасжанды да қастарына алып, қайда бара жатқанын да айтпастан, бірінші хатшының кабинетінің алдына алып келді. Олардың алдарынан әдеміше келген хатшы қыз шығып, Сергей Ивановичтің күтіп отырғанын айтып ішке кіргізді.

Кең кабинеттің қақ төрінде отырған орта бойлы, кеспек мұрынды, көзі көк, селдір қабақты орысты бұрын Жасжан көрмеген-ді. Ол бұларды отырған орнынан тұрып қарсы алды. Сонан соң Андрей Васильевичке қарап:

– Сіздің жазған түсініктемеңізді оқып шықтым. Сол жөнінде шақыртқан едім сіздерді, – деп отырғандарға көз жүгіртті де, бірден, – жолдас Есенов түсініктемеңізбен таныс па?

– Жоқ.

– Олай болса, жазғаныңызды оқыңыз.

Андрей Васильевич – ұзын бойлы, денесі етті келген, жауырыны еңкіштеу, қушық маңдайын қатпар-қатпар әжім торлаған, салбыраған түкті қабақты, зор даусы қажып шаршаған адамның қарлығыңқы үніне келетін, жас шамасы алпысты алқымдаған кісі. Ол ауыр қозғалып орнынан көтеріле бергенде боздаған ботаның

даусындай орындығының сықырлаған даусы шықты. Қолына алған қағазын қырылдаған жуан дауысымен сауатсыз адамның ежіктегеніндей мүдіріңкіреп оқып шыққан да, қалтасынан бет орамалын алып тершіген маңдайын сүртті. Саусағымен столды тықылдатып отырған Сергей Иванович, оның асықпай оқығанынан жалығып кетті ме, жоқ әлде осындай сауаты жоқ адамның әлі күнге дейін бір мекемені басқарып жүргеніне іштей қынжылды ма, әйтеуір дегбірі қашқандай көкшіл көзі тынымсыз қозғалып барып, терезе жаққа тесіле қарап қалды.

Андрей Васильевич оқып болып орнына отыра бергенде, Сергей Иванович оң жақ қапталда отырған Жасжанға жылы шырайлы жүзімен бұрылып:

– Есеновке сөз беріледі, – деді.

Андрей Васильевич жазған түсініктемесін оқи бастағаннан-ақ, Жасжан есінен танғандай бейжай күй кешіп, не істерін білмей мелшиіп қалды. Қапелімде оқыстан тиген соққыдай есеңгіресе де намысқа тырысып, қас пен көздің арасында өзіне-өзі келіп, есін жиды. Қапыда қалғандай опынып, қаралай жала жапқанына күйінді. Сәлден соң бойына күш-қуат бітіп, жастық жігері қайраттана жаңа бір әсерге бөленді. Сол кезде жадау көңілі де жадырап шыға келгендей болды. Өзін жамандаған бастығына өшіге қарап, кеудесін қысқан ашуды тежей алмай, жастық буымен ұшып тұрып сөйлеуге шақ қалған, нақ осы сәтте Сергей Иванович өзіне сөз беріп үлгерген еді.

Әуелгіде Жасжан ойынан жаңылысып, сөйлей алмай, мүдіріңкіреп қалды.

– Шынын айтсам, осы жерге неге келгенімді енді түсіндім. Мен қазір өз құлағымға сенерімді де, сенбесімді де білмей таңғалып тұрмын. Андрей Васильевичтің қисыны келмейтін нәрсені не себептен жазғаны түсініксіз маған. Осыған ары қалай барды екен?! Біздің арамызда ұрыс-көріс, келіспеушілік болған емес. Болған күнде, ойымды ашық білдіргеніме жазықты бол-

майтын шығармын. Айтқанымды тыңдамайды депті. Осы айтқаны рас болса, бұйрығын шығарып, сөгіс жариялау оның өз қолында емес пе?! Мекеме басшысына бағынбайтындай, мен сонша кіммін?! Олай болса, бұйрық кітабына жазған ескертулері мен жариялаған сөгістері бар ма? Бар болса жазған бұйрығын таныстырып, қол қойғызды ма? Ондай болған жоқ. Міне, осыдан-ақ өтірік жала жапқанын білуге болады. Сонда менің күн-түн демей жұмыс істегенде алған абыройым осы болғаны ма? Талай жылдан бері мекеме басқарып келе жатқан адамның себепсізден-себепсіз маған жасап отырған қиянатын қалай түсінуге болады? Шамасы, мен оның жеп отырған нанына ортақ болған сияқтымын. Әйтпесе мені неге қаралай күйдіреді?

– Бұдан әрі сөйлеудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Отырыңыз, – деді бірінші хатшы.

Сергей Иванович қанша дегенмен көпті көрген адам, Жасжанның сөз саптауынан сақтанып, бұдан әрі сөйлесе жағдайдың ушығып кететінін білді. «Директордың жазған түсініктемесінің ақ-қарасын анықтауыңызды сізден өтінемін. Маған негізсіз жала жапқандағы мақсатын білгім келеді» деп енді айтатын жерге келгенде, жабулы қазанды жабулы күйінде қалдыртып, сөйлеткізбей қойды. Сөзінің аяғы осыған барып тірелерін олашты сөз сөзін сияқты.

– Андрей Васильевич, бұл жерде сұрақ тудырудың қажеті жоқ. Жас жігіттің сөзінен бәрі түсінікті. Қағаз жазып жүгіргеннен гөрі, қарамағындағы адамдардың жұмысына көп көңіл бөлу керек екенін ұмытпаңыз. Басқа менің айтарым жоқ, – деп орнынан тұрды.

Хатшының кабинетінен Андрей Васильевич сұрықашып, түтігіп шықты. Салы суға түскендей денесі солбырайып, кушық маңдайы жиырылып, бетінің қатпарлы әжімі айдалған жердің бетінде бұрынғысынан да айғыздала түскен. Өңі адам шошырлық. Осы жерде тұксиген қалың қабағының қарс жабылған түрін танытындары көрсе шошып кетері сөзсіз еді. Кеудесі

алға түсіп, жаңадан тәй-тәй басқан сәбидей тәлтіректеп жүрген жүрісі де қызық. Біреуге қиянат жасаған қандай екенін енді сезгендей, басы салбырап далаға шықты. Жан-жағына қарауға шамасы келмей, өзінен-өзі күйініп машинаға мінді. «Өткенде осында алып кел, сөйлесейік деген жоқ па еді. Неге айныды?!» Ашудан жарылардай, іші қыз-қыз қайнайды, оған деген өкпесі қара қазандай. Сергей Ивановичке қосып қойғаны бардай бәлденген түрі, жас баланың өкпелегеніне ұқсайды. Бұл оның бұрыннан бірге жұмыс істесіп келе жатқан сыбайласымен араздасқаны ма, кім білсін. Үлкен үмітпен барып, жер болып шыққанына ашынғандай, ішкі жан дүниесі аласапыран. Үшеуі машинаға келіп отырды. Арттарынан шыққан Жасжанды күтіп, қарайлауға да мұршалары болмағандай, жүріп кетті.

* * *

Көктемнің жанға жайлы жылы күндерінің бірі. Көк зеңгір аспанды ала бұлт торлап алыпты. Күн көзін кейде жабады да, лезде жарқ етіп қайта көрсетеді. Көше бойларында сәл ғана желпи өскен желге еркелегендей, жасыл жапырақты ағаштардың сыбдыраған үні, оның құлағына алыстан талып жеткен назды әуен боп естілгендей елеңдейді. Күн тым жоғарылап кетсе де Жасжан асығар емес. Қала көшесін баяу аралап келеді. Өзі жеңіс туын қолына ұстағандай көңілді. Осы жерге жұмысқа келгеннен бері, еңсесін көтергені бүгін шығар. Жаны жадырап, көк жүзінде қалқып жүргендей әсерге бөленген. Қуанышында шек болсайшы. Қыспақтан шығарып алған Сергей Ивановичке риза болғаны соншалық, төбесі көкке жеткендей мәз. Оның істеген жақсылығын өмірі ұмытпас. «Жыртық үйдің құдайы бар» деген рас-ау! Әйтпесе Андрей Васильевичтің сөзін қостап сөйлесе не істер еді?!»

Сол-ақ екен Андрей Васильевичке жауығып, арқасы қозды. «Өзінің тілеп алған ауруы, сол керек. Ол мені

жек көретіндей не істедім?! Осыдан кейін арамыз қалай болар екен?» деп, көңілін кірбің шалды.

Кенет қарсы алдынан пайда болған үлкен алаңға аңтарыла қарады. Жаңа құрылыс алаңы! Айнала адамдардың қимылы, құлағын тұндыратындай ызың-шу, өңешін өршелене созып, болат тұмсығын жерге қадай батырғанына аңтарыла қараған Жасжанды рахатқа бөлей түскендей. Экскаватор алып тісті шөмішімен жер қыртысын дір-дір еткізе, ұңғи қопарып алған топырағын бауырына келіп тоқтай қалған самосвалдың астауына лақ еткізіп төге салады. Ерсілі-қарсылы жүрген машиналар гүрілі, артынан дөңгелене көтерілген шаң-тозаң – көзге ілінгендердің бәріне қызықтай қарап, бала кезіндегі құштарлық сезімі оянғандай, көзіне жылыұшырап, жанға жайлы музыка сазына елітіп, ұйып тыңдап тұрғандай.

Бала кезінде әр нәрсеге бір еліктеп, қиялының шетіне шыға алмай жүретін. Соның бірі құрылыс маманы болатын. Оқуға түсе алмасам, әскер қатарына алып кетеді деп, конкурс болмайтын факультетке тапсырып түскен оқуы еді. О баста «Қалаған оқуыма түспегеннің кесірі шығар, жұмыс істеген жерімде сыймай жүргенім» деп, кейде құрылыс мамандығын аңсайтын.

Ойламаған жерде жоспары күрт өзгерген Жасжанның жұмысқа баруға зауқы соқпады. Ешкімнің көзіне түспейтін, оңаша жерді қолайлап, темір жол мейрамханасына келді. Төр жақтағы бұрыштың оң қапталындағы столға барып, терезе жаққа қарап отырды. Ондағысы – таныс біреулер көріп қоймасын дегені. Бір бөтелке коньяк пен тістемеге салат алдырды. «Менің бүгінгі жеңісім үшін!» деп алып қойған жиырма бес грамм бірден басына шапқанда, іші «қылп» ете қалды. Қайткенде де мас болып қалмаудың қамын ойлап, қайтадан сары май мен бір стақан қаймаққа тапсырыс берді. Екіншісіне тост айтқан жоқ. Жаңағыдай емес, тамағынан өткенін сезбеді. Сары майдың әсері деп, өзіне іштей риза. Бұрын ішіп көрмеген нәрсесі, қызып

бара жатсам, ішуді тоқтата қоярмын деп, өзінше сақ отыр. Сүйтсе де денесі балбырап, көзінің алды шырадай жайнап кетті. Артынша Андрей Васильевич есіне түсті. Ойын ол жақтан ала қашты. Бір ауық ештеңені де ойлағысы келмей, арқасын кеңге салып демалмақшы болды. Көңілін сергітетін демеу іздегендей, жан-жағына қарады. Мейрамхананың іші тым-тырыс. Ұйыған тыныштық. Ой қуалап, қиялдансаң жалықпайсың. Кім-кімге де өткен студенттік өмірі қашанда қызық қой. Қызық-думаны мол сол күндер есіне орала қалғанда, көзі шоқтай жайнап шыға келді.

...Институтқа түсіп көңілін бірлесе де, орыстың әрібін білсе де, сөзіне түсінбей, алдағы оқу жайын уайымдап бірінші курстың студенті болып жүрген кезі болатын. Жаңа жылды қарсы алуға дайындалған қыздар мен жігіттердің көңіл күйлері алып ұшып, кеуделері қуанышқа толып, өмірге жаңа келген нәрестедей, түрлері ерекше нұр шашып, өзгергені соншалық, көздері күлім қағып, мәз-майрам. Бір бөлмеде жататын Аманкелді де қатардан қалмай намысқа тырысып, отырыс жасамақшы болып, қала шетінен үй тауып, сонда бір іскерлігін көрсетіп еді. Оның алғырлығында шек жоқ болатын. Содан ба, істеген ісін де тиянақты атқаратын. Жасжан сабағын ойлап басын қатырып жүргенде, ол жазған лекциясын бір қарап алса ұға қоятын. Сабақ сұраған мұғалімге оқығанын жаттап алғандай мүдірмей айтып бергенде, группадағыларды таң қалдыратын. Қолы бос уақытында паркте танысқан, бір факультетте оқитын Рая деген суреттей әдемі қызбен күнтүн демей қыдыратын. Өзі сондай ашық, аузын ашса көмекейі көрінетін көңілді жігіт-ті. Бір қызығы, қайда жүрсе де, қолынан шаппасы түспейтін. Жүрген жерінде көзге көрінген заттарды нысанаға алып, лақтырғанда шаппасының ұшы барып қадала қалатын мергендігін көрсетіп мақтанатыны бар. Айтысына қарағанда, балалармен бәстесіп, талай рет ақша да ұтып алыпты. Кейбір жақтырмаған жолдастары: «Оның не керегі бар,

көзге суық, тастасайшы», – деп айтқанда: «Мектепте балалардың бәрі шаппа ұстайтын, солардан қалмай, мен де алып жүріп үйреніп кеттім!» – дейтін. Бұл ештеме емес-ау, бірде топ жігіттердің ортасында шаппасының ұшынан ұстап, әуелетіп лақтырған кезде, биіктен жұлдыздай ағып келе жатқан пышағының жүзінен қағып алған. Сол жерде пышақ жүзі кеспеген сау алақанын қасындағы қорқып кеткен жігіттерге көрсетіп, еріксіз таңғалдырғаны бар.

Курстас қыздар мен жігіттерді жаңа жылдың отырысына шақырып, ұйымдастырған бар еңбек те соныкі. Шақырғандардың келмегені болған жоқ. Бір ғана Аманкелдінің қыпша белді, жуан қара шашы тізесіне түсетін, қара торының өңдісі дерлік аруы аулына кетіп келмей қалды. Бұрыннан етене таныстардай-ақ, бір-бірімен жылы шырай таныта үйіріліп, жастар дастарханды жағалай жайғасты. Аманкелдінің өзі тамада болып, күлдіргі сөздерін төгітіп сайрай бастады. Орта көріп ашылған адамдай, көпшіліктен именіп сасқан жоқ. Өзіне сырықтай етіп бойды да берген, сөзді де желдей естіреді. Көптің ішінде бір өзі жарық жұлдыздай жарқырап, ерекше көзге түсті. Отырғандардың ішінде жатырқап, жатсынған ешкім болған жоқ. Бірден-ақ жарыса шыққан жастардың көңілді дауыстары бөлменің ішін кеулеп кетті. Сыңғырлаған шынылармен жарыса ән шырқалды.

Бұндайды бұрын көрмеген Жасжан қатты әсерленді. Кеш сондай көңілді өтсе де ойламаған жерде қолдайсыз жағдайға душар болғаны әлі күнге дейін есінде. Бұл оқиға жанында отырған Әліптің кесірінен болды.

– Екеуміз рюмкені соғыстырып, алып қоялық, – деген Әліп ерніне тиер-тиместен қағып салды. – Кезек сенікі, – деді сосын бетінің ұшындағы безеуіне дейін қызара бөртіп.

– Мен ішпеймін ғой.

– Неге? Олай болмайды! – деді, ешкікөздене ежірейіп.

Сәлден соң:

– «Көппен көрген ұлы той» деген. Алып қой! – деді екпіні сәл бәсеңсіп.

– Ішкім келмесе қалай ішем?

– Жігіт емессің бе? Қыздардан қаласың ба? – деп кәлгірсіді.

Бұл сөз Жасжанның қытығына тиіп кетті.

– Қыздар сонда адам емес пе, көңілі соқса ішсін. Онда менің қандай шаруам бар?! – Жасжанның қабағы түйіліп, үні де қатқылдау шықты.

Осы арада Әліптің сөзін естіп қалған, оң қапталда отырған шикіл сары қыз сөзге араласты.

– Ішпесе, басына орамал тартқызып, ішпейтін Айшаның қасына отырғызып қойсақ қайтеді?! – деп сықылықтады.

– Міне, тапқан ақыл. Мен Күләннің ұсынысын қолдаймын, – деді, қызыңқырап алған Әліп. Сол кезде қол шапалақтап, даурыққан дауыстар жарыса шықты. Қаспен көздің арасында ішіп алған жігіттердің бірі Жасжанның басына орамал байлап та үлгерді. Сол арада үш жігіт оны мойнын бұрғызуға да шамасын келтіртпей, шет жақтағы Айшаның қасына көтеріп әкелді. Артынан ол бұған қуанбаса ренжіген жоқ. Қызбен сөзі жарасып, бірге билеп, отырысты көңілді өткізген.

Түн ұйқысыз өтті. Келесі күні қасындағы үш жігіт ұйқыдан бас көтермей, төсектерінен кешкісін бір-ақ тұрды. Түндегі ішкендері тарамаған ба, бастарын көтере алмай, мең-зең боп көшеге шықты. Жасжан оларға ермей қалып қойды.

Қараңғы түн. Көшеде жарық жоқ. Аспанда бұлт сіресіп, тобықтан жауған қардың асты кілкіген су. Алдында жауған жаңбырдың арты қарға ұласқан. Көктем күніндей құбыла жақтан, жұп-жұмсақ, майда жел лүп-лүп соғады. Мейрамханадан шыққан үшеуі қисалаңдап, машина жүріп жатқан жолға түсті. Машиналар бір-бірімен уәделесіп қойғандай, бұлардың қол көтергендеріне қарамай бепілдетіп өте шығады.

Олар да ызаланып, тоқтамай кеткен машинаның арттарынан жұдырықтарын түйіп, ауыздарына түскен боқтық сөздермен жүргізушілердің іштерін кептіріп, ерінбей жарыса айқайлайды. Жентектелген қар мен судан жүрістері де өнбейді. Арасында машина жолда алаңсыз тұрып, үстері мен беттеріне ұшқындай шашыраған қарды тазартып әлекке түседі. Кімге тиісерін білмей, үшеуінің де ызаға толы өкпесі қара қазандай. Бір-бірімен айқайласып, ауық-ауық жұлқысады. Ондайда өзі бастап, өзі қоятын араларындағы басшысы – Аманкелді. Ақыры ұзын көшенің бойымен бір жүріп, бір тоқтап, аман-есен көк базарға келді. Бұлар жақындап қалғанда машинаның есігін ашып отыра берген айдаушыны көзі шалған Тоқтамыс аяғын алшаң басып, жүгіре бергенде құлап түсті. Үстінің бүлінгеніне де қарамай жанталасып, жүріп бара жатқан машинаның есігіне жармасты. Оны көрген айдаушы амалсыз тоқтап, есігін ашып, шыға бергенде, құлаған жерінен ол да тұрып, костюмінің жағасынан ұстай алды.

– Жатақханаға апарасың ба? Айт! – Көшеде тоқтамай өткен бүкіл машинаның қорлығы өтіп кетті ме, өктем дауыспен, тілі күрмеліп шақ сөйледі. Оның әкіреңдегеніне шыдай алмай кеткен жүргізуші жас жігітті кеудесінен итеріп қалғанда өзі шақ тұрған Тоқтамыс шалқасынан құлады.

Жандарында бойын игере алмай теңселіп тұрған Елеу:

– Неге ұрасың? – деп, өңмендей құлашын сермегенде, өз екпінімен тәлтіректеп барып жүресінен отыра кетті.

Еш нәрсемен шаруасы жоқ, өзімен-өзі ән айтып тұрған Аманкелді Тоқтамыстың даусын құлағы шалып қалып:

– Саған өзі не керек?! – деп, жүргізушінің қасына жетіп келді.

Төбесінен төніп тұрған жігітті көргенде әлгіде ес қалмай, істің насырға шапқанын сезіп, бірден маши-

насының есігіне жармасып қаша бергенде жауырынына шаппаның ұшы барып қадалды. Қастарына жиналып қалған адамдардың арасынан біреуі пышақты жұлып алғанда қан атқылап шықты. Сол мезетте «жедел жәрдем» машинасы да келіп үлгерді.

Артынан Аманкелдіні үш жылға соттады. Қасындағы екеуі бар кінәні досына жауып құтылып кетті. Отырыстан кейін Жасжанның ақшасы таусылып, жиырма күн бойы нан мен су ішті. Жағдайы көтермейтін болған соң, қайтып ойын-сауыққа бармады. Ол қаражаты кем, кедей студент болды. Көп қиыншылықты басынан өткізді. Бірақ оған ешқашан мойыған емес. Бар болғаны, кейде ішінен ғана мұңаюшы еді. Өз қатарындай оның да кино көргісі, театрға барғысы келетін. Барғысы келген жерге бара алмай, жолдастарынан қашқақтап жатақханада жалғыз қалған кездер де болған. Әсіресе жоғарғы курс студенті болғанда қаражат тапшылығына көп кезікті.

Маусым айы күндерінің бірі еді. Түс қайтқан мезгіл болатын. Күннің аспан айналып жерге түскендей ыстық лебі әлі басылмай тұрған. Қалың ағаш аясының өзінде де тыныс тарылтқан қапырық. Жасжан демалыс паркінен шығып, сүйретіліп келе жатты. Оған ерегескендей аңызак жел алдынан шықты. Бір жағынан таңертеңнен бері нәр татпаған, қарны да аш. Жүрісі де өнбей, жатақханасы да жеткізетін емес. Көшенің бұрылысында Раяны байқамай қағып кете жаздағанда шошып кетті. Рая көңілді екен. Жасжанды көргенде мәз боп күліп:

– Сен неге қорықтың? Сені де... – Ар жағын айта алмай тағы күлді. Бұрын мұндайын байқамаған. Күлкісі де ерекше: бұлақтың сылдырындай, жіп-жіңішке сыңғырлайды. Жасжан сонша күлгені несі деп таңданды.

– Сасып қалдым, – деп, сіркесі су көтермей тұрса да айта салды. Артынша, қыз үні еріксіз жібітіп, жадау көңілі жадырап шыға келді. «Жанарың қандай сүйкімді. Мөлдір көздерің жәудіреп, екі бетің піскен алма-

дай қызарып, қарауға көз тоймайтын неткен жаратылыс?» деп ішінен жұтынды. Осы жерде ойнаған болып сөз айтуға оған болатын еді. Бірақ айта алған жоқ. Әрине, Раядан емес, бірге жатқан Аманкелдіні сыйлады. Ол болса әрі сөйлеп, әрі күліп тұр. Бұл болса тас керең адамдай, сөзінің бірін естісе, бірін естімейді. Бойында бірінші рет болған құбылыс. Өзіне-өзі түсінбей аң-таң. Оны Рая сезді. Қыздың нәзіктігі мен сезімталдығын білгені сонда.

– Саған не болды? – деп Жасжанның қолынан тартты. Сонда ғана есін жиды. Сонда барып, қарсы алдындағы «Пионер» кинотеатрына қарай сүйрелеп тұрғанын ұқты. Қалтасында көк тиын жоқ екені есіне түсіп, енді шын састы.

– Қазір үймен сөйлесуге поштаға барам. Қағазы бөлмеде қалып қойыпты, – деп, өтірік айтып құтылды. Осыдан кейін Раямен сөйлескен емес. Ол да қайтып бұған жолаған жоқ.

«Қазір ол қайда жүр екен?» деген жып-жылы ой құрсауынан шыға алмай, шіркін, сол күн қайтып келсе ғой деп қиялдады.

Адамның бабы таптырған ба?! Оқып жүрген кезінде жұмыс істегенді қызық көріп, институтты бітіргенше асыққаны әлі күнге дейін есінде. Енді сол асыққан жұмысы көсегесін көгерткені шамалы...

...Бұл жерде қалай болар екен деп, жүрегі лүп-лүп соғып, комбинат директорының кабинетіне кірген Жасжан басқарма бастығының бұйрығы жазылған қолындағы қағазын төрде отырған адамға беріп, қапталдағы диванға барып жайғасты.

Қағазды асықпай оқып шыққан директор бастықпен сөйлесіп, хабарын өзім айтам дегеннен басқа артық ауыз сөз айтпады. «Бұл қалай? Басқарма бастығына бағынбағаны ма?» деп, ішінен таңданған Жасжан үндемей шығып жүре берген.

Содан ешкімді танымайтын қалада тентіреп үш күн жүрді. Күткенде уақыт өтіп бола ма?! Ермегі жоқ,

зерігіп кетті. Қай-қайдағылар есіне түскен сайын мазасы қашып, бұрын болмаған күйректік пайда болды. Күн ұзақ көше кезіп сенделді. Оның жан дүниесі алай-дүлей дауыл соққандай боп, тебіренгеннен де емес, не қайғырып жапа шеккеннен де емес, болмаса жастығынан жіберген қателігі де емес, не біреуге жала жауып, ар-ұяттан безгеннен де емес, өне бойы өмір қиындығын көргеннен пайда болған күйзеліс еді.

Үш күн өткенде Жасжанды шақырып алған директор кабинеттің ішінде отырған адамдарға қарап:

– Мына жігіт – директордың орынбасарына тағайындалған Жасжан Есенов! Таныс болыңыздар! – деген.

Қазір ойлап қараса, былтыр маусым айының үшінде үш күн тентіреп, жұмысқа орналасыпты. Бүгін маусымның үші күні Андрей Васильевичтің өтірік жаласымен секретарьдың алдына барды. Партия мүшесі болса бір жөн. Неге апарғаны түсініксіз болғанмен, істеп отырған ісі қайткенде де өзінен құтылудың амалы екеніне Жасжанның осы арада көзі жетті. Ойламаған жерден бәле-жаладан аман қалған Жасжан үстінен ауыр жүк түсіргеннен кем болмады. Енді ол Андрей Васильевичтің өзін неге жек көретініне түсінбей басы қатты. «Бүйтіп күйіне берсем, күндердің күнінде маскүнем болып кетуім ғажап емес. Маған осыдан басқа не қалды?!» деп, тағы да ұнжырғасы түсті.

Андрей Васильевичтің бірінші хатшымен бірлесіп жасамақшы болған әрекеті іске аспады. Сергей Ивановичтің көпті көрген көрегендігінің арқасында дауды өршітпей тоқтатты. Әйтпесе мұның құр сөзіне кім сенеді?! Директордың қорғаны бар. Елена Васильевна мен Аркадий Кузьмичті сөзін қостайтын адам керек болғасын алып жүрді. Бұлар бұнымен тоқтамайды. Біреудің ала жібін аттамаған жас жігіттен неге үркеді? Сондағы ойы не екен?

Кенеттен оның көкейінде «Ал мен ше? Не істеуім керек?» деген сұрақ кептеліп қалғандай кетпей тұрып

алғанда, осынша дәрменсіз болған тағдырына күйінді. Осы бір сәт жан алқымынан алғандай қиналып, төңірегіне жалтақтады. Септігі тиетіндей залда жүрген официантканы іздеді. Ішкісі келгенін енді аңғарды. Алдындағы бос бөтелкеге қолын соза бергенде саусағына біз сұғып алғандай, оқыс тартып алды. Оның коньякты бір өзі тауысқанына таңырқағаны еді. Бұрын ішпеген адам тез мас болып қалады деуші еді. Бекер екен. «Адам бойын арбап алатын қасиеті бар екен ғой. Қой, ендігім ұят болар» деп, өзінен-өзі сескенгендей орнынан тұрды.

Ақыры жұмысқа барған жоқ. Ішкеннің әсері болса да, мазасы қашып вокзалға қалай келгенін байқамады. Вокзал басы ығы-жығы. Бірі келіп, бірі кетіп жатыр. Вагонның алдында сығылысып тұрған адамның көптігі сонша, мінгенше асығып, бір-бірін итерісіп жатыр. Пойыз қозғала бастады. Жаңбыр майдалап себелеп тұр. Асфальт үсті кілегейленіп, ойдым-ойдым жерлеріне су іркілген. Ашық жаймада жеміс-жидектердің бетін жаңбыр шайып жатыр. Жалғыз-жарым жүргінші бастарына қара шатыр ұстап алған. Шашында аппақ бантигі бар бүлдіршін қол бұлғап барады. Соны көрген Жасжан шыдай алмай, қолын бұлғап, вагоннан қалмай жүгірді. Абырой болғанда көрші милиционер татар жігіті көріп қалып тоқтатты.

– Сен не ішіп алғансың ба?

– Не?

– Ішіп алғаннан саумысың?

– Қалай біліп қойдың?

– Қисалаңдап жүгіріп бара жатқаныңды көргенде шошып кеттім. Поезд қағып кете жаздады. Құдай сақтады! – деді.

– Өтірікті соқпашы. Сен де біздің директорге ұқсап...

– Сенбейсің бе маған? Дәу де болса, «анау ішіп алған, поездың астына түсіп қалмаса болар еді» деп біреулердің даусын естігенде барып көрдім. Жүр үйге, машинамен апарып тастайын! – деді Яшка.

Келесі күні таңертеңгі жиналыста айғай болды. Он вагонды түнде комбинаттың ауласына диспетчер айтпай қойып кеткен. Оны қойма меңгерушісінің көмекшісі білмеген. Вагонды қабылдап, темір жолдың диспетчеріне құжатын тапсыру – қойма меңгерушісі мен оның көмекшілерінің жұмысы. Андрей Васильевичтің ашулы даусы күркірей шығып, қойма меңгерушісі Ғайратқа шүйілді.

– Көмекшілерің жұмыс істей алмайтын болса, неге ұстап отырсың? Комбинатқа кіріп-шығып жатқан тепловозды көрмеді деген не сұмдық?! Сендер мына түрлеріңмен астықты вагонға тиеп алып кетсе де білмей отыра беретін шығарсыңдар! Мынау не сұмдық?! – Ашуға мініп, ұрысқан директор сөзінің соңында «Осы вагондардың тұрған ақысын өздеріңе төлеттірем» деді.

Ғайратта үн жоқ. Әншейінде көзі жыпылық қағып, жасқаншақтана қарайтын әдеті болушы еді. Одан да айрылған, төмен қарап, қолындағы қаламын шұқылап отыр. Бұл аздай, үн тартатын цехтың құбырлары бітеліп қалған. Түнімен тазартып, таң алдында бітіріпті. Директор бұл жайында сөз қозғаған жоқ. Бұндай жағдай үн цехында жиі болып тұрады. Сонда да ай сайынғы жоспар орындалатын.

* * *

Темір жол бойында орналасқан комбинаттың ауласы қызыл кірпішпен қоршалған, машина кіріп шығатын үлкен қақпаның оң жағындағы екі бөлмелі кішкене үй – күзетшінің отыратын жері. Оған жалғасып екі қабатты кеңсе тұр. Қарсы беттегі алты қабатты үй, үн цехы. Жасжан цехтың алтыншы қабатындағы бидай тазалайтын сепараторға көтеріліп, одан шығып жатқан бидай мен отходты қарады да, қатарлас тұрған триер шығырынан шыққан бидайды алақанына салып тазалығын тексерді. Желдеткіш жұмыс істеп тұрғаны бірден байқалады. Іші таза, шаң білінбейді. Кейде өзін біреулер іздеп, хат-

шы қыздың әуре-сарсаңға түсетін кездері ойына түсіп, көп кідіре алмай, төменге түсті. Ұн сақтайтын қоймаға кіріп, одан токарь цехына келді. Болаттың, темір мен мыстың әдемі ұзын ирелең спиралға ұқсас жоңқалары еденде шашылып қалған. Темір тескіш станоктардың жіңішке ащы дыбысы жаңғырығады.

– Немене, маған өкпелеп жүргеннен саумысың?! Айғайласам да қарамайсың ғой?! – деген арт жағынан шыққан дауысқа селт ете қалған Жасжан аяқ астындағы темір үйіндісіне сүрініп қала жаздады. Петр Ивановичтің қалжың аралас айтқаны қапелімде қатты әсер еткеніне таңданды. Кішкенеден кейін кешегі ішкені есіне түсті. Басының ауырып тұрғанын да енді сезді.

– Менің даусымнан шошып кеттіңіз білем, кешіруіңізді өтінем.

– Иә, аздап...

– Жарқыным-ау, сен әлі жассың ғой. О, не дегеніңіз! Сенің жасыңда қорқу дегеннің не екенін білмейтінмін. Жүйкеңіз әлден босағаны ма?

Мунмен Жасжан сыртқа бірге шықты. Петр Ивановичтің бірдеме айтқысы келсе, сығырайған бітік көзі күлімдеп өңі құбыла қалатын-ды. Қазірде бір нәрсені бүлдіріп алған баладай өзінен-өзі қыпылықтап, айтсам ба, айтпасам ба деп ойланып тұрған сыңайы бар.

– Кеше Светлана сені көріпті ғой. – Ол мырс-мырс күліп, қалтасынан темекісін алды.

– Не деді?

– Көргенін айтты.

– Өстіп сенің аяқ астынан қылымси қалатының жаман. Көмекейіңе келіп тұрғанды несіне тежейсің?!

– Оны қайдан білдің? – Мунның өңі қуақы құлпыра қалды.

– Өзіңнен бұрын алдымен көзің айтып тұрады. Сенің басқадан өзгешелігің сонда.

– Кеше әйелім қызымды Қырғызстан поезына шығарып салды. Сонда сені біраз адамдар көріп, таңғалыпты.

– Ия, кеше мен іштім, өмірімде бірінші рет. – Жасжан бірдемені бұлдіріп қойған баладай қысылып төмен қарады.

– Көңіл күйің онша мәз емес. Басың ауырып тұрған жоқ па? Бас жазғың келсе, менде бар.

– Сенің жүз грамсыз жүре алмайтыныңды басқа білмесе де мен білем. Әлдеқашан тәртіпке шақырып қоюға болар еді. Осындағы жақсы көретін адамымның бірі болғасын, байқамаған болып жүрмін әзірге.

– Сен өте ақылдысың, сол үшін сені жақсы көрем. Бір жаман жерің, арақ ішпейсің, бұл өте жаман. Дұшпаның көбі содан, біліп қой!

– Жә, сен көп сөйлеп кеттің, кеңсеге кеттім, – деді Жасжан оған.

Жасжан күні бойы кешегі ішкенін көтере алмай басы ауырып, өз-өзіне келе алмай жүрді. Лаборатория журналдарын қарап, мемлекеттік резервте жатқан бидайдың температурасын қай уақытта тексергенін көрді. Астық бір орында көп жатып қалса, температурасы көтеріліп қыза бастайды. Сол себепті он бес күн сайын термометрмен тексеріп тұрады. Ондайда орнын ауыстырып, бір жерден екінші жерге транспортермен айдап желдетеді. Лаборатория бастығы Бердібекке қоймада жатқан бидай мен арпаның екі айдан бері температурасы тексерілмегенін айтып, ескерту жасады.

Комбинаттағылардың көбісі көп жылдан бері істеп келе жатқандар екен. Оны да бертін келе білді. Бір-бірімен жақын адамдардай етене таныс, сөзге келіп қалса да көңілдеріне зіл сақтамай, артынан тез тіл табысып кететіндерін Жасжан көріп жүр. Өткенде комбинаттың отыз жылдығын атаған отырыста күзет бастығы Иван Иванович Вяткин мен механик Федор Тимофеевич Волков ішіп алып төбелескенін көрді. Екеуі болмайтын нәрсеге ілікті де қалды. Иван Иванович тұрып:

– Әйел біткен сенің әйеліңдей болса ғой. Айнала гүлдей құлпырып тұрар еді. Түріне қарасаң көз тоймайды. Дене бітімі қандай десеңші! – деді.

– Не деп кеттің?! Менің әйелім қандай деп сұрап тұрғандай, – деп, Федор Тимофеевич жақтыртпай, оның сөзін бөліп жіберді.

– Айтуға болмай ма? Ал ұнатсам ше?! – деп, Иван Иванович текетіресті.

– Варвараға айтам.

– Әйелім естіп қойса мені құртады. Сосын мен қайда барам?! – Иван Ивановичтің екпіні сәл басылып қалғандай болды.

– Біреудікі біреуге қыздай көрінеді дегенді бұрын естіп пе едің?! Ендеше, сен сол болдың! Кел алып қоялық! – Федор Тимофеевич сөз тауып айттым дегендей стақанды соғыстырып жатып мәз болды.

Салаттан бір асап алған Иван Иванович қайта сөйледі:

– Әйеліңді қызғанасың ба?

– Мен үшін әйелдің бәрі бір.

– Ер адам жұбайын қызғана білу керек. Сонда әйелің сені құрметтейді. Салқын болсаң көңілі алаңдайды. Оны білесің бе?

– Басқа төсектен тұрып, Варвараны көрмей сағынып қалғаннан саумысың? Сонан болар, аузыңнан әйелден басқа сөз шықпайды.

– Әйеліңнің сұлулығын айтсам, сен мені келемеждейсің. Оны қалай түсінуге болады?!

Енді екеуі де бірінен-бірі қалмай текетіресті.

– Сен неге мені мазақтайсың?

– Солай-ақ болсын, сондағы айтпағың не? Әйелің көрікті, жігіт біткен әйеліңе қарайды дегенде тұрған не бар?! Мен саған білгенімді айттым. Басқа мазақтайтындай не айттым?!

– Бір айттың болмай ма?! Қоймай айта бересің!

– Ал, айтқым келсе ше? Аузыма қақпақ бола алмайсың ғой?!

Федор Тимофеевич шыдай алмай кетті:

– Керегіңді айтшы, өзіңе не керек?! Бір сөзді қайталап, миымды қажап бітірдің. Өзің нағыз ақымақ екенсің!

– Сен мені ақымақ дедің бе?

Иван Иванович қызбаланып кетті. Бойының қысқалығына қарамай, оның ақ нейлон көйлегінің жағасына жармаса кетті. Бұлай боларын күтпеген Федор Тимофеевич сасып қалды:

– Бұның не?

– Не дедің? Қайталашы. – Қадалған жерінен қан алған таскенеше, ол қанша бұлқынса да жібермей, жейдесінің қолтығы жыртылғанда барып босатты. Федор Тимофеевич те есесін жіберген жоқ. Оның қолы мұрнына тигенде қан судай ақты. Аяды ма, қайтып ұрмады. Келесі күні екеуі бір бөтелкені бөле ішіп татуласқанын Жасжан көріп таңғалған.

* * *

Жасжан Бердібекті бір көргеннен ұнатқан. Мінезі ауыр, көп сөйлемейді. Қылтың-сылтыңы жоқ, өзімен-өзі жүреді. Сөйлегенде сөзі де салмақты. Орта бойлы, бүйрек бет, қой көзді, жас шамасы қырықты алқымдаған жігіт. Өне бойы селдір қабағы кіржиіп, бір нәрсеге көңілі толмай жүрген адамның кейпін байқатады. Сөйлегенде де біреуден жасқанғандай күмілжіп, бір нәрсені ашық айтпайды. Ол осы мекеменің бүге-шігесін білсе де одан жарытып мағлұмат алу қиын. Сырт тұлғасынан, жүріс-тұрысынан комбинаттың бір құлағы менде деп сыңай танытқандай маңғаз көрінеді.

Маңғаз адам салмақты келетінін Жасжан Бердібекті көргенде байқады. Сырт қарағанда: төрт құбыласы сай, еш уайымы жоқ, тоқ жүретін кісінің кейпін елестетеді. Жасжанның өзі де институтты бітірген жылы лабораторияның бастығы болып жұмыс істеген. Элеватордың директоры Ключко деген жас маманмен жұмыс істеуге қорқып, облыс басқарма бастығына барған сайын арызданып жүріп, төрт ай дегенде басқа жаққа аудартып тынышталған-ды. Қабылдаған астық таразыда олшеген салмағымен бірге лабораторияның тексерген

ылғалы мен сорының (астықтың ішіндегі пайдаға жарамсыздары) сапасына да байланысты. Міне, осыған көп көңіл бөліп, сапаны нормадан артық қоспай, қатаң бақылауға алғанның кесірінен болды.

Өткен жылғыдан қоймада астық қалмағаны есіне түскенде, әлі күнге дейін директордың сапа жөніндегі орынбасарына тазарту актіні жасаған бірде-бір өнімге қол қойдырмағанына таңғалып, астықтың кіріс-шығысын отыз алтыншы журналға жазып, есебін шығарып отыратын Шурадан кітапшаны алып қарады. Көзіне бірден осыдан бір жарым ай бұрын вагонға тиетін арпа түсті. Есеп кітабында қалдық қалмаған. Қоймада әлі бір вагон болатын арпа жатыр. Өткен жылғы тазарту актісін жасаған өнімнің барлығына қойылған лаборатория меңгерушісінің қолын көргенде, өз көзіне сенбей Жасжан Бердібекке келді.

– Менің орныма тазарту актісіне қол қойғаныңды қалай түсінуге болады? – деді бірден оған.

– Маған қол қой деді. Онда тұрған не бар? – Мән бермегендей жауап берді.

– Қылмысты жасырып отырғаныңды білмей отырсың ба шынымен? Осы кітапшаны Шурадан өзім барып алдым. Егер бұған қарамасам, ана қоймада жатқан арпаның артық екенін білмес едім. Арпаның жатқанына сегіз ай болған, соның арасында 1,5% ылғалдан, 0,9% сордан айырмашылық бар. Оны біз кептіргіштен өткізді дейтін ондай ылғал емес. Арпаның соры да таза, сепаратордан тазартылған жоқ. Қабылданған арпа баржоғы сексен мың тонна екен. Содан қаншама астық артық шыққан.

Бердібектің басы төмен түсіп, үнсіз тыңдап отыр еді. Шыдай алмай орнынан ұшып тұрды. Қой көзі шақшылып:

– Маған несін айтасың?! Сенсіз де білем. Бар, білген жеріңнен қалма! – деп ашуға булығып бұрқ етті.

– Мен саған жөнін айтып тұрмын. Даусыңды сонша неге көтересің? Әр нәрсенің шегі бар. Оны біліп қой! – деді Жасжан оған.

Бөлмеден шығып бара жатқан Жасжан істің мән-жайын енді түсіне бастағандай әсерге бөленіп, «қайда да бір былық» деп, ішінен мысқылдап қойды. Артық арпаның бекерге жатпағанын іші сезді. Ертеңгі күні тазарту актісін жасағанда бидайдан жетпей жатса, арпа мен бидай араласып кетті деп акт жасап, жетпей жатқан астықтың орнын жаппақ. Директордың жұмысқа алмай үш күн сенделткенін енді түсінді. Сырттан келген адамдарды араларына жолатпай, қудалайтыны – «құпиялары» ашылып қалмасын деп қорқатын болған.

* * *

Маусым айының басы. Күн күйіп тұр. Асфальттың күлімсі исі қолқаны атады. Аулада қыбыр еткен жан жоқ. Құс екеш құстың да шиқылдаған даусы естілмейді. Жел тұрып, жалындай шарпыған ыстық аптаппен қабаттасып шаң көтерілді. Комбинат басқаға кенде болса да, шаңға кенде емес. Осындайда жердегі желдеткіштен шыққан шаң да қосылып, аспан мен жердің арасы көрінбей кетті.

Кеңсенің алдына келіп тоқтаған машинадан Андрей Васильевич түсті. Жол жүріп келсе керек, үсті-басын қағып ішке кірді. Тап осы кезде көздерін сығырайтып, бастарын жауып алған адамдар жұмыстарын тоқтатып, жиналыс өтетін залға жиналды. Жасжан ертең еңбек демалысына шығатын болған. Төрдегі столға кәсіподақ комитетінің төрағасы мен директор және лаборант Людмила Афанасьевна қолына қағазы мен қаламын алып, шеткі отырғышқа келіп отырды.

Елена Васильевна қағазына жазып алған жаттанды баяндамасын бір сәтте оқып шықты. Есесіне оның жұмысына көңілі толмаған көпшіліктің қойған сұрағы тіптен көп болды.

– Келген жолдаманы өздерің бөліп алып, сұрасақ жоқ деп қарап отырасыңдар. Осы жұмысшылардың арасынан жолдама алған адам бар ма? Кім алды? Бол-

са да жақын, таныстарың алған шығар, мен өзім жылда ала алмай жүргенімнен білем, – деп, ұн цехтың ауысым мастері Жұман орнынан тұрып сөйлеп еді. Сол-ақ екен, жан-жақтан ренішін білдірген дауыстар жарыса шықты:

– Дұрыс айтады!

– Берген қалдықты да дұрыс бермейді!

– Жұмыс киімін соңғы рет қай уақытта алғанымызды білмейміз!

– Сабын да берілмейді!

Мұндайды күтпеген Елена Васильевна отырғандардың бетіне жалтақтай қарап сасып қалды. Сәлден соң өзіне келіп, столды тықылдатып зорға тыныштандырды. Бар айтқаны:

– Бізге жолдаманы аз береді, арыздарыңды беріп қойыңдар, кезектерің келгенде аласыңдар. Арнаулы киім орталық қоймаға түспей жатыр. Түскенде береміз, – деп орнына барып отырды. Одан соң Андрей Васильевич сөйледі. Директор орнынан көтерілгеннен-ақ, отырғандардың үндері шықпай тым-тырыс қалды. Ұзын бойы екі бүктетілгендей бүгіліп, екі қолын сыйғыза алмай, трибунаның жақтауынан ұстап сөйлеген кезде, гүрілдеген жуан даусы күркіреген күндей кең залдың ішін жайлап кетті.

– Кәсподақ комитетінің төрағасына қойған сұрақтарың өте орынды, – деп тамағын қырнап жөтеліп алды. – Келген жолдаманы кеңседе отырғандарға емес, шаң жұтып жүрген жұмысшыларға беру керек. Елена Васильевна, бұндай жағдай ендігәрі қайталанбасын. Сонымен бірге олардың қойған талаптары да орынды. Қоймада бүгін болмаған зат ертесіне түседі. Петр Иванович, жұмысшыларға берілетін киім-кешекті неге уақытында барып алмайсың? Бұдан басқа айналысатын жұмысың да жоқ. Не істеп жүрсің? Орталық қоймаға барып түнеп жатсаң да жаңағы айтқандарын түгелдей тауып, жұмысшыларға әкеліп беретін бол. Ұқтың ба? Енді комбинаттың жарты жылда істеген жұмысын

корытындыласақ, тұрып қалған вагонға төлейтін бір жылдың айыппұлын бес айда төлеп отырмыз. Бұл бұрын-соңды комбинатта болмаған жағдай. Мұның себебі директордың орынбасары Жасжан Есеновтің уақытында бақылауға алмай, жұмысқа салдыр-салақ қарағандығынан. Дер кезінде шара қолданбағаннан болып отыр. Ұн цехының жұмысы да айтарлықтай емес. Соңғы екі айдың жоспары орындалмады. Оның үстіне жіберген ұнның сапасы дұрыс тексерілмегеннен наразылық актісі келді. Бұл да Есенов пен Қалдыбеков жолдастардың сапаға дұрыс көңіл бөлмей, жіберген кемшілігі. Біздің ендігі міндетіміз – қоймаларды көрсетілген кестеге үлгеріп, газацияға дайындау. Бар техниканы уақытында жөндеп, колхоздар мен совхоздардан келетін астықты қабылдауға дайын болуымыз керек, – деп сөзін аяқтады.

Бас инженер де:

– Жөндейтін техниканың детальдары орталық қоймаға қашан түседі деп жұмысты тоқтатып отырған жоқпыз. Слесарьлар жұмысын істеп жатыр. Бірақ жоқтан бар жасап істегенмен, ойдағыдай емес. Заводтарға берген тапсырысымызды дайындатып әкелгенше, уақытты ұтқызып аламыз, көрсетілген кестеге үлгере алмаймыз, – деп, мұңын шақты.

Одан кейін ауысым мастері Боранқұлов сөз алды:

– Төменгі галереяның астында жұмыс істеу қиын. Желдеткіш істемейді. Шаңға тұншығып жүрміз. Жарығы нашар, лентаның астындағы астықты жинай алмайсың. Кейбір роликтердің жоқтығынан төгілген астықты жинаумен уақыт өтеді, – деп шағымданды.

Жасжан сөзді вагондардың айыппұлынан бастады:

– Астықты алып-беріп тұратын көтергіш қалақ сағатына жүз тонна береді деп есептегенмен, оған сәйкес келмейді. Шын мәнінде елу тонна береді деп те айту қиын. Жоғарғы және төменгі галерея ленталары бос айналып жатқанмен бірдей, сәл қоссаң тарта алмай тұрып қалады. Қырық минутта тиелетін вагон екі сағаттан аса

тиелетіні содан. Бірақ оған көңіл бөліп жатқан не бас инженер, не механик жоқ. Оларға механизм айналып, жүріп тұрса болды. Басқамен шаруасы жоқ. Уақытылы вагонның тиелмейтіні осыдан. Оның үстіне мотордың ременьдері бос, мотор тарта алмай тез жанып кетеді. Бұл жайында сөз еткенімде, бас инженер мен механик, «жоқ, ременьді қайдан табамыз» дегенді сылтаурағты. Техника дұрыс болса, өнім де артады. Осының бәрін істеуге болады. Тек мойындары жар бермей үйреніп кеткеннің кесірі. Әйтпесе жоғарғы, төменгі галереядағы ленталардың бойынан қаншама астық төгіліп жатыр. Ауысымға келгенде бір-бірінен тексеріп алса мұндай кемшіліктерге жол бермес еді. Бірақ осыған қарап отырған адам жоқ. Бұл жөнінде механикке қаншама рет айтылды, одан шыққан нәтижені әлі көрген жоқпын. Өйткені оның басы ауырмайды. Тұрып қалған вагонның айыппұлын кінәлілерге төлетсе, бұндай жағдайлардың орны тез түзелер еді. Ұн цехы жоспарын орындағанмен, үстіне қосқан жоспарды бере алмады. Сапа жөніне келсек, жіберген өнімге мемлекеттік инспекция қатысып, қолы қойылған куәлігімен жіберіледі. Бұл түсініксіз жағдайды анықтау керек.

* * *

Жасжан демалысты жақсы өткізді. Таңертеңнен кешке дейін су басынан шыққан жоқ. Суға түсіп, қармақ салып, арасында шанышқымен балық ұстағанға кішкентайынан әуес еді. Мекемеде болған өзгерісті ол білмейтін. Бір машина бидаймен ұсталған Ғайраттың милицияда жатқанын жұмысқа шыққанда естіді. Өзі тілеп алған ауруы екенін білсе де, оны табаламай, қайта барға қанағат етіп жүрмегеніне өкінгендей, оған аяушылық лебізбен жаны ашыды. Институтты сырттай оқып бітірген өзбек жігіттің өзінен үш-төрт жас үлкендігі бар.

Ол ұн цехының бастығын кездестіре алмай, қоймаға кіргенде, өткен жылдан қалған жүгерінің қызған исі

шықты. Жұмысшы екі әйелдің қолдары әлсін-әлсін күректі толтыра жүгеріні көсіп алып, айналып жатқан транспортердің лентасына ебдейлі шапшаң қимылмен тастап жатыр. Төбедегі шифердің аралығынан жаңбырдың суы аққан болу керек. Үйілген жүгерінің үстінде жүрген лаборант Нинаны көрді. Исі шығып көгере бастаған жүгеріні арасынан тауып алып, ашық жерге лақтырып жүр. Жасжан мойын бұруға шамалары келмей, жұмысқа беріліп істеген адамдарға қызыға қарап, есігі ашық тұрған келесі қоймаға барды. Жоғарыда үзілген лентаны тігіп жатқан төрт слесарьды көріп, басқышпен жоғарғы галереяға көтерілді. Олардың дауыстарын сырттан естігенде-ақ, көңілді екенін байқаған. Оның бүгінгі ойы бір айдай көрмеген жұмыс орнын аралап шығу еді. Бұлармен сөйлесіп берекет таппайтынын білсе де, қастарына барып, амандасқанды жөн көрді. Сөзге тартсаң болды. Не деп сөйлейтінін де біледі. Ішіп алғандарға ермек керек. «Бір жартылық алшы. Бастық адамға не тұрады?» деп қалжыңға бұрып, қылжақтайтыны сөзсіз.

Шілде айының ыстық күндері адам төзгісіз. Ашық аспанда, аса биікте көркіне көз тоймайтын түбіттей үлбіреген ақ шарбы бұлттар баяу жылжып барады. Жанға жайлы салқын самал лып етіп көтерілсе, жапырақтар сәл ғана сыбдыр қағып қозғалады. Петр Иванович көк түсті жигулиін қақпаның сыртына қалдырып, үн цехының жанында өскен ағаштың көлеңкесіндегі отырғышқа келіп отырды. Жалбыраған шашы көз алдына түсіп, шелпек танауы саңқиып, ісік көзі жыртыып, қара торы өңі терден быршып тұр. Қолындағы су болған бет орамалын сығып, бетін сүртті. Өн бойынан ішілген арақтың сасығы, сарымсақтың, тартқан темекі мен кірлеген денесінің күлімсі иістері мидай араласып, жан төзгісіз ыстық ауа түгелдей жиіркенішті қоңырсыққа толыпты. Шамадан тыс ішіп алса, біртүрлі жарқын шыраймен мырс-мырс күліп, бүкіл бет пішімі өзгеріп: әсіресе отша жайнаған қысық көздері бақыт

нұрын шашатын. Онда одан асқан мейірімді адам да болмайды. Қазір де сондай көңілді. Әлден соң кірпіктерін баяу ғана қағып, жан-жағына қарады. Ішкендердің дағдысы бойынша тамағын кенеп, мұңды пішінде том-сара қалды. Демде бейжайлық басып есінеді. Балқып бара ма, қалғып бара ма, белгісіз: басын шұғыл көтере берген сәтте селк етті.

– Петр Иванович, түс көрдіңіз бе? Шошып кеттіңіз ғой?! Жайлы орын тауыпсыз. Осындай қапырықта ағаштың көлеңкесіне не жетсін?! Бәрінен де лүп-лүп соққан самал лебін айтсайшы! Өн бойың сергіп қалады.

Петр Иванович сөйлер алдында бет-аузы жайылып, мырс етіп күлсе, бірдеңе айтайын дегендегі дайындығы. Сонан кейін қалтасынан темекісін шығарып, түтінін ішіне тартып бір сорып алса, көңілді болғаны. Қараторы өңі алаулап, Жасжанды көргенде, қалтасынан алған темекісін бір сорып үлгерді.

– Шөлден өліп барам.

Үстіндегі жеңі шолақ ақ көйлегінің омырауын ашып, кеуде тұсын сипалады.

– Қара басын ала алмай жүрген осындай ыстықта арақты қалай ішіп жүрсің? Өзіңнің де жаның берік екен. – Жасжан жарқылдай күлді.

– Көңілді көрінесің, сірә, жақсы демалған боларсыз. – Жасжаннан бір нәрсе дәметкендей көзі күлімдей қарады. – Демалысқа шыққаның мен жұмысқа кіріскеніңді бірге жумайсың ба? – Петр Ивановичтің шыдамы жетпей өзі айтты.

– Менде кінә жоқ. Әлі күнге дейін тұра қашатын өздерің емес пе?! – Тиісе сөйлеп, ол да қалысқан жоқ.

Петр Иванович қызып алғанда, ашық ауызданын сөйлеп қоятынынан сақтанып, басын ала қашқанын білдіртпеуге тырысты.

– Басқалар үшін жауап бермеймін. Маған жүз грамм күйсаң жетеді, – деді де, демде әңгіменің бағытын өзгертіп, – сен болмаған бір айдың ішінде комбинатта қанша өзгерістер болғанын білесің бе? Директордың күйеу ба-

ласы ұлды болғанда Андрей Васильевичтің қуанғанын көрсең ғой, балаша мәз болды. Немерелі болғанын жуып, «Шағала» мейрамханасына біздерді өзі бастап алып барды. Сонда таңғы үшке дейін отырдық. Несін айтасың, жақсы өтті. Бірінші хатшы Сергей Ивановичті шақырған екен, ол да келіп, кішкене отырды. Директор қызыңқырап қалды. Бұрын ол үш бөтелкені бір өзі тауысқанын көргенім бар еді. Мас болғанына таңданып қалдым. Айтайын дегенім бұл да емес. Бір сөздің ретінде сен туралы әңгіме қозғап, келешегі бар жас деп мақтады. Істеген жұмысыңа қанағаттанып жүргенін айтты. Жұмыс істеуді біледі, оны тыңдауларың керек деді.

– Андрей Васильевич өткен жылы мені Сергей Ивановичтің алдына алып барғанын білетін бе едің?

– Жоқ. – Сенбегендей, көзі жыпылықтап, аузын ашып қалды.

– Сонда бас инженер мен кәсіподақ төрағасын да алып барған. Сергей Иванович Андрей Васильевичтің мені жамандап жазған түсініктемесін өзіне оқытқызды.

– Қызық екен! Хатшы не деді?

– Не десін, қайтып келмеңдер деп қайтарып жіберді.

Петр Иванович жаңағыдай емес, жүні жығылып қалды.

– Өте ауыр адам, оны түсініп болмайсың. Өмірде бойы ұзын адамдар: арамдығы жоқ, ашық, аңқау болып келетін еді. Андрей Васильевич ондай емес. Қара басының қамын ойлағаннан басқа түк білмейді. Есебіне түгел. Мысықтай сақ. Саған қиын болып жүргенін ішім сезеді. Бірақ менде тұрған не бар? Мен кішкентай адаммын, бастық айтса жүре берем.

Осы кезде кеңседен шыққан Андрей Васильевичті көзі шалып қалған Петр Иванович:

– Құрыдым! Сенімен сөйлесіп тұрғанымды көріп қойды. – Сыбырлағандай етіп айтты да, аяғын тез-тез басып, қоймасына қарай кетті.

Петр Ивановичтің сөзі Жасжан құлағына түрпідей тиіп, біртүрлі қиын жағдайға тап болғандай, ыңғайсыз-

данып қалды. «Менімен сөйлесуге болмайтыны несі? Түсінбеймін» деп ішінен үн қатқан күйінде, жаңағы лентаны тігіп жатқан слесарьлардың жұмысын көруге келген ізімен қайта қоймаға кірді.

Ішкі есіктің алдында оған қарсы ұшырасқан Бердібек:

– Мына тиеп жатқан бес вагон былтырдан қалған қара бидай, кешегі наразылық актісін алған жерге барады. Не істейміз?

– Облыстың сапа бөлімімен сөйлесейін, адам жіберуге ұлықсат етсе, Нина барып қайтсын. Тілі мен жағына сүйеніп, ешкімге ұпайын жібермейді. Тындыратын іс болса – сол тындырады.

* * *

Жасжаннан бұрын директордың орынбасары болған Тойчиев қоймаларды газбен инфекциялайтын мекеменің меңгерушісі қызметіне ауысқан. Андрей Васильевич бұл орынға өз адамын басқарма бастығына ұсынбақшы болып жүргенде, ойламаған жерде Жасжанның келгені оған ауыр соққыдай тиді. Қашанда ойлағаны іске аса қоятын бастық сырын білетін адаммен жұмыс істегенді қалайтын. Бұның бір жақсы жері: бір үйдің жанұя мүшелеріндей ауызбіршілік болады. «Жуас қой жүндеуге жақсы» дегендей, ұрыссаң да көңіліне алып, кек тұтпайды. Айтқаныңды бұлжытпай орындағаннан басқа зияны тимейді. Аяқ астынан шыға қалатын бәле-жәледен аулақ жүреді. Былайша айтқанда, тыныш өмір сүргенге не жетсін деген қара басының қамы. Дегені болып, әбден үйреніп кеткеннің кесірінен Жасжан келгеннен бері не болса содан қорқатынды шығарып жүр. «Сырын білмегеннің сыртынан жүрме» дегенді құдайындай сыйлайтын, сақтың сағы. Бір жағынан ішіп-жемге жоқ жас жігіттің қылтың-сылтыңмен де үйір емес екенін көрген сайын ұйтқып соққан желдей жүрегі құрғыр бір нәрседен

үріккен асау аттай желпіне бұлқынып, төсегінде түн-де қырық аунап төңбекшиді. Жасжан келгеннен бері шытырман ойға қалып, не істерін білмей, басы қатып жүргенде, Сергей Иванович ойына түсті. Сол сәтте одан құтылатын оңай жол тапқандай қуанды. Оның жәрдем беретініне әбден сенді. «Бұрын талай рет басы кете жаздаған жерінен құтқарғанда, оның қасында бұл не, тәйірі?!» деп кеудесі асау аттай тулап, ойлануға мұрша бермей сүйрелеген соң, барды. Бірінші секретарь да мұрнынан шаншылып отырмаса керек. Бұны көргенде қуанып кетті. Балаша орнынан ұшып тұрып қарсы алды. Екеуінің көптен жайланып отырғандары осы шығар. Жасарып қалғандай жас кезіндегі күндерін естеріне алды. Кетерінде біраз бөгеліп барып, келгендегі шаруасын айтты. Қолындағы жазған қағазын берді. Бұ жолы Сергей Иванович «көрейік» дегеннен басқа ешнәрсе айтпады. Сондағы жүрегі алып ұшып жазғандағы түсініктемесінен не шықты?! Көп ойға берілуге де болмайды екен. Соған анық көзі жетті. Содан шығар, соңғы уақытта осы жігіт көңіл түкпіріне жақсылап ұялап алғандай, қит етсе қапталдан шыға келеді. Ойламаған жерде қылмысының үстінен шыға қалғандай, зәресі қалмайды. Түсінде де ол төбесінен қарап тұрғандай бола ма, құты қашып, әшейіндегі түйедей бойы бармақтай болып бүріседі. Түсі ойлауға қорқынышты. Соған қарағанда бір кәдік бар сияқты. Қызық қуған қызғалдақ өміріне қатер келсе де тегін емес. Әйтәуір бір нәрсе болары айдан анық. Оның үстіне бір мектептің түлегі, қашаннан бірге жүрген сырласы болған Сергей Ивановичпен де араздасқаны жанына қатты батып жүр. Өзін далада қалғандай сезінеді.

Осы мекемеде Андрей Васильевич жиырма бес жыл директор болып істеп келеді. Не ішем, не жеймін демейді. Комбинатта өмір сүрудің оңай екенін басқа білмесе де, бұл біледі. Небір ауыр күндерді басынан өткізді. Сонда ақшаның күшімен аман қалды. Кәрім көп

жылдан бері директордың машинасын айдайды. Күнтүн демей қасында жүргендікі шығар, бастығының көңіл күйін қас-қабағынан таниды. Бірақ ол – артық ауыз сөз айтпайтын тұйық адам. Ешкім оның арақ ішкенін де көрген емес. Оның тілін шығарып, сөйлеткізетін жұмыста жалғыз Петр Иванович. Екеуінің сөйлескенін көре қалсаң, қасында тұрып тыңдауға ұяласың. Ым-жымдары үйлесіп, қыз бен жігіттей, бір-біріне көгершіндер сияқты үйіріліп қалады. Бірде тартар шоферден естігенін көңілі көл болып тұрған бір сәтінде Петр Иванович Жасжанға айтты. Арамдығы ішінде жасырынып жатқан қудың бірі емес пе. Алдын ала сақтанып, әңгімесін бастамас бұрын одан ешкімге айтпаймын деген уәдесін алды. Сосын отырған бөлмесінің есігін ішінен іліп алып, қарадан-қарап екі езуін жия алмай күлген кезде сығырайған кішкене көздері жұмылып кетті. Оны көргенде Жасжан да еріксіз күлді. Сірә, ішіндегісін сыртқа шығара алмай дінкесі құрып жүрсе керек. Әлденеге масаттанғандай, көңілі жайлау боп, тершіген танауын алақанымен сүйкеп, қалтасынан темекісін алып тұтатты. Тартқан түтіні танауының үстінде үйірілді. Ол саңқиған мұрнынан будақтатып, кішкене бөлмені көк түтінге толтырып сәл отырды. Сонан соң терезені ашып желдеткен кезде:

– Темекі тартпайтын адам темекі тарқан адамды жақтырмайды. Оны мен жақсы білем. Тартпасам мұрным қышып кетеді. Сенесің бе? Осыны алты жасымда тарттым. Болса да жұмыс күні бітті. Ендеше жиырма бес грамм ұрттап алуыма болады, – деп, бұрыштағы кішкене сейфтің ішінен стақанға арақ құйып ішті. – Мұны ішпесем тамағым құрғап, даусым шықпай қалады. Енді әңгімені бастауға болады. Тек сенен өтінерім, сөзімді бөлме. Әйтпесе айтып отырған сөзімнен жаңылысып қалам.

– Сен білмейсің, директордың қандай адам екенін. Оның ақша десе есі кетеді. Кім ақшаны жақсы көрмейді дейсің. Бірақ еңбекпен тапқан ақшаға не жетсін?!

Ендеше тыңда. Бұл бұдан біраз жыл бұрын болса керек. Кәрім маған өткен жылы айтты. Ол уақытта Андрей Васильевичтің қолынан балетка (кішкене қолға ұстайтын чемодан) түспейтін. Онысын қайда жүрсе де қалдырмай алып жүретін еді. Күз айының бас кезі болатын. Күн жауарын не жаумасын білмегендей түнеріп тұрған. Жұмыс аяғына таман бір нәрседен құр қалып қалғандай кабинетінен асығып шыққан директор қаланың орталық мейрамханасына сағат алтыда кіргеннен түнгі он екілердің шамасында жалғыз шығыпты. Қасында кімдер болғанын білмейді. Сол кеште жаңбыр жауып, сыртқа да шыға алмай, машинаның ішінде сазарып отырған да қойған. Уақыт өткізіп әңгіме құратын қасында ешкім жоқ. Кабинада бір өзі отыра-отыра әбден шаршапты. Енді көзі іліне бергенде Андрей Васильевич те келген. Ол оның машинада тыныш отыра алмай қозғала бергенінен артық ішіп алғанын байқап қалыпты. Әншейінде қасына қоя салатын балетканы да қолына ұстап алған. Машинаны қала сыртындағы комбинатқа апаратын асфальт жолмен жүргізбей, ой-шұқырлы шеткі көшемен жүргізеді. Бұған ол ішінен аң-таң болып, сұрайын десе бата алмай, бір себебі бар шығар деп қойған. Ойдым-ойдым жердің беті су, ой-шұқыры байқалмайды. Қасындағы бастығы басын ұстай алмай, бірде оң жақ иығына, бірде сол жаққа иығына қарай былғаңдап, ештеңені сезетін де емес. Оның ояу екені не ұйықтап отырғаны белгісіз. Арасында күбірлеп сөйлейді. Бастығының мас болғанын бірінші рет екен көргені. Мына отырысына үйрене алмай, әлсін-әлсін оған таңданып қарап қояды. Жердің езіліп кеткені соншалық, сар балшық доғалаққа жабысып, машина бұлтыңдап жүре алмай келеді. Кәрім әлме-әлі тежегішін қосып, әлекке түсті. Ауырған адамның қиналғанындай, мотор бар күшімен ышқынып ыңырсыды. Көше тастай қараңғы. Бейсауыт жүрген адамды көрмейсің, бәрі қалың ұйқыда. Ит екеш ит те үрмейді. Бір кезде машинаның оң жақ доңғалағы шұқырға кіріп

кілт тоқтады. Андрей Васильевичтің басы машинаның жақтауына барып соғылды. Не болғанын түсінбей, басының ауырған жеріне қолын апара бергенде, түсіріп алған балетканың аузы ашылып, судыраған жиырма бес сомдықтар аяқ астына шашылғанда, мұндайды ғұмырында көрмеген ол қапелімде сасып қалды. Көзі ұясынан шығардай бажырайып, осынша көп ақшадан көзін ала алмай, зәресі тас төбесіне шықты. Жүзі тайсақтап қарай алмады. Тұла бойы мұздап, ақшадан ақшаның айырмашылығы барын, оның да бет қаритын ызғары болатынын осы жолы сезіп, денесі түршікті. Тұла бойын үрей биледі. Тап осыны күтіп тұрғандай Андрей Васильевич жақтың есігі өзінен-өзі ашылып кеткенде, көл-көсір ақша сыртқа лап берді. Жел аңдып тұрғандай ала қашты. Соңынан тұра ұмтылған кезде есікке кептеліп қалып зорға шықты. Жандәрмен күйі жанталасып, шығарын шықса да, қапелімде не істерін білмей сасып қалғандығынан болар, жапалақтап жауған қардай боп ұшып жүрген ақшаның қайсысын ұстарын білмей айналасына алақтай берді. Құдды өзін мазақ еткендей көрінді. Жан-жағы қаптаған көбелекке ұқсай ма: бірде жоғары, бірде төмен қарай қалықтап ұшып жүр. Содан қараңғы тұңғиыққа кіріп жоқ болады. Әбден есін алды. Жан дүниесі жалынға оранып қалғандай діңкесі құрып отыра кетті. Төңірегінде қаптаған мына ақшадан айырылса, жынданып кететінін сезді. Мына жүрегі де тук-тук соғып, аузына тығыла ма, қайтеді. Бұрын мұндай болмаған. Есі ауды деген осы екен ғой. Шыдай алмай қайта тұрды. Қайсысына жармасарын білмей арпалысып жанұшырды. Ұшқан ақша келеке еткендей көлбеңдеп, байқаусыз денесіне тиіп-қашып, ызасын келтіріп, табалағандай. Шыдамнан айрылды. Ақыры көрген қорлығына көңілі босап жылап жіберді. Аққан жастан көзі бұлдырап көре алмай қалғанына да қараған жоқ. Екі қолы ербеңдей безектеп, бірде алдына, бірде артына бұрылып жүгіре берді. Мастықтан болса да, барылдан шыққан даусы

адам аяғандай жалынышты. Әншейінде денесі іркілдеп, аяғын тәй-тәй басқан сәбидей, тәлтіректейтіні білінбейді. «Қу дүние-ай, неткен алдамшы едің?!» деп айтатын оған пенде болсашы. Бір уақытта бос әурешілік екеніне көзі жетті ме, жоқ әлде қайнаған ызаға булығып, буыны босап, әлі кетті ме, жүресінен отыра қалды.

Кәрім әлі өзіне-өзі келе алмай, кежегесі кейін тартып отыр. Бір нәрсесі жұғып кететіндей, ақшаға қарауға жүрегі дауаламайды. Неге екенін өзі де түсінбейді. Андрей Васильевич басқа қолынан келері болмаған соң, амалы құрып, машинадағы қалған ақшаны жинап алды. Бойындағы мастық тарап кеткен. Есесіне өң-сөл жоқ, аянышты хал шеккен адамның түрі. Жанына қатты батқаны соншалық, орны толмас өкініш еңсесін езіп бара жатқандай, еңкіш кеудесі одан сайын бүкшиіп, сілеусін көзі шалдыққан адамдай сүреңсіз. Өмірге түңіліп, налыған жанның кейпін танытқандай, күйзеліп, ешнәрсемен шаруасы жоқ. Сүлесоқ. Бетіндегі қатпарлы әжімдер онан сайын тереңдене түскен. Жол бойы үн қатпастан үйіне жетті. «Ертең үйде бол!» деді, бар айтқаны. Кәрімнің құлағына иесіз далада әлі кетіп, дәрменсіз қалған адамның даусындай естілді. – Петр Иванович мен болдым дегендей, тағы да шыныда қалғанын стақанына құйып ішті де, алақанымен ернін сұртті. Жүзі жадырап, көзі күлімдеп, шыға келді. Қалтасына қолын сала бере, берген уәдесі есіне түсті ме, тартып алды.

– Сол ақша қайдан келген деп ойлайсың? – деді Петр Иванович қулана күлімдеп.

– Оны мен қайдан білем, сен білмесең. Одан да білгеніңді жұмбақтамай айтпайсың ба?

– Сен меңдей емес, білімің бар. Астықтың оқуын оқыған мамансың. Сенің білмейтінің жоқ. Өйтіп мені алдама. Комбинаттағылар директордан емес, сенен қорқатынын білесің бе?

– Олар қорқатындай не істеппін?

– Бір өзім тәртіп орнатам деп жүргенде, «шошак бас бастық» деп, тікірейіп тұрған төбе шашыңа қарап, саған ат қойғанын білесің бе? Комбинаттағылар сені өте қатал екенінді айтып, жек көреді. Өткенде транспортерді жүргізіп қойып, өздері демалып отырған жұмысшы әйелдерге ұрсыпсың. Алдыңғы күні Жұмашты бір қапшық ұнымен ұстап алдың. «Мынау қайдан келген бәле?!» деп, сыртыңнан тісін қайрап жүргендер жетеді. Абай бол. Ашулы адамдардан бәрін де күтуге болады. Әсіресе ішіп алғанда, істеген істеріне есеп бермейтіндері де болады. Сол кезде қолына түссең аямайды. Қастандық жасауы да мүмкін. Сақ болғайсың. Білгің келсе, бұл комбинатта болмаған жаңалық. Бұрын сен құсап ешкім тексермеген. Сондықтан олар саған риза емес. Сақтанғаның дұрыс. Көпшілікке бір өзің ештеңе істей алмайсың. Қалыптасқан әдетті қойдыру қиын. Менің тілімді алсаң, «аш құлақтан тыныш құлақ» деген, көрсең де көрмеген болып жүре бер. Дұрысы сол. Үкіметтің байлығы бәрімізге жетеді. Әйтпесе мұның арты жақсылыққа апармайтынын да есіңе алып жүр.

Петр Иванович ішіп алғанын пайдаланып біраз сөйледі. Жасжан оның сөзін бөлмей, не айтпақшы екен деп аяғын күтіп отырды. Ақылгөйсін сөйлегенін жақтыртпаса да құлықсыз тыңдап шыдап бақты.

Мунның өткенде айтқаны есіне түскенде барып:

– Андрей Васильевич сенімен сөйлесіп тұрғанымды көріп қойды. Ұрсатын болды дегенің есінде ме? – деп, сөзін бөліп жіберді. Екеуінің біраз отырғанын сонда байқаған Жасжан орнынан тұрып кетуге ыңғайланып, жауабын күтті.

– Иә.

– Сөйлескенге ұрсады дегенінді қалай түсінуге болады? Себебін айтшы?

– Не айтатыны бар?! Бала емессің ғой. Олай болса, біліп қой, Сенен директор да қорқады. Бұдан басқа ешнәрсе де айтпаймын. Сұрама менен! – деп, Петр Иванович жәй ғана езу тартып, сейфтегі қалған араққа

қымсынғандай болып, қолын созды. Жасжан оған тіл қатпастан шығып кетті.

Жасжан өзінен жұрттың сөйлеспей қашқақтайтынынан олардың жақтырмайтынын ішінен сезетін. Неге өйтетіндеріне онша мән бере қоймайтын. Петр Ивановичтің жаны ашып айтып отырғанын түсінді. Дегенмен оның көңілінің тазалығына дән риза. Ойындағысын жасырмай айтып, ескермей жүрген біраз мағлұматтарға көз жеткізді. Осыдан соң жұмыстағы адамдармен сөйлесіп қалжыңдасатын болды. Олармен қарым-қатынасын жақсартпа бастады. Бір аңғарғаны: бәрі бірдей емес екеніне көз жеткізді. Қайным деп кейбір әйелдер іш тартатынын байқатты. Енді біреулері жылы сөйлеп, сырласып сөйлескісі келетінін де сездірді. Ол болса адамдардың көңіл күйлерін іштей ұғып қуанды. Араларына жиі келіп, қалжыңдасатын күйге де жетті. Бұрынғыдай жапанда жалғыз қалғандай қоңылтақсып, жалғызсырамайтын болды.

Андрей Васильевич болмаған кезде лездемені Жасжан жүргізетін. Ондайда цех бастықтарының жіберген кемшіліктері бола қалса, қатты сынға алып, әшкерелейтін. Талапты күшейткені бір жағынан жақсы болғанмен, екінші жағынан өзіне қарсыласын көбейтпесе, азайтпады.

* * *

Егін орағы аяқталып, колхоз бен совхоздардан түскен астықты қабылдап болған күз айының орта кезі болатын. Жаңбыр үсті-үстіне жауып, қоймаға сыймай далада жатқан астықты су тигеніне қарамай, вагонға тиеп жіберіп жатты. Сол кезде сапасы төмен астықты қабылдамай, барған жерде вагонды түсірмей қойды. Телеграмма үсті-үстіне келді. Артынан акт рекламация жетті. Осының артынан астықты тексерушілер көбейді. Министрліктен, облыстан, мемлекеттік инспекциядан бірінен соң бірі келіп, акт жазды. Ақыр соңында басқар-

ма бастығының жарлығы шықты. Құрғатқышқа жіберіп, құрғататын бидайды тиегені үшін Жасжанға қатаң сөгіс берді. Директор мен лаборатория бастығына сөгіс жариялады.

Жіберген қатесін түсінген Жасжан қатаң сөгіс бергеніне ренжіген жоқ. Жұмысқа қайта жігерлене түсті. Лабораторияның жасаған сараптауына қатысты. Лаборанттармен бірге қоймадағы асықты тексерді. Өткендегі отыз алтыншы кітапшаны алып қарағанда көрген көзіне сенбей, тағы таңғалды. Демде көне бидай мен арпаны араласып кетті деп акт жасап, артылып қалған арпамен жетпеген бидайдың орнын жауыпты.

Жасжан келгеннен бері тыныш ұйықтай алмай жүрген Андрей Васильевич оның отыз алтыншы кітапшаны алып көргенін естігенде тіптен мазасы қашты. Бірақ қолынан күш кетіп, не істерін білмей, ішінен тынып жүрген. Уақыт ерегескендей өте берді. Оның жұмыс істегеніне екі жылдан асты. Директордың астыртын істеген істері ойлағанындай болмаған соң, не болса соған күйгелектеніп, ашуланатынды шығарды. Бір жағынан Ғайраттың қамалып отырғаны да әсер ететін болар. Бұл комбинатта жиырма бес жыл істегенде, бірінші рет болған жағдай. Оны ұстаған екі адамның бірі прокуратурадан екен. Оған көмектесе алмаған себебі де белгілі болды.

Кеңседе отырғандардың ішінде бас есепші Анатолий Семеновичтен басқасы директордың туыстары. Ал есептің бүге-шігесін алақанына салып біліп отырған Надежда Сергеевна бас есепшінің орынбасары болғанмен, билік соның қолында. Өткенде вагонға тиеген астықтың дауында Жасжанды жұмыстан шығартқызбаған да осы әйел. Директор басқарма бастығының алдына барып отырып алса, орнынан алып тастауы әбден мүмкін еді. Директорға соны істеткізбеген. Ол бұны Жасжанды аяғаннан емес, одан сескенгендігінен істеді. Отыз алтыншы кітапшаны (журналды) алып тексерген кезінде тығырыққа тіреп,

өзімен біраз сөзге келгені санасында сақталған. Бұл жағынан Надежда Сергеевнаға ешқандай жамандық келмейді. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген, не болса соған араласып, білгішсінтеннің кесірінен тілеп алған-ды. Мекеменің қай жұмысына да бірінші директор жауап беретіні белгілі. Оның ойы қайткенде де Андрей Васильевичтің атына кір келтірмеу. Әйелінің туған сіңлісі болғасын ба, Андрей Васильевичтің жанына батыра сөйлеп, бастығына барғызбай қойды.

* * *

Басында жаңбыр жауып, аяғы қарға айналған күз айының ауа райы да жағымсыз болды. Батыстан шыққан жел тынбай соқты. Бетоннан салынған қойманың іші шілденің өзінде салқын болатын, ал күздің қара суығында қойны-қонышыңа кірген ызғарлы жел сәл тұрсаң тоңдырады. Далада су тиіп қыза бастаған бидайды транспортермен қойманың ішіне айдап жатқан жерде бүрсек қағып жүрген Жасжанды көрген Оксана:

– Бұндай суықта жас жігіт тоңа ма екен? – деп қалжыңдады.

– Жылы төсектен тұрғандай, жылы жерден шықсаң. Әрине, сен тоңбайсың. Мына біздер құсап цемент қораның ішінде кішкене тұрып көрші, көрейін тоңбағаныңды. О несі-ай, менің қайныма тиісіп, – деп, Жамал Жасжанды жақтаған болып, Оксанаға тілін тигізе сөйлеп алды.

– Қайдан іздеймін деп келе жатпаймын ба? Алдымнан кездескенің мұндай жақсы болар ма? Әлде сенің коріпкелің бар ма еді, біліп қоятын?! – деп, келіншек күле сөйлеп Жасжаннан қалмай сыртқа шықты.

«Жанарың қандай әсем?!» деп, ішінен таңданған жігітке де керегі осы еді.

– Сені түсімде көргенде кеудем от болып жанатынын білмейсің ғой. Сүйтіп жүрген маған несіне таң қаласың. Коріпкелі бар адам да алдымен жүрегімен сезбей ме?!

– Айналаң жәудіреген қарақат көз қыздарға толып жүргенде, маған несіне қызыға қалдың? Ертерек кездеспеген өзіңнен көр. Ол уақытта өзім жабысар едім. Жүр, бастық шақырып жатыр, – деді демде үні өзгеріп.

Ауыр күйзеліске түскен адамдай, реңі бұзылып кеткен бастығын көргенде, Жасжан бірден жағымсыз жағдайдың боларын сезе қойды. Бүгінде оның мінезі өзіне бес саусақтай белгілі болған. Бүркіттей түйілген қос қабағы шабуылға шығар алдындағы дайындық екеніне енді күмәні қалмады. Қас қағым сәт арасында мазасы қашып, небір ойларға қалды. Жұмыс ойдағыдай жүріп жатыр десе де болады. Тұрып қалған вагонға төлейтін штраф та бұрынғыға қарағанда көп аз. Бүліне қалғандай ешнәрсе жоқ. Қара аспан қапылғандай, қазіргі түрінен адам шошырлық. Сүлдесі қашқан кәрі бурадай, көнтиген ерні салбырап стол басында, өз деміне өзі қыстыға қалғандай булығып отыр.

– Кеше қайда болдың? – Гүжілдеген жуан даусында ызғар бар.

Директор мен оның орынбасары уақытпен санаспай жұмыста жүре беретіндіктен, Жасжанда демалыс жоқ. Жұмыс жүрмей, бір нәрсе бұзылып қалған жағдайда басы-қасында жүретін себебі де содан. Қашанда Андрей Васильевичтің өз билігі қолында, жұмысқа басын ауыртқан адам емес. Бірдеме болса орынбасарына шүйлігеді.

– Таңертеңгісін келіп, жұмыс істеп жатқан жерлерді аралап шықтым да, кідірмей кетіп қалдым. Мен барда вагон болған жоқ. Екі жұмысшы қызып жатқан қара бидайды жүк тасығышпен орнынан аударып жатты. Үйге кететінімде ұн цехында істен шыққан моторды ауыстырып болып жүргізді.

– Кеше жұмыста арақ іштің бе?

– Менің ішпейтінімді біле тұра, неге сұрадыңыз?

– Алдымен сұраққа жауап бер.

– Ендеше, жоқ!

– Менің алдымда үш адамның қолы бар, арыз жатыр. Кеше мас болып жүрді деген.

– Оқып көруіме бола ма? – Жасжан қағазға қолын ұсынды.

– Оның несін көресің?! Қағазды кәсіподақ комитетіне жіберем! Алдымен жазған арызды тексерсін, содан кейін барып кәсіподақта қаралады. Бұл мәселені жәй қалдыра салуға болмайды. Есіңде болсың!

– Сонда маған сенбегеніңіз бе?

– Бұрын да сенің арақ ішіп мас болғаныңды көргендер бар. Сонан соң мен саған қалай сенемін?!

– Онда мені ішуге мәжбүр еткен өзіңіз емес пе? Олай болса, кәсіподақ жиналысына барлық жұмысшылар қатыссын. Бірінші хатшыға менің үстімнен жала жауып жазған түсініктемеңді хабардар етейін. Бірақ менің арақ ішпейтінімді басқалар білмесе де, жұмыстағылардың бәрі білетініне көзім жетеді. Өтірік айтқан қалай болатынын сонда түсінесің. Тек жазған адамдардың аты-жөнін білсем болды, – деп, бұдан әрі отыруға шыдамы жетпей, қызуқанды күйде кабинеттен шығып кетті.

Директор басын көтеруге шамасы келмей, бүк түсіп отырып қалды. Тілеп алған аурудың өзіне қатты соққы болып тиетінін енді ұқты. Оның жалындай шарпыған уытты сөзі кеудесін қысып тастағандай, көз алды ала құйын болып барып есін жиды. Жиналыста өзін масқаралайтынына көзін жеткізді. Сонда ғана тауы шағылып, жігері тасыған жас жігіттің ешнәрседен тайынбасына кәміл сенді. Оған ешкім тосқауыл бола алмасын да білді. Бүгінге дейін алшаңдап басқан өмірі көз ұшынан бұлбұлдай ұшып алыстап бара жатқанын бұ жолы да анық сезіп, алғаш рет өзіне үрке қарады. О баста оны қас жауындай қарсы алғанына түсінбеп еді. Әлі де түсінбей азап шегумен келе жатыр. «Одан неге бекерден-бекер қорқа берем?! Осы келгеннен бері пайда болған үрейден қалай құтылам?! Осыдан арылатын жол бар ма маған? Ешкімге зияны жоқ, өзімен-өзі

жүрген адамды орынсыз мазалап, тиісе бергенім дұрыс па? Біреу маған үйістіп істесе қайтер едім? Әр нәрсе-нің шегі болмайтын ба еді?! Ендеше түн ұйқысын төрт бөліп, көз алдымда неге тұрып алады?! Менің бұған қандай қатысым бар?! Босқа кінәлап, біреудің обалы-на қалмасайшы. Шынымен оған менің әлім келмейтін болғаны ма? Әлде онда ешнәрсе әсер етпейтін пері-нің аруағы бар ма?! Олай болуы да мүмкін-ау. Өткен-де бірінші хатшы сұрақ та қоймай, одан бірден басын алып қашқан жоқ па? Талайды көріп жүрген қу емес пе? Ол сонда бірдемені сезген болар. Ал бүгінгім ше? Қайдан айттымға қалып, малтыған ойдан шыға алмай отырысымды көрмейсің бе?!» Жас болса да оңай жау емес екеніне көзі жетсе де, алған бетінен қайтқысы кел-мей, жанкешті шытырман ойға қайта оралды...

...Жасжан естіген құлағына сенбегендей, ойға қалып, кабинетінің төрт бұрышын әрлі-берлі кезіп жүрді де қойды. Бірде жазған кім болды екен деп қайран қалған-дай таң қалады. Кімнен көрерін білмейді. Алысы жоқ, берісі жоқ даладағы біреулердің жазуы мүмкін емес. Өзі білетіндердің ішінен ондайға бара қоятын ешкім-ді таппады. Не болса да Андрей Васильевичтің адам-дары жазған деген тоқтамға келді. «Әйтпесе ойлауға сыйымсыз, бұндайды кім жазады?» Соған көзін жет-кізгендей болды. «Ал ішкен-ақ болайын, сондағы ойы не? Мені жұмыстан шығару ма мақсаты?! Басқарма бастығының бұйрығы болмаса, қалай шығарады?! Әлде жұмыстан өзі арыз жазып шығар деген оймен әдейі ұйымдастырып отыр ма?»

Енді бірде жиналыста не айтатынын ойлап тағы басын қатырды. «Сөйлеген сөздерім далаға кеткендей болса ше? Онда не істемекшімін?! Бұл бұнымен бітпей-тіні айдан анық. Осыдан кейін менен құтылудың тағы да жолын қарастыратын шығар. Мына түрімен қастандық жасаудан да тайынбас. Сонда маған комбинаттан кету-ден басқа жол қалмағаны ма? Бар-жоғы бес жыл ішінде істемеген жерім қалмайтын болды ғой. Қайда барғанда

сыям?! Енді еңбек кітапшамды көргенде, жұмысқа еш жер алмайтын да шығар. Ешқайда кетпеймін, не де болса басыма түскенді көріп алдым. Бүлдірген ешнәрсем жоқ, маған не істер дейсің?!»

* * *

Жасжан жұмыс істеген жерлердің бәрінде де адамдардың арақ ішкендері мен бірге ұрлық жасағандарына дейін бір-біріне ұқсайтын сияқты. Қай жерде де өзіне ұнамағандарын сылтау тауып, жұмыстан шығаруға тырысады. Адам тағдырын олай тәлкек етуге болмайтынын түсінгісі де келмейді. Жұмысшыларға тиісіп, боқтап қорқытатын директорды да көрді. Бірақ соларға ешнәрсе жоламайды. Құтырған күйінде құтырынып жүре береді. Осының алдында өзі істеген элеватордың директоры Плотников ішіп алса, көкшіл көзі күлгіреп, беті қызара бөрітіп, талпақ танауы құсырылып, булыққан ашумен, жөн-жосықсыз қарсы ұшырасқан жұмысшыларға тиісетін. Әсіресе темір жол бойымен жүре қалса, вагон тиеп жатқан көзіне көрінген жұмысшыларды боқтық сөздермен іштерін кептіргенімен қоймай, алдына салып кабинетіне кіргізетін. Сонан соң оларға аузына келгенін айтып ұрсатын. Соған бір ауыз сөз ақыл айтып қойдыратын адам табылмады. Өзі айтайын десе, әкесімен жасты адамға аузы бармады. Содан бір күні отыз шақырым жердегі Астрахановкідегі астық қабылдайтын өздерінің бөлімшесіне таңертеңгісін кетіп, жұмыс аяғында қайтып келсе, кәсіподақ жиналысы енді басталайын деп жатыр екен. Кәсіподақ комитетінің төрағасы жарты жылдағы істеген жұмыстарына есеп берді. Плотниковтан кейін Жасжан сөйлеп, бірден директордың өзі жұмыста арақ ішкенімен қоймай, жұмысшыларға орынсыз тиісіп балағаттайтынын айтты. Онымен де қоймай, кабинетіне кіргізіп алып ұрсатын ерсі қылығын да бетіне басты. Сол кезде орнынан ұшып тұрған қарауыл

бастығы, запастағы милиция подполковнигі Ковалев Жасжанның сөзін бөліп жіберді.

– Есеновтің айтқанына келіспеймін, шындыққа жанаспайды, – дей бергенде, Плотников:

– Ковалев, сен маған өтірік жарымсақтанба! Есенов дұрыс айтты. Оның несін жасыратыны бар? – Басын көтере алмай, ақ сары жүзі қызара бөрітіп, оған алара қарап ұрсып тастады. Сондағысы жұртқа жақсы атты көрініп, алдын ала ойлап қойған қудлығы екен. Кейін білді. «Сенен көрдім ғой қорлықты» дегендей, не болса соны сылтауратып орынбасарына жөнсіз тиісіп ұрса беретінді шығарды. Текетіресе бергеннен шаршап, басқарма бастығына жағдайын айтып, осында ауысты.

Енді бұл комбинаттан кетсе, қолына күрек алып қара жұмыс істемесе, басқа жерге баруға мамандығы үйлеспейді. Онда да оған жараса жақсы. Ақыр соңында барар жер, басар тауы қалмаған соң, тәуекел деп артын күтетін болып шешті.

* * *

Күндер өте берді. Содан қайтып директор арақ ішкені жайында сөз қозғаған жоқ. Оның алғашқы күндері кәсіподақ комитетінде қарайтын шығар деп, қобалжығаны да бекер болды. Үшінші жылдың еңбек демалысын өткізіп, жұмысқа шыққан күні өткен жазда болған қойма меңгеруші Тәліпті де астықпен ұстапты деген гу-гу әңгіменің үстіне кезікті. Бірақ ол ешнәрсе болмағандай жұмысын істеп жүрді.

Жасжан демалысқа шықса, қойма меңгерушілерінің ұрлықпен ұсталуы әдетке айналды. Бұған ол қалай түсінерін білмей: «Бұл жұмбақ қашанға дейін созыла бермек, шешілетін уақыты болған жоқ па?» – деп, қолынан келері болмаған соң, таңданған да қойған. Артынан өре шығатын өсек те жел қуғандай тымтырыс. Есеп бөлімінде отырған бес әйелдің де аузынан артық ауыз сөз шықпайтынын жұмысқа алғашқы кі-

ріскен күні байқаған болатын. Бұл кірген кезде қашанда үнсіз тымырайып, алдындағы қағаздарынан бастарын көтермейді. Оксананың да оңаша кездескен жерде күліп сөйлегені болмаса, кабинеттің ішінде байсалдылық танытып, сабырлы бола қалатынын қайтерсің. Оның жақсы көретіні Петр Иванович еді. Қазір ол да қашқақтап, бұрынғыдай сөйлеспейді. Жапан дүзде жалғыз қалғандай хал кешкен Жасжанның кейде жер-көкке сыймай кететін кездері болады. Сонда оған кең дүние өзіне тарлық ететіндей көрінетін.

Адам тағдыры әртүрлі болып келетіні қызық. Біреулер бала-шағамды қалай асыраймын деп, жанын салып жұмыс істесе де, тапқан табысын отбасына жеткізе алмай қиналады. Ондай адамдар өтірік айтуды білмейді. Ұрлық істеу де қолынан келмейді. Сондай адал, біреуге жарымсақтанғанды да жек көреді. Сүйтіп жоқшылықпен өмірін өткізеді. Ал енді біреулердің ойлаған ойлары орындала қояды. Дегендері болып, қиындық көрмейді. Шалқыған кеуде кекірік атып, барға қанағат етпей, болғанның үстіне бола берсін деп, құлқынын аша береді. Оған ешнәрсе жоламайды. Өзіне қарсы келгенді жоқ қылып жіберуден де тайынбайды. Ақыры осы мастықтың арты барып бір нәрсеге ұрындырады. Сонда қапыда қалып, істеген қылықтарын есіне түсіріп опық жейді. Андрей Васильевичте не керектің бәрі бар. Сонда да қанағат етпейді. Онда тойым жоқ. Болғанның үстіне бола берсін дейді. Айналасындағылар оған сөз айтуға қорқады. Өйткені билік соның қолында. Ол өте сақ, жұмыс сұрап келген адамның қыр-сырын түгел тексеріп, жұмысқа алады. Сырттан келген кадр болса, онымен жұмыс істеуге қорқады. Жасжанның жағдайы оңалмай жүргені осыдан. Мына түрімен оның да шыдамы қанша уақытқа жетері белгісіз. Петр Иванович те әуел баста «жас маман, қолынан іс келеді, қақпас шалдың орнына осы болады» деп дәмеленді. Бірақ ол ойы бола қоятын емес. Андрей Васильевичтің кететін түрі жоқ.

Ол қайта Жасжанды қырына алып, жұмыстан қалай қуудың амалын таппай жүрген сияқты. Енді оның директор болмайтынына көзі жетті. «Мен айтарымды айттым, ендігісін өзің шешіп ал» деген адамдай көрсе сырт қарайды. «Оңашада өзін жақсылап қыспаққа алған болар, кім білсін?» Қулықты білмейтін Жасжан оған шаң жуытпайды. Бердібекті де түсіну қиын. Шынын айтқанда, оның түрі нанға өкпелеген балаға ұқсайды. Үнемі бір нәрсеге ашуланып тұрғандай, қабағы бір жазылмайды. Сенде бір өші қалғандай сызданып сөйлегеніне үйрене алмай қойды. Тәліп екеуінің мінездері ұқсас. Ашылып-шашылып күлмейді. Ешкіммен жарқылдап сөйлеспейді. Содан ба, араларынан мысық өте алмайтындай, ым-жымдары бір.

Осы мекемеде ешкімге зияны жоқ Жасжан білетін бір адам бар. Ол комбинаттың бас инженері – Аркадий Кузьмич – директордың немере інісінің баласы. Жұмысты да барын салып істейді. Қалбалақтаған, ақ көңіл, арамдығы жоқ. Бір айыбы, жеті класс бітіргеннен кейін оқымай қойған. Шофер әкесінің қасында жастайынан жүріп, темір-терсекке үйір болғанның арқасынан шығар, машинаның моторын шемішкіше шағады. Білгенін айтып түсіндіруден де жалықпайды. Қарапайымдылығы соншалық, орыс біткеннің аузынан түспейтін келеңсіз сөздердің бірін де айтпайды.

Андрей Васильевичтің бір қызық жері, жұмыстағы болған олқылықты көріп қалса, сол бөлімнің бастығынан сұрамай, Жасжаннан талап етеді. Оның осынысы бұрыннан келе жатқан әдет пе, жоқ әлде қайтсем де мұқатам деп, оған әдейі істегені ме? Бұл жағы белгісіз. «Қайда жүрсің? Күні бойы не істеп жүресің?» деген сияқты сұрақпен жөн-жосықсыз тиісіп ұрсады. Әке-шешенің тәрбиесін көріп өскен оған дүниеде жасы үлкен адамның қиянат жасағанынан ауыр нәрсе жоққа ұқсайды. Бетін қайтарып тастаудың орнына ұнжырғасы түсіп, іштей зәбірленіп қиналады.

Жаңа астықты қабылдайтын кезде Андрей Васильевич оқыстан ауырып қалды. Бұл уақыт жұмыстың қызған шағы. Нағыз қарбалас кезең. Колхоздар мен совхоздардан келген машиналарды тоқтатпай, астықты түсіру қияметтің қиыны. Құмырсқаша қаптаған машина ауланың сыртына сыймай, көшеде иін тіресе сығылысып кезек күтіп, таңертең келген машиналар түс қайтқанша тұратын кездері болады. Ондайда комбинаттың бастықтарын көріп қалса, терісіне сыймай тұрған шоферлар тірілей жеп қоюға бар. Тап осындай уақытты мұрнының исімен сезіп қоятындай, жан-жақтан бұрын не көріп, не естімеген бастықтардың қайдан тап бола қалатынын білмейсің, қаптап кетеді. Оның үстіне техникалар бірінен соң бірі бұзылып қалғанда келе қалатынын қайтерсің. Сағат бойы машиналар орнынан жылжымайды. Ондайда жүргізушілер шу көтеріп, комбинаттың басшыларын іздеп жүргені.

Оның үстіне бұрын-соңды болмаған астық, биыл бітік шықты. Ысырап қылмай кезінде жинап алу үшін, бір сәт жайбарақат күндерін ұмытып, күн-түн демей, бар күштерімен аянбай іске кіріскен облыстың неше бір үлкен дөкейлері бірінен соң бірі келіп, тұрып қалған машиналардың жүргізушілерімен бірге Жасжанды қыспаққа алғанда, не айтарын білмей, береке-сі қашқан күндері болды. Артынан жас жігітті аяй ма, екпіндері басылып, өздері сабаларына түсетін. Бұған өзінің де көңілі толмай, тығырықтан жол іздеген жас жігіт басшылардың алдына ойындағы пікірін ортаға салып түсіндіргенде, олар да колхоз бен совхоздардың адамдарымен келісіп, әр шаруашылық белгілеген кесте бойынша келуге келісім берді. Машиналар бір мезгілде жан-жақтан қаптап келмейтін болды. Осындай тәртіп орнатқаннан кейін жұмыс бірқалыпты жүрді.

Адам қолы жетпегесін, жоғарғы сыныптың оқушылары мен мекемелерден адамдар көмекке келді.

Оқушыларды мұғалімдері әкеліп, күніге алты сағаттан жұмыс істеткізді. Астық қабылдаған күннен бастап, Жасжан уақытылы тамақ ішуден қалды. Түнде электр станцияның ішінде жатып көз ілдіреді. Комбинаттың басқа басшылары он екі сағат жұмысын істеген соң алды-артына қарамай үйлеріне кетіп қалып жүргенде, бұл күн-түн демей жұмыста жүрді. Қоймаға сыймаған астықты айналасын тақтаймен қоршап, далаға түсірді. Оны транспортермен үйді. Ұзынынан жал-жал боп үйілген астық қатар-қатар тізіліп, күн өткен сайын көбейе берді. Үстін жаңбырдың суы ағып кететіндей етіп, бетін тегістеді. Астық сыймай бара жатқан соң ауланы қайта кеңейтті. Тау-тау боп үйілген жүз мың тонна астық күздің соңына дейін далада жатты. Жасжанның астықты қабылдап біткенде барып көңілі жайланды.

Бірде таңертеңгісін ертелетіп түнгі ауысымдағылардың жұмыстарын қарап шыққан Жасжан кеңсеге бет алды. Күн қысқарып, түн ұзарған кез. Ағаштардың жалаңаш, бурыл бұтақтарының арасынан енді ағарып аспан көрінеді. Таңғы тымық ауада лып еткен желмен бірге төгілген шықтай ағаш басы судырап кетті. Тылсым дүние жаңа ояна бастағандай. Ұйыған тыныштықты жара шығып, құстардың шиқылдаған даусы естілді.

Атқан таңмен бірге Генаның машинасы оң жақ қапталынан өте шығып, қақпаның алдына барып тоқтады. Тым ерте жұмысқа шыққан жүргізушіге таңданып қалған Жасжан жол бойында шұбатыла төгілген бидайды көргенде:

– Қақпаны ашпай тұра тұр, – деп, кнопканы басып жатқан күзетшіге айтты.

Машинаның тепкішіне шығып, үстін қараған Жасжан:

– Мына бидайды қайда апара жатырсың? – деді Генаға.

Гена бірден жауап бере алмай мүдіріп қалды. Оның жауабын күтпестен:

– Машинаны жолдан шығарып шеткерек қой да, менімен бірге жүр! – деді Жасжан.

Содан соң қақпада тұрған күзетшіге бұрылып:

– Машинаны тексеріп алмай, қақпаны ашып жатқаның қалай? Әлде бұл жерде не үшін тұрғаныңызды білмейсіз бе? Жаппар ағай, мұныңыз ұят қой. Иван Иванович келсе, маған жібер, – деді де Генаны ертіп кабинетіне кірді.

– Мына отырғышқа отырып, бидайды қайда апара жатқаның жөнінде түсініктемеңді жаз.

Жасжан столдың төменгі жағындағы бастырманы басып, Оксананы шақырып алды да, Тәліпке жұмсады. Ол есепшілердің бөлмесінде жүрсе керек, тез келді.

– Ал кәне, не істеп жүргеніңді айтшы? – деді оған жайбарақат.

Тәліптің бірден өңі құп-қу болып кетті. Басы салбырап, үн қатқан жоқ.

– Айтатын ешнәрсең болмаса, түсініктемеңді жаз, – деп қолына қағаз ұстатты.

Сол кезде барып:

– Бір сапарға кешірші, – деп даусы дірілдеп шықты. – Бала-шағаның қамы ғой, бір жолға... – деп міңгірледі.

– Алдымен түсініктемеңді жазып бер. Сосын сөйлесеміз, – деді Жасжан оған. Сол мезетте Тәліптің қабағы түйіліп:

– Жазбаймын! – Даусы ызғарлы шықты.

– Жарты сағат қана уақыт берем. Содан кейін кеш болады. Алдын ала айтып қояйын.

– Түсініктемені қалай жазам?! – Тәліптің даусы әп-сәтте өзгере қалды.

Осы кезде Гена да жазған қағазын Жасжанға беріп, кабинеттен шығып кетті.

Генаның жазғанын оқып отырған Жасжан «Директордың үйіне апар» деген жеріне келгенде оқыс күліп жіберді. Тәліп болса алдындағы қағазға шұқшиған күйі отыр еді.

– Нағып отырсың? Менің уақытымды алмай, жазатын болсаң жазбайсың ба? – Жасжанның даусы бұл жолы қатты шықты.

Ол әлі де болса дәмеленіп, енді Жасжанға жалына бастады.

– Бірінші рет кешірші. Ендігәрі істемеймін деп уәде берем.

– Алдымен түсініктемеңді жаз, содан кейін сөйлесеміз, – дегеннен басқа Жасжан сөз қатпады.

Тәліп күдерін әбден үзгенде барып, жаза бастады. Жазып болған соң да қолына ұстаған қағазын бергісі келмей:

– Бала-шағаның күні ертең не болады? Бір жолға кешірсейші, – деп даусы дірілдеп, кішкене көзіне жастығылды.

Жасжан оның сөзіне көңіл аударған жоқ. Ойлағанын істемей қоймайтын адамның түрін байқатып:

– Кәне, жазып болсаң, берсейші, – деп қолын созды.

Күдерін үзбей, әлі де дәмеленіп сүлесөк күйде отырған Тәліп сәлден кейін қолы дір-дір етіп қағазды берді. Қолын көргенде оның жан дүниесі қиналды. Мүсіркесейші дегендей, сондай аянышты, әрең шыдап бақты.

Тәліптің жазғанын оқып шыққан Жасжан:

– Бидайды қайда апара жатқанын неге жазбағансың? Баланың жазғанындай түкке тұрмайтын бірдемені шатқансың. Басы жоқ, аяғы жоқ, мына жазғаныңды кім түсінеді?! Машинаның номері мен жүргізушінің фамилиясын, шамамен қанша тонна бидай тиегеніңді көрсетіп жазбайсың ба? Әлде таразыға өлшесін бе? Қайта жаз! – деп ақ қағазды Тәліптің алдына тастады. Оның жазған түсініктемесін өзіне бермей, столдың суырмасына салды.

Тәліп бұл жолы сөз қатқан жоқ. Түк шықпайтынына көзі жетіп, торықса керек. Қайтадан айтқанын екі етпей жазып берді.

– Андрей Васильевичтің өзі айтты ма?

– Ия.

– Қоңырау шалды ма?

– Жоқ. Кеше жағдайын білуге үйіне барғанмын.

– Таза бидайды не істейді? Малға бере ме?

– Білмеймін...

– Енді менің сөзімді тыңда, – Жасжан ойланғанда Тәліпке тесіле қарап сәл мүдірді. – Қазір сені милицияға ұстатып жіберуге болар еді. Бұны істеудің қиы емес екенін өзің де білесің. Бірақ мен оны істемеймін. Әрине, сені аяғаннан емес, бала-шағаңды аяғаннан ғана. Бұл жерде олар кінәлі емес. «Ұрлық, ұрлықтың түбі қорлық» деген сөзді білетін шығарсың. Ендеше, біл тұрып, осыған барғаның өзіңді отқа тастағанмен бірде емес пе?! Менің басқа айтарым жоқ. Маған сұрағың болмаса, боссың. Мына жазған түсініктемең менде қалады.

Ол есіктен шыға бергенде күзет бастығы кірді.

– Иван Иванович, қарамағыңдағы адамдарыңме жұмыс істемейтініңді бүгін көзіммен көрдім. Машиналардың рұқсат қағазбен кіріп-шығатынын білмейтіні өз алдына, машинада не бар, не жоғын қарамай қақпаны ашып шығарып жатқан жерінде үстінен түсі тоқтаттым. Бидай тиеп шығып бара жатқан Генаны машинасы. Бұған не дейсің? Өткенде анау, бір қапшы бидаймен Үсенов ұсталғанда да күзетші көрген жоқ. Үкіметтің астығын осылай талан-таражға салып жүр береміз бе? Адамдарыңды сағат беске жина, осында.

Вяткин арақ ішіп алғанда қызарып кететін көзін көрсеткісі келмегендей, төмен караған күйі, үн қатпаста шығып кетті.

– Күзетші болып істейтін жиырма бес адамның үшеуі келген жоқ. Басқасы келді, – деді күзет бастығы.

– Сендердің өз міндеттеріңді дұрыс атқармайтындарыңды бүгін көріп таңғалдым. Бұған түрткі болған Генна екенін айтпасам да іштеріңнен біліп отырған боларсыздар. Үкімет бүкіл байлығын күзетшіге сеніп тапсырады. Ал сендер болсаңдар, жұмыстарың

немқұрайлы қарайсыңдар. Бидай тиеп алған Генаның машинасын кнопканы басып қақпадан өткізіп жатқанда үстінен шықтым. Әрине, машинаға бидай өзі түсе қалған жоқ. Оны да бір жұмысшы тиеді. Бұның бәрі бірімен бірі байланысты деген сөз туады. Күндіз бақырайтып ұрлық істесе, түнде не болып жатқанын кім білсін. Мен жұмыс істегеннен бері бірде-біреуің ұрлық істеген адамды ұстады дегенді естіген емеспін. Кәне айтыңдаршы, осыларың дұрыс па? Мүмкін менің қате айтқан жерлерім бар шығар?!

– Не айтамыз, айтқандарыңның бәрі дұрыс. Сөздің шыны керек. Кінә өзімізде де бар. Несін жасырамыз?.. – деп, әр тұстан дауыстар жарыса шықты.

Андрей Васильевич алты ай жұмысқа шыққан жоқ. Алдында соқырішегін алдырып ауруханада жатты. Одан шыққан соң тұмауратып үйінде емделді. Оның артынан өтіндегі тасын алдырды.

* * *

Директор жұмысқа шыққан күні Жасжан ауруханаға жатты.

Жасжан аттай екі демалыс ауруханада жатып шықса да, басы ауырып, ұйықтай алмайтынын қойған жоқ. Дәрігерлердің анализ алып тексере келгенде тапқандары: «ас қорытатын қышқылың жоқтың қасы, бар бәле осыдан. Тамаққа зауқың соқпайтыны да содан. Тамақ ішпегеннен кейін бойда күш те болмайды. Күш болмаған соң, адамның организмі әлсірей береді. Ол үшін көкөністі көп жеу керек. Ас қорытатын қышқылың көбеймесе, аурудың үстіне ауру жамала береді» деп, қосымша дәрілер жазып беріп ауруханадан шығарған.

Әдет бойынша Андрей Васильевич түннен бері тиелмей тұрған жеті вагонды Жасжан жұмысқа шыққан күннің ертесіне-ақ жұмысты дұрыс ұйымдастыра білмегеннің кесірінен деп кінәлап, жер-жебіріне жеткізе ұрысты. Оған тиісетін сөздің ретін таппай жүргенде,

жақсы себеп табылды. Басқа қолынан келері болмаған соң, жас жігіттің жігерін құм етсе, өзіне пайдасы болмаса, зияны тимесін біледі. Оны көргенде ішінен кірпідей жиырылатын әдеті әлі күнге дейін қалмаған еді. Оның үстіне Генаны астықпен ұстағанын естігенде бұрынғы мазасыздығы еріккеннің ермегі боп жөніне қалды. Мойнына бұғалық салғандай қылғынып, ашуға бұлықты. Бұндайды бұрын көру түгіл, естіп көрмеген, қалай шыдасын. Өзгені танымай кеткен өзімшілдік қойсын ба? Өзін қоярға жер таппай аласұрды. Жанын сыздауықтай ауыртып, түн ұйқысынан айрылды. Түкке тұрмайтын боқмұрын баланың істеген ісі, өзін аяққа басып қорлағандай күйінді. Намыстан жарылардай боп, өзіне қол жұмсағысы да келді. Артынан сабыр тауып, одан құтылудың жолы оңайырақ екеніне көз жеткізгенде барып, өзінің артық кете жаздағанын сезгенді. Енді бел шешіп кіріспесе, одан оңайлықпен құтыла алмасын білді. Көз алдында бүйтіп көлбеңдеп жүре берсе, түбінде бір нәрсеге ұрынатынына күмәні қалмай таусыла күрсінді.

Андрей Васильевич Жасжанды бірінші көргенде-ақ, бойындағы жайсыздықты сезіп, суқаны сүймеген. Оған бірде Плотников: «Менің орынбасарым – жас жігіт, мінезі өр, еш нәрседен қаймықпайды. Бетің бар, жүзің бар демейді, айтып салады. Жиналыста мені қатты сынға алды. Бастығына шүйілген орынбасарды көріп пе едің? Әуелгіде естіген құлағыма сенбедім. Кемшілігімді бетіме айтып, көпшіліктің ортасында мені масқара қылған. Осынша жасқа келгенде ондай адамды бірінші көруім. Өзі үлкен бастыққа жақындығы бар ма!? Маған басында қамқорлығыңа алып тәрбиелерсің дегенді. Соған қарағанда жақын бірдемесі болу керек. Сөзінің соңында ол мені тәрбиелемесе, мен оны тәрбиелей алатын емеспін», – деп, мейрамханада ішіп алған көңілді жуан даусымен қарқылдап күлген. Плотниковтың айтқан сол сөзі Жасжанның берген қағазын оқып отырғанда ойына бірден келе қалды.

Андрей Васильевичтің қарлығыңқы жуан даусынан күңгірт тартқан бөлменің іші жайсыздық жайлағандай, отырғандардың еңсесін түсіріп, қыбыр еткен жан болмады. Бәрі де кінәлі адамдай, ауыр ой үстінде. Директор болса, Жасжанға тиісетін себеп тапқанына қуанғандай, іштей серпіліп алғанға ұқсайды. Алған бетінен қайта-тын емес. Өзі би, өзі қожа болғасын, бес қайнаса сорпасы қосылмайтын сөздерді өре қуып, қысылып-қымтырылатын да түрі жоқ. Қатпар-қатпар маңдайы түлеген аттың терісіндей жылтырап, мыж-мыж әжімді бетіне өң кіргендей. Әншейін сырт көзге сұс көрсетіп, түксиген қалың қабағынан сығырайған сілеусін көзі зорға көрінеді. Сонда да жасандылығы түрінен байқалады. Шабыс тілеген елірген аттай, екпіні қатты.

Қазіргі кезеңде алған білімін азсынып, білім үстіне білім іздеп оқып жүргендер аз ба?! Еліміз күннен-күнге көркейіп өзгеріп жатқаны сол ізденіп, оқып білгеннің арқасы емес пе?! Терең білім ізеттілікті керек етсе, өмір талабына сай адамдардың талғамы да өзгермей ме? Соған қарамай Андрей Васильевич тілінің үстемдігімен билік жүргізсе, бір жағынан сүйенер адамы арқасын қағып, көңілін көтерсе, қуыс кеудесі шаттанып, неге төске ұрмасқа, қолын қағатын адам болмаса, неге ол білгенін істеп шалқып жүрмеске?! Алдынан қарсы шығып ешкім тұрмаса, ебін тауып екі асап дағдыланса, ол неге құтырмасқа?! Неге ойына келгенін істемеске?! Осыдан барып менмендік тумай ма? Бойына асқақтық бітпей ме?! Өркөкіректік пен көрсоқырлық пайда болмай ма?! Ақыр аяғында ішіне түйген жікшілдіктен ұлтшылдық тумай ма?!

Ешуақытта таза қолға байлық тұрмайды. Ол азаппен, азғындықпен келеді. Бай адамдардың қолы кір болатыны да содан. Андрей Васильевич өзінен басқаны білмейді. Үкіметтің байлығына кенеше жабысып алған. Біреудің обалына қалдым-ау демейтіні де содан. Әйтпесе Жасжан оған не істепті?! «Оқыған сендерден оқымаған мен артықпын» деп, кеуде көтеріп ішінен

мысқылдайтыны айдан анық. Болмаса мен енді үлкейдім, ендігі өмір жастардікі деп, өмірде көрген, білгендерін айтып, үйретсе несі кетеді?! Жанын күйттейтін жасқа келген жоқ па? «Тек жүрсен, тоқ жүресің» дегендей, шамасын біліп жүрмей ме?! Өзім білем дегенде, не тындырмақшы?! Қасындағылармен санаспайтындығы да сондықтан. О баста партия қатарына кіргенде, далада қалмайтынын білген. Өзіміздің адам, зияны тимес деп, мүмкін, біреу әдейі істеген шығар?! Бір мекемені жиырма бес жыл бойы басқарып, өз үйіндей иемдену бекерден-бекер емес. Жаза баспайтын адамдай, көсемсіп сойлеген сөзі де ірі.

– Жұмысты ұйымдастырып, жүргізу сенің міндетің емес пе? Қалтасына қолын салып, күн ұзақты селтип, күнін өткізетін сендей орынбасардың маған керегі жоқ. Істей алмайды екенсің, орынды неге босатпайсың?! Осы тұрған жеті вагонның айыппұлын кім төлейді? Бұдан кейін тағы да қайталанатын болса, онда сөз басқаша болады. Осыны біліп қой. Сені балаша тәрбиелейтін бұл жер балабақша емес! – Лездеменің бас-аяғы осымен бітті.

* * *

Жасжан бұны не деп түсінерін білмей басы қатып, сүлесок күйде цехтың ішін аралап шығып келе жатқанда Петр Ивановичпен қарсы ұшырасты. Оны көргенде бірден көңілін сейілткісі келді ме, оған қалай сөйлеп қойғанын байқамай қалды.

– Сенің даусыңды сағынып қалыппын, көптен сөйлеспегеннен бұлар деймін. – деп, қолын беріп амандасты.

– Мен де соны айғайын деп едім. Екеуіміздің сөзіміз бір жерден шыққанын қарашы. – Кішкене бітік көзі иіненін тесігіндей сығырайып, таңданғандай езуін жия алмай күлді.

– Жаксы демалған шығарсың?

– Демалыс өте жақсы өтті. Өмірімде бүйтіп арақ ішпеген шығармын. Фрунзенің тауына шығып па едің? Ауа-ы қандай керемет?! Арақ ішсең мас болмайсың. Менің туыстарым сол жақта ғой. Әкем тауда тұрады. Тоқсан алты жасқа толған туған күніне Света екеуіміз бардық.

– Әкелген базарлығың қайда?

– Ішпейтін адамға қалжыңдаған жараспайды.

– Солай ма?! Онда қойдым.

– Сені неге бастық жек көреді, Жасжан? – деді, Петр Иванович салған жерден.

– Менен сұрағанша, өзінен неге сұрамайсың? Екеуіңнің ым-жымдарың бір, дос емессіңдер ме?..

– Шын айтасың ба? Ол алпауыт менімен дос болса, кәнеки. Мен оған қуанар едім. Ол мені не қылсын?! Сен одан да маған мынаны айтшы. Бастықты басыңа неге шығарасың? Сенің орныңда мен болсам, бір сөзбен аузын жауып тастар едім. Ішкенің жоқ, жегенің жоқ, одан несіне қорқасың? Өзі тілеп тұрғанда аямау керек еді. Рас, біздер оған сөйлей алмаймыз, батпағына кіргізіп алды.

– Біздерің кім?

– Неге жолда тұрып алғансыңдар? – деп, күле сөйлеп Бердібек қастарына келгенде екеуінің сөздері бөлініп кетті.

Петр Иванович Жасжандай емес, әңгімешіл, айтқан әңгімесінің тігісін келтіріп, жылы лебізімен майдалап сөйлегенде қалай жан дүниенді жаулап алғанын білмей қаласың. Өнемейін ішіп жүргеннен болса да, кім болса сонымен киіп жарып сөйлесе береді. Өзінің баурап алатын ерекше бір қасиеті бар да сияқты. Ол сөйлеген кезде қасынан кете алмай қалатының содан да шығар.

Бердібек қастарына келгенде Петр Иванович қуанып кетті. Ол бірден өзімсіне сөйлеп:

– Таң атқалы Жасжанды қаужайлап шаршадым. Бір-деме ойластыршы, сенсең тамағым кеуіп барады, – деп, қолынан ұстай алды.

– Тап кәзір ол ойыңнан түк шықпайды. Неге десең, жұмыс уақыты әлі біткен жоқ.

– Ендеше, жұмыстан ерте кетіп қалып жүрме! Саған барам! – деді қуанып кеткен Петр Иванович.

Жасжанға да осы керек екен, екеуінің арасынан сытылып шығып, кеңсеге қарай бет бұрды. Бәрібір ол күн ұзақты мазалаған ойдан құтыла алмады. Кабинетіне кіріп орындыққа отыра бергенде Андрей Васильевичтің біреулермен телефонмен сөйлескендегі күркіреген даусы нақ құлағының түбінен шығып жатқандай естіді. Сол мезетте оған деген ызасы қозып кетті. Кеудесі шоқ түскендей қыз-қыз қайнады. Бұдан әрі бұлай жұмыс істеу мүмкін емесін сезіп, өзін-өзі ұстай алмай кеткені сонша, есігі ашық қалған директордың кабинетіне қалай барғанын білмей қалды. Абырой болғанда бір өзі екен. Алдындағы қағазынан басын көтеріп, Жасжанды көргенде, оны елемегендей, қағазына қайта шұқшиды. Бұл оған кеудесінен кері итергендей әсер етті ме, екпіндеп келгендегі еңбегі еш кеткендей еңсесі түсіп кетті. Бөлменің ортасында ашу қысып булыққаннан сөйлей алмай, қақшиды да қалды. Бар болғаны үлкен көздері Андрей Васильевичке суық қадалып, сәл қимылдаса тарпа бас салатындай кейіп танытты. Сәлден кейін қақ ортада сілейіп тұрғанын ерсі көргендей, қарсы алдындағы отырғышқа барып отырды.

Андрей Васильевич жасқаншақтанғандай бүгешіктеп, басын көтерместен, оны елемегендей отыра берді. Көпшіліктің ортасында желкесін күжірейтіп айбаттанғаны болмаса, Жасжанға оңашада ешқашан қарсы келіп ұрысқан емес. Істеген ісінен қысылып тайсақтана ма, кім білсін. Даусы да жұмсарып шығады. Қазір де міз бақпай, алдындағы қағазынан көз алар емес. Таңертеңгі оған деген қаһардың бірі жоқ.

– Андрей Васильевич, бүгінгі сөзің маған қатты батты! – деп Жасжан сабырмен сөзін бастады. – Сөйлеген сөзіңіздің егжей-тегжейін түгелдей айтудың қажеті жоқ шығар деп ойлаймын. Өйткені не сөйлегеніңізді

өзіңіз білесіз. Осы күнге дейін сізбен қарсы сөзге келмеген себебім, жасыңызды сыйлап, көпшіліктің алдында абыройыңызды түсіргім келмеді. Бірақ оны білетін емессіз. Мен үндемеген сайын басынып бара жатқан сияқтысыз. Тым еркінсіп, өзіңізге есеп беруден қалғаныңыз байқалады. Айналаңызға жақын туыстарыңызды жинап, берік қамал орнатып алғаныңызды білем. Оқыған біліміңіз болмаса да, партияның арқасында директордың жұмсақ креслосында жиырма бес жыл отырғаныңызды да білем. Маған шектен тыс тиіскеніңізге қарағанда, мекеме үкіметтікі екенін естен шығарып алғансыз-ау деймін. Ойыңызға не келсе соны істеп, әбден жаман үйреніп алғанға ұқсайсыз. Мені жолыма кедергі болады деп ойлайсыз. Маған жұмыс істеткізбей жүргеніңіз соның кесірі. Қалай болғанда да сізбен сөз таластырмаймын, жас басыма келіспейді. Бұдан былай, атыңызға түсініктеме жазып, көшірмесін өзіме қалдырып, тіркетіп беріп отырғаным дұрыс болар. Бұл сізге сабақ болары сөзсіз. Басқа айтарым жоқ! – деп, орнынан тұрып шығып кетті. Андрей Васильевич «сенімен сөйлескім келмейді» деген адамдай, қыңырланып, басын көтерместен, үнсіз қала берді.

* * *

Жасжанның басы ауырғаны қоймады. Түн ұйқыдан қалды. Басын көтере алмай, көз алды мұнартып, жұмыста сүйретіліп жүреді. Үйге келсе жастықтан басын көтермейді. Темір жол ауруханасында білгір Неверов деген дәрігер бар, бастың ауырғанын жазады деген соң, бір қойды сойып, сол врачтың үйіне апарып, ауруханаға жатты. Кішкене столдың үстіне үйіп-төгіп қойып кеткен дәрісін он күн ішті. Бірақ басы ауырғанын қоймады. Жанына сүйеніш болады деген Павел Павловичтің күніге келіп қараған аты болмаса, жылы шырай танытып сөйлеспейді де. Білгенін айтып түсірдірмейді де. Аларымды алдым, енді сенің маған керегің жоқ де-

ген адамдай, арақатынасын суық ұстап, үн-түнсіз тайып тұрады. Әсіресе түндегі ұйқы жанын азапқа салды. Бір жатып, бір тұрып, бөлменің ішінде сенделіп жүреді. Басына небір ойлар кіріп-шығып, таңды атқызады.

Бірде қоңыр күзде шақырайған күннің сәулесі түскен қарсы төсекке өзі қатарлас жас жігіт келіп жайғасты. Ұзын бойлы, өңі сарғыш келген, күлімсіреп қараған қой көзінде жылылық барын аңғарған Жасжан онымен бірден танысып та үлгерді. Аты Жасаған екен.

– Қай жерің ауырады? – деп сұрады Жасжан одан.

– Белімнің шойырмасы бар. Қит етсе ауырады. Жыл сайын ауруханаға бір жатып шығам. Блокада алғасын біраз уақытқа дейін ауырғаны басылады.

– Ауырма, ауырғасын солай бола ма деймін.

– Жатқаныңа көп болды ма?

– Бүгін он күн болды.

– Берген емі қонды ма?

– Берген дәрісінің қайда кетіп жатқанын білмеймін. Ішуден кенде емеспін. Бірақ басым ауырған күйінде, түк өзгеріс жоқ. Түнімен дөңбекшіп, ұйқы көрмеймін.

– Онда мен саған бастың ауруы жайында әңгіме айттып берейін, тыңда, – деді Жасаған. Белін алақанымен сипалап алып, кереуетіне жайғасып жатты. – Менің шешемнің басы он жыл бойы ауырды. Менен үлкен қызы бар еді, дәрігердің оқуын бітіріп, аспирантураға түсті, одан ғылым кандидаты атағын алды. Ондайлардың кеудесіне нан пісіп кететін желі бола ма? Демде көкірек бітіп шыға келді. Өзім білемге салып, ауылдағы үлкендердің де, жақын туыстардың да айтқан ақылдарын тыңдамай, шешемді Москва, Ленинградқа апарды. Сол жердегі менмін деген көрнекті дәрігерлерге көрсетті. Олардан да ешқандай нәтиже болмады. Соңында Алматыдағы ЦК-ның ауруханасына жатқызып қаратты. Бұл жерде де ешқандай ем қонбады. Содан не керек, өзіміздің ауылдан жиырма километр қашықта «Мичурин» деген совхозда тұратын, ұлты азербайжан емші

әжені естіп барды. Салған жерден қолының тамырын ұстады. Ішіне қойған ағаш тостағанды алып жатқанда «Бүгін ұйықтайсың, басыңның ауырғаны да қояды. Жетісіне бір рет, үш ай бойы келіп тұрасың» деген. Сол күні айтқанындай басының ауырғаны қойып, тыныш ұйықтады. Сен, сенбе, шешем сол әжеден жазылды. Бір жыл болды басының ауырғаны қойып кеткеніне, – деді Жасаған.

Сосын іле-шала:

– Ертегі тыңдағандай болған шығарсың? Шыныңды айтшы? – деді көңіл күйі демде өзгере қалғанын байқап қалған Жасаған Жасжаннан.

– Таңданатындай екен!

Бұндайды бұрын естімеген Жасжанға Жасағанның әңгімесі бала күніндегі ертегі тыңдағанындай әсер еткені рас еді. Бір ауық көңілі көтеріліп, басының ауырғанын да ұмытып, жеңілденіп қалғандай сезінді.

Түнімен ұйықтай алмаған Жасжанды Жасаған ішінен қатты аяды. Әлі үйленбей жүрген бойдақ жігіттің әу бастан ауруға ұшырағаны оның да жанына батқан сияқты.

– Дәрігердің көмегі болмаса, бұл жерде босқа жатып не керек?! Кешегі айтқан емші әжеге бар. Ол саған дәрі беріп, денеңді уламайды. Көмегі тиер, соған бар, – деп қолқа салғаны себеп болды ма, дәрігердің берген қағазын тағы бір жетіге создырды да, Жасжан келесі күні ауруханадан шықты.

* * *

Жасағанның «көмегі тиер» деген сөзі құлағынан кетпей қойды. Көңілі алаңдады. Ұйқысыз таңды атқызып, үйге сыймай үш күн жүрді. Ұйқыдан көзі удай ашып, басы мең-зең болып жолға шықты. Автобуска отырып, жетпіс шақырым жол жүріп, «Мичурин» совхозына келді. Шағын ауыл екен. Бұрын көрмеген адамға бажырайып қарсы алатын әдеттеріне үйрен-

беген жігіт емші әжені сұрауға ұялып, көшеде сенделіп біраз жүрді. Бетінен оты шығып ұялғаннан қайта кетіп қалғысы келді. Қарсы келе жатқан мектеп жасындағы баланы көргенде Жасжан қуанып кетті.

– Атың кім?

Бала ұялып бірден жауап бере қоймады.

Жасжан айналасына қарап, ешкім жоғын көргенде барып:

– Емші әженің қайда тұратынын білесің бе?

Төмен қарап тұрған бала басын көтеріп, саусағымен екі үйден кейінгі, шартағы сынып жатқан тоқал ескі үйді көрсетті.

– Рахмет! Сен маған жақсы көмек еттің. – Баланың маңдайындағы кекілінен сипады да, тоқал үйге қарай жүрді.

Ауыл іші тып-тыныш. Үрген иттің даусы естілмейді. Әр үйдің есігінің алдында ағаш өскен, ауласында құдықтары бар. Емші әженің айра-жара боп, шашылып жатқан ауласын көрген Жасжан жалғыз өзі тұратын шығар деп ішінен жорамалдады. Сыртқы есіктен кіре бергенде жүрексінгендей тамағын қырнап жөтелген болды. Қарсы алдындағы кішкене есіктің тұтқасынан ұстай бергенде-ақ, әлі кетіп қажыған адамның қырылдаған даусындай шиқылдап ашылды. Осы кезде қолайсыз жағдайға тап болғандай, жүрегі дүрс-дүрс соқты. Сыз исі мұңкіген, қуықтай бөлменің ішіне кірді. Кішкене терезеден түскен жарық жоқтың қасы. Табалдырықтан аттаған Жасжан қараңғы жерге келгендей, жыпылық қағып көзін үйретті. Сәлден соң қара көлеңкеге көзі үйренді. Оң жақтағы пештің түбінде жаулығы ағарып жатқан әжені көзі шалып, дыбыс шығарды.

– Бұл кім, әй?! – Үлкен адамның жіңішке үні шықты.

Жасжан жатқан адамға сәлем беріп:

– Қаладан келдім, емші әжеге... – деді.

Сонда ғана жатқан адам ширақ қимылдап, орнынан тез тұрды.

– Уһ! Жаңа ғана келіп жата қойып едім. Көзім ілініп кетіпті. Үйге кіргеніңді де білген жоқпын. Бұл кәрілікті қойсайшы. Иә, балам, айта бер шаруаңды.

– Ауруханада жатқан бір жігіттен сіздің емдейтінізді естіп едім. Сол адамнан мекен-жайыңызды алдым. Басым ауырады, ұйқы жоқ. Дәрігерден көмек болмады.

Әжені енді анық көрді. Жасы сексеннен асқан деп түйді. «Сырлы аяқтың сыны кетсе де, сыны кетпейді» дегендей, кезінде келбетті болғаны көрініп тұр. Кеудесі әлі тік, қара торы өңін әжім торлаған, жас күнінде денелі болғаны байқалады. Үстіндегі қоңыр шыт көйлегінің етегі жерге сәл жетпейді. Оны көргенде «сүрініп кетпей қалай жүреді?» деп таңданды.

Тұрған жеріне қайта отырып жатқан емші әже Жасжанға:

– Мына жерге отыр, – деп, қасынан орын көрсетті.

Жасжан отырып болған соң, қолын алып, білегінің тамырын ұстады. Сәлден кейін:

– Әлсіздік бар. Жүйке тамырыңның шаршайтыны содан. Бүгін ұйықтайсың. Үш айдай келіп ем ал. Ештеңе етпейді, жазыласың, – деді бар айтқаны.

Жасжанның емшіге барған еңбегі зая кетпепті. Айтқанындай-ақ, түнде ұйықтады. Болған жайға сенерін де, сенбесін де білмей, таң қалды. Бұрын емшіні естімеген еді. Дәрісіз, түксіз қалай сауыққанына түсінбей, жұмбақтың сырын ашпаққа құмартты. Әуре-сарсаңға қалып, ой күрмеуіне шырмалды. Ақыр соңында кішкентай күнінде естіген ертегісіне ұқсатып тынышталды. Емші әжеге қатарынан үш күн барып жұмысқа шықты. Ол ауруынан құлан-таза айықса да, жаңа жылдың аяғына дейін әр жексенбі сайын барып жүрді. Соңғы барғанында мамыр айының ішінде: желсіз, бұлтсыз ашық күні келерсің деген сөзін ұмытып қалмайын деп, ойына сақтаған күйі мамырда тағы барды. Пышақтың жүзімен қақ маңдайының ортасын тіліп, біраз қан ағызды да, жерде жатқан сиырдың жапасын жағып, мәрлімен орап байлап жіберді.

Жасжан жұмысқа шыққан бірінші күні таңертеңгісін ерте келді. Асықпай түнгі кезекшіліктегілермен жолығып әңгімелесті. Ең соңында ұн цехын аралап, жоғарғы қабаттан түсіп келе жатқанда Федор Тимофеевич оған салған жерден шағымын айта бастады.

– Демалатын бөлменің іші көк түтін, түк көрінбейді. Ауа жоқ. Түнде ішкен шынылар еденде домалап жатыр. Қашан тәртіп болады? – Таудай ренішін бітіре алмайтындай, асығып қайта сөйледі: – Қаптың аузын тігетін машинаның инесі сынып, біраз әуреге түсіпті. Түнде істеген бригадир Айша апа пысық қой. Сонда да цех тоқтамай жұмыс істеген. Енді бүгін ине іздеу керек. Болмашы затты іздеп-ақ шаршайсың. – Айтып болғанда, жаны жай тапқандай күрсінді.

Иван Ивановичтің келгенін екеуі де байқамады. Ол бірден Федор Тимофеевичке жарқылдай күліп:

– Қашан шықтың?

– Менің қашан шыққанымда шаруаң не? – Иван Ивановичтің сұрағын ұнатпағандай, үні өзгеріп, жазық маңдайының терісі жиырыла қалды.

Иван Иванович оның сөзіне мән берген жоқ. Қайта ерегескендей, мысқылды күлкісі аққұба жүзіне ойнап шыға келді.

– Жумайсың ба?

– Бұл сөзіңді қалай түсінуге болады? – Жақтырмағаны тыжырынған қыршаңқы даусынан байқалады.

– Не жайлы айтып тұрғандарыңды түсінбедім, – деп, екеуінің сөзін Жасжан бөліп жіберді.

– Сауықтыратын жерге түсіп қалып едім. Сол ғой, жумайсың ба деп тұрғаны. Арақ ішпейтіндей бұл да күле қалыпты.

– Ойнап айтам, соған да ренжи ме екен?..

– Онда тұрған не бар?! Кемшілік жүре келе түзеледі емес пе? – деді Жасжан екеуінің көңілін қалдырғысы келмегендей.

– Маған күлгенше, қарамағыңдағы адамдарыңа қарамайсың ба? Қарап жүрмей біреудің обалына қалдың.

Қақпадан шығармаса ғой, оған ешнәрсе де болмас еді. Енді не болды? Одан да Генаның жағдайын айтпайсың ба? Мені келеке етіп күлгенше. Бейшараға жаным ашиды. Мектепте бірге оқыдық, ешкімге зияны жоқ. Өзі қойдан жуас. Кім болса соның айдауына жүре береді. Ақыры түбіне жетіп тынды.

– Генаға не болды?

– Ұрлық қой, басқа не болсын. Милицияда жатқан көрінеді, – Иван Ивановичке кішірек көк көзімен шүйліге қараған Федор Тимофеевич.

– Уақыт болып қалыпты. Енді болмағанда кешігеді екенбіз, – деп, Иван Иванович қайдан айттымға қалғандай үн-түнсіз алға түсті.

* * *

Федор Тимофеевич айтқандай, Гена өте қарапайым адам. Бірдеме айтсаң аузын ашып, ыржиып күліп тыңдайтын. Сонан соң ақсаңдап басып жүре береді. Жаңа директордың кабинетінен Жасжан Генаның дембелше келген толық әйелінің даусын естіді.

– Кінәлі ол емес, сендерсіңдер, білдіңдер ме?! Ешкімнің көңілін қалдырмайтын, бала мінез, ақкөңіл екенін біліп алғасын ұрлық істеткізіп қойдыңдар. Енді сұдан да таза болып отырыстарын көрдің бе. Шығарып аласыңдар, алмасаңдар, онда менен жақсылық күтпе, білдің бе? Онымен бірге сендер де кетесіңдер! – деді.

Сол кезде ашулы әйелдің жылаған даусымен бірге есік те жабылды. Жасжан кабинетінде бір өзі отырған. «Кінәлі» деген сөзді естіген кезде ішінде өзі де кеткендей болып, біреу жүрегіне ине сұғып алғандай шошып кетті. Бәле жапса, аяқ астынан отқа түсіп кетуі мүмкін екенін енді сезді. Әлі де әйелдің даусы құлағының түбінен шығып тұрғандай, мазасы қашқаннан не істерін білмей, стол үстіндегі жатқан қағаздарын жинастырып, шкафтың ішіне қойды. Бір ауық жанының тыныштығын іздегендей Генаны көз алдына әкелді. Денесі толық кел-

ген, орта бойлы, жас жамасы қырықты өңгерген, қоңқақ мұрынды, қой көзді, астыңғы ерні түсіңкі, жай сөйлейтін күнәсіз адамның тағдырына аяныш білдірді. Біреуге машинасымен қолқабысын тигізіп көмек етсе, жұрттан ақша алмайтынын талай естіген. Оның тағы бір жақсы қасиеті – жұмыс уақытында зорласаң да арақ ішпейді. Адамға пайдасы болмаса, зияны жоқ екенін өткенде түсініктеме жаз дегенде байқаған. «Менің жұмысым – қоймашы не айтса соны орындау, қайда жұмсаса сонда барам» деп ісіне адалдығын білдірген. Онда әлденеге қобалжып, сезіктену деген болған жоқ. Арамдығы жоқ, жаны таза екенін сонда аңғарды. Тәліптің қайда жібергенін жасырмастан тап-тұйнақтай етіп жазып берген еді. Қайда да осындайлардың жолы болмайтынына түсінбейді. Оны аяғаны соншалық, арашалап, шығарып ала алмайтын дәрменсіздігіне өкінді. Артынан Генаға ұрлық істеткізіп қойған арсыздарға зығырданы қайнады. «Осыдан кейін солар қалай жұрттың бетіне қарайды?! Арамдықпен өмір кешіп, арларын тонатқан қандай адамдар?! Әлде олардың басқалардан жаратылысы бөлек пе? Біреудің обалына қалып, үйлерінде қалай тыныш жата алады? Жұмсап пайдаланғанда жақсы, жолын тауып неге шығармайды?» деп сан түрлі ойға қалды. Жасжан әлсіз адамдардың жан тазалығына сүйсініп, бұрыннан байқап жүретін. Адам біткендердің ар-намыстары осылардай болып неге жаратылмаған деп ойлайтын. Өмірдің талай қиыншылығын басынан өткізген бұндайлар өнемейін еңсесі түсіп, бұйығы жүргенмен, ойын-күлкіге әуесқой емес. Ертеңгі күнін ойлап дағдыланып кеткен. Өзімен бір группада Адырбек деген жігіт оқыды. Ол да қой аузынан шөп алмайтын момын болатын. Мінезінің ашықтығы болмаса, Генаға ұқсайтын. Қарапайым, кеңпейілділігінде кем жоқ. Ішкі сырын жасырмай, ой бөліскенді ұнататын. Ауылында орыс болмаған. Поезды мектеп бітіргенде көрген. Қаланың қабат-қабат үйлері қалай құлап кетпей тұрғанын тамашалап, таңғалғаны бар. Тақтайдай

теп-тегіс көсілген асфальт көшеге де таңырқаған. Әуелгі кезде жатқан жатақханасын таппай адасып, бір-біріне ұқсас үйлердің арасынан шыға алмай сандалып жүрді. Институтқа түскесін орыс тілін білмей әбден қиналды. Қазақтың тілі пайдаға аспай қалғанына бастапқыда намыстанып, «Бірінші өз ұлтымызды ардақ тұтудың орнына басқа ұлтты ардақтағанымызды қалай түсінеміз, жерімізде жүріп, неге қазақша оқи алмаймыз?» деп шағымын айтатын еді Жасжанға. Әуелгі кезде тілінің керексіз, аяқ асты қалғанына намыстанып, оқығысы келмей жүрді. «Орыс тілін керек етсек, Абай атамыз айтқандай: «Өнерді үйрен де жирен» деп, былайша да үйреніп алар едік қой» дейтін. Не керек, ақыры көніп, оқыған сабағын түсінбесе де жаттап алатын. Аузы-аузына жұқпай айтып тұрған жерінде мұғалім сөзін бөліп сұрақ қойғанда, білгенін жеткізіп айта алмай күйініп, жылаған күндері де болған. Орыс тілін білмегенін қатарларының арасында мазақтағандары да кездесті. Сонда ол «Орыс тілі өз тілім емес қой, оны білмегеннің несі айып?! Өз қазақ тілімді сендерден жақсы білетініме қуанам» деп қайырып тастайтын өжеттігі де бар болатын. Бір группадағы жиырма тоғыз студенттен он бірі бірінші курста оқи алмай шығып кетті. Солардың көбісі орыс тілін білмегеннен оқи алмады. Адырбектей өз тілін ардақ тұтып, намыстанған адамды Жасжан әлі күнге дейін кездестірген емес. Қатарластарының ұлтының тағдырына немқұрайлы қарайтынына қазір де түсінбейді.

«Жұрттың кем-кетігін жоқтайтын сен кімсің? Әуелі өз жағдайыңды жөндеп алсайшы. Сенің де солардан асып тұрған жерің шамалы ғой. Дауыл алдындағы тымық ауадай, Андрей Васильевич те жай жүрмеген шығар. Алданып қалмайтындай етіп ор дайындап жатпасына кім кепіл бола алады?! Қапыда қалып жүрме! Оның есіне түссең, тұла бойын үрей жайлайтынын ұмытпағайсың. О баста сенен секем алғаны айдан анық нәрсе. Әйтпесе сені сүйрелеп бірінші секретарьдың алдына апарар ма еді?! Өзіне төнер бір нәрсені сезіп

жүр. «Суға кеткен тал қармайды» деген содан қалған. Кім-кім де әлі келмегеніне қарамай жауымен алысып қалмай ма? Ол да сол сияқты, жанталасып жатыр. Ендігі құрған торы мықты болатыны белгілі, аянбай бар күшін жұмсауға тырысады. Дегенмен байқап жүр, бір жерден аяғыңды шалыс бассаң, одан оңай құтыла алмайсың. Оған керегі сол. Іліктен шілік шығарып, қуана жармасары сөзсіз».

Қалтарыстан жарыса шыққан ойға қалай беріліп кеткенін байқамай қалған Жасжан телефон шылдырлағанда барып есін жинап алды.

– Сізге келіп тұр. Кірсін бе? – Ар жақтан шыққан Оксананың даусы.

* * *

Генаны шығармады. Тәліп болса, күніге тергеушінің алдына отырып қайтады. Бұрыннан көп сөйлемейтін мінезі ауыр еді. Жанына батқан уайым қойсын ба, басы салбырап, ұнжырғасы түсіп кеткен. Бір ай өткенде барып, қоймадағы астықты комиссиямен өлшеп, қойма меңгерушісінің көмекшісі Еркінге өткізсін деп директор бұйрық шығарды. Астықты өлшеп, қабылдағанда қатысатын комиссия мүшелерін бекітті. Машинаға тиеген астықты таразыға өлшегеннен кейін бос қоймаға апарып түсіреді. Жұмыстың аяғында қойманың есігін комиссия мүшелері қол қойып, құлыппен жабады. Бір жағынан вагонға да тиеп жатты. Бұл уақытта далада жатқан астықты түгелдей вагонға артып үлгерген болатын. Соның өзінде алпыс мың тонна қоймада жатқан. Еркін қоймадағы бар астықты Тәліптен май айының аяғында қабылдап алды.

* * *

Жаз айының алғашқы жаймашуақ күндері болатын. Ыстық күндер әлі алда еді. Бұл кезде арқаны кеңге салып жайбарақат жүруге болады. Комбинат жылдық

жоспарын орындап, енді жаңадан түсетін астықты қабылдауға дайындалып жатыр. Егін орағы басталғанға дейін техниканың кем-кетігін қарап майлайды. Істен шығып бүлінген техникаларды жөндейді. Облыстың орталық қоймасынан жетіспейтін техниканың бөлшектерін әкеледі. Цехтың және қойманың ішін тұрып қалған астықтың шаңынан тазартып, құртына қарсы газбен дезинфекция жасайды. Мұның бәрі сырт көзге жеңіл көрінгенмен, ұсақ-түйек жұмыстың айқай-шуы көп. Бұндай уақытта жаңа науқанға дайындықтың қалай жүріп жатқанын көруге министрліктен, облыстың астық өнімдер бөлімінен кезек-кезек келіп, тексеріп тыным бермейді. Кейде тілшілер де келіп репортаж жасайды.

Ойламаған жерде кәсіподақ жиналысы болады деп, Оксана жұмыс істеп жатқан жерлердің бәріне сағат үште хабарлады. Қысылтаяңда шақырған неғылған жиналыс деп іштерінен күңкілдесе де, жұмыс аяғында залдың іші толып кетті.

Жиналыс басталып болмады. Жұмыстан кейін өз шаруаларына асыққан адамдардың күңкіл сөздері көбейді. Соңынан келгендер отыратын орын таппай есік алдында тұр. Елена Васильевна қасы-көзін көгертіп, қабағын керіп, беті қызыл матамен жабылған столдың үстіне графин мен стақан әкеліп, енді бірде гүлі бар графинді қойды. Өзі бар өнерін салып боянып алған. Ерекше әсерленіп кеткен. Екі беті алмадай қызарып, қаймақтай жұқа еріндері шиедей қып-қызыл, тамағы үлбіреген аппақ, пісте мұрнының танауы қусырылып, үстіндегі көк жасыл гүлді көйлегі бірде көкшілденіп, бірде жасылданғандай көз тартады. Тек кішкене көкшіл көздері көк жүзіндегі бұлттай, бір орнында тұра алмай, жыпылық қағып, әлденеге сәл демігіп-дегібірсіденіп тыныс алады.

Бір кезде отыра-отыра шыдамы таусылған адамдардың:

– Қашан басталады? – деп шулаған дауыстары шықты.

– Жиналысқа басқарма бастығы қатысады. Соны күтіп отырмыз, – Елена Васильевнаның әлденеге қобалжып тұрғандай үнінде діріл бар.

Басқарма бастығы Дәуренов келген бойында жиналыс басталды. Бұ жолғы жиналыстың бір ерекшелігі, президиум мүшелерін сайлаған жоқ. Төрдегі стол басына Елена Васильевна мен Андрей Васильевич және Жақсылық Дәуренов келіп отырды.

Елена Васильевна орнынан тұрып, жиналыста қаралатын мәселе туралы ешнәрсе айтпастан, бірден Андрей Васильевичке сөз берді.

– Бүгінгі кәсіподақ жиналысында өз міндетін дұрыс атқара алмай жүрген Есеновтің мәселесі қаралады. Осы жиналысқа басқарма бастығы Есеновтің қатысқанын жөн көріп, өтініш жасаған едім. Менің сөзімді жерге тастамай, келгеніне алғысымды айтам. Есенов жұмыс істегеннен бері комбинаттың жұмысы оңалмай қойды. Бірде сулы астықты вагонға тиеткізсе, енді бірде құрты бар астықты тиеткізіп, министрлікке дейін шу болғанын білесіңдер. Астықтың сапасымен айналыспайтыны осыдан да көрініп тұр. Менің айтқанымды тыңдамайды. Өз білгенін істейді. Оған жұмысшылар да наразы, бір орнында жұмыс істеткізбей қуа береді деп үстінен арыз айтушылар көп. Қойманың ішінде жатқан қапшықтағы бидайды ол әйелдің алып бара жатқанын көрмей, түк етпей, бәле жапқан. Ол өкпесін айтып, шағымданып келді. Өзі жұмыста жүріп арақ ішеді. Мас болып маза бермеді деп жазған үш адамның қол қойған қағазы да бар. Есенов директордың орынбасары қызметіне сай емес, орнынан алынсын деген ұсыныс қоямын. Ендігі шешімді осы отырған сендер айтыңдар, – деді.

Залдың іші жансыз қалғандай тым-тырыс. Көздерінің қарашықтары ғана қимылдап, жаны барларын білдіргендей жәудіреп, алдарынан көз алмайды. Бұрын болмаған мұндай ауыр сөз кімге ұнасын, бәрі де иықтарына су кеткендей бүрісе қалған. Көңілде-

рі құмға сіңген судай, тұңғыыққа батқан. Есін жаңа жиғандай орнынан сүйретіліп Елена Васильевна тұрды. Есенов жайында, бұрын бір соққы тигені аздай, мынау не айтып тұр дегендей, жіңішке қиғаш қабағының арасына сызық түсіп, кірбің ұялағандай салқындық барын танытады.

– Андрей Васильевичтің не айтқанын бәрің де естідіңдер. Енді осы отырған сендердің пікірлеріңді тыңдайық. Есенов жайында не айтасыңдар? Ол жұмыс істегеннен бері Шубин екеуінің арасындағы түсініспеушілік бітпес дауға айналып барады. Айқаймен іс бітпейді. Екеуінің айқайынан біз де шаршадық па деймін. Көңіліміз бір көтерілмейтін болды. Комбинатта бұрынсоңды болмаған жағдай. Андрей Васильевич бұл мәселені бірінші хатшы Бабиннің алдына да қойған. Комбинаттағы екі басшы тіл табыса алмаса, жұмыс та оңға баспайды. Онсыз да жұмыста кездесетін кемшіліктер жетерлік. Оның үстіне күн сайын техника да өзгеріп, автоматтандырылып жатыр. Соған қарай талап та басқаша қойылатыны белгілі. Жұмыста айқай-шу болғасын берекет бола ма? Ендігі шешім сендерде, әркім өз пікірін айтсын. Кәне кім сөйлейді?

Сол кезде:

– Мен сөйлеймін! – Орта тұстан шыққан дауысқа отырғандар жалт қарасып, ұйқыдан жаңа оянғандай серпіліп қалды. Әр тұстан бұрылып, бір-біріне сыбырлаған дауыстар шықты. Федор Тимофеевич орнынан шұбатылып тұрды. Оның шиқандай қызыл бауырсақ мұрнына көзі түскен әйелдер бірін-бірі түрткілеп, езулерін жия алмай күліп жатыр.

– Мынау ішіп алған ғой. – Біреу әдейі даусын қатырақ шығарып айтты.

– Мен Есенов жолдасты жақсы білем. Сендер не десеңдер, о деңдер. Жас болса да оның қолынан іс келеді. Бір кемшілігі бар, айтайын ба? – Бата алмағандай, мүдіріп барып: – Бәрімізге оның арақ ішпейтіні ұнамайды, – деді де, орнына сылқ етіп отыра кетті.

Отырғандар қыран-топан күлкіге батты да қалды. Мұны күтпеген Дәуреновтің де мәз болғаны сонша, көзінде ойнаған жасын бет орамалымен сүртті.

Андрей Васильевич солбырайған күйі, қолына ұстаған қаламсабын жаңа көргендей шұқылап, күйеу баласының сөзін естімегендей отыра берді. Елена Васильевна столды тықылдатып, күбір-күбір сөйлегендерді, әлі де езулерін жия алмай күлгендерді тыныштыққа шақырды. Осы кезде Степан деген слесарь – жасы отыздан асса да үйленбей жүрген жігіт мінбеге шықты. Жасжан оны да тапа талтүсте бір қапшық ұнды қоймашы әйелдің көзін ала беріп, ұрлап алып бара жатқан жерінен ұстаған.

– Есенов жайында мен де бір-екі ауыз сөз айтқым келеді, – деп бастады. – Есенов өзін бастық екенін көрсеткісі келе ме, үзіліс жасап демалып отырсақ болды, қасымызға жетіп келеді де, «неге жұмыс істемей отырсыңдар?» деп ұрсады. Әркім бір келіп ұрысса, кім болдық? Біздер механикке бағынамыз, істейтін жұмысты беріп, бізден талап ететін сол, соған айтпай ма? – деп орнына барып отырды. Одан кейін қоймада істейтін жұмысшы Жамалбекова Жаңыл сөйледі. Директордың сөзін сөйлеп:

– Комбинатта Жасжаннан бәрі қорқады. Бос айналып істеп тұрған транспортер көрсе, неге тоқтатып отырмайсыңдар деп сөйлеп береді. Жас болып сөзге келмейді. Кемшілікті көргіш-ақ, ременьдерінің жамылғысы жоқ болса да бізге сөйлейді. Оны жүрген слесарьларға айтпай ма? – деді.

– Тағы да сөйлейтіндер бар ма? – деген Елена Васильевнаның сөзін бөліп жіберген Дәуренов:

– Есенов не айтады екен, тыңдайық, – деді, Жасжанға кішкене қой көзімен тесіле қарап.

Жасжан мен Бердібек алдыңғы қатарда отырған. Алғашқыда Андрей Васильевичтің сөйлеген сөзін естігенде, зығырданы қайнап, ішіне шоқ түскендей күйіп кетті. Шыдамы таусылып: «Ойлап тапқан амалын қа-

рай гөр», – деп байқамай күбірлеп еді. Тыныш отыр дегендей Зердібек шынтағынан түртіп қойды. Директордың айтатын үйреншікті сөзі өзіне мәлім. «Не істесеңдер де, өздерің біліңдер» деп кеткісі келіп кетті. Қазір ол бәрінен безіп отыр. Тірілей қорлағанын қарашы деген сөз қотырдай қышытып, миын шағып барады. Сөйлеп жатқандардың бірін де естіп жатқан жоқ. Басы мең-зең. Бетінен оты шығып, қылмыс жасағаннан да әрі, жүзі тайсақтап, айналасына қарай алмай, басы төмен түсіп кеткен. Қанын ішіне тартып алғандай, қараторы өңінің сұры қашқан. Келгеннен бері үнсіз отырған басқарма бастығының даусы құлағына жеткенде елең етті. Іле Елена Васильевна:

– Есенов жолдас, сізге сөз беріледі. Айтатыныңыз бар ма?

Жасжан мінбеге барғанда, «не айтар екен?» дегендей отырғандардың көздері өзіне тесіле қарап қалғанын сезді. Бірақ ол сасқан жоқ. Оның ар мен намысты қолға алғаны жігерлене шыққан даусынан бірден байқалды. Өр кеудесі шамалыға илігетін емес. Ешнәрсе болмағандай, ешнәрсе естімегендей, шыңдалған болаттай айбарлы үні шыққан кезде залдың ішіндегілерге жан кіргендей, еңсесін көтере бастаған қимыл-қозғалыстары біліне бастады.

– Сендердің алдарында адам өлтіргеннен де әрі болып тұрғанымды білсеңдер, бүйтіп адам тағдырымен ойнамаған болар едіңдер. Себебі не бүлдіргенімді әлі де білмеймін. Мен адал жұмыс істегенім үшін жазықты сияқтымын. Комбинатқа мен келгеннен бері өз көлеңкесінен қорқып жүрген Андрей Васильевич болмаса, менің арым таза, өзіме тиісті жұмысты беріле істеп жүргенімді осы отырғандар біледі. Бір жыл істемей жатып, мені бірінші хатшының алдына, қасына атқосшыларын ертіп алып барды. Ол кісі директордың жазған түсініктемесін өзіне оқытқызып, менің сөзімді тыңдағаннан кейін әрі қарай талқыламай, «не болса сонымен маған келмеңдер» деп қайтарып жіберген. Одан ешнәрсе

шығара алмағаннан кейін тағы да шабуылға шығыпты. Мен өзімді-өзім дәріптегім келмейді. Басқа айтарым жоқ, – деді.

– Тағы кім сөйлейді?.. Онда жарыссөзді тоқтатып, дауысқа саламыз. Есенов жұмыстан шықсын дегендер қол көтеріңдер.

Елена Васильевнанын өзі бірінші қол көтерді. Басқалар да біріне-бірі қарап, қолдарын көтере бастады.

– Көпшіліктің шешімімен Есенов...

Осы кезде оқыстан шыққан лаборант Лиза Савеловнаның дауысынан сасып қалған Елена Васильевна қапелімде не болғанын түсіне алмай, айтып жатқан сөзінен жаңылысып, төнірегіне жалтақтай қарады. Андрей Васильевич те жақтырмағандай қабағын шытты. Басқарма бастығы кеудесін көтеріп, Савеловнаға таңырқай қарағандай болды. Жасжан өз басынын қайғысымен шеттеп қалғандай, жұрттын көзіне қарамауға тырысып, не болып, не қойып жатқанымен шаруасы болмай, бар өмірден түңілген адамдай, миын кажаған тұңғиық ойда еді. Савеловнанын еркекке тән жуан даусы оны да ұйқысынан оятқандай сәлт еткізді.

Лиза – үлкен сұр көзді, сәл таңқы мұрын, екі беті нарттай, бұғағы салбыраған елулердегі әйел. Орта бойлы, бетін бар, жүзін бар демей, тік сөйлейтін, бірдеме айтсаң, бақжаңдап, қарсы сөйлеуге құмар. Жасжанның комбинатта жақтырмайтын адамының бірі, орнынан шамалыда қозғала қоймайтын, істеген ісі де өнбейтін, денесі ауыр адам.

– Сөйлеуге бола ма? – деп, кешірім өтіңгендей жан-жағына қарап алды. – Менін сөйлейін деген ниетім жоқ еді. Шындығын айтуым керек, арыма араша тұра алмадым. Менің комбинатта лаборант болып жұмыс істегеніме жеті жыл болды. Осы уақытқа дейін Есеновтей адамды көрген емеспін. Жаны таза, адалдығынан басқа, арамдығы жоқ. Жұмысты бар жан-тәнімен істейтініне қайран қаласың. Оның қай уақытта тамақ ішіп, дем алатынын да білмейсің. Күн болсын, түн болсын

жұмыс тоқтап қалған жерде жүргенін көресің. Басқаны айтпағаның өзінде, колхоз бен совхоздан келген астықты қабылдаған кезде үйіне бармай дизель станциясында түнеп жүрді. Бұрын болған директордың орынбасары лабораторияға кірмейтін, бұл болса журналды өзі тексеріп, уақытында температурасы тексерілмей қалған қоймадағы астықты бізбен бірге барып көзімен көреді. Мен оның қайсыбірін айтам. Қоймада жатқан астықтың сапасын бізден артық біледі десем, асырып айттым деп ойламаймын. Шын мәнінде солай.

Жасжанда ес жоқ. Қапелімде түс көргендей, құлазыған кеудеге жылу кірді. Құм болған жігеріне күш енгендей, демде шат көңілге бөленді. Естіген өз құлағына сенбегендей жаны жадырап айналасына қарады. Петр Иванович те көңілденіп көзін қысты. «Мейлі, енді маған бәрібір, жұмыстан шығарса, шығара берсін. Оған қиналып, басымды ауыртпаймын. Өмірде шындық бар екеніне көзім жетті. Маған басқа керек емес. Бұл маған өмірлік азық».

– Осыны жеткізу өзімнің борышым деп санадым, – деп мінбеден түсе бергенде Лавренова орнынан тұрып:

– Маған да сөз берші.

– Бері келіп сөйле, – деген Дәуреновтің майда қоңыр үні көңілді шықты.

– Мен де Лизаның айтқанына қосыламын. – Шураның тым жіңішке даусына Жасжан үйрене алмай-ақ қойған. Орта жастан асқан, қатқан қайыстай сары әйел. Сөзге құмарлығы жоқ. Жұмыстың қыр-сырын жақсы білетіндіктен, мемлекеттік инспекциядан тексеруге келгендердің қастарына осы лаборант әйелді қосып қояды. Жұмыстың кемшілігін білдіртпей жауап бергенде, олардың өздерін жаңылыстырып жібереді.

– Оның сөздері бәріңізге түсінікті шығар деп ойлаймын. Бұрын біздерге күндізден түнде істеген қиын болатын. Есенов келгенге дейін бір қапшық ұнды, болмаса бір қапшық бидайды ұрлап, жұмыстағылар араққа сатып ішетін. Ол уақытта түнде ешкім келіп

тексермейтін. Күзетшілер оларды ұстау түгіл, сөйлеуге қорқады. Содан кейін қандай тәртіп болсын. Арақты ішкен соң кеудесін көтеріп, олардан асқан батыр болмайтыны белгілі нәрсе ғой. Комбинаттың түндегі иесі солар еді. Сенсеңдер де, сенбесеңдер де, сол қазір сап тыйылды. Оған себеп болған Есенов, солардың бәрімен жалғыз өзі күресті. Соның еңбегі, ешкім оған жәрдемдескен жоқ. Жастықтан шығар, қорқуды білмейді. Ұрлық істегендерді ұстады. Ұрлағандарын мойындатқызып, түсініктемесін жаздыртты. Былайша айтқанда, үгіт, насихат жұмысын жүргізді десе де болады. Оларды жұмыстан шығарған жоқ. Осы отырғандардың қазір соны неге айтпағандарын білмеймін. Арада оны көре алмайтындар түнде аңдып жүріп ұрғызды. Комбинатта істеген он үш жылдың ішінде Есеновтей адам бұрын болған емес. Жұрттай жаман сөз айтуды білмейді. Біреуге жамандық ойламайды. Бүгінде сиырға дейін арақ ішеді дегендерді естіп жүрміз. Бұл болса арақ ішпейді, темекі тартпайды. Андрей Васильевичтің неге оның қыр соңынан қалмай жүргені, әрине, түсініксіз. Ол жас маманға ұқсамайды. Тәжірибесі мол. Астықтың сапасын жақсы біледі. Лабораторияның журналына дейін тәртіпке келтірді. Енді басқа сөз айтудың қажеті жоқ шығар деп ойлаймын, – деп, Лавренова сөзін аяқтай бергенде, залдың ішіндегілер отырған орындарынан тұра бастады.

Екі лаборант әйелдің сөйлеген сөзін естіген Андрей Васильевичтің қабағы түксиіп, басы салбырап, жер шұқып қалғандай болды. Жасы үлкен адамның мүсәпір халін көргенде Жасжан аяп кетті. Жаңа әзірде өзінің де жағдайы осындай болғанын енді сезді. Сонда мені де іштерінен мүсіркегендер болды ма екен? «Күлме досыңа, келер басыңа» деген осы екен деді ішінен. Шірімейтін жердегі алтындай, шындық та ертелі-кеш бір жерден шығатынына енді көзін жеткізе сенді. Көз алды гүл біткендей жайнады. Өңінде емес, түсінде көріп отырғандай, көңіл шіркін қиял қуалағандай әуе-

леді. Кірпік қағып үлгергенше болмай: қыс қаһарын шашып түтеді, артынан көктем күлімдеп гүлін шашты. Жиналысқа басқарма бастығы Дәуреновтің өзі келіп, көзімен көрді. Ойламаған жерде Есеновтің қандай адам екенін құлағымен естіді. Осыны ой жүйесінен өткізген оның санасы шарықтап кетті.

Адам айтса сенгісіз болған жайды басынан өткізген Жасжан жер биігіне шыққандай сезінді. Көлкіген теңіздің бетіндей кеудесі толқып, өзіне-өзі келе алмай біраз күн жүрді. Алдағы күннің шуағынан нәр алып, бұрынсоңды болып көрмеген асқақ ойлардың сезіміне бой ұрды. Өткен өмірінің сұрғылт көлеңкесі алыстағандай, өзінің көптен күтіп, аңсаған таң нұры жаңа атқандай болды. Келешегінен үмітін үзбей, өмірдің биік асуларына шығатынына кәміл сенді. Қиял құсы самғаған сәт қашанда ыстық емес пе?! Айналасына көз салмай, көңіл тоқтыққа мастанып, пендешілікпен осылай, танауын көкке көтеріп кете берер ме еді. Ұзын дәліздің бойында, көзінің айналасы домбығып жылаған Лизаға қарсы ұшыраспаған болса. Сонда барып шырын сезімді қуанышты сәтті күндері көз алдынан бұлбұлдай ұшты. Оны көрген мезетте ұрлық істеген адамнан бірде кем болмай қысылып кетті. Істеген жақсылығын демде ұмытып бара жатқанына ұялды. «Осының арқасында емес пе, аспандап кеткенің, ол болмағанда кәзір не істер едің?» – құлағына біреу сыбырлағандай састы. Өзінің шама шарқынан тым асып кеткенін енді білгендей есін жиды. Лиза Жасжан үшін азап шекті. Шындықты айтам деп бәлеге қалды. Бұнымен бірге Ларисаның да жағдайы мәз емес. Директор күніге екеуін шақырып алып, ұрысып күн бермейді. Заты әйел емес пе, екі көзінен жас алып, қайда барып шағынарын білмей жүр.

Екеуінің жан жарасы Жасжанға қатты батты. Тыныш өмірлерін бұзғанына іштей қапаланды. Қолынан келер көмегі жоғына ызаланды. Ақыры шыдай алмай:

– Не істеу керек? – деп, бірде лабораторияға кіргенде сұрады.

– Сенің бізге шын жаның ашығанын көріп жүрміз. Соның өзі жетеді. Тірі жанбыз ғой, күресетін жол тапқан сияқтымыз. Бірақ бұл жайында ешкім білмесін, – деп, бөлмеде екеуінен басқа адам болмаса да жан-жағына қарап алған Лиза, – жоғарыға арыз жазып жібердік, соның енді нәтижесін күтеміз. Андрей Васильевичтің комбинатта жұмыс істемеген әйелі үш жыл бойы айлық алып, осы мекемеден пенсияға шықты, – деді сыбырға көшіп. – Кім білген, қалай боларын, сатып алса ақшасы мен тамыр-танысы да жетеді. – Лизаның даусында үміттен гөрі уайым басым. – Өзінен бөтен адам жоқтай, күн беретін емес. Оның басыбайлы құлы сияқтымыз, төбемізден әңгіртаяқ ойнатып, жұмыстан қуам деп қорқытатын баламыз ба? – Лизаның жүйке тамырына қатты әсер етсе керек. Делебесі қозып, екілене сөйледі. – Андрей Васильевичтің кесірінен ауруға ұшырадым. Түнде дәрінің күшімен ұйықтаймын. – Оның беті күлбіреп, іспектеніп кеткенін Жасжан сонда байқады.

Жасжан аяғы ауырып, қала сыртындағы ауруханада бір айға жуық жатты. Осы уақыттың ішінде ойынан Лиза шықпай қойды. Оған өзін борышты санап, оның істеген жақсылығын ойынан шығара алмай, Лиза болмағанда ендігі жұмыс іздеп қаңғып кетер ме едім деп, жанын азаптады. Оның қиналатындай да бар еді. Бұрын аурудың не екенін білмеген, отыздан енді асқан жас келіншектің көз алдында денсаулығынан айрылғаны ауырдың ауыры екен. Ол ойына түскенде түн ұйқысы қашып жататынын қайтерсің. Біреудің обалына қалғанша, жұмыстан қуып жібергені жақсы еді ғой деп күйінеді. Ауруын дәрі уламаса, жаза алмайды, сонда не істеу керек? Тұйыққа тірелгеннен басқа шығатын жол таппайды. Жағдайын білгісі келіп, жұмысқа шыққанша асықты.

Жұмысқа кетіп бара жатқан жолда жылап отырған баланы көрген Жасжан:

– Не болды? – деп қасына барып сұрады. Бала мүшкіл халіне қорланғандай, одан сайын еңіреп қоя берді.

- Біреу ұрды ма?
- Жоқ. Даусы зорға шығып.
- Атың кім?
- Арал.
- Арал, не болды?
- Аяғым ауырады.

Баланы қалдырып кете алмай:

- Онда үйіңе апарайын ба? – деді.

Арал басын изеді. Баланың қолындағы сөмкесін қолына алып, тұруына көмектесті. Арал жылауын сол бойда қойды.

- Міне, жігіт екеніңді көрсеттің. Әкеңнің аты кім?
- Бердібек.

Жасжан ойламаған жерде Бердібектің баласымен танысты.

Есік алдынан немересінің ақсаңдап келе жатқанын көріп қалған Аралдың әжесі алдынан шығып:

– Аяғыңа не болды? – Жаңа ғана шығып кеткен немересін сағынып қалғандай бетінен сүйіп, бауырына басты.

– Аяғым ауырды деп, жолда жылап отыр екен, сіздің немереңіз бе?

– Ия. Жұмыс, жұмыс деп балаға қарамайды. Осы бала аяғым ауырады дегеніне біраз болды. Асқындырып алмаса жарар еді. Мен көрмеген баласың ғой. Атың кім, айналайын?

– Жаңа немереңізден сұрап білдім. Бердібекпен бірге істеймін.

– Иә. «Төбесі шошақ бастық» деген сен екенсің ғой. Сенің де келгеніңе біраз болды-ау.

- Үш жыл болды.

– Әне шақырамыз, міне шақырамыз деп жүргенде, үш жыл да өткен бе? Зымырап өтіп жатқан өмір-ай! Бір шәйнек су бере алмады деген, не сұмдық?! – Өзінен-өзі күбірлеп сөйлеген әженің үні жалынғандай: – Отырып, бір-екі кесе шай іш. – Жасаураған көзін жаулығының ұшымен сүртіп қойды.

Жасжан әжеге анықтап енді қарады. Толық денесінің бет пішімі: томпақ беті мен кішкене қой көзіне дейін Бердібек шешесінен аумай қалған.

– Әже, жұмыстамын ғой. Рахмет! Нан ауыз тиейін.

– Әй, балам-ай, жұмыс қайда қашар дейсің, отыр-сайшы. – Әже кейістік білдірді.

Отырғышқа тізе бүгіп, стол үстіндегі наннан ауыз тиген Жасжан:

– Арал деп немереңіздің атын кім қойған?

– Арал деген біздің рудың атақты биі болған. Болмаса да ұқсап бақсын деп, мен едім атаған балама.

– Жұмысқа кешігіп қалдым. Жақсы, әже, аман болыңыз.

...Жасжан бірден директордың кабинетіне кірді. Төрдегі столда басы қылтиып, жасы елуден асқан, маңдайындағы қыртыстанған әжімі болмаса, кішкене балаға ұқсаған арық кісіні көрді. Үстінде қара костюм, көк көйлектің жағасын қылғындырып көкшіл түсті галстук байлапты. Ол өзінің отыратын орнына барып отыра бергенде, «сен кімсің» дегендей оған состиып, қысық қара көзі жыпылық қағып, әлденеден сескене қалғандай, үрке қарады.

Комбинатта болған өзгерісті Жасжан білмейтін.

Ол ауруханаға жатқан кезде жазған арыздың ақ-қарасын ашып тексеруге екі адам келген. Олар бақылау комитетінен екен, ешкіммен сөйлескен жоқ. Оңаша кабинетте екі демалыс бойы отырып, алдымен арыз иелерімен сөйлесті. Шубиннің ұн цехына жұмысқа қабылданған күні мен жұмыстан шыққан күндерінің аралығындағы ведомстволарды қарап, алған ақшасын есептеп шығарды. Ақыр соңында Андрей Васильевичтің өзімен бір күн отырып сөйлесті. Шубиннің кінәлі екені анықталды. Директордың әйелі жұмыс істеді деп айлық алғаны расталды. Сүйтсе де бұлардың ісін сотқа бермей, Андрей Васильевичті пенсияға шығарды. Әйелінің үш жыл жұмыс істеді деп алған ақшасымен бірге үш жыл алған пенсиясын да мемлекетке қайтартқызды.

Жасжан өзін таныстырып:

– Менің аты-жөнім Есенов Жасжан, – деді.

Сол кезде төрде отырған кішкентай адамның қас-қабағы жиырылып, орнынан жын соққандай атып тұрды:

– Жиырма бес жыл істеген Шубинді құртқанда, оның қасында мен кіммін? – Даусы шіңкілдеп, столдың үстіндегі қара папкасын қолына ұстап, аяғын асыға басып, есіктен шыға жөнелді. Жасжан да орнынан әрең көтеріліп, қапелімде не болғанын түсіне алмай соңынан ере шықты.

Жасжан далаға шығып, қайда жүрерін білмей аңырып қалды. Жаңадан келген директор бар қуанышын өзімен бірге алып кеткендей, қарадан-қарап көңілі құлазыды. Жаңа астықты қабылдайтын науқан таянған шақта жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстарын қарап шығуға да зауқы соқпай, кабинетіне кірді.

Ол оқу бітіріп, жұмыс істегеннен бері қырсық қыр соңынан қалмай келеді. Біреуге қылтанақтай зияны тимесе де, аяқ астынан бәлеге кезігіп, абыройсыздыққа тап болады. Бұлардың бәрі бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, неге өзімен жұмыс істеуге қашатынына түсінбей жүргенде алдынан тағы біреуі кездесті. «Сонда мен не істеуім керек?» деп ойға қамалған күйі орнынан тұрды.

«Әйтсе де сабыр сақтап танысудың орнына, есуас адамдай, өзін мазақ етіп көрсеткені несі? Шоқ басқандай, орнынан ыршып тұра сала, бөлмеден шыға жөнелгендегі мақсаты не? Дегенмен Шубин екеуінің келер күннің атар таңынан көрер көзге сезіктеніп, алдын ала байбалам салғанында ұқсастық бар. Бұл жайдан-жай бола қалған сәйкестік емес. Ол мені үш күн жұмысқа алмай қаңғыртса, келген директор да одан қалысқан жоқ. Салған жерден аузына келген сөзді айтып қарсы алды. Бұлардың мақсат-мүдесі бір, «айлас қатын – мұңдас» дегендей, ойлары бір жерден шығып, сыр ақтарысқандары айдан анық» деп тұжырымдады.

Келген директор – Алексей Иванович Ким, Ленин орденімен марапатталған, ауданның бас агрономы екен. Ол содан қайтып Жасжанмен сөйлескен емес. Таңертеңгі лездемеде директор оның бар-жоғымен ісі жоқтай, оған көңіл аудармайды. Жасжан сөйлесе қабағын шытып, басын төмен иеді. Онымен де қоймай, маңдай терісі жиырылып, күйген терідей тырысып қалады. Бұл да аздай, артына қайырған ұзын шашы көзіне түссе де мән бермегендей, алдына жатқан қағазына шұқшия қалатынын қайтерсін.

Лиза ауруханаға жатып емделіп шықты. Бетінің ісігі қайтып, бұрынғысынан көп тәуір. Сөйлегенде даусы дірілдеп шыққаны болмаса, ұйықтататын дәрі ішуді қойған. Бір жақсысы, Жасжан бұрынғыдай оған жаны ауырмайтын болды. Енді Лизаның жағдайы қайтып оралып өзіне келді. Одан айырмашылығы – дәрі ішпейді. Және де ол құсап көңілі босамайды.

Өмірінде адамға жағымпазданып көрмеген Жасжан жұмыстан шеттеп қалғандай қолайсыз жағдайға тап болды. Енді ол Шубинге зар болғандай, оның орынсыз тиісіп ұрысқаны мынаның қасында анағұрлым тәуір екенін аңғара бастады. Келген директордың қылығы жанына батқаны сонша, сыртынан біреулер өзін мазақтап жүргендей, жұмыста өзінен-өзі қуыстанатынды шығарды. Бірақ өрмекшінің торына шырмалғандай күн кешіп жүргенін ешкімге білдіртпеді.

Ол бірде қайда барса да, басқан жері, барған тауы алдынан шығып, кеудесінен кері итеретініне қалай түсінерін білмей басы қатты. Шубинмен екеуінің арасындағы болған жайларды ешкімге бермей-ақ қойсын деп жүргенде, одан да зорына тап болғанына ішінен күйінді. «Бір өзім тас жарып қайда барам? Не көрсем де, көпшілікпен неге бірге болмаймын?! Алексей Ивановичтің алды-артынан жылмындап шығып, тілі табыссам қайтеді? Соны неғып істемеймін? Одан менің немі кетеді? Көлеңкеме қарап кекірейгенім менің кімге керек?!» деп ойлап та көрді. Бірақ олай істеуге де бол-

майтынын артынан түсінді. Неге десеңіз, адам арына жүгініп өмір сүретінін сонда барып ұқты. Сонан соң елден шыққан алаяқтай әлі бір жерге тұрақтай алмай жүрген тағдырына өкпелеп налыды. «Біреудің ала жібін аттамасам, біреуге жасаған қиянатым болмаса, бұлар менен неге қорқады? Неге қашады? Оларды үркітетіндей не бұлдірдім?» деген сауалдар санасын қажады. Ақырында «Осы мен кімін?» деп өзінен-өзі тарығып, түңілді...

ЕКІНШІ ТАРАУ

Жасжан қараңғы цехтың ішіне кіргенде сыртқа қайтып шығарын да, шықпасын да білмей екіұдай күйде тұрып қалды. Оның цехта алып бара жатқан шаруасы да жоқ еді. Лездемеге барар алдында түнгі кезектің қалай өткенін біліп шығатын күндегі әдеті болатын. Сәлден кейін үлкен кең бөлменің терезеден түскен қара көлеңке сәулесіне көзі үйрене бастады. Алдымен білікті станоктар мен вентиляцияның сорайған ұзын трубаларын көрді. Содан соң терезенің жанында тұрған үш әйелге көзі түсті. «Жөн сұрасып біле кетейін» деп, соларға қарай жүрді. Қастарына келіп қалған Жасжанды олар байқамады.

– Есенсіздер ме?!

Алаңсыз сөйлесіп тұрған әйелдерге тосыннан шыққан дауыс қатты әсер еткені соншалық:

– Көтек! – Жаңыл шошып кетті.

– Мама! – Әсел шыңғырды.

Кеудесін алақанымен басқан Сара үнсіз сілейіп қалған.

Артынан Жасжанды көргенде, үшеуі түк болмағандай жарыса күлді.

– Сіздерге шошитындай ешнәрсе істей қойған жоқ едім. Неден қорықтыңдар?! Басында мені қайдан келдімге қалдырып састырдыңдар, енді күліп мәз болдыңдар. Бұны қалай түсінуге болады?!

– Не болса содан қорқатын жаратылысымыз солай болса, қайтеміз?! Содан шығар әйелдің қырық жаны

бар дейтіні. – Сара қысылып сөзбен жуып-шайған болып ақтағды.

– Құданың құдіреті! – деді Жаңыл тамсанып: – «Кімді айтса, сол келеді» деген, көрдің бе? – Өзінен-өзі қуыстанып, екі әйелге жалтақ-жалтақ қарады.

– Жасжан ағай естісін де, айтсайшы, – деді Әсел әнтек күлімсіреп.

Сол екен:

– Қайным келгеннен бері бір уыс бидайды алуды қойдық деп айтып жатқанымда келіп қалдың. «Ұялған тек тұрмас» деген, соған күлдік.

– Бір уыс бидай?.. – Күтпеген сәтсіз жағдайға тап болған Жасжан кінәсін мойындаған баладай, сөзін аяқтай алмай күмілжіді. Әп-сәтте кеудесіне кір ұялап, бойын күтпеген жайсыздық жайлаған. Сөз саптауларынан айтар ойларын біліп қойғандай, сөздің артын күтпей өзінен-өзі қарадай қысылды.

– Шынында да, көк ала шаңда жүріп, тауыққа жем ала алмай жүрген біздерге қиын болды. – Әсел бір жақ бүйіріне қисайып, төмен қарап сөйледі.

– Сонда үш айда беретін қалдықты азырқанып тұрсыңдар ма? Онда жаздыртып алмайсыңдар ма? – Жасжан олардың сөздерін ауыр алса да сыр білдіргісі келмеген. Және үнсіз қалғаннан гөрі сөйлегенді жөн көрген.

– Шөкімдеп берген қалдық не болады? Ұстаған тауығымызға жетпейді. Ұстамасаң тағы болмайды. Бір айлықпен күнелту қиын. Бұрында жақсы еді. Алып жатсың ба, қойып жатырсың ба, ешкімнің шаруасы болмайтын. Көрсен де көрмеген болып жүре беретін. – Жаңыл болары болды ғой, не де болса айтып қалайын дегендей сөздің ашығына көшіп тиісе сөйледі.

Басына тартқан орамалымен бетін сүртіп тұрған Сара да сөзге араласты.

– Біздердің алғанымыздан комбинат ортайып қалмайды, – деді Жаңылды қостап.

Осы кезде жарық берді. Үйлеріне асыққан әйелдер жұмыс орындарын тазалауға кірісті. Олардың сөзде-

ріне ауыр жүк көтергеннен бетер қиналған Жасжан тұрған орнынан зорға қозғалып, далаға шықты.

«Осылар менің істеген ісімді елемейтіні несі? Бұрын қалдықты жүз килограмнан алса, енді ғой үш жүз килограмнан алады. Сенбі, жексенбі күні істегендеріне үстеме ақша төлемейтін. Бұны да қолға алып, төлеттірді. Осы сияқты жайлар айта берсе жетерлік. Сондағы алған абыройым қайсы?!» Өзіне-өзі өкпелеп күйіпті. Көңіл хошы болмай кабинетіне кіргенде, әлі де өзіне көңілдері толмаған ызалы жандардың қиядан көрінген жанарлары көз алдына елестеді. «Солар бұрынғы директормен ере кетпей, жұмыстарын істеп жүр. Бір таңғаларлығы, ойларына түк кірмейді. Біреуге қиянат жасағандарына өкінбейді де. Ары таза адамдардай аяғын марғау басады. Ең болмаса, бізден білместік болды деп, қысылып-қымтырылмайтын неткен безбүйрек десеңші! Қайта көргенде беттері бүлк етпей бедірейіп, бір-бірімен уәделесіп алғандай, комбинатты одан қызғанатындай жатырқай қарап, жақтырмайтынын бет әлпеттерінен байқатып тырысатынын қайтерсің».

* * *

Жасжанға құрты бар астықты вагонға тиеп сөгіс алғаны (содан бері қанша уақыт өтсе де) есінен шықпай жүргені себеп болды ма, лездемені жүргізіп отырған Алексей Иванович қоймадағы қызып жатқан бидайды елеусіз қалдырып, жұмысшыларды орын-орнына бөлігіп бола бергенде:

– Вагондағы төрт адамның екеуін қоймадағы қызып жатқан бидайға жібер, – деді Еркінге.

Сол кезде:

– Бірде жұмысшыны орнынан қозғама! – деген Алексей Ивановичтің зілді даусы шықты.

Жасжан шыдамай, орнынан ұшып тұрды:

– Қызып жатқан бидайдың айдан асқанын білесіз. Тез шара қолданбаса болмайды. Өзірге таза, құрты

жоқ. Желдетіп алсақ біраз уақыт жатады. Ал астыққа құрт түссе, бір жұмысты екі жұмыс етіп, қол күші жетпеген сонда болады. Онда сепаратордан өткізіп тазартамыз. Ол бір жағынан көп уақыт алса, екінші жағынан бидайды құртқа жегізіп, сапасын төмендетіп аламыз. Вагонға екі адамнан артық керек емес. Қоймадағы астықтың ортасы алынбаған. Төменгі галереяның тесігіне бидай лентаға өзі түседі, – деді.

Еркін жас болса да ұстамды болатын, қайсысы жеңер екен дегендей, екі жаққа жалтақтай қарап, үн қатқан жоқ.

Алексей Иванович қарсы сөйлеуге шамасы келмеген адамдай, басы төмен салбырап, кінәсін мойындаған баладай отыр. Жасжанның жүдеу көңіліне өң кірді. Бұл оның жаңадан келген директорға қарсы сөйлеп, жеңіске жеткен бірінші жетістігі болатын.

* * *

Аспан көк жалтыр. Түні бойы желсіз тымық ауада тынымсыз, үнсіз жапалақтаған қою қара бұлттар тараған. Ұлпа қар жер бетін тегіс жауыпты. Көзге түскен қарайғанның бәрін жапқан. Жиектен күн көтеріліп қалған. Айнала күнге шағылысып жалт-жұлт етеді. Жаңа жауған қар үстінде адамдардың басқан іздері сайрап көрінеді. Темір жолдың бойынан жүріп өткен тепловоздың кішкене гудогі естіледі.

Бұл кезде Петр Иванович отыратын қуықтай бөлменің ішінде Иван Иванович пен Федор Тимофеевич бас қосып отыр еді. Петр Иванович қолдан істеген кішкентай шағын сейфті ашып, екі стақанды төрт бұрышты кішкене темір столдың үстіне қоя бергенде, үш жұлдызы бар бөтелкені Федор Тимофеевич те суырды қалтасынан.

– Осыны қоя тұрсақ қайтеді, – деді Иван Иванович қабағын кіржитіп.

– Жаңа өзің емес пе, осында ішейік деген? – Федор Тимофеевич шалбарының қалтасынан стақан алды. –

Енді кеш, – деді, алақанын ысқылап. Поезд жүріп кетті. Көзі жайнап, ашқан бөтелкенің тығынын жерге түсіріп алды.

– Біреу келіп қалса қайтеміз? – Иван Иванович айтарын айтса да, көзі бөтелкені де қимайтын сияқты.

– Сол ма күдігің? Оның жарасы жеңіл, – Петр Иванович орнынан тұрып, сыртқы есікті ішінен кілттеді.

– Не үшін ішеміз? – деді Иван Ивановичке қарап.

– Неге маған қарайсың, жасы үлкен Петр Ивановичке айтпайсың ба?

– Солай ма? Кәне, Петр Иванович, тез бірдеме айтшы, шыдамым жетер емес. Басым сынып ауырып тұр.

– Денсаулық үшін! Денсаулық болса, бәрі болады.

Сол екен, стақанға бір тамшы қалдырмай қағып салған Иван Иванович столға жайылған газеттің үстінен тіске басар ешнәрсе таппай, созған қолының саусағын жыбырлатты.

– Тіске басатын... – Даусы қатты шығып, Федор Тимофеевичке кішкене көкшіл көзі тесірейіп, суық қарады.

– Сені жын ұрған шығар. Коньяк алғаным аздай, менен ұялмай тамақ сұрайсың. Қандай адамсың!?

– Аш қарынға ішіп, мені өле алмай жүр деп пе едің? Осыдан тап болған ішімде жара барын білесің. Тфу! – Ашуға сыймай бұрқылдаған күйінде, жүре сөйлеп сыртқы есікті кілтпен ашып шығып кетті.

Федор Тимофеевич оның жоғын пайдаланып, іштегі қайнаған кегін шығарып табалады:

– Нағыз псих, жүйкесі тозған. Аяқ астынан кілтипан таппаса жүре алмайды. Әдет болып кеткен.

– Әшейінде ғой, ауыз жаласып жүресіңдер. Арақ ішкенде екеуіңе кең жер тар болып, сыймай қаласыңдар. Неге олай? Түсінбеймін. – Петр Иванович басын шайқап күлді.

– Оның несін түсінбейтіні бар? Баласы жоқ адам кінәмшіл болады. Ойын-күлкі бар көңілді жерде оның сіркесі су көтермейді. Әр нәрсе ойына түсе ме, қит етсе ашуланады. Сүйтіп жүріп арамның арамы. Мен оған

жасы үлкен деп сөйлемеймін. Осыным ұнап қалса керек, кейде ішіп алса маза бермейді. Әйтпесе жақсы. Адамға жамандық ойламайды.

– Әйелің ше? Жарата ма?

– Апасының күйеуі болса, жаратпағанда қайда барады?!

– Жоқ, оны айтпаймын. Әйелің ішкенінді жарата ма?

– Өзің ойлашы. Қай әйел ішкенді жаратады? Петр Иванович, мені көп қаужалап кеткен жоқсың ба? Шыныңды айтшы.

– Оның несі жаман. Адам бір-бірімен сөйлесіп, түсініспей ме?

– Айтқаның дұрыс қой. Бірақ... – Айта алмай күмілжіді.

– Осыдан кейін ішпеймін. Кешке дейін осы жетеді. Басымды көтере алмай, лездемеде шақ отырғанымды білсең. Жақсы болды. Сенің арқаңда адам қатарына қосылдым. Саған рахмет! – Петр Иванович жерге түскен тығынды алып берді.

– Қызық екенсіз. Бұнымен қайда барам? Не де болса ішіп қойған дұрыс. Енді бір алсақ өзі де таусылады.

– Петр Иванович!

Сырттан шыққан дауысқа екеуі ұрлық істеген адамнан бетер селк етті. Ұзын, арық Степан келгенде, бірі стақанға, екіншісі бөтелкеге жармасып жатты.

– О, мақтап жүреді екенмін! – Салалы саусақтарын тарбитып, маңдайына түскен шашын артына қарай ысырды да, Федор Тимофеевичтің қас-қабағын бағып, табалдырықтан аса алмай тұрып қалды. Осында неге келгенін де лезде ұмытып, ішімдіктің иісі тамағын құрғатып, тынысы тарылғандай, қайқылау танауын қайта-қайта тартып, мазасы қашты.

– Саған не керек еді? – Федор Тимофеевичтің селдір қабағы тікірейіп, даусы ызғарлы шықты.

Сонда барып Степан Петр Ивановичке қарады:

– Ремень... – Қарадай қысылып, зорға айтты.

– Қандай?

– Бір жарым.

Желіге бірінші көтергішті қосқан кезде қалақтан төгілген бидайдың астында айнала алмай күйіп кетті.

– Мен келгенше күте тұр, – деді Федор Тимофеевичке. Петр Ивановичтің соңынан артына жалтақтай қарап Степан ерді.

Федор Тимофеевич стақанды алып жатып, сейфтің ішінен қабығы алынбаған сарымсақты көргенде, «бұдан артық қандай закускі керек?» деп, қуанғанда қолын шапақтайтын әдетін істеді. Қалған коньякты не істерін білмей тұрғанда мұндай мәз болмас, серігін күтуге де шамасы келмей, стақанға құйған бойда қағып салды. Удай ащы сарымсақтың бір бөлігін аршып шайнай бергенде, тілін күйдіріп, аузын қуырғанда жұта алмай, бұрыштағы (ішінде жыртынды қағазы бар) шелекке түкірді. Сол мезетте есіктен кіріп келе жатқан директорды көргенде, ұрлық істеген адамдай сасқалақтап, көзінің жасын сүртпекші болған қолындағы бет орамалын түсіріп алды. Оны жерден көтеріп алуға да мұршасы келмей, молдаға берген баладай өңі қашып, ұзын, арық еңкіштеу денесі солбырайып, оның үрпііп сорайған түрінен ешкі басы бұрынғысынан да сорайып кеткендей көрінді. Осы тұрысы бұтына жіберіп қойған баладан бірде кем емес еді. Алексей Иванович ішкі табалдырықтан аттап тоқтады.

Екеуі бір сәт бір-біріне үнсіз қарасты.

Федор Тимофеевич жүндей түтіліп, ұсқыны қашқан. Салбыраған басы онан сайын төмен түсіп, жанарын ала қашты. Оның сөз қатуға шамасы келмей, мені аяшы деп кешірім сұрап тұрғандағысы ма? Кім білсін! Кескіні кеткен еңгезердей адамның түрін көріп аяныш сезімі оянды ма, Алексей Ивановичтің кішкене көзі жылт етіп, стол үстіндегі бөтелкеге қарады да, бір ауыз тіл қатпастан шығып кетті.

Петр Иванович келгенде ол әлі өзіне келе алмай тұрған болатын.

– Бөтелкіні бір өзің тауысуға қалыпсың. Соған қарағанда, көңілің көтеріліп, жанарың жаз күніндей жадыраған шығар десем, түсің бұзылып кетіпті. Жайшылық па? – Петр Иванович келеке еткендей мырс етті.

Ол Федор Тимофеевичтің жанын масадай талап кеткенін сезген жоқ.

– Бақытың бар екен. Жаңа осы жерге кім келгенін білсең. Қалай күлгеніңді көрер едім. – Өзін ашудан зорға тежеп, ішінен күйген терідей тырысты да қалды. Енді бір сәтте әлгі әзірдегі мүсәпір халден арылып, кімнен өшін аларын білмей қаны басына шапты.

– Не болғанын айтсайшы, естиік те.

– Петр Иванович, мені осы мазақ етіп отырғаннан саумысың? – деп өзінен-өзі күйіп кетті. – Сенің алдында шыққан бойы, көрмеуің мүмкін емес. – Сіркесі су көтермей тұрса да өзін зорға тежеді. Ашу қысқанда өзіне есеп бере алмайтын әдеті бар еді. Сәл нәрсеге жарылып кетердей шақ тұр.

– Кімді айтасың?

– Осы жерде директор болды.

– Ол келгенде столдың үстінде бөтелкі тұрды ма?

– Оның жаңа шыққан бойы, жинауға үлгерген жоқпын.

– Не деді?

– Ештеңе де айтқан жоқ.

– Мына бөтелке мен стақанды көріп, үнсіз шығып кетті дегенге кім сенеді?!

– Сұраса айтатын едім, менің де кірген бойым, білмеймін деп, – Федор Тимофеевич өңі кіріп жымыды. – Алексей Иванович саған кім болады?

– Менің інім. Екеуміздің шешеміз бөлек. Алты жасымда шешем қайтыс болды. Есімде, қит етсе шешемді іздеп жылайтын едім. Содан шығар өгей шешеге көнбей, үйге түнмей қашып жүрдім. Әкемнің алған әйелі мені жек көріп, күн бермеген соң, нағашыларымның қолында тұрдым. Оқуға мүмкіншілік болмай, мектепті ерте тастап кеткенім де содан. Шешесі бар адам

қандай бақытты! Алексей Ивановичті көрмейсің бе? Институт бітірген жоғары білімді агроном. Алған ордені де бар.

– Кәзір ше, араласасыңдар ма?

– Жоқ. Ол оқыдым деп менсінбей ме, әлде орыс әйелі бар адам ешкімге қосылмай оқшау жүре ме? Қалай үйленді, әке-шешесіне де баруды қойды.

– Темекі бар ма?

– Ойыма түсіргенің жақсы болды. Мезгілінде темекі тартпасам, мұрнымның іші дуылдап қыши бастайды. Осыны алты жасымда тартып үйрендім. Шешем қайтқаннан кейін маған ешкім қарамай, өз бетіммен кеткеннен болды. Ауылдың күншығысы бетіндегі ойпатта боз талдар өсетін. Геннадий екеуміз көбелек қуып жүріп Арсенидің ұрланып темекі тартып отырған үстінен шығып қалдық. Сол арада «папама айтам» деген інісін зорға көндіріп, қалтасынан шүберекке ораған жылқының құрғақ тезегін қағазға орап тартқызып, ауыз бастырық жасады. Содан үйреніп кеттім. – Петр Иванович қалтасынан темекіні алып жатып, танауын алақанымен ысқылады. – Көрдің бе, қышып жатыр.

Бөтелкеде қалғанды екі стақанға құйған Федор Тимофеевич:

– Директор бүгін менің сыбағамды бермесе де, маған оның үн-түнсіз кеткені дауыл тұрар алдындағы тыныштыққа ұқсайды. Басына бір бәлені жоспарлап қоймаса жақсы. Бұ жолы Алексей Ивановичтің құрығынан аман қалсам бар ғой, екеуміз бір бөтелкені тағы бірде ішеміз. Осы айтқанымды ұмытпа, – Федор Тимофеевич стақанды соғыстырмай ішіп қойды.

– Түс болған ба?! – Қолындағы сағатына қарап таң қалды. – Жә, жетер. Біраз мылжыңдасқан екенбіз.

Күні бойы Федор Тимофеевичтің көз алдынан Алексей Иванович кетпей қойды. Содан ба, мазасы қашып, әр нәрсені сұрап келген слесарьлар мен токарьларға орынсыз айқайлап ұрсумен болды. Осылай жүргенде жұмыс күні де аяқталып, «уһ» деп демін ала бергені

сол еді. Қарсы кабинеттен шыққан Аркадий Кузьмич Федор Тимофеевич отырған бөлменің есігін ашып:

– Екеуімізді директор шақырып жатыр, – дегенде, Федор Тимофеевичтің жүрегі ине сұғып алғандай зырқ етті. «Маған не болды? Қарадан-қарап жүрегім ойнап кеткені несі? Осының не бәлесі бар? Мана анау, мысықтың алдында сүмірейген тышқандай болғаным».

Федор Тимофеевич директордың кабинетке кіргенде ішінен күйіп-пісіп, шеткі орындыққа отырды.

– Алексей Иванович, астық түсіретін көтергіштің он бес киловат моторы жанып кетті. Орталық базада жоқ. Соны іздеп, қаланы шарлап таппай келдім. Не істейміз? Бөлімшеден келген астықты қолмен түсіріп, келген машиналар тұрып қалып жатыр.

– Оны маған несін айтасың? Бас инженер кім? Жұмыс жүрмей қалса, жүргізетін слесарьлар мен электриктер бар. Сонда сендер не істейсіңдер, керек нәрсені алдын ала іздеп, тауып қоймайсыңдар ма? Сірә да мотордың күніге күйіп-жанып жататынын білесіңдер. Мына тұрған машинаның шоферлары бастықтарына шағым айтқан. Ертең машина бермейміз деп жатыр. Онда бөлімшеде жатқан сегіз мың тонна астықты немен тасимыз? Вагонға не тиейміз? Осы сендер таңертең жұмысқа бас сұғып, жоқ болып кететін әдеттеріңді қашан қоясыңдар? Бүгін де күні бойы жоқсың, қайда жүргеніңді ешкім білмейді. Волковтың жұмысқа басы ауырмайды. Ол тек арақ ішкенді біледі. Оған басқа еш нәрсе керек емес. Оны Петр Ивановичтің отыратын бөлмесінен көрдім. Демалып жүрген адамға ұқсайды. Стол үстінде бөтелке мен стақан тұр. Әлде қарамағындағы адамдарына көрсеткен өнегесі ме? Жұмыс кезінде механикті басының ауған жағына жіберетінің не? Жұмысқа қыры жоқ болса айтпайсың ба? Өз міндеттеріңе салғырт қараған екеуіңнің кесіріңнен жұмыс тоқтап тұр. Бұдан былай өз орындарыңнан ұлықсатсыз еш жаққа шығушы болмаңдар! Моторды қайдан тапсаң одан тап, ертең түске дейін көтергіш істейтін болсын! –

Мен болдым дегендей столдың тартпасын ашып, іздегенін таппай, өзімен-өзі болып кетті.

Оның өмірінде қиналғаны бүгін шығар. Жұмыс артынан көп аялдамай үйіне қарай жол тартатын бас инженер ол әдетінен жаңылғандай. Кабинетіндегі столға шынтағын тіреп, басын екі алақанымен қысып ұстап отыр. Іштегі мазасыз ойдың әсері әр қимылынан, мінезінен байқалады. Оқтын-оқтын күрсініп, ашаң шегір көзі бір нүктеге қадалды. Қасындағы Федор Тимофеевичтің де жағдайы мәз емес. Ол манадан бері Алексей Ивановичтің өңменінен өтердей қадалған кішкене көзін көз алдынан кетіре алмай қойған. Бұл аздай, оның жаңағы айтқан сөзі қатты әсер еткені соншалық, содан әлі есін жия алар емес.

Аркадий Кузьмичтің аласа бойлы, бұрыл басы тығырықтан шыға алмай әбден қиналды. Жаны қысылғанда адам не істемейді. Ой құрсауымен тіршілік қимылға көшіп, үмітсіз үмітпен дәмеленбей ме. Бұл да сүйтті. Басқа амалы қалмаған соң, жанына сая іздеп, мәңгүрт күймен ілби басып, Федор Тимофеевичке де бір ауыз сөз қатпастан, цехты аралап, ең жоғарғы қабатына шықты. Сондағы ойы он бес квт мотор табылса, орнына басқасын қойып алмастыру еді. Комбинатта жастайынан істеп келе жатқан бас инженер қайда не жатқанын, қай жерде қандай квт тұрғанын бұрын жатқа білсе, қазір соның бірі де есінде жоқ. Санасы құлазып кеткен. Алексей Ивановичтің жаңағы сөзінен кейін есінен таңғандай мәңгүрт. Өзіне төнген қауіпті аңғарғандай ұры сезім жан дүниесін билеп алған. Шыбық тиіп көрмеген денесіне директордың айтқан сөздері шаншудай қадалып, кетер емес. Қит етсе ой қаумалап алады. Бәрі оқымағанның кесірі. Осындайда оқымағаны жанына қатты батады. Бүгінде институтты бес жыл оқып тентіреп жүргендер көп. Содан қорқады. Арқа сүйейтін бұрынғы күн жоқ. Соңғы кездері не болса сол ойына түседі. Ұйықтағанда түсінен шошиды. Өмір қашанғы оған кең бола берсін. Бір нәрсені сезгендей бойын қорқыныш билейтін болып жүр.

Бесінші қабатқа көтерілген Аркадий Кузьмичті уайым басып кеткені соншалық, неге келгенін ұмытып қалып, басқыштан әрі аса алмай тұрып қалды. Вентиляцияның шуылы әсер етті ме, көзін жұмып қайта ашты. Сонда барып есіне түсті. Обороты сәйкес келмей, орта жолда қалып қойған іздеген моторын көргенде, екі беті жайыла, балаша мәз болып, ысқырғанда жіп-жіңішке. тым нәзік құстардың үніне келді. Артық сөзге жоқ, мінезі ауыр болғаннан ба?! Бұндай қуаныш онда жиі бола бермейтін. Сол мезетте бала кезінде болған бір оқиғаны есіне алды.

...Онда он бесте болатын. Әкесі колхозға біткен жалғыз машинаны айдайтын. Ол ешуақытта жүргізуші болғанына мақтанған адам емес. Қайта май-май болып жүргеніне ішінен күйінетін. Өзіндей адамның отынсуын тасығанына ызаланатын. Кейде мұрты өспей жатып, қалтасына қолын салып билік айтқанға құмар жастарға зығырданы қайнайтын. Олар жұмыстың жөн-жосығын білу түгіл, дұрыс сөйлей де алмайды ғой. Содан ба, жалғыз баласын оқытып, білім беріп тәрбиелеймін деп, алдына мақсат етті. Мен көрмеген қызықты балам көрсін дегені шығар.

Өмір көн емес қой, иін қандырып илесе жұмсартатын. Аркадий ол ойлағанындай болмады. Әкесінің бетінен қақпай өсірген балажандылығы баласы мектеп жасына жеткенше жетті. Мектепке барған күннен бастап оқымаймын деп қырсыққан баласын ұрудан кенде болған жоқ. Бірақ онысынан түк шықпады. «Аюды таяқ үйретті» деген сөз бекер екен. Сабақты нашар оқыды. Бірінші сыныптың өзін шешесі қасынан кетпей оқытқанның өзінде екіншіге зорға көшті. Әкесі оны қайтсем де оқытам деп аямай ұрды. Қолынан келгеннің бәрін істеді. Неше күн тамақ бермей, аш та қойды. Таяқпен басын да жарды. Онысынан да түк шықпады. Бір күні әкесінен қашам деп, жетінші сыныпта оқып жүргенде тобығын тайдырып алды. Айға жуық балдақпен жүрді. Бірақ бала өз дегенінен қайтпады. Сол жүрген-

де темір-терсекке үйір. Даладан жатқан темірді үйіне жинап, әр нәрсені бір ойлап құрастырып жүргенде, велосипед жасады. Бұл жаңалық балалар түгіл, үлкендерді таңғалдырды. Завод шығаратынды үлкен адам емес, бала қолдан істесе, неге таңданбасқа. Бірде түскі тамаққа келген әкесінің машинасына отырып, ұлықсатсыз айдап қызықтады. Рөлді ұстап, педальды басқанын қызыға қарағаны болмаса, бұрын жүргізіп көрген емес еді. Басында дірілдеп қорықса да, лезде бойын игерді. Шеткі көшеде тұратыны мұндай жақсы болар ма. Үйден шыға бере тақтайдай тегіс машина жолға түскенде еркінен айрылып, есіріп кетті. Басын бұлғақтатып ысқырды, бар даусымен ән айтты. Жер дөңгеленіп, бағаналар шырқ айналып, қапталдан қалмай жарысты. Ашық терезеден шашы желбіреп, көзі жасаурады. Қиял үстінде сағым қуалап, көңіл шіркін көкке самғай ұшты. Арман жетегінде желікті. Алдындағы көпірге жетпей, оң жағына бұрылып, су жағасындағы ақ құмға рөлді игере алмай кіріп тоқтады. Құмға кірген доңғалақты көргенде есірген көңіл су сепкендей басылды. Үйіне қорыққаннан дірілдеп келді. Не болғанын түсіне алмай, бөлмеде теңселіп жүрген әкесін көргенде шошып кетті. Әкесінен сонда таяқ жеген жоқ. Соның себебін тиді ме, сол күннен бастап балалықты қойып, төрдегі шарайнаға қарайтынды шығарды.

Баспалдақтан көтеріліп қасына келген Федор Тимофеевичке:

– Екеуіміз бір ажалдан құтылған шығармыз, – деп, айтарын айтса да «куанбай тұра тұрайық» деген ойын айта алмады. Бұл тек Алексей Ивановичтің әлгі әзірдегі сөзінің уытынан арыла алмай, іштегі сезіктің кесірінен алған әсері еді. Осындайда ой бөлісетін адам іздеп, көңілі алаңдағанмен, Волковқа зауқы соқпады. О бастан оны жаратпайтын. Өне бойы ішіп жүретін осы жігітке жақын қарындасының тұрмысқа шыққаны есіне түссе ызасы келеді. Әлі күнге дейін екеуара оңаша отырып сөйлескен де емес.

Жасжан еңбек демалысына шыққан күні автобустың ішінде танысқан қызға үйленді. Комбинаттың екі бөлмелі үйіне көшкен күннің ертесіне Сымбат пен Жасжанды Бердібек үйіне шақырды. Бірінен бірі аумамайтын төрт баласының кішісі қыз екен. Әлі жасқа толмаған сәбидің орнынан қалт-құлт тұрғанын қызықтап екеуі мәз болды.

Балаларының үлкені Арал екен. Әжесі оны бауырына басып, басқа немерелерінен ерекше еркелететін сияқты. Даладан келгенде алақанымен басын сипап иіскеп жатыр. Жасжан оны қасына шақырғанда, ұялып әжесінің бауырына тығылды.

– Таныдың ба? – деді әжесі. – Өткенде аяғың ауырып жылап отырғанда үйге әкелген ағаң емес пе? Бара ғой, – деп бәйек болды.

Бердібектің әйелі де өзі сияқты сөзге үйірлігі шамалы екен. Бір-екі ауыз сөз айтса, көзі күлімдеп, ақ сары жүзі бір нәрседен қысылғандай, қызарып шыға келеді. Әкесінен жастай қалған Бердібекті шешесі мектеп бітірген бойында үйлендіріпті. Артынан институтқа түсіп қайтып келгенде келіншегін үйіне қалдырып, бес жыл, төрт ай институтта оқып жүргенде бір бөлмеде жатқан курстастарына үйленгенін айтпапты. Кейін оқу бітіріп, үйіне ертіп келген жолдастары келіншегін көргенде:

– Бәсе, біздер көшеге шығып қыдыратын болсақ, бөлмеде тығылып жалғыз қалғанда, таңғалатын едік, енді түсіндік, – деп мәз болып күлгендерін шешесінен естігенде Жасжан да таңғалды. Бердібек езу тартып жымиған да қойған.

Жасжан өзінен жасы үлкендердің арасында әр нәрсе-ні бір айтып суырыла бергеннің де жөнін таппай, үнсіз отырған кезі еді. Сол арада Бердібек Алексей Ивановичтің баласы жайлы айтты.

– Кешкісін жұмыстан қайтып келе жатсам, дуалдың түбінде бүрісіп біреу жатыр. Үстіндегі киімі таза,

маскүнемге ұқсамайды. Тұрғызайын деп қасына барып үңілсем, Алексей Ивановичтің баласы Юра екен. Баланы қалай тәрбиелесе, солай өседі емес пе. Күйеуін менсінбейтін шешесінің ықпалы балаға көп әсер етсе керек. Әкесінің сөзін тыңдамайды екен деп Аркадий Кузьмичтен естігенмін. Әкені тыңдамаған бала оңа ма? Мектепті бітіргеннен кейін бетімен кеткен. Не оқу жоқ, не жұмыс жоқ, көше кезіп жүріпті. Жастар көшеде екі жақ болып төбелескенде, баласы біреуін таспен ұрып, басын жарған. Содан ұйымдасқан (групповой) төбелес деп шешкен сот үкімі алты жыл беріпті. Соның үш жылын отырып шыққан. Кассада істейтін Арзагүл деген келіншек те онымен бір мектепте оқыпты. Бойы кішкентай шілмиген арық болса да, сол жүргенде республикалық жарыста бірінші орын алған жүйрік деп сол айтты. Былай қарағанда адам айтса сенгісіз, бойы тым кішкентай ғой, – деді Бердібек.

Сол арада:

– Сенбейтін несі бар? Ол да берген бақ шығар. Соғыстан кейінгі жылдары біздің ауылда Әзімберген деген кісі болды, – деді әже сөзге араласып. – Таңертең үйінде жүрсе, түс кезінде басқа ауылда жүреді. Оның қалай барып келетінін ешкім көрмейді. Өзі де тіс жарып ештеме айтпайды. Бірде ауданның бірінші секретарына бата алмай, мені де ала кетесің бе деп сұраған екен, кім көрінгенді алғысы келмей, сылтау айтып, машинасына отырғызбапты. Ол уақытта қайбір оңған жол бар. Жаңбыр күні бойы сылбырап жауса керек. Жолдың миы шыққан. Түс кезінде ауылдан шыққан бірінші секретарь келесі күні түс кезінде үйіне келді. Алдынан ет асып, шай дайындап қойғанын көрген Асаубай «Үйде қонақ бар ма?» деп әйелінен сұрайды. «Жоқ. Оны неге сұрадың?» «Онда ет асып, шайды кімге дайындадың?» «Мен танымайтын бір кісі таңертең келіп, ет асып, шай дайындап қойсың, түстің шамасында барам деп отағасың сәлемдеме айтқан деп, есік алдында тізе бүкпестен кетіп қалды» дегенде Асаубай түкке түсінбей, ішінен таңғалады.

Кеңсенің алдында тұрған Әзімберген Асаубайды көріп: «Асәке (аты – Асаубай), мені алмай кетіп едің. Сонда да сенің машинаңнан бұрын келдім» , – депті. «Ойпырмай, қалай келдің?!» – деп, таңғалған Асаубай көрген көзіне сенбей, қайта-қайта бет орамалымен көзін сүрте беріпті. Ол уақытта басқарманың машинасынан басқа ауылда машина жоқ. Қалай келгенін түсінбейді. Сол арада басына не келгенін кім білсін, одан қарадан-қарап қорқып түрмеге жаптырады. Келесі күні есіктен кірген тергеуші өзіне қарап бес Әзімбергеннің отырғанын көріп шошып кетіп, түрменің бастығына көргенін айтады. Оған сенбей өзі барса, бес емес, он Әзімберген отыр дейді. Бірінші хатшыға қоңырау соққан түрменің бастығы болған жайды хабарлап, түрмеден шығарып жіберіпті. Сенбей көрші, – деді әже.

* * *

Бердібектің үйінен келген соң, Жасжанның тамағы ісіп, бір демалыс жұмысқа шықпай үйде жатты. Сымбаттың да көңіл хошы болмай жүрді. Соның да себебі тиді ме, тамағының ісігі кетіп, ауырғаны басыла бастағанда екі бөлменің ішіне сыймай, көңілі бір нәрседен құр қалғандай елегзіді. Жұмысқа шығатын келесі күннің таңын асыға күтті. Бірақ оған да шыдамы жетпей, түн қараңғысы қоюлана бастаған шақта таза ауада жүріп қайтпақшы болып үйден шықты. Бұл кезде басын орамалмен байлап алған келіншегі төсекте жатқан. Оған да қайда бара жатқанын айтпады.

Жел сарнап тұр. Жасжан далаға шыққанын күтіп тұрғандай ала құйын қойны-қонышын кеулеп ала жөнелді. Ұзын қара пальтоны бұйым құрлы көрмей, сүйек-сүйегіне инеше қадалған ызғарға да көңіл бөлмей, салқын да болса таза ауаны көкірек кере дем алды. Көз үйренгенше сәл аялдады. Құйғытып кеп орап өткен жел екпіні тұншықтырып кеткенде, ықтан көшеге қарай құтырына жосылған түйдек-түйдек ала құйынан басқа түк көрмеді.

Көшеде оңтүстік-шығыстан екілене соққан жел бетке тиіп, көз аштырар емес. Өршелене ішіне тарта ысқырынған даусына бағана басындағы сымдар шулап үн қосып, көшенің бойы сарнап тұр. Құдды мың арфа қосылып, мұңды сазға басқандай. Азынаған жел кеулеген түнгі аспан асты ала шаңыт. Қыбыр еткен жан жоқ. Жасжан палтосының жағасын көтеріп, бүрсеңдеп келеді.

Жел бетінен қақпайлап, етегінен жұлқылап тартып, сықылықтай күледі. Құтырған желге қарсы жүрісі өнбей, жұмыс орны алыстап кеткендей, жеткізетін емес. Бір уақытта Жасжанның алдынан комбинат дуалы бұлдырап көріне бастағанда, бағанадағы жарық та көрінді. Үн цехтың үстінде жай айналып тұрған прожектордың жарығы алысқа жететін. Бүгін сол жанбай тұр. Жасжан оны өзін біреулер ұрып кеткеннен кейін орнатқызған еді. Бәрінен де түнде істегендерге жақсы болды. Қорқамыз деп бірін-бірі жетектесіп жүрмейді. Бірақ ұрлық істейтіндер жарықтан сескеніп жатқан жоқ. Еті үйреніп, әдеттеніп кеткеннен болса да қоятын емес. Амалын табады. Олардың аңдитындары – «шошақ бас бастық». Соның жүріп-тұрғанын аңдиды. Жұмыста жоқ болса, цехтың ең жоғарғы қабатына шығып қарауылдайды. Енді оны да қойған. Өйткені «шошақ бас бастық» бұрынғыдай ертелі-кеш жұмыста жүрмейтін болған.

Вагон тиейтін эстакаданың үстінде жұмысшылардың тарсылы естілді. Оң бүйірдегі мех цехтың терезесіндегі жарықты жақындағанда байқады. Түнде цех жұмыс істемейтін. Солай қарай бұрылды. Есік ашық. Едені цемент, ұзын, кең залдың ішінде ондаған станок тұр. Бірі жонып, сүргілеп, бірі кесіп, тесіп, алуан түрлі металдан (темір, шойын, мыс сыяқты) механизмнің неше түрлі бөлшектерін жасайды. Мастер отыратын төрдегі столдың жанындағы отырғышта үшеуі отыр. Бірі тапал сары, Алексей Ивановичтің баласы екенін комбинатқа келіп жүргенінен біледі. Оның қасында Степан, жасы

отыздан асса да, ішкілікке салынып, әлі күнге дейін үйленбеген сүр бойдақ. Оны талай рет жаңбыр мен қарда жатқан жерінде тұрғызып үйіне апарған. Одан сәл алшақта отырған Жалауды осыдан бір ай шамасында өзі жұмысқа алды. Кәсіптік техникалық училищені бітірген уыздай жас жігіт. Неге екені белгісіз, олардың қастарына баруға именді. Бойында бұрын болмаған өзгеріс. Бірден қалтасындағы рациясымен милицияға хабарлап тұрған орнынан қозғалмады.

Тыстағы жел ұли үрлеп, сыртқы есікті қағып тұр.

Есіктен кеулей соққан жел бұрыш-бұрышты қуалай өтіп, қабырғаларға кеп соғылып, сағы сынып, сыңси ызыңдап, кері ұйтқып, есікті қаққылайды. Үшеуі де осы бір мазасыз шулаған тысырға еттері үйренгендей, Жасжанның келгенін байқаған жоқ. Столдың үстінде: арақтың бөтелкесі, консервінің қалайы, қатқан нанның уағы мен аршылған жуаның бір түйірі жатыр. Өздері қызып алғанға ұқсайды. Бір-бірінің сөзін тыңдамай, жарыса сөйлегендерінен сезді. Тапал сарының кішкене көк көзі шыныша жылтырап, әдеттегі ақсары кескіні ыза мен тағатсыздықтан түтігіп кеткен, сөзі өктем.

– Бар, алып кел! Онда менің шаруам жоқ. Әйтпесе көресің, не болатыныңды. – Бұйра шашты жас жігітке түйіле қарап, күш көрсететіндей сыңай танытты. Жасжан Жалаудың әл бастан араққа үйір болғанын ұнатпай, қабағын кіржитіп қарап тұр.

Осы мезетте қасындағы Степанның жарыса сөйлеген қарлығыңқы жуан даусы сап тыйылды. Бұнысы айқай шыққаннан үріккендігі емес еді. Оның ойы басқада. Оған жанжалды асқындырмай тоқтатқаны дұрыс. Әйтпесе ауадай қажет арақтан құр қалатынын іші сезді. Тап қазір есебін тауып ішу керек. Құлқыны арандай ашылып кеткен. Өз жағдайын бес саусағындай білгеннен алдын ала сақтанғандағысы. Әйтпесе өзін ұстай алмай ұрынуы мүмкін. Ондайда ешкім арашала алмайды. Енді екеуінің біреуі арақ әкелмесе, бойындағы

күш-қуатын тежей алмай, ауа жетпегендей жүрегі қысылып, аласұруы мүмкін. Даудың тезірек тынғанын ішінен тілеп, үнсіз қалғаны да содан.

Жалау өзінен-өзі қысылып, алақанымен терлеген маңдайын қайта-қайта сүртіп, ерні жыбырлап, бірдеме деп міңгірледі. Тапал сары одан сайын құтырынды.

– Барасың ба, жоқ па? – деді ақырып. Өне бойын кернеген ызадан жарылардай боп, жүрегі атша тулап бұлқынып, орнынан ұшып тұрды. Жалаудың балон курткісінің жағасына жармасқысы келген, қолы жетпеді. Сол кезде:

– Саған не айттым? – Қанталаған көзі іннің түкпіріне кеткен жыртқыштай, қырылдаған дауыс зәрлі уытқа толы.

Бірақ Жалауға бит шаққандай әсер етпеді. Осы жолы ол да бір шешімге келген сияқты. Қара торы өңі күреңітіп:

– Өзің бар! – деді.

Тапал сары мұндай сөзді күтпесе керек. Күйіп кетті. Көз ілеспес жылдамдықпен жетіп барды да, отырған жігітті желке тұсынан бүріп тұрғызды.

– Қайта айт! – Екеуінің көздері бір-біріне атыса шабысатындай инеше қадалды. – Не дедің?! – Жас жігіттің сұсынан сескенейін деді ме, даусы бәсеңсіп.

Жалаудың бетіне сасық дем ұрды. Ол ұстамды қалпымен:

– Сен не, айтқан сөзді естімейтін саңыраусың ба? – Жалау оның құтырынған бетінен бар пәрменімен басымен соғып жіберді. Оның танауы жарылып кеткендей удай ашып, ауырсына ыңқ деген дыбысы шықты. Бетін қан жуып кетті.

Степан түс көргендей орнынан атып тұрды. Қалай болғанын байқамай қалса керек. Шам жарығына шағылысқан шақшиған көзінде қан-сөл жоқ. Жалауға қарап қатты да қалды. Денесінде сүйекке жабысқан теріден басқа түк жоқ, ілмиген мына баладан осындай бағылдық шыға қояды деп ойламаса керек. Көрген көзіне

сене алмай аң-таң күй кешкен сыңай танытса да, оған оның кеші ғана түрменің табалдырығынан шыққан тапал сарымен текетірескені ұнамаған. Қарадан-қарап үлбіреген қыздай, сүп-сүйкімді жас жігітті аяп кетті. Өзінен-өзі «бекер-бекер» деп басын шайқап қойды. Арты немен аяқталар екен деген оймен мүсіркей қарап, әлі де одан көзін әкете алмай тұр.

...Тапал сарының түрмедегі аты – Сарымаса. Тұла бойында өзіне жетерлік айласы бар, тапал сары денесінің бітіміне қарамай, мысықша тырмысып шықпайтын жері жоқ. Түрменің адам бойы жетпейтін биік дуалына бақылаушымен бәстесіп, бірде өрмелеп шыққаны бар. Сонда ұтып алған бір қорап «беломорды» қасындағыларға үлестіріп беріп, мерейі бір өскен. Бәрінен бұрын оның секіргенін көрсең еріксіз таңғалғаныңнан жағанды ұстайсың. Ол ерлігін түрмеде өрт шыққанда көрсетті. Өрттің неден болғанын ешкім білген жоқ. Корпустың төбесіндегі шифері жанды. Сырттан өрт сөндіретін машинаны түрменің бастығы шақыртқыздады. Ерлердің корпусындағы шифер шатырлап жанып, жан-жағына ұшып жатты. Енді сәл кешіксе, жанындағы әйелдердің корпусына өтетін.

Қамаудағылардың бәрін сыртқа шығарып, ресми тәртіп бойынша серуендейтін алаңның қабырғасын жағалай шоғырландырып тұрғызып қойған. Екі жақ жанында пистолеті бар надзиратель мен оған көмекші түрменің төрт старостасының мұзды жанарлары тұтқындардың қимыл-қозғалысын қадағалап шаншыла қараған күйінен міз бағар емес.

Аула ішіне күннің шуақты сәулесі мол құйылып, бетон еденде темір шарбақтың көлеңкесі түсіп тұр. Көк мөлдір аспанда жалқылданып күн шақыраяды. Жуан надзиратель аулада теңселіп жүр.

Ауланың түкпір бұрышынан шыққан каторжник қранды ашып, ұзын шлангіге қосты. Осы сәтте тұтқындарды екі қатардан сапқа тұрғызды. Жуан надзирательдің:

– Корпустың төбесіне қайсысың шыққыларың келеді? – деген даусы шықты. – Айтып қояйын, баспалдақ қысқа болып жетпей жатыр. Әрі қарай өрмелеп шығуға ептілігі бар, ерікті екі адам керек. Баспалдақтың үстінде тұрып, екіншісін көтеріп шығаратын екінші адам жеңіл болғаны дұрыс. Еріктілер бар ма? Үш адым алға шықсын!

– Сарымаса! – Сап арасынан біреудің даусы шықты.

Жалпы саптан бөлініп шыққан екі адамның бірі Сарымаса болатын. Басқалары орнынан қозғалмады.

– Әй, қартым, мына біреудің ұсқынын қарашы! Жарай ма? – қасына жақындап келген егделеу кіші надзирательге қарап.

– Бойы қортық екен, – деді.

Сол кезде жуан надзиратель қолын бір сілтеп:

– Басқа ешкім болмаса, барсын!

Кіші надзиратель екеуін ауланың түкпір бұрышына қарай алып кетті. Бойы үлкен тұтқынға жаңа ғана кранға жалғаған шлангіні қолына ұстатып, екі корпустың арасындағы темір есіктен өтіп, әйелдердің корпусына келді. Жерде көлденең жатқан баспалдақты көрсеткен надзиратель:

– Бір метрдей жетіңкіремейді. Осымен амалдап төбеге шығатын қайсысың? – Екеуіне алма-кезек қарады.

Екеуі үн-түнсіз баспалдақты көтеріп, жарға тіреп қойған мезетте Юра аяғындағы сүйретпесін тастап өрмелеген күйі баспалдақтың басына шығып, башпайының ұшымен жарға жабысты. Оның шалқасынан құлап кетпей қалай ілініп тұрғаны белгісіз. Екі жақтағы қолы да жоғары қарай құмырсқаша жыбырлап, саусақтары төбенің кенересіне ілікті. Нақ осы сәт қараған адамға көз сүрінетін қорқыныш әкелетін дененің тігіркенуі сөзсіз еді. Дарға асқан адамнан бірде кем емес. Екі қолы төбеде салбырап тұр. Тажал аузында да мұндай қорқыныш болмас. Жантүршігерлік сезім билеген надзиратель жанарын ала қашты. Баспалдақты ұстап тұрған ұзын бойлы тұтқын сүзеген бұқаға ұқсаған

аларған көзімен сасқанынан не істерін білмей төңірегіне алақ-жұлақ қарады. Оның түрі тастай салып тұра қашатын адамға ұқсайтын еді. Сарымаса турникте тартылғандай көтеріліп, шынтағын жардың кенересіне тіреген сәтте ырғып төбеге шықты.

Надзиратель таңғалғаннан басын шайқады. Ұсқыны қашқан тұтқынның өңі кіріп, ұйпаланған шашын сау-сақтарымен тарақтады.

Жерде жатқан шлангіні көтеріп алған каторжник баспалдаққа шығып, Сарымасаға берді. Ендігі жұмыс төменнен кранды ашып, су себу ғана қалған.

Осы кезде төбесі жанып жатқан корпустың үстінде қолында шлангісімен су шашып жүрген адамның қас пен көздің арасында төбеден құлап бара жатып шыңғырған даусы шықты. Үңірейген ажалдың аузын көргендей жантүршігерлік жалбарынған үн сондай аянышты еді. Қалай болғаны түсініксіз. Қас қағым сәтте темір торлы кішкене ғана терезенің жақтауына аяғын тіреп, екі қолымен шлангіні ұстап салбырап қалды. Үстінен аққан су шыдатар емес. Барған сайын бет-аузына шашыраған су тұншықтырып, ауа жетпей, демі тарылып барады.

– Құтқарыңдар! – Сай-сүйегінді сырқыратып, шыңғырған жан даусын естудің өзі қасіретке толы мұң. Цементтелген жерге түссе аман қалмайтынын біліп, ажал аузынан қалай құтыларын білмей, тұла бойын үрей билеген жалынышты үн қандай аянышты екені айтпай-ақта белгілі...

Екі корпустың арасы – екі метр. Ортасын бетон дуал бөліп тұр.

Сарымаса бойды шымырлатқан дауысты естіген бойда, жанып жатқан екі қабат корпустың төбесінен құлап бара жатқан адамды көзі шалып қалды. Тап осы сәтте оның ойлауға мұршасы болмады. Өлермендікпен өзіне төнген қауіпке де қарамай, өрт шалған корпустың төбесіне секіргенде, төбені жапқан қаңылтырдың шетіне етпетінен құлап түсті. Шегесі шығып жалбырап тұрған

қаңылтырдан ұстап үлгерді. Жалма-жан орнынан тұрып, шлангіге жармасты. Төмендегі адамды тартып шығармақшы еді. Оған күші жетпей, өзі діңкелеп қалды.

Түрме бастығына надзиратель де хабарлап үлгерген болатын. Дер кезінде құтқарушылар келіп үлгерді. Өздерімен ала келген баспалдақпен шығып, екеуін де аман-есен жерге түсірді.

Артынан Сарымасаның істеген ерлігін түрме бастығы қамаудағыларға айтып, өзіне алғыс жариялады. Осыдан кейін арада алты ай өткенде оны түрмеден босатты.

Юраның көзінен жаспен бірге мұрнынан аққан қан жерге тамшылап жатыр. Дәл осы сәтте үрейлі тыныштықты бұзып, сырттан милиция машинасының даусы естіді. Мұрнын қолымен ұстап, оқты көзімен Жалауға атыла қараған Юра:

– Мен сені аяп тұрмын. Сен әліңе қарамай кеуде қақтың ба? Жә, мен сенімен, сірә, сәті түскен бір күні кездесетін шығармын, – деді де есікке қарай жүгіре жөнелді.

Жел құтырып тұр. Есіктен шыға берген Жасжанды екпінмен соққанда құлап қала жаздауға шақ қалды. Мех цехтан шыққан ол ұн цехына кіріп, үйіне қайтпақшы болған. Арадағы ұн қоймасынан өтіп, цехқа жақындай бергенде, алдынан қапшық арқалап бара жатқан адамды байқап қалды. Әншейінде ұрлық істеген адам айналасына алақ-жұлақ көз салып жүгірер еді. Бұл ондайлардың сортына ұқсамайды, аяғын маң-маң басқан жүрісіне таңғалды.

Жаңағы адам дуал жаққа қарай бет алды. Бағанада жанған шамның жарығынан дуалға тақап, бірінің үстіне бірін екі қатардан қойған он қапшық (жарты тонна) ұн жатқанын көріп, шошып кетті. «Шамалы адам бұндайға бармайды. Кім де болса жүрек жұтқан біреу». Астында жатқан қапшықтың екі жанын қар басып қалғанын көргенде милицияның машинасы кедергі

жасаған екен деп тұжырымдады. Прожекторды әдейі жақпай қойғанын енді білді.

Қас қағым сәттің өзі өтіп болмайтындай Жасжан селтиіп әлі тұр. Ұн ұрлап жатқан олар емес, өзі сияқты өн бойын әлде үрей, әлде қорқыныш билегендей ес жоқ. Әрі-беріден соң өзіне келді. «Мынау сұмдық қой!» Аузынан қалай шыққанын байқамай қалды. «Бұлар ұнды апарып жүрген жерін милицияға хабарласа ұстар еді. Сонда оларды басқарып отырған адамын да табар еді. Қолға түссе сотталатындары анық. Соны біле тұра ұрлыққа неге барады? Басқалар тапқан табысымен бала-шағаларын асырап жүрген жоқ па? Неге барға қанағат етпейді екен?» Осылай ой қамауында тұрғанда, іштен ашылған есіктің сықырлаған ащы даусы естілді. Сол кезде көзге түскісі келмей, айналасындағы қарды жел ұрлеп тазартқан үйілген темірдің тасасына барды. Қас қылғандай тамағы жыбырлап жөтел қысты. Пальтосының омырауына аузын басып жөтелді.

Цехтың ішінен үш адам шықты. Үшеуінің де цехта істейтіндерін үстеріндегі ұн жұққан жұмыс киімдерінен білді. Құлақшындарын баса киіп, бауын тамағынан байлаған. Жасжан кімдер екенін қараңғыда ажырата алмады. Олар шыға салысымен қап арқалаған әлгі адамның артынан жан-жағына қарауға да мұршалары келмей, желге қарсы, бірінің артынан бірі жүгірді. Соңдарынан бұл да ілесті. Аралары жақын қалғанда, оң жақ бүйірдегі үлкен қара ағаштың қасына барып тоқтады. Тұрған жері ық екен. Денесі тоңази бастағанын енді байқады. Сонда да тоңғанына көңіл бөлмеді. Екі көзі дуал жақта.

– Осы боранда кім келе қояды дейсің? – деген ортадағы адамның даусы оған анық естілді.

– Сен ол жөнінде қам жеме. Кім келсе де, бізден оңай құтыла қоймас. Одан да машина келді ме екен, соны айт. Мына боранда күтсек қатып қалмаймыз ба? – деді алдыңғысы.

Тап осы сөзді күтіп тұрғандай, ар жақтан машинаның жарығы жарқ етіп сөнді.

– Машина тұр екен. Жақсы болды. – Дауыстары жарыса шыққан үшеуінің көңілдері көтеріліп, бір-біріне қар лақтырысып жатқан қапшықтың қасына барды.

Жасжан сол тұрғанда аяп тұр. «Біреулер көріп қоймасын деген сақтық ойларына кіріп-шықпайтын мыналар неғылған адамдар?» деп, олардың дауыстап сөйлегендеріне өзінен-өзі күйіп-пісті. Ашудан өзін ұстай алмай, не де болса қастарына барайын деп аяғын алға баса бергені де сол еді. Дуалдың сыртында тұрған машинаның үстіне шыққан адамды көріп кілт тоқтады.

– Мына жел қайтеді-ай? – деп, машинаның үстінде шолақ тонының жағасын көтеріп алып, аяғын тепкілеп, арқасындағы қапшығын түсірген адамға сөйледі. Одан үшеуіне қарап:

– Үстеріндегі фуфайкіден жел өтпей ме? – деді басын шайқап.

Оның сөзіне үшеуі мәз болып күлді.

– Шын аясаң, үстіндегіні шешіп бермейсің бе? – Бойы ұзындауының даусынан Боранқұлов екенін таныды. Мұның орнында басқа біреу болса таңғалмас па еді. Өзіне ісі сай емес, қарама-қайшылықты көрген көзі сенбегендей жыпылық қағып, оны қимағандай таңғала қарады. Комбинаттағы мақтаулы адамның ісі осы болса, сонда кімге сенуге болады? Қапелімде бүкіл болмысын өкініш жайлап алды. Бұл дүниенің алдамшы екеніне енді көзі жеткендей, шынымен арқа тұтар адам қалмағаны ма деп, өзін жапанда жалғыз қалғандай сезінді.

Жасжанның уайымдағанындай бар. Боранқұлов «Құрмет белгісі» орденінің иегері, жасы қырыққа жете қоймаған, комбинатта абыройлы жігіт. Ол бұрын астық қоймасында кезек ауыстыру мастері болып істеген. Ұн цехына ауысқанына екі жылдан асты. Жаңа қапшық арқалаған осының сменінде істейтін Орысбай екен. Енді таныды. Оның әкесі жоқ, аурушаң жалғыз шешесі бар. Жағдайы болмаған соң, оқуды ерте тастап кеткенін біліп, Жасжан оны жасы жетпесе де жұмысқа амалсыз

алған болатын. «Бәсе, жүрген жүрісіне қарап бір өзі қапшық тасып шаршаған екен десем. Әлі армияға жасы жетпеген бала ғой. Не істеп жүргенін біле ме екен? Үлкендердің айтқанын тыңдап, қайда жұмсаса, сонда бара беретін болған-ау! Қарашы, қаршадай балаға қапшық тасытқызып қойғанын» деп, оны мүсіркеп аяды.

– Сөйлейтін уақытты тапқан екенсің. Одан да бізге әкелгеніңді шығарсайшы. Бой жылытып алайық. Сонда сөзіміз жарасады, – деді толық келген орта бойлысы.

– Төкен, қызық екенсің?! Менің автолавкам бардай айтып тұрғаның не сөз?! Бар болса, өстіп бүрсең қағып тұрам ба?

– Біліп едім-ау, бұдан түк шықпайтынын. Осындайда Степанның орны бөлек. – Көрінбей ме дегендей, айналасына қарады.

– Қалай, бала, шаршаған жоқсың ба? – Орысбайдың арқасынан қағып, Боранқұлов үстіндегі фуфайкасын шешті. – Не тұрыс, кірісейік, – деді жанындағы екеуіне.

– Аға, өлесің ғой! – Машинаның үстіндегі жас жігіттің шошынған даусына Боранқұловтың қасындағы екі жігіт қарқылдап күлді.

– Ағаңды шын аясаң, үстіндегі тоныңмен орап отырғызып қойсайшы. – Жаңағы Төкен дегенді Жасжан танымады.

– Біздің Шақарбай боран көрмей жүргендей, сонша неге шошыдың? – Орта бойлы бұл жігіт те көрмеген адамы.

– Шешпесем болмайды. Қолтығы тар, – деді.

Олардың дуалдан қапшықты допша лақтырғанына Жасжан қайран қалды. Бұл жолы ұн ұрлағандарды ұстап, берекет таппасына анық көзі жеткен соң бөгет жасамады. Милиция шақыртып обалдарына қалғысы келмеді. Болмаса қасына күзетшіні ертіп келіп ұстауға да болатын еді. Бірақ ол осының бірін де істеген жоқ. Себебі милицияға ұстатса, соттайды. Өзі ұстайтын болса жұмыстан шығарады. Сол арада Орысбайдың шешесін ойлады. Басқаларының шиеттей балалары бар деп

аяды. Ақырында түк келістіре алмай, іші қыз-қыз қайнап қойды.

Осы көргендерінің бәрі Жасжанға қатты әсер еткені соншалық, өзінен-өзі таусылып, ұн цехына кірген жоқ. Үйіне келгенде жардағы сағатқа қарап, түн ортасынан ауғанын бір-ақ білді. Сол мезетте бір жайсыздықтың боларын сезгендей кеудесі аттай тулап қобалжыды.

Жастықтан басын жұлып алған Сымбат:

– Неге келдің? Білем маған әншейін ғашығыңа ерегісіп үйлене салғаныңды. Бар келген жағыңа... – деді.

Сымбаттың мына қылығы оған көтере алмасаң, қосып арқала дегендей. Онсыз да не істерін білмей, жүйкесі шаршап келгенде, әйелінің жөн-жосықсыз сөйлеген сөзіне ызасы келді.

Жасжан ішінен тынып, түнжырап тұр.

...Енді маған қалғаны осы еді... Жоқ, олай бола қоймас. Келіншегіне не деп жауап қайырырын білмей, өшіге, жауыға қарады. Босағадан аттамай жатып, көрсеткен шәлкес мінезінен шошынғаны еді. «Сырын білмегеннің сыртынан жүрме» деп атам қазақ қалай біліп айтқан. «Нем бар еді бір көргеннен жабысып?» деп сәл де болса сабасына түсіп, өзін кінәлады. «Әу бастан бір-бірімізді түсіне алмасақ, келешегіміз не болмақ?! Бірге қайтып өмір сүреміз?» деп ішінен қайысты. Оның соңғы уақытта жұмысқа шақырмаса бармайтын себебі осы. Сенбі, жексенбі күндері киініп шығып бара жатса, келіншегінің ойында не бары белгісіз, өңі сынып, жабырқай қалады. Кейде комбинатта неше түрлі жағдайлармен біраз айналып қалса, «қайда болдың?» деп сұрайды. Ол бұрын қолы бос уақытта баратын жер таппаса, бүгінде үйден шыға алмай қиналатын жағдайға кезікті. Сымбаттың қызғанатынына енді көзін жеткізді. Үйленсем жағдай түзелер деп ойлаған. Бекер екен. Соған өкініп, өзінің мән-мағынасыз өміріне күйінді. Қырсық соңынан қалмай қойған тағдырына өкпеледі.

Босқа күйінгеніне шыдай алмай, шекесі шыңылдап кеткен Жасжан ауыр күрсінді.

– Екі кештің арасында қайда бардың? Білем, мені алғаныңа енді опынып жүрсің. Әйтпесе осы уақытқа дейін адам жүре ме? – Өзіне-өзі ие бола алмай дір-дір етті. Екі көзінен жас сорғалап, жатқан кереуетінен ұшып тұр-ды.

Ол өзін-өзі қалай ақтай алсын. Азап тозағына түскендей, дүниеде босқа күйгеннен жаман нәрсе жоқ екенін дәл қазір ұқты.

– Неге сен мені босқа күйдіресің?! Жұмысқа бардым. – Ашудан жарылардай болып тұрса да өзін ұстап, таусыла жауап қатты.

Сымбат қалш-қалш етіп Жасжанның қарсы алдына жетіп барды. Кішкене көзі шақшиып, сұрланған жүзі тарам-тарам боп аққан жастан айғызданып, қан-сөл жоқ, бедірейіп тұр.

– Түн жарымнан асқанда неғылған жұмыс? Әлде айтқаныңа сене қоятын мені бала деп тұрсың ба?

Жасжан келіншегінің санасына кіретін сөз таппай қиналды.

– Болды. Таң атсын кетем. Әлі кеш емес. Алдағаныңа көніп, таңертеңнен кешке дейін үй күзетіп отыратын адамыңды тауып ал!

Мұндайды күтпеген ол қапелімде не деп жауап айттарын білмей састы. Бірдемені бүлдіріп алған баладай бір қуарып, бір қызарды. Ұстарамен алдырған тақыр басын қайта-қайта сипалай берді. Ерегескендей, көмейіне кептелген сөз де шықпай қойған.

Бір мезетте:

– Кетсең, қайтып келме! – Ашудан күйіп кетті. Үстіндегі бешпетін де шешпестен төсегіне қисайды. Бүгінгі кештің қат-қабат көріністері қара түнектей тұтасып, кірпік ілмей көз алдынан кетпей тұрып алды. Әсіресе Сымбаттың зәбір көргендей өксіген даусы жанына қатты батты. Өзімнен де бар шығар. Әйтпесе қорлық көргендей, қарадан-қарап жылай ма? «Жұмысқа бармасам ғой, осының бірі де болмас еді» деп, басқа амалы қалмаған соң бар кінәні өзіне жапты. Сонда да басын шыр айналдырған құлазыған ой әбден азаптады.

Жасжан бірінен соң бірі тізбектеліп келген қаулаған ойдан құтыла алмай түнді ұйқысыз өткізді. Үйден күндегісінен де ерте шықты. Күндегі әдетінше бірден цехқа кірді. Жоғарғы қабаттағы бункерден түскен бидайды тазартатын сепаратордан бастап, төмендегі қапшықтың аузын машинамен тігіп жатқан әйелдердің жұмысын көрді. Түнімен ұйықтамаған әйелдер сылбыр қимылдап, жұмыс орнын сыпырып, машиналарының шаңын сүртіп жүр. Желдеткіштің шуылы мен мотордың гуілі құлақты бітеп түк естіртпейтін болған соң, жұмысшылармен бас изесіп амандасты. Олардың өздері үйренген, бір-біріне айқайласып сөйлесе береді. Ауысымда Орысбайдан басқасы әйелдер болып шықты. Шақарбайдың қасындағы түндегі екеуін ақыры кімдер екенін біле алмады. Мастер отыратын бөлмеде істеген жұмысын журналға жазып Боранқұлов жалғыз отыр. Жасжанды көргенде жасы үлкендігін білдіргені ме, орнынан қозғалмай, қолын беріп амандасты. Одан күндік норманы орындағанын білгенде, «қай жағынан да үлгеріпті сабазың» деп ішінен күлді де қойды. «Сменді тапсырғасын кабинетке кел» деп, кідірмей шығып кетті. «Бұларды әзірге үркітпей қоя тұрған дұрыс еді». Есіктен шығып бара жатып жіберген қатесіне опынып қалды. «Жарты тонна ұнды өздеріне алмағаны айдан анық. Осыны ұйымдастырып, басқа жақтан машина жіберіп, үстерінен басқарып отырған адам бар. Соңдарына түсіп, соны табу керек еді» деп асығыстық жасағанына өкінді.

Лездеме біткенде Боранқұлов та келді. Бұл кезде Жасжан айтатын сөзін сабақтап үлгере алмаған. Талайды басынан өткізген жігіттің ұстатпайтынын ішінен сезді.

– Кеше кешкісін жұмысқа келгенімді білдің бе?

– Жоқ. – Айтарын айтса да, күтпеген сұрақ оған қатты әсер еткендей кішкене көзінің қарашығы тынышсыздана қозғалып, Жасжанға жалтақтай қарады. Енді үнсіз қалудың жөні жоғын сезген Шақарбай бастықтың арғы ойын білуге асықты.

– Неге сұрадыңыз?

– Мен келгенде дуалдың сыртында машина тұрды. Мезгілсіз шақта не істеп жүр? Түнде қатты боран болды. Ол жерге қалай келгені де түсініксіз.

– Оны менен сұрағанша, күзетшіден сұрамайсың ба? – деп, Жасжанға қарай алмай көзін алып қашты. Еңсесі түсіп кеткен.

– Сен білетін болған соң сұрап тұрмын ғой.

– Мен цехтың ішінде істеймін, далада емес. – Бұ жолы сөз тауып айтқанына риза болғаны сонша, Жасжанды келеке еткендей жүзіне мысқылды күлкі үйірді.

– Олай болса, сені көргенімді айтсамшы. Оған не дейсіз?!

– Мен ешнәрсе білмеймін, – деді сөздің тоқетеріне көшкен Шақарбай. Бұдан әріге кетсе ушығып кететінін сезген сияқты.

– Қалайша білмейсің? Машинаға өз қолыңмен үн тиегеніңді көрдім ғой.

– Айттым ғой, білмеймін деп. Көрсең неге ұстамадың? – Шақарбайдың түсі өзгеріп Жасжанға безере қарады.

– Шәке, үйтіп қасарыспа. Мен сендерге жамандық ойласам, сол жерде сендерді ұстар едім. Онда жағдайларың қиын болатынын айтпасам да білесің. Соны неге түсінбейсің? Бір қапшық емес, он бір қапшықты төртеуің дуалдан асырып, машинаға салғандарыңды көрсем де мойныға алмайсың ба?

Басы төмен түсіп кеткен Шақарбай қайтып үн қатқан жоқ.

– Өзің орденді коммунистсің, істеп жүрген ісің жат қылық. Қылық емес, қылмыс. Бұл жерде сенің мойныға алғаныңды керек етіп отырғаным жоқ. Басқа айтатының болмаса, кете беруіңе болады. – Жасжан орнынан тұрды.

Комбинатта болған жайларды директор біліп отыру керек деп түсінетін Жасжан ол тыңдасын, тыңдамасын айту міндетім деп санайтын.

Бұл жолы түндегі оқиғаны сырттай баяндап берген Жасжан Алексей Ивановичтің өзіне қабақ шытпай, оң қабақ танытып, таңырқай қарағанын бірінші рет байқап, жақсылықтың нышаны деп жорамалдаған. Бірақ ол бәлесіне мен қаламын деп ойлады ма, көргенін егжей-тегжейіне дейін айтпады.

– Қасыңда кім болды?

– Үйден келе жатып, вагон тиейтін жерден кіргенмін. Ұн цехына жақындай бергенде, бағанадағы жарықтан дуалдың сыртында тұрған машинаны байқап қалдым.

– Олар кімдер, таныдың ба? – Алексей Иванович алдына қарай түскен шашын кейін қайырып, столдың үстіндегі қағаздарын жинастыра бастады.

– Машина мен көргенде жүріп кетті. Барып қарағанымда, қарда жатқан қапшықтың орны қалған, адамдар сол машинамен бірге кетпесе, көзге көрінген жоқ. – Жасжан берген жауабына өзі де риза болмай, өтірік айтқаннан айтпаған дұрыс екенін кеш түсінді.

– Онда маған несін айтып отырсың? – деп Алексей Иванович қабағын шытты.

Жасжан не дерін білмей, үнсіз қалды. «Көрдің бе ұстаған жерін» деп, оның тырыса қалған түріне жыны келді. Бұдан кейін ол цехта баласының арақ ішіп төбелескенін, милиция келгенде қашып кеткенін айтты. Бірақ ол естімеген болып отыра берді.

Жасжан біразға дейін осы жіберген қателігіне бола өзін кешіре алмай жүрді. Есесіне ол өмірдің ыстық-суығын бірдей көріп, шыңдалып келе жатқанын білген жоқ.

* * *

Мун комбинатқа келгеніне үш жыл болды. Осы уақыттың ішінде Ленин орденді бас агроном іскерлігімен көзге түсе қоймады. Ұн цехында құрал-жабдық ескіргенін біле тұра, мамандардан жаңалық енгізуді талап ете алған жоқ. Цехтың істегенінен тұруы көп. Бұл

жүйеден түсінігі болмаса да, ол келгеннен өзімбілемге салып, сыңар тартумен болды. Жұмыстағы кемшіліктерді байқап қалса орынбасарына «не бітіріп жүрсің?» деп шүйлігеді. Техника бұзылып қалса, бас инженерді шақырып ұрсады. Жұмыстың басы-қасында жүріп, көзімен көрген кемшіліктерді болдырмаудың жолдарын іздестіріп, бірлесіп шешудің орнына бастықпын деп үстемдігін көрсетуге тырысады. Осының салдарынан комбинаттың ай сайынғы жоспары да бірде орындалып, бірде орындалмайды. Астық инспекциясынан келіп жазып кеткен акті де абырой әпермеді. Көрсеткен кемшіліктерді дер кезінде орындамағаны үшін жиналыста сөз естіді. Кадр мәселесіне көңіл бөлмеді. Оның орнында басқа біреу болса, жұмыстағы мамандардың бірін алып, бірін шығарып, бірінші маман мәселесімен шұғылданар еді. Сонан соң шешілмей жатқан істің жаңа жүйесін табуға бірлесіп белсене кірісер еді.

Мунның келгеннен көздегені Жасжан болатын. Бірақ оған күші жететін емес. Басқарма бастығының бұйрығынсыз босата алмайтынын білген соң ішінен тынып жүр. Және де жұмысқа жауапты қарайтынына көзі жетті. Алғашқы кездерде оны сөйлеткізбей, бұқтырғысы келген, онысынан ештеңе шығара алмады. Жасжанның басы-көзіне қарамай айтып тастайтын бірбеткейлігі пайдасына тиді. Алексей Иванович содан қаймықты. Оның сөйлегенде сөзден де ұтылмайтыны оған қатты әсер еткен. Соның ішінде өткен қыста екеуінің арасында болған айқайды Алексей Иванович әзірге ұмыта қойған жоқ.

Қай уақытта да комбинатта жұмысшылар жетіспейтін. Қоймадағы астық қыза бастағанда, бір орыннан екінші орынға аударып желдеткізіп тұрған дұрыс. Сонда жақсы сақталып, сапасын жоғалтпайды. Бірін үлгерсе, бірін үлгермейтін қауырт кезең қыс кезінде жиі болады. Бұл уақытта жұмыс көбейіп кетеді. Вагонға астық тиейді. Көктемге әзірлік басталып, күн-түн демей, тұқым тазалайды.

Үш күнге семинарға кеткен Жасжан жұмысқа келген бойында кабинетіне кірмей, комбинаттың ішін аралады. Үшінші қоймада қызып жатқан бидайды тиеп жатқанын көріп, өз көзіне сенбей шошып кетті. Қойма меңгерушісінен Алексей Ивановичтің ісі екенін білгенде, оны іздеп, бас есепшінің кабинетінде отырған жерінен тапты.

– Алексей Иванович, үшінші қоймадағы бидайдың құрты барын біле тұра, неге вагонға тиетіп жатқаныңызды сұрауға бола ма? – деді өзін зорға тежеп.

– Енді саған есеп беруім қалды ма? – Алексей Иванович Жасжанның сөзін жақтырмай қабағын түйді.

– Қалай түсінсеңіз де өз еркіңіз. Бірақ менің білгім келсе, несі ерсі? Айтпасаң да ойың белгілі маған. Ертеңгі күні шу шыға қалса маған ысыра салмақсың. Бірақ мен оған жол бермеймін, – деді даусын көтеріп.

Анатолий Семенович Жасжан келгеннен-ақ, жайсыз бір нәрсенің боларын сезгендей, бірден өзімен-өзі есепшотын қағып, бұлардың сөздеріне көңіл аудармағандай бола қалған.

– Бидайды құртқа неге жегізіп қойдың деп сұрақты мен беруім керек саған, білдің бе?

– Бұл жайында кейін сөйлесуге болатын шығар. Тап қазір вагонға тиеп жатқан бидайды тоқтатқызыңыз. Вагондағы бидайды да түсіру керек.

– Бәрі бітіп, енді маған бұйрық берейін дедің бе? – Қарасұр өңі сұрланып, қарақұрттың торындай суық көрінді. – Мен директор, жауапты мен берем!

– Қалай жауап беретініңізді айтып қойған жоқсың ба? Жаңа ғана ғарыштан келгендей сөйлеген сөзіңіз есімнен кете қойған жоқ. Әлде мені түсінбейтін бала деп тұрсыз ба? Отты сен көсеп, өртті маған өшіртпексің, сонда кім етпексің мені? Қай жұмысты да уақытында қолға алса, бұның бірі де болмас еді. Лездемеде өз білгеніңді істеп, айтқан сөзге құлақ аспай қырсығасыз да, енді кінәліні іздейсіз. Маған құрып отырған қақпан екенін білемін. Бірақ одан ештеңе шығара алмайсыз.

Егер тоқтатпасаңыз, бөлім бастығы Кравчукке қоңырау соғамын.

– Мен директор болсам да, сенің немен айналысып жүргеніңді білмеймін. Өз міндетіңді білесің бе? Қоймадағы астықтың бәрінде құрт бар. Вагонге тиейтін бидай жоқ. – Алексей Ивановичтің арыны басылып, сөзге келейін деген.

– Неге жоқ? Білмесеңіз, Қалдыбековтен сұрамайсыз ба? Бесінші қоймадағы бидай сапа жағынан кондицияға келмейді. Бірақ оны сепаратордан өткізіп тиеуге болады. Диспетчерге вагонды уақытында тапсыра алмағанымыз болмаса, басқа зиян шекпейміз. Ал вагонға тиеген астықтан құрт тауып, бидайды қабылдамай қайтарса, нағыз айқайдың көкесі сол.

Жасжанмен келіспеске амалы қалмаған Алексей Иванович:

– Бар онда, Еркінмен келіс, – деді сызданып.

* * *

Бұл күндері Аркадий Кузьмичтің де жағдайы мәз емес, шықпа жаныммен жүр. Ол ойлағанындай болмай, ескі техника күніге бұзылып мазасын алды. Тыныш ұйықтаудан қалып барады. Уақытпен санаспай күні-түні жұмыста жүргенде жақсы атты болса екен. Цехтың ай сайынғы жоспары бірде орындалса, бірде орындалмайды. Уақытынан асып тұрып қалған вагонның айыппұлы тағы бар. Осының бәрі техниканың артық бөлшектері қоймада болмағанның кесірі. Оның бірін заводқа істеткізсе, енді бірін іздеп тапқанша біраз уақыт өтеді. Бас инженер ілгері қарай ұмтылып, өз бетімен ізденсе, жұмысы жеңілденер ме еді. Бірақ ол қалыптасқан әдетінен айрылғысы келмейтіндей, өндіріске жаңалық енгізуге келгенде тұсаулы аттай кібіртіктейді.

Өмірінде бірінші рет тағдыр тәлкегіне кезігіп, жан азабына түскен Аркадий Кузьмич сырттан келе, қолындағы журналын столға қойды да, оңаша кабинет-

тің ішінде әрі-бері кезіп сенделді де жүрді. Аласа бойлы еңкіштеу денесі әлі ширақ. Шашы ағарса да, маңдайынан қашықтаған жоқ. Сыярға жер таппай күйгелектеп, салалы саусақтарын тарбитып апарып қысқанда сопақ басы шеңгеліне сыйып кетеді. Іштегі мазасыз ойдың әсері әр қимылынан, мінезінен байқалады. Өмірінде бүйтіп күйінбеген шығар. Жаны қиналғаннан уһілей берді. Ішінен тынып, ауыр күрсінген сайын бықсыған кеудесін босатқандай болады.

Оны бұл күйге түсірген бүгінгі оқиға. Степан шкивтен шығып кеткен ременьді кигізіп жатқанда қолын айналып тұрған моторға тигізіп туратып алды. Оның қаны судай ағып, цемент жерде ессіз жатқанын Аркадий Кузьмич көргенде, зәресі қалмай қорыққаны соншалық, содан әлі өзіне-өзі келе алмай жүр. Қанға малынып, сұлық жатқан дене көз алдынан кететін емес. Осыған өзінің де кінәсі барын сезгенде жүрегі тулап, не істерін білмей мазасы қашады.

Қазір Степан ауруханада ажал аузында жатыр.

Енді ол механиктегі техника қауіпсіздігі журналына қол қойған, қоймағанын білмекші еді. Оны таң атқалы мазалаған ойы да осы болатын, соған да зауқы соқпай отыр. Арасында «Степанның жағдайы не болды екен?» деп есіне алып уайымдайды. Ойлай берсе ой көп екен. Соның бірін де ұстай алмай қиналды. «Көптен бері мазам қашып, ұйықтай алмай жүргенім осы екен ғой» дейді. Біресе «Бәрібір мені бұл орынға қалдырмайды. Жұмысты қойшы, соттамаса болды» деп, басына не кіріп, не кетпей жатыр. Бөлмеге Света кіріп тұңғиықтан шыға алмай отырған ойын бөліп жіберді.

– Аркадий Кузьмич, сізді директор шақырып жатыр.

Степан ауруханада есін жия алмастан қайтыс болды. Тексерген комиссия бас инженер мен механикті жұмыстан шығарды.

Аркадий Кузьмичтің орнына бас басқарма бастығының бұйрығымен тағайындалған Алпамыс Жәрдемұлы элеваторда механик болып істеген қолынан

іс келетін маман болып шықты. Бірден жұмысты ұршықтай үйірді. Ол келген күннен-ақ комбинаттың жұмысы жандана бастады. Ұн цехында пневотрубаның бойынан жүрмей, еденде үйіліп жататын продуктыны кішкене тесігіне қайта салып, сменде істегендер ақ тер, көк тер болатын. Енді оборудование тоқтап қалса, деркезінде сигнал береді. Электромотордың қуаты жетпей тұрып қалғанда, үйіліп қалатын астықтан да құтылып жұмысшылардың жұмысы едәуір жеңілденді. Вагондарды да уақытында тиіп үлгеретін болды. Қоймаға да көп өзгерістер енгізді. Жоғарғы және төменгі галереяның бос ленталарын қайтадан тартқызып, түсіп қалған роликтерді қойдырды. Енді лентаның бойынан бұрынғыдай астық шашылып, ысырап болмайды.

Алпамыс Жәрдемұлының бір артықшылығы, қарауындағы адамдарды тәртіпке үйретті. Ішкілікке салынғандарды ауысымға жібермей, күндіз істетіп, өзі бақылады. Жұмысты жан-тәнімен беріліп істейтіндігі соншалық, ұн цехта бригадир болған, енді Волковтың орнына тағайындаған мамандығы техник-технолог Ерқанатқа да сенбей, берген тапсырманы өзі қадағалап тексереді.

* * *

Май айының соңғы күндері болатын. Алдағы жаңа астық науқанына техниканы жөндеуден өткізіп, қоймалардың іші-сыртын тазартып, газацияға дайындық жасап жатқан комбинаттағы жұмысшылар арқаларын кеңге салып, жай қимылдап, біршама уақыт шаң-тозаңнан арылып, «уһ» деп демалатын кезі. Жөндеуге тамыз айында тұратын ұн цехтың түнгі кезегінде вальцевой станогы істен шығып, үйіне таң алдында келген Алпамыс таңертеңгі шайын асықпай ішіп, кабинетіне кірген кезде қызыл телефон безілдеп қоя берді. Трубканы көтерді.

– Лездемеге келмей қайда жүрсің? Маған кел! – деген Мунның шіңкілдеген ызғарлы даусы естілді.

Директордың кейістік білдіріп сөйлегеніне Алпамыс таңданып қалды. Бұрын өзіне риза болғаннан шығар, түсінбей жатқан жұмыстың рет-жөнін сұрап кеңесетін. Әзірге жөн-жосықсыз тиіскен емес. Соған қарағанда маңызды бір нәрсе болған сияқты. Кабинетке кіргенде Алексей Иванович әлдебір қағаздарға қол қойып, түксиген қабағының ызғары сыртына шығып ашулы отыр. Бұл қасына таянғанша басын көтермеді.

– Тыныштық па, Алексей Иванович? Неге шақырдыңыз? – деді Алпамыс оң қапталдағы қара диванға отырып жатып. Директор жауап қайтарудың орнына, қолындағы қаламын ұстаған күйі, қатулы қабағын жазбаған тырысқан қалпында оның бетіне тесіле қарады.

– Қайда жүрсің? Өздерің лездемеге де келмей беттеріңмен кеттіңдер ғой?!

– Түсінбедім, өздерің кім? Мен түнімен бұзылып қалған вальцевой станокты жүргізгенше, жұмыста болдым.

Осыдан кейін директор сабасына түсейін деді ме, әлде Алпамыстың қаттырақ шығып кеткен зор даусының мысы басты ма, басылып қалды. Көгіс тартқан өңі жібіп:

– Шаруа деген шаш-етектен... Қайсысын қолға аларыңды білмейсің. Осындайда көмектеріңді тигізбейсіңдер ме? Бет-беттеріңмен кетіп ұстатпайсыңдар. Есенов қайда? – деді.

– Мен оны жолда көрдім. Келіншегін ауруханаға жатқызуға апара жатыр. Босанатын күні жақындаса керек, түнімен ауырып шығыпты.

– Өз бетімен кеткен деген осы емес пе? Тәртіп қайда? Бір ауыз сөз айтып кетсе болмай ма? – деп, даусын көтеріп сөзге тиек тапқанын пайдаланып арындап кетті. – Техника иесіз қалған дүние сияқты. Қыста қардың астында қалай қалды, сол күйі тұр. Неге бір жерге жинамайсыңдар?

– Олай істеуге мүмкіншілік болып жатыр ма? Жөндеуді далада істеуге күннің көзі ашылмай тұр. Қолдағы бар машина қойма меңгерушісінің қарамағында жүр. Техниканы бір жерге жинай алмай жатқанымыз содан. Бұдан былай бір машинаны слесарьларға бөлу керек. Олар техниканы жөндеу жұмысы жүретін көш жерге өздері қолмен сүйреп апарды. Жарты күні сонымен өтіп, кестеден қалып қойып жатқанымыз содан.

– Онда соған бір күнді бөліп, слесарьлармен жинап ал. Менің айтайын дегенім, – деді директор қабағын жазбаған қалпында, – екі, үш күн жұмыста болмаймын. Бұдан былай науқанға дайындық қалай жүріп жатқанын көруге келетіндер көбейеді. Соған абай бол. Тексерушілер келіп жатса, теріс қабақ танытып қоймаңдар. Арасында жоқтан бар жасайтындар да болады. Ондайлар артына шу қалдырып кетеді, – деді.

Директордың кеткенін күтіп тұрғандай көзілдірікті жігіт ағасы Алпамыспен цех ішінде кездесті.

– Дәу де болса менің іздеген адамым боларсыз, – деді салған жерден Алпамысты көргенде.

– Кімді іздедіңіз?

– Комбинаттың бас инженері – Алпамыс сіз боласыз ба?

– Ия, менмін. – Оның иығына асынған фотоапаратына көзі түскенде тілші екенін бірден аңғарды. Ат жақты, жып-жылмығай дерлік жүзінде бірнеше терең әжім бар. Бұйра самайдан ағара бастаған шашының бірнеше саласы күмістей жылтырайды. Ашық қой көзі күлімдеп қарайды екен. Екеуі майдың шуақ күніне шомылған далаға шықты. Күн нұрына бөленген саялы көлеңкесі бар ағаштар мен көк майса шөптер көзге таныс таңғажайып көрініс туғызады. Жол жағасындағы боз талдарға құжынай қонған торғайлар әрі мейлінше қатты, айқай-шуынан ешнәрсені анық естуге болмайтын, өмірдің шат-шадыман, асығыс дабылы сезіледі. Бейтаныс кісі осынау тылсым дүниенің сырын ішінен ұққандай, айналаға қарап, сөйлеуге асықпады.

– Шаруаңызды айта беріңіз, – деді Алпамыс.

– Атым – Саран. Республикалық газеттен келдім. Жоғарыдағылар биылғы астықтың шығымы мол болады деп жоспарлап отыр. Комбинатқа келген себебім осы. Астық қабылдауға дайындықтарыңды көріп, жағдайларыңмен егжей-тегжей таныссам деймін. Жөндеу жұмыстары қалай жүріп жатыр. Не жетіспейді деген сияқты. Міндетіміз кемшіліктерді ғана жазу емес, көмек те көрсету екенін білгенің жөн, – деп жымыды.

Саран бұл саладан хабары барын байқатып, кестені (графикті) қарап шықты. Сол бойынша ремонт жасаған техниканы электр жүйесіне қостырып көрді. Еңбегі еш кетпей, есесіне көп кемшіліктерді тапты. Бірінің ремені жоқ болса, екіншісінің бөлшектері майланбаған, үшіншісінің моторы жоқ. Техниканың аттарына дейін өзі айтып, неге жаңартып боялмағанына дейін тізіп, бас инженерді сұрақпен біраз қыспаққа алды. Жөні түзу сөзге қалай жауап берерін білмей Алпамыс састы.

Осыған ұқсас келеңсіз көріністі Алпамыстың бұрында басынан өткізгені бар-ды.

...Институтты бітіріп жолдамамен элеваторға механик болып келген алғашқы күндері тәжірибесі жоқ жас маман слесарьлармен бірге жұмыс істеп үйреніп жүрген кезі болатын. Бірде түскі тамағын ішіп келіп, үстіне май-май киімін киіп жатқан кезінде қасына танымайтын қысық көз жігіт келіп:

– Атым – Болатбек. Газеттен келген тілшімін. Басшылардан кеңседе ешкімді таппадым. Егін алқабына совхоздар комбайндарын шығарып жатыр. Соған орай элеватордың науқанға дайындығын көруге келдім. Мүмкін болса шығып сөйлесейік, – деді. – Сенің есіміңді жаңа сұрап алғанмын, айтпасаң да болады, – деді жүре сөйлеп. – Әкең мен шешең Алпамыс деп біліп қойыпты. – Оның ұзын бойлы, кеудесіне қысық көзін ала алмай қараған Болатбек: – Енді бұрыннан таныс адамдай әңгімелессек те болады. Астық қабылдауға

сақадай-сай отырсыңдар ма? Маған жөндеуден өткен техникаларыңды көрсетсең жақсы болар еді. Кестеден қалып қойған жоқсыңдар ма? Машина көтергіштерің қанша? Олардың бәрі де істей ме? Техниканың қанша пайызы жөндеуден өтті? Егін орағы басталуға аз-ақ күн қалды. Үлгересіңдер ме? – деп, сұрақты бірінен соң бірін жаудырды.

Алпамыс оның берген сұрағының бірін де түсінбеді. Кестенің не екенін де білмей әбден састы. Одан мардымды жауап ала алмаған тілші ақыр аяғында өзі де шаршады. Есесіне элеваторды сынап, кем-кетігін мінеп жазған мақаласы газетке жарияланды. Артынан ауданның бюросында қаралып, директорды орнынан ала жаздаған. Осы бір оқиға күні кеше болғандай есінен кетпей жүретін.

Міне, сол күн еш өзгеріссіз қайта оралып келе қалғандай. Одан айырмасы, бүгінде ол – өз жұмысын жетік білетін маман. Тілшіге сөз қайтара алмай өңі күреңітіп кетті. Осының бәрі жұмысқа салақ қарағанның кесірінен деп өзін сөкті. Әйтпесе осы олқылықтарды өзім де байқамас па едім. Сол мезетте механик есіне түсті. Тынысы тарылғандай тамағының желбезегі бүлкілдеп қоя берді. Соның кесірі... Жөндеуден өткен техниканы тексермей, ол қайда қарап жүр. Оны жеп қоярдай, жан-жағына жауыға қарады. Қабағы түйіліп көзі ұшқындап от шашады. Тап қазір еш нәрсенің барқына бармай, көзіне түссе түтіп жіберуге бар еді. Ерқанаттың бағы бар екен, көрінбеді. Сәл саябырсығанда өзі кінәлі екенін түсінді. Механиктің тәжірибесі азын білгесін, оны баулып үйретудің орнына, қайда да бір өзі билеп-төстеп, оған жұмыс істеткізбей жүргенін енді ұқты. Жіберген кемшілігін мойындамасқа амалы қалмай, райынан қайтқан.

Бар айтқаны:

– Кінә бізден, – деді. Не деп жауап қайтарарын білмей, абдырап қалған көңіл шықпа жанмен бірдей екен. Оны да басына түскенде білді.

Болған жайды естігенде Мунның жүзі күйген бидайдай қарайып, түтеп кетті:

– Абай бол деп мен саған айтқаным қайда?! – Ашулы даусы шіңкілдеп, шап ете түсті.

Бірақ оған Алпамыс саспады.

– Алексей Иванович, болары болды. Ашуыңды бас, – деді, жүзіне күле қарап.

– Алдыңдағы бес-алты техниканы жөндей алмай жүріп, күлкі не керек?! Науқан қарсаңында шаш алдесе, бас алатынын білесің, – деп Алпамысқа тыжырына қарады.

– Бұныңыз қалай? Маған жиіркене қарағандай не істедім? – Түкке түсінбегендей жәй ғана. Оның қоңыр үнінде кекесін бар еді. Сол мезетте жанып алған пышақтың жүзіндей зығырданы қайнады. – Ендеше, бұл жерде еститін ешкім жоқ, жасыңыз үлкен болса да, сөзімді бөлмей мені тыңдаңыз.

Алпамыс сөйлеп кетті.

– Басқалардан бұрын сіздің жүйкеңіз орнында болу керек қой. Неге десеңіз, комбинатқа басы ауыратын адам тап сіз құсап жүрмейді. Күн ұзақты кабинетіңізге бір-екі рет бас көрсеткеніңіз болмаса, қайда жүргеніңізді жан адам білмейді. Жұмысқа барып келгенге іс тындырдым деп ойлайтын шығарсыз. Сөздің шындығына жүгінсек, қай қоймада не жатқанын білмейсіз. Себебі қоймаға бас сұқпайсыз. Осыным өтірік деңі. Өткенде анау, түнімен ит болып, не демалыс жоқ, не ұйқы жоқ, жұмыста жүргенде, қайда жүрсің деп сөйлеп жатырсың. Әлде менің күні-түні жұмыс басынан кетпей, қайтсем кем-кетігін орнына келтірем деп, жағаласып жүргенімді білмейсіз бе? Аты бар да сапасы жоқ ұн цехы кәзір қалай, бұрын қалай еді? Ай сайын нормасын орындап тұр. Қоймада шашылып, төгіліп жатқан бұрынғыдай астық ысырап болып жатқан жоқ.

Алексей Ивановичтің бір уыс бет-аузында қимыл жоқ. Басы төмен түсіп, алдына түскен шашын қайыруға да шамасы келмей, ауыр сөздің салмағы оның еңсе-

сін езіп тастағандай. Тұла бойы сіресіп, қозғалуға да шамасы келмеді. Тек көзінің ішіндегі қарашықтары қимылдайды.

Неге екенін кім білсін. Алексей Иванович о бастан-ақ Алпамысқа қарсы сөйлеуден қашқақтайтын. Даусын көтермей, жәй сөйлесе де, ызғарын сездіртіп бетің бар, жүзің бар демей айтып салатынынан қаймығатын болар. Кейде директордың жұмыс бабында онымен ақылдасатыны да өзгелерді қайран қалдыратын. Іскер жігіт коммунист болғасын амалы жоқтықтан кеңесетін болар деп, кейбіреулер өздерінше білгішситін. Комбинатта коммунистердің саны аз болғасын ба, басқа кәсіпорынның коммунистерінің есебінде тұрады. Сондағы партком хатшысы Бахитовты денсаулығына байланысты орнынан алғанда Алпамыс Жәрдемұлын сайлады. Оның директорға тілін батыра қаймықпай сөйлейтін бірден-бір себебі осы да шығар.

Алексей Иванович бекер ашуланбаған екен. Арада екі демалыс өткенде «Социалистік Қазақстан» газетіне Болатбек Борановтың «Кім кінәлі?» деген мақаласы жарияланды. Тілші өткір тілін арадай қадапты. Комбинатта көрген кемшіліктерін жазып қоймай, онымен бірге облыстың астық өнімдер басқармасының көрер көзге көзбояушылық жасап, тексермей, түк етпей, дайын ақпарат беріп отырғанын қатты сынға алған. Оған қоса әлі күнге дейін жөндейтін техниканың бөлшектері жетіспейтінін, жөндеуден өткен техниканың электромоторы жоқ. Онымен қалай астық қабылдай алады депті. Осы шыққан мақаланың артынан басқарма бастығымен бірге комбинаттың директорын министрдің коллегиясында қарап, қатаң сөгіс берді.

Осымен екінші рет тілшінің кесірінен жаманатқа қалғаны Алпамыстың есінен өмір бойы шықпайтындай болды. Алексей Ивановичпен арадағы болған әңгімеге де көңілі толмай, артық кеткен сөзіне қысылып жүргенде, оны жоғарыға шақыртып, қатаң сөгіс бергенін естігенде, өзінен-өзі қысылып сасқанынан директорға «Өз

өтінішім бойынша жұмыстан босатуыңды өтінемін» деп арыз жазып берді.

– Не болды?! – Директордың даусы оқыс шықты. Оның таңданғаны ма, әлде шошығаны ма түсініксіз.

– Алексей Иванович, сіздің бетіңізге қарауға ұялам. Өткенде сізге артық сөз айтқаным үшін қысылып жүргенімде менің кесірімнен сөгіс алдыңыз. Бұл аз ба?

– Соған бола жұмыстан кетпексіз бе?

– Иә.

– Бала болма! – Қолындағы қағазды қақ бөліп жыртты.

Алпамыс абыржулы күйі далаға шықты. Қарсы алдында келе жатқан Жасжанды көргенде:

– Күйеу бала, қайда жоғалып кеттің? – деп, бойындағы жайсыздықты білдіртпеуге тырысты. Аңада келіншегімен ауруханаға кетіп бара жатқаннан кейін көріп тұрғаны оның.

– Ауырып қалып, ауруханаға жаттым. Ертең жұмысқа шығам.

– Сен үйтіп жалқауланба. Сендей күнімізде аурудың не екенін білмейтінбіз.

– Ағасы-ау, ауру адамның жас-кәрісіне қарай ма? Саған келе жатыр едім, алдымнан кездескенің жақсы болды. Кешке жұмыстан шыққан соң жеңгейді ертіп үйге кел. Қарындасың босанды, естіген шығарсың. Бекнұр деген бөпеміз бар.

– Құтты болсын! Жаңалығың жақсы екен. Жеңгенді ертпей, өзім барсам болмай ма?

– Бұл сөзіңді қалай түсінуге болады? Жеңгемізбен ұрысып қалғаннан саумысың? Әлде сорайған бойыңды көрсетпексің бе? Күнде көріп жүрген бойың бізге таңсық емес. Абеке, дұрыс айттым ба?

– Күйеу бала, осы сенің тілің-ай! Бойда тұрған не бар, ми болмаса, – деді күрсініп.

– Абеке, сізден сұрауға бола ма?

– Әрине.

– Неге көңілсізсің?

– Оны қайдан білдің?

– Ойдан шығарып тұрған жоқпын. Шын айтам. Адамның көзі айна емес пе. Өңіңізде әлденеге қобалжу бар.

– Түбінде сенен бірдеме шығады. Осы сөзімді ұмытпа, бала.

– Сонымен... Жалтармай жауап береді деп күтіп тұрмын.

– Сонда саған не деуім керек? Менде бәрі дұрыс. Одан да комбинатта не жаңалық бар деп, бірден жұмбақтамай сұрамайсың ба? Сол ғой білгің келіп тұрғаны. – Айтарын айтса да, қайдам айттымға қалып, демде ұзын кірпіктері ауыр қозғалып, қабағын кіржитті. Көз алдына келеңсіз көріністер қайта оралып, тұйыққа тірелген осы сәтте оның ағынан жарылуға намысы жібермеді. Жасы кішіге үлгі боларлық өнегелі іс болмаған соң, асыққан сыңай танытып жалма-жан қолындағы сағатына қараған.

– Енді болмағанда кешігеді екенмін, – деп, қайрылмай жүре берді.

Қас пен көздің арасында «бұған не болды?» деп, Жасжан түкке түсінбей оның артынан таңырқай қарады.

* * *

Күн бұлт еді. Тымырсық бусанған тыныштық болатын. Жасжан төңірегіне таңырқай қарағандай жай басып, есігі ашық ең шеткі қоймаға келгенде ішіне кірерін де, кірмесін де білмей, есіктің табалдырығынан әрі аспай тұрып қалды. Қара көлеңкеде жұмыс істеп жатқан ешкімді көрмеді. Астықтан босаған қойманың ішінен сыз тартқан иісі болмаса, іші тап-таза. Шаң басқан жарда ағарып, әктегені көрініп тұр. Енді тек ашық тесік жерлерін сылап бітегеннен кейін қойманың ішіне улы газ жіберіп, астық құртынан тазартады. Бір жерінен ақау тапқысы келген адамдай, ішке көзбен үңіле қарап тұрғанда артынан келген адамды байқамады. Дауыс шыққанда барып селк етті.

– Бұл жерде неғып тұрсың? Біреу келетін бе еді? Мен онда кетейін. – Оксана жарқылдай күліп, оның қолынан ұстады.

Жасжан оған телміре қарап үн қатқан жоқ. «Көрсем есім ауып, өзіне қарай бергім келеді. Осының несі бар. Бұрын бойдақ болған соң қызыққан шығармын. Ендігім не? Қарасаң көз тоймайтын, нағыз көздің құртын жейтін сұлу екен ғой. Жан пендеге бермеген сұлулықты бір өзіне аямай бергенін қарашы. Жұрттың сөзіне сенсең, күйеуі былжыр біреу дейді ғой. Ең жігіттердің ішінен қалай кезікті десеңші. Бұған қарамайтын жігіттер бола ма екен. Адамдарды осылай адастырып қоятынына түсінбеймін».

– Жеті қабат көк жүзін аралап жүргендей, ой шыр-мауына қамалып лағып тұрсың ғой. Сөзіме құлақ аспайтындай не жаздым, айтшы?! – Оксана ұстап тұрған қолын сілкіп қалды.

– Дұрыс айттың. Ойға беріліп кеткенім рас. Оның несін жасырам? Оған кінәлі де өзіңсің. Білгің келе ме? Осындай сұлу келіншекті күйеуі қызғанбай, жұмысқа қалай жібереді деп таңданып тұрмын.

– Сөйлеуді бір кісідей сөйлейсің-ау! Бірақ соған ісің сай емес.

– Қай ісімнен кемшілік таптың?! – Жасжан қызарқтап өзеурей түсті. – Келеке етіп тұр деп ойлама. Естіген құлағыңа сен, шын сөзім. Енді маған айтқан сөзіңді жұмбақтамай түсіндірші.

– Олай болса, қасыңда тұрған жоқпын ба? Сөзіңе ісің сай болса, көрсетші жігіт екеніңді. – Оксана Жасжанның қолын қатты қысып, алақанын кеудесіне басты. Сәл демігіп барып, көзін жұмды. Сонан соң шалқалап күлді-ай дейсің...

Жасжанда ес қалмай, оның күлкісіне құмықты. Оңашада қысылып, қымтырылмай, емін-еркін шаттана күлгесін бе, таң шұғыласындай жарқырап, гүл-гүл жайнады. Қас пен көздің арасында болған осы бір құбылысты қалай ұғынарын білмей, еріктен тыс сиқыр-

лы күштің әсеріне таңданбасына амалы қалмады. Әсем жаратылған бітімі көз шарасына сыймай, басы айналды. Қуыршақтай құлпырып, көркі гүлдей үлбіреп тұр. Жаратылысына қайран қалды. Үні де хрустальдың сыңғырлағанындай, тым нәзік, тым жіңішке. Бұрын соңды болмаған құмарлық өн бойын билеп алғандай. Аласұрған беймағлұм күймен сондай бір шаттық сезімге бой ұрды. Онымен қоймай, бар болмысы бірге толқыды. Осындай сәтте қалай аңсарың ауып құла-масқа?! Еркінен айрылғандай, күш кеткен. Оған тек ара тұрар соқыр сезім керек. Әне! Не деген құдірет! Ауада ілініп қалғандай жаңғырығып қайта естілді. Құдды өзін арбап тұрғандай, азапқа түсті. Жасжан өзін танудан қалып, жан дүниесін қинады. Уысыңа сыйып кететін-дей осындай нәзік жанды өмір бойы көтеріп жүрсең де жалықпассың деп қиялдады. Бір бойында бәрі бар. Бір міні жоқ. Үнімен арбап, көркімен алдайтын сиқыры бардай онымен бірге дүниенің қиыр шетіне барудан тайынбайтынын іштей сезіп, бақытқа кенелгендей күй кешті. Әр сәт үнімен де, көркімен де құлпырып тұратын жаратылысы да жұмбақ. Құдды ертегідей. Өшпестей есте қалдырғысы келді ме? Оны жеткізе суреттеуге күші жетпей азаптанды. Бұл шексіз сұлулықтың белгісі деп түсінді. Әлі де сан түрлі сағымға оралып тұра берер ме еді? Осы арада Оксананың шалықтай күлген күлкісі тиылып, аспан түстес көкшіл жанары өзіне инеше шаншыла қадалғанда есін жиды.

Оксана оның қолын кеудесіне басып әлі тұр. Ұлпа қардай аппақ жүзі бал-бұл жанады. Ішкі түйсік сезімнің ең қарапайым жолын таңдағандай тілсіз ұғындырып, Жасжаннан екі көзін ала алмай, телміріп қарап қалған. «Тап осы сәт оның бір ауыз сөзіне зар болып тұрғаны айдан анық. Сәл жылы лебізін жігіт білдіре қалса, құшағына өзі-ақ кіріп кетері даусыз. Дегбірі қашып шақ тұрса да, бірақ оны намыс құрғыр жіберер емес. Осы күнге дейін өлердей үзіліп күй кешкен сыры беймәлім адамның қазіргі көрінісі жан дүниесін

шиқандай ауыртқаны соншалық, көрген көзіне сенерінде, сенбесінде білмей әрі-сәрі. Ол бұрын мұндай суық, мұндай тәкаппар болған емес. Жанған оттың жалыны іспеттес жанарында өн бойыңды бірден билеп алатын жылы лебізбен қоса ыстық ілтипатты сезетін. Онда қазір сол жоқ. «Өмірде мұндай да жұмбақ адам болады екен-ау!» деген ой басынан ұршықтай үйіріліп кетпеді. Қашанда ойлағаны алдынан шыға қоятын сұлу бикештің әрдайым жайсаң сәттерге кезігіп үйренгендігінен болса да, мына бір жігіттің оғаш қылығы қатты соққы болды. Айла-шарғысы мол келіншек көргенінен көрмегені әлі көп екенін осы жолы түсінді. Намысына тиген қолайсыз жағдайға көңіл бөлмеуге тырысты. Дегенмен жаратылысы ашық жанның шыдамы ұзаққа бармады. Бір ғана «мысқыл» ойға бола, неге болса да көнетін сыңайын байқатты. Әйел басымен өзі жабысып, одан айрылмай тұрса да, қайыстай қатқан жігіттің елең етіп икемделмегені қайран қалдырды. Қашанда алдынан ойлағанындай бола қоятын жайсаң сәттерге кезігіп үйренген сұлуға шаншыған сыздауықша әсер етті. Бірақ қолынан келері жоқ. Бұл оған күтпеген жаңалық еді. Қапелімде көгілдір аспанның шырқау биік әлемінде ұшып бара жатқан тырналарға ұқсаған неше түрлі сырбаз жігіттердің мүсіндері көз алдына тұра қалғанда, солардың бірі де мына қазақтың өр кеуделі көкірек мінезіне сай келе алмайтынына таңданған.

– Не болды саған? Мен көріп жүрген Жасжанға мүлдем ұқсамайсың? Бір ауыз сөз қатып, ыстық лебізіңді білдірші маған. – Үні үздіге шыққан Оксана жігіттің мойнына қолын асты.

– Сонда не деуім керек?!

– Шынын айтсам, сенің даусыңды сағындым. Сен менің түсімде де, өнімде де, қала берді күндіз-түні өзіммен бірге қалмай жүресің. Осы күйге келтірген өзің екеніңді біліп қой. Сенің маған айтқан көп те емес, бір ауыз сөзің жанымды күйдірді. Мен оған мән бергім келмеп еді. Ерсі де болса айтайын, әйел адам көңілі құласа жаман.

Шамам жетпеді. Ақыры жүрегімді жаралап тындым. Сенесің бе осыған? Айтшы. Маған ешкім жүрек жара-лайтындай сөз айтқан емес. Бәріне көнем, құлың болуға жарасам болды. Тек осы жерден кетсек екен. Тілегім осы. Менің жан дүниемді түсінші! Ақын болсам, бар жырымды саған арнар едім. Қанша жазсам да оны тауыса алмасым да ақиқат. Өйткені күнде өзгеріп, күнде түлеп, сиқыры бар адамдай көрінесің. Біле білсең мен үшін сенің бір мүшең емес, тұла бойың тұнған жұмбақ жансың. Әр мүшең сырға толы. Сені алғаш көргенімде жүрегім қарадан-қарап ойнап кетті. Не деген құдірет! Ойлашы өзің. Сол сәтте сенен қорыққан екен деп ойлама, әсте олай емес. Менде бұрын болмаған құбылыс еді. Не болғанымды өзім де түсінбедім. Алдымда қара торы жүзің күлімдеп, жанарың рауандап атқан таңдай боп нұр шашты. Маған бірден осылай әсер еткенде, ғажап жаратылысыңды содан түсіне бер. Қазір де көріп тұрсың ғой, қалай азап шегіп тұрғанымды.

Оксананың бұлбұлша сайраған даусына шаттанған Жасжанда ес қалмады. Сан түрлі әсерге бөленді. Қазір ол дүниенің ең биік шыңына шығып тұрғаннан кем болмады. Іштен шыққан өз деміне еріп балқып бара жатқандай. Сөйлейін десе, келіншектің жанған оттың ыстық жалынындай деміне шалығып, көмейіндегі сөз іріп кеткендей, үні шықпады. Денесі көсеу жұтқандай икемге келмеді. Не істерін білмей қатты састы.

Адамға бақыт берейін десе, түк қиындығы жоқ екен. Жасжан осылай болады деп ойлап па? Қазір ол аспандағы жұлдызын уысына ұстап тұрғандай, шаттыққа бөленді. Адам айтса сенгісіз бақытқа мастанғандай, көңілі шалқып, теңіздің асау толқынындай толқыды.

Оксана жігіттің бетіне бетін тақады. Алаулаған ыстық бойын билеген жігітте ес қалмады... Бір кезде ардақты аяулысы болған құсы емес пе? Сезім торлаған қуанышында шек жоқ. Әлі де елеске санап, айран-асыр күй кешкен сәтте бұлт жайлаған күн көзіндей түсі кілт өзгеріп шыға келді. Кімді ұнатқанын түсіне алмай,

басқа біреуден емес, өзінен жиіркенді. Бұрын бойына бітпеген жат қылығынан қатты ұялды. Бірақ не істеп қойғанын түсінбеді. Ол өзінің бойындағы пәк сезімін ардақтай білетін. Содан да аспандағы айдай көрген періште өзін тудай жоғары көтеріп, қастерлей алмағанына өкініп, әлі де сағым құшағының тәтті қиялынан шыға алмай тұрса да, арман боп жүрген асылы осы сәтте оған сүреңсіз суреттей көрінді. Жасжан іші осылай дейді. Жан дүниесі періштедей таза Жасжан не істерін білмей, екіұдай сезіммен жанталаса қиналды.

Оксана ойлаған мақсатына жеткен қамкөңіл адамдай, жігітті құшақтады. Қысылып, қымтырылмағанынан-ақ, көл-көсір қуаныш үстінде екені көрініп тұр. Бойының қысқалығына да көңіл бөлмеді. Тамағынан сүйді, оған да қанағат тұтпады ма, өкшесін көтеріп ерінге жабысты. Ойына келгенін істеп, Жасжанның кіндік түбіне қолын жүгіртті. Сол кезде құрысқан ойдан құлан-таза жазылып, жастық жарастықпен келіншекті белінен қапсыра ұстаған жігіт шыр айналды.

Оксананың көкшіл жанары көгілдір аспанмен астасып жатқандай, ерекше нұр шашады. Ақ сазандай аппақ дене ақша қардай көз қарықтырып, әлі тая қоймаған құлын мүшесі бұлт-бұлт ойнайды. Жас келіншек ойыны қанбаған жас баладай еді. Жасжан болса жат ойдан құлан-таза айығып, оның ойынан шығуға тырысқандай, бәйек болды.

Жас шыбықша бұралаңдаған келіншектің қыпша белінен қысып ұстаған жігіт мейірлене аймалап сүйді... Екеуі де қыл үстінде тұрғандай қимылсыз. Тілсіз ұғысқан тылсым тыныштық. Енді қайтып келмейтін минуттік сәттен өкінбейтіндей, алмасын алып қалуға ниеттері бардай, балдай тәтті құмарлықпен әрекетке көшіп, ашөзектеніп барады. Сәл кешіксе құр қалатындай, жанталасып жатқан іс-қимылдарына көз ілеспейді...

Адамның сезім мүшесі де жұмбақ. Бастапқыда қарадан-қарап қобалжыған Жасжан біреу оқыстан ине сұғып алғандай бойы дір етті. Сол кезде соқыр сезім де-

меуімен Оксананы құшағынан босатып, басын көтерді. Қарсы алдында қаққан қазықтай қақшиып Сымбат тұр. Төбе шашы дір етіп, жүрегі тулап қоя берді. Көзіне сенерін де, сенбесін де білмей, көзін бір ашып, бір жұмып қайта қарады. Сол күйінде келіншегін қайта көрді. Бұрын келіп көрмеген комбинаттың ауласының ішінен қалай тапқаны белгісіз. Таңдануға да мұршасы болмады. Байқаусызда көздер ілікті. Мір оғындай кішкене көздері түйіліп, кеудесінен өтіп кететіндей суық. Қимылдауға да мұршасы болмай, мұз боп қарыған денесі сіресті де қалды. Қабағын түйіп, басын төмен иді. Қарауға бет жоқ. Осындай да жан азабы болады екен-ау! Қашанда арашаға дайын тұратын ар да тұман арасынан адасқандай жан кешкен. Мені араластырма, істеген ісіңе жауапты өзің бер дегені шығар. Осындайда аузына алуға болмайтын істеген қылығына өкініп, өзін жер-жебіріне жеткізе сөккен де жақсы екен. Сонда мына азаптан құтылар ма еді. Оған шамасы келмеді. Дәл қазір соны ұқты. Осылай болғанда ғана жеңілденетіндей сезді ме, кім білсін. Бірақ ол да кеш еді. Намысы аяққа тапталды. Одан да жердің тесігі болса кіріп кеткен дұрыс еді. Енді оған қай бетімен қарай алады. Бұндай азап ешкімнің басына түспесін. Сымбаттың алдында бұрынғының бірі жоқ. Кекірейген кескіннен айрылған. Күні кетсе мүсәпір болу оңай екен. Мені кешірші деп жалбарынып тұрғандай. Демде екі иығы солбырайып, кеудесі түсіп, бейшара жанның күйін кешті. Арпалысқан екіұдай ойдың ақ-қарасын шешуге де жігері жетпеді. Арсыздық бойына бітпеген жанның бірі емес пе. Қалай ақталсын. Бетіне жағылған қара күйе ақталғанмен кете ме? Тілеп алған аурудан дүниеде ауыр ешнәрсе жоқ екен. Соны басына түскенде біліп тұр. Адам болып жаратылғаннан бері қатыгез өмір кімге аяушылық жасаған. Бұл да соның бірі шығар. Сымбат болса күшіне мініп, жауын көргендей бедірейіп тұр. «Өзіңе сол керек» деп табалап тұрғандай, «мұндай да опасыздық болады екен-ау» деп таңданып тұрғандай, кеудесін көтеріп, кекірейіп «әлі де

өз кескінін көріп, өзінен-өзі жиіркенсін» деп тұрғандай сөз қатуға асығар емес. Солай көрінді ме?! Әлде өзінен-өзі мүжіліп, жан азабы оны да қинап тұр ма екен?!. Біреудің ішіне кім кіріп көрген...

Оксана ешнәрсе болмағандай, қопырап кеткен шашын жөндеді. Крепдешин гүлді көйлегінің етегін қақты. Күлімдеген көкшіл жанарын Жасжанға қадап:

– «Ойыннан өрт шығады» деген осы, – деп, қарап тұрмай жатқан жыланның құйрығын басқан келіншек түк болмағандай сықылықтап күлді.

Сымбат басына тартқан қызғылт түсті орамалын қолына умаждап, қайсысынан өшін аларын білмей, әлі өзіне-өзі келе алмай тұрған. Оксананың күлген күлкісі оның қытығына тиіп, жанын осып кеткендей әсер еткені соншалық, жынын қоздырып, терісіне сыймай күйінді. Өзіне есеп беруден қалды. Ашу бірден басына шапты. Бес-алты қадам жердегі орыс келіншекке екпінмен қалай барғанын да байқамады.

– Салдақы! Күлесің, ә... – деді безірейіп. – Ойнасаң қандай болатынын көрсетейін саған, – деп, басына жармасты. Оксананың шыңғыруға шамасы келмей, бірден естен танып жерге құлады.

– Мә, ал! Оның саған шашы да алтын шығар. – Қолында қалған бір уыс шашты Жасжанға қарай шашып жіберді. – Анауыңды тұрғызып алмайсың ба? Бетсіз! – Күйеуінің бетіне былш еткізіп түкірген Сымбат аяғын тез-тез басып жүріп кетті.

«Жүре берсең, көре бересің» деген, Жасжан өзінің кінәсін мойнына алған баладай, әйелінің жүзіне қарай алмай, басы салбырап тұра берді. Бетіне шашыраған түкірікті де сұрткен жоқ. «Менен білместік болды. Бәріне көндім, мені кешірсен болды» деп сынай танытқанын сездіргендей. Еркек намысына тиген Сымбаттың мына қорлығына іші күйсе де шыдап бақты. Шыдамағанда қайтсін?! Әйелінің шайпау мінезі өзіне аян. Бір ауыз тіл қатса, бәлеге қалатынын біледі. Жұрт алдында қарабет сонда болады.

Осы уақытқа дейін баласы болмаған Оксана сегіз жыл отасқан күйеуін тастап, Бішкекте тұратын апасына кетіп қалды.

Жасжан қонақтарын шақыруды кейінге қалдырып, Сымбатпен қалай татуласудың жолын таппай басы қатты. Шешесінің ыңғайына қарап, балалары да әкесіне жоламайтынды шығарды. Бұл оған қатты әсер етті. Сүйтіп жүргенде астық қабылдау науқаны басталды. Түс кезінде де тамақ ішуге уақыт таппайтын кез еді.

* * *

Анатолий Семенович Антоненко столына шын-тақтай отырып, оң жағындағы терезеге қадала қалыпты. Столға еңкейіңкіреген кең кеудесі, басын тіреген жуан білегі денесінің зорлығын білдіріп тұр. Терезенің алдында тұрған екі әйелдің шаңқылдап шыққан дауыстарына таңданғандай, демін ішіне тарта кеудесін көтерді. Темекісін тартып ойланып отырғанда Надежда Сергеевна енді. Бас есепші оны көргенде басын шайқап жымиды.

Сол жақ қапталдағы отырғышқа отыра берген Надежда Сергеевнаға столының үстінде жатқан қағазды беріп жатып:

– Мына қағаз менің столыма қалай келді? – деп сұрады.

– Аанада келген алпыс куб елулік тақтайдың қағазы ғой. Жанар біліп қойып айқай шығарып жатыр.

– Сонда не дейді?

– Сотталып кетер жайым жоқ дейді.

– Бұл Петр Ивановичтің жұмысы емес пе? Ол қайда жүр?

– Ол да Жанардан қорқады.

– Онда Жанармен өзің дұрыстап сөйлессейші. Сол да сөз болып па?

– ?!

– Надежда Сергеевна, неге қиналдыңыз?

– Анатолий Семенович, байқайсыз ба? Барған сайын адамдармен жұмыс істеу қиындап бара жатыр. Андрей

Васильевичтің тұсында бір ауыз артық сөз болатын ба еді. Білсе де тіл қатуға шамасы келмей, айтқаныңды бұлжытпай орындай қоятын. Қазір оның бірі жоқ. Бетіңнен алып шыға келеді. Онымен де қоймай қорқытатынын қайтерсің.

Анатолий Семеновичтің жаратылысы тұйық адам. Соған қарамай біреу қуып келе жатқандай еңтігіп, екпіндеп сөйлейді. Бірақ күйгелек, ашуланса, қаны бетіне шауып қызарып кетеді. Сөзге үйірлігі жоқ. Комбинаттың жиналысына да көп қатыса бермейді. Жиналыста бас есепші болып сөйлеген де адам емес. Оның бір кемшілігі – кассадан ақша бергізбейді. Тағы бір таңғалатын жай – оған Надежда Сергеевнаның айтқаны заң. Не десе де көне салады. Екеуінің араларында қандай құпия барын ешкім де білмейді. Оңаша әңгімелесетін кездері де жиі болып тұрады.

– Соны білсең, мұндай іске барудың керегі жоқ. Бір есептен оныкі дұрыс та шығар, сақтанбаса болмайды. «Сақтықта қорлық жоқ» дегенді естуің бар ма еді? Ендеше, бұдан былай ондайға бармаңыз. Өткендегіңіз анау, қызған астықты лаборантпен келісіп алдыртыңыз. Сонда маған айтқаныңыз қандай жақсы болған. Басым ауырғасын, кішкене таза ауада тұрсам жазылар деген үмітпен есік алдына шықтым. Қойма жақтан бір нәрсенің дырылдаған дыбысы естілгесін барсам, лентадағы астықты тарта алмай айналған мотордың ремени. Қажалғаннан күйген иісі шығып түтіндеп жатыр. Соңынан ашқылтым иіс мұрныма келді. Қабылдаған он машина су бидайдан келген иіс екенін бірден білдім. Қас қылғандай қойманың қақ ортасындағы есікке таяу жерге түсіп жатыр. Сол бойда Еркін қойманың астындағы тесігін ашып, құрғақ бидаймен араластырып жіберді.

– Сол күні Жасжан жұмыста болғанда бәлеге қалатын едік. Абырой болғанда «құпиямызды» білген жоқ. Бір жолға сақтады, – деп күлді маңдайына түскен шашын самайына қыстырып жатқан Надежда Сергеевна.

– Осы сендер одан неге үркесіндер, түсінбеймін. Бәрің де Жасжаннан қорқасыңдар, ол сендерге қандай жамандық істеді? Мен білсем, ондай арам ойдан аулақ, сондай жақсы жігіт, артық сөзі жоқ. Біреуге қиянат жасауды білмейді. Бір машина астықпен Генаны ұстағанда түк те істемеді ғой. Одан бері де ұрлық істеген қаншама адамдарды ұстады. Соларға не істеді? Ең болмаса жұмыстан шығарса екен. Оны да істемеді. Адамдарды тәртіпке шақырғанның несі жаман? Бірақ ұрлыққа жаны қас, сонысы ғой сендерге ұнамайтыны.

– Осынша байлықтың ішінде отырып ішіп-жемесең не керек мұнда жұмыс істеп?! – Надежда Сергеевна оның сөзін жақтыртпай қалды.

– Онсыз да күнелтуге болады ғой.

– Қолда барда пайдаланып қалу керек. Анатолий Семенович, саған болады. Екеуіңіз де жұмыс істейсіңдер, қызың болса тұрмыста. Біздерге бір айлықпен күнелту қиын. Қоралы жанбыз. Қыз күйеуінен айрылып, екі баласымен үйде отыр. Одан кейінгі екі ұл оқып жатыр. Әкем мен шешем тағы бар, – деп, Надежда Сергеевна мұңын шақты.

– Адамға қанағат керек. «Өзі тойса да, көзі тоймайды» деген содан қалған. Қайткенде де сендердің бұларың дұрыс емес. Кеше Алексей Ивановичте отырғанымда Жасжан келді. «Ұнның астына қоятын шит жоқ. Қапшықтағы ұнды жерге қойып жатыр. Не істейміз?» деп сұраған Жасжанға Алексей Иванович қабағын кіржитіп жауап қатпады. Онысы адамгершілікке жатпайды ғой. Оның қылығына мен ұялдым. Сонысы дұрыс па? – Анатолий Семенович жауап күткендей Надежда Сергеевнаға сұраулы көз тастап, сөзін жалғастырды. – «Алексей Иванович, бұныңызды қалай түсінуге болады? Неге жауап қатпадыңыз?» деп, ол шығып кеткесін, сұрасам, «Оның несін менен сұрайды? Мендей емес, осы жүйені оқыған маман емес пе? Не болса соған жүгірмей, жұмыс істесін» деді. «Қалай болғанда да жауап беруің керек қой. Мұныңыз дұрыс емес» дедім. Ұн-

жырғасы түсіп кабинеттен шығып кеткен Жасжанды сонда қатты аядым. Жолы болмай жүрген жігіттің бірі. Комбинатта ол құсап жұмыс істеп жүрген адам жоқ. Сүйтсе де оның істеген еңбегі көрінбейді.

– Өткен қыста Алексей Иванович шақырып жатыр дегесін барсам, мені көрген бойда орнынан тәштиіп, ұшып тұрды, – деді Надежда Сергеевна жымыып. – «Осы сендер күні бойы кабинеттен шықпай отырғанда не істейсіңдер? Бір ауық комбинаттың ішін неге аралап жүрмейсіңдер? Сонда кім не алып жатқанын көресіңдер» деп, қолымен терезе жақты көрсетті. «Алексей Иванович, не болып қалды?» дедім, түкке түсінбей бетіне бажырайып. Сонда ғана сабасына түсті. «Үй салам деп құрылыс материалдарын алып жатқан Есеновтың барлық қағазы бар ма? Ақшасы төленген бе? Тап қазір соны өзің дайындап, материалын тергеу орнына жібер» деді қабағын түйіп. Оның комбинаттан алған ешнәрсесі жоқ. Бар болғаны екі куб тақтай мен бұрыннан құлап жатқан котельныйдың ішіндегі пайдаға асатын кірпіштерін алды. Қолданылған кірпіштің бағасы жоқ дегенімізге де қарамай, акт жасатқызып, ақшасын төлеген. «Сосын осыны жіберетін Петр Иванович емес пе? Маған сенбесеңіз, содан сұраңыз. Мишаның машинасына салып жіберген Соняның бір қапшық ұнын «керек болса, дүкеннен алам» деп қайтарып жіберген жоқ па». «Жаңа қақпадан шығып бара жатқан Мишаның машинасында сол отыр». «Бір қызығы, кірпішті апарған машинаға да ақшасын төлеп, квитанциясын алады. Сондай сақ. Бұндай адамды өмірімде көрген жоқпын. Біз ғой қанша жыл жұмыс істеп жүрсек те ондайды білмейміз. Апарып тастағанына мәз боламыз. Бұл жағынан одан ешқандай кінәрат таппайсыз». «Сонда үйді қалай салайын деп жүр?» деп, қабағын көтеріп таңданғандай болды. Менен мұндай сөзді күтпесе керек. Кірпігі жыпылық қағып, тағы не айтар екен дегендей қарады. Мен қайдан білейін. Ойлағаны бар да.

Осы арада Анатолий Семеновичтің шыдамы жетпей, Надежда Сергеевнаның сөзін бөліп жіберді.

– Міне көрдің бе? Жаңа айтқан жоқпын ба? Бәрің оған жабылатындай не істеді? – деп Анатолий Семенович орнынан тұрды. – Тарс есімнен шығып кеткенін қарашы, бүгін қызымның туған күні, ендігі үйде отырған шығар. – Анатолий Семенович қолына ұстап тұрған кілтін қалтасынан іздеп, әлек-шәлегі шықты.

– Анатолий Семенович, не іздедіңіз? – Есік алдына барып кілт тоқтаған Надежда Сергеевна сұрамағанда әлі де қалтасын он ақтарып тұра берер ме еді.

Сол кезде іздеген кілтін қолына ұстап тұрғанын көріп:

– Бұл да үлкейгендіктің белгісі, – деп, ыңғайсыздана езу тартқанда ақсары жүзі қызарды.

* * *

Айнала тым-тырыс. Қала сыртындағы үйінен келе жатқан Жалаудың аяғынан көтерілген шаң көл бетіндегі таңертеңгі тұмандай қалықтап, ауада ұзақ уақыт тұрып алады. Осы шаң жол шетіндегі шөптердің бастарына қонақтап, ұннан ұшқан шаңдай боп-боз қылады.

Жолшыбай Жалау жол жиегіндегі құдықтың суымен бетін шайып, шөлін қандыра су ішті. Армияға кеткенше асығып жүрген көптен күткен тілегі орындалып, енді жұмыстағы тиесілі ақшасын алуға бара жатыр.

Бір уақытта оның көңілі күндей күлімдеп қоя берді. Ол темір жол бойымен жүрген поездың дыбысын естіді. Төменде Ақсу өзенінің бір сарынмен аққан сыбдырын естіді, күн көзіне шағылысқан өзеннің жылтыр беті, оған қоса судың үстіне оқшауланып көрінген шлюзі, қайраңдарында дымқыл тартып жатқан ұсақ қиыршық құмы, шеңгел ішіндегі тұсаулы ат, осынау айналаны жаңа көргендей қызықтай қарады.

Жалау көзге көрініп тұрған ешбір себеп болмаса да, өзін тағы да мейлінше бақытты санады. Ол ар жақтағы

тып-тыныш жатқан темір жол станциясының қарсысына орналасқан қонақүйіне соқты. Онда ауысыммен істейтін Жанеркемен амандасты, әлі ешкімге ішінде сыймай бара жатқан қуанышын айтатын сылтау таппай, жұмыс істеген жеріне келді. Слесарьлар отыратын бөлмеге кірді де темекі тартты. Мұнда да оған серік-тестері істеп жатқан жұмыстарын тастап кете алмай, оншалықты назар аудармады.

Жалау үйіне қайтып бара жатып жолдың арғы бетіндегі дүкеннен темекі алуға бұрыла бергенде, қарсы алдында көктен түскендей қақшиып тұрған Юраны көріп:

– Сен қайдан... Төбеден түстің бе? – деп, ойына ешнәрсе алмай таңданды. Ол таңданғандай да еді. Айнала ашықтық. Жақын жерде тығылып тұратындай қалқа да көрінбейді. Ең болмаса ағаш түбірі жоқ.

– Сенімен оңашада кездесем деп көптен тілеп жүр едім. Көрдің бе? Менің тілегенім орындалды, – деді, біреу оны қуып келе жатқандай тез-тез сөйлеп. – Неге екенін айтайын ба? Сені сағындым, сенде кеткен өшімді сағындым. Әйтпесе мен сағынатындай, менің сүйікті қызым емессің ғой. Менен ешкім сен құсап құтылып кеткен жоқ. Сол күнгі оқиға есінде шығар?.. Бағың бар екен. Сонда менің қармағымнан оңай құтылып кеттің. Оны мен ұмытқан жоқпын. Содан бері менде түнде ұйқы жоқ. Комбинатқа бара жатқаныңды сыртыңнан көріп қалдым да жолыңды тостым. Міне, біз кездестік. Есесіне бүгін жақсы ұйықтайтын болдым. Өйткені мен әркімнен таяқ жеп жүре беретін мүсәпір емеспін. Намысым бар, арым бар адаммын. Сен сол намысым мен арыма тигеніңмен қоймай, аяғыңмен таптап ұйықтатпай жүрсің. Енді түсіндің ғой. Қыздарға ұнайтын жақсы жігітсің, оған сөзім жоқ. Сүйкімдісің. Мен де сені жек көрмес едім. Менен қарыз алған ұпайыңды қайтаруым керек. Ұқтың ба? Ендеше дайындал. Менімен тап қазір жекпе-жекке шығасың! – Жалма-жан үстіндегі жеңі шолақ қара көйлегін шешті. Оның өне

бойы әлеміштенген екпелі суреттер еді. Ол өзінің кеудесі мен екі иығын шапақтағанда, инемен шабақтап салынған суреттерді мақтаныш еткендей масаттанды: жұдырықтасып жатқан екі еркек, жалаңаш әйел – бәрі де жан бітіп қозғалғандай болды. Селдір қабағының астындағы жылтыраған көкшіл көзі қоламта шоғындай жайнап кетті.

Юраның қызбалана сөйлегендегі сөзінің өзі оған қатты әсер еткені соншалық, төбе шашы тік тұрды. Қас қағым сәтте айдай әлеммен жарыса шапқан жадыраңқы қараторы жүзі демде құлазып, қапелімде өзіне-өзі келе алмады. Жігіттік намысы қиянда қалғандай ұмытып, басына төнген қатерден шығар жол таппай, ішкі жан дүниесі аласапыран күй кешті. Бүгежіктеген бейшара жандай төңірегіне алақтады.

...Сондағы кеште Степанның айтқаны есіне түсті. «Сен әлі жассың ғой, нең бар еді онымен ерегесіп. Отырып шыққан адамдардың қаны бұзылған. Өзіне есеп бермейді. Босқа күйіп кетесің. Енді ол сенен өшін алмай тынбайды. Сақ бол!» деген.

Қарсы алдында Юраның тапал денесі жолын кес-кестегенін көргенде Жалаудың қаны қызып басына шапты. Ол долылықтан жарылып кетердей боп тұр.

– Саған не керек? – деді сызданып.

– Мен саған не айтып тұрмын? Басыңа түк кірмеген бе? – Юра қарқылдай күлгенде, шірік тістері ыржиып, бет-аузы бір уыс боп кетті.

Тапал сары зәрлене езу тартты:

– Жақында бері, достым! Жаныңды көзіңе көрсетейін. – Жіңішке үн тамақтан сыздана сыздықтап шықты.

Жалау шеттеп барып үстіндегі жейдесін шешті. Оның жартылай жалаңаш денесі тым нәзік. Белі қыз беліндей жіп-жіңішке. Алайда жылтыр қара күрең терісінің астынан кішкене бұлшық еттері бұлт-бұлт аунақшып, тапал сарымен салыстырғанда ұзын сыйдиган тұлғасы қайыстан өрген қамшыдай мықты да икем көрінді.

Арада үрейлі, өлі тыныштық орнады. Екеуінің көздері бір-біріне зәр шашып, жарқ-жұрқ етіп тұр.

Тапал сары алға жылжыды. Балағын түрген шалбарынан тілім-тілім жарылған жіңішке аяғы көрінді. Ол оқыстан ащы дауыс шығарды да палуандарша қимыл жасап, оң қолын алға созды.

Жалау жебеше серпіліп кеп, білегінен шап беріп өзіне тартып қалды да Юраның қолын босатып, екпінімен жібере салды. Оқыс қимылдан өз денесін игере алмай теңселіп кетті. Алақанының қырымен оны маңдайдан салып қалып, терісін тілінген қарбыздай қызартты.

Төңіректе қыбыр еткен жан жоқ. Жалау – көшедегі төбелестің неше бір түрін басынан өткізгендердің бірі. Төбелеске жаны құмар. Училищеде оқып жүргенде үйренген. Сонда оның көрмегені жоқ. Арақ ішіп, темекі тартқанды солардан үйренді. Олардың ішінде сотқар балалармен де кездесті. Бірде бокстан жасөспірімдер арасындағы қала біріншілігін жеңіп алған Сағым деген баламен төбелесті. Соны қалай жеңгенін осы күнге дейін түсінбейді. Бір жағынан мектепте гимнастикамен айналысып, дене қимылының неше бір тәсілдерін біледі.

Жігіттің сымдай тартылған жіңішке денесі шетке қарай ыршып түсіп, өзінің бүкіл салмағын сол аяғына салды да, оң аяғы тізесінен бүгіліп, серіппеше серпіліп кеп, тапал сарыны беттен бар екпінмен теуіп жіберді.

Тапал сарының көзі алақтап, аузын ашқанда қан көрінген, ықылық атқандай ауыр дем шықты. Терлеген бет-әлпеті қисаңдап, денесі суша шайқалып кетті, бірақ құлаған жоқ.

Тапал сары мен Жалау қайтадан бетпе-бет келген. Юраның бет-аузы ісіп, жиырылған қабақ астындағы көк көздері қанталап от шашады. Алайда тапал сары қатты жарақаттанған жоқ еді, тек қаһарлы қатты ашуға мінген еді.

Ол жауына құтырынған екпінмен ұмтылды. Сол мезетте өзіне сілтеген жұдырық жағын жалап өтті. Жалау-

ды белінен ұстау үшін қолын созды. Ол сөйтіп қолын созған кезде төмен қараған бет-аузының мылжа-мылжасын шығарсам деп қызыққан Жалау тізесін жоғары сілтеп қалған. Сонда тапал сары бетін тез тайдырып әкетті де, оның сілтеген аяғы тарамыс қолына барып ілікті.

Осы жолы Жалау қатты састы. Сүйтсе де есін тез жинап үлгерді. Алайда мұндай төбелестің де талайын бастан кешкен еді. Мұның одан еш айырмасы жоқтай санады. Бұл оны одан сайын жігерлендіре түсті. Ол сол қолымен тапал сарының мойнынан шап беріп ұстап қатты қысты. Оң қолының бармағы барып жұтқыншағына ілікті. Енді тапал сарыны тұншықтыра бастады. Әрине, анау мұны жерге алып соғуға болар еді. Бірақ оған демі тарылып, күші кетіп бара жатты.

Жантәсілім беру оңай ма? Жалауды тапал сары асыра лақтырып, өзі соның үстіне құлаған. Сонда да Жалау қолдарын босатпай қыса түсті, жұтқыншақтың сығылғанын сезіп, үстінде жатқан Юраның беті көгеріп, тілінің салбырай бастағанын көрді. Бірақ қолы талып, күші қайтып бара жатқанын байқады. Сол мезетте тапал сары тәсілін тез өзгертті. Тізесінің астындағы аяғын ұстаған оң қолын босатпай, сол қолымен табанынан қапсыра қысып, бойындағы бар күшін сарқа салып жоғары қарай қайыра бастады. Жаны көз ұшына көрінген жас жігіттің бетін моншақтаған тер басып, көзі аларып кеткенде қызыл иектері тегіс көрінді.

Дәл осы сәтте үрейлі тыныштықты бұзып:

– Әй, жетпегірлер, сендерге осы не жетпейді-ай! – деген үлкен кісінің сырылдаған демі жақын жерден естілгендей болды.

Сол екен, айқасқандардың қолдары жазылған, тапал сары Жалауға кәрлене қарады. Көкірегі ұстаның көрігіндей көтеріліп басылады. Жас жігіттің де қара күрең жүзі көгеріп кеткен, ол да өлердей шаршап демігіп жатыр. Аяғы қатты сыздап, сырқырағаны шыдатар емес. Екеуі де қара терге түскен.

Тапал сары қас қағым сәтте шалбарының қалтасынан алып үлгерген оң қолындағы аумағы шырпының қорабындай құйылған қорғасынмен Жалауды иектен құлаштап бір қойды. Жалма-жан орнынан ұшып тұрып, алды-артына қарауға да мұршасы келмей жүрген бойы дүкеннің тасасынан көрінбей кетті. Оның ауырсына ыңырсыған дыбысы шықты. Сәлден кейін аузындағы қанды түкірді. Төменгі ернінен түскен тістермен бірге саулаған қан жаңадан тебіндеген үлпек иегінен омырауына қарай сорғалады. Бұл уақытта жаңағы кісі де аяғын ақсаңдап басып жас жігіттің қасына келген еді. Бойы ұзын, жауырыны еңкіш, сақалы бар үлкен кісі аузынан аққан қанды көргенде, жаны ашып басын шайқаған. Қарап тұрғаным жараспас деген басына ой келді ме, жоқ әлде көмек бергенше асыққан бойына біткен елгезектігі ме, жатқан жігіттің ыңырсыған ауыр халіне де қарамай, бірден оның оң қолынан ұстап орнынан тұрғызды.

Үлкен кісі сақалын сипап:

– Аман болсаң болды. Ештеңе етпейді. Жастық шіркін осынысымен қызық, балам. – Шөлдегенде ауыз шайғанға керек деп алып жүрген суы бар шынысын қалтасынан шығарып, беті-қолының қанын сумен жуып тазартты. Жалаудың сынған үш тісі жатыр. Соққы тиген иегі мен жақ сүйегі сырқырап жанына батып ауырған жігіттің кіржиген қабағына енді назар аударған.

– Өзің бала екенсің ғой. Бойыңа қарап қызға таласып жүрген жігіт пе десем, – деп кеңкілдеп күлген. – Қарап отырсаң, барлық та жаман. – Ойланып қалғандай, алысқа көз тігіп, сәл мүдірді. – Қашып кеткен жаңағы баладан таяқ жеп жүрсің бе? Бұл қалай?! Ол сенен кішкентай емес пе? Әлде менің көзім дұрыс көрмеді ме? – деді, өзінен бойы кіші баладан таяқ жегеніне түсінбеген қария. – Қартайғасын сөздің де берекеті кетеді екен. Қарашы, бірін айтып біріне кеткенімді, – деп, Жалаудан жауап болмаған соң, ақталған болып, айтайын деген әңгімесіне қайта оралды.

– Әлі күнге дейін үйленбей жүрген көршінің қырыққа келіп қалған баласы бар. Жатса да, тұрса да ішкені арақ деп кейде шешесі мұңын шағатын. Әкесі осы қаланың бір дөкейі екен, не кием, не ішем демей, барға батып, талтандап жүргеннің кесірі ғой. Ақыры не болды? Кеше өзімен бірге ішкен біреуді өлтіріп түрмеде отыр дегенді айтты. Тергеуші сұраса, не істегенін білмейді дейді. Соған қарағанда әнебір пәлені тартқан-ау шамасы. Біздердің уақытымызда ондай тартатын темекі де, арақ та болған жоқ. Адам өлтірді дегенді естімеуші едік. Ол кезде күш сынасып жағаласқанның өзі қызық еді ғой. Жеңсек арақ ішкен адамнан бір де кем болмай, төбеміз көкке жеткендей қуанатын едік. Жұмыстан қолымыз босаса, өзіңе ұнаған ауылдағы көрікті қызды торуылдаушы едік. Қазіргінің жастарына арақ болса, бәрін ұмытады. Содан шығар қыздарымыз ұлтына қарамай, кім болса соған тұрмысқа шығып жатқаны. Балам-ай, айта берсең сөз көп, – деді, басындағы ақ тебетейімен маңдайының терін сүрткен қария. – Бұл ештеңе емес, жазылып кетеді. Өмірің әлі алда, балам, жақсыны да, жаманды да көресің. Тек қызбалыққа салынып кетпе, босқа күйіп кетесің. Көршінің баласын айтам, не болды енді? Бәрінен де әке-шешесіне обал, – деп қария жүре сөйлеп басын шайқады.

Содан аттай бір ай ауруханада жатып шыққан Жалауға ертесіне әскерге шақырған қағаз келді. Тапал сары сол кеткеннен мол кетіп, қайтып комбинаттағы адамдардың көзіне түспеді.

* * *

Тамыз айында күннің көзі қуырып, шыжғырып тұрды. Көлеңкеде де ыстық, ми қайнатады. Жолдағы асфальттың беті жас нәрестенің миындай былқылдап, ауада қолқаны атқан көңірсіген қолаңса исі мұңкиді. Сары маса мен шыбын-шіркейлер ойпаңды жерлер мен қойманың төбесінде бұлттай үйріліп қаптап жүр. Ауа сирек, қапырық болатын. Жазғытұрым Ақсудың

суы азайса да, ағыны қатты. Мәз-мейрам боп судың ішінде ойнап жүрген балалардың күміс күлкілері сылдырап аққан сумен үндесіп жатқандай, шаттық әуенге толып жарасым тапқан.

Күн жексенбі болатын. Су жағасындағы жалғыз жиде ағашының түбінде отырған үшеуінің даурыққан дауыстары көш жерге жеткендей жер жарады. Өздері әбден қызып алғанға ұқсайды. Алдарында аузы ашылмаған бір бөтелке арақ пен стақан тұр. Босаған бөтелкені алысқа лақтырып тастаса керек. Жандарында көрінбейді. Басқа ерінге тигізер дәм атауы жоқ.

Үшеуі де шешкен көйлектерінің үстінде отырып алған. Жасжанды қастарына келгенде байқады. Әсіресе Петр Иванович оны көргенде көзі күлімдеп, сағынып қалғандай орнынан ұшып тұрып құшақтады.

– Бастық демалысты қалай өткізетінін көрдіңдер ме? Біздер құсап ыстық ауада, арақ ішіп кеуіп отырған жоқ. Біздер құсап Ақсудың суын закуске етпейді. Су жағасының қоңыр салқын самалында тынығып, қармақ салып балық ұстайды. Жас та болса бізден ақылды. – Таңқы танауын алақанымен сүйкеп қасында тұрған Еркінге қарап күлді.

– Үйлеріңе қонбай, түнімен думандағаннан саусыңдар ма? Әлі түс те болған жоқ қой. Ненің қуанышы сендерді бұл жерге алып келген, білуге бола ма?!

– Оны кейін естисің, асықпа, – деді.

– Ұстаған балығың кәне? – Қолыңда қармақтан басқа ешнәрсе жоғын көрген Еркін кекеткендей мырс етті.

– Қаппай қойды. Өңкей ұсақ балықтар, суға жібердім.

– Сен де қызық сөйлейсің, бастық балыққа бола барды дейсің бе? Таза ауада демалып жүріп қайтқанның өзі не тұрады?!

Бердібек қисайған күйінде отыр. Сөзге араласқан жоқ. Арасында өзінен-өзі басын изеп қояды. Жылтыраған кішкене қой көзі жымың қағып күледі. Ол шектен тыс ішіп алғанда үні естілер-естілмес шығып, басын

шұлғып, күле бәретін. Сүйтіп отырып, отырған жерінде ұйықтап қалатын. Қазір де сондай халде сияқты.

Еркін Жасжанға бір нәрсе бергісі келгендей оқталып, қалтасына қолын салып қайта алды. Дөңестеу біткен қос қабағы жазылып, кірпіктері жыпылық қақты. Петр Ивановичке жәрдемдес дегендей жалтақтап қарай берді. Бірақ ол оны байқамады ма, көңіл бөлмеді.

– Менің ерекше біткен бір қасиетім бар. Ол не дейсің ғой. Арақ ішкен кезде ішімдегіні сыйғыза алмай кетем. Ішіп алғанда көп сөйлейтінім содан. Мені мас екен деп ойлап қалма. Сөзім түзу, жөнсіз сөйлеп жатқан жоқпын. Сенімен көптен бері әңгімелеспегенім де ойымда. Ренжіп қалған екен деп жүрген жоқсың ба? Саған деген көңілім ақ, – деп, таңқы танауын алақанымен сипап, мұрнын тартып қойды.

– Мына жер демалуға жақсы екен! Бұрын неғып байқамағанмын. Сарылдап аққан судың үні музыка әуеніне үндесіп жатқандай. Арғы бетте суда ойнаған балалардың шулаған дауыстары күмбірлеген барабандай естіледі. Мына дөңкиіп-дөңкиіп жатқан жағадағы қойтастардың өзі теңдесі жоқ көрініс. Бетіне түскен күн сәулесі жалт-жұлт етіп көз қарықтырып қаратпайды. Тамаша! – деп, Жасжан әңгімені бағытын өзгертті. Сөз арасында Бердібекке көз қиығымен сол ма, сол емес пе дегендей қарап қояды. Оған «бұл жерде неғып жүрсің» деп, ішінен таңғалғандағысы. Ол да соны сезе ме, лезде көзін ала қашады. Сол екі арада қалғып кетіп селк етеді. Көзін жыртия ашып қайта қалғиды. Жасжан оны өтірік мас болып қалды деп ойлады.

Петр Иванович Жасжанды ұмытып кеткендей, кеудеден аспайтын суға қайта-қайта сүңгіп рахаттанып жүр. Күн ыссыда арақтың күші қойсын ба, ауа жетпегендей төс сүйегінің тұсын алақанымен сипалап, «уһілеп» қояды. Еркін шалқалап жүзіп жүрген жерінен бір жаққа асыққандай екпінмен судан шықты. Бердібектің қасында жатқан шалбарының қалтасынан ақшасын алды.

– Жәке, кеше отход сатып едім, жуып жатқаным – соның қуанышы. Арақ ішпейтін болған соң саған айтқан жоқ едім, айыптымын. Қалған бар ақша осы, – деп, қолындағы жиырма сомды ұсынды.

Еркіннің қолындағы ақшаны көрген Жасжан қабағын кіржитіп шошып кетті.

– Сенен ақша сұраған жоқ едім ғой. Мұны не істеймін? – деді даусын көтеріп.

– Жәке, ақша артық болмайды. Көптен ойымда жүрсе де, соның реті келмеді. Меселімді қайтармай алыңыз, бір жолға.

Осы кезде судан шығып екеуінің қастарына келген Петр Иванович Еркіннің қолындағы ақшаны көріп:

– Еркін, маған да бермейсің бе? – деп, ыржия күліп қолын созды.

– Петр Иванович, қалтамда қалғаны осы. Жәкеңе берсем алмай тұр.

– Сен де қызық екенсің, қайыршыға бергендей мұның не? Бергесін мол бермейсің бе? Жасжанға берген ақшаң адал. Ол сенен басқалардай күнде ақша сұрамайды. Бермегенде де бермеді деп өкпелемейді. Басқалар білмесе де, оны сен білуің керек қой. Комбинаттың білдей қоймашысысың, бар астық қолыңда тұрғанда бермейсің бе, уысыңды толтырып?! – деді де, оның қолындағы ақшасын жұлып алып қалтасына салды.

– Мінеки, енді дұрыс болды, – Петр Иванович үлкен іс бітіргендей тілінің ұшымен тілім-тілім боп кеткен ернін жалап, алақанымен аузының айналасын сүртті. Жасжанға қарап көзін қысты.

Еркін бір нәрсені бұлдіріп алған баладай жыпылықтап, екеуіне алма-кезек қарады. Сүйтсе де үстінен ауыр жүк түскендей жеңілдік сезді. Ол Петр Ивановичке қолайсыз жағдайдан құтқарып алғанына риза болғанын білдіргендей, жеңіл күліп басын изеді. Жасжанның шошып кетпегеніне ішінен шүкіршілік етті.

– Жәкең ішпейтін болған соң, дастарханнан бос кетпесін дегенім ғой, – деп ақталды. – Әйтпесе, арнайы

«істеп» берем деп жүргенмін. – Еркін шама-шарқынша оны қайта тексергісі келген оймен айтты.

– Сендер сыртымнан тон пішіп әуре болып жүрген екенсіңдер, бұларың жаңалық қой, – деп Жасжан ішіндегі ойын сездірткісі келмей сиқырлана күлді. Бір жағынан оның көптен күткені де осы еді.

Ішкен адамдар қашанда кең дүниені шарлағандай әсерге бөленіп, әншейіндегі тұйық мінезі табан астында өзгеріп, көңілшек бола қалатын әдеті емес пе. Талайларды қулығымен үйіріп алатын Петр Иванович ішіндегі бар сырын ақтаруға әзер тұрғандай боп көрінгенмен, өз есебіне толық. Қайткенде де Жасжанның жан дүниесін түсінудің жолын табу. Сол үшін оны сөзге тартып, Еркінге тиіскенсіп әдейі айтты. Осы жолы бастығының қабақ шытпай, қайтарған жауабына дән риза болғаны соншалық, енді тамырын басатын уақыт жетті деп қуанған. Ал Еркіннің ішінде не болып жатқаны белгісіз. Не ойлап тұрғаны да түсініксіз, күнде көріп жүрген салғырт қалпынан жаңыллатын емес. Бозғылт өңінде өзгеріс білінбейді. Сүйтсе де ішкенін сылтауратып, «қалдықтарды сатып едік» дегені де Жасжанды тексеріп алмақшы болған ойы еді. Ақшаны алмайтынын білсе де, ішкеннің арқасында нар тәуекелге бел байлап, осы жерде қалай қабылдар екен деген оймен, ертелі-кеш ақша бергендей болса, қапыда қалмау үшін алдын ала жасаған әрекеті. Дегенмен ойлаған мақсатына жете алмаса да, ақшаны көргенде шошымады. Ол ішінен соған қуанды. Және де жай айта салмай, астарлап жеткізгеніне де риза.

– Жасжанның комбинатта істегеніне біраз болды. Бұл біздің арамызға сіңіскендігінің белгісі. Осы уақыт ішінде ешкімге зияны тиген жоқ. Жамандық ойламайтынына көзімізді жеткізді. Енді өз адамымыз деп есептесең болады. Ойыңдағыны бүкпей айта бер. – Петр Иванович Еркінге енді тайынудың керегі жоқ дегендей әдейі дем бере сөйледі. Бір жағынан оған сөзі жүретінін сездіргендегісі. Оның Жасжанмен көптен сөйлеспей,

қашқақтаған себебі бар. Ешкім онымен сөйлеспесе, жалғыздықтан жапа шегіп, өзі ниет білдіріп, арамызға қосылады деп тұжырымдаған ойының тамырын басып көріп жатқаны.

Жасжан ойламаған жаңалыққа кезікті. Оның көптен күткені де осы болатын. Жалғыз жүріп жапа шеккені де рас. Жалғыздықтың опа бермесін институтта оқып жүргенде басына түскен. Диплом алдындағы төрт ай практиканы Петропавл қаласында өткізді. Мұндағы ұн цехы шығаратын өнімі тіптен аз және де құрылғылары ескі, жазатын тақырыбына бірде-бірі сай келмейді. Шығарып жатқан ұнның сорты да аз, жоғарғы сорт ұнды шығармайды. Маннйй крупа атымен жоқ. Сонда төрт ай босқа жүріп, не істерін білмей әбден сасқаны бар. Содан бұрын бітіріп кеткен біреулердің дипломы қолына тиіп, соның септігі тиген. Сол жалғыздық әлі күнге дейін соңынан қалмай келеді. Бәрінен де жұмыстағы адамдармен ашылып сөйлесе алмаған да қиын екен. Әр нәрсеге елеңдеп, сөйлескісі келіп тұратын жүйкесі бүгінде қатайған. Бұрынғыдай жарыса сөйлегенді қойып, селқос тыңдайды. Қазір де Петр Ивановичтің сөзі өзіне ұнаса да, бөтен біреуге айтып жатқандай қабылдады. Рас, алғашқы кездері Алексей Ивановичтің кірпідей жиырылған қабағын көріп: «Несіне менен қорқасың, саған зиянымды тигізбеймін, менімен жатсынбай жұмыс істесең, берген тапсырмаңды орындап, қол баладай жүгіріп жүрейін», – деп, барар жер таппай қиналғаны бар. Оған да бойына туа біткен қулық пен сұмдықтан басқа айла да керек екеніне көзі жеткенде, ол ойынан айнып қойған. Енді соны Мун есіне түсіріп отыр.

– Астықтан пайда түсірудің жолдары көп. Әрине, оның бәрін саған білу қажет емес. Жұмысшылар қалталап алып-ақ, үй ішін асырап жүр. Әйтпесе бір айлықпен қалай күнелтеді. Оны сен де білесің, талайын жылатып көз жасына қалғаныңмен қоймай, қарғысына қалдың. Істеген ісіңе біреу маңдайыңнан сипап, алғыс

айтқандай, сол саған керек пе еді. Әлде үкімет содан байып кетеді деп ойлайсың ба? Соны қалай түсінбейтінің таңым бар. Жұртпен жаманаттасқан еңбегіңе солар ұрлықтарын қойды ма? Сен оны білесің бе? Әрине, білмейсің, білмейтін себебің олар сыртыңнан бақылап, білдіртпей алады. Комбинаттағылар саған не деп ат қойғанын айтайын ба?

– Не деп?

– Прокурор деп – жұмысшылардың қойған аты, кеңседе отырғандар қара қылды қақ жарған қазақтан шыққан Сталин дейді. Бұған не дейсің? Тауып айтқан ба?

– Сонда мен не істедім? Ешкімге қиянат жасамасам...

– Оны менен несін сұрайсың, керек болса, айтқан адамдардан сұрасайшы.

– Кімдер екенін қайдан білемін? Білсең айтшы.

– Білгенде не істейсің? Басыңа қаңқу сөздерді көбейтіп алғаннан басқа. Бірақ кім айтса да атты саған дұрыс қойған. Өткенде бір қапшық ұнды алмай қайтарғаның дұрыс болмады.

– Сен оны қайдан білесің?! – Жасжан қайран қалды.

– Даусыңмен қорқытпай, алдымен тыңдасайшы, – деп, Петр Иванович әлденеден қысылғандай, бетінің ұшы қызарып, алақанымен ернінің айналасын сүртіп, сәл мүдірді.

– Жұмыстағылардың бәрі білгенде мен неғып білмеуім керек? – Екпіні басылып, даусы жай шықты.

– Петр Иванович, сұрақтан қашпай жауап берсейші, – деп, жылы шыраймен езу тартты.

– Оны сұрап қайтесің, қара нан мен шай ішіп отырғаныңды мен өзім көрген жоқпын ба? Ен байлықтың ішінде жүріп, осының жараса ма? Көпшіліктен бөлінгенде қайда барып абырой таппақсың? Соны айтшы.

– Қазақта «Қайғысыз қара суға семіреді» деген сөз бар. Тапқаным жетпей қалса, оның несі ерсі?! Есесіне, бәле-жаладан аулақ болам. Уайымсыз, тыныш ұйықтағанға не жетсін!

Екеуінің әңгімелерін тыңдап тұрған Еркінге керегі осы еді.

– Жәке, сізге өкпелеп тұрмын, – деді, болмашы езу тарта жымыш.

– Сені өкпелететіндей не істедім? – Еркіннің емеуірін түсінсе де, өтірік аңқауси қалған.

– Ақшаны алмағаныңа өкпелеп қалдым.

– Еркін, қызық екенсің! Сенен ақшаны не үшін алуым керек? Не аларым, не берерім болмаса, маған жөн-жосықсыз өкпелегеннен не пайда? Одан да ақша өзімде қалды деп қуанбайсың ба? Мен ешнәрсе де дәметпеген сияқты едім. Сөзім артық болмаса, түсіндірші. – Ішкендермен сөз таластырғысы келмеген Жасжанның даусында самарқаулық бар.

Еркін оны өзінше ұғып, екпінмен сөйледі.

– Астық жетпей жатса, онда сөз басқа. Артылып қалған астықты білсе жауапқа тартатынын білесіз. Оны сатпағанда не істейміз?

Жасжан тосын сұраққа қалай жауап берерін білмей тосылып қалды. Бірақ ойын жеткізгенше асыққан Еркін оған көңіл бөлмеді:

– Астық жетпесе де, артылып қалса да жауапқа тартады. Артылып қалған астық үкіметке пайда емес пе!? Қанша ойласам да осыған менің миым жетпей қойды. Мектеп бітірген мен сияқты емессіз, Жәке, жоғары біліміңіз бар. Маған түсіндірші.

– Бәріміз де заңға бағынамыз. Заң деген тәртіп. Заңды іс жүзінде тексеріп болғасын бекітеді. Шын мәнінде тәртіпті бұзып отырған өзіміз. Егер қабылдаған астықты таразыдан дұрыс өлшесек, лаборатория астықтың сапасын дұрыс тексерсе, сен айтқан болмас еді. Мұны сен менен артық білесің. Ал артылып қалған астық аспаннан түскен жоқ қой. Біреудің комбайнмен орып алған еңбегі. Астықты үкіметке тапсырғанда ғана ол адамға істеген еңбегінің үлесі тиеді. Сен оны үкіметке бермей, орта жолда алып қалдың. Болмаса лабораторияда астықтың сапасын тексергенде құжатқа мөлше-

рінен асырып жазады. Осындай жайды тексеріп, ақ-қарасын ашу үшін істі сотқа береді.

– Айтқан сөзіңнің жаны бар сияқты. Бірақ бұлай істеу мүмкін емес, себебін айтайын тыңдасаң, – деді, ішкеннің арқасында Еркін қызына сөйлеп. – Менің әкем дүкенші болып істеген. Өзі коммунист еді. Жұмысын адал істегені соншалық, дүкенге келгендердің бір тиынын да алмай қайтарып беретін. Содан төрт ай өткесін комиссия ревизия жасағанда, сегіз жүз сом жетпей қалған ақшасын төлеп дүкеншіліктен зорға құтылған. Біз де өлшеп алған астықты қайтадан вагонға тиейміз. Қалай айтқанда да қойма меңгерушісінің де жұмысы дүкеншінің жұмысына ұқсайды. Адал істеу мүмкін емес, – деді, сөзден жеңілгісі келмей.

– Еркін мені орынсыз сұрақтармен шаршататын түрі бар, – деді Петр Ивановичке қарап.

– Істеген ісіңе жауапты қарасаң, бәле-жәледен аулақ жүресің. Астық қабылдау мекемесінде қойма меңгерушісінің астығы жетпей, сотталып кетті дегенді мен әлі естіген емеспін. Болған күнде де алдын ала акт жасап құтқарады. Ал ұрлаған астықпен ұстаса, немен аяқталатынын мен айтпай-ақ, көріп жүрсің. Ішкен адам мен ішпеген адамның сөздері түп мәнісінде жараспайды. Сыйым барда үйге таяйын. «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» дейтін бе еді?.. – деді Жасжан жүре сөйлеп.

– Қайда асығасың? Кішкене күтсең, біз де қайтамыз. Сенімен сөйлесем денем жеңілденіп, сергіп қалам. – Петр Иванович сөзімді жерге тастамас деген үмітпен кетіп бара жатқан Жасжанның артынан айқайлады.

– Енді кешіксем, келін балаңыз үйге кіргізбей қояды.

– Естіген жоқпын, қайталап айтшы.

– Өмірде сирек кездесетін жаны таза адам. Бір жаман жері – ойында не бары түсініксіз, ашылып сөйлемейді, – деп Петр Иванович басын шайқады. – Ішімдегіні біліп ал дегендей бұйығы жүреді, бір нәрсеге қиналғанын көрмейсің. Қашан көрсең де, төрт құбыласы тең адамға ұқсап, тоқмейілсіген түрін көріп таңғаласың. Әлде

ішпейтін адамдар сондай бола ма? Қалай айтқанда да жаратылысы қызық жігіт. Жас болып, ешнәрсеге әуестігі жоқ. Соған ғана түсінбеймін. Бұл менің сөзім деп ойлап қалма. Ең бірінші рет осы сөзді «Ақсу» кафесінде Андрей Васильевич айтқан. Нанбасаң, ана ұйықтап жатқан Бердібектен сұрасаң да болады. Оның тағы не дегенін білесің бе? «Қабілетті жігіт. Түбінде өзінің кім екенін көрсетеді. Оған біздер жұмыс істеткізбей қиянат жасап жүрміз. Сендер оның айтқанын тыңдауларың керек» деп, әншейінде гүрілдегені түк емес. Қызыңқырап алғанда даусы әлемет ызғарлы естіледі. Төбе құйқаң шымырлайды. Түрі сұсты, әжім торлаған беті қызарып, қабағын түйгенде, ішімізден дем алдық. Сүйтсе де Жасжанды иттің етінен жек көреді. Неліктен екені түсініксіз.

– Сонысы несі екен?! – Еркін сұраулы кескінмен Петр Ивановичке бажырайды.

– Маған да жұмбақ. Бірақ Жасжаннан қорқатыны анық. Бірде онымен сөйлесіп тұрғанымды көріп, маған «онымен неге сөйлесесің?» деп ұрысқаны бар.

– Андрей Васильевич жоспарлау жиналысында Жасжан сөйлегенде қабағы салбырап жақтырмай қалатын еді. Сондай кезде мен оны қатты аяйтынмын. Ол болса айтарын айтып, түк сезбегендей отыратын.

– Бәрінен де Андрей Васильевич біздерді Жасжанға қарсы қойып, сазға отырғызып кеткені ұят болды, – деді Петр Иванович қалтасынан беторамалын алып жатып. Еркін қолындағы арақтың аузын тісімен ашты.

Петр Иванович Еркіннің қолындағы шөлмекті көргенде, төменгі қалың ерні бұлтиып, үйреніп кеткен әдетпен жапырайған танауын алақанымен сүйкеді. Сығырайған көзі күлім қағып, балаша жайраңдап:

– Қайдан таптың?! – Әкелген бөтелке таусылды деп ойламаймын ба? Әйтпесе манадан бері ішетін едік. Суға түсіп жаным қалды. Көр де тұр. Енді қанша ішсем де мас болмаймын. Бірақ тамағым кеуіп барады.

– Менің қарным ашты. Суды қанша ішкенімді білмеймін, бірақ су закуске болмайды екен. Соған көзім анық жетті. Біреулер артынан су ұрттайды ғой. Сонысы несі? – Екі қырлы стақанға бірдей етіп құйған Еркін біреуін Петр Ивановичтің қолына ұстатты.

– Бердібекті оятсақ қайтеді?

– Кететінде тұрғызамыз. Жата берсін, – деді күбірлеп.

– Не үшін ішеміз? – деп, Еркін жымыды.

– Олжа көбейсін!

– Айтқаның келсін! Кәне, онда алып қоялық. – Бетін тыржитып, қағып салған Еркін басын шайқап: – Енді ішпеймін, ішсем құсамын, – деді.

– Онда маған бер! – Петр Иванович бөтелкені алған бойда шалбарының қалтасына тықты.

– Жаңағы Андрей Васильевич жайлы айтқаныңды аяқташы. Сосын үйге қайтайық. Басым ауырып, мазам болмай тұрғанын қарашы.

– Не айтқаным есімде жоқ... Е, түсті есіме! – деп Петр Иванович мұрнын тартып.

– Ол не?! Мен естімеген сияқтымын.

– Мүмкін емес. Есіңнен шығып кеткен шығар. Маған Андрей Васильевичтен қалған естелікке ұқсап сол күнгі сөзі әлі күнге дейін көз алдымда тұр. Шын айтам. Сонда ол өзінің басыбайлы құлдарын кабинетіне жинап алған жоқ па. Оның алдында бәріміз құлдай жорғалайтын едік қой. Айтса айтқандай, күннің күркірегеніндей даусы қорқынышты ерекше еді. Түрі де соған орай адам шошырлық еді. Қабағы салбырап, табақтай беті сайсай, тілім-тілім әжім. Оған қарсы сөз айту түгіл, бетіне тіке қарай алмайтынбыз. Енді есіме түсті, сенің білмейтін жөнің бар. Сен ол кезде көмекші едің. Кәсіподақ жиналысы болатыннан бір күн бұрын өзінің сенім артқан адамдарын кабинетке жинады. «Жасжанды жамандап сөйлейсіңдер» деп тапсырма бергеннің ішінде мен де бармын. Қаралап сөйлеуге аузым бармай қойды. Айтқанын орындап сөйлегенімде, қазір оның бетіне ұр-

лық істегендей жалтақтап қарай алмас па едім. Соным қандай жақсы болған деп қуанам осы күні.

– Құлығың өзіңе жететін, есебің түгел адамсың ғой, – деп, Еркін қулана күлді.

– Е, оның несі жаман?! Кәзіргі уақытта құлықсыз өмір сүру қиын. – Петр Иванович қалтасынан бөтелкені алып: – Мынаның несін қалдырамыз, давай, тағы бір көтерейік, түбінде қалғанын өзім ішіп қоямын. Света мұны көрсе, үйге кіргізбейді. Менің әйелім жаман, сен оны білмейсің, – деп, айтқан сөзіне өзі мәз болып күлді.

– Петр Иванович, қолың дірілдеп тұр ғой. – Еркіннің даусы үрейлі шықты.

– Мастығым тарап кетті деп жаңа саған айтпап па едім? Соның кесірі. Арақтың күші кетсе, қолым дірілдейді. Ішпесем жүре алмаймын. Бұл арақтың маған өкпесі жоқ шығар. Сен білесің бе? Осы өмірімде бір цистерна арақты іштім десем өтірікші болмаймын.

– Петр Иванович, мас болғанда жанаспайтын сөзді айтатын әдетіңе бастың ба? Жаңа ғана енді мас болмаймын дегенің қайда?

– Ендеше мен қойдым, кел соғыстырайық.

Еркін стақанын соғыстырғанмен, ішкен жоқ.

Комбинаттың тағдыры колхоздар мен совхоздардан келген астықтың сапасын лабораторияның қалай қабылдап алғанына байланысты. Алексей Ивановичтің мамандығы агроном, басқаны білмесе де, мұны жақсы біледі. Әншейінде іліктен шілік шығарып, дүлей бурадай ашуы бетіне шығып, біреулерге тепсіне айқайлаған кезде де Мун Бердібекке келгенде көрген көзді еріксіз таңқалдырып, бірдемені бүлдіріп алмайын деп қорқасоқтаған баладай даусы жұмсарып, келген наразылық актісі болса «тексер» деп қолына ұстата салатын. Оның осы бір қылығына Жасжан түсінбей аң-таң болып қоятын, сол жұмбақтың шешуін енді тапты.

Қазір ол Бердібектің өзін көргенде өтірік мас бола қалғанын байқап, әдейі оған сөйлемегенін есіне алды. Комбинатқа келгенде оны басқалардан бөлек ерекше

жүріс-тұрысына қарап, арада жүрген тыңшы емес пе екен деп ойлап қалған. (Көптің ішінде ашық-жарқын жүрмейтін, жымыып күлгеннен әріге аспайтын, артық ауыз сөзге жоқ, төмен қарап басын изеп отыра беретін, сөйлегенде жарытып ештеңе айтпайтын жаратылысын тыңшыға ұқсатқан). Енді сол тапқан теңеуіне көңілі риза, көптен таппай жүрген беймәлім жұмбақтың сырын ашқанын үлкен жетістік санады. Оған бірде-бір себеп, Еркін отход сатқандарын жасырмай айтқаны дәлел бола алады. Бұрын оның лаборатория бастығымен ым-жымы барын білсе де, жәй шаруа жайы шығар деп, көзімен көрмегесін ойына алмаған. Байқап қараса, өздері әбден қылмысты іске еттері үйреніп кеткенге ұқсайды. Генаны жұмсаған адамдардың кімдер екенін білмесе де, бұрын шамалайтын. Соған көзін жеткізді. Бостандықта жүрген нағыз қылмыскерлер осылар ғой! Ашу қысып, зығырданы қайнады. Бұлардың арасында жұмыс істеудің өзі қорқынышты екенін сезді. «Біреудің обалына қалып қалай ойнап күледі екен?! Ойларына алса бүйтіп жүрмес еді ғой?! – Қандай адамдар екенін түйсігімен сезіп түршікті. Арсыздық қайда жатыр. Арсыз адамдардың қолынан бәрі келетіні осы сәтте санасына кірді. – Неткен жексұрын! Туған күндерін тойлап жатқандай, көңілдері шат. Жазатайым өздері қолға түссе ғой, осы қуаныштарының құны бір тиынға татымай қалары сөзсіз. Соны білсе де қорқу-үрку деген миларына кіріп шықпайтыны несі? Бұл не?! Бойға біткен ессіздік пе, жоқ әлде өжеттік пе?! Болмаса: берсе оңынан, бермесе солынан деп, қойып қалатын көзсіз ерліктің апаратын өкініші ме?!.»

Осылардың мақсат-мүддесі бір жерден шығып, жұмыла істеген ауызбіршіліктің арқасында бәрі шалқып жүр. Соған қарағанда бір-бірін көре алмайтындай, араларында өзара қызғаныш жоқ сияқты. Бірақ өздеріне жетерлік жұмбағы да бар. Сөйлескен жерде үнсіз тыңдап жауап қатпай жүре береді. Сүйте тұра адам көрмегендей үрке қарайтыны ұрлығының ізін сездіртпеуге

тырысқан сақтығы болар деп жорамалдады. Дегенмен Мунның жаңағы айтқан сөзі ұмыт болып бара жатқан сол бір кезеңді есіне қайта түсірді. Кең дүние тар болған күндерінде қайтсем де Алексей Ивановичпен тіл табысып жұмыс істесем деп, алдына мақсат қойғаны санасына қайта оралды. Сонда өзіндей адамның алдында құрдай жорғалап, не айтса да орындауға бел байлап жүрмекші болғанын ойлағанда, қорланғаннан денесін біреу шыбықтағандай тітіркенді. Осы кезде станцияға да келді. Темір жол бұрылысы тасасынан қап-қара түтінге оранып ұзын состава поезы шықты. Бірнеше минуттан кейін стрелкаларды салдыр-гүлдір еткізіп, жүрісін тез баяулатты да платформаға келіп тоқтады. Вагон ішіндегі адамдар шыға бастады. Жасжанның көзіне бірден басқалардан оқшау тұрған Алексей Иванович ілікті. Үстінде қара костюм-шалбар, ақ нейлон көйлек, көк галстук, екі жағына бірдей бөлінген шашын саусағымен артына қарай қайырып, соңынан шыққан үш адамға қарай жүрді. Олар да өзара сөйлеген сөздеріне басын шайқап күліп, Алексей Ивановичтің қолын алып амандасты. Біреуінің бойы тіп-тік, өңі сұп-сұр, кішірек, көкшіл көзі тым өткір, ұзын қара кірпігінде күлкі ойнайды, «танысқанымға қуаныштымын» деп тұрған тәрізді. Екіншісі зор денелі, бурыл қою мұртты, үлкен мұрынды, көгілдір көзінен күлкі шашырағандай, өңінде таңданыс бар. Үшіншісі қиық көзді, қатқан қара тәпелтек, қунақы денесін шалқайта, директорды екі жолдасымен таныстырып тұрып:

– Жаңа сені көре алмай, сасқанымды білесің бе? Сөйтсем бойың менен де аласа екенін ұмытып қалыппың, Алексей Иванович, – деді қалжыңдап.

– Бойларыңның ұзын болғанынан не пайда, біразға дейін көре алмай састырдыңдар мені, – деп, Алексей Иванович те қалыспай қалжыңға қалжыңмен жауап қатты.

– Е, онда біздің жолымыз болады екен. – Жүре сөйлеген қатқан қара екі жолдасына кезек қарап күлді.

Бұлар көшені кесіп өтіп, оңға қарай бұрылды. Алыстан келгендері состиған түрлерінен көрінеді. Жатырқаған баладай, айналасына жатсына қарайды. Онымен де қоймай, көптің арасында оқшауланып, дала тағысындай үрке қарап тұрғандарын директормен сөйлескенде байқады. Үстеріне киген киімдері де шап-шақ. Жарасып тұр. Сәлден кейін Жасжан адам көрмегендей сонша неге қадалдым деп өзінен-өзі ұялды. Сонда да кетейін десе кете алмай, жіпсіз байланып, көшеге түсіп кетіп бара жатқан төртеуінің арттарынан қарап ұзатып салды.

Жасжан көрген кешегі үшеуі лездеме өтіп жатқан үстіне есіктен еркін басып кіріп келді. Сол екпіндерімен оң жағына қисайып, басы столдан қылтиып отырған төрдегі Алексей Ивановичтің қолын алып, шеттегі бос орындыққа жайғасты.

Олардың жүрістері Алексей Ивановичке де оңай тимеген сияқты. Әлденеден секем алғандай жан-жағына үрке қарап, ұзын қара кірпіктері жыпылық қағып көзілдірігін көзінен алды. Таңырқағандай жұқа еріні сәл ашылып, «не істейміз» дегендей, маңдай алдына түскен шашының арасынан сығырайған көзімен қадалған жанарларға кінәлі адамдай тайсақтай қарады. Сол мезетте ешнәрсеге мән бермегендей, басын қақшитып:

– Сұрақтарың бар ма? Ендеше боссыңдар! – Отырғандарға барлай қарап иек қақты. Күтпеген жайсыз жағдайға тап болып қалармын деген күдігі болды ма? Содан іштегі адамдар түгел шығып кеткенше, алдында жатқан қағазына үңіліп басын көтермей қойды. Жайсыздықты сезген қонақтар да жаңағыдай емес, ұнжырғалары түсіп, төрде отырған Алексей Ивановичтің мысы басқандай телміре қарап қалған.

Жұмыс бабымен жүрген адамдар болса, біздерге таныстырар еді ғой. Сонда бұлар кімдер болды екен деп, Жасжан да түкке түсінбей, соңынан шығып кабинетіне кіре бергенде, алдыңғы бөлмедегі секретарышы қыз:

– Жасжан аға, сізді телефонға шақырады, – деді.

«Бұл кім болды екен» деп, тұтқаны көтерді.

– Алло!

– Сіз Есенов боласыз ба? – деген байсалды еркек даусын естіді.

– Ия.

– Менің атым – Қаһарман, аурухананың бөлім меңгерушісімін. Бізде жатқан балаңыз жайында сізбен сөйлесейін деп едім. Қазір келе аласыз ба? – Ар жақтап тұтқаны тастай салған даусы естілді.

Жасжанда ес қалмай сыртқа шықты. Басы зеңіп, сол бойда не істерін білмей састы. Сол бойда ойға қамалып, ауруханада жатқан баласын уайымдады. Қайдағы-жайдағылар санасына кіріп, баласының жылаған даусы құлағына келгендей болды. Шешесінен қалмаймын деп шыңғырған даусына дейін көз алдына тұрып алған. «Салқын тиген, алдымен анализі не дейді, соны көрейік» деп айтқан жоқ па еді.

Жол бойы осылай сан қилы ой басқан Жасжан баласын еміреніп, иіскемейтінін есіне алды. Шамасы өз ниетіңнен тапқан шығарсың деп, өзінің жер-жебіріне жетті. Бұрын баланың тәтті екенін білді ме? Ер адамның тасбауыр болатынын енді сезді. Ішінен мүжіліп, бірден морт кететін себебін де енді ұқты. Дел-сал күймен ауруханаға да жетті.

Бөлім меңгерушісінің кабинетіне бір стол мен бір шкаф шақ сыйып тұр. Жасжан медбикемен сөйлесіп тұрған Қаһарманмен амандасып, есіктің оң жақ қапталындағы жалғыз орындыққа отырды. «Не дер екен?» – жаны тыныш таппай біраз күтті. Өзінен кішілігі бар, көрген жерде амандасып жүретін жөні түзу жігіт деп есептейтін. Медбике шыққан бойында Жасжанды жаңа көргендей нәрі жоқ іспектенген шегір көзімен сүзіле қарап:

– Келдің бе?.. – деді.

Қаһарман бірден күтіп қалғанына кешірім сұрағандай ақтала сөйледі.

– Біздің жұмыс осындай, демалыс жоқ, – деп ауыр күрсінді. – Абырой да жоқ. Түнімен жүгіріс. Сүйткенде еңбегің ақталса екен. Жүрегінен бір бала шетінеді. Енді ол баланың әке-шешесі жылайды. Соны естисің де нем бар еді, басқа оқу құрып қалғандай, осыны оқып деп налысың. Қандай қиын. Баланы әке-шешесі дәрігерге ауруын жазады деп әкеледі. Жасжан, сен де солай ойлайсың. Ия, балаңыздың жағдайы мәз емес. Сен дәрігер емессің, айтқанмен түсінбессің. Балаға керек дәрі қалада жоқ. Рецепт қағазы міне, осы үш дәріні бір күннің ішінде тауып әкелсең жақсы болар еді. Әйтпесе кеш болуы мүмкін.

Жасжанның жүрегі бекер қобалжымапты. «Әйтпесе кеш болуы мүмкін» деген дәрігердің сөзі шаншудай қадалып, не істерін білмей састы. «Баламды төнген қауіптен қалай арашалап қалам? Қалада жоқ дәріні қалай табам? Тиянақты жауап таба алмай, сан ойға шырмалып, жан дүниесі борша езілді.

Кабинетіне келіп, басқа қалалардың анықтама бөліміне қоңырау соғып сөйлесті. Бәрі де бір-бірімен келісіп қойғандай, жоқ деп жауап бергенде: мұндай таусылмас, мұндай қорланбас, өзінің мұндай дәрменсіз екеніне енді көзін жеткізгендей ызаға булығып, жылауға шақ қалды. Артынша қалай да табуым керек деп, қайыспай қайратқа мінді. Нар тәуекелге бел байлап, түнгі сағат он бірде Ташкенттің автобусына отырды. Бұрын көрмеген үлкен қаладан қорқып не сескенбей, түн ішінде дәріханаларды жаяу аралап, орталық дәріханаға сағат сегізден кете жетті. Берген рецепті оқыған ақ халатты ер кісі: «Мұндай дәрі болған емес, дәрігерің дұрыстап жазсын», – деп қағазды қайтарды. «Бұндай дәрі болған емес» деп басқа дәріханадағылар неге айтпады деп таң қалса да үндеген жоқ. Бірақ үмітін үзбеді.

«Военный аптека» деген маңдайшасында жазуы бар үйге кірді. Дәріханашы қыз басын шайқап:

– Сіз одан да орталық қоймаға барып, меңгерушіге жолығыңыз, болса сонда болады, – деп, түні бойы ұйқы

көрмей, қаланы шарлап, солбырайып тұрған жігітті аяғандай мүсіркей сөйлеп, ол жерге қалай баратынын айтты.

Жасжан әлі кетіп, әбден шаршады. Сонда да ақ халат киген қыздың жылы сөзіне мерейі өсіп, көңілі көтерілді. Айтқан автобусына мініп орталық қойманы тез тапты. «Моминов» деген жазуы бар меңгерушінің есігін қағып кірді. Қазақстаннан дәрі іздеп келген жағдайын айтты. Орта жастағы өзбек кісі қазақшаны таза сөйлеп, түсінбеген жерін өзі сұрап білді. Сөзге келместен тұтқаны көтеріп, біреуге кел деп айтқан бойында есіктен кірген жас жігітке:

– Мына жігіт Қазақстаннан келіп отыр. Іздеген дәрісін тауып беріп жібер! – деді.

Жасжан іздеген дәрісін тауып, меңгерушіге рахметін айтып кіріп шықты. Оның көңілі тасып, өмірінде бірінші рет өзіне риза болғаны шығар. Осы жолы бақыттың дәмін татпаса да, кеуде кернеген қуаныштың өзі бақыт па деп қалды. Күн сәулесі күндегіден де ерекше нұр шашқандай, ғажап сезімге оранып шаттанғандықтың әсері болар, жол қысқарып, қалаға қалай келіп қалғанын да байқамады.

Қаһарманмен ол сыртқы есікте соқтығысып қала жаздады. Дәрігер оны көргенде, шегір көзі күлімсірей қарап:

– Бала бері қарады, – деп, бірден қуанышты хабарын жеткізді.

– Мен де дәріні тауып, көңілді бірледім. Кешеден бері баламды уайымдап, тамаққа да зауқым болмады. – Риза көңілмен, күтпеген жаңалыққа толқып кетті.

– Ой, молодец! Әкенің бәрі сендей болса ғой, біздерге жұмыс істеу оңай болар еді, – деп, Жасжанның қолын алып қысты. – Кезекші медбикеге айтайын, – деді. Екеуі ішке кірді.

Медбике шығып кеткенде Жасжан:

– Осы істеп жүрген жұмысың өзіңе ұнай ма? – деді салған жерден.

– Қалай айтсам екен? – деп сәл жымыды.

– Менің ойымша, сен өз орның таппай жүрген адамның бірісің. Қабілетің тау қопарарлық. Сенің орныңда мен болсам ғылымның жолына түсер едім. Сонда ашқан жаңалығымды халық игілігіне жұмсар еді.

– Институтты қызыл дипломмен бітірдім. Аспирантураға қал дегенде өзім қалмадым.

– Мынауың мен күтпеген жаңалық қой! Неге?

– Не деп айтсам екен?.. – деп мүдірді.

– Оның дұрыс болмаған екен. Ғылыммен айналысаң, жаңалық ашып, еліңе көп пайда тигізер едің. Атың да шығады. Мен де армияда екі жылды босқа өткізгім келмей, қалаған мамандығым болмаса да адамы аз институтқа документімді тапсырған едім. Түскен оқуым ұнамағанның кесірінен институтты екі рет тастап кетіп бітірдім. Әйтпесе алдыма қойған мақсатым басқа еді. Бүгінге дейін соның зардабын тартып жүрмін. Сонда не? Ғылымға әуестігің жоқ па?

– Солай десе де болады.

– Сондағы ойың не?

Қаһарманның жаратылысы өзгеше. Жас болып артық ауыз сөз айтпайды. Өздігінен ашылып сөйлемейді. Мінезі ауыр. Даусы жәй шығады. Шегір көзінің аласы көп. Қашанда сүзіле қарап, түйіліп тұрады. Күлгені де өзгелерден бөлек, сарғыш тісін көрсетіп сәл ғана езу тартады. Бар болмысы осы. Жасжан оның ақжарқын жүзін бір де көрген емес. Қалың ойда тұнжырап жүреді.

– Институтты бітіргесін бір жыл Калининградта армияда болдым. Орманның іші. Ағаштан басқа түк жоқ. Көктем мен күзде жаңбыр жауса батпақ. Қысы қақаған аяз. Медслужбаны басқардым. Қарамағымдағыларға тапсырма беріп, асхананың тамағын тексерем бар жұмысым. Уақыт өткізу үшін арасында шахмат ойнаймын. Ол да күнде емес. Еріккеннен полктағы бар кітапты оқып шықтым. Істейтін іс болмағаны да жаман екен. Уақыт өтпейді. Әбден зеріккеннен ойым-

да жүргенді жазуға кірістім. Мектепте қабырға газетін шығарғанмын, соның септігі тиді. Сонда жазған әңгімелерім мен повестерім үйде жатыр.

– Газет, журналдарға шыққаны бар ма?

– Берген жоқпын. Танысың болмаса кім шығарады?

– Қаһарман, сен мені таңқалдырдың! Әлі де екеуміздің сөйлесетін әңгімеміз бар екен. Оны алдағы күнге қалдырайық, – деп, кешеден бері тамақ ішпей қарны ашып отырған Жасжан асығып орнынан тұрды.

* * *

Кеше ғана арақ ішпесем жүре алмаймын деген Петр Иванович ауырмай, түк етпей қайтыс болғанын естігенде Жасжан қатты толғанды. Әр адамның өзіне жетерлік жақсы да, жаман да қылықтары болатынын есіне алды. Бір кезде айтқан ақыл-кеңесін ойына түсірді. Өмір деген осы: бүгін барсың, ертең жоқсың деп, түк бітірмей мағынасыз өтіп жатқан күндеріне көңілі толмай, өзі де жазықсыз жапа шеккен тағдырына өкпеледі. Себеппен болашағынан көп үміт күткен бала кезінде армандаған арманын сағынып аңсаған.

...Бұл күндері Жасжан неден екенін өзі де білмей, қатты жабырқап, не болса соған ашуланып, сірке-сі су көтермей жүрді. Оның үстіне қорғасындай ауыр қап-қара қалың бұлттар жер бауырлап еңсесін езгендей әсер етті. Ішінен езіліп, ішқұса болған адамның өңіндей, айнала тұнжырап, мұңын шаққандай түнерді. Қарадан-қарап ұйқысы қашып, ұйықтай алмай жатқан мезгілсіз шақта телефон шылдырлады. Жұмысқа шақырған кезек ауыстыру мастері екен.

Жасжан келгенде бірінші қойманың есігінің алдында түнде істейтін адамдар жиналып қалған еді. Шам жарығында шоғырланғандарды көріп, аяғына шок басқандай жүрегі ытқып аузына тығылды. Жақсылық емесін сезді. Оның үстіне осынша адамның сөйлеген даусы да шықпайды. Қас қағым сәтте ауыр ойға бірден беріліп, жаманатты сезгендей бойы мұздап қоя берді.

Шақарбай Жасжанды көріп алдынан шықты. Отты көзінің жанары тайып, көңіл күйі мәз емес. Өңі бозарып, селдір қабақ қатыңқы.

– Күндіз көмекке келіп, жұмыс істеп жүрген оқушы баланың денесін вагонға бидай тиеп жатқан төменгі галереяның тесігінен алып шығардық. Ұстаған кептерін салған қапшығы бар. Учаскелік милиция айтқан бойда жетті. Прокуратурадан келді. Сот-дәрігерлік эксперт өлген баланың денесін қарады. Енді дәрігердің жедел жәрдем машинасын күтіп тұр. – Соңғы сөздерін даусы дірілдеп зорға айтты.

– Директор біле ме?

– Жоқ. Ол кісі комбинатқа түнде келген емес. Айтып не істеймін? – деп ақталды.

Сүйткенше болған жоқ, жедел жәрдем машинасы да келді. Ішінен ақ халат киген екі адам зембілді алып түсті.

– Осыдан басқа машина жоқ, шақырған жерге үлгере алмай жатырмыз, – деді, ұзын бойлы мұртты сарысы, кешігіп келгендеріне кешірім сұрағандай, үрпиісіп үнсіз тұрғандарға қарап. Екеуі денені зембілмен көтеріп, машинаның артқы есігінен кіргізді.

Жиналған адамдар да жұмыс орындарына тарай бастады. Сол жерде өзін Сәбит Тасыбаев – прокуратураданмын деп таныстырған жирен мұртты кісі Жасжанға таңертең сағат онда төртінші кабинетке кел деп кетті.

Жалғыз қалған Жасжан тұрған жерінен қозғала қоймады.

Қоймадағы астықтың шұқырынан кептер аулаған баланың денесі табылғаны оны қатты толғандырды. Және де бұрын болмаған оқиға. Тез шара қолданбаса, әлі де қайталануы мүмкін деп, неше түрлі ой басына келген.

Бірде сан қилы ой басқан көңілі елегізи қалғанын сезді.

Бұрын ол өз ойымен, өз ісімен әуре болып, өзінің талап-тілегінен өзгеге шаруасы болмаған. Ал қазір түн қараңғысын жамылып, ұлы бір өзгеріске ұшыраған-

дай, кенет табиғатты тамашалады. Қарсы бетте тұн- тыныштығына бөленген ағаштар қарауытады, олардан жоғары мүлгіген тұн сақшысындай болып Шолпан жұлдызы жарқырайды. Бар дүниенің үстінен төңкеріле түскен қара көк аспан да – бәрі де жігітке бас шұлғып сәлем жолдап жатқандай өзінен-өзі бұрын болмаған ерекше сезімге бөленіп, жігерін тасытты.

Табиғаттың осы бір түсініксіз маңғаз тыныштығы Жасжан жүрегінің дүрсілімен үндесе соғатын сияқтанады. Бұрын оянбаған, бейтаныс бір тәтті сезім толқыны оны алысқа үйіріп әкетіп, жүрегін қуаныш пен шер-мұңға толтыра түскендей. Бар дүниені орап алған жадыраған жаздың осы бір ғажап сырлы түнінде керемет сиқыр күш бар, комбинат ауласында тұрған ол өзін-өзі ұмытып кеткен секілді. Ұн цехынан шыққан желдеткіштің гуілі де, қаланың алыстан тұтасып келетін шуы да болар-болмас естілетін сияқты. Көшеде жанған жарық та көмескі, болмашы ғана көрінетіндей. Бұған дейін ол табиғат құдіреті дегенді түсінбеді. Ғажап дүниені білмей келді. Самалмен ілескен бейтаныс гүлдің хош иісі аңқып, лүпілдеген жүректі қыдықтайды. Табиғат шіркін асықпай-ақ күтіпті. Міне, жігіт көңілінің кілті табылып, қиялға беріле шарықтап барады. Қазір өзі әлем биігіне шығып, арманына жеткендей...

Тергеуші алдымен Жасжанға шұқшия келді. Оңаша кабинетте жирен мұртты, мосқал, байсалды адам отыр. Жасжанмен әңгімелескеніне екі сағаттан асып барады. Сонда да асығатын емес. Аз сөйлеп көп тыңдайды. Қысылғанынан ол терлеп те кетті. Оның берген жауабына қанағаттанбады ма. Қайткенде анық-қанығына көз жеткізсем деді ме. Болмайтын сөзден де ілік шығарып, сұрақтан сұрақ туғызып, жаңылыстырмақшы ойы барын аңғартқандай. Алдындағы жуан папкіге комбинаттың бүкіл тарихы жатқандай, арасын ашып қойып, жазғандарын ішінен оқиды да, сұрай түседі...

– Баланы жұмысқа қабылдағанда, жұмыс тәртібімен танысты ма? – деді.

– Ия.

– Оны немен дәлелдей аласыз?

– Журнал бар, соған қолын қояды.

– Жұмыс істегенде баланы біреудің қасына қосасыңдар ма? Жоқ болмаса тапсырған жұмысты бір өзі істей ме? – Тағы не сұрасам дегендей, тергеуші жирен мұртын сипап сәл ойланып қалды.

– Далада үйілген астықтың үстіне шығып бетін тегістейді. Шашылғандарын жинайды. Осындай жеңіл-желпі жұмыс қой, – деп күрсінді.

– Алдымен менің сұрағыма жауап беріңіз. Балаға баскөз болатын қасында адам бола ма? Әйтпесе, жұмысын тастап, көгершін қуып ойнап кетуі мүмкін ғой.

– Қоймашының қарауында істейді. Тапсырған жұмысын қадағалап, күнбе-күн нарядын жазады... – деп, сөйлей бергенде, сөзін бөліп:

– Түсінікті. Жұмыста жүріп те, жұмыстан кейін де көгершін ұстауға ешкім кедергі жасамайды. Солай ма? Онда бұл оқиға күндіз жұмыста жүргенде болған шығар. – Тергеушінің шапырашты көзі Жасжанға қалды.

– Күндіз жұмыс істеген адамдардан көгершіндер үркіп ішке кірмейді, – деді, аузына басқа сөз түспеген Жасжан салқындау.

– Мына қағаздағы жазғанды оқып, қолыңызды қойыңыз, – деді, тергеуші шаршаған адамдай сол қолын жағына сүйеп.

Тергеуші басқалардан гөрі Жасжанға көп шұқшиып, екі апта бойы маза бермеді. Қайтыс болған баланың әке-шешесі жұмыстан кейін болған уақиға екенін айтқанда ғана тергеуін тоқтатты.

* * *

Қоңыр күз жауын-шашынын ала келді. Оның үстіне биылғы астықтың ылғалы шектеулі нормадан артық болғанына қарамай он мың тонна қабылдады. Кептіріпш пеш күні-түні жұмыс істесе де үлгере алмай, астық

қыза бастады. Астықты тасымалдағышпен аударып желдеткізді. Ол да көпке бармай қайта қызады. Тәулігіне он бес тонна ғана құрғата алатын пешпен қанша ай жұмыс істеу керек екенін есептегенде Жасжанның төбе шашы тік тұрды. Қазірдің өзінде қызып жатқан астықтан не қалады деп шошыды. Қол қусырып отырмай, қайткенде де тез шара қолдану керек екенін айтып директорға кірді. Сондағы ойы – кептіргіш пеші бар пунктке ылғалды астықтың біразын вагонға тиеп жіберу. Осыған басқарма бастығының ұлықсаты керек. Алексей Ивановичпен осы жайында сөйлеспекші болған.

Ол келгенде Алексей Иванович қағаз жазып отырды. Оның бойы кішкентай болса да қасы ұзын, қабағы қалың болатын. Көңіл хошы болмаған кездерінде екі қабағының ортасы білеуленіп, көзінің айналасы әжімденіп кететін. Ондай кезде момақансыған даусы жәй шығып, таңырқай қарап алатын да, үні қатқылданып, екпінмен сөйлегенде қыртыстанған қабағының арасы білінбей тұтасып кететін.

Ауа райын болжағыш бұрынғының қарттарындай, Жасжан да басы төмен түсіп кеткен директордың қабағын диванға отырғанда байқап, араларында оңды сөз болмайтынын бірден сезді.

– Алексей Иванович, ылғалды астық қазірдің өзінде қызып жатыр. Мына түрімізбен астықты құртқа жегізіп аламыз. Бір жүріп, бір тоқтап істеп тұрған пеш тәулігіне он тонна да бере алмайды. Берген күнде де үш-төрт ай сақтай да алмаймыз. Аман алып қалудың бір ғана жолы бар. Бес мың тоннаға наряд сұрап, пеші жұмыс істейтін пункттің біріне вагонмен жіберу керек. Жағдайды түсіндіріп, басқарма бастығымен сөйлесіп көресіз бе?

– Маған несін айтасың?

– Директор емессің бе? Осы жерге пікір бөлісуге келдім. Оның несі айып? – Жасжан да даусын көтерді.

– Астықтың сапасына жауап беретінің рас болса, маған келмей-ақ, өзің де шеше бермейсің бе?

– Бұл жерде бірінші бастықпен өзің сөйлескенің жөн ғой. Одан басқа ешкім шеше алмайды. Директор тұрғанда менің сөйлескенім келіспес. Өзімді көрсетіп, орынға таласқан адам болмаймын ба? Маған директорың қайда...

Жасжан сөзін аяқтағанша болмады, есіктен орта бойлы, ақ құба келген жас жігіт рұқсатсыз еркін басып кіріп келді.

– Ассалаумағалейкум! – Жас жігіт директорға қолын беріп, өзін таныстырды.

– Сәру Тұяқов. – Төс қалтасынан алып куәлігін көрсетті.

Алексей Иванович куәлікті көргенде, әбіржігендей көзі жыпылық қағып, маңдайы қыртыстана қалды. Сол жақ қапталындағы орындыққа отыра берген жас жігітке:

– Шаруаңызды айта беріңіз, – деді, мән бермегенсіп жәй ғана.

– Сізбен оңаша сөйлесуім керек, – деп, Сәру Жасжанға қарады.

Жасжан шығып кеткен соң, Сәру:

– Алдын ала ескертіп қояйын, менің жұмысым – сізге сұрақ қойып, жауап алу. Алдымен осыны біліп қойғаның жөн, – деп күлімсіреді. Ақ сары шырайынан жадағайлық та, кеңдік те байқалады. Жас та болса көп нәрседен хабары бар екенін аңғартқандай.

– Сонда менен не жайында сұрамақсыз? – Алексей Иванович таңданғандай, аңқауси қалды.

– Жаңа ғана сұрақты мен қоятынымды ескертпеп пе едім? Қоймада қанша тонна жоңышқаның тұқымы бар? Соның ішінде бірінші сорт жоңышқа ұрығы қанша тонна? – деді Сәру.

– Колхоздар мен совхоздар жоңышқаны комбинатқа өздері әкеліп, тазартқызады. Тұқым тексеретін лабораториядан өтсе, сертификат береді. – Оң қолының саусақтарымен шашын артына қайырған Алексей Иванович жауырынын отырғыштың арқасына тақап шалқайды.

– Олай болса, Украинадан ұсталған үш тонна жоңышқа тұқымы комбинаттан қалай шыққан? Қателеспеу үшін, әлі де кеш емес, ойланыңыз, – деді Алексей Ивановичтің ішін көріп тұрғандай, қой көзі күлімдеп.

– Басқа айтарым жоқ, – деді Мун күрсініп. Оның әлденеге мазасы қашқанға ұқсайды. Маңдайын ұстап, төмен қарап отырып қалған. Қатыңқы қара сұр жүзі күреңденіп, қысыңқы көзінің жанары солғын тартты.

– Тергеуді жеңілдете ме деп дәмеленсем, артық кетіп бара жатқанға ұқсайсыз. Сізден мұны күтпеп едім. Бүгінге осы да жетер. Әлі де ойланыңыз, керек болған жағдайда қоңырау соғармын, – деді, Сәру орнынан тұрып жатып.

Арада біраз күн өткесін Сәру Жасжанды үн цехының жоғарғы қабатында жүрген жерінен тапты.

– Жасжан сіз боласыз ба? – Ақжарқын жүзі жадырап қолын берді.

– Ия.

– Сізбен сөйлесетін шаруа бар еді. Қайдан көрдім десе, есіме енді түсті. Өткенде директордың кабинетінде көрген екенмін ғой, – Сәру бар даусымен айқайлап сөйледі.

– Мына цехта адамдардың бастары айналмай қалай жұмыс істеп жүр? Машиналардың дүрсілі мен мотордың гуілінен құлағым бітіп қалды, – деді, Сәру далаға шыққанда таңданып.

– Бұл ештеме емес, бір рет металл пісіру цехының ішіне кіргенім бар. Даланың өзі күйіп тұрған шілде айы болатын. Жалындаған пештен балқып шыққан болатың қып-қызыл шоғына қақталған, беттері баттасқан қара күйе, өңдері боп-боз жұмысшыларды көрдім. Денелерін балқыған темір ыстығы қарып, қалай шыдап жұмыс істеп жүргендеріне таңғаласың. «Адам итжанды» деген сөздің мағынасын сонда ұқтым. Оның қасында бұл не, тәйірі! Ештеме емес.

Жасжан Сәруді ертіп кабинетіне кірді. Ұзын стол жанындағы отырғышқа отырған тергеуші:

– Жасжан, сізден жауап алуға келген жоқпын. Маған сіздің көмегіңіз керек, – деді сөздің тоқетеріне көшіп. – Әрідесе бұл системаны білмеймін, жөн-жосығын дұрыстап түсіндіріп берсеңіз. Осы комбинаттан контейнерге тиеп жіберген үш тонна жоңышқа тұқымы Украинадан ұсталды. Бұған не айтасыз?

– Бір жәйді түсінбей тұрмын, – деді Жасжан қысылып. – Ыңғайсыз болса да сұрауға тура келіп тұр.

– Несіне қысыласыз, айтыңыз.

– Арнайы маған келгеніңіз түсініксіз. Осыны білуге бола ма?

– Білетін ешнәрсесі де жоқ. Саған сенгеннен келіп тұрмын.

– Менің білгім келгені де осы. Олай болса білгенімді айтуға мен дайынмын.

– Маған жоңышқаны қайдан алғаны түсініксіз. Осыны қалай анықтауға болады? Осыған жауап таба аласыз ба?

– Шынын айтсам, бұған мен дәрменсізбін. Себебі комбинатта жоңышқа тұқымы сақталмайды. Колхоздар мен совхоздар әкелген жоңышқа тұқымын тазартып алғаннан кейін өздеріне алып кетеді. Кейде тазартылған жоңышқа тұқымы вагонмен келеді. Оны жоғарыдан келген нарядпен береміз.

– Одан ұрлай алмайды ғой, – деп, ойланып қалған Сәру сәлден кейін: – Бидайдың бір келісі жиырма тиын болса, жоңышқаның бір келісі он сомнан он бес сомға дейін барады екен. Не деген ақша бұл.

– Бұл ақшаға құныққан адамдардың ісі болар. Ұрлайтын адам есебін табады. Комбинаттан кеткен болса, жоңышқаны тазартқанда шығатын қалдықтың есебінен алып қалуы мүмкін.

– Сонда мұны қалай тексеруге болады?

– Тексергенмен ештеңе таппайсың. Бізге әкелетін үш совхозға барып, тіркеген журналын қарап, көруіңе болады. Мүмкін солардан шыққан шығар. Ең оңай тәсілін айтайын ба?

– Онда тіпті жақсы болар еді.

– Украинадан келіп алып кеткен адамды тапсаң, сол бәрін айтпай ма?

– Ол болса кәнеки, оны табу қиын болып тұр. Ұстатпай жатыр. Қайда кеткені белгісіз. Өздері үшеу екен, – деді.

– Үшеу дейсіз бе?! – деп қайта сұрады. Оның ойына бірден өткенде көрген адамдар түсті.

– Ия. Біреуі кәріс. Аспирантураны бітірсе де әлі кандидаттығын қорғамапты.

Енді оның солар екеніне күмәні қалмады. Айтайын деп оқталды да, сөзді басқаға аударып, жалтарып кетті.

– Оқуды қашан бітіріп едің?

– Үш жыл болды.

– Е, онда төселіп қалыпсың ғой. Бірақ түрің уылжып, тым жас көрінесің.

– Бастық мені кабинетіне шақырыл алып, «Сәру Тұяқов, сені бір мәнді іс күтіп тұр. Жеке-дара тапсырма орындамағаныңды білем. Өзің қомсынбасаң, бір жұмысты саған жүктейін деп тұрмын. Қалай қарайсың?!» деп еді. Мені қинайтын бастықтың сөзі. Сенімін ақтай алмаймын ба деп қорқам. – Сәру өз уайымын айтып, Жасжан сөзіне мән бере қоймады.

– Тергеуші сабырлы, сөзі баяу, ұстамды, ішімдегіні біліп ал дегендей мінезі тұйық келеді. Өңдерінен әлденені сезе қою мүмкін емес. Айтайын дегенім, сен ондай емессің. Жаратылысың тіптен бөлек, сөйлескен адамыңды баурап алатын ерекше қасиетің бар. Ісіңнің оңға басатынына сенемін. – Жасжан оның көңіліндегі кірін кетіргісі келген мағынамен сөйлеген.

– Жасжан, менде бір ұсыныс бар. Қабыл алсаң жақсы болар еді.

– Ол не?!

– Жаңағы айтқан совхоздарға екеуміз барып қайтсақ қайтеді?

– Жұмыстан кейін баруға болады. Әйтпесе мені іздеп қалады.

– Өткенде комбинатта денесі табылған баланың ісін жүргізген Сәбит деген кісі менің немере ағам. Сіз жөнінде біреулерден біраз хабар естіпті. Түсінбегеніңді содан сұрарсың, ондай іске шатысы жоқ таза жігіт деп маған айтқан еді.

– Ол кісі мені әбден мазалады онда, – деп Жасжан күлді.

– Сенесің бе? Қазір сізбен танысып, сөйлескеніме қуанып отырмын. Ертең онда жұмыстан кейін барайық. Өзім қоңырау шаламын, – деді.

* * *

«Қайнарбұлақ» совхозына баратын жол үстінде өтіп жатқан машиналардың арасынан ақшыл бояулы ескі «Волга» ызғытып келеді. Жер ұршықша айналады. Тұңғыық көкте ала шарбы бұлттар қалқиды.

Рульде Сәру отыр. Жасжан қасында жай теңселіп рақаттана тыныс алып, әлдеқандай тәтті қиялға беріліп кеткен. Ту алысқа, көкжиекпен астасқан шетсіз, шексіз кеңістікке көз тігіп күлімсірейді. Асылы талмай үміт күткен жақсы. Осындайда өтіп кеткен балалық шағы есіне түскенде құмға сіңген судай боп, арманға шомған күндерін ойлайды. Енді солар қиялға сыймағандай жүрек қылын ұялтатынын қайтерсің. Бірде кеудесінде шері бар адамдай телміре қарайды. Ондайда қуанышынан азабы көп сезімге бой ұрады.

– Аға, ойыңызға не түсті?

Жасжан селт етті. Өзінен-өзі қысылып, сәл езу тартты:

– Жай... Әншейін.

– Бұндай кең төселген асфальт жол совхозда сирек кездеседі. Алпыс шақырым болса түк емес. Қазір-ақ жетіп барамыз. Түнде кеш жатып едім, кірпігім ауыр тартып барады. Жасжан, өткен бір оқиғаны айтайын, тыңдасаң. Сөйлемесем қалғып кететін түрім бар.

– Оның несін сұрайсың, айта бер. Әңгіме айтқан да өнер. – Жасжан ой құршауынан құтылғанына қуанғандай Сәруге күле қарап, орнынан қозғалақтап қойды.

– Институтты бітірген жылы Қарағандыда істедім. Сонда болған оқиға бұл.

Түн ортасы ауа телефон безек қақты. Оның даусы құлағыма әдеттегіден қатты естілгендей болды. Жалма-жан төсегімнен ұшып түргеліп трубканы көтердім. Бөлім бастығы Батыр ағай екен. «Далаға шығып тұр!» – Бар айтқаны осы. Асығыс киініп далаға шықтым. Айнала қап-қараңғы тұнжырап тұр. Есік алдында аса бір шапшаңдықпен ерсілі-қарсылы жүрдім. Сол сәтте қою қара қараңғылықты жарығымен тілгілеп Батыр ағайдың жеңіл машинасы кеп тоқтай қалды. Айтқан мекен-жайы қаланың ортасында екен. Екеуміз қылмыс жасаған үйге келдік. Онда учаскелік милиция, қылмысты іздестіру бөлімінің қызметкері, ғылыми техникалық бөлімнің өкілі, сот-дәрігерлік эксперттің адамдары күтіп тұр. Есік алдында милиция қалды. Бәріміз ішке кірдік. Бөлменің іші таза болғанмен, еденде киімдер шашылып жатыр. Жататын төсектің шетінде бет-аузы қан-қан әйелдің денесі, еденде ер кісі басын тізесіне қойып бүрісіп отыр. Басқа ешкім жоқ. Есік алдында тұрған милиционерге «Көршілерден адам болса кіргіз» деді Батыр аға. Дене шалқасынан жатыр. Ғылыми техникалық бөлімнің өкілі өлікті жатқан жерінде әр жақтан суретке түсіріп алды да, етпетінен аударды. «Әбден аямай ұрған екен» деп тыныштықты бұзды қылмысты істерді іздестіру және зерттеу бөлімшесінен келген лейтенант. Батыр аға ер кісінің қасына жақындады. Мен де қолыма қағазым мен қаламымды ұстап қатар тұрдым. «Басыңызды көтеріңіз, кім боласыз?» деді, иығына қолын тигізіп. Одан жауап болмаған соң, есік алдында тұрған милиционерді шақырды. «Мына кісіні келесі бөлмеге апарып орындыққа отырғыз» деді. Милиционер бүрісіп отырған адамды сүйемелдеп тұрғызып, есікке қарай жүрді. Екеуміз артынан ердік.

– Енді дұрыс болды. – Отырған кісіге қараған Батыр аға. – Аты-жөнім Батыр Сексенбайұлы. Тергеушімін. Ал енді өзіңді таныстыр. Кім боласыз?

Байқап қарасам, денесі дірілдеп өзіне-өзі келе алмай тұр екен. Батыр аға да сезіп қалса керек.

– Қойған сұрағыма жауап беруге жағдайың келе ме? – деді. Ол басын изеді.

– Қоңырау соққан сен бе?

– Ия.

– Аты-жөніңді айт, – деді шаршаған адамдай даусын ебедейсіз шығарып.

– Марс Өтепов, – деді де ағыл-тегіл жылады.

– Не жұмыс істейсің?

– ? – деді даусы дірілдеп.

– Әйелді өлтірген сен бе?

– Менің әйелім. Біреумен жүреді деп күдіктенуші едім... Соным рас болды... Мен бөлмеге кіргенімде екеуі төсекте жатыр. – Марс кекештеніп зорға сөйледі.

– Оны қалай дәлелдей аласың? – деп сауал тастады Батыр. Осы кезде оның сөйлеуге шамасы келмей, қолын кеудесіне апарып, ауа жетпей үһіледі.

– Жарайды, ертеңге қалдырайық. Бәрі түсінікті, – деді.

Ертесіне Батыр аға шұғыл шаруамен іссапарға кетті де, істі мен жүргіздім.

Бір көргеннен Марсты қатты аяп кеттім. Тағдыры жаныма батты. Сол себеп болды ма? Ол әйелін өлтірсе де, оны құтқарып алып қалуға тырысып, бар күшімді аямадым. Бір нәрсеге көңілі ауған адамның әдеті емес пе?! Соның жолында аянбай күресетін. Оған себеп те бар еді. Әке-шешесі де қызық қой, қазақ бола тұрып, орыс мектебіне оқытыпты. Қызбен тоғызыншы сыныпта танысқан екен. Мектепті бірге бітірген. Үйдегілер өз ұлтыңнан ал деп қарсы болғанына қарамастан, институтты бітіргесін үйленіпті. Қазірге дейін туғандары араласпайтын көрінеді. Мен одан «қазақ қызынан неге қаштың?» десем, «қазақша білмеймін, қалай сөйлесем?» деді.

Марс төсекте жатқан еркекті көргенде естен айрылып, еркектің жанында жалаңаш жатқан әйелін

сөзге келместен қолына не түссе сонымен ұра беріпті. Бойын кернеген ашудан көзіне қан толып, не істеп, не қойғанына есеп бермей, қан аққан бет-аузына да қарамаған. Ең соңында сынып қалған балтаның трубадан істеген сабы қарақұсқа тиіп жан тапсырыпты. Әйелінің қасында жатқан еркекпен ісі болмаған. Ол дамбалын кие салып, басқа киімдерін алуға мұршасы келмей қашып кеткен. Болған оқиғадан кейін жүйкесін тексертіп, сараптаманың қорытынды қағазын іске тіркеп тапсырдым. Сот үкім шығарғаннан кейін босатты.

– Сонда қалай? Адам өлтірсе де соттаған жоқ па?

– Сол уақытта қандай күйде болғанын сараптама жасап анықтайды. Өзін ұстай алған жағдайда болды ма, болмады ма – соны тексеріп біледі.

– Марстың әке-шешесі келді ме?

– Келді. «Баламдай бала екенсің. Саған бірдеме айтуға аузым бармай отыр. Әке-шеше баласын жамандыққа қия ма? Түсі жылыдан түңілме» дейтін еді. Не айтайын деп отырғанымды түсінген шығарсың. Несін жасырайын. Әуел баста айтқанымызды тыңдамай орысқа үйленіп еді. Ақыры не болды?.. Бала да болмады» деп шешесі мұңын шақты. Өзі елуден асса да, ажары таймаған, қараторының әдемісі екен. Оның қасында Марстың әкесі көзінің айналасына ұсақ әжімдер қаптап, қартайыңқырап қалған. Бірақ мінезі ауыр кісі болса керек, бірнеше рет келгенде бір ауыз сөз қатпай үн-түнсіз отырды.

– Сот үкім шығарғаннан кейін Марстың әке-шешесін көрдің бе?

– Е, е... – деп, даусын қаттырақ шығарып, машинасын бепіддетті. – Ұмытып бара жатыр екенмін ғой. Есіме түсіргенің жақсы болды. Жұрттың көзіне түскісі келмеді ме, кабинетіме келді. Әкесінің даусын сонда естідім. Қуанғаннан, балаша өкіріп жылады. Артынан бет ормалымен көзін сүртіп тұрып, «Балам-ай, адам айтып жеткізе алмайтын қызмет жасадың! Өмірде өшпейтін ізің қалсын! Тілеген мақсатыңа жет! Бізге істеген жақсылығың Алладан қайтсын» деп батасын берді.

– Марстың әйелінің туыстары сотқа келді ме?

– Әкесі келді. Әскери адам екен.

– Туыстары шағымданған жоқ па?

– Шағым болған жоқ.

– Марс қазір қайда?

– Айттым ғой, Қарағандыда болған оқиға деп, әке-шешесінің тілегі орындалды. Баласына өз ұлтынан келін алып берді. Араласып тұрамыз. Екі баласы бар. Қазір Марс қазақша жақсы сөйлейді.

– Қалай болғанда да адам өлтірген ауыр ғой. Еңбегің еш кетпей, ақтап шығарсаң, жақсы болған екен. Ізденіп біраз тер төккен шығарсың.

– Сөзіңнің жаны бар. Несін жасырам, мен күтпеген біраз қиындықтар кездесті. Шындап келгенде заңға қарсы тұра алмады. Кішкентай күнімде сөзуар едім. Сөйлемесем отыра алмайтынмын. Кітаптан оқыған ертегілерді тыңдағысы келмегеніне қарамай бірге жүрген балаларға айтып, бастарын қатыратынмын. Сөзден ұпайымды жібермейтінім содан шығар деп ойлаймын. Қашанда заң әділет жағында емес пе?! Жеңіске жеткенімнің бірден-бір себебі осы, – деді Сәру.

– Әңгімемен жол қысқарды. Совхозға келгенімізді байқамай қалдық, – деді Сәрудің әңгімесіне таңданған Жасжан.

Алдарынан биік теректердің бастары қылтиды. Сонан соң ағарып үйдің шатырлары көрінді. Артынан қаптаған үйлердің арасынан көше де көріне бастады.

– Анау орта тұстағы еңсесі биік, шиферлі үй – совхоздың кеңсесі. Жылда қыста үкіметке тапсыратын астыққа шарт жасасуға келгенім болмаса, совхозда ешкімді танымаймын, – деді Жасжан.

Совхоздың кеңсесінде іші қампиған, беті іскен адамның түріне ұқсаған, маңдайының шашы жоқ, өңі боз бас есепші Аманкелді жалғыз отыр. Жасжанды көргенде, комбинатқа ертеңгі күні ісі түсіп баратынын есіне түсіргендей жайраңдап қарсы алды.

– Жол болсын! – деді Аманкелді таңырқап.

Жасжан оған келген шаруасын түсіндірді.

– Сіздерге керек адам қойма меңгеруші Күлзира, оны кәзір шақырам, – деп телефонның тұтқасына жармасты.

Артынша қатқан қара келіншек кабинетке күле сөйлеп кірді:

– Не болып қалды десем, мен көрмеген қайныларым келіпті ғой. Амансыңдар ма? Қонақ болсаңдар үйге жүріңдер, – деді.

– Қылшылдаған жас жігіттерді ертіп барсаң, үйдегі ағамыз не дейді? Сізге сөйлеп жүрмей ме? – Сәру сөзінің орайы келгесін қалжыңдаған.

– Не десін, қонақ болсаңдар төрге шығындар дейді де. Біздің арғы аталарымыз ауыл сыртында кетіп бара жатқан аттылы кісіні шақырып алып қонақасы беретін. Олай істемесек те, шай мен бір асым ет табылады.

– Алдымыздан мұндай қонақжай адам кездесе қояды деп ойламадық. Білгенде ерте шығар едік. Айыптымыз. – Сәрудің сөзіне Гүлзира мәз болып күлді.

– Машинаға мына тұрған қала сөз болып па!? – деді Гүлзира.

Осы арада Аманкелді сөзге араласып:

– Гүлзира, алдымен жігіттердің келген шаруасын сұрамайсың ба? Қоймада қанша жоңышқа тұқымы бар? Қабылдап алған журналың мен қағаздарыңды көрсет.

– Менде жоңышқа тұқымын таразыдан өлшеп алған журнал бар. Сосын комбинатқа апарып тазартып әкелгендегі акті ғана.

Столдың тартпасынан алған журнал мен жазған актіні Сәруге берді.

– Осы ғана ма? – деді көңілі толмай.

– Биыл жоңышқа тұқымын алғандар болды ма? – деді Жасжан.

– Тазартқаннан қалғаны он тонна. Басқа жоқ. Неге керек? – деді Гүлзира екеуіне кезек қарап.

Өткен жылдан қалған-қалмағанын ай сайынғы есептен көрген Сәру қоймаға барып, қапшықты санады. Үш

қапшықты таразыға бірден өлшеп, он тонна жоңышқа орнында жатқанын еептеп шығарды. Келген шаруаларын осымен бітірген екеуі Гүлзираның пейіліне риза көңілмен, тамақ ішпесе де ішкендей болып кейін қайтты.

Сәру совхозға келгеніне қуанбаса, өкінбеді. Өйткені алақандай ауыл бір-бірінің не істеп, не қойғанын көргенімен қоймай, біліп те отыратынын көзімен көріп қаныққандай болды. Содан ол «Қағазда жазылған адрес комбинат емес пе? Неге мен тапа талтүсте адасып жүрмін» деп, өзіне ренішін білдірді.

Ертесіне Сәру нық сеніммен шыңдалып комбинатқа қайта келді. Көңілі орнықты. Қателеспесем болар еді деп күмәнданбады. Бірақ ол ойлағанындай болмай шықты. Алексей Иванович оның сәлемін дұрыс алмай, болар-болмас ернін жыбырлатты. Бұлай қырын қарайды деп күтпеген. «Жас деп мені менсінгісі келмейді...» деп, оның бірден намысына тиді.

– Алексей Иванович, сізден тағы да сұрақ алуға келдім. Дайынсыз ба? – деді үстем дауыспен нығырлап.

– Өткенде айтқанымнан басқа қосарым жоқ. – Қысық көзінің қас-қабағы бірге жиырылып, «қолыңнан не келеді?» дегендей қатқылдау үнмен Сәруге тесіле қарады.

– Кешіріңіз, сіздің жасыңыздың үлкендігін сыйлап осында келіп тұрмын. Әйтпесе, Алексей Иванович, тергеу бөліміне шақырып жауап алуыма болатын еді маған.

– Қайда да берер жауабым біреу, – деді, даусы сәл жұмсарып.

Сәру Алексей Ивановичтің қарсы алдындағы орындыққа отырды.

– Ендеше көрелік, – деді. – Алексей Иванович, басқалардан жауап алмай, алдымен сұрақты өзіңізден бастаған себебін түсіндірейін. Осы комбинаттың директоры болған соң, жұмыстағы жіберілген кемшілікке бірінші жауап беретініңізді айтпай-ақ та білесіз. Былайша айтқанда, бірінші директордан сұрайды. Солай ма?

Олай болса, жұмыста не болып, не қойып жатқанын қолыңыздың бес саусағындай жақсы білуіңіз керек. Сонда ғана өз міндетіңізді мүлтіксіз атқарып жүрген жақсы басшы болып саналасыз. Байқауымша, маған дұрыс жауап бергіңіз келмей қыңыр мінез көрсетіп отырсыз. Бұл заңға қайшы екенін ұғыңыз.

Сәру сәл үнсіз қалды. Енді не айтсам дегендей, жылы жүзбен Алексей Ивановичке қарады. Оның міз бақпай отырғанын көргенде, сөзін жеткізе алмағанына іштей қынжылды. Қазір оның басын қатырып тұрған бір-ақ ой бар. Одан қалайда жауап алудың жолын табу. Соған ол бар күшін салуға қайта кірісті.

– Алексей Иванович, мені дұрыс түсініңіз, ұрланған жоңышқа тұқымын сізден көріп отыр деп ойлап қалмаңыз. Әзірге менде ондай ой жоқ. Тек қана не біледі екен деп сұрап отырмын. Болмаса біреуден естігеніңіз бар шығар. Күдіктенетін адамың болса оны айтыңыз. Біз оларды тексерейік. Бұл жерде сіздің көмегіңіз маған аудай қажет екенін ұмытпаңыз. Ендігі сөз өзіңізден болсын.

Екеуі де бір-бірімен іштей арбасып, көздері түйісті. Бірі түйіліп, атылатын оқжыландай қаһарлы жат пиғылын танытқандай. Бірі жылы шырайлы ақжарқын жүзі күлімдеп, кең пейілмен шешіліп сөйлескенше асыққандай.

Алексей Иванович институтты бітіргеннен кейін совхоздың бөлімшесінде агроном болып істеген. Сол уақыттан ол басшылардың алдында құрдай жорғалап, өзін көрсетуге тырысып бақты. Бір жағынан оның қулық-сұмдығы өзіне жететін туа біткен қабілеті де бар болатын. Оған қалай ішіп-жеуді үйретудің керегі жоқ еді. Сол кезде де совхоздың астығын сатқан жерінен бірнеше рет ұсталды. Беделі бар сыбайластарының арқасында жеме-жемге келгенде ешнәрсе де болмай құтылып шықты. Одан ауданның комсомол секретары болды. Ішіп-жемі жоқ, бұл жұмысты ұнатпай жарты жыл өтпей совхозға қайта келді. Сүйтіп жүргенде ау-

данның бас агрономынан бір шықты. Қайда да пайда тауып үйреніп қалған адам енді өзіне бағыныштыларын жұмсап, ісін тындыратын айлаға көшті. Бір жағынан ісі түсетіндердің де көңілін аулады. Есебін тауып тапқан олжасын олармен де бөлісті. Бір жылдары аудан екі жыл қатарынан мемлекетке жүз елу пайыздан аса астық тапсырды. Сол жылы қатардан қалмай бұл да Ленин орденіне ие болған еді.

* * *

Мейрамханаға тамақтанайын деп кірген Алексей Иванович стол басында жалғыз отырған жерлесі Андрей Васильевичті көріп қасындағы бос орынға келіп отырды. Көпшіліктен шет қалып жалғызсырап жүрген Андрей Васильевичке де керегі осы еді. Ішінен жек көрген жоқ. Қайта Мунмен амандасқаннан кейін, ішіндегісін шығаратын адам тапқанына қуанғандай асығып, салған жерден мұңын шаға сөйлеген.

– Хал мүшкіл, – деді, маңдайына түскен шашын артына қайырып қойып. – Бәріне кінәлі өзім, «Тек жүрсең – тоқ жүресің» деген қазақта сөз бар. Сол рас екен. Басыма түскенде бір-ақ білдім. Оларда «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді» деген де бар. Мен тойып секіргенімді кеш түсіндім. Түсінесің бе мені? – Андрей Васильевич жасаураған көзін сүртіп Алексей Ивановичке қарады. Қарлығыңқы жуан дауыста мұң араласқан жайсыздық сезіледі. Енді сөйлесе өзін ұстай алмай босап кететін білді ме – алдында тұрған графиндегі арақты екі рюмкіге құйды.

– Өзіме ашынып жүрмін. Осыны ішсем ғана көңілім орнығады, – деп, рюмкені босатып орнына қойды. – Көптен көрмегесін бе, көзіме ыстық көрінді. Саған айтпағанда кімге айтам? Ауылға барып тұрасың ба?

– Көптен барған жоқпын. Кәзір онда ешкім қалған жоқ.

– Жұмыс қайда?

– Ауылшаруашылық бөлімінде, бас агроном болып істеймін. Андрей Васильевич, әңгімені бастадыңыз да аяқтамадыңыз ғой. Шынын айтсам, сөзіңізден ешнәрсе түсіне алмадым, – деді, бос рюмканы саусағының ұшымен айналдырып.

– Ия. Қарап жүрмей, соғталып кете жаздадым. Жаңа айтым ғой, бәріне кінәлі өзім деп. Осы оқиға неден басталғанын білесің бе? Мүмкін естіген шығарсың? Шыныңды айтшы.

Мун Андрей Васильевичтің қызулау екенін енді байқады.

– Бір әңгіме естіген едім. Бірақ өзіңіз айтқандай бола қоймас, – денесі ішкен арақтан бусанғандай жадырап миығынан күлді.

– Осының өзі неден басталғанын айтайын, ар жағын білетін болып тұрсың ғой. Мына графиндегіні екеулеп тауысып қояйық, – деді Андрей Васильевич. Құйған рюмкіні, – денсаулық үшін! – деп соғыстырмай ішті. – Алексей Иванович, Ленин орден алғаныңды естісем де жуганыңды естімеппін. Ол қалай?!

– Бір-бірімізді елемей жүргеннен болар, оған екеуіміз де кінәлі шығармыз. Бірінші секретарьмен жақсы едің ғой. Кәзір де солай ма?

– Жақсы кісі, үлкендерге инабаттылау болмайтын ба еді, – деп, Андрей Васильевич сөзден жалтарғандай кеңк-кеңк күлді. – Жарайды. Орденің құтты болсын! Осы рюмкені сол үшін алайық, Алексей Иванович.

– Андрей Васильевич, рахмет! Мен де қарыздар болмаспын, – деп ризашылығын білдірді.

– Осы айқайдың басы жас қазақтан басталды. Ол маған жұмысқа келді. Директордың орынбасары қызметіне тағайындаған, қолында басқарма бастығының қол қойылған бұйрығы бар болатын. Соған қарамай «бастықпен сөйлесіп, хабарын өзім айтам» деп, жұмысқа қабылдамай қойдым. Ол комбинаттан кетпей үш күн жүрді. Үшінші күні бастық қоңырау соқты. «Директордың орынбасарлығына тағайындаған жігітті

жұмысқа қабылда және оған бас-көз бол!» деді ызғарлы шыққан дауыс бірден. Басқа сөзге келмей трубканы тастай салды. Сонан соң менен хабар күтіп жүрген жігітті шақырып алып жұмысқа алдым.

Мен ойлағандай емес, жігіт жұмысқа қабілетті болып шықты. Өзі оқыған білімді. Уақытпен санаспай күн-түн демей жүреді. Істеген ісі де тиянақты. Ішімдікпен әуестігі жоқ. Осы жасқа келгенше өз қара басым мұндай жасты көрген емеспін. Неге екенін білмеймін, мен одан қорқа бастадым. Ол менің басқан ізімді аңдитындай болып көрінді. Амалын тауып жұмыстан қууды ойлады. Не болса соған ұрсып, тиісе бердім. Бұдан да түк шықпады. Бірінші хатшы Бабиннің атына түсініктеме жазып, бас инженер мен кәсіподақты да ергіп алдына алып барып едім. Менің орынбасарымның сөйлеген сөзінен қорқып кетті ме, арызбен маған бұдан былай келме деп шығарып салды. Содан не керек, басқарма бастығына арыз жазып, «ақ-қарасын ашыңыз, мен онымен жұмыс істей алмаймын. Не ол, не мен жұмыстан кетуіміз керек» деп байбалам салдым. Менің шағымыммен тексеруге келгендер одан ешнәрсе таппай, менімен оңаша сөйлесіп, бастарын шайқап жөндеріне кете берді. Бұл ойымнан да ешнәрсе шықпаған соң, кәсіподақтың жалпы жиналысына бастықты шақырдым. Жиналыста жұмыстан шығаратын болып қолымызды көтеріп дауыс алғанда, екі әйел қарсы шыққанымен қоймай, ортаға шығып сөйледі. Осыдан кейін сол екі лаборант менің үстімнен арыз жазды. Әйтеуір сотталмай аман қалдым. Кәзір зейнеттемін. – Айтып болдым дегендей күрсініп қойды. Сәлден кейін: – менің орным бос. Сенің істейтін жерің. Жерлесіңе кірсең болды. Соның бір ауыз сөзі жетіп жатыр. Әзір ешкімді бекіте қойған жоқ.

– Біріншімен бір мектепте оқыған жоқсыңдар ма? Екеуіміз кірсек қайтеді?

– Мен оған қай бетіммен алдына барам? Айтқан жоқпын ба? Істі сотқа бергізбей аман алып қалған сол емей кім деп едің. Соның арқасы.

– Андрей Васильевич, онда сіз істей алмаған ол жігітпен мен қалай жұмыс істеймін? Осыны айтшы.

– Оның бір ғана жолы бар. Бірақ сен олай істей алмайсың... Солай ма, Алексей Иванович?

– Түсіндім.

Екеуінің әңгімесі осымен бітті.

Директорды жұмысқа қабылдап, бұйрыққа қол қоятын басқарма бастығы болғанмен, оны бюрода қарап келісім беретін қаланың бірінші хатшысы. Андрей Васильевичтің айтқан тілегі орындалып, Мун Алексей Иванович комбинаттың директоры болып тағайындалды.

– Бір сөзді айналдырып, неге қазбалай бересің? Басқа айтарым жоқ. – Төмен қарап тұқырайып қыстығып отырған Алексей Ивановичтің қысық көзі Сәруге шұқшия қадалды.

Сәру бұлай болады деп күтпеген болса керек. Аққұба жүзі қызарып, қапелімде көмейіне кептелген сөзін шығара алмай булықты. Нақ осы сәтте бастығының айтқаны есіне түсті. «Оны сөзбен ұтуың екіталай. Талайды басынан өткізген ку. Абай бол. Қызбалыққа салынып жүрме». Өзін зорға ұстап сабыр сақтады.

– Қалай болғанда да, Алексей Иванович, болған істің шындығын айтпай тұрсыз. Бұдан былай басқа жерде сөйлесеміз, – деді амалы таусылған Сәру.

* * *

Арада үш ай өтті.

Көптен бұлт торлаған зеңгір аспанның ашылғаны бүгін еді. Күн сәулесінің қызуы қайтып, қоңыр салқын леп есіп, күз де келген. Сәру таза ауада жүріп қайтпақшы болып, стол үстіндегі қағаздарын жинастырып бола бергенде хатшы қыз телеграмма әкеліп берді.

«Іздестірген үш адам ұсталды. Тез жет» деген телеграммадағы жазуды оқыды. Бұрышына «Жолға дайындал!» деп, бастық кол қойған.

Сәру арада он бес күн жүріп, үш адамды күзетпен алып келді. Біреуінің ұлты кәріс, екіншісінің ұлты хохол, үшіншісі еврей екен. Үшеуі де өтірік айтып, жал-тармастан бірден мойындарына алды.

Украинадан келген үш адамды поездан Мун күтіп алған. Мейрамханада коньяк ішіп отырып келісіпті. Келесі күні машинаға тиеген үш тонна жоңышқа ұрығын шөп сақтайтын қойманың таразысына өлшеп, контейнерге апарып тиеген екен.

Мун олардың айтқандарын мойнына алмай қойды. «Менің ұлтым басқа болғасын маған өтірік жала жауып, орынсыз қудалап, күн бермей жатыр. Тәжірибесі жоқ жас тергеуші, сұрақ та қоя білмейді. Коммунист атыма кір келтірді. Үкімет істеген еңбегімді бағалап, Ленин орденімен наградтады» деп, Москваға жазған арызы оралып Алматыға келді. Іс қағаздарды Алматыдан келіп тексерген комиссия мүшелері Сәрудің заң жүзінде дұрыс жүргізіп жатқанына көздерін жеткізіп кеткеннің артынан Мунды түрмеге қамады.

Ұзаққа созылған тергеу де бітті. Сот үкім шығарып, Мунды тоғыз жыл бас бостандығынан айырды.

* * *

Анатолий Семенович кабинетінде отырған Жасжанға директордың орнына уақытша тағайындаған бұйрықты әкеліп берді.

– Осы комбинатқа өзің директор болғаныңды қалар едім, – деді, Жасжан бұйрықты оқып болған кезде бас есепші. – Сонда да құттықтап қояйын, – деп шын ниетімен қолын қысты. – Қашанда саған сәттілік тілеймін! Жұмысты алып кететіңіз сенімім мол. Менің тілегім орындалса, онда жақсы болар еді.

– Маған бәрібір. Менің өз жұмысым тыныш қайта, – деді Жасжан самарқау дауыспен.

– Мен бұл сөзді саған бекерден-бекер айтып тұрған жоқпын. Жас болсаң да қабілетің бар. Директордың

орынбасары болып жүріп сен өзіңді көрсете алмайсың. Сендей жігітке директордың орны да олқы. Саған одан да жоғарылау керек. Оны біліп қой. Ойлан. Нең кетеді. «Жығылсаң нардан жығыл» демейтін бе еді?! – деді, кабинеттен шығып бара жатып, артына бұрылып сөйлеген Анатолий Семенович.

Бұл кезде қарашаның мейрамы жақындап қалған. Қала әкімшілігінің қарбалас кезеңі басталған шақ. Жасжанды бірінен соң бірі жиналысқа шақырып, нұсқау беріп мазалаушылар көбейіп кетті. Коммунист болмаса да солардың айтқандарын орындап, қолынан келген көмегін аямады. Мейрамға қарсы комбинаттың сырт көрінісін жаңартып, жалау іліп, ұрандармен безендірді.

Осылай екі жаққа бірдей шапқылап жүргенде қоймада жатқан астықтың қандай күйде екенін білуге де мұршасы болмай кетті. Құрт түскен бидайды вагонға тиеп, сөгіс алғаны оған үлкен сабақ болған. Содан бері лаборантпен өзі бірге барып астыққа шаншылған термоштангілерді қарайтын. Бұ жолы олай істемеді. Директорлердің бас қосқан жиналысынан кеш қарая шыққан Жасжан кабинетіне кіріп, кезекші лаборантқа журналдарды алдыртып тексергенде бұрын болып көрмеген жаңалыққа кезігіп таңғалған сыңай танытты. Журналдардың бәрінде температураны тексерген күні жазылып, лаборант қол қойған. Бұрын өздеріне қарасты қоймадағы астықты бірі тексерсе, бірі тексермейтін. Кейде тексерсе де журналға жазуды ұмытып кететін. Енді сол кемшіліктің бірін кездестіре алмады. Бәріне бірдей ұқыптылық қайдан келген деп көңіліне күдік алды. Науқанның басында түскен арпа ойына түсіп, журналдарды қайта қарады. Арпаның температурасы он төрт градус бұрынғы күйі. Ертең термоштангіні өзі қарап шықпақшы болып, күпті көңілмен үйіне қайтты. Журналдарды қайтып бергенде кезекші лаборантқа да сыр білдірмеді.

Ертесіне жұмысқа ерте келіп, стол үстінде жиналып қалған қағаздарды лездемеге дейін қарап, әрқайсысының бұрышына не істеу керек екенін жазып, бөлім бастығына бағыштап қол қойды.

Жасжан кешегі ойын іске асырмақшы болып лездемені тез аяқтады. Бердібек пен аға лаборант Людмила Афанасьевнаны ертіп, бірінші қоймадағы арпаның ең төменгі, орта тұстағы және үстіңгі қабатында тұрған жіңішке ұзын термоштангіні бірінен соң бірін суырып, термометрін өзі қарады. Арпаның төменгі қабатындағы темірдің өзі қолға бірден ып-ыссы болып тиді. Температурасын қараудың керегі болмай қалды. Ортасындағы термоштангы он сегізді, жоғарғы қабаты он бесті көрсетті. Жасжан әлі ешнәрсе айтқан жоқ. Келесі қоймаға кірді. Қасындағы екеуі де үнсіз. Іштерінен бастықтың басында не барын түсіне алмай аң-таң. Түске дейін он бес қойманы түгел тексеріп шыққасын, «Ертең сағат үшке барлық лаборанттарды шақыр» деп Бердібекке тапсырма берді.

Столдың үстіне лабораторияның барлық журналын алдыртып жинап қойған Жасжан жиналған лаборанттарға қарады да, бірден:

– Қоймадағы астықтың температурасы кеше барып қарағанда журналдағымен сәйкес келмейді. Тексергендеріңе бір жеті өткен. Осының себебін кім айтады? – деп сәл кідірді. – Мен білсем, журналға ойша жаза салғаныңдар, – деп сөзін қайта жалғастырды. – Журналдарыңды алып қарағанымда күдіктеніп едім. Күдігім бекер болмапты. Кеше соны көзіммен көрдім. Бердібек пен Людмила Афанасьевна қасымда болды. Бұларың не? Мемлекет резервінде жатқан екі қоймадағы бидайдан басқасы түгелдей дерлік қызып жатқанда, ояларыңа келгенді журналға жаза салып жайбарақат жүргендеріңді қалай түсінуге болады. Сендерге сеніп жүре бергенде астықтың орнын сипап қалады екенбіз. Мына істерің қастандық екенін білесіңдер ме? Ярлық толтырылмаған, ілген күйінде тұр. Әлде жазуға уақыт

таппадыңдар ма? Өз міндеттеріңді дұрыс атқармағандарың үшін сөгіс жариялауыма болатын еді. Бір сапарға кешірдім. Менің басқа айтарым жоқ. Бердібектен басқаларың кете берулеріңе болады, – деді Жасжан.

Бердібектің өңі қашып, бозарып кеткен, төмен қарап отыр.

– Сенімен жеке сөйлескім келіп отырған себебім, қарамағыңдағылардың алдында абыройыңды төккім келмеді. Лаборанттардың мына ісіне не айтасың? Жұмысқа келгенде өздеріне бекіткен қоймасын қарамай не істеп жүр? Осыған айтар сөзің бар ма?

– Оны менен сұрағанша, жаңа өздерінен неге сұрамадың!? – Басын көтеріп Жасжанға өктем дауыспен шақшия қарады. Неге екенін кім білсін, ашуы терісіне сыймай өзінен-өзі күйіп тұр.

Бердібектің сыры өзіне мәлім болғасын ба, оған мән бере қоймай Жасжан қайта сөйледі.

– Лаборанттар жұмысқа немқұрайлы қараса, сен де жұмысқа немқұрайлы қарағаның. Осыны біліп қой. Сенің жұмысың лаборанттардың білмеген жерін үйретіп, істеген жұмысын бақылау. Сондағы бақылағаның осы ма?! Жоғарыдағылар білсе не дейміз? Астық инспекциясы келіп тексерсе не болады? Айқайдың көкесін сонда көрер едік. Үкімет астықты шірітіп, құртқа жегізіп қойдырмайды. Бұл жерде бәр кінә сенде. Адамның айтуға аузы бармайтын келеңсіз жағдайға тап болып отырғанымыз сенің өз міндетіңді дұрыс атқармағаныңның кесірі. Саған қатаң сөгіс беремін, – деп, айтып жатқан үстіне сапа бөлімінің бастығы Кравчук есіктен сөйлеп кірді.

– Келгеніме бір сағаттай болды. Ішті аралап шықтым. Бастықтардан ешкімді көрмедім. Бұл қалай? – деді Жасжанға қарап.

– Сергей Петрович, төсектен бір тұрмаған шығармыз. Алдымен амандасайық та.

– Кешірім өтінемін, – деп, бөлменің ішіне шадыр көзі алақтай қарады.

– Енді жөн. Қойған сұрағыңызға жауап беруге болады. Сергей Петрович, қоймадағы астық қызып жатыр. Қызған астықты аударуға орын жоқ. Не істейміз?

– Оны менен несін сұрайсың? Жұмысқа салғырт қарасаңдар солай болады да.

– Оны маған емес, лаборанттарды дұрыс жолға қоя алмай жүрген Бердібекке айтсайшы.

– Сендер немене, комбинатты бөліп алғаннан сауымысыңдар?!

– Сергей Петрович, лабораторияның журналын алып қарасам, бір кемшілігі жоқ. Журналдың барлығына тап-тұйнақтай етіп, он төрт градустан асырмай жазып қойған. Ойыма күдік алдым да Бердібек пен Людмила Афанасьевна үшеуіміз он бес қойманы түгелдей температурасын тексеріп шықтық. Менің жаңағы айтқан сөзім енді түсінікті шығар.

– Осы естігенімді бастық білсе не болады? – Сергей Петрович жақтырмаған сыңай танытты.

– Лездеме аяқтала бергенде, тікелей байланысатын қара телефон безілдеп қоя берді.

Трубканы көтерген Жасжанның құлағына бастықтың даусы естілді. Аман-саулық жоқ:

– Не бүлдіріп жүрсің? – деді бірден.

Жасжан түкке түсінбей сасып қалды.

– Дабыра салуға болмайтын ба еді? Қашан жұмыс істеуді үйренесің? – деп, ар жақтан тұтқаны тастай салған даусы шықты.

Сонда барып кешегі Кравчуктің ісі екенін ұқты. «Не деп жеткізді екен?» Бастықтың қатқыл даусынан жіберген қатесін түсінді. «Ол кісінің кейігіндей бар, сүйінші сұрағандай оған неге айттым? Менің жұмысымды істеп беретіндей. Басқаны білмесем де Сергей Петровичтің қандай адам екені маған белгілі емес пе? Өзін жоғары санап, кеудесін көтеріп үстем сөйлеуге құмар. Осында келгенде арақ ішетіндер бір-бірін тез ұғыса қалатын әдетпен Бердібектің қасынан кете алмай тұратын. Кеше де кабинеттен бірге шыққан жоқ па? Қап!? Болар іс болған соң не пайда?!» деп санын бір соқты.

Анатолий Семеновичтің өткенде айтқан сөзін Жасжан ішінен жек көрмесе де, сонда сыр білдірмей бүгіп қалған. Бірден ере кеткенді ерсі көріп сабыр сақтаған. Енді сол есіне түскен сәтте Жасжанның жылт еткен үміті құрдымға кеткендей, көңілі нілдей бұзылды. Бәрі Кравчуктің кесірі. Жүрген жерінде құр сөзбен беделін асырып жүретін әккі. Бастыққа мен бүйтіп айтып едім деп, мақтанғанда алдына жан салмайды. Сергей Петровичтің жер соқтырып кеткеніне іші удай ашыды.

Ойламаған жерде сөзге қала жаздаған Жасжан қызып жатқан астықты тасымалдағышпен іштен далаға шығарып, одан қайта ішке кіргізіп, күні-түні жұмыс істеткізді. Бөлім бастықтарының наразылық білдіргеніне қарамай, түнгі кезекке шығарып, жұмыстың тоқтап қалмауын қадағалатты.

Бөлім бастықтары түнгі кезекке шыққасын цех жұмысы да оңала бастады. Тәртіп орнады. Түнде істейтіндер бір қапшық бидайды бөтелкеге алмастырып, әмпей-жәмпей бола қалатын бұрынғы жағдайларынан айрылды. Үш мың тоннаға жуық бидайды он күнде орнынан аударды. Бұл бұрын-соңды болмаған жаңалық болды. Уақытында темір жол диспетчеріне тапсыра алмай тұрып қалған вагонға төлейтін үстеме айыппұл ақша да азайды.

Жасжан көңілі демде өзгерді. Бастықтан сөз естігенін де ұмытты. Комбинаттың жұмысы жақсарғасын, жиі қиялдайтын күйге ұшырады. Оған себеп болған Анатолий Семеновичтің тілегі. «Осы мені директор қойса ғой, облыс не тәйірі, еліме атым шығар еді. Қолыма билік тисе, маған оны істеу түк емес. Жұмысшылардың жалақысын бірден қолға алып өсірсем, жұмысқа қабілеті де басқаша болар еді. Олардың көңіл күйі де өзгереді. Онда ұрлық та азаяр еді» деп армандайтын жағдайға душар етті. Бірақ кімге ойын айта алады. Естіген адам «істеген жұмысың маңдайыңа тар келді ме?

Мынаның атаққұмарын» деп күлмей ме!? Сонда не істеуім керек?.. Сол мезетте «Бұл ойыңнан түк шықпайды. Директор коммунист болу шарт» деп, екінші ой қапталдасып, жасаған жоспарын күл-талқанын шығарды. Сонда барып бір кезде партияға өтпекші болғаны ойына оралды.

...Сол жиналыста ол Плотниковке қарсы шығып сөйлемегенде, быттиған бетін көпшілік алдында қызартпағанда коммунист болып шыға келетіні сөзсіз еді. Алдында жолдама (рекомендация) жазып беретін болып уәде бергенмен, жиналыс өткеннен кейін сөзіне құлақ аспай теріс айналып кетті. Үш адамнан алатын жолдаманың біреуін ала алмай қойған. Енді сол бір күндеріне көз жіберсе, бәрін бүлдіретін өзі екен. Қандай мақсатпен айттым екен. Оны жөндейтіндей, мен кімін?! Сонда ғой екі елі аузыма ие болсам партияға кіретін едім. Қазір директордың орнына мені қоймағанда кімді қояды деп, өзін кінәлады.

* * *

Қала әкімшілігінен шыққан Жасжан күтіп тұрған машинаға мінбей, комбинатқа жаяу кетті. Жаңа өзімен қатарлас бөлім бастығы Ысқақтың кабинетіне кірген.

– Осы сен қашан директор боласың? – деді, ойын оқып қойғандай.

Соған ол не деп жауап қайырамын білмей, өзінен-өзі қысылып, беті дуылдап қызарды.

– Әй, сен не үндемейсің? – Ысқақ не ойы барын білгісі келіп, Жасжанды қолынан ұстап жібермей жауап күтті.

– Оны сен білесің де...

– Бастық бізбен кеңесетіндей, сен де қызық сөйлейсің. Өзің ойың бар ма? Соны айтшы.

– Сен де қызықсың... – Шын көңілмен айтып тұрғанын сезсе де сөзін айта алмай тосылды.

Ысқақ басын сипалап:

– Комбинатқа директор кім болар екен деп, кеңседе отырғандардың құлағы елеңдеп отыр, – деді біреу естіп қоймасын дегендей жәй сөйлеп. – Бірінші енді өз кадрын ұсынбайды. Қойған адамы не болды?! Аузы күйген үріп ішеді демейтін бе еді. Өзің үлкен бастығыңмен қалай едің? Босқа жүрмей орынға тырбыңбайсың ба?! Қашанғы жетекке ерген түйедей директордың айтқанын орындап жүре бересің. Өзің бастық болатын кез келген жоқ па?! Бірақ бұл жерден де сені қолдайтын адам табу керек. Сонда нәтиже болады. Әйтпесе өздерінің адамдарын тықпалайды. Әлі де кеш емес, қамданып қал.

– Менің ешкімім жоқ болса ше?

– Онда менің айтқанымды істе. – Ысқақ ойланғандай желке тұсын қасыды.

– Істеуге болса... – Оның сөзіне онша мән бере қоймаған Жасжан.

– Істесең айтайын, – Жасжанға кішкене қара көзі тесірейе қарады. – Қаһарманды танысың ғой, өткенде машинада кетіп бара жатып екеуіңнің айра-жайра болып тұрғандарыңды көргенмін. Сонымен сөйлесші. Сол Айболит ісіңді тыңдыратын. Екінші хатшы Имантаев ауылдасы, біліп қой. Ағайдың баладан жалғыз қызы бар. Соның басы ауырса да Қаһарманды шақырады. Басқа дәрігерлерге сенбейді. Бастықтың берген тапсырмасы тарс есімнен шығып кетіпті. Ал жақсы, жолың болсын! – Ысқақ орнына барды.

Жасжанға бәрінен де оның қамқорси сөйлеген сөзі ұнады. Оны бар-жоғы үш ақ рет көрген шығар. Ол алғаш көргенде бастықпын деп кекірейместен, ескі танысындай шүйіркелескен. Ақкөңіл, ашық екенін сонда байқаған. Ысқақтың оған Қаһарманды ойына түсіргені де күтпеген қуаныш еді. Асықпай отырып сөйлеспекші оймен, көңілі құстай ұшып соған бара жатыр. Оның машинаға мінбей жаяу кеткен себебі осы. Екеуі бүгін де бірін-бірі көрмесе тұра алмайды.

Қаһарман қолы босаса қағаз жазып отыратын әдеті. Жасжанды көргенде қолындағы қаламын тастай салып, қалың қабағын сәл көтере, салмақты мінезінен жаңылысқандай ыржиып езу тартты. Көзінен ұшқын жалт еткендей өңі өзгеріп, күңгірлеген көтеріңкі дауыспен:

– Жұмыс қайда?! – Отырған орнынан ұшып тұрып құшағын жайды. – Өзім саған барайын деп жатыр едім, келгенің жақсы болды.

– Осы сен бір сөзді қайталаудан жалықпайды екенсің. «Саған барайын деп жатыр едім» деп мен келген сайын айтатының не?

– Оны мен сенен ұялғанымнан айтатынымды аңғармайсың ба? – деп, сөз тауып кетті. – Өлетін болдымына жерден, екеумізді ешкім көрмей тұрғанда тайып тұрайық. Осы қалада мені түсінетін жалғыз сенсің. Бір жерге барып, жүз грамм ішіп демалайықшы. – Қалтасындағы кілтті алды.

Қаһарман Жасжанды бұрын көрмеген кафеге алып келді. Даяшы жас қыздар Қаһарманға таныс болып шықты. Оны көрген даяшылардың көздері күлімдеп: «Ағай, мына жерге келіңіз», – деп, нәзік үндерімен қиыла қарайды. Уылжыған сұлулардың жүздеріне қараған Жасжан арасында біреуінің саусағымен көрсеткен орынға бұрыла бергенде одан бұрын жолдасы ортадағы столға отырып қойды.

– Осы Жайраның қайда да аузының салымы бар, – деді ішіндегі біреуі.

– Емші апасына жолын аштырып алатынын білмейсің бе? Маған өзі айтқан. Нанбасаң өзінен сұра, – деп сары қыз тақылдады. Со кезде оң жақтағы есік ашылып, жасы отыздан асқан келіншек шықты. Уылжыған сұлулар жым болды.

– Алдымен графинге құйып ақтан әкел, салатпен бірге, – деді Қаһарман даяшы қызға.

Жасжан қыз кеткен бойда:

– Сені де жігіт дейді-ау! – деді.

– Не?

– Сенің орныңа мен ұялып отырмын. Жігіт екеніңді білдіріп, қыздарға көз қырыңды салсаң нең кететін еді? Олар саған есі кете қарағанын байқадың ба?!

– Қоя бер, – деді қабағын кіржитіп. Сәлден кейін: – менің қазір қыздарға қарайтын жағдайым жоқ, арақ керек, – деп сәл жымыды. – Сенесің бе? Басым быт-шыт. Түсінесің бе, быт-шыттың не екенін? Мең-зең деген сөз. Басым істемейді. Түнде кезегім болды. Күндіз тағы... Мен демалуым керек қой. Адам емеспін бе? – Даусында қажығандық бар.

Даяшы қыз графинге құйып арақ әкелді. Сол бойда Қаһарман рюмкіге құйып қағып салды. Екіншісін тағы ішті. Сол мезетте түнерген қабақ жазылды. Жасжанды жаңа көргендей қарап езу тартты. Езуінің екі жанын саусағының ұшымен сүрткен болды.

– Ал енді маған келгендегі шаруаңды айта бер.

– Ол әңгімені айтуға мына жер ыңғайсыз, – деді Жасжан кібіртктеп.

– Олай болса қатты сөйлемей, даусыңа ие бол.

– Жарайды онда. Ысқақ жаңа сені жер-көкке сиғызбай мақтады.

– Мақтайтындай мен не істеппін оған? – деді, Жасжанға таңырқай қарап.

– Қолыңнан іс келетінін айтты.

– Қандай!?

– Ысқақ менің директор болғанымды қалайды. Сол жайында сөйлесек қалай қарайсың?

– Идеясы жақсы. Маған ұнайды. Сен өзің қалай қарайсың?

– Менің де істесем деген ойым бар.

– Енді...

– Ең басты мәселе осыда. Ол орынға мені кім қояды? Мені қолдайтын ешкім жоқ екенін білесің.

– Ысқақ ішінде жүр ғой. Сол ше?

– Ол маған сені айтты.

– Ысқақ көмектесе алмағанда, мен қалай көмектесем? Қызық екен өзі.

– Екінші хатшы ауылдасың екен ғой. Білесің бе оны жақсы?

– Ия. Баладан бір қызы бар. Ауырып қалса мені шақыртады.

– Ысқақ та осыны айтты. Ендеше соған айтып көрсен қайтеді?

– Несі бар? Мен дайынмын. Бұл ұсынысың маған ұнайды. Бірақ Тоқтарбай ағай не дер екен? Оның аты шыққан жігіт деп ат-тонын ала қашпаса, маған бәрібір, үстімдегі тонымды шешіп алмас. Көп болса баласы ауырғанда шақырмас, – деп, қалың қабағының астындағы кірпігі бірге жадырай күлгенде ақ тістерінің арасынан сары алтын екі тісі көрінді. – Көрдің бе? Осы арақтың арқасында жырқылдап күле бастадым. – Өзінен-өзі қуыстана бастаған Қаһарман ақтала сөйледі.

– Сөзіңнің жаны бар. Мені айтқанда Тоқтарбай ағай қуана қоймас. Сен естімеген болған бір жәйді айтайын. Өткен жылы жазда осы жерде жұмыс істеп берекет таппаспын деп, «Жолдыбай» астық қабылдау мекемесіне бардым. Директоры жымың қаққан мұртты жігіт мені бірден таныды. «Сенің қай жерде жұмыс істегеніңді білем ғой» деді салған жерден. «Соңғы істеген жердегі бастығың да жақсы еді. Сонымен де сыйыса алмай жүрсің» деді. Мені жұмысқа алмайтынын сездім де, одан әрі оның сөзін тыңдауға зауқым соқпай кетті. Орнымнан тұрып кабинеттен шығып кеттім.

– Тап осылай айтты ма? – Қаһарман ішін басып өлердей күлді. Беторамалымен көзінен шыққан жасты сүртіп болғасын: – Сен үйтіп өзіңді-өзің жерлеп, түңілме. Қайта мақтан! Қазір арына жүгінген адам жоқ. Ішкі дүниенің таза ғой, таза. Ешкімге қиянат жасаған жоқсың ғой, жасаған жоқсың. Бәрібір күндердің күнінде бір жерден шығасың. Менің осы сөзімді ұмытпа. Отаны үшін күрескен революционерді білесің ғой. Олар ұрлықпен, байлықпен ісі болмаған, тек халықтың мүддесін қорғап жанын пида еткен. Сен де солардың бірісің. Сендей ары таза, адал адам сирек кездеседі. Немере апамның жол-

дасы (жездем) комбинатта істейді. Бұрын сені содан естігенмін. Сол үшін алып қоялық! – Қаһарман босаған рюмкіге қайта құйып жатып: – Осыдан үйге барғасын өліп тұрып ұйықтаймын. Содан төсектен тұрғасын не істейтінімді білесің бе? Жеті сағат тапжылмастан жазуға отырам. Ойға түсіріп, тебіреніп, күйзеліп отырғаннан артық мен үшін ешнәрсе жоқ. Мені құртқанда жұмыс құртып тұр. Осы жұмыстан шықсам той жасар едім. Сонан соң өзімнің кім екенімді көрсетер едім. Оның қасында қазіргі атағым түк емес. Балзак жазған отыз алты томды мен де жазам. Бір күнде бір повесть жазуға болады. Жазуға отырғанда жұмысты да ұмытып кетем. Ондайда машинамен өздері келіп алып кетеді. Бір ай, екі ай жазуға отыра алмай, қолым тимей кеткен күндері ыза болып, дәрігердің оқуына неге түстім деп жылаған күндерім де болған.

Жасжан бала кезінде жазушы болам деп те армандаған. Институтты оқығысы келмей, екі рет тастап кеткенде университеттің журналистика факультетіне барды. Ойлаған ойынан ешнәрсе шығара алмайтынын білгенде күдер үзіп қойған. Бірақ оны осы күнге дейін ешкімге айтқан емес. Өзін бос қиялға ұшырап жүргендей санап айтуға ұялады. Әлі күнге дейін ой соңына түсіп, елес қуып кеткенде есіне түсіріп аңсайтыны бар. Әзірге жазайын деп талаптанған да емес. Уақыт өткен сайын оны ұмытудың орнына күннен-күнге жазуға деген құштарлық өршіп бара жатқандай арманға көп берілетін болып жүр. Түнде ойына түсе қалса сезімге бой ұрып, ұйқы қашады. Бұл жайында Қаһарман ешнәрсе білмейді. Ол жазу жайын әңгіме ете бастаса шыдамы үзілердей шақ отырады. Айтайын десе жүрегінің түкпіріне сақтаған асыл дүниесінен айрылып қалатындай қорқады. Осы отырғанда да «мен қашан жазар екенмін» деп қылаң еткен арманын қуалап кеткен еді. Соны аңғарған серігі өзінше түсінді.

– Жасжан, босқа жасыма. Тоқтарбай менің жақсы көретін ағайыным. Бұл жұмыс оның қолынан келетін

болса, онда директордың орнын ертеңнен бастап жуа беруіңе болады. Маған сен, жақсы ма?!

«Жақсы сөз – жарым ырыс» деп, рюмкені қолына алған Қаһарман:

– Осыны сол үшін алып қояйық. Қалдырмай алып қой, осыдан кейін ішпейміз, – деді.

* * *

Алпамыстың комбинатқа бас инженер болып келгені бастапқы әзірде көпшіліктің көңіліне кірбің ұялатқан-ды. Оның басты себебі Аркадий Семеновичтің бір орында көп жылдар бойы жұмыс істеп, адамдардың оған әбден бауыр басып қалғаны еді. Соны ол білімділігімен бірге еңбексүйгіштігінің арқасында өзін көрсетіп, жеңіп шықты. Техниканы жақсы игергеннен үн цехында біраз іс тындырды. Техника түгелдей автоматтандырылды. Ең аяғы шаңмен қоса ұнды да бірге шығаратын вентиляцияның да қызметін жақсартты. Бұрынғыдай цехтың айналасы ұнның шаңынан ағарып жатпайды. Осыны есіне алғанда цехта істейтіндер оған мың да бір рахметін айтады. Жасжанның іштартып, аға тұтатыны соншалық, жас кішілігін білдіріп, артық сөз айтуға именеді. Бірақ ол соны түсінбейтіні жанына бағатын.

– Жаңа Орысбайды жұмыс киімімен көшеде жүргенін көрдім, – деді Жасжан кабине тіке кірген Алпамысқа мән-жайды білгісі келіп.

– Жүрсе жүрсін, сондай сөздің не керегі бар? – Алпамыс жақтырмағандай ренішпен сөйледі.

– Ағасы (жеке отырғанда аға деп айтатын), бұл қалай? Өкпелеген балаға ұқсамай, жөнді сөзіңді айтпайсың ба? Бірінен-бірі көріп, істеп жатқан жұмысын тастап, дуалдан асып кете берсе не болады? Соны ойладың ба? Әлде сұранып кетті ме? Онда неге киініп шықпаған?

– Не болса соны сөз етіп, басымды босқа қатырмашы, – деп, қабағын кіржитті. – Менің келгендегі

жұмысым вагон тиейтін көтергіштің моторы күйіп кетті. Сельхоздың базасында бар екен, қалдық сұрайды. – Алпамыстың қатқыл даусы бәсеңсіп.

– Жаздыртып алсын, болмаса өзіңе жаздырып, апарып бер. Жаңағы айтқан сөзің ұнамайды. Орынсыз кикілжіңнің не керегісі бар. Әлде өзіңнен кішіге көрсеткен өнегең бе? Жасы үлкен деп сыйлағаннан басқа жазығым жоқ. Соны біліп қой.

– Айтқаным ұнамаса тыңдама. – Алпамыс Жасжанға алара бір қарады да есікке қарай жүрді.

Айдың аяғы болатын, кеңседегілердің істеген күндерін (сағатын) толтыратын Шура таңертеңгісін Жасжанға кіріп:

– Алпамыс Жәрдемұлы бір демалыс жұмысқа шықпаған күнін не істейміз? – деп сұрап жатқан үстіне есіктен Алпамыс кіріп келді.

– Міне, өзі келді. Бір жеті жұмысқа шықпаған күнге дәрігерден алған қағазың бар ма?

– Мен сұрағанмын, – деді Шура сөзге араласып.

– Қағазың бар болса, неге бермей жүрсің?

– Дәрігерге барған жоқпын. – Алпамыс қуыстанғаннан қызарып кетті.

– Бүнікі уақытпен санаспайтын жұмыс қой. Сағатын қоя бер, – деді Шураға. – Бұдан былай шаруаң болса ескертіп кет. Мынауың ұят, өткенде жұртты біраз дүрліктірдің. Осы жерде сенің бастығың Сапар іздеп қоймағасын, үйіңе адам жібердім. Жеңгей білмейміннен басқа ешнәрсе айтпаған. Не болды? – Өзі құрмет тұтатын ағасындай адамға ақыл айтқанға ұялып төмен қарап сөйледі.

– Соңғы кезде жағдайым болмай ауырыңқырап жүрмін.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» деген атамыз қазақ айтқандай, Алпамыс Жасжанның уақытша директордың орнында болғанын көре қалғандай, тағы да атын шықпаса жер өрте дегеннің кебін киді.

Түн ортасы ауған шақ. Сенбі күнгі тойдан бір өзі қайтқан Жасжан қалтасынан таппаған куәлігін каби-

нетінде қалдырып кеткен жоқ па екен деп машинасын комбинатқа бұрған.

Қақпаның алдына жақындай бергенде екі адамның даурыққан дауыстарын құлағы шалған бойда Алпамыс пен Шақарбайды шамның қара көлеңкелеу жарығында бірден ажыратты. Екеуі қызыл кеңірдектесіп тұр.

– Сен маған бастықпын деп әкіреңдеме. Цехтағыларға аты жоқ, жөні жоқ неге айқайлайсың? Ішкен екенсің, үйіңде жатпайсың ба?

Алпамыс оның омырауынан ұстап алған. Шақарбайдың шыдамы таусылды-ау, шамасы. Кеудесінен итеріп қалғанда басын қақпаға соқты. Сол кезде машина қастарына келіп тоқтады.

– Сендерге не жетпей жатыр? Жеті қараңғы түнде айқайласып. Дауыстарың көш жерге естіліп жатыр, – деді, Жасжан машинадан түсіп жатып.

Алпамыс ұрып алған басын сипалады. Бойын игере алмай қисалаңдап тұрса да дауыс шыққанда жалт қарады. Жасжанды көргенде, «мынау неғып жүр» деп таңғалғаны ма, жоқ әлде мастығы тарап кетті ме, үні шықпай сілейді де қалды.

Шақарбай кезегін күтіп, бас инженер не айтар екен дегендей тұр.

Жасжан екеуіне алма-кезек қарады да, сөз қатпастан ішке кіріп кетті.

* * *

Қыс айы. Аспанды бұлт торлаған. Қараңғы жылдам түсті. Жасжан машинадан шығып кабинетіне қарай жүре бергенде Алпамыс ойына түсіп, кілт тоқтады. Бүгінде оны қинап жүрген соның жағдайы. Енді кабинетіне кіргісі келмей кетті. Соңғы кезде ол ішімдікке әбден салынып, жұмысқа жиі шықпай жүр. Одан мұндайды күтпеген. Тұрған жерінде «Қандай шара қолданса болады? Алдымен өзімен сөйлескен дұрыс шығар» деп қабырғасымен кеңесті. «Маған ол айта ма?» Комбинат-

та соны ғана іштартатын еді. Қара көріп, жанына сүйе-
ніш тұтатын. Енді ше?..

О баста Алпамыстың жұмыс істегенін көріп таң-
ғалған. Таңғалып қоймай, оның жетегіне ере алмай-
тынына қынжылған. Еңбекқорлығына білімі сай екенін
бірден көрсетіп, көпшіліктің сый-құрметіне бөленгенде
бойына қызғаныш біткен. Неге мен Алпамыстай бола
алмадым деп қорланған. «Мұның қасында мен кім-
мін?» деп өзін кемсітіп бақты. Онымен бақталасар орны
жоғын ұққанда амалы таусылып, сырттай оған қызыға
қарайтын болған.

Алпамыс техниканы жете меңгере білгеннің арқа-
сында комбинаттағы кездескен қиындықты жеңді.
Уақытпен санаспай жанын салып істеді. Күшіне сеніп,
мойыған жоқ. Абырой-атаққа бірден ие болғаны содан.
Нәтижесінде одан директор де именеді. Оған қарсы сөз
айту түгіл, «мынауың не?» деп сұраған емес. Бедел де-
ген осы. Қайда барма, жолың ашық. Ойлағаның орын-
далады. Айтқаның істеледі.

Жасжан Алпамысты қай жағынан да өзінен жоғары
санады. Биіктен көрді. Оған себеп институтты дұрыс
оқымағанның кесірінен деп ақталды. Енді ойласа ай
сайын берген стипендиясын алғанына мәз болып жүр-
ген екен.

Алпамыстың өзінен анағұрлым артық екенін амал-
сыз мойындағаннан кейін оны өзіне үлгі тұтып, аға
деп сыйлайтын. Жұмыста көңілді жүретіні де соның
арқасы деп ойлайтын. Міне, содан бері өзіне жағымды
жағымен ұялап қалған. Ағасындай жақсы көріп кеткен
адамның үйлеспейтін келеңсіз қылығын қалай түсіне-
рін білмей басы қатып тұр.

Жасжан қайтып келіп машинаға отыра бергенде оң
жағынан шыққан дауысқа жалт қарады.

– Жеңгесіне қайнысы келіп сәлем берудің орнына,
қашып бара жатқаны несі? – Шәйгүл күле сөйлеп келіп
амандасты.

– Қараңғыда жарқ ете қалған бұл кім демеймін бе? Айдай жеңгеміздің жарығы екен ғой. Бала-шаға аман ба? Денсаулығыңыз жақсы ма?

– Шүкір, – деді бәсең үнмен. – Шаруам сенде, қайдан табам деп келе жатыр едім... – деп, мүдіріп қалды.

– Жеңгей-ау, басқа уақыт таппадыңыз ба!? Мезгілсіз шақта, мынандай қақаған аязда қандай шаруа қысып бара жатқан!?

– Жай болса үйістіп жүрем бе? Қайдан жай болсын. Ағаң жұмыстан тойып келетінді шығарып жүр. Немене, сендерде күнде той бола ма? – Үнінде ашынғандық бар.

– Онда жақсы келдіңіз. Мені де мазалаған осы жай еді.

– Үміт күткенім сен едің. Үкімет қолыңда тұрғанда, үйде отырған ақ жаулықтан не білмексің?

– Жолдасыңыз да үкіметтің бір адамы емес пе? Жақсы көретін жеңгем деп жүрсем. Сөзге дес бермей бара жатырсыз ғой. Бірлесіп ақылдасқанның жөні бөлек. Алпамыс аға деп іштартатын едім. Аяқ астынан мінез-құлқы өзгеріп кетті. Оған не болғанын білесіз бе?

– Білсем сені түн ішінде іздеймін бе? Не болды деп сенен сұрауға келдім.

– Өткенде біреумен керілдесіп тұрғанын көрдім. Ағамызға не болған, соны жеңгемізден білейінші деп, үйіңізге бет алғанымда өзіңіз келе қалдыңыз, – деді Жасжан.

– Несін жасырам, ішсе мінезі шатақ. Зәрелері қалмай, әкесінің келгенін күтіп, үш баланың көздері бақырайып отыр. Балаларымды аяп, амал жоқтықтан келдім саған, – деп көзінен шығып кеткен жасын алақанымен сүртті.

– Бұрын ішкен бе еді?

– Арақтың кесірінен осы жаққа келгеніміз. Ішкенін қойдырамыз деп, не істемедік. Емханаға жатып емделді де, қысқасы, қолымыздан келгеннің бәрін істедік. Туған жерінен кетсе бірге өскен, бірге жүрген таныстары жоқ, ішкенін қояр деген есек дәмемен көшіп едік.

– Менен қандай көмек сұрайсың? – деді.

– Он шақты күнге жұмыстан босат, сенен несін жасырам, емшіге апарайын деп едім. Соған барып емделіп келгендер бар.

– Өзі не дейді? Барам дей ме?

– Бармай қайда барады. Ағайындарын шақыртсақ та көндіреміз.

– Олай болса, арызын жазсын да барсын.

– Айналайын қайным, қосағыңмен қоса ағар. Рахмет! – Қуанып кеткен Шәйгүл сөзге келместен бұрылып жүре берді.

Жасжан ойланып қалды. «Осы арақтың кесірінен қаншама адамдар өмірін қиып жатыр. Сонда да ішуін қоймайды. Жоғарыдағылар да осыған назарын аударып, тәртіп орнатпай ма? Жыл сайын ішімдікке салынып кеткендер азаюдың орнына көбейіп барады. Әлде адамдардың азып-тозып кеткені ме? Асылы біздің қазаққа ішкен жақпайды. Ішіп алып аузына келген боқтық сөздер айтады. Бауырларын, туғандарын өлтірді дегенді еститін болдық, осы бұрын болған ба?!»

Неге осы ақылды адамдардың көбісі күйреуік келеді? Әлде жаратылысынан жігерсіз болғаннан ба? Әйтеуір, кездейсоқ кедергінің өзіне күйіп-пісіп, ішінен тынып күйінеді. Дәрменсіздігіне арланып, жолдастарымен де ой бөлісе алмайды. Арақ ішкенде ғана көңілденіп, кемкетігін ұмытады. Соған үйір болатыны да содан шығар. Ал табанды, жігерлі адамдар ондай емес. Қандай қиыншылыққа да мойымайды. Есесіне дегеніне жетеді.

Алпамыс та сондайлардың бірі болуы мүмкін. Осы күні ішпейтін адамды кездестіру қиын. Жасжан ұмытылып бара жатқан бір жәйді есіне алды. Өткен жазда институтта бірге оқыған құрдасы баласының мектепке барған қуанышын бөлісіп, жолдас-жораларын кафеге шақырды. Бірін таныса да, бірін танымайтын біраз адамдар жиналған екен. Кешігіп келсе де оған орта тұстан орын тиді. Алғашқы рюмканы алғаннан кейін-ақ көтеріңкі дауыстар шығып, әңгіме жүйесін тапқандай.

Бір кезде Жасжанның қасында отырған бұжыр қара кісі бетіне бажырайып:

– Інішек, қай туғансың? – деп сөзге тартты.

– Кіші жүз. – Бұжыр қарамен сөз байланысқысы келмей келте қайырған.

– Қолдағы кіші келін Кіші жүзден. Құда болдың! Қазақ «құда – мың жылдық» деп айтады. – Көзі күлімдеп қолындағы рюмкісін түйістіріп қылқ еткізді. Бетін тыржитып, алдындағы салаттың ішіндегі жуаны шанышқымен теріп аузына салды. Көршісінің ішілмеген рюмкесін көрген мезетте көзі ақшиып:

– Мынауың не?! – Даусы оғаштау шықты.

– Кешіріңіз, аға, мен ішпеуші едім.

– Не дедің?

– Бұған әуестігім жоқ.

– Аурусың ба?

– Жоқ.

– Онда неге ішпейсің?

– Ішкен емеспін.

– Қой соқпа! Кімді сендіргің келеді, ағанды ма?! Қазақта арақ ішпейтін адам жоқ.

– Онда мен қазақ болмағаным ғой, – деп күлді.

– Мен өзім, осы күнге дейін деп айтайын, арақ ішпеген адамды көрген емеспін.

– Қызық екен!

– Жұмысты қалай істеп жүрсің? Мұны ішпесең жұмыста да шеттетеді, – деп, Жасжанды еріксіз ойға қалдырған. Сөзінің жаны барға ұқсатып, неғып байқамағанмын деп, бұрын жұмыс істеген жерін есіне алды. Сонда ғана бұжыр қараның сөзі шындыққа сыяды екен деп, көзін жеткізе қатты толқығаны бар.

Содан бері бұжыр қараның сөзі миында қатталып қалған Жасжан өткен күнді есіне түсірген сайын, бұрын неғып байқамағанмын, шынында да «Қазақта арақ ішпейтін адам жоқ. Ондай адамды әлі кездестірген емеспін» деген сөзінің жаны бар екен деп өзінен-өзі қайран қалатын болды. «Сонда біздің келешегіміз не

болмақ? Ұрпағымыз кімнен үлгі алады?! Ата-бабамыз қалдырған мына кең-байтақ жерімізге қалай ие боламыз? Қазағымыз арақ ішсе, «улы» шөбін тартса, көшеге сыймай бірін-бірі өлтірсе, өз жерінде үйсіз-күйсіз қаңғып жүрсе, қазақ біткен өз тілін менсінбей, көшеде орысша сөйлесе, басқа ұлт төрімізге шығып, мазақ еткендей күліп жүрсе...» деп, ойын аяқтай алмай тарыға күйінді.

* * *

Комбинат жыл аяғында жақсы көрсеткішке ие болды. Тұрып қалған вагонға төлейтін айыппұл ақша елу пайызға төмендеді. Облыс бойынша бұрын болмаған жаңалық еді. Бұл көрсеткіш Жасжанның абыройын көтерді. Жиналыста оны басқарма бастығы басқаларға үлгі етіп мақтады.

Қай уақытта да еңсесі түсіп, істеген ісіне көңілі толмай, кездейсоқ шырғалаңға кезігетін Жасжанға бұл мақтау күтпеген қуаныш әкелді. Директор болсам биіктен көрінер едім деп білгендей аңсаған екен. Үзілген үміті қайта оянды. «Шіркін, мені қойса, Қазақстанға демей-ақ қояйын, облысқа атымды шығарар едім. Таңертеңнен кешке дейін кабинетінен шықпай отырып алатын не болмаса күні бойы машинадан түспей жүретін директорлардың біріне де ұқсамай, жұмыстың басы-қасында жүріп, кездескен кемшіліктерді болдырмаудың жолын қарастыруға күш салар едім. Одан кейін әлі де қол жұмысын жеңілдету жағын ойластырар едім» деп қиялдады.

Жасжан көңілді күйге бөленіп, жадырап шагтанған осы бір күннің ертесіне Қаһарман жолдан соғып, кабинетінде отырған досына хабарын жеткізді.

– Тоқтарбай демалыстан оралып, жұмысқа шықты. Кеше кешкісін үйіне кіріп шықтым. Сенің өтінішіңді айтып едім. «Партия мүшесі ме?» деді бірден. «Жоқ» деп едім, «Онда қалай директор болғысы келеді? Меке-

мені басқарған адам мідетті түрде партия мүшесі болу керек екенін білмей ме?!» деді. «Екеуміз бір-бірімізден сыр жасырмайтын жолдаспыз. Сіздің жәрдеміңізді қажет етіп тұр. Көмек бере ала ма екен, ағаңа айтшы деп қолқа салды. Не деп айтайын?» «Менің байқауымша, көмекті ол емес, сен сұрап тұрған сияқтысың» деп күлді. «Сырын білетін жолдасым болғасын, көмек бергім келгені рас» деп едім, «Олай болса көрерміз» деді.

– Хабарың жақсы екен. Менің күнім кеше мен бүгін оңынан туып тұр. Кеше басқарма бастығы сөйлеген сөзінде жақсы көрсеткішке ие болған біздің комбинатты атап өтті, – деп Қаһарманға қуанышын білдірді.

– Кешеден бері маған айтпай қалай шыдап жүрсің?! Керемет! Енді директор болмаған нең қалды.

– Қайдам?! Менікі бос әурешілік пе деймін. Ағаңның да қолынан келмеуі мүмкін... Сол көзімнің үсті қоймай тартып жүр. Соған қарағанда басқа біреу болады. Көр де тұр.

– Не болса соған сенетінің қалай?! Мені тыңда, ол жүйкенің әлсірегенінен болады. Сенің жұмысыңа ешқандай қатысы жоқ. Түнгі кезекке бара жатырмын. Жұмыстан шыққасын маған кел. Жүйкені емдейтін дәрі берем. Нанбасаң, соны ішкесін менің айтқаным дұрыс екеніне көзіңді жеткізесің.

Көптен дұрыс ұйықтай алмай жүрген Жасжан ұйқысынан оянып, төсегінде біраз жатты. Жұмысқа баруға асықпады. Күндегі әдетімен жаттығуын жасады. Жайланып тамағын ішті. Одан соң үстіндегі ақ көйлекке галстук тақты. Кеше қала басшысының өндіріс бөлімінен Ысқақ қоңырау соғып, жылдық жоспардың қанша пайызға орындалғанын көрсетіп беріп жіберерсің деген. Сол қағазды өзі апарғысы келіп, бір киерін киіп жұмысқа келді.

Жасжан түнде істегендердің жұмысын сұрап, қанша вагон тиегенін білгеннен кейін, лездемеде отырғандарға орындарыңа бара беріңдер деп, босатты. Одан соң жазған қағаздағы цифрларды бас есепшімен отырып

қарап шықты. Сағат оннан асқанда қала басшысының ғимаратында болды. Қағаз жазып отырған Ысқақтың сөйлесуге мұршасы жоғын көріп, кабинеттен кідірмей шығып сыртқа қарай жүрді. Кенет біреудің даусын естіді.

– Есенов, хал қалай?

Жалт қараған Жасжан танауы таңқиып, қабағы кіржиген екінші хатшы Тоқтарбек Елеуовті көрді.

– Ассалаумағаликум!

– Сенің анауың қандай адам?! – деді, түйеден түскендей дүңк етіп.

– Кімді айттыңыз, түсінбедім, аға?

– Бастығыңды айтам. Бюрода саған қарсы болды. Адамдармен тіл табысып жұмыс істей алмайды деп, айтқанға көнбей отырып алды. Болмаған соң өзінің ұсынған адамын бекіттік. – Айтарымды айттым дегендей, бұрылып жүре берді.

Басқарма бастығы қарсы болғанына Жасжан таңғалмады. Өзі солай күткен де еді. Пендешілікпен ойлағаны болмаса, директор етіп қояды деп күткен емес. Осылай болатынын білді. Мешкей деген жақсы атақ па?! Қайда жүрсе де жақсы атанған жоқ. Алдынан әдейі күтіп тұрғандай, ойламаған жерде абыройсыздыққа кездесе қалады. Оқуын бітіріп, жұмыс істегеннен бері тағдырдың ащы дәмін татып келеді. Сүйтіп жүргенде үйленді. Бала-шағасын асырай бастағанда өмірді түсіне бастады. Жаманның жасы болмаса отыздан асты. Енді өзіңнің жіберген қателерін түзетуден басқа ешнәрсе қалмаған сияқты. Түсінген болсаң, өткен өміріңе қара да, нәтиже шығар дейді. Енді ол бәріне өзі кінәлі екеніне көзін жеткізіп, қазір ойласа істеген қылықтарына өзі ұялады. Дәуреновке өкпелейтін реті жоқ. Ол қолынан келген жақсылығын істеді. «Атың шықпаса, жер өрте» дейтін бе еді. Сен де соның кебін кигендей, көптен бөлініп, биіктен көрінсем деп ойладың. Бірақ жалғыз қайда барасың, оныңнан түк шықпады. Біреуге жала жаппауға, өтірік айтпауға, үкіметтің мүлкіне қол сұқпауға, істеген

жұмысына жауапты қарауға және кіршіксіз таза болуды аңсадың. Одан не таптың?. Ештеңе де... «Жалғыз ағаш орман емес» дегендей, қостаушың болмаған соң, қолыңнан ешнәрсе келмеді. Арамдығың жоқ, ниетің түзулігіңнен не пайда?! Нәтижесі болмаса, жылы сөз айтатын жанашыр адам табылмаса. Жүрген жерінде біреудің басын жарып, көзін шығармасаң да, бәрі сенен қашады. Көпшілікпен жұмыс істесе алмай айқайласып жеккөрінішті көрдің. Жұрт ұрласа ұрла, жұрт жесе же, қала берді көрсең де көрмеген бол. Одан сенің нең кетеді?! Қала берді үкіметтің астығына жауап беретін адам бар. Бірінші сол басын ауыртсын, соның жаны ауырып, шағымданып келгенде ғана көмектес. Онда да алды-артыңды ойлап, іске көш. Әйтпесе абыройсыздыққа қаласың. Өзімшілдікке салынып, жеке-дара кетпей көпшілікпен бірге қолға алсаң, істеген ісіңнен нәтиже шығады. Сенің қандай адам екеніңе көзі жеткенде, саған арқа тұтып сенетін болады деп, бір ойдан екінші ойға ауысты.

Бастық та алдымен өз басын қорғайды. Біреу үшін жұртпен жаманаттаспайтыны айтпаса да түсінікті. Көптің ішінен біреуіне жақпай қалсыншы. Аяғың аспанға көтеріп арыз жазады. Арызды Алматыдан асырып, Москваға жібереді. Өйткені Алматыда билік жоқ екенін олар да біледі. Ашынса былш етіп түкіргеннен де әрі етіп бетіңе айтады. Сол себепті көпшіліктің тілін таба білу де керек. Қала басшысының сөзін жерге қалдырмай келіскенде арты немен аяқталарын кім білген. Комбинаттағы адамдар бұған қалай қарайды. Дәуренов ішінен солармен санасты. Жан-жағын ойлап істейді. Бастық болу оңай шаруа емес. Адамдарды алаламай, бәріне бірдей қараса ғана жағады. Сонда сыйлайды. Бірінші жауапты кім береді? Әрине, басқарма бастығынан сұрайды. Кімді қойса да әбден ой елегінен екшеп-текшеп өткізеді. Ойлашы өзің, сені қалай директор қояды? Өмірде болмаған жаңалық ашып, комбинатты шулаттың. Адам тағдырын ойын-

шық еткісі келмеді ме, әлде көзіммен көрейінші деді ме, болмаса директордың өтінішін қимады ма, қыруар жұмысын тастап, саған бола жиналысқа келді. Бұл бұрын-соңды болмаған жаңалық, біле білсең. Өткенде Кравчук келіп кеткеннің ертесіне бастықтан сөз естігеніңді ұмытпаған шығарсың. Осыдан кейін Анатолий Семенович айтты деп тұра шауып жар салғаныңа түсінбеймін. Мүмкін, ол сені тексерген шығар, оның ішіне кіріп шыққан жоқсың ғой. Басқа біреу ақыл айтса тыңдамай, өзімбілемге салатының қайда қалды сонда? Неге ақылға салып ойланбадың? Түрлі-түрлі ойға қалып шырмалған Жасжанның осылай кесімді түйін жасаудан басқа амалы қалмаған еді.

* * *

Жаңа директор келгеннен бері Жасжанның ойынан туған ауылы шықпай қойған. Үйлену тойын бір жыл өткесін аулында жасаған. Содан кейін бармаған. Бармайын деген жоқ, көңіл хошы болмады. Поезбен сөткілеп жүргенде бара қоятын жер емес. Одан әрі төрт жүз шақырым. Жол дейтін жол жоқ. Автобус бір күн жүрсе, бір күн жүрмейді.

Ойлап қараса бірге оқыған балаларды да мектепті бітіргеннен кейін көрмепті. Олар тойда да болған жоқ. Әрқайсысы жөн-жөнімен кеткен. Өткен күннің белгісі жоқ деген, көзге көрінбейтін күйбеңмен он алты жыл да зымырап өте шығыпты. Шешесі мен бауырлары есіне түскенде, осы уақытқа дейін бармағанына өзін кінәлап, не деген безбүйректі деп күйзелді. Қолым тимеді дейтін ғалым емеспін. Өнер қуып, басы ауған жағына лағып кете беретін өнер адамы да емеспін. Жұмыс дейтін жұмысты да оңдыртып жүргенім шамалы деп, енжарлық тартқан санасыздығына күйінген.

Жасжанның әкесі мектеп бітірген жылы қайтыс болған. Шешесі бес баламен қалды. Әлі күнге дейін үйіне тигізген көмегі жоқ. Осыны ойлағанда алыс жолға төрт баламен жүруге қиынсынып, өзі баруға бел буды.

Пойыз асығып келеді, әйтсе де жүрегі алып ұшқан Жасжанға жүрісі білінбейді. Жылжымайтын сияқты, тұрып қалған сияқты. Уақыт өтіп болмайды. Жұмсақ купеде терезеден қарап отырып, балалық шағын өткізген туған жерін қанша рет ойлады. Тау-тау боп үйілген сағыныш сезім сонда да таусылар емес. Туған жер неткен ыстық десейші! Жеткенше асықты.

Автобустан түскенде жарқабақтың үстіндегі түйе қораны бірден көрді. Жылап қарсы алған анасының әжім торлаған өңі мен ағарған шашына жүрегі шымырлады. Алыстағы баласын ойлаумен қартайғанын іші сезді. Қуанғанынан айқайлап құшақтаған інісінің өзімен бірдей бойына таңғалды. Өңдері өзгерген қарындастарына жатырқай қарады. Көрген көзіне сенбегендей қайтадан қараған. Енді шүйіркелесіп, қуаныштарын бөлісетін кезі келгенде, сауылдай-сауылдай бес жігіт есіктен кіріп келді. Бесеуі әй-шайға қарамай Жасжанды құшақтарына алды. Бірінен-бірі қалыспай жарыса сөйлеп, өздерінен басқа адам жоқтай бөлмені бастарына көтерді.

– Жасжанды да көретін күн бар екен ғой. – Жомарт сары таңданды.

– Бұрын пұшық қара едің. Өзгеріпсің. Далада көрсем танымайды екенмін. – Сәлімгерей кеудесінен қағып мәз.

– Қаланың адамына ұқсап шілмигеніңе қарағанда, тойып тамақ ішпегенге ұқсайсың, – деп ішіндегі денесі толықтау Қайсар келекеледі.

– Бірде тақтадағы жазуды сұрт дегенімде кезекші сұртсін деп тіл алмай қойған деп, алгебрадан беретін Әріп ағай мені көргенде сені сұрайды. Партада бірге отыратынымыз есінде қалса керек. – Тарамыстай қатқан қыли көз Жексен Жасжанның бетінен сүйді.

Араларында мінезі ауыр Жайлаубай ғана кезегін күтіп, қалың еріні иілмей тұрған. Ол қолын беріп амандасты.

– Мені әбден терлеттіңдер, осы да жетер. Төрлеттіңдер! – деп әрқайсысына бір қарап, оның тостағандай көзі ерекше нұр шашты. Құрдастарын өзі бастап төрті бөлмеге көрпе жайды.

– Арамызда сен адам болған, – деді сары Жомарт. – Бесеуміз де оқи алмай қалдық. Мен өзім директордың машинасын айдаймын. Мына қасымдағы Қайсар совхоздың білдей жұмысшысы, жұмысшы деген аты болмаса ешкім алдына келе алмайтын осы ауылдың атақты палуаны. Мектепте жүргенде де жауырыны жерге тимеген еді ғой. Содан бері де ешкімнен жығылған жоқ.

– Жомарт сөйлейді дегенге, өйтіп өтірік бөспесейші. Оған қай жақтың палуаны, мені жыға алмайды, – деп, Жасжанға қарап көз қысқан Сәлімгерей.

– Сәлімгерей оқып жүргенде қу еді, енді алдыртпайтын қудың нағыз өзі болып алған. Әсіресе екі адамды бір-біріне шағыстырып қоюға шебер, – деп, Жомарт оның аузына құм құйды.

– Жексен жазда тракторымен отын тасиды. Көңілін тапсаң бір жартылыққа қыстық отын жинап аласың. Таппасаң қыс отынсыз қаласың. Қыс жақындағанда шөп тасиды. Ондағы беделін айтпа, аспандап кетеді, – деп қытығына тигізе айтқаны ұнап қалса керек, Жексеннің қыли көзі жұмылып мәз бола күлді.

– Жасжан, есінде ме? Мұғалім сабақ сұрағанда, Жайлаубай терлеп-тепшіп жауап бергенше қоңырау соғылып, жаны қалатын еді ғой. Сонда сабаққа дайындалмай келген күндері бәріміз «Ағай! Жолбатыровтан сұраңызшы, бағасы жоқ» деп жалынатын едік. Сол сөзіміз өтіп кеткен бе? Қазір біздерге қарамайды. Арамызда заманы жүріп тұрған осы. Совхоздың қоймасы осының қолында, үйі кірсең – шыққысыз, жиһазға толып тұр. Бұдан бай ауылда адам жоқ, – деп Жомарт оны да түйреді.

– Жомарт, мектепте оқып жүргенде мұндай емес едің. Сөйлегіш болып кеткенсің бе? – деді, Жасжан шыдай алмай.

– Сөзіңнің жаны бар. Арқаны кеңге салып сөйлеп отырғаным, көптен көрмеген мектептесіме сақтаған сағынышымның арқасы. Әйтпесе директордың қабағы мен қасына қарап, айтқанын екі етпей машинаны әр жерге бір тоқтатып жүрген маған бұлбұлдай сайрау қайда?!

– Үйленген тойыңа да шақырмадың, артынан естіп санымызды бір соқтық. Біздерден құрдасты қызғандың ба? Арамызда ондайымыз да бар. Мына Жомарт біреудің алайын деп жатқан қызын тартып алған. Директордың қасында жүрген бұған кім тиіссін? Қызынан айрылып қалған Болысбай қырам-жоям десе де тісі батпай қойды. – Сәлімгерей күлген кезде өңіне қан жүріп, екі ұртына шұқыр пайда болды. Жомарт бұл сөзді күтпесе керек, бір қызарып, бір бозарып үнсіз отырып қалған. Әңгіме енді қызатын тұста ортаға дастархан жайылып, достар қол жууға тұрды.

Ауылдағы адамдардың қолы босаса ермегі арақ пен карта екенін Жасжан жақсы біледі. Әншейінде аузындағы сөзді сұрап алғандай болатын Жайлаубай бір рюмканы алған бойында, реңі өзгеріп:

– Жасжан, картаңды берші, ермек етіп отырайық, – деді.

– Әй, сенің есің дұрыс па?! Қаланың адамы алдымен бала-шағасын бағып алсын. Картаны не істейді. Қалада есі кеткендер ойнайды. Одан сұрағанша қалтаңдағыны шығарсайшы. Тозып қалады деп аяп тұрсың ба? – деді ку тілді Сәлімгерей.

– Осы арақтың жансызға жан бітіретін бірдемесі бар. Жайлаубайдың ерніне рюмке тиіп еді, сөйлей бастады, – Жексен келеке етті.

– Ә, солай ма? Аяп не істейін, қаладағылар қандай картамен ойнайтынын көрейін дегенім ғой. – Жасжанға қарап бет-аузы бөлектеніп ыржияды.

– Көрдің бе? Жайлаубай біздердей емес, ар жағынан ойлайды. Үйтпесе совхоздың қоймасына қалай қожа болады?! – Қайсардың жіңішке даусы ішегін тартқан сәбиге келеді деп Жасжан таңғалды.

– Мен білетін Жайлаубай болса, енді Жомарттан қалыспай сөйлейді, – деді Сәлімгерей.

Манағыдан кейін үнсіз отырған сары Жомарттың сөз шамына тиіп кетті. Өзі де зорға шыдап отырса керек.

– Саған не керек? Сөйлегенде мені қоспасаң отыра алмайсың ба? Өй, әкеңнің... – Екі бетінің ұшы өрттей қызарып орнында қопаңдады.

– Маған несіне ренжисің, бастаған өзің емес пе? Қу болып сені тақыр жерге отырғызып кеткен жерім бар ма еді?! Әлде ауыз өзімдікі деп не келсе соны айтасың ба?

– Жап аузыңды! Өй, аузыңды...

– Сен не, қайта-қайта боқтайсың?! – Сәлімгерей орнынан ұшып тұрды.

– Сендерге не болды? Ойыңды көтере алмайды екенсіңдер, нелерің бар бір-біріңе сөйлеп?!. – Жасжан дауысын көтерді.

Екеуі де жым болды. Бөлменің ішін тыныштық басты. Алдарында арақтан босаған рюмке мен кеседен құйылған шай тұр. Бесеуінің де бастары салбырап төмен түскен. Жайлаубай қолындағы картасын қалтасына қайта салды.

Бесеуі де Жасжанның бетіне қарай алмай ұялды. Бесеуі де енді не істерін білмей қатты састы. Бұндай сорақылық бола ма? Өздері сөйлеп, өздері қойған. Ақыр аяғында не болды? Жасжанға сөз бермей сөйлегендеріне не бесеуі де қарадай қысылды.

– Бір-біріңді жаңа көргендей жамырап кетіп едіңдер, аяғы неге апарып соқты. Орыстар мұндайда не істейтінін білесіңдер ме? – Даусы қатты шығып кеткеніне ұялған Жасжан сөз тапқанына риза.

– Төбелеседі, – деді Жексен.

– Жоқ.

– Боқтайды, – деді Қайсар.

– Жоқ.

– Келіссөз жүреді.

– Дәл емес.

- Таптым, – деді, әдетінше маңқиып Жайлаубай.
- Тапсаң айтсайшы, – деді Жасжан.
- Татуластырады.
- Қалай?!
- Ол жауап бергенше, ұйықтап қаламыз ба деп қорқам, – деді Сәлігерей. – Онда өзің айт.
- Орыстардың рюмке соғыстыратынын көргенім бар.
- Сәлімгерейдің сөзінің жаны бар. Бәріміз рюмке соғыстырып алып қоялық. Сонда бір-бірімізге деген өкпе-назымыз кетеді, – деді Жасжан.
- Тапқан ақыл. – Жомарттың сөзі басқаларға тиек болды.
- Таң атқалы менің не ойлағанымды айтайын ба? Арақ ішілмей қалатын болды деп уайымдадым. – Сәлімгерей екі езуін жия алмай күлді.
- Мектептен бірге келе жатқан достарымнан айрылсам күнім не болады деп ойладым, – деді Жексен.
- Нағыз жолдас деп Жексенді айт! – Қайсар қолын соқты.
- Жасжан бірге оқығандардың істеген қылықтарын айтып есіне түсірді. Сонан кейін сабақ берген мұғалімдердің ішінен алалап баға қоятын Алма апайды сұрады.
- Сен неге Майраны сұрамайсың? Оған өкпең бар ма еді? – Жексен қыли көзімен Жасжанға көлгірси қарады.
- Мектепте Майрамен жүріп атың шыққан екен-ау, – деп Жайлаубай балаша жайраңдап күлгенде сарғыш кетік тістеріне дейін көрінді.
- Үстінен түйе өтсе де қозғала қоймайтын Жайлаубайдың сөйлегенін естідіңдер ғой. Ендеше Майраны айтпауға қақың жоқ. – Өңіне қан жүгіріп Сәлімгерей қутыңдады.
- Әлдеқашан ұмыт болып кеткенді қозғамасаңдаршы, – деп қашқақтағанына қарамай, бесеуінің дауыстары жарыса шығып, айтпасына қоймады.
- Ол уақытта қызбен сөйлесу қиын еді ғой. Қазір-підей емес. Бүгінде қыздар мен ұлдар мұғалімдерді көрсе ұялмай бедірейіп тұра береді. Мектептің қа-

раңғы бұрышында Майраның қолынан ұстап сөйлесіп тұрғанымда қасымыздан өтіп бара жатқан Күләйім апай байқап қалып, «Бұл не? Екеуіңнің басқаларға көрсеткен өнегелерің бе? Мына тұрыстарың оқушыға жат қылық. Ұят емес пе?!» деп, дүрсе қоя берді. Түндегі дауыс қалай естіледі. Демде оқушылар мен мұғалімдер жиналды. Өзгелерге үлгі болсын деді ме, даусын қаттырақ шығарып, «Бұны жәй қалдыра салуға болмайды. Ертең класс жиналысында қараймыз» деді. Қыз балаға ондай сөз ауыр тимей ме, сол жерде Майра жылап үйіне кетті. Оның босқа күйгеніне менің жыным қайнағаннан ернімді тістеп, тұрған жерімнен қозғалмай қақшидым да қалдым. Ернімнен аққан қанды үйдегілер көргенде шошып кетті. Әр жағын өздерің білесіңдер, – деді Жасжан.

Жасжан ауылында үш күн қонып үйіне қайтты. Жайлы купеде жатып, қиялдай білсең, қиялдан тәтті, қиялдан жүйрік не бар. Өзіңмен өзің, қанша қиялдансаң да кедергі ешкім жасамайды. Жайлаубайдың үйінде Жексеннің өзіне тиісіп сөйлегеніне онша мән бере қоймай үндемей құтылған. Ойдан ой қуалай келе осы есіне түсті. Санасын саралап байқаса, жаны ашығанын білдіріпті. Не дос жоқ, не туыс жоқ, не болмаса жаныңда жанашыр адамың жоқ, жалғыз жатақ болып кетесің дегені екен. «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деген сөз осындайдан қалса керек. «Әлде иесіз далада адасқан қойдай жүргенімді іші сезді ме? Жоқ болмаса, «есің барда еліңді тап» дегені ме?» Қалай болғанда да оның сөзінің жаны бар. Шындыққа жүгінгені ақиқат. «О жақтағы жұмыс бұл жақтан табылмай ма? Ел асып кеткенде не бітірдің? Қызын алсаң, «қыз – жат жұрттық» демей ме? Оларға күйеу бала болдың, ол жақсы. Бірақ күшік күйеу атанып жүргенің сендей жігітке жараса ма? Соны ойладың ба?» деген еді.

Менің басымда болмаған жәй бұл. Тап сол жерде оның сөзі жетеме жеткен болса, осындай достарымнан айналдым деп бетінен сүйіп алатын едім деп, қапыда қалды.

«Шынында да, осы мен бұл жақта не істеп жүрмін?! Ел асып, су асып кеткенде бітіргенім бар ма?! Туып өскен жерімде неге жұмыс істемеймін? Қалада элеватор да, комбинат та, қала берді астық қабылдайтын мекеме де бар емес пе. Қолыма іліккен жұмысты талғамай істесем нем кетеді. Жан тыныштығымды бағып, аш құлақтан тыныш құлақ деп жүргенім жақсы емес пе. Осы қаңғығаным да жетер маған. Ештен кеш жақсы деген. Мені директор қоймағаны мұндай жақсы болар ма?! Онда ауылға келмейтін едім. Қайтсем абырой-атаққа ие болам деп, жұмысты ойлап басым қатып, ел-жұртымды есімнен шығарып жүрер едім ғой. Осы орынға неге құмарым ауды? Сондағы мақсатым не? Басқалардай менің де алдыма мақсат еткен арманым бар емес пе?! Неге соны қолға алмаймын?! Қойныма ұрлап нанытығып алғандай қашанға дейін қиял құшып қыстығып, өзгелерден қызғанып жүре берем? Осы жұмыс деп, бүкіл жүйке тамырыма салмақ түсіріп, әркіммен жаманаттасқанда не пайда түсірдім. Менің келешегім осы ма еді?! Көпшіліктің тілін табу оңай ма? Түсінген адамға сегіз сағат жұмыс істеп келіп, бала-шағаның күлкісіне бөленіп отырған қандай рахат! Өмірде алдыңа қойған арманыңнан артық не бар?! Алға сені жетелейтін соны әсер емес пе?! Ендеше ел аман, тыныштықта сау басыма сақина тілеп неге адасып жүрмін?!»

«Бөтен жерде сұлтан болғанша, өз жеріңде ұлтан бол!» Осы дұрыс айтылған, қанша жұртқа жақсы көрінгің келсе де жаттығыңды сездіріп, жатырқап қарайды. Сөзбен тиісіп, бойындағы қызғанышын білдіреді. Ата-бабадан қалыптасқан қалыппен жата қалып руыңды сұрайды. Бірін-бірі мүйіздеуге құмар қазағымыз «Бұл жаққа қалай келдің?» деп таңырқайды. Жұқалап сұрап өздерінше, бөлектегені ме? Соның бәрі еріккеннен емес, ар жағында жікшілдікке әкелдіріп соқтыратын есеп бар. Соны Жасжан сезбей жүрген жоқ, сезіп жүр. Бірақ жастығы ма, соған көңіл бөлмеген. Бір қызығы, арамызда қаншама ұлттар жүр. Өз же-

рінде жүргендей талтаңдаған оларға ештеме демейді. Неге олай екенін түсініп көрші деп, еріксіз таңғалуға мәжбүр болды.

«Менің де бір күндері басым ауырып, балтырым сыздамай ма? Сол уақытта жақын-жуықтарды, бірге өскен достарды көргеннің өзі не тұрады?!» деп толғанды.

Нар тәуекел! «Шешінген судан тайынбас» деп, келесі келер көктемнің жылы шуағында көшетін болып, өзі ойлап, өзі шешіп, нақ сеніммен өзіне серт берді.

Жасжан берген уәдесін орындап, туған жеріне көшіп келгенде қуанышында шек жоқ еді. Далада қызғалдақтар жайқалып өскен көктем кезі болатын.

ҮШІНШІ ТАРАУ

Жаңбыр сіркіреп үздіксіз жауып тұр. Жел көтерілген кезде шөп біткен күмісше жылтырап, жаңбыр астында жерге жығыла кетеді. Сол кезде ойпаңда жиналған су бетінде де жыбырлаған ұсақ, қысқа толқындар жүгіре бастайды. Үйлер мен көшедегі ағаштар, айналаның бәрі бейне бір тұман арасындағыдай сүреңсіз әрі күңгірт көрінеді.

Жасжан жұқа плащын киіп далаға шықты. Әлденеден жүрексінгендей бұрын-соңды бойында болмаған дәрменсіздік танытып, көше шетіндегі тас жолмен заводқа қарай бет алды. Жұмысқа орналасқан жаңа қызмет орнын ойлап келе жатып, орта жолдағы биік төбеге қалай келгенін де байқамады.

Төмен жақта ауқымы кең заводтың үлкен панорамасы көрінді. Бұл өзі дуалы биік плитамен қоршалған, ыс басқан сорайған трубасы қызыл кірпіштен қаланған, айналасынан күкірт пен темірдің қоңырсық иісі мүңкіген өндіріс орны.

Заводтың құлақ тұндыратын тарсыл-гүрсілі, қуатты мотордың гүрілі, желдеткіштің, басқа да неше түрлі дыбыстардың шуылынан құлақ тұнады. Оған қоса тұманға оранған жаңбырлы таңы көңілді құлазытады.

Тепловоз вагондарды ерсілі-қарсылы, бір жерден екінші жерге сүйреп, тастақ эстакаларды бойлай зымырайды. Одан әрі шетте ұзыннан-ұзақ тұрған вагондардың қасында жұмысшылар құжынап жүр. Вагоннан

жұп-жұқа тақтайлар мен кірпіштер және даңғырлап темір түсіп жатыр.

Бұл жер әрі оғаш, әрі тартымды картина десе де болады. Ұсталардың көрігі, слесарьлар цехы, ағаш шеберханасы, жөндеу цехы және де басқа цехтардың ұсақ бөлімшелері темір жол бойына орналасқан. Былайша айтқанда, қарапайым жұмыстың қайнаған ортасы. Қай жерде жетіспей жатқан қол күші болса, осы жердегі ескі кеңседе отыратын жұмысшылар бригадасынан алады. Бұлардың арасында арақ ішіп жұмыстан қуылған инженерлер, механиктер, ағаш шеберлері, ұсталар, слесарьлар, небір себептермен құжаттарын жоғалтып алған адамдар да бар.

Есенов директордың жұмысқа қабылдаған бұйрығын күтіп жүрген кезде заводтың ішіндегі жиырма цехты түгел аралап, шығарып жатқан ауылшаруашылық техникаларын көрген.

Болат прокаттау цехын аралағанда өңдері боп-боз, жұмысшылардың отқа қақталған беттерінен баттасқан қара күйені көргенде жаны ашыды. Балқыған темірдің ыстығы қарыған жанкешті қажырлы еңбегіне қарап, олардың қинала шеккен азабын ішінен сезген еді.

Бұдан соң он тоғызыншы цехқа кірді. Үлкен цехтың ішінде жоқ емес зат жоқ сияқты. Темірдің неше бір түрі осында. Қалың қаңылтырды бір бөлек, жұқасын бір бөлек жинап, бірінің үстіне бірін қойған. Уголок пен трубаларды да өлшемдеріне қарай бөлек-бөлек жинаған. Ысырапсыз шашылып жатқан темірден аяқ басатын жер жоқ. Бұған өздері әбден үйренген болса керек, үстерінен аттап өтіп жүгіріп жүр. Айнала абыр-сабыр, у-шу. Зырылдаған мотор даусы, темірді ұрған балғаның дүңкілі. Дәнекерлеушілердің жарқылдаған оты. Жылжымалы кранның дырылы. Машинаның жем таситын астауын жасайтын цех екенін әрлі-берлі көтеріп жүрген кранның білді. Бұл жерде де адамның көптігінде есеп жоқ.

Литейни цехтың ішіне кіргенде күйген құмның көңірсіген ашқылтым иісі шықты. Жиырма шақты жұмысшы әйелдер жалын атқан пештің көмейіне қалыпқа құйған детальдарды бірінен-бірі алып қойып жатыр.

Екі күн жүріп жеті мың адам жұмыс істейтін заводтың ішін түгел аралап шыққанда, тәртіп бұзушыларды көргенде таңғалған. Бірі еденге жағатын сырды қоймадан шелекке құйып алып, дуалдың тесігінен шығарып жатыр. Енді бірі екі шөлмек арақты қолтығына қысып, қысылып-қымтырылмай цехқа қарай кетіп барады. Бұларды ешкім тоқтатып жатқан жоқ. Заводтың ішінде арақ ішіп қисаңдап жүргендерді де көрген.

* * *

Есенов жел саябырсып, аспанда бұлт ыдырай бастаған кезде заводқа келді.

Өндіріс бөлім бастығына кірер алдында есік қақты.

Бөлім бастығы көкшіл көйлекке қара галстук тағып, қоңыр бешпетпен отыр екен.

– Қош келдіңіз! – деп, Жасжанды жылы жүзбен жымып орнынан тұрып қарсы алды.

Қолымен қарсы алдындағы орындықты көрсетіп:

– Отырыңыз, – деді.

Өзі төрдегі столына барып отырды.

– Ғапу етіңіз, қазір босаймын, қазір, – деді де алдында жатқан қағазды оқыды. Шықшытты, ақ құба бет бейнесіне қарағанда, маңдайы шығыңқы, ұзын мұрын, көк көзді, бурыл шашы болмаса, қырыққа келе қоймаған ұзын бойлы, үні жұмсақ бұл адам өте кішіпейіл тәрізді.

Федор Федорович қағазын оқып бола сала Жасжанға қарады. Есенов жаңағыдай емес, бойы үйреніп қалыпты.

– Сізді өндіріс бөліміне жібергенін білемін. Бұйрықпен таныспын, – деді ол. – Кәне, енді сөйлесейік. Бұрын қайда істеп едіңіз? Мамандығыңыз қай саладан еді?

– Элеваторда істедім. Мамандығым инженер-технолог, – деді Жасжан оған.

– Мамандығың инженер болса, жақсы екен. Тез игеріп кетесіз. Жұмыс көп. Адам жетіспейді. Цехтың бәрі бізге тәуелді. Солардың керек заттарын жабдықтау үшін бір ай бұрын тапсырыс беріп алдыртамыз. Бір-біріне тәуелді цехтар да бар. Бөлшектерді дер кезінде жеткізіп тұрмаса, жұмыс тоқтап қалады. Ол үшін цехтың шығарып жатқан бөлшектерінің аттарын біліп алғаның жөн. Онсыз жұмыс істеу қиын. Осыны есіңе сақта. Қарсыбөлмеде бір орын бос. Сонда отырасың. Бірақ отырып жұмыс істеймін деп ойлап қалмаңыз. Уақытыңыз цехты аралаумен өтеді. Сіздің міндетіңіз – цехтың жұмысын бақылау. Ай сайын беретін жоспарын орындай алмай қалса себебін бізден сұрайды. Бөлімде бес инженер бар. Әрқайсысы өздеріне бекіткен цехтармен жұмыс істейді. Олардың да жұмыстарын үйренгенің артық болмайды. Өйткені олар демалысқа шыққанда, түрлі себептермен жұмысқа шықпай қалғанда не болмаса іссапарға кеткен жағдайда қосып атқаруға тура келеді. Басқа айтарым жоқ, – деп ол, әңгіменің бетін басқа жаққа бұрды. – Жаңа элеваторда істедіңіз бе? – деді, демде өңі суық тартып, өзгере қалған бастық.

– Жоқ. Басқа облыстан көшіп келдім, – деді Жасжан.

– Үйің бар ма? – деді.

Павлов Жасжанның жауабын күтпестен:

– Заводта үй мәселесі қиын. Үйің болмаса, бірден үйдің кезегіне тұрыңыз. Үйді он жылсыз ала алмайсыз, – деді шылдырлаған телефонның трубкасын көтеріп жатып.

* * *

Жасжан Павлов айтқан қарсы кабинетке кірді. Бөлмеде отырған төрт кісімен амандасқасын өзін таныстырды.

– Аты-жөнім Жасжан Есенов. Осында жұмысқа орналастым, – деді кабинетте отырғандарға алма-кезек қарап.

Сол кезде төртеуінің көгілдір көздері төңкеріліп, таңырқағандай үнсіз бір-біріне қарады.

Бұл оған жақтырмаған сыңай танытқандай керісінше әсер қалдырды. «Жұмысқа орналасқанның осынысы жаман. Әбден үйренісіп кеткенше жалғызсырап жүресің. Көрдің бе, өздерінің жеке меншігіндей, үйіріне қосқылары жоқ. Үкіметтің жұмысын қызғана ма екен? Бір ауыз сөз қатуға шамалары келмей отырыстарын» деп ішінен тіксінді. Сол арада есіне Шубин түсті. «Бұлардың бәрі бір-біріне қатты ұқсайды екен-ау», – деп таңқалды.

Ол үнсіздіктің де жеңілі, ауыры болатынын осы жасқа келгенше аңғармапты. Сонша көп күткендей, қас қағым сәт те өтіп болмады. Ақыры шыдамы жетпеді.

– Сендердің лебіздеріңді естимін бе десем, ауыздарыңа су толтырып алғандай үндемейсіңдер ғой, – деді өктем үнмен Жасжан.

– Кешірерсіз, кеше ғана «осында, жұмысқа орналасамын» деп, бір кісі келіп кеткен, соған таңырқап қалғанымыз, – деді Жасжанға жақын отырған, шашы тікірейген жұқа сары жігіт ағасы. – Мен – Валентин Аникеевич Чайковпын, – деді жалтыр басын сипалап, оң жағында отырған кескіні қашқан бұжыр сарыны иегімен нұсқап, – Константин Петрович Афанасьев, – терезенің алдында отырған шикіл сарыға көз жанарын тастап, – Сергей Филиппович Дудник, – деп айтқанша болмай, бұрыш жақтағы жас жігіт өзіне келгенде орнынан тұрып:

– Леша, – деді.

– Енді дұрыс болды, – деді көңілі жай тауып. – Мен отыратын бос орын қайсы? – деді Жасжан басы жалтыр Чайковке.

Ол есік жанындағы столға қарап:

– Ана жер, – деді сүлесөк күйде.

– Цехтан ауысып келдіңіз бе? – деді бұжыр сары Афанасьев.

– Жоқ. Басқа жақта істедім, – деді Жасжан.

– Жоғары қызметте істеген адамға ұқсайсыз. Жоғары біліміңіз болса, бұл жер сізге қолайлы орын емес. Әлде директор әзірше істей тұр деп уәде етті ме? Бұл жұмыс біз сияқты оқымағандарға болмаса... – деді, бұжыр сары жағын сипалап.

Бөгде адамның араларына келгенін жақтыртпағаны ма деп ойлап қалған Жасжан:

– Сонда қалай?! Маған қашан қолайлы жұмыс табылар екен деп, үйде отыра беруім керек пе? – деп күлді.

– Енді сіз Валентин Аникеевичтен оңай құтыла қоярма екенсіз? – деп Леша қуақылана күліп сөзге араласты.

– Оңай құтылудың жолы бар ма? – деп Жасжан да күлді.

– Бір жарты бөліп ішпейінше, маза бермейтінін айттам да. Бізде тәртіп солай, – деп Леша арақтың иісі тамағына тұрып қалғандай жұтынды.

– Өзі ішпейтіндей мынаның маған ысыра салуын қарашы, – деді Валентин Аникеевич қабағын кіржитіп.

– Қалай болғанда да шындық қой, – деп ауыр қабағы ашылып, қапталдан Дудник қарқылдап күлді.

– Оның жарасы жеңіл ғой, – деді Жасжан.

– Ендеше, мен барып келе қояйын. Кеше біраз ішіп қойып, бастарымыз жұмыс істемей, мияуланып отыр едік. Жақсы болды. – Леша төмен қарап отырған үшеуіне қарап көзін қысты.

– Біздің арамызға келген адам таныстық рәсімін жасап, жартылықты өзімен ала келеді. Содан кейін барып жұмысқа кіріседі. Осы тәртіпті бекіткен Лешаның өзі. Жас болса да бұл жағынан алдына жан салмайтын пысық, – деп айтқан Валентин Аникеевичтің жүзі жадырап, көкшіл өткір көзі демде ойнақшып шыға келді.

– Тап қазір ме?! – Естіген құлағына сенерін де, сенбесін де білмей аң-таң қалған Жасжан даусы оқыс шықты.

– Леша дұрыс айтты. Кеше тапқан олжамызды жуамыз деп, төртеуміз де үйге қалай барғанымызды білмейміз.

Сол ақшадан қалтамызда көк тиын қалған жоқ. Ми құрысып қалғандай бас жазылар емес. – Валентин Ани-кеевичтің үні бәсеңсіп демде өзгерген түр байқатты.

Айтпаса да Константин Петровичтің түрінен көрініп тұр. Тарақ көрмеген шашы ұйпа-тұйпа. Ала боз көй-легіне таққан тозығы жеткен қара галстугі бір жағына қисайып, жағын қолына тіреп, қиғаштау кішкене көзін жұмып алған. Оның жанындағы Сергей Филипповичтің де тақырлатып алып тастаған сопайған басы жылтырап, демде әңгімеге көңіл хошы жоқ адамдай, терезеге қарап мүлгіп қалыпты.

Ол қандай ортаға тап болғанын енді түсінді. Қай жерге барса да алдынан шыға келетін осы бір жайсыз көрініске көңілі жабырқап күрсінді де, шалбарының қалтасына қолын бір сұғып, бір алып, ақша берерін де, бермесін де білмей екіойлы күй кешті.

Ішімдіктің бір жақсы жері танымайтын адамдармен тез тіл табыстырады. «Қалауын тапса, қар жауар» дегендей болмайтын істі болдыртатыны тағы бар. Бұған ол таңсық емес. Ішпесе де көріп жүр. Бұрынғылар «Алтын көрсе періште жолдан таяды» дейтін. Енді керісінше «Арақты көрсе періште жолдан таятын болған ба» деп ойға қаласың. Мына кескіндері жұмыс істеуге емес, арақ ішуге келген адамның түрлеріне ұқсайды. Ел аузына үлгі боларлық заводтың жағдайы осы болса, қай жерде тәртіп болмақ деп Есенов ішінен таусылды.

Неткен жүгенсіз кеткен десейші!? Ұятты белден басып, жұмыста отырғандарын да естерінен шығарып, ар-ұждандарын ұмытқан. Өз үйлерінің төрінде отырғандай сезінетінін қайтерсің. Бір жұтым араққа аңқалары кеуіп тұр. «Мына адамдармен завод жоспарды қалай орындап жүр екен? Мынау деген сұмдық қой» деп қынжылды.

Біздің арып-ашып, азып-тозып жеткендегі социализміміз осы болса, коммунизмміз қандай болмақ? Жоқ әлде бар жеткен жеріміз осы ма? Өтірік ақпарат беріп, бірін-бірі алдап жүрген жоғарыдағылар не

ойлайды екен деп, басында бұрын-соңды болмаған сұраққа жауап таппай қиналды ол.

– Өздерің айтқандай, жуғаным болсын, – деп Жасжан қалтасынан ақша шығарып Лешаға берді.

– Мен кеттім. – Леша сөзге келмей орнынан ұшып тұрды.

– Маған қарамай іше беріңдер, ішімдікке жоқпын, – деді Жасжан оған.

– Ішпегенің бізге жақсы, – деп Леша мырс етті.

– Оңдайға үйренген адамдармыз. Келгенде бәрі де бір-бірінің аузына түкіріп қойғандай ішпейміз деп бәлсінеді. Артынан қалай ұрттағанын байқамай қалады, – деп, Дудник қуақылана көзін сығырайтты.

– Жаңа Федор Федорович заводтың ішін аралап танысып шық деген. Бүгін мен цехтармен танысып алайын, – деді Жасжан есіктен шығып бара жатып.

* * *

Жасжан жұмысқа келген күннен бастап өзіне бекіткен цехтың адамдарымен танысып, бір жетінің ішінде қай цехтан не алып, не беретінін түгелдей біліп алды. Бірақ Павловтың айтқанындай емес, әр цехта керекті материалдың барлығына алдын ала тапсырыс беріп және материалды орталық қоймадан әкелетін қоймашысы бар екен. Оған цехтың күнделікті нормасын орындағанын қадағалағаннан басқа жұмыс жоқ болып шықты.

Есеновтің күндегі әдеті таңертеңгісін лездемеге қатысады. Жазатын іс-қағазы онша көп болмаған соң, кабинетінде отырмайды. Көбіне цехта жүріп уақытын өткізеді. Бірге істейтін қасындағы серіктерінің әбден еттері үйреніп кеткен, цехқа бастарын сұқпайды. Кейде оларды цехтағылардың өздері келіп ертіп алып кетеді. Ешкім іздемейтін болғасын болар, төртеуінің күнде айналысатын шаруасы – көзіне түскен заводтың мүлкін ұрлап алып, дуалдың тесігінен шығарып сатады. Түскен

ақшаға көшеде сатып отырған саудагерден техникалық спиртті алып ішеді. Олардың жұмысқа келгенде бар бітіретіні осы.

Валентин Аникеевич пен Леша сөзге жүйрік, не болса соны айтып күлдіруге шебер. Бір жақсы жері – көңіліне ешнәрсе алмайды. Ал кішкене жұтып алса екеуін тоқтату қиын. Ешкімге сөз бермей бөсіп кетеді. Онысын өздері де сезе ме, ондайда адамдардың қастарына жоламай қашқақтап жүреді. Екеуінің бақтарына Константин Петрович пен Сергей Филиппович тап болған. Бұлар керісінше сөзге жоқ. Константин Петрович қызыңқырап ішіп алған кезде бозғылт суық өңі жұмсарып, оқта-текте сөйлегенде көкшіл көзі бұлттан шыққан күндей жадырап күле береді. Сергей Филипповичтің даусы жуан, оның үстіне қолын ербеңдетіп асығып сөйлейді. Не айтқанын түсінбейсің. Бұдан Константин Петровичтің сөйлеген сөзі анық. Бұл екеуінің бір жаман жері ішкен уақытта темекіні бірін тартып бола бере, екіншісін алып қомағайлана, үсті-үстіне сорады. Оны Жасжан алғаш жұмысқа шыққан күні көрген.

Сол күні Жасжанның берген ақшасына төртеуі бір бөтелкіні бөліп ішіп алғасын, өздері тапқан олжасына стол жасап, жұмыстан кейін кабинетті ішінен кілттеп, біріктіріп қойған екі столға бесеуі жағалай отырды. Жайған газеттің үстіне екі бөтелке арақ, үш тілім нанмен бірге жарты банкі тұздалған қияр бар. Ішіндегі жасы үлкені Сергей Филиппович екен, Валентин Аникеевич бірінші соған сөз берді. Бірақ оның өзіне арнайы айтқан сөзін түсінбесе де Жасжан басын изеп отырды. Кезекпен сөйлеген төртеуі жақсы тілектерін білдіріп, бір бөтелкені босатқан кезде Сергей Филиппович бір әнді нақышына келтіріп ыңылдай бастады. Құлаққа жағымсыз сорақы дауыстан мынадай сазды әуен шығады деп Жасжан күткен емес.

– Сергей Филиппович, даусың керемет қой! Сәл көтерші, тыңдайық, – деді таңғалғаннан Жасжан.

– Шынын айтсам, даусы маған да ұнап тұр. Нағыз талант! Сергей Филиппович осы уақытқа дейін неғып бізден жасырдың? – деді Валентин Аникеевич те Жасжанды қоштап.

– Сендер бекерге сөздеріңді шығын қылмаңдар. Қасында Анночкасы отырмаса, қанша жалынсаңдар да айтпайды. Мен оны бала кезінен жақсы білем. Ол құсап ешкім де ән айта алмайды. Онда табиғи дарын бар. Гармонды қалай құйқылжытатынын көрсең, естеріңнен танып қаласыңдар. Мен оны сендерге сөзбен айттып жеткізе алмаймын. Маған ондай талант бермеген. – Константин Петрович сөйлеймін деп папиросының қалған тұқылын байқамай тартқанда ортаншы саусағының ұшын күйдіріп алды. Сергей Филиппович ән айтпаса да, ыңылдаған даусының өзіне отырғандар риза болып орындарынан тұрды.

Есенов өзіне бекіткен төрт цехтарды аралап жүріп, әр станоктың шығарып жатқан бөлшектерінің аттарын біліп алды. Басқа цехқа берген сұраныстарды да барып қадағалайды. Арасында слесарьларға көмектеседі. Жүре келе станокта тұрып, әртүрлі детальдар шығаруды үйренді. Соның ішінде винт шығаратын станок оған қатты ұнады. Ұзын шыбық темірді сұқса, машина металл кесегін үсті-үстіне ұсақтап, винтерді ытқыта бастайды. Бірде темір тескіш станокта тұрғанда Жасжанның қасына кішкене көкшіл көзі ойнақшып Леша келді.

– Күн ұзақты цехта не істейді десем, енді түсіндім, – деп, көзі сығырайып мырс-мырс күлді. – Бұрын токарь болып істеген бе едіңіз? – деді Леша таңырқап.

– Жоқ. Енді үйреніп жүрмін, – деді Жасжан.

– Техника қауіпсіздігі бөлімінің меңгерушісі Яремчукты білмейсің-ау деймін. Өте қатал адам. Көрсенің сені жұмыстан шығарып жіберуге оның күші келеді, – деді Леша.

– Ол сондай мықты болса, неғып өз міндетін дұрыс атқармайды?

– Оны немен дәлелдей аласың?

– Цехтағы кемшіліктің тоқсан проценті мақтаған адамыңның жұмысқа салғырт қарағанының кесірінен, – деді Жасжан қабағын кіржитіп. – Айналып жатқан механизмдердің ременьдерін жауып тұратын қабы бірінде болса, бірінде жоқ. Токарьлар көзіне көзілдірік киіп жұмыс істеу керек. Басқаны айтпағанның өзінде цехтың ішінде шашылып жатқан темір-терсектен аяқ басып жүре алмайсың. Бұл неге апарып соқтыратынын білесің бе? Байқаусызда сүрініп кетіп, мына темірлерге басыңды соқсаң не болады? Айта берсең толып жатыр, қайсыбірін айтасың. Осының бәрін айтайын, тексеріп акт жазса, цехтың бастығы міндетті түрде тәртіпке келтірер еді, – деді Жасжан.

– Айтуға бәрі оңай. Сол тәртіпті бұзып тұрған өзің емессің бе? Біреудің станогында істеуге болмайтынын білесің, сүйте тұра біреуді кінәлайсың. Біле білсең осы айтқан кемшіліктерді істеткізем десең, сенің де қолыңнан келеді. Неге цех бастығынан талап етпейсің? – деп Леша қарсы дау айтты.

– Жаны бар сөз, мен жеңілдім, – деді Жасжан күліп.

– Сөз маған неге керек десеіші, – деп, кенет маңдайын алақанымен бір қойды. – Жәке, сені іздегендегі шаруамды айтпаппын ғой, – деді Леша.

– Онда сыртқа шығайық та. Өңешіміз жыртылғанша айқайлап, бұл жерде не бітіріп тұрмыз? – деді Жасжан станоктың қасынан кетіп бара жатып.

– Станокқа жабысып қалған өзің емес пе. Боря жұмысын тастап, қайда қаңғып жүр? – деді Леша Боряға жыны түскендей кіжініп.

– Ия, шаруанды айта бер, – деді, сыртқа шығып цехтың бұрышына барғасын Жасжан Лешаға.

– Не айтпақшы болғанымды өзің тапшы, – деді. Лешаның өңі қуақылана құлпыра қалды. Ол еліктіре түскісі келгендей қолын шапалақтады.

– Олжа тапқансың ғой, шамасы, – деді Жасжан.

– Дұрыс айттың. Қалай біліп қойдың? – Леша жасы үлкен Жасжанға қалай айтарын білмей қиналып тұрған, ішінен жолым болды деп қуанып кетті.

– Оны менен несін сұрайсың? Бостан-босқа мәз болмайтыныңды көзің айтып тұрған жоқ па? – деді.

– Ендеше, не екенін табыңызшы? – деді.

– Қызықсың, Леша. Менің бір көріпкелім бардай сұрайтының не? Ондай қабілетім жоқ. Сөзіңді босқа шығын қылып қайтесің. Одан да өзің айт, – деді Жасжан.

– Жәке, тілегімді жерге тастамай, жорамалдап айта салсайшы бірдемені, – деді Леша.

Есенов үндемей, оң жағында су таситын машинаның моторын ағытып жатқан шоферға асқан ынтамен беріліп қарады. Леша мұнысын байқап қалып, абыржыған түрмен:

– Сізді босқа әурелей бермейін. Цехтан жаңа бидай жармалайтын диірмен алатын болып келісіп едім. Бір өзіме қиын болып тұр. Көмектесесің бе? – деді, Леша айтарын айтса да қысылып төмен қарады.

– Қасындағылар қайда? – деді ол.

– Мен мына шаруамен жүргенде еден сырлайтын бояу сатқан екен, тым көңілді. Оларға айтпадым, – деді Леша.

– Сонда мен не істеуім керек? – деді Жасжан Лешаға жаңа көргендей қарап.

– Дуалдан шығарысып берсең, ар жағын өзім реттеймін, Жәке.

– Дуалың не?

– Түсінбей тұрсың ба? Дуалдың тесігінен шығарамыз. Цехтың ішіндегі адамдармен келіскен шаруа ғой. Сатқасын оларға тиесілі ақшасын берем. Шартымыз солай, – деді Леша.

– Сонда мен де сендермен қосылып ұрлыққа баруым керек пе? Айта көрме. Көрген жұрт не дейді? Соны ойладың ба? – Есенов ықылассыз үн қатып, қалтасынан беторамал алып көзін сүртті. – Менің бүгін басым ауырып мазам болмай жүр, – деп сылтаурағты.

– Жәке, босқа қорықпасайшы. Күнде істеп жүрген шаруа бұл. Ештеңе де болмайды. Маған сенші, – деді Леша жалынышты үнмен.

– Леша, айналайын, ондайға бармайтынымды біле тұра неге жалынасың? Мені босқа қинамасайшы, – деді. Жасжан күле сөйлеп, оған деген іштегі ренішін білдірмеуге тырысты.

– Керек болғанда менің де саған көмегім тиер, – деді Леша күмілжіп.

Есенов бұрыла бергенде Леша оның қолынан ұстап, өзіне жаймен тартты да құлағына сыбырлады.

– Бір сапарға сөзімді жерге тастамашы. Осы соңғы өтінішім болсын, уәде берейін. Босқа істеймін деп ойлап қалма. Еңбегіңді аямаймын. Үйреніп кетсең, бұл деген қып-қызыл ақша ғой, – Лешаның өңі адам аяғандай бозарып кетті.

Міне, ол қасында тұрған оның кішкене жарқын көкшіл көздерінен бүкіл жан дүниесін көргендей болды.

Жасжан Лешаны сөзбен көндіре алмайтынын білгенде, ойға қалып, не істерін білмей саса бастады. «Жүре берсең, көре бересің» деп дұрыс айтқан. Ұрлықтың жүрмейтін жері жоқ екен ғой. Қайда барсаң да осы ұрлық. Әлде осылар біліп істей ме? Бір айлықпен күнелту қиыны қиын. Не ішкенге, не жегенге жетпейтіні рас. Күйінгесін амал жоқтықтан баратын шығар. Барға қанағат ету екінің бірінің қолынан келе бере ме?» – деп Жасжан бір жағынан Лешаны аяды.

Суша аққан байлықтың ортасында жүргенде осылай болатынын білсем ғой. Мен де не болса о болсын деп көзді жұмып, байлыққа белшемнен батар едім. Осы өмір ме? Жұрт алдына шығатындай, төске ұрып, көпшіліктің айтқандарына құлақ аспай, асқақтағанда алған абыройым қайсы? Не ішерге, не киерге жарымай күн кешкенім бе? Көпшіліктен бөлектенбей бірге жүргенде, ендігі астымда машина болар еді. Қазірге дейін менде велосипед те жоқ. Адал болғанда алған атағым осы ма? Елге күлкі болғаннан басқа не таптым? «Сен

әлі жассың, отбасын құрғанда білесің» деген бір сөзінде Шубин. Айтқаны келді. Енді өкін не, өкінбе не, сол уақыт қайтып оралмайтын болған соң...

...«Одан үкіметтің байлығы ортаймайды» деп Мун айтқандай. Шын мәнінде солай екен. Жүрген жерінде ұрлықтан үкімет кедейленіп қалғанын көрген жоқ. «Абайлап істесең, ешнәрсе болмайды» дейтін. Сол рас шығар. Ұсталса сол ұсталар еді. Қойма менгерушісі болып, ұрлықпен өмірін өткізгеннің бірі сол. Арағын күнде ішіп, той тойлаумен жүрген жоқ па? Бірақ қудың қуы еді. Екінің бірі ол құсап жұмыс істей алмайды. Ебін тауып екі асайтынның бірі сол. Содан да шығар, бәле-жәле жоламағаны да оған.

Сонымен Лешадан қалай құтылуға болады? Басына қара бұлт үйрілгендей, көзін қарашы, күздің күніндей мұңаюын. Тас кенеше жабысып, айтқан сөз де құлағына кіретін емес. Аш қасқырша құлқынын ойлап өліп барады. Әлде осылар құсап берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан деп өмір сүрген дұрыс па? Осы ақшаның уы бар шығар? Сонда да бұлар тойдым демейді. Алған сайын ала берсем дейді. Неге олай?!

Осылардың тобына бір кірсең, шығуың қиын. Әлде бұлар да мені өздеріне қосқысы келді ме екен? Өлердегі сөзін айтып, неге маған жабыса қалды соншама?

– Бір жолға сөзімді жерге тастамашы, Жәке. Мен де бірде пайдаңа асармын, – деді Леша ауыр күсініп.

«Жандарынан өтіп жатқан адамдардың біреуі қасымызға келмеуін қарашы. Сонда сытылып шығар едім» – Жасжан Лешаны тастап кете алмай ішінен қиналды.

– Сен мені босқа қинама! Сенсең, ұрлықтың маңынан жүрген адам емеспін. Қалай саған көмектесе алам, қолымнан келмесе? Осы заводтағы адамдардың көбі саған таныс емес пе? Неғып маған жабыса қалғаныңды түсінбеймін, – деп Жасжан даусы қатты шықты.

– Сөз болады деп цехтағылар ұлықсат етпейді. Жармалайтын диірменге қызығушылар көп. Менің ағам

ішінде істейді. Сол алып беріп жүрген. Оларға дайын ақша ішін тесе ме? Әйтпесе бригадир бермес еді. Маған да оңай емес, сізге орынсыз жабысқаным, – деді Леша мұңайып..

– Өзің неге шығармайсың? – деді, не айтарын білмей сасқан Жасжан.

– Біреу емес қой... – Леша кібіртктеп қалды.

– Қанша?

– Он бес, – деді, Жасжан келісті деп ойлап қалған Лешаның даусы қатты шықты.

– Он бес дейсің бе?! Бір ауысымның істейтін жұмысы ғой, – деп Жасжан шошып кетті.

– Сен ойлағандай үлкен емес. Қолтығыңа қысып алып жүре бересің, – деді Леша оған.

– Оның бәрін алғанда қайда апарып қоясың? Бір, екеу алсан жетпей ме? – деді Жасжан ұрлықтың қырсырын түсініп алғысы келгендей тез сөйледі.

– Саны көп демесең, бөліскенде түк болмайды, – деді Леша бір орында тұра алмай тыпыршып.

– Ұсталып қаламыз деп қорықпайсыңдар?

– Неден қорқамыз? Көп болса жұмыстан шығарады. Басқа не істейді? – деді, Жасжаннан көзін алмай қараған Леша.

– Милиция ұстаса ше? – деді Жасжан.

– Олар әзір ұстаған емес. Былтыр бір сантехникті көшеде ұстаған милиционер бір жартылықты бөліп ішіп, шелегіндегі бояуын алып қалыпты. Жәке, қазір үркіп тұрсың ғой, біраз уақыт өтсін, өзің де қалай ұрлыққа барғаныңды білмей қаласың. Көр де тұр. Біз де бастапқы кезде қояндай қорқақ болғанбыз. Осы кәсіп өзімнің «көңіл ашарыма» мол жетеді. Алған айлығымды бір тиынын жұмсамай үйге апарам.

Жасжан оны сөзге тартып, сұрақпен алдарқатып тұрғандағы өз себебі бар. Жабырқау көңілін көтеріп кетпекші. Сонда өзіне де жеңіл болады деп ойлады.

Екеуінің қасына Валентин Анিকেевич келді.

Жасжан оның мас емес екенін көргенде неге өтірік айтасың дегендей Лешаға қарады.

– Валентин Аникеевич, келгенің қандай жақсы болды! – деп, Жасжанның қуанған дауысы шықты. Бірақ ол оған онша мән бере қоймай, Лешаға сөйледі:

– Таң атқалы сені іздеп таппай жүрсем, мында жүр екенсің ғой?!

Леша оған сен неге келдің дегендей қабағын кіржитті. Бірақ оған ол мән бермеді.

– Машина манадан бері сені күтіп тұр. Володя асығыспын деп күткісі келмеп еді, мен жібермедім. – Валентин Аникеевич асығып сөйлеген кезде кетік тісінің арасынан түкірігі шашырап шықты.

Сол кезде Лешаның сүзіле қарағандағы жағымсыз көзқарасын байқап қалған Валентин Аникеевич:

– Саған не болды? Әшейінде сәмпылдап сөйлегенде ғой алдыңа жан салмайсың, – деді.

Лешадан жауап болмаған соң, Валентин Аникеевич оң жағында тұрған Жасжанға бұрылды.

– Екеуіңнің сөздеріңе кедергі болдым ба? – деп, қысылғаннан тақыр басын сипалап күлді.

Жасжанның да сөзге тиек ететін сәтті күтіп шыдамы таусыла бастаған кезі еді.

– Валентин Аникеевич, жаңа сені көргенде қалай қуанғанымды байқадым ба? Маған көңіл аудармай қойғаныңа шамалы ренжіп қалдым. Соған қарамай саған қолқа салайын деп тұрмын. Онда да менің өтінішімді орындаймын деп уәде берсең айтам, – деді.

– Оған Леша кінәлі. Оны кеңседе манадан бір адам күтіп тұр. Ол кісіні жібермей күттіртіп қойған мен едім. Сол еңбегімді ақтамай, аяқ асты қалдырғанын көрдің бе? Мен бір нәрсесін бүлдіріп қойғандай теріс қарап, жауап қатпай тұр. Сен білесің бе? Бұған не болды? Бұрын мұндай қыңыр мінезі болған емес. Осының кесірінен сізді ренжітіп алдым. Бәрі асыққанның кесірі. Маған ренжіп қалған жоқсыз ба? Өтінішіңді орындауға мен дайын, айтыңыз, – деді қызараңдап.

– Таң атқалы Леша маған көмектесші деп, мені жібермей тұр. Сенің айтып тұрған көмектесің не? Ондай жұмыстың маңынан жүруге қорқам десем де маған қолқа салуын қоятын емес, – деді Жасжан.

– Енді түсіндім, – деді, оң қолының алақанымен қыр мұрнының ұшын сүйкеген Валентин Аникеевич: – Леша, бұның қалай? Екі оттың ортасында қалайын деп жүргеннен саумысың? Саған айтып тұрмын, неге үндемейсің?! – деді, даусы тарғылданып, қабағы шоқтанып жиырыла қалды.

Қайдам айттымға қалған Жасжан Валентин Аникеевичтің ішіп алғанын енді аңғарды.

– Қарап тұрмай екеуіңнің араларыңа от салдым ба? – деді қысылып.

– Әліне қарамай қасарысуын көрдің бе? – деп Валентин Аникеевич Лешаның білегінен ұстап өзіне тартты. Ол оқыс бұлқынған кезде шынтағы оның жағына тиді.

– Сен мені ұрдың ғой. Күшік! Мә, ендеше, – Чайков қолын тас түйіп Лешаның маңдайына бір қойды.

Валентин Аникеевичтің екіленіп қызып кеткені сонша, жөн-жосықсыз қолын сермеледі. Екеуінің орталарында шыр-пыр болып Жасжан жүр. Бірінің кеудесінен итерсе, екіншісінің қолынан ұстап жібермейді. Басқа қолынан келері жоқ.

Валентин Аникеевич жағы тынбай сөйлеп жүр. Арасында боқтық сөзді қосып айтып қояды.

– Осы жұмысқа орналастырған мен емес пе? Неге кекірейесің? Істеген жақсылықты білмейтін нағыз ит екенсің! – деп Лешаны тағы боқтады.

Оның көбік сөзіне Леша қашанғы шыдасын, қарсы алдында тұрған Жасжанды кеудесімен итеріп Валентин Аникеевичке жетіп барды.

– Не дедің?! Қайта айт! – деді. Құлақ жарғандай қаһарлы дауысы шаңқ етті.

– Ал айттым, не істейсің? Қолыңнан келсе істеші. Көрейін батырлығыңды, – деп ежірейді Чайков.

– Жұмысқа орналастырғаныңды бұлдайсың ба? Бұл жерде оның қандай қатысы бар? Мен де саған аз еңбек еткен жоқпын, білсең, – деді қызып кеткен Леша.

– Жоқты соқпашы, қайдағы еңбек? – деді, Валентин Аникеевичтің даусы бәсеңсіп.

– Күнде жырқ-жырқ күліп жүргенің кімнің арқасы. Дайын асқа ие болып алғаныңды білесің бе? – деді Леша оған.

Чайков ашудан булығып, Лешаға тұра ұмтылды. Тарбиған саусағымен оның иығынан бүрді.

– Кім, мен бе? Сөзін қарай гөр. Ой, шешенді... – деді, ежіреңдеп.

– Не дедің?! Мә саған! – Сол жақ қолымен құлақ шекеден бір қойды. – Осы ма керегі, ал ендеше!

Леша мектепте жүрген кезінде спортпен айналысып, облысаралық жарыстарға қатысып жүлде алған жігіт. Жоқшылыққа да кезігіп, вагоннан цемент, көмір түсіріп, қара күшпен күн көрген еді. Қолының қышуын бір қандырды. Онысына өкінген жоқ.

Соққы қатты тиді. Валентин Аникеевич сөйлеуге шамасы келмей, оң жақ бүйірімен құлады. Құлақ түбі пышақ кескендей тілінген жерден аққан қанды көргенде Лешаның өңі бозарып, Чайковты құлаған жерінен бір өзі көтеріп алды да, қайда апарарын білмей, цех пен екі ортада әрлі-берлі сасқалақтап жүгірді.

Жасжан екеуін арашалаймын деп еңтігіп қалған. Лешаға көмектесуге үлгере алмады. Енді екеуі он тоғызыншы цехтың ішіндегі медпунктке апармақшы ойларынан айныды да, мұздай суды басына шашты. Сонда барып Валентин Аникеевичтің кірпігі қимылдап көзін ашты.

– Тірі!

Екеуінің қуанған дауыстары қосарлана шықты.

– Бұдан былай ешкіммен төбелеспеймін деп ант етемін! – деді, қолын шапалақтап балаша қуанған Леша.

Екеуі Чайковты екі жағынан сүйемелдеп тұрғызды да, қайда апарарын білмей аңтарылып тұрып қалды.

Жасжан жаңа ортаға бірден сіңісіп кетті. Істеп жүрген жұмысы да өзіне ұнады. Ешқандай жауапкершілігі жоқ. Қайда жүрсің деп те ешкім сұрамайды. Әуелгі кезде бұған көндіге алмай, көпшіліктен шеттеп, ешкімге керегі жоқ адамдай сезініп ыңғайсызданғандай еді. Шын мәнінде, әркімге нұсқау беріп, мекеме басқарған адамға бұл өте қатты әсер еткені де рас. Сүйтсе өмір көп нәрсені үйретеді екен. Бұған да үйренді.

Әр жұмыстың тетігін тауып істесе, өзіңе жеңіл болатынын кез келген адам біле бермейді. Бірақ ол екінің бірінің қолынан келмейді де. Оған да қабілет керек. Есенов те алғашқы кезде жұмысқа қалай кірісерін білмей басы қатты. Әр цех өз бетімен кеткен, тәртіп жоқ. Кесте дегенді білмейді. Цех айдың орталарынан бастап жоспарды орындауға кіріседі. Оған дейін арқаны кеңге салып жүреді. Цехқа әкелген заттарды қалай болса солай тастай салады. Онымен ешкімнің шаруасы жоқ. Техниканың қауіпсіздік шараларын сақтамайды. Осындай кемшіліктерді ол қолға алып, цехтардың арасындағы өзара келіспеушілікті де лездемеде талқыға салғаннан кейін жағдай өзгерді. Талапты күшейткеннің арқасында басқа цехтан алатын бөлшектерді күтіп, цех тоқтап қалмайтын болды. Сүйтіп өзіне қарасты цехтың жұмысын жақсартты. Айдың аяғында жоспарды үлгере алмай қосатын жалған ақпар атымен жойылды.

Жасжан қаланың төрт бұрышын бұдан көп жыл бұрын шарлаған еді. Студент кезінде поезд күтіп бір күн болатын. Сонда уақытты қалай өткізерін білмей еріккенде кетіп бара жатқан бейтаныс қыздарға ұрынып, қысылып-қымтырылмай сөйлесе беретін. Сүйтіп танысатын. Сонда ғой, бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай: «Сіз осы журналист емессіз бе?» – деп

сөйлеген сөзіне таңғалып сұрайтын. Бұл болса, арқасы қозған бақсыдай одан сайын сөзге дес бермей лепіретін. Осылай танысқан біреуінің есімі Самалай еді. Осы қалаға келгеннен бері сол бір кештің жанына майдай жаққан сәтін ұмыта алмады. Қыздың сиқырлы үні мен күмістей сыңғырлаған күлкісі көшеде келе жатқанда құлағына естіліп тұрғандай елеңдейді.

...Тамыз айының соңғы күндерінің бірі еді. Қараңғы түнде қыз жанары жұлдыздай жарқырап, сиқыршыдай арбаған. Сонау көз жетпес биіктегі көгілдір аспаннан түсе қалған періштеге ұқсатып, өзіне-өзі сенерін де, сенбесін де білмей, көрер көзден қызғанып азаптанған сонда. Сол бір сәт Жасжанның беймаза көңілі Самалайдың өзіне елжірей қараған жүзін байқағанда барып тыныш табатын. Қыздың жанында отырып кино көргенде балқыған темірден кем болмай, қызды құшағына қысып, арман қанатында қиялдап, дүниенің төрт бұрышын емін-еркін шарлаған.

Қала іші жым-жырыт. Үп еткен жел жоқ. Екі жасқа қызыға қарағандай көгілдір аспан аясынан сансыз жұлдыздар жымыңдайды. Уақыттың қалай тез өткені белгісіз. Екеуі бірін-бірі қимай қоштасатын кезге жетті. Жастық шақтың шиырынан шыға алмай қиналған Жасжан түсі екенін, не өңі екенін айыра алмай поезға отырды. Самалай поезбен жарыса түсіп, қол бұлғап қала берді. Артынан хат жазысып тұрды. Қыс өтіп, көктем келген кезде қыз жігіттің жазған хатына жауап бермей, хабарсыз кетті. Содан бері талай жылдар өтсе де гүлдей үлбіреген, тал шыбықтай бұралған нәзік жанның бейнесі әлі күнге дейін көз алдында. Сүйтсе, алғашқы махаббат мәңгі есінде өшпей қалады екен. Қартаймайды да екен. Ескіріп, көнермейді де екен. Қайта күн нұрындай жарқыраған жүзі жаңа туған айдай алдыңнан шыға келеді екен. Қиялға берілмейін десе де, бойына бітпеген алапат тыс күш билеп алғандай, өзіне бағынбайды.

Самалай ойына түссе болды, көркем қыздың сұлбасы көз алдында тұрып алады. Кейде оны көзбен көру

қаншалықты мәнді екенін іштей ұғып, әлде бір терең сезім жүрек түкпіріне әбден ұялап алғандай күш бермейді. Ондайда «Осы менің есім дұрыс па? Сондағы ойым не? Естіген құлаққа ұят емес пе? Бір көрген кездейсоқ біреуге сонша көңілім ауғаны несі? Одан бері қанша жыл өтті? Керек болса сен оның есінде жоқсың. Алдымен осыны ойладың ба? Әлде жасыңа жетпей алжасайын дедің бе?» деп өзін сөгеді. Содан қарша жауған сауалдан ол жауап таба алмай сасады. Сонда да оған деген ілтисаты өзгермейді. Бұрын-соңды болмаған мойымас қайсарлықтың қайдан тап болғаны белгісіз, алған бетінен қайтпайды. Оны бір көрсем деген аңсар бойына бітіп, осы бір құштарлық сезімнен қалай құтыларын білмей, санасымен сарыла ойлап, жан азабына түсетін болды.

Күндер зымырап өте берді. Жасжан қапаста қалғандай күн кешіп, ішқұса болуға айналды. Самалай ойына түссе жастық шағын сағынады. Сол кездері қайтып бір оралса, шіркін деп аңсайды. Әлі де есіне алса, жер әлемін жібіткен көктемдей еріксіз елжірейді. Сол бір сәтте өн бойы алағызып, жүзі жадырап, көңіл шіркін шалқиды. Ондайда құдды биікке әуелеген бұйра құйын іспеттес, бойын билеген алапат күш кеудеге сыймай толқып, шырқау биікке әкетіп бара жатқандай бөленген әсерден тынышы қашып, өзін қоярға жер таппай азап шегеді. Бір жақсы жері – бұл оған күйінбейді. Қайта оқыстан пайда болған әуеннің куәгері болады. Әуел баста қайдан, қалай деуге шамасы келмей, бірден мұңлы әуенге құлағын тосып тыңдайды. Әуенді әсем саз тұла бойына жайылып шалқып бара жатқандай маужырап, ләззат құшағына бөленгендей болады. Сол сәтте тұмысында болмаған қабілетке ие бола қалғандай бірден нақышына келтіріп, ыңылдай бастайды.

Рас. Мектепте оқып жүрген кезінде әдеби кітапты көп оқыды. Содан үлкейгенде жазушы болам деп армандаған арманына құлшынғаны соншалық, түскен институтын екі рет оқымай тастап кетіп, Алматының

қонақүйінің алдындағы орындықта бірнеше күн түнеп шыққаны бар. Содан түк бітіре алмай, оқуын жалғастырып, институтты бітірді. Сондағысы қайтсем ойлаған мақсатыма жетем дегені еді. Бала кезінен жалғыз жүргенді жақсы көретін. Сол әдеті әлі күнге дейін қалмаған. Қолы босаса иесіз даланы кезіп, аңсаған арманын қиялдаудан жалықпайды. Әлі де «енді кеш» деп күдерін үзген емес.

Әннің қайырмасы бірте-бірте баяулай келіп, ақырындап тына қалады. Сол кезде ауыр күрсініп, шалбарының қалтасынан беторамалын алып, көзіне үйірілген жасын сүртетін, артынан үстінен ауыр жүк түскендей жеңілденгенін сезетін.

* * *

Күн сенбі. Мамыражай жұмсақ көктемнің уыздай дiрiлдеген балғын шағы болатын. Жұпар аңқыған гүлге бөленген қала сондай көрікті еді. Табиғат нұры төгіліп тұрған қаланың кең көшесі бүгін де қаз-қалпында. Ерсілі-қарсылы жүріп жатқан адамдар, гүрілдеген автобус және басқа әрқилы машиналар да күндегісіндей тынымсыз қозғалыс үстінде. Мамыр айының майда лебі ақ торғындай бетті аймалайды. Өне, кәдімгі алаң. Жапырағы желмен ойнаған зәулім ағаштар түбіне қойылған ұзын-ұзын орындықтарда еркін демалып отырған адамдар қарамы да аз емес. Батыс көкжиекке еңкейген күн нұрынан ағаш бастарына қызыл қыл талшықтар шашылғандай. Қалың ағаштың көлеңкесі жапқан көше бойы салқын тартыпты.

Бірақ бұл көріністің бірде-бірі Жасжанның көңіліне әсер ете қоймады. Алмабектің елу жасқа толған тойына мерзімді уақытынан кешігіп қалып, асығып келеді.

Алмабектің кең ауласынан өтіп үйге кірді. Кешікпейті. Ол келгенде қонақ бөлмеде жұрт көш құлаш столды жағалай отыр екен. «Өз үйімнің төрінде қонақтар отырмай ма?» дегеніне қарамастан, Алмабекті

столдың нағыз төр басына отырғызды жиналғандар. Алдында бір құшақ гүл.

Дәл ортадан жарыстыра жалғастырған столдардың үстінде ине шаншар жер жоқ, толған тағам: коньяк, шампан, былқылдақ сары бауырсақ, шөп-шалам, қазы-қарта, колбаса, құс еті.

Тойды заводта Алмабекпен бір бөлімде істейтін досы Батырхан ашты. Ол қабағын көтеріп Алмабекке қарап тұрып тамағын кенеді:

– Құрметті дос-жарандар! Алмабектің елу жасқа толған туған күні құтты болсын! Осы тойды сіз бен біз болып бірге көңілді өткізуге тырысайық. Алмабектің болашағы бұдан да жарқын болсын, өзінің ғұмыр жасы жүздің биігіне жетсін деп тілек білдіремін.

Жұрт дуылдасып, араның ұясындай гу-гу етеді. Небір әдемі сөздер айтылып кеп, тостар сыңғырлай шылдырлады.

– Елу деген – өмірдің бел ортасы. Ендеше, қарттықтың жолы әлі алыс. Мен Алмабек өмірінің әрдайым жайдары жаздай нұрлы, жасыл бақтай миуалы болуы үшін ішем, – деді осы отырғандардың ішіндегі жасы үлкен көршісі Өмірзақ.

Столды жағалай отырғандар оған ду қол шапақтап, қошемет білдірді.

Дастарқан басындағы қонақтардың көңілді күйлері ауаны жайлай бастады. Әу бастағы сыпайы тәлімсу, ауыз тосқан алысу сейіліп, енді әуезді әңгіме өріс алған. Ішімдіктің уыты дарыған меймандарға манағы оқшау сыбырдан у-шу басым.

Туған күнге бас қосқан осынау қонақтардың бірсыпырасы заводта істейтіндер, Жасжанға таныс. Сөйтсе де оның осы думанды ортада, қуаныш үстінде жадыраңқы отыратын реті бар. Бірақ әлдебір тосын сезім мұны көпшіліктен даралай береді. Өзін осы халден арашаламақ болып көтерілген тостан да қағыс жібермей отыр. Бәрі зая. Қайта онан сайын тұйықтала түсетін сияқты. Көңіл түкпіріндегі мұң ба, нала ма, жоқ қайта соққан сағыныш па, ол бұны ажырата алмай дал болды.

– Оу, замандастар, сендер осында тамақ ішуге келіп пе едіңдер? Кәне, ауыздарыңды тыйыңдар, ән бастайық! – деп, Жасжанның қасында отырған Тоқтарбай ұстарармен алдырған тақыр басын сол алақанымен сипалап, қопаң етіп тұрды.

– Саған не жоқ. Тамада бар емес пе?! Орта жолдан қосылмай, отырсайшы жөніңмен, – деп, жақтырмаған сыңай танытып шет жақтан біреуі реніш білдірді.

– Бұның әдеті, ішіп алса, көсемсіп шығатын. – Ортадан тағы біреуі сөйледі.

– Осындайда айтпағанда... – деп, тақыр бас өкіректеп кетті.

Тоқтарбайдың сөзіне ешкім мән берген жоқ. Іле ән басталып кетті. Сол сәтте ол жұрттың көзін ала екі стақанға толтыра құйып, Жасжанды түртіп қалды.

– Несіне күтіп отырамыз? Басыңа орамал тартқан студент күн қызық қой, соны бір есіңе түсіріп тартып жіберші. – Өзі өңешіне тастай сала, тарелкідегі тұздалған қиярды көмейлетті де: – Сен мені білмейсің, солай ма? Мен білем, – деп бұған көзін қысып қойды.

– Қайдан білесің!? – деп Жасжан таңқалды.

– Сен оқыған институтта мен де оқығанмын. Бірақ оқи алмай шығып кеттім. Үшінші курста оқып жүргенде шығар, біздің облыстың қыздары мен балаларын жинап вечер жасағансың. Сол кеште мен де болдым. Сонда саған арақ ішкіздіре алмай ыза болған қыздар басыңа орамал байлағаны әлі күнге дейін менің көз алдымда тұр, – деп екі езуін жия алмай күлді.

– Менің есімде жоқ, – деді Жасжан.

– Есіңде жоқ болса, ерте қартаяйын дегенің. Өй, мынауың не? Мен сені алып қойған екен десем. Әлде менің құйғаным арам ба? Алып қой! Ұмытып кеткен жайды есіңе түсіріп, жақсы әңгіме айтып берген жоқпын ба? Маған қарызсың, біліп қой, – деді Тоқтарбай.

– Мына жұрттың алдында ұятқа қалдырғың келмесе, мені босқа қинама, ендігісі маған артық болады, – деді Жасжан жай ғана.

– Мен сенің мінезіңді де жақсы білем. Бір қисайсаң қыңырайып қалатын әдетің әлі қалмапты. Осының жөн бе? Көрмегенімізге қанша жыл болды? Соның құрметіне алып қойсайшы, – деді Тоқтарбай.

– Ойламаған жерде бей-жәй күйді сергітіп тастағаныңа марқайып қалмаймын ба. Ә дегеннен өкпелегенің қалай? Мақұл, бір стақанда тұрған не бар дейсің. Осыдан кейін зорлама, – деді, Жасжан қабағын шытып.

– Меселімді қайтармағаныңа рахмет. Сыртқа шығып келейін, – деп, Тоқтарбай орнынан тұрды.

Жасжан әнге де зауқы соқпады. Жаңағы алған стақаннан кейін де көштен қалғысы келмей, өзін-өзі азаптады. Әннің қайырмасына қосылғысы келіп еді, біреу тілін тартып тұрғандай үні шықпады. Іштегі сезім тас болып қатып қалғандай, беймәлім жұмбақ күйден арыла алмай отыр. Шырмауықша орап алған ойдан қалай бұлқынса да құтылатын емес.

Әлден кейін көңілі қоңылтақсып қалған Жасжан өзінен-өзі қуыстанып, төңірегіне жалтақтай қарады.

– Кешіріңіз, сізге бір ауыз сөз айтуға бола ма? – деген майда үн құлақ түбінен естілді. Ыстық дем шарпып өтті. Жасжан жанындағы әйелге қарап:

– Не айтпақшы едіңіз, замандас?! – деп езу тартып жымыды.

– Тойға келген адам сіз құсап жабырқау отырмайды. Сол еді айтайын дегенім. Ер адам айналасына көз қырын салып отыратын секілді еді, – деді жанында отырған әйел бұған күлімсірей қарап.

– Сөзіңіздің жаны бар. Мұндай жерге сопайып бір өзің келген қолайсыз екен. Жолдасым ауырып қалып келе алмады. Соның әсері болар. Олқылығымды өзім де сезіп отырмын, – деді Жасжан не айтарын білмей қысылғаннан.

– Содан екен ғой, үрке қарап отырғаныңыз. Әлі де жолдасыңызды жақсы көресіз бе? – деді Жасжанға күле қараған көршісі.

Ол жауап бермес бұрын қыр мұрынды, қара торы әйелдің бет ажарына дұрыстап қарап алды. Сүйтті де оның даусын естігенше асығып:

– Балаларымның шешесі болса, жақсы көрмеуге бола ма? – деп, Жасжан ескі танысын көргендей жадырап кетті.

– Ер адамның бәрі сіздей болса, кәнеки... – деді әйел.

– Онда өмірдің қызығы да болмас еді, – деді Жасжан.

– Солай ма?! – деп, әйел сұраулы жүзбен Жасжанға қарады.

– Өзіңіз ойлаңызшы. Адамның бәрі бірдей болса, онда өмірдің сәні бола ма? Сіз ұнатқан адамыңды жұрттың бәріне ұнайды деп айтуға бола ма?

– Көп сөйлеп, тойдың сәнін кетірмейік, – деп жанындағы әйел шет жақта сөйлеп тұрған тамадаға қарады.

Жасжанның көңілі қайта құлазып ортайып қалды.

– Самалай, неғып әнге қосылмай отырсың? Манадан бері даусыңды бір де естімедік. Жезденнің тойында сен айтпағанда кім айтады? Солай емес пе? – деп, орнына келіп отыра берген Тоқтарбай қоштаушысын іздегендей жан-жағына қарап қойды.

– Тоқтарбайға мен де қосылам. Бәрінен де Самалайдың даусын айтсайшы, – қолына домбыра ұстап отырған мұртты қара орнынан ұшып тұратындай қопандады.

Столды жағалай отырғандар оған ду қол шапалақтап қошемет білдірді.

Жасжан Самалайының атын естігенде естіген құлағына сенерін де, сенбесін де білмей абдырап, санасынан ыстық елес жүгіріп өткендей болды. Жылт еткен үміт оты «мені көргенде қайтер екен» деп көзі ұшқын шашып, басын көтерді. Қай жерде отыр екен деді ме, алақтап жан-жағына қарады. Қазір оны бас салып құшақтап алатындай, жүрегі аттай тулап алып ұшты.

– Әннен қашатын мен емес. Әркім бір билеп төтесе не болады? Одан да тамада не айтады, соны тыңдайық, – деді Жасжанның қарсы алдында отырған әйел.

– Әй, бәрекелді! Тауып айтты, – деп, Самалайға риза болған дауыстар жарыса шықты.

Жасжан сөйлеген әйелден көзін ала алмай, жіпсіз байланып қалды. Самалай аттас әйел оның бойындағы күш-қайратын бірден матап тастағандай. Сол сәтте оған бір нұсқасы ұқсамайтын қисынсыз бейнені көргенде барып өрекіпген кеуде су сепкендей басылды.

...Ол бір көргенде ақ көңілі ауған, аққұбаша келген талдырмаш қыз еді. Оның жанын қытықтаған сыңғырлаған үні қандай еді! Жаратылысына көз сүріндіретін нақ сұлудың өзі болатын. Несін айтасың, ешкімге теңеуге қимайтын, көріктінің көріктісі еді. Кезінде кездескен небір сұлуларды көзіне ілмегені де содан. Самалайдан хат-хабарсыз қалғанда, қаңтардың қақаған аязына қарамай, оқуын тастап, осы қалаға іздеп те келген.

Кенет ол қарсы алдындағы әйелдің оң жақ құлақ ұшындағы меңді көріп тастай қатты да қалды. Әп-сәтте қуаныштан жарылардай болып, кеудесі дүрсілдеп қоя берді. Қаны бетіне теуіп, «сол ма, сол емес пе» деп әбігерге түсті.

Самалайдың біртүрлі майда қоңыр үні құлаққа жағымды естіледі. Әуелі жай басталған ән келе-келе тыныс алып, өзінің сырлы, сылқым бабына түсе арнасын тапқан бұлақ сырылындай есіле жөнелді. Иін ырғақтарын көтеріп толғап жібергенде тұла бойыңды шымыр еткізеді... Құдды сан сахнаға шығып жүрген артистердей ән салысы...

Жасжан Самалайға әлі күдер үзбей қарап тұр. Басқа қырынан танып таңырқады. Көзін ала алмай, іштартып қарағанда бірдемені сезген екен-ау! Бұлбұлдай сайраған даусы қандай! Өн бойыңды билеп алған үні сиқыры бардай, құйқылжиды. Жанына жақын тартып, оның өнеріне ішінен мәз болды. Ән айтқанда түлеген түлкідей құлпырған өңін көргенде қуанышы қойнына сыймай шаттанды.

Отырғандар қопарыла көшіп биге кеткенде Тоқтарбай Самалайды қолынан ұстап жетелей жөнелді.

Жасжан енді билеп жүрген Самалайдың үсті-басына назар салды. Қыз күніндегі талдырмаш денесі толысыңқыраған, бүйрек беті біраз көнеріп, нәркес көздің құйрығына сызат түсіпті. Көркі тайып, дәурені өткен әйелдің түр-тұрпаты емес. Әйтеуір баяғыдай құндызша құлпырып тұрмағанмен, ажары таймаған, әлі сымбатты. Үстіндегі қынама қамзол кеудесін көтеріп, белін бунап жіңішкертіп тұр. Жасжан оны әлдебір сүйкімді артистерге ұқсатты.

Самалай көңілі көтеріңкі, музыканың әуеніне қосыла ыңылдап, Тоқтарбаймен дөңгелене билеп жүр. Ойында ешнәрсе жоқ. Жасжан одан көзін алмай қарайды. Оның қолынан басқа келері жоқ. Мені танымады. Таныса сыр білдірер еді. Әлі бір де көз қиығын салған емес. Есінен мүлдем шығарғанына анық көзі жетіп, күдерін үзді. «Хат жазып, сөз берген уәдесін қалай ұмытады?» деп күткен үміті де зая кеткеніне опынды.

* * *

Завод бұрынғысынан да үлкейіп, жаңадан болат құю цехы ашылды. Соған орай заводта істейтін адамдардың саны да өсті. Осы кезде қаражат тапшылығына кезіккен заводтың жағдайы нашарлады. Оның үстіне жана ашылған цехтың бір жері жүрсе, бір жері жүрмей, жоспары орындалмады. Қадр бөлімі міндетін дұрыс атқармағанның кесірінен штаттан тыс жұмысқа қабылдағаны анықталды. Осыған байланысты кінәлі деп тапқандарды жұмысынан босатып, қадр бөлім бастығына қатаң сөгіс жариялаған завод директорының бұйрығы шықты.

Өндіріс бөлімінде диспетчерден басқа екі адам орнында қалды. Олар ай сайын цехтардың берген тапсырмасына қарай керек материалдарын алдын ала қамтамасыз етіп отырады. Бұрынғыдай цехқа жүгірмейтін болды. Цех бірінің берген тапсырмасын бірі орындамаған жағдайда, қосымша алатын ақшасын кеседі. Бұл жұмысқа деген жауапкершілікті күшейтті.

Жұмыс орны қысқарғандардың арасындағы тізімге Жасжан да ілікті. Жұмысты қайдан іздеймін деп сары уайымға түсіп жүрген кезінде кадр бөлімі шақырды.

– Цехта ОТК-ның орны бос, барасың ба? – деді кадр бөлім бастығы Алина Жасжанға.

Ол бірден не дерін білмей ойланып қалды. Бұрын бұл жұмысты айтқанын ешкім тыңдамайтын, абырой әпермейтін жұмыс деп ОТК-ны өлердей жек көретін.

Алина Жасжанның толқып тұрғанын байқап:

– Бұдан басқа жұмыс жоқ, – деді. Оның сөзін шешімді тездетіп айт дегендей түсінді.

Жасжан амал жоқтықтан келісім берді.

Бұрын шығарып жатқан продукцияның сапасын тексеретін бөлімнің мастері дегенге құр жүріп ақша алатын жұмыс деп, онша көңіл аудармайтын. Өз міндетінді дұрыс атқаратын болсаң, өте жауапты жұмыс екенін басына түскенде бір-ақ білді.

Жасжан цехқа бақылаушы мастер болған күні үстелінің үстіне сырты қапталған табақтай үлкен бірнеше сызған сызбаларды үйіп қойды. Солардың ішіне үніліп, әр сызылған түсініксіз бөлшектерге қарағанда алғашқы күндері басы айналып кетті.

Оның заводта сырласып, сөйлесетін жалғыз құрдасы бар. Ол конструктор бөлімінде істейтін Алмабек болатын. Бұрын совхоздың бас инженері болған, темір-терсектің маманы. Есіне сол түскенде алдындағы қағазды жаюлы күйінде қалдырып, орнынан тұрып сыртқа шықты.

Жасжан бір түп ағаштың жанында тұрған Алмабекті көргенде күпті көңілінен айығып, қуанып кетті. Қасында шілтерлі әсем көйлек киген сұлу әйел тұр. Әйелдің түрі таныс секілді. «Қайдан көрдім?» деп шұқшия қарады. Екеуінің сөздері жарасқанын жарыса күлген күлкілерінен байқап, жақындай алмады. Сол кезде екеуі трубасы шірің, сылақтары түскен қараусыз қалған фонтанға қарай бет алды.

Күн сәулесі шақырайып көз ұялтады. Фонтанның батыс жақ тұсында зәулім теректер жайқалып, бұтақтары шұлғып тұр. Торғайлар шықылдайды. Орта жолда әрлі-берлі өтіп жатқан адамдарда толас жоқ.

Жасжан жақын баруға бел байлап, енді аттай бергенде екеуі екі жаққа бұрылды. Әйел далаға шығатын есікке қарай жүрді.

Түсін шырамытқан әйелдің артынан жүрді. Бас қатырған жұмысын ойлауға да мұршасы болмай, Алмабекті де жайында қалдырды.

Әйел сыртқы есіктен шығып, автобус аялдамасына қарай жүрді. Ойламаған жерде Жасжанның жүрегі «мынау Оксана!» деп алып ұшты. Жүрек соғысы айналадағыларға естіліп тұрғандай. Ол ұялғанынан қызара түсіп, әйелді қуып жетті.

Биік өкше туфли киген жүрісі Оксанадан аумайды. Соның өзі деді. Сол кезде үшкір сезім ойлауға мұрша бермеді.

– Оксана!

Оксана артына жалт қарады. Жасжанды көргенде бойын үрей билеген адамнан бір де кем болмай, көзі шарасынан шығып кілт тоқтады.

Жасжан қасына келгенде барып Оксананың көгілдір көзі жайнап шыға келді.

– Бұл кім деп шошып кетпеймін бе? – деді Оксананың көзі күлімдеп.

Жасжан өзімен-өзі мәз болып, оның сөзіне мән бере қоймады.

– Қалай тұрып жатырсың? – деді, Оксанадан көзін алмай.

«Неткен сұлусың!» – Есенов қиялға беріліп жұтынып қойды. «Көрген жерде тұмшалай қоятын осының не қасиеті бар?! Қарашы, әусерленіп бара жатқанымды» ...

– Көріп тұрсың ғой: тамақ тоқ, көйлек көк, – деді Оксана.

Екеуі де күлді.

– Қайда тұрып жатырсыңдар? – деді Жасжан.

– Осы қаладамыз, – деп Оксана сиқырлана жымыды.
– Шын ба? – Жасжанның даусы оқыстан қатты шықты.

– Күйеуім артымнан келіп, осы жаққа әкелді. Обкомда өндіріс бөлімінде істейді, – деді.

– Онда күйеуің жай адам болмады. Мұнда қалай келіп жүр? Танысы бар ма еді? – деді Жасжан.

– Ия. Обкомның екінші секретары немере ағасы, – деді Оксана Жасжаннан көзін алмай қарап.

– Өзің ше? – деді тағы да Жасжан.

– Газет шығаратын баспада істеймін. Мені сонша тексердің, әлі өзің туралы бір ауыз сөз айтпадың. Бұл жаққа қалай келдің? – деп Оксана көзін жалт еткізіп жайдарлана күлді.

– Менікі құпия. Сенен қашып келдім десем нанасың ба? – деді Жасжан.

– Бұл сөзіңе сене қоятын мені бала дейсің бе? Менен қашатындай саған не істедім? – деп Оксананың қабағы түсіп кетті.

– Бұртия қалғаның не? Ойнауға да болмай ма? Бұл жер менің туған ауылым емес пе? – деді не айтарын білмей сасып қалған Жасжан.

Екеуі біріне-бірі қарап күлді.

– Солай ма!? – деді Оксана.

– Оксана, саған таңғалып тұрмын. Түсінесің бе? – деді Жасжан Оксанадан көзін алмай қараған күйі.

– Таңғалатындай мен не істеп қойдым? – деді, Оксана күлерін де, күлмесін де білмей көзі жыпылықтап.

– Бұрынғыдан да құлпырып кеткенсің. Сірә, жүз жасаң да қартаймайтын шығарсың, – деп Жасжан күлді.

– Көңілімді көкке бір көтеріп тастадың. Шын айтасың ба? – деді Оксана таңғалғандай қабағын көтерді.

– Саған күлімдеп қараған жарасады. Бұлттан шыққан күн сәулесіндей жадыраған жүзің бір ганибет. Оны сөзбен суреттеп беру мүмкін емес. Бұрын неғып байқамағаным таңғалам. Сірә, байқатпайтын да ерек-

ше қасиетің бар шығар. Өзіңді көрген еркектер көзін алмай қарайтынын аңғарасың ба? Соны айтшы, осы сөзімді өтірік деші, – деп, Жасжан Оксананың қолынан ұстағысы келді. Батылы жетпеді.

– Қойшы, ол заман өтті ғой. Өтінемін өткенді қозғамашы, – Оксана үні үзіліп зорға айтты.

– Не болды, түңілетіндей? – Жасжан күліп мәз. – Неге күлгенімді айтайын ба? – деді.

– Керек емес. Мені мазақтап тұрғаныңды айтпасаң да білемін, – деді Оксана төмен қарап.

Сұлу әйелдің тікендей кірпігіне жас ілініп шақ тұр.

Жасжан Оксананың қолынан ұстап:

– Сұлу әйел де жылай ма? Өйтіп мені таңғалдырмайшы. Шынын айтсам, сөзбен жеткізе алмайтын көркемдігіңде шек жоқ, – деді, Жасжан оның көңілін көтеруге тырысып.

– Қойшы... Енді қалғаны мені мазақ еткенің еді. – Оксана көзін сығып алды.

– Саған не болды? Сенсең, мазағым емес, шын сөзім. Сұлу әйел қашан көрсең де жарқырап жүруші еді. Мұның не? Көшеде тұрғаныңды ұмытып кеттің бе? – деді Жасжан қысылып.

Оксанаға Жасжанның сөзі әсер етті ме, жоқ әлде көзінен жас шыққасын жеңілденіп қалды ма, демде жиырылған маңдайы жазылып, түк болмағандай өзгере қалды.

– Жасжан, сөзіңмен еріксіз жібітесің, – деп, Оксана жымиған болды.

Қапелімде қолайсыз жағдайға тап бола жаздаған Жасжан жеткен жеңісіне масаттанып қалды.

Екеуінің күлген дауыстары қосарлана шықты.

– Бір өтінішім бар. Айтайын ба? – деді Оксана.

– Маған тіреліп қалған қандай өтініш? Тыңдап тұрмын, – деді Жасжан.

– Тістелеп сөйлегенді қойшы. Ойнаған боласың, бірақ сөздерің жаныма қатты батады. Одан да өз жағдайыңды айтшы. Қалай тұрып жатырсыңдар?

– Жағдай жақсы, жұмыс тыныш. Ана жақтағыдай мезгілсіз салбақтап жүрмеймін. Сегіз сағат жұмыста болып, үйге қайтам.

– Балаларың ше?

– Алды институтты бітірді.

– Кімге тартқан, саған ба? – деді Оксана.

– Көздері үлкен, соны білем.

– Менде бала жоқ. Күйеуіме асырап алайық десем, көнбейді, – Оксана ауыр күрсініп қойды. – Менің қасымда көп тұрып қалдың ғой, жұмысың іздеп қалмай ма? – деді Оксана төмен қарап.

– Менен құтыла алмай тұрған сияқтысың ғой. Қазір маған жұмыстан гөрі Оксана қымбат, оны білесің бе? Сонау бір жылдары кеудеме от салып кеткеніңді ұмытқан жоқсың ба? – деді. Жасжан Оксананың ойын білгісі келіп.

– Осы жігіт қызға бірден сүйемін деп айтса ерсі санамайды. Қыз жігітке солай айтса жеңілтек деп ерсі көреді. Ол неліктен? – деді Оксана жауаптан жалтарып.

– Оның несін түсінбейтіні бар. Әйел адамның жолы жіңішке, нәзіктігімен бірге ұяңдығы басым. Былайша айтқанда, ер адамда жоқ қасиет әйелде бар. Әрдесе тәрбиесі бөлек, – деді Жасжан.

–...Сондағыма әлі күнге дейін ұялам. Жасжан, сенесің бе? Әйелдің көңілі ауса жаман екен. Бойыңда тойымсыздық пен ашқарақтық пайда болып, ар-ұят дегенді ойдан шығарып, ешнәрсеге қарамайды екенсін. Содан бері жақын туыстарды көруді қойдым. Олар да мені іздеп жатқан жоқ, – деді Оксана.

Оксана көзінен шыққан жасты беторамалымен сүртті.

Жасжан Оксананың көзіндегі жасын көргенде:

– Сиым барда кетейін, енді кішкене тұрсам жағдай өзгеріп кетуі мүмкін, – деп Оксананы өзіне тартып, құлағына күбір етті де бұрылып жүре берді.

Жасжан заводқа келгеннен бері арқаны кеңге салып, біраз сайрандағанын енді түсінді. Мына істеген жұмысы бажырайған атаққа ие болмаса да, жауапкершілігі жетерлік екен. Басында бірден іске кірісіп кетуге мойын жар бермей қырсыққан. Көңілтоқтық жалқаулық пен салғырттыққа үйреткен сияқты. Оған қоса цехта істейтін адамдар да «мына адам қайдан келді» дегендей үрке қарап, іштарта қоймаған. Сол да жағымсыз әсерін тигізіп, «осы орын маған сай ма, сай емес пе?» деді ме, ешнәрсеге зауқы соқпай, цехтың ішінде сенделді де жүрді. Оны көрген цехтағылар «мынаның есі дұрыс па» дегендей жаман көздерімен жақтырмай қарайтын.

Содан бір күні Алмабек Жасжанды цехта көрді. Құшақтасып көрісіп, аман-саулық сұрасты.

Олар көптен бері бір-бірімен кездесе алмай жүрген.

– Бізге неғып келмей кеттің? – Алмабек бірден ренішін білдірді.

– Оған уақыт қайда? Цехтан шыға алмаймын, – деді.

– Сондай-ақ жұмыс көп пе? – деді Алмабек.

– Айтпақшы жұмыс орны өзгергенін білмейді екенсің ғой. Істеп жатқан жұмыс қысқарып қалды. Осы цехқа ауыстырды, – деді Жасжан.

– Естідім. Бізде жұмыс керісінше көбейіп кетті. Сіңбіруге уақыт жоқ. Шөп престейтін машинаның жаңа моделін шығаруға тапсырма берді. Соны қарайын деп келдім. Жаңалығың құтты болсын! Бұл цехта бос орын жоқ сияқты еді. Кімнің орнына келдің?

– ОТК дегенге онша көңіл бөлмей келе қойып едім. Абырой әпермейтін жұмыс па деймін, ұнамай тұр. Ақылыңды айтшы, не істеуім керек? – деді Жасжан көңілі жабырқап.

– Саған не болған? Сенің мына сөзің естіген құлаққа ұят екенін білемісің? Бұл жерде сен істемесең, ертең басқа біреу істейді. Содан біле бер. Жұмыстың жақсы-жаманы жоқ екенін. Сен осы қорқып тұрғаннан сауымысың? – деді Алмабек.

– Ия. Ол да бар. Жүрексінуімнің басты себебі, чертежді онша түсінбеймін. – Жасжан айтарын айтса да, ұрлық жасаған адамдай өзінен-өзі қысылды.

– Менің сөзіме құлақ ассаң бар ғой, бұл заводта сенің қолыңнан келмейтін іс жоқ деп айтар едім, – деді Алмабек Жасжанның сөзіне мән бермей.

Ол ертеңгі күні ұятқа қалмау үшін өзінің әлсіз жерін білгесін айтқан. Артынан Алмабектің білмегені дұрыс еді деп ішінен қынжылды.

Жасжан мектепте де сызуға жоқ болатын. Оның үстіне институтты шаймаланып жүріп бітірген. Сол оқуға деген қырсыздығынан тапқан пайдасы алдынан шығып тұр. Ендігі мақсаты – бірге жұмыс істеп жүрген қасындағыларға күлкі болмаудың жолын қарастыру. Көмек күткені Алмабек еді. Ол болса бұның жағдайын түсінбей тұр. «Құр босқа астыма көпшік қойғаннан не шығады? Оған мәз болатын бала емеспін ғой». Алмабектен күткен үміті далаға кеткен соң айдалада қалған-дай қабағы түсіп кетті.

– Әр адам өз шамасын біліп өмір сүрсе жақсы ғой. Бірақ бұл бәрінің бірдей қолынан келе бере ме? Кейбіреулер оған өресі жетпесе де тырмысып бағады. Былайша айтқанда, күреседі. Ал енді біреулері қолынан келетінін біле тұра қорқады. Мұны саған неге айтып тұрғанымды білесің бе? – Алмабек бауырсақ мұрнының үстін алақанымен сипап, сөздерімізді тыңдап тұрған ешкім жоқ па дегендей жан-жағына қарап қойып сөйледі.

Жұрт жұмыс істеп жатқанда екеуінің әңгімелесіп тұрғанын ерсі көрген Жасжан:

– Жүр, мен саған отыратын орынды көрсетейін, – деп, оң жағындағы есікке бұрылып, терезесі көшеге қараған кішкене бөлмеге кірді. – Осы менің кабинетім, – деді Алмабекке.

Бөлменің ішінде сарғыш түсті ескі шкаф, төрт отырғыш пен столдан басқа терезе жақ бұрышта сыры кеткен кішкентай сейф тұр. Шкафтың полкісіне сырты

қатырма мен қапталған чертеждерді бірінің үстіне бірін үйіп қойған. Оны көрген Алмабек:

– Мына сызбаның бәрі цехтікі ме? – деп таңғалды.

– Бұл цехты мен жақсы білемін. Мақтауы жетіскен цехтың бірі. Абыройсыз болмайсың. Менің осы сөзімді жұмысшылармен бірге істескенде көз жеткізесің, – деді Алмабек Жасжанға қарап.

– Айтайын дегенің басқа сияқты. Неге бұлтарып кеттің? – деді Алмабектің сөзін немқұрайлы тыңдаған Жасжан.

– Ия. Бұлтарғаным рас. Әр нәрсені өзің көріп білгенге не жетсін. Жаңа ғана айтқан сөзімді өзің растап тұрсың. Сен әлі күнге дейін өзіңнің қабілетіңе баға бермей жүрсің. Бұрын қандай қызмет істегеніңді білмеймін. Маған керегісі шамалы. Бір білетінім, өмірде көргенің бар. Осы заводта ақылдылар да, ақылсыздары да жетеді. Бір жаман жері – соларды бір-бірінен айыра алмайсың. Неге дейсің ғой. Өйткені бәрі бірдей ішімдікке салынып кеткен. Біздің директордың өзі бір ішсе, бір демалыс, болмаса екі демалыс жатып ішеді. Ал енді оның басындай бас жоқ десем нанбассың. Москваның Тимирязов училищесін бітірген. Заводтың жеке шаруашылығы бар. Соның құрылысын салған кезде палаткада жатып басы-қасында жүріп істетті. Көрген жоқсың ғой. Көрсен, совхоздың орталығынан артық десем өтірік айтқан болмаймын. Сыңғырлап тұрған үйлері қандай. Қысқасы, қалада жоқ жағдай жасалған. Қолмен істейтін жұмыс жоқтың қасы. Бәрі механизм. Кнопканы бассан, малдың асты тазарып, транспортермен сыртқа шығады. Мал қораның іші кірсең шыққысыз тазалығына қайран қаласың, ішінде жылы суға дейін бар. Арақ ішкендер ұмытшақ болады дейді. Сол өтірік сөз. Ол берген уәдесін ешуақытта ұмытпайды. Бірде мынандай жағдай болды. Үйдің кезегінде тұрғанмын. Салынып жатқан үйдің біткен хабарын естіп, қыстың қақаған аязына қарамай директорды іздеп, қаладан жиырма бес шақырым жер-

дегі жеке шаруашылыққа бардым. Сырты оцинковка қаңылтырмен қапталған мал қораның есігінен шыққан директор маған қарсы кездесті. Қолымды беріп амандасып, келген шаруамды кібіртіктеп айта бергенімде сөзімді бөліп жіберді. «Сендер осы жұмыс орнын тастап тентіреуді қашан қоясыңдар?» деп салған жерден айқайлап ұрысты. «Бүйтіп үй алмай-ақ қойдым» деп, шорт бұрылып кеткеннен директорға қайтып бармай қойдым. Артынан берген уәдесінде тұрып үй берді. Арада бір жарым жыл өткесін директорға рахметімді айтайын деп кабинетіне кірдім. Менің бағыма жалғыз екен. Мені көргенде қуанып кетті. «Сонда менің сөзімді көңіліңе алғаныңды білдім» деп күліп қарсы алды. Айта берсең, Ильиннің жақсы жақтары көп. Қайсыбірін айтасың. Бір айыбы, араққа салынып кеткен. Арақтан тапқан қышымасы бар. Қыс кезінде қолдары қызылшақа болып құтырып кетеді. Сонда да ішуін қоймайды. Жасы асып кетсе де жер сыпырып жұмыс істеп жүрген кемпірлердің өзі мас болып жерде жатқандарын өзін де көріп жүрген шығарсың. Ішкіліктен цех бастықтары да қалыспайды. Отырған кабинетінде есікті іштен кілттеп, анекдотты жарыса айтқандарын естісең, ішек-сілең қатқанша күліп, өміріңде естімеген сөздерді естисің. Бастықтарға жоспар орындалса болды, басқамен шаруасы жоқ. Цехтың жұмысын жақсартайын деп ойламайды. Мамандардың да техникаға жаңалық енгізейін деген қызығушылығы жоқ. Соның бірі өзім ғой, несін жасырам. Істегің келеді-ау. Жасағаныңды неше бір сылтау айтып жаңалыққа өткізбей тастайды. Әкімшілікте отырғандар да жан тыныштығын сақтап, сен тимесең мен тимемен жүргендер. Қиналып бара жатса, жоғарыдағыларға өтірік ақпарат бере салады. Мен мұны саған не үшін айтып отыр деп ойлайсың? – Алмабек көзінің қарашығы жылтындап Жасжанға қарады.

Алмабектің айтқан сөздері оған таңсық емес. Бәрін де өзі көріп жүр. Сонда да оны тыңдаған болып Жасжан сүлесок тұр. Әлі де өз жағдайын түсіндіріп Алмабекке

айтсам ба, айтпасам ба деген екіойлы күйде. Бірақ ол қалай қабылдайды? Одан қандай көмек сұрамақ?

«Бірден шошып маған не көрінді. Алдымен жұмысты істеп көрейін де. Болмаса жұмыстан шығармын. Шыққанда қайда барам? Осы заводқа келмес бұрын есік қақпаған мекеме қалмағаны есіңнен шықты ма? Мамандығым бойынша істеймін деп облыстың астық өнімдер басқарма бастығы жападай быттиған шикіл сары орыс кеудесін керіп, ыңыранғанда қандай жұмыс бергенін ұмыттың ба? Алпыс сом айлығы бар орынды ұсынған жоқ па? Соны естігенде бала-шағамды бұл айлықпен қалай бағам деп, қара аспан басыңа төнгеннен бетер уайымға қалғаның есіңнен шықты ма?» деп ойына түсірді.

«Неғып мен заводтың кітапханасынан керек кітаптарды тауып неге оқымаймын? Қатып қалған сондай кеңсе емес шығармын? Мүмкін түсінермін. Түсінбеген жерін сұрап алсам болмай ма? Алмабекке жағдайды айтып түсіндірсем, мына жүрген адамдар естімей ме? Бір ауыз сөз желмен бірге жұрт арасына қалай тарайтынын білмейсің бе? Содан кейін артыңда қандай сөз ереді, одан кейін қандай абырой болмақ? Сөзімді кім тыңдайды? Сызудан мағлұматы жоқ адам бұл жерде не істеп жүр демей ме? Бұның ақыл екен. Ешкім білмесін десең, тісіңнен шығарма» деп бір сәтте өзіне кеңес берген Жасжан:

– Айтқаныңның бәрі дұрыс қой. Бірақ қабілетіме кепілдік беретіндей сенімің мен үшін жұмбақ. Соны ғана түсіне алмай тұрмын?.. – деді, Алмабекке таңданған түрмен қараған Жасжан.

– Түсінбесең, түсіндіріп көрейін. Әр адамның әлсіз жері болады. Сені толғандырып жүрген осы жай. Содан қорқасың. Өмір дегенің – күрес. Күрессең ғана жеңіске жетесің. Сол үшін әлсізбін демей, оған қарсы тұруың керек. Адам тіршілік иесі болғанмен, өмір құбылысының бірін білсе де, бірін білмейді. Өмірдің сан қилы жұмбағы мен сан қилы сырлары бар. Оны

бәрін игеру мүмкін емес, – деді Алмабек Жасжанның арқасынан қағып. – Мен өзім мектепті беспен бітірдім, – деді сөзін әрі қарай жалғастырған Алмабек. – Шынын айтсам, тарих пәнін бес емес, үшке білем деп те айта алмаймын. Неге десең, ауызша сабаққа шорқақпын. Пәндердің ішінде мен үшін тарих сабағы қияметтің қиыны. Себебі қанша оқысам да басым алмайды. Былай қарасаң, жеңіл пән. Шешуі қиын есеп емес. Мен бітірген техникалық саланы сен де оқыдың. Олай болса, бірінші курстан бастап институтты бітіргенше сызудан көз ашқан жоқсың. Солай ғой. Ендеше сызу пәнін мектепте зейін қойып оқымағансың. Осы айтқаным дұрыс па? – деді.

– Шынын айтсам, Әбеке, мені қатты таңқалдырдыңыз. Менің ойымды оқып қойған сияқтысыз. Қалай жеткізерімді білмей қиналып тұрмаймын ба? Мынауың ғажап! – деп Жасжан ойының үстінен шыққанына қысылғаннан қызарып кетті.

– Олай болса, айтқаным сеніңіз. Осы жақында сен жайлы біреу айтты. Кім екенін білудің саған керегі жоқ. «Заводқа директор болса шыр айналдырар еді. Оған қабілеті жетеді» деп. Қой, мен кетейін, келген шаруама кейін келермін. Бізде қазір жаңа бастық. Кім қайда кетті деп тіміскілеп жүреді. Содан жұмыс өзгере қоятындай, – деді Алмабек есіктен шығып бара жатып.

* * *

Ішіндегіні ақтарып сөйлесетін адамың болғаны қандай жақсы. Жасжан бойына қанат біткендей көңілденіп, Алмабектің көмегімен қайтадан сауатын ашып, кітап оқуға кірісті.

Кітапханаға бармастан бұрын Алмабектен қандай кітап алу керек екенін сұрап алды. Алған кітапты үйге әкеліп оқуға кірісе бастағаннан-ақ институттағы сызғандары есіне түсіп, көңілі бірден көтерілді. Бұл оған күтпеген қуаныш еді.

Сары уайымға түскен Жасжан күрт өзгерді. Жұмысты алып жүре алмаймын деген күдік ойдан тазарып, сүлесок күйден арылған күн де туды.

Столға үйіп қойған үлкен папканың ішіндегі сызбаларды қайта қарады. Цехтың шығарып жатқан өнімдерін кабинетіне біртіндеп әкеліп, бұрын ұстап көрмеген штангоциркульмен тексеріп жаттықты. Бұл оның штангоциркульді қолдана білмейді деген жат сөзден сақтанып, болмашы нәрседен беделіне кір келмеуін ойлағандағысы.

Көпшіліктің ішінде неше бір сөзге жүйрік, қу тілді, адамдар барын көріп жүр. Ондайлар сынап-мінеуге де шебер. Жүріп-тұрғаныңды, сөйлеген сөзіңді, істеген ісіңді сынағанда, алдына жан салмайды. Беделіңе де қарап бағалайды. Соған орайластырып, үстіңе киген киімнің етіп, өзіңе үйлестіріп ат қояды – «Жанама атың ұсқынсыз болса, соған лайық болғаның». Бір ғажабы, тауып қояды. Бір қызығы, бір жаққа қоныс аударып көшіп кетпейінше, сол жанама атыңды ешуақытта ұмытпайды. Ол жоқ жерде де әңгіме болса, оның аты басқа ғой деп, сол жерде жанама аты сопаң етіп шығады, содан біреуден біреу естіп, ауадай жайылып кетеді. Қазақтың туа біткен жаратылысы: қалжың сөзге жақын жүретіндігі, ойнағанда шекесі қызғанша таласып, оның аяғы төбелеспен тынатындығы, құрдастар бір-бірін сөзбен қажап, кекете сөйлегенде, ішегі қатқанша күліп, соңында енді қайтып көрмейтіндей қырқысатыны, нағашы-жиендер сөзге дес бермей, өзара жарыса сөйлеп, көңілі қалғанша тіресетіні, қалай десең де арамдығы жоқ, ақкөңіл қазақтар шүйіркелесе қалса, қарын бөледей жабысып, мәз-мейрам бола қалатыны да табиғатына біткен кеңпейілділігінің арқасы.

Жұмыс істеген жерінде Жасжанға да жанама ат тағылған. Оны білсе де мән бермеген болып жүре берген. Бірде өзі жоқта үйге іздеп келген жасы алпыстан асқан, кезінде совхоз директоры болған қойма меңгерушісі Алмасбеков Базарбай деген кісі табалдырықтан ат-

тап кірген бойда аман-сау сұрауға да мұршасы болмай, кішкене тышқан көзі тесірейіп, бірден:

– Келін, прокурор қайда? – деген ғой.

Прокурор деген сөзді естігенде Жасжанға бір нәрсе болған екен деп шошып кеткен Сымбат жаман ойға қамалып:

– Аға, не болды? – деуге де шамасы келмей, «Ойбай да, ойбай» деп өкіріп жылаған кезде, қайдан айттымға қалған Базарбай түсіндіруге де шамасы келмей, үйден қалай шыққанын білмеген. Түскі тамаққа келе жатқан Жасжанға қарсы ұшырасып қалған Базарбай:

– Келінге баршы, – деп, бір айтқан сөзін қайталай беріпті. Одан жөнді ештеңе біле алмаған Жасжан түкке түсінбей үйіне жүгіреді. Пештің түбінде сора-сорасы шығып, иығы селкілдеп жылап отырған әйелін көргенде жүрегі су ете түскен.

Үйдің ішіне көз салады, бүлінген еш нәрсе жоқ. Үлкен бөлмеде өздерімен-өздері ойнап отырған балаларының дауыстарын естиді. Түкке түсінбей аң-таң болған Жасжан:

– Не болды? – дейді әйеліне.

Жаңағы Базарбайдың жүрісі анау, есі кеткен адамнан әрі, ағыл-тегіл жылап отырған әйелі мынау, артистің ролін ойнаған адамнан бір де кем емес. Бұны қалай түсінерін білмейді.

Жасжанның даусы шыққанда орнынан ұшып тұрған Сымбат күйеуін құшақтап, одан сайын солқылдап жыласын.

Оның бойын бұрын болып көрмеген шарасыздық жайлайды.

– Жарқыным-ау, не болды? Түсіндірші, – дейді Жасжан.

Өксігін баса алмай еңкілдеген Сымбаттың сөйлеуге шамасы келмейді.

– Қарадан-қарап жылап, сені жын соқты ма? – Шыдамы таусылған Жасжанның зығырданы қайнап зекіген даусынан төбедегі шам да дірілдеп кеткендей болды.

Сымбат көзіндегі жасын сүртіп:

– Тыныштық па? Бәле-жәледен амансың ба? – дейді Жасжанға.

– Не айтып тұрсың? – дейді түкке түсінбеген Жасжан.

– Жаңа Базарбай үйге келіп, салған жерден «прокурор келді ме?» дегенде саған бір нәрсе болған екен деп, төбеме жай түскендей қорқып кеттім.

– Ебіл-себіл болғандағың сол ма? Сабыр сақтап сұрауға болмады ма? – деп Жасжан әп-сәтте ашуы тарқап, күліп жібереді.

* * *

Жасжан столдың үстінде жаюлы жатқан сызбаға қарап, қолына ұстаған бөлшекті штангоциркульмен қалай тексеретінін үйреніп алғасын көңіл күйі орнына түсті.

Жұмыс көп. Алғашқы кезде қатты қиналды. Көмекшілеріне көп онша сенбеді. Олар бірін тексерсе, енді бірін атүсті қарап өте шығатынын көріп жүр. Дұрыстап қарамаса, болмашы ақаудан мотордың айналмай қалатыны да болады.

– Жасжан Есенұлы, сізге тез келсін деп Цой шақырып жатыр, – деді есіктен басын сұққан Рая.

Ол астық жармалайтын келіні цехтан әкеліп, соны қарап тұрған. Осы орынға келерінде, заводтағы өзінің бастығы – Цойды қағазына қол қойдырғанда көрді. Содан кейін оны көрген емес. Өзі оған барған емес. Бастығы барын ұмытып кеткен де еді. Енді, міне, кенеттен...

«Ол неге шақырды екен?» – деп, бірден кабинетіне шақырғанынан секем алды. Есенов хатшы қыздың соңынан елпідеп ере жөнелген жоқ, әлі де бір күңгірт секем ойға бой алдырғандай, келіні қосқан желіден айырып, аяғын аттай бере іркіліп қалды да, қарсы алдындағы айнаға қарап, үсті-басын бір шолып өтті.

Кеңсенің үшінші қабатында дәлізде келе жатып Жасжан тағы аялдады. Қалтасынан беторамалын алып, қышыған оң көзін сүртті. Сонсоң ұзыннан-ұзақ дәлізді бойлап Цойдың кабинетіне қарай жүрді. Есенов қос есіктің ішкісін шалқасынан ашып, бастығына емін-еркін кірді.

Цой ақ нейлон көйлекке қызғылт түсті галстукті байлап, төрдегі орнында темекі тартып, күлін оттықтың қабына қағып түсіріп, диванда отырған екі кісіні елемегендей, өзі жайбарақат папканың ішіндегі қағаздарды ақтарып қарап отыр.

Жасжан бәрімен сәлем беріп амандасты да, оң жақ қапталдағы отырғышқа барып отырды.

Цой басын көтерген бойда сығырайған көзін әнтек ашып, Жасжанға қарап ернін қимылдатты. Сен бе едің дегендей, алдындағы қағаздарын жинастырып, столдың сол жақ бұрышына қойды. Содан кейін танып алайын деген кісіше селдір қабағы тікірейіп, Есеновке түйіліп қарады.

– Шақырдыңыз ба? – деді Жасжан.

– Күткенімізге біраз болды. Қайда жүрсің? – деді Константин Петрович қабағын түйіп.

Ол күпті көңілі бір нәрсені сезгендей, бастықты даусынан ұнатпады. Бастық алдында қипақтап сыр бергенді жөн көрмейтін, кеудесін көтеріп, оның сөзін мән бермегендей жауырынын орындықтың жақтауына тақап жайланып отырды. Жағымсыз әңгіме боларын білді. Ойламаған жерде Мун есіне түсе қалды. «Екеуі егіз адамдай бір-біріне қатты ұқсайды екен» деп ішінен мырс етті.

– Естіген бойда келдім, – деді Жасжан.

– Жұмыс қалай? – деді, Цой қабағын сәл көтеріп.

Жұмыстың мән-жайын түсіндірмекші болған Жасжан:

– Цехқа тағы да ауылшаруашылық құралдарын жауауға тапсырма берді. Жұмыс көбейіп кетті, – деді.

Бұл маған жаңалық емес дегендей Константин Петрович Жасжанның сөзін бөліп жіберді:

– Мына кісілер дүкеннен сатып алған астық жармайтын тоқ диірмені істемейді деп шағым айтып отыр. Не айтасың? – деді.

– Көрмесем не деймін? – деді Жасжан жай ғана.

– Істеген жұмысыңды білмесең, цехта не бітіріп жүрсің? – Цой қабағын шытып Жасжанға даусын көтерді. Өзі ішінен тығылып зорға отырса керек, орнында қозғалақтап барып тынышталды.

Бастығының даусына шамданып қалған Жасжан «Осы уақытқа дейін өзің қайда жүрдің? Бастық деген қарамағындағы адамдарының жұмысына көз қырын салып жүрмеуші ме еді? Цехты араламасаң да, қоңырау соғып, жұмыс жайын сұрап қойсаң болмай ма? Бастық болғандардың осынысы жаман. Бір өзі аспанды тіреп тұрғандай, өзін көрсетіп қалуға тырысады. Күнінде мен де бір мекемені басқарған адаммын. Бірақ бастықпын деп сен құсап төрде шалқайып отырған жоқпын. Лабораторияның бастығы Қалдыбеков қалтасына қолын салып жүргенде лаборанттармен бірге қоймадағы астықты тексердім. Одан зиян шеккен жоқпын. Маған жала жауып жұмыстан шығаратын болғанда, сол лаборанттар мені арашалап қалған» деп, есесін жібергісі келмей, сөз қайтарғысы келіп оқталды да, одан пайда таппасын біліп, сабыр сақтады.

Осы өмірде оның көргені: ішмерез бен менмендер, құлқынынан басқа ешнәрсе білмейтін тоғышарлар ғой. Бұндайлардың бірден екпінін қайтарып тастамасаң, басыңа шығып алады деп тістенді. Жасжан өзінен ешкімді асырғысы келмей, арқасын күржитіп айбат көрсететін. Бастықтарға жыны қозып кететін әдеті болса да, бұл жолы шыдап бақты. Әйтпесе сөзге келіп қалған жерге келіп еді. Осы мінезінен пайда тапқаны шамалы. Басына не түспеді? Бәрінен де жалғыздықтан жапа шеккені жанына батады. Өмірден әділдік іздеп, аласұрғанда көрмегенді көрді. Тек бір-ақ рет алдынан алтындай

жарқырап күн шыққан. Содан алған қуат нәрі әлі күнге дейін бойында жүр. Шындық деген шірімейтін алтын сияқты екен. Ол да шыңдалып барып бір жерден айдай жарқырап шығатынын көзімен көрді ғой. Басына қара бұлт үйірілгенде екі лаборант әйел көпшілікке қарсы тұрып, бұны жақтап сөйлемегенде барар жері қалмаған Есенов бұл жарық дүниеде жүрер ме еді, жүрмес пе еді?! Міне, сол күн әлі күнге дейін көзіне ыстық тартқанымен қоймай, келешегіне үміт артып, алға сүйреді. Сол жүргенде біреуді қолпаштап сөйлеуге жаны қас. Сүйтсе де ешкімге ұпайын жібермейді. Тағы бір сезгені, өзіне орынсыз тиіскен адам түбінде сазайын тартып тынатынын көзімен көрді. Кеудесіне нан пісіп, көкірегін көтеріп, менменсіп сөйлеген соларға кірпідей жиырылып зорға шыдайтын. Әлі күнге дейін олардың айтқан сөздері атқан оқтың жарықшағындай қадалып, ойынан кететін емес. Солар ел байлығына қол сұғып, құлқынын арандай ашқаннан не тапты? Бірі түрмеге қамалмаса да, жиырма бес жыл бір мекемеде директор болған жұмысынан айырылды. Енді бір директорды Ленин орденіне қарамай, түрмеге қамады. Қойма меңгерушілері де бірінен кейін бірі ұсталып, жауапқа тартылды.

Қазір ол жауырынын отырғыштың арқасына шірене тақап отырған Мунды көз алдына елестетіп, маңдайының алдына түскен шашын оң қолының саусақтарының ұшымен қайырып қойып, кішкене қысық көздері жиырыла қалған қою қастары арасынан сығырайып тіксінген кейпін іздегендей Цойға өткір жанары шаншыла қараған. Сол мезетте ол да әлденеден сезіктене қалғандай кірпігі жыпылықтап, сұраулы кескінмен:

– Сен осы не істеп жүрсің? Цехтың шығарып жатқандарын тексерсің бе? – деді Константин Петрович сызданып.

– Жұмысым сол болса, неге тексермеймін? – деді Жасжан одан көзін алмай.

– Мына кісілер шағыммен келіп отырғанын айттым ғой. Онда неге дүкеннен сатып алған астық жармалайтын екі диірмен де істемейді? Тексергенің сол ма?

– Көрмей ештеме айта алмаймын, – деді Жасжан.

– Көргенде бір нәрсе өзгере ме? – деді бастық ызғарлы үнмен.

– Көрмей айтатын менің көріпкелдігім жоқ. Дұрыс пайдалана білмегеннен моторы жанып кеткен шығар. Тесіктің жапқышын көп ашса да, мотордың ремені айнала алмай күйіп кетеді. Неғып дүкенде тексеріп алмадыңдар? – деді Жасжан екеуіне кезек қарап.

Не айтасыңдар дегендей екеуіне Цой да қарады.

– Дүкенші көрсеткен жабық жәшікті алып жүре бердім, – деді беті сары мұрттысы.

– Маған да сүйдеп айтқан, – деді, мұрттының қасындағы да көзі алақтап.

– Дүкенші қайтып апарғанымда алмады, – деп, мұртты кісі қалтасынан беторамалын алып маңдайын сүртті.

– Ішіндегі қағазына қарадыңдар ма? Қашан шыққан екен? – деді Жасжан.

Екеуі бір-біріне қарап басын шайқады.

– Қағазға көңіл аударған жоқпын, – деді сары кісі мұртын сипалап.

– Алдымен қағазда не жазылғанын оқып алу керек еді ғой. Сонда қалай қолдану керек екені жазылған, – деді Жасжан.

Цой Жасжанға көз қиығымен қарап:

– Есенов, бұл ісіңе салғырт қарағанның дәлелі. Жұмысыңа жауапты қарасаң мұндай жағдай болмас еді. Заводтың шығарған өнімін ешкім алмаса не болады? Соны білесің бе? Бұл қызметті істей алмаймын десең, оныңды айт. Бұндай жағдай екінші қайталанбасын.

Жасжан Цойдың ұтымды сөзіне жауап беруге шамасы келмей төмен қарады.

Сөз осымен бітті дегендей Цой күрсінді де, екі кісіге алма-кезек қарап:

– Алған диірмендеріңді цехқа әкеліп жөндетіп алыңдар. Басқа шаруаларың болмаса кете берулеріңе болады. Есенов, сен де, – деді.

Цойдың кабинетінен шыққаннан кейін бір ауыз жылы лебіз білдірмеген не қылған адам деп Жасжан бастығынан қарадан-қарап шошыды. Сондағысы, мұнымен қалай жұмыс істеймін деп алдын ала сары уайымға түскені еді. «Қан-сөл жоқ сұрланған түрінің өзі-ақ қандай екенін айтып тұрған жоқ па?» деп еңсесі түсіп кетті. Бұның да Муннан айырмашылығы шамалы екен деп көңілі ала құйын болып күйінді.

* * *

Түс кезі. Далада күшті жел тұрған. Цехтың іші де жылы емес. Жасжанның танауында, мұрнында, бетінде темірдің таты. Басындағы бөркінен шашы қобырап шығып кеткен. Алмабек екеуі есік алдындағы ағаш бағанаға сүйеніп сөйлесіп тұр.

– Өткенде орыстың сұлу әйелімен сөйлесіп тұрғаныңды көрдім ғой. Оны қайдан танысың? – деді Жасжан Алмабекке.

– Қашан?!

– Оған да біраз уақыт өтті.

– Заводта сұлу әйелдер жетеді. Солардың қайсысын көргеніңді қайдан білейін? – деді, оның сөзіне онша мән бере қоймаған Алмабек.

– Бұрын көрген емеспін. Мен білсем, ол әйел бұл жерде істемейді. Фонтанның қасына жақындай бергенімде қасыңдағы сұлуың бұралаңдап сыртқа шығатын есікке қарай жүрді. Сенің қолыңда қағазың бар төртінші цехқа кіріп кеттің, – деді Жасжан.

– Мен білетін Жасжан әйел нәсіліне көз қырын салмаушы еді. Бұны қалай түсінсем болады? Сен қызығатындай ол кім болды екен? – Алмабек кекете күлді. – Жаңалығың жақсы, ұнады маған, – деп езуін жиып ойланғандай салмақтана қалды.

– Шын сұрап тұрсам, мазақ еттің бе? – Жасжан қызарқтап қысылған сыңай танытты.

Жолдасының өзгере қалған өңін көріп Алмабек сасып қалды.

– Құшақ-құшақ кітаптың ортасында ой қаумалаған профессорша тұмшаланып жүргесін, бір ауық көңіліңді көтерейін десем, өкпелеп қалғаның не?! – деді.

Жасжан жауап катпады. Ол сол сәтте Оксананы ойлап тұрғанын Алмабек қайдан білсін.

– Таптым. Оксана! – деді Алмабек Жасжанның жауырынан қағып. – Оған қанша уақыт өткенін білесің бе? Онда жерде қар жоқ, күз болатын, қазір қаңтардың қақаған аязы да артта қалған көктем емес пе? Самарқандтың көк тасы еритін мезгіл де жақын. Содан бері ұмытпай жүргеніңе қарағанда, ойыңда жасырын сыр болып тұр-ау, – деп қайта қалжыңдаған болып күлді.

– Байқаймын, сен де құр емес сияқтысың, құр сөзбен алдарқатып жауаптан қашқақтайсың, – деді Жасжан. Бір жағынан оның сөз бұйдаға салғанын жақтырмаған сыңай танытып.

– Сен қалай ойлап едің? Әйелге көз қырын салатын ер адамның әуелден табиғатына біткен жаратылысы емес пе? Бұ заманда періштедей пәк таза адамды іздесең таппайсың. Бүгін әйел жайын сөз қылмай, менің қуанышыммен бөліспейсің бе? – деді Алмабек.

– Айтпасаң, мен қайдан білем. Қандай қуаныш?! – деді Жасжан даусы қатты шығып.

– Ұлды болдым, – деді Алмабектің екі езуі жайылып.

– Бәсе, тасыған көңілде себеп бар екен ғой. Құтты болсын! – Жасжан Алмабектің қолын қысты. – Өзің қатты екенсің, бірден айтпайсың ба? Зергүлге ендігі жудыртып қоятын едім, – деді.

– Жудыртсаң әлі де кеш емес. Менен бөтен ешкім білмейді. Қоңырау соғып білген бойда темекі тартуға далаға шығып едім, – деді Алмабек.

– Жүр, онда кабинетке барып телефон соғайық, – деді Жасжан оған.

– Жаңа сен Оксананы сұраған едің. Ұмытпай тұрғанда соны айтайын. Оксана бізбен көрші тұрады. Арамызда бес-алты үй бар. Істейтін жері де Зергүлдің мектебінің қасында. Оксана жайында тағы қандай сұрағың бар? Сен оған ғашық болғаннан саумысың? Бекерге қаймағыңды шайқама, оның күйеуі қайда жұмыс істейтінін білсең шошып кетесің. Обкомда өндіріс бөлім меңгерушісі. Бірдеме болса бізге қоңырау соғып маза бермейді. Жазатайым колхоздар мен совхоздардың берген тапсырыстары уақытында дайын болмай қалса, алдына шақырып алып, маңдайыңнан тер шығармай жібермейді. Өзі мұрны сумиған, түрі келіспеген біреу. Бірде қақаған аязда нөкерлерімен біздер отырған бөлмеге келген. Сонда көрдім. Қасында заводтың бас инженері Левчук бар. Қар тазалайтын машина жаңа технологияға сай емес. Күші аз. Шығарған заводпен бірлесіп реконструкция жасау керек деп ұсыныс айтты, – деді Алмабек.

– Арты не болды? Жаңалық енгіздіңдер ме?

– Айтқан күйінде қалды. Боранбаевқа тапсырған еді. Күні бүгінге дейін сызбаны құшақтап жүр. Одан талап етіп жатқан бастықты да көрмедім, – деді Алмабек.

– Жүр, менің кабинетімнен Зергүлге қоңырау соғайық, – деді Жасжан.

– Мені сүйрелеп қайтесің? Онсыз да біраз тұрып қалдым. Бекерге уақытыңды босқа өткізбей, Зергүлге қоңырау соқ, – деді, Алмабек сыртқы есіктің тұтқасын ұстап.

* * *

Жасжан көп ойланып-толғанға келе бастығына деген ренішінен айығып, оған сонша көңілі қала бүлінетіндей себеп жоқ екеніне көзін жеткізді. Көңіліне күдік ұялатып, болмашыға мүжілген екен. Қатесін ұғып, қоянжүрек үркектігін күстаналады. Есесіне жасық ойдан тазарып, қайратқа мінді. «Қарадан-қарап жек көре-

тіндей не істеді? Туа біткен жаратылысы шығар, оған несіне өкпелеймін? Жала жауып, өтірік айтқан жоқ қой. Пендешілікпен сөйлесе сөйлеген болар, онда тұрған не бар? Менің де кемшілігім өзіме жетеді. Соны білсең, неғып біреуді қаралауға құмарсың. Мені де бұрын талай адамдар жек көргеннен жамандаған жоқ па? Әлде ол күндеріңді ұмыттың ба? Бастықтың қалай сөйлесе де еркі өзінде, аузына қақпақ қоя алмайсың. Артық кетті деме, үндемесең үйдей бәледен құтыласың. Сөз асырмаймын деп салғыласқаннан тапқан пайдаң шамалы. Ондайда кешірімшіл болған дұрыс. Одан сенің бір жерің кеміп кетпейді. Не нәрсені де бірінші өзіңнен талап етіп, жұртқа үлгі-өнеге көрсетуге тырыс. Сонда сені құрмет тұтып, сыйлайды. Жақсыдан үлгі алсаң, жаман қылықтан арылсаң, жіберген кемшілігіңді түзеуге оңай. Құр біреуді қаралап, обалына қалма. Сен Цойға күйген терідей жиырылып қарама. Оның адамгершілікке жатпайтынын біліп қой» деп, қабырғасымен кеңесіп, ақылға келіп тыныш тапқан.

Ертесіне бұрыннан істеп келе жатқан ауысымдағы төрт көмекшісін сағат үшке шақырып, бастықта болған әңгімені айтты.

– Қалай десек те жұмысқа салғырт қарағанның кесірі екені айдан анық. Көбіне цехтың ішінде жүріп, сендерге сенгеннен жұмыстарыңа бақылау жасамаған менің де кемшілігім бар. Бұндай жағдайды болдырмау үшін, цехтан шығатын заттарды тексергенде журналға тіркеп, қол қоясыңдар. Бұл бұрын болмаса, енді осыны істейміз. Қол қойған ауысымдағы мастер істеген ісіне жауап беретінін білген соң, жұмысқа жауапкершілікпен қарайды, – деп Жасжан түсіндірді.

Ол сөйлеп болған кезде Лена орнынан тұрып:

– Жұмысты зорға үлгеріп жүргенде, журналға жазып отыратын уақыт қайда? – деді. Әншейінде көңіл күйін көзінен айтпай-ақ танитын әйелдің өңі бозарып, даусы бұзылып шықты.

– Бұның сендерге пайдасынан басқа зияны жоқ. Босқа үркүдің қажеті неге керек? Біле білсеңдер, журнал сендердің құжаттарың, жұмысқа мұқият қарайтын боласыңдар. Жауапкершілікті күшейтеді. Бұдан былай үйренген әдетпен құжатқа біріңнің орнына бірің қол қоя салмайсыңдар, – деді Жасжан.

Осыдан бірнеше күн өткеннен кейін:

– Қазір саған барам, – деп, цех бастығы Хоменко телефон соқты. Оның келем деп алдын ала қоңырау соққанына Жасжан таңғалды. Ол лездемеде өзімен сөйлесіп жөн сұрасқан жан емес. Өйткені бұрын Жасжанның орнында істеген аға мастер Хоменконың айтқанымен жүретін. Есенов келгеннен бері Юрий Иванович ондай биліктен айрылды. Жасжан бірден іске кірісіп кетпей тұрып, алдымен атқаратын жұмысының қыр-сырымен танысып алды. Сосын цехты аралап адамдармен жақындасып сөйлесті. Заводтың кітапханасынан өзіне керек кітаптарды алып оқып күтпеген жаңалық ашып білімін жетілдірді. Осыдан кейін қалай болса солай жіберіп жатқан өнімнің «тауарлық жағдайына» көңіл бөліп, стандартқа сай болуын талап етті. Сүйтіп өзінің сменде жүрген көмекшілері мен цехтағы адамдарға да істеген кемшіліктерін көрсетіп түсіндірді. Ондағы мақсаты – бәрі өре түрегеліп наразылық білдірмесін дегені. Былайша айтқанда, өзіне қарсы дау тудырмау үшін алдын ала жасаған әрекеті.

Есенов келгесін цехтағы жұмыстың жағдайы өзгере бастады.

Мұны сезген Хоменко қайтсем де Есеновті терідей илеп, айтқанымды істеткізем деп қолынан келгенін істеп бақты. Бірақ одан ешнәрсе шығара алмады. Ендігі қалған амалы онымен ымыраға келіп, тіл табысып жұмыс істеу болатын. Соның жолын таппай діңкесі құрып жүргенде Есеновпен жұмыс істеу қиындап бара жатыр деп Савельев үстінен шағымданғанда, Юрий Иванович «Енді оны үлкен бастыққа айтам деп қорқытсам да икемге келтірмей қоймаймын» деп ішінен қуанды.

Хоменко Юрий Иванович – бойы ұзын, көп сөйлемейтін, мінезі тұйық, жұмысына тиянақты, өз есебіне түгел, мығым адам. Оның бір кемшілігі – екі қолы екі жағына салбырап, кеудесі алға түсіп жүрген жүрісі. Есесіне әйелдерге көз салатын пысықтығы бар. Әйелі заводта істейді. Соған қарамай, есеп бөлімінде істейтін күйеуге шықпаған кәрі қызбен жүретінін естігенде сенбеген. Жұмыстан кейін Хоменко сол қызды машинасына мінгізіп кетіп бара жатқанын көріп көзін жеткізді.

Хоменко Россияға көшіп кеткен технолог әйелдің орнына келген Лешамен келді.

– Понимаешь, технологты неге алып келгенімді білесің бе? – деді бірден Жасжанға.

– Айтпасаң, мен қайдан білейін? – деді Жасжан тымырайып

– Понимаешь, сенің үстіңнен бригадир Савельев арыз айтты. Мен оған не дегенімді білесің бе? – деді Юрий Иванович қолын сілтеп қойып.

– Ия, не дедің? – Жасжан Хоменкоға таңырқай қарады.

– Мені жаңа көргендей, көзің бақырайып кетті ғой, саған не болды?

– Сенің көзің қоңыр ма еді? – деді Жасжан оған.

Араға Леша килікті.

– Юрий Ивановичтің көзінің қандай екенін білмейтіндер заводта жетеді. Мен өзім екі адаммен бәстескенмін: бірі қара десе, екіншісі көк деп жеңістік бермей ұтылып қалған. Соның бірі – Алмабек, білесің ғой, – деді Жасжанға.

– Понимаешь, Жасжан Есенович, сөзді қуалай берсең, сөз таусылмас, одан да саған келген шаруамды айттайын. «Есенов жұмыс істетпей жатыр» деп Савельев наразылық білдірді деп айттым ғой. Сенен өтінішім, Лешамен бірге барып сөйлесші. Мен де барғаным дұрыс еді. Жұмыстың аяғына дейін болмаймын, шаруамен кетіп бара жатырмын. Не дейтінін өз құлағыңмен естігенің жөн болар. Саған келгендегі шаруам осы, – деді Хоменко.

– Савельев дегенің тұрған көкірек, бірдеме айтсаң кекірейеді. Өзі сондай ма? Әлде маған көрсеткен сесі ме? – деді Жасжан оған.

– Жасжан Есенович, бұл маған қойған сұрағың ба? – деді, жауап беруден қашқақтаған цех бастығы.

– Қалай түсінсең де еркің өзіңде, Юрий Иванович, – деді Жасжан оған.

– Мен оның жұмысты қалай істейтінін білем. Басқада шаруам жоқ. Өзі жоғары білімді инженер бола тұрып, жұмысшы болып істеп жүр. Қарапайымдылығын содан біле бер. Соның орнында мен болсам, бес жыл не үшін оқыдым деп арланып, істемес едім, – деді Юрий Иванович қолын сермеп.

– Мен көрген Савельевті тым әсерлеп жіберген жоқсың ба? – деп, Жасжан сен не дейсің дегендей Лешаға қарады. Ол сөзге араласқысы келмегендей үн-түнсіз төмен қарады.

– Бізбен өзің болғаның дұрыс қой. Онда ертеңге қалсын, – деді Жасжан.

– Понимаешь, бүгін істейтін жұмысты ертеңге қалдыруға болмайды. Ертеңде басқа шаруа күтіп тұрмасын кім білген. Темірді қызуында бас демей ме? – деді Хоменко.

– Онда, жүр кеттік, – деді, Жасжан орнынан тұрып Лешаға.

Бұлар келгенде Савельев жәшіктің ішіндегі моторды алып жатқан.

– Іске сәт, бригадир жолдас, – деді Жасжан.

Савельев бұларға басын көтерместен басын изеді.

– Саған келіп тұрмыз, – деді Леша қылығына шыдай алмай.

Сол кезде моторды жәшіктен алып жерге қойған бригадир белін қолымен ұстап, тік тұрып екеуіне қарады. Кішкене көкшіл көзінің кірпіктері мұздай сіресіп, қоңыр түстес селдір қабағы кейістік танытқандай сәл кіржиіп:

– Айдың аяғы екенін білесіңдер, осындай уақытта қандай шаруа сендерді қысып бара жатқан?! Әлде іс-

терге іс таппай сенделіп жүрген өздеріңдей көресіңдер ме? – деп Савельев Жасжанға наразылық білдірді.

– Векантий Алексеевич, басқа сөзің жоқ па айтатын? Сені осы жұмысқа біз қойғандай өкпелісің ғой, не жаздық? Келсек, сенің шаруаң. Хоменкоға арызданған екенсің, соны білейік деп... – деді Жасжан жөн сөзге шақырғандай жай ғана.

– Аспанға қарап ойлап тапқан ешнәрсем жоқ. Бар болғаны: жұмысқа кедергі жасайтыныңды айттым. Оны менсіз де шешулеріңе болады, – деді бригадир.

– Мен саған кедергі жасағандай не істедім? Мынаның түрі жаман, бәле жабудан да тайынбас, – деп Жасжан шошып қалды.

– Мынаны қалай болса солай дәнекерлеген деп, болмайтынды сөз етіп ақылгөйситінің өтірік деші, – деді Векантий Алексеевич Жасжанға.

– Өтірік пе? Сенің осылай айтатыныңды біліп, шлагы кетпеген қотыраш-қотыраш дәнекерлеудің жарамайтынын көріп, дәнекерлеу жіптіктей теп-тегіс болатынын кітаптан оқып берген жоқпын ба? Сенің ойыңша, бекерден-бекер тиіскенмін ғой. Олай ойласаң, жасап шығарған заттарың сапалы болсын. Сонда кім сөз айтар екен. Өткенде дүкеннен сатып алған екі бірдей астық жармалайтын диірмен істемейді деп шағым айттып келді. Шөп престейтін машинаны да жарақсыз деп келген акт рекламациясын өзің оқыдың, – деді.

– Осы жұмысты бұрыннан істеп келеміз. Сен келдің де әр нәрсені бір тексеріп маза бермейсің. Соның дұрыс па? – деді Савельевтің даусы сәл бәсеңсіп.

– Жұмысым сол болса оған несіне өкпелейсің? Онда қарамағыңдағы адамдарыңды жина сөйлесейік, сөзді көбейтпей, – деді Жасжан.

– Олардың жұмысын тоқтатып, құр сөйлескеннен не өзгереді? Өз білгеніңді істеп, тас табандап тұрсаң, біздерге одан келер пайда бар ма? Айдың аяғы жақын, үлгере алмай жатырмыз. Оған уақыт жоқ, – деп, бригадир қолын сермеп, жердегі моторды көтерді.

Леша Жасжанмен бірге кабинетке кірген бойда:

– Жәке, менің сөзімді тыңдасаң, бұлармен іліспе, босқа жаманатқа қаласың, – деді. Тағы да бірдеме айтқысы келгендей қипақтап желкесін қасыды.

– Әшейінде қу тілге бәледейсің, жаңа сенің сөйлейтін ретің бар еді. Неге жұмған аузыңды ашпай қойдың? – деді Жасжан Лешаның сөзіне әдейі көңіл бөлмеген болып.

– Олармен сөйлесіп берекет таппайтын болған соң, нем бар сөзімді шығындап?! Өзімдікі дұрыс дейтін өңкей қыңырларға сөзімді желге ұшырып, ақымақ болғым келмеді, – деп Леша ақталды.

Ол Лешаны сөзге тартып, біраз жайды білгісі келді.

– Олармен бірге жұмыс істеп пе едің? Қайдан білесің? – деді, сұраулы жүзбен Лешаның бетіне қарап.

– Ақ десе ақ, қара десе қара деп айтқандары болатын заводтың еркетотайлары емес пе? Білмегенде ше? Қит етсе директорға барып шағым жасайды. Ешкімді менсінбейді. Не сиқыры барын кім білсін, керек болса директормен қарсыласып айтқанын істетпей қоймайды. Содан ақ біле бер... – деді Леша.

– Мен неғып осы күнге дейін білмедім? – деді Жасжан.

– Жәке, қызық екенсіз. Осы заводта көп жыл істедім деп ойлайсыз ба? Заводтың қыр-сырын білу үшін адамның бір өмірі аз. Ең аяғы біздегі техникалық спиртті ішіп «арғы ауылға аттанғандар қаншама». Уланған дейді де қояды. Оған шара қолданып жатқан ешкім жоқ.

– Сонда Савельевтердің ерекшелігі неде? – деді Жасжан түкке түсінбегендей аңқаусып.

– Ұйымшыл, бар болғаны сол. Әйтпесе адам ұялтатындай алып бара жатқан қай-қайсысында бастары жоқ. Араның ұясына тап болсаң, аралар алдыңнан құжынап шабуылға шықпай ма? Бұлар да сондай, ауызбіршілігі мықты. Бір-бірін балтамен шапсаң да ажырата алмайсың, – деді қызып кеткен Леша.

– Хоменконың бармаған себебін енді түсіндім, – деді Жасжан кекесін үнмен мырс етіп.

– Хоменконың оларға сөзі жүрмейді. Бригадирдің арқасында абырой-атаққа ие. Цех жоспарын орындап жатса оған басқа не керек? Бригаданың жұмыстары жеңіл. Қиналып істеп жатқан жоқ. Және де Векантий Алексеевич кім көрінгенді жұмысқа алмайды. Содан біле бер оның кім екенін, – деді Леша сөзін пысықтап.

– Әңгімең қызық екен, – Жасжан балаша тамсанды.

– Бізбен сөйлескісі келмей қабағын шытып қарсы алғанын байқадың ба? Даусындағы салқындықты сездің бе? – деді Лешаның нұрға толы жанары күлімдеп.

– Мен оны байқамай бала дейсің бе? Маған көрсеткен айбары деп ойладым. Оның қандай адам екенін Юрий Ивановичке жаңа айтқан жоқпын ба? Естімедің бе? – деді. Жасжан риза көңілмен миығынан күлді.

– Жәке, оны қоя тұршы, – деді, көмейіндегі сөзді айтқанша асығып. – Савельевпен іліспе деп айтқан сөзімді енді түсіндің бе? – деді Леша Жасжаннан көзін алмай қарап.

– Түсінгенде қандай, менің өткен өмірімді көз алдыма әкелдің. Сен менен кіші болсаң да ақылды болдың. Соған көзім жетті, – деді. Жасжан Лешаны дем бергендей, қоштады.

– Жәке, маған сізге жету қайда? Не себептен екенін білмеймін, сізді көбісі сыйлайды. Заводта көптен бері істесем де мен әлі жұрттың мақтауына іліккен жоқпын. Бәрі өзімнен екенін де білемін. Есіңде шығар, бірде көмектесші деп айтқаным. Содан кейін ондайға барған жоқпын. Ұрлықтың бір жаман жері – тегін олжа деп ішімдікке салынып кетеді екенсің. Сосын қойдым. Қойғандағы тағы бір себебім: кімнің не істеп жүргенін көргендер бір-біріне айтады екен. Кімнен естігенін білмеймін. Бірде бастық шақырып алып ұрысты. Сонда да ұрлықты қоя алмай жүргенмін... – деді Леша рахметін риза көңілмен білдірген болып.

– Мен одан да осы айқай-шуға не себеп болғанын айттайын саған, – деді оның сөзіне көңіл аудармаған болып

Жасжан. – Осыдан бір айдан астам уақыт шамасында Цой шақырып жатыр дегесін барсам, кабинетінде екі адам отыр. Өзі ашылып сөйлемейтін тұйық адам, шамасы. Жөн сұрамастан бірден «Мына кісілер шағыммен келіп отыр. Екеуінің де дүкеннен сатып алған астық жармалайтын диірмені істемейді. Цехтың шығарып жатқан заттарын тексеріп жүрсің бе?» деді, қабағы шытынап. Онымен де қоймай: «Жұмысты істей алмасаң, оныңды айт» деді, даусы ызғарланып.

Бастықтың кабинетінен шыққан бойда цехқа кірдім де Савельевтің алдында жатқан кесілген темір пластиналарды штангоциркульмен қарап, размерлері сай келмейтінін көрсеттім. Бұрын тексергенде елемей жүре беретін едім. Келіп жатқан акт рекламация жоқ қой деп ұсақ-түйекке көңіл бөлмей қабылдайтын едім. Маған Цойдың ежірейіп қараған сығырайған көзі өтіп кетті. «Тырна ашуын тырнағынан алады» деген мен болдым. Векангий Алексеевич өзінен сөз асырғысы келмейтінін бірден аңғартты. Кішкене көкшіл көзімен шақшия қарады да, қасындағы серігіне басын бұрып, «Вова, бастық не айтқанын түсіндің бе?» деді кекесін үнмен. Сол кезде екеуі де күлді. «Бізге Хоменконың сөзі ғана жүреді. Сен кімсің? Біздің тапқан ақшамыздан күнелтіп жүрген арамтамақ екеніңді білесің бе?» деп Савельевтің көкшіл көзі сұрғылт бұлттай сұстанып, даусы ызғарлы шықты.

– Савельев есебіне түгел жұмбақ адам. Оның ішіндегі жасырын жатқан ойды өзінен басқа ешкім білмейді. Мен оны жақсы білемін. Бригадир болғанмен, абырой-атақ деген сонда. Бедел жетеді. Жиналыста директормен тізерлесіп төрде отырады. Өзі коммунист, бюро мүшесі. Менсінбей, кеудесін көтеретін себебі сол. Ол сөйлеген жерде ешкім қарсы сөз айтпайды. Заводта шығатын «Сельмаш» газеті бетінен өзі жазбаса да жарқ етіп, «Савельев бұйдеп айтты» деген сөзі қалмайды, – деді Леша.

– Савельевтің сөзі маған басыма шоқпармен ұрғаннан бетер әсер етті. Сол сәтте «Сөз сүйектен өтеді» де-

генді басымнан кештім. Сенесің бе? Сөзге құлақ асатын кісінің сортынан емес екен. Менің қасымда сен кімсің дегендей кекірейіп тұр. Жыным қозса да ашуға бой бермей, өзімді-өзім зорға ұстадым. «Не дедің?» дедім ашуға булығып. «Жасжан Есенович, осы жұмысты қанша жылдан бері істеп келе жатқанымызды білесің бе? Әрине, білмейсің. Білсең бізді үйретем деп тырыспас едің» деп Вова езуін жия алмай күліп мәз болды. «Мүмкін байқамай айтып қалған шығар» деді Векан-тий Алексеевич кекесінді үнмен жүзі сазарып. «Мына жатқан пластинкаларың жарамайды» деп, сөздеріне мән бермегенсіп даусымды қаттырақ шығарып қайталап айттым. «Күнде қолданып жүрген пластинка бүгін неғып жарамайды? Бұны бұрын дайындап қойғанбыз. Әлі бір жылға жететін запасы бар. Темір жәшік контейнер толып тұр» деді Савельевтің үні жұмсарып. «Мен сендерден қанша запасы барын сұрап тұрған жоқпын, қайталап айтам, жарамайды» – бұ жолы даусым ызғарлы шықты. Бригадир бұлай болады деп күтпесе керек. Қаймыққандай рай танытып, «Сонда бұны не істеуіміз керек?» деді. «Оны менен емес, Хоменкодан сұра, сол айтсын. Менің қолымнан жұмыстарыңды сызбаға қарап тексергеннен басқа ешнәрсе келмейді» дедім. Енді екеуі абдырап: не істейміз дегендей бір-біріне қарап, қолдары жұмысқа бармай селтиіп тұрып қалды.

– Савельев сенен мұны күтпеген шығар, – деді Леша қутыңдап. – Енді оның сенімен өштескені өштескен, қара да тұр.

– Осы соның бастамасы шығар, – деді Жасжан да оны қостаған болып.

– Не де болса алған бетіңнен тайма, Жәке. Бірақ ол сен ойлағандай оңай жау емес. Оның бір өзі болса ешнәрсе емес. Қарамағындағы адамдардың да арқа сүйейтін дөкейлері бар. Савельевтің әйелі заводта бас есепші, Вова дегеннің әйелі бас экономист, енді бірінікі плановойда, қысқасы, солардың ішіндегілердің әйелдері құр емес, бір-бір бөлімді басқарып отыр. Олардың

елден ерекше ақша тауып жүргені содан. Ол жағынан хабарың бар ма еді? – деді Леша.

Жасжан басын шайқап, сол қолының саусақтарымен шашының арасын қасыды.

– Олардың айына тапқан ақшасын бар ғой, қысы-жазы темір пештің аузында күйіп-пісіп қақталып жүрген литейшіктер алмайды. Савельевтерді бұрын білмейтін бе едің?

– Оның маған керегі қанша? – деп, Жасжан қабағын кіржитіп жаратпай қалды.

– Жәке, оның болмайды ғой. Білгеннің еш зияны жоқ, – деді Леша жымия күліп. – Айтайын ба айына қанша алатындарын?

– Ия. Қанша алады?

– Айына сегіз жүз сомнан кем алмайды. Осынша айлық табатын адамдарды бұрын-соңды естіп пе едің? Бұндай айлық еш жерде жоқ, – деді Леша жүгіріп келгендей ынтығып. – Бір жылдары заводқа материалдар келмей жұмыс тоқтап қалған, онда да біраз адамдарды қысқартты. Жұмысшылардың расценкасын кескенде Савельев директормен айқайласып өзгерткізбей қойған. Жәке, енді білген шығарсың кіммен жекпе-жекке шыққаныңды, – деді Леша.

– Шынында да, тым еркеототай екен, – деді, ол басын шайқап.

– Еңбегіне қарай, ауыр жұмыс болса алсын, – деді Лешаның іші қыз-қыз қайнап. – Савельев бәрібір өз дегенін істетпей қоймайды. Менің айтқанымға құлақ асмайсың, олармен айқайласып берекет таппайсың, – деді Леша Жасжанды аяғандай жалыншы үнмен.

– Сенше қалай? Савельевтің алдында намысымды жерге таптап, пешкі болып жүруім керек пе? Менің кішірейетіндей қандай кінәм бар? Жұмысты заңды түрде талап еткенім бе? Ол қайткен күнде де менің айтқанымды істеуі керек. Әйтпесе Цой маған күн бермейді. Менде бір-ақ амал бар. Бригадирдің жұмысын жолға қою. Шығарған өнімнің санын емес, сапасын жақсарту. Со-

дан кейін еңбегіне қарай қанша болса да алсын. Маған оның қатысы жоқ. Оны тексеретін орын бар. Солардың жұмысы. Менің осы айтқаным дұрыс па? Кәне, ақылыңды айтшы, – деді Жасжан.

– Бұл қолыңнан келсе, әрине, дұрыс, – Лешаның қуанғаны ма, әлде Жасжанның бірбеткейлігіне дән риза болғандағысы ма, даусы қатты шықты.

* * *

Өмір бірде бұлаңдаған қызыл түлкі сияқты. Ондайда көз алдың гүл-гүл жайнап: күлсең құмарың басылмайтындай, ішсең сусының қанбайтындай, сөйлесең сөзің таусылмайтындай және мәңгі ғұмыр жасайтындай, сезінесің. Өмір енді бірде аяушылықты білмейтін қатыгез сияқты. Ондайда жапанда жалғыз қалғандай жапа шегесің, аяғың мұз басқандай бүкіл денең тітіркеніп қалтырайсың, ішкенің ірің, жегенің жырың жүресің, күлкімен мәңгі қоштасқандай, қабағың жадырамай түнересің, төбеңнен түнерген бұлт кетпей, жүрегің тілімденіп, бақыттың не екенін білмей күн кешкендей боласың.

Жан тыныштығыңды ойлап, сен тимесең мен тимемен тек жүрсең, бәле-жаладан аулақ жүресің. Бұның бір жақсы жері – жаның тыныш, көңілің тоқ. Басыңды қатырып ой қажамайды. Болмашыға жүрегің ауырып, жігерің жасымайды, жақсыға да, жаманға да отқа түсіп күйіп-піспейді. Қашанда ондайлардың көңіл күйі бір күйде. Ешнәрсе оған әсер етпейді. Шаттанып күлмейді, намысына тисе де, қарсыласына сөз айтпайды. Бастығы ұрысқан сайын, боқтаған сайын алдында құрдай жорғалап мәймөңкеленеді. Айтқан сөзі дұрыс па, бұрыс па, оған да көңіл бөліп баға бермейді. Өйткені ол бастық, қалай сөйлесе де оныкі жөн деп қабылдайды. Осындай жаратылысы бөлек жандардың өмірлеріне әбден күйініп, ашынғанда Жасжан қызығатын.

Ойлап қараса, себепсіз ешнәрсе болмайды екен. Қай нәрсеге де арқау болатын өзің екенсің. Бүгін де соған Жасжанның көзі анық жетті. Әйтпесе өзінің бастығын қаралайтындай реті жоқ. Ол бар болғаны жұмысты талап етті. Оған ол кінәлі ме? Айтты қойды, онда тұрған не бар? Сен болсаң талағың тарс айрылып, ашуға міндің. «Осының дұрыс па?» деп, өзін сөлекеттеді.

Қанша жұмысты тырысып істесең де, өнемейін ойлағаныңдай бола бермейді. Аяғыңды шалыс баспаймын десең де шалыс басасың. Өйткені сен күтпеген кедергі оп-оңай өзі-ақ кезігеді. Чертежге қарап ақау жібермеймін деуің бекер. Осыны басқа білмесе де, сен білесің. Вагонмен жіберген астықты комиссия мүшелерімен бірге өлшеп, құжатына қол қойғанның өзінде бірнеше тонна астық жетпейді деп телеграмма келіп жатпайтын ба еді. Мекеменің бар байлығы қолыңда тұрған қойма меңгерушісінің көңілін жықпай қол қоя салу оларға қиын ба? Әйтпесе комиссия мүшелері тексеріп, вагонды дұрыстап жабдықтап жіберген астықтан кем шығуы мүмкін бе? Бұны жөнге салам деп әлектенгеніңнен не шықты? Түк те. Өйткені бұл үкімет құрған социализм заңы. Заңның түзу жері де бар, қисық жері де бар. Социализмнің құрылысы солай болса, түзуін қисайтып, қисығын түзету не тұрады? Сенің қолыңнан келмегені содан.

Савельев те ебін тауып екі асап жүрген көптің бірі. Оны тәртіпке келтірем дегенің бекер. Оның оңай жау емес екеніне көзің әбден жетті. Одан қорытынды шығара алмасаң не болады? Онымен қалай жұмыс істейсің? Соны ойладың ба? Жасжан алдағы жағдайының бағдар-бағытына көз жіберіп, қалың ойдың шырмауына шыға алмай қиналды.

* * *

Есенов ұзын көшенің бойымен басқан аяғы кері кеткендей ішінен күйзеліп келеді. Көңілі құлазып, жұмыр басты шым-шытырық ойлар жаулап алған. Бәрі қисыны

кеткен берекесіз жұмыстың әсері. Ешнәрсе есіне түсіргісі келмесе де қаз-қатар тізілген келеңсіз көріністер, құдды кинодағыдай: Савельевтің сазарған өңі, Цойдың безерген түрі, Хоменконың «понимаешь» дегені де бірінен соң бірі кезекпен бой бермей діңкелеп, еңсесін езіп барады. Тап қазір мүсәпір жандай бәрінен түңіліп кеткен. Өмірдің еш рахатын татпағандай, татса да өткен күннің құны енді бір тиынға тұрмайтындай, теңдесі жоқ бақытты күндері мүлдем қайтып оралмайтындай, осы да өмір ме деп қамыққандай. Бір уақытта барып күн жаумай су болғаным не деп намысқа тырысып, еңсесін көтерді. Қапелімде не болғанын түсіне алмай кілт тоқтады. Сол мезетте жанынан біреу өте шықты. Тік өкше, майда жүріс құлағына тым таныс естілгенде жүйкесі тыңайып шыға келді.

Адам айтса сенгісіз, суық қарыған денені жылу жайлап, бойы демде сергіді. Көгілдір мөлдір аспанда күн шуағын шашып күлімдеді. Ақ көрпе жамылған жердің де өңі жаңарғандай күмісше жылтырады. Сары аяздан да сұс кеткен, ауа да тым жұмсақ. Батыстан соққан самал жел де үлбіреп тым ұяң. Қала тың тыңдағандай тым-тырыс. Айналаны ұйыған тыныштық басқан. Табиғат тылсым құшағына бөленіп мүлгіп тұр. Бұл оның үйреншікті әдетіне айналған. Әрдайым ауыр ой мазалаған кезде тап осылай жапа шегіп көше кезетін. Сонда өмірге деген жаңа бір құлшыныс пайда болып, еңсесін зіл басқан ауыртпалықтан айығатын. Сол мезетте осынау дүниенің бәрі дерлік өзгеріп жаңара қалғандай, жан дүниесі жадырап шыға келетін.

Ол табиғатты да көңіл күйіне қарай қабылдайтын еді. Бір нәрсеге ренжісе, ешнәрсеге зауқы соқпайтын. Тіпті әсем табиғаттың сұлу көрінісі де, соған орай тамылжыған күн шуағы да әсер етпейтін. Сол бір кезде айналаның бәрі бірдей жабырқау тартып, ішкі жан дүниесі бірге құлазып кететін.

Жаратқан әлем де сырын түсініп болмайтын, тұрған жұмбақ қой. Ең аяғы, ауа райын бақылайтын мекеме-

нің бірде айтқаны келсе, бірде айтқаны келмейтіні содан да шығар. Бәрібір табиғат пен адамның арасында ұқсастық сыр бар. Әйтпесе Жасжан түсініксіз сезімге бой ұрып, күрт өзгерер ме еді. Нәзік сезім дейін десе, бозбала емес, махаббат дейін десе, жастық шағы емес. Не екенін түсінбей әлек болатын.

Нақ қазір оның көңілі алабұртып, мамық бұлттың үстінде келе жатқандай сезінді. Жаймашуақ күй кешкен осы бір сәтте естен кетпес шуақты күнді еске түсіріп, көз алдына Самалай тұрып алды. Түк те өзгермеген, сол баяғы қаз-қалпы. Содан кең дүние тарлық еткендей, тынышы қашты. Бір құдірет күш бой бермей бұлқынды.

Міне, енді аяғын тық-тық басып жанынан жанап өткен қыпша бел бойжеткенді көзімен көрмесе де, күтпеген әсерге бөленіп, көргенше асықты. Онымен тоқтатып сөйлесуге бел байлаған кісіше, аяғын адымдап басып келеді. Енді жете бергенде көп қабатты үйдің шеткі есігіне кіріп кетті. Сол кезде қақ маңдайдан біреу қойып қалғандай кілт тоқтады.

Ол артынан шыққан таныс дауысқа жалт қарады.

– Бұл жақта неғып жүрсің? – деді Алмабек Жасжанды құшақтап. – Адасып жүрген кісіше, не әрі, не бері жүрмей ортада тұрып қалдың ғой. Тұлғанды алыстан көргенде бірден шырамыттым... – деп, мырс етті.

Сүйтсе Жасжан қалың ойға беріліп кеткеннен қаланың қай бұрышында жүргенін де байқамапты.

– Бүгін демалыс болғасын серуендеп жүр едім. Кездескенің жақсы болды. Жұмыста көрінуді қойдың, ауылдасың ба? – деді, Жасжан не айтарын білмей сасқанынан. Сүйтсе де оның айтпасаң да бәрін білем дегендей, мырс етіп мұртынан күлгенінен, «Ұрының арты – қуыс» деп өзінен-өзі қысылып төмен қарады.

– Сені көрмесем де, хабарыңа сыртыңнан қанықпын, – деді, Алмабек жаңадан қойған мұртын көрдің бе дегендей саусағымен сипалады.

– «Саудада достық жоқ» дейтін бе еді. Сол айтқан жұмыстың да саудадан айырмашылығы шамалы. Әлі сол итжығыс. Аяғы немен тынары белгісіз, – деді Жасжан.

– Сен оныңды қой, тіл тауып істескенің жөн болар. Айтқан ақылым емес, өзім солай ойлаймын. Бұндай жағдай менің де басымнан өткен, – деп, басқа сөзі жоқтай, бұрын бірнеше рет айтып мезі еткен әңгімесіне көшті.

Жасжан қайдан айттымға қалып, жақтырмаса да ішінен тынып үндеген жоқ.

– Совхозда бас инженер болып істеп жүрген кезімде директормен текетірестім. Оған себеп – техника дұрыс жөндеуден өтпейді. Қайда да атша шапқылайтын техника. Оны да жаны бар екен-ау деп ойлайтын бір адам жоқ. Қашанда қой қырқу басталғанда, болмаса шөп шабу кезінде, не болмаса астық науқанында, әйтеуір жұмыс қызған шақта техникалар бірінен соң бірі бұзыла береді. Жоғарыдан келген өкілдер көрсе айқайдың көк шолағының астында қаламын. Қырсық қылғанда олар біздерді менсінбейді. Бізбен сөйлесе дәрежесі кішірейіп қалатындай, сол арада директорды таптыртып соған шүйлігеді. Ол орта жастан асқан Болысбеков деген кісі. Ашуланғанда боқтық сөзді қарша боратады. Бірақ жұмысты жанын салып істейтін. «Тырна ашуын тырнағынан алады» деген, «істей алмайтының бар, бас инженер сенің не теңің?!» деп маған ұрсады. Содан бір күні егін орып жатқан он комбайнның жетеуі түрлі себептермен тұрып қалды. Егін науқаны шаш ал десе бас алатын кез нағыз. Уәкілдер қаптап жүреді. Ананы айтып, мынаны айтып, басты қатырғаннан басқа қолдарынан түк келмейді. Сонысына қарамай жоғарыдағы басшыларға өсекті кеулетіп, ақпарат беруге шебер шетінен. Олардың қайсысының да қолдарынан келетіні, сол.

Болысбеков қырман басына келген мені көріп: «Тізіліп тұрған ана комбайндарды көрдің бе? Мұнда неғып

жүрсің?» – деп килікті. Онымен де қоймай, облыстан келген қасындағы жас жігітке қарап: «Бас инженердің жүрісі осы, мұнымен қалай жұмыс істейсің?» – деп, шарасы таусыла сөйледі.

Оның орнында кім болса да күйінері сөзсіз ғой. Әншейінде ашуланса басылуы тез еді. Күндегі үйреншікті айқайына көңіл бөле қоймай келген шаруамды айттайын деп бастай бергенімде: «Комбайнды жүргізбей, көзіме көрінбе. Кет!» – деп боқтағанда шыдай алмай кеттім. Қарсы алдымда тұрған директорды жақтан бір салдым да, бұрылып жүре бердім. Келесі күні Болысбеков бір ауыз сөз қатпастан арызыма қол қойып берді. Ашуды ақылға жеңдірмесең, ашу не істетпейді. Істеген ісіңе жауап бере алатыныңды білсем де, осыны саған жаным ашығандықтан айтып тұрмын. Өйткені Савельевтер көп, сен жалғызсың. «Жалғыздың аты шықпас» дегенді білетін шығарсың? Білсең сол, менің кебімді киіп жүрме. Қай нәрсеге де түсінікпен қарау керек, – деді Алмабек.

Бір-бірінің ауыздарына түкіріп қойғандай, бәрінің де айтатындары бір сөз, – деп, Жасжан оның сөзін жақтырмай үнсіз қалды.

– Оксананың саған деген көңілі өзгеше, неліктен?! – деді Алмабек Жасжанға күле қарап. Сондағысы көңілің қалған құрдасын сөзге тартып сөйлетпекші.

– Оны қалай білдің?! – деді ол.

– Не білетіні бар? Оның сұрайтыны сен. Кеше де көрдім. Менің ойымша, көкейіндегі сөзін айта алмай қиналатын сияқты.

– Сонда не дейді?

– Ол бұрын бастық болған деп, сен жайында білгісі келіп, істеп жүрген жұмысыңды сұрайды. Бір ауық көңілін аулап сөйлесіп қойсайшы. Алматыға екі жыл қатарынан барып, оқуға түсе алмай қайтқанымда бір қызбен танысқаным бар. Екеуміз кешкісін парктегі биге бардық. Шыр айнала дөңгеленіп билеп жүрміз. Мүңкіген бір иіс жүрегімді айнытып, бидің аяғына зорға шы-

дадым. Содан парктің ішінде біраз жүрдік. Ол уақытта біздердің айтатынымыз оқудың жайы. Басқа ешнәрсеге көңілім аумаптын. Мектепті қалай бітіргенімді, қандай мамандықты ұнататынымды, сынға қалай дайындалғанымды айтып болып, қасымдағы қызды құшақтай бергенімде манағы иіс қайта шықты. Қолтығынан шыққан иісті сезгенімде жиіркеніп кеттім. Қызға содан қайтып жоламадым. Оқуға түсе алмай, ауылға келіп, трактормен жер жыртып жүр едім. Бірде түскі тамаққа үйге келсем, ағам көңілді. Мұртынан күліп, қолындағы хатты берді. «Келін бала ма?» – деді көзі күлімдеп. Хаттың сыртындағы адресінен сол қыздан екенін білгенде, конвертті ашпай, столдың үстіне тастай салдым. «Не жазғанын оқымайсың ба?» – деп, сол жерде ағам шыр-пыр болды. Ағам көзіндегі лап еткен ұшқын оты демде сөніп қалды. Қуанышы су сепкендей басылып, үні бәсең шықты. Аяп кеттім. Бірақ кеш еді. «Аға, бұл саған келін болып жарытпайды. Өзінің үстіне қарай алмайтын қыз қандай әйел болады? Оның үстіне таңертеңнен кешке дейін істеген ісі бітпейтін, үйге келген қонақты күте алмайтын салдыр-салақ болса не болады? Қолтығының иісі мұңкіп тұр» деп қызумен айтып салдым. Бірақ қыздың көңілі маған қатты ауыпты. Мен жауап қайырсам да, бір жыл үзбей хат жазып тұрды. Алмасаң да, хат жазып, қайырым жасаған дұрыс екен, оны кейін түсіндім, – деді күрсініп.

Алмабектің сөзіне елең ете қалған Жасжан:

– Қайырым жасау дегеніңді қалай түсінуге болады?

– «Өзіңді сүйгенді сүй» дейді ғой. Осы сөздің жаны бар. Жас кезінде адамда не болмайды. Өркөкірек кеуде ешнәрсеге бой бермей, асқақтаған сайын көңілің шарықтап, қалай әуелегеніңді аңғармай қалады екенсің. Әйтпесе алпыс екі тамырдан жарып шыққан сезімді әлпештеп, неге аяламасқа?! Адам арақ ішкенде мас болса, жастық шақта махаббатқа да сондай мас болатынын білсем, ол қыздан мұрнымды аспанға көтеріп

қашпас едім. Кезінде білдім бе? Жастық шақ өтпейтіндей, шат көңілмен мәз-мейрам күй кешіп жүре беретіндей көрдім ғой. Қуаныштың да реніші болатынын ескермеппін ғой. Өмірде не нәрсенің де өлшемі мен шегі бар екен. Бұны да басыма түскенде білдім. Адамға көп нәрсені өмір үйретеді. Олай дейтінім, тағдырдың тәлкегіне түскенде өзің-ақ бас иеді екенсің. Соған көзім жетті.

Жасжан Алмабектің тағдырына өкпелі екенін сөйлеген сөзінен аңғарып қалды. Одан мұны күтпеген еді. Қашан көрсең де көңілі көтеріңкі жүзіне қарап, еш уайым-қайғысы жоқ жанның бірі болар деп ойлайтын. Сүйтсе қателесіпті.

– Күн шуағындай жайлы жүзіңе қарап, кем-кетіксіз жүрген жанның бірі деп ойлаушы едім. Тағдырыңа деген өкініш сенде де бар екен ғой. Не айтар дейсің деп құлықсыз тыңдап отырмаймын ба? Әңгімені орта жолда қалдырмай, аяқтасайшы, – деді Жасжан Алмабекке.

– Енді айтатын ештеңе де қалған жоқ.

– Қалмағаны қалай? Әңгімені бастай бергеннен-ақ көңілің түсіп кеткенін қабағыңнан байқап қалдым. Бір себеп бар ғой, – деді Жасжан.

Ол сауалдан жалтарғысы келіп:

– Осы әңгіме Оксанадан шыққан жоқ па? Ендеше сен айт, саған ол сонша неге үзіледі? Көмейіне кептелген сөзін неге айта алмай қиналады? Осыны, сенсең, мен одан сан рет байқадым, – Алмабек қанша оқталса да, айта алмай, ішінен тынып жүрген. Қапелімде есіне түсе қалғанына риза болғандай езуін жия алмай күлді.

Бұндай сауал күтпеген Жасжан тосылып:

– Бір ай болса да үлкендігің бар ғой, Алеке дейін, өкпелемейсің бе? – деді.

– Неге өкпелеймін? Құрметтегеніңе қайта қуанбасам. Ия, айта бер, – деді, ол әлі де оған сенбеген сыңаймен, сөз жібінен жәй ғана тартып.

– Алеке, есебіңізге толық екенсіз. Айтқызбасқа ерік бермей тұрсыз. Адам ішінде сыртына шығармайтын

тастай қатып қалатын құпиясы болады. Оксанамен арада болған жағдай да сондай. Бұл жерде мені еріксіз итермелеп, айтпасқа қоймай тұрғаныңызды білесіз бе? – деді Жасжан.

Алмабек шыдай алмай Жасжанның сөзін бөліп жіберді:

– Олай болса еркің өзіңде, маған сенсең ғана айт, – деп жымыды.

– Ендігің кеш. Бірақ көп айтатындай бұл жерде ешнәрсе жоқ. Оксанамен әншейін қалжыңдап сөйлегенім болмаса, көңілім ауып, оны мазалаған емеспін. Бірде қойманың ішін аралап жүргенімде Оксана келді. Маған ойы барын сездіріп, тиісе бастады. Жаманды-жақсылы мекеме басшысының бірімін. Қандай ойы барын білмей есім кетті. Сонда да сабыр сақтап бақтым. Құрғыр, өзі тым өңді ғой. Көңілім ауып, қалай еркімнен айрылғанымды байқамадым. Құшақтап тұрған кезімде қарсы алдымда тұрған әйелімді көріп, қаққан қазықтай қақшиып қаттым да қалдым. Мені Сымбат көзіне де ілмей, бірден Оксанаға жауыға қарады. Әйелімнің өзіне жететін ашуы барын бірінші көруім. Шынын айтсам, өз әйелімді танымай қалдым. «Салдақы!» – Сөзі зәрлі шыққаны соншалық, тісінің арасынан сыздықтатып тістеніп айтты. Сосын көз ілеспес шапшаңдықпен Оксанаға жетіп барып, шашына жармасты. Оксананың қарсыласуға шамасы келмей қалды. Сымбат уысына іліккен шашынан ұстап, жұлқылап тартқан кезде келіншек шыңғырып жерге құлады. Мен болсам күнәға белшемнен батып, бетімнен отым шыққаны сонша, орнымнан қозғала алмай сілейіп тұрмын. Сымбат әбден өшін алып болғасын келіншектің шашын босатып, менің бетіме былш етіп түкірді де жүре берді. Сенің білгің келген хикая осылай аяқталды. Сондағы Оксананың шыңғырған даусының ащысын-ай. Әлі күнге дейін құлағымда кетпей тұрған сияқты, – деді Жасжан сөзінің соңында.

– Арты не болды? – деді Алмабек.

– Ертесіне Оксана арызын жазып жұмыстан шығып кетті, – деді Жасжан.

– Сымбат ше? – деді Алмабек шыдамсызданып.

– Ашуынан айыға алмай, терісі тырысып біраз жүрді.

– Оксананың сенен көзін ала алмай жүргені содан екен ғой. Енді түсінікті. Әйелдің көңілі аумасын, ауса қиын. Ішкілікке салынып кеткен әйелдер де ер адамдай емес, ем-домға берілмейді. Мен айтқан қыз да артымнан келген. Жігіт соңынан қалмай жүрген қызды бұрын-соңды көрген былай тұрсын, кім естіген деп ағамның өзі шошыды. Бірақ одан ат-тонымды ала қашпауым керек екен. Бекер істеппін. Айналасындағы жігіттердің бірін де көзіне ілмей, мені бүкіл болмысымен беріліп сүйді ғой. Соны неғып түсінбегеніме артынан опындым. Махабаттың да киесі болады екен. Мен оны қайдан білейін. Бірінші үйленген қызым бір жыл тұрмай кетіп қалды. Екінші әйелімнен бала болмады. Баласыз қиын екен. Сонан кейін күйеуі қайтыс болған, бір қызы бар Зергүлді алдым. Екі ұлым бар. Біреуге қиянат жасап бақытты бола алмайды екенсің. Менің соған анық көзім жетті, – деді. Үнінде өкініштің ізін қалдырған Алмабек.

– Екеуміз ойламаған жерде кездесіп, жүрек түкпіріндегі жатқан сырды ақтарып білістік қой, – деді Жасжан оған үйіне қайтатын кезде.

* * *

Үлкен кабинеттің ең төрінде денесі тіп-тік, өңі сүп-сүр, биік қабақтың астында арнасы терең, кішірек, көкшіл көзі тым өткір, жылмиған сопақ бет, үлкен мұрынды ешкі бас завод директоры Анатолий Засимович Бахин отыр. Келгеніне бір жыл болған. Илиндей білімді болмаса да, заводты бір өзі тіреп тұрғандай, жиналыста сөйлеген сөзінің бірінде өз атын шақырған көкекке

ұқсап, «мен» деп, өзін дәріптеп сөйлеуге шебер адам. Басшымын деп қарамағындағылардан жұмысты талап еткенде бидайдай қуыратын ерекше қасиеті бар. Айттым болды деп, өз айтқанына қайтпайтын бірбеткей. Қайткенде де өзін көрсетуге тырысып бағады. Қалай болғанда да берген нұсқауын екі айтқызбай орындағанды ұнатады. Өзімшілдігі астам. Ұнатпай қалса, қойын қалтаңдағы партбилетіңді таста деп, қос қабағы түйіліп, басы кекшіе қалады. Социализм заманына сай, қалған жерінен қан алудан тайынбайды. Сүйтсе де қай жерде қалай сөйлеуді білетін өз есебіне түгел. Соның арқасы болар, басшылық орынға көтеріліп, еңбегі жанып өрлеп жүргені де.

Бұндай адамның тағдыры да қызық. Мектепті ауылда бітіріп, армияға барып келгесін совхоздың су таситын машинасын айдапты. Бірде ауданға баратын жолда көлік күтіп тұрған қойма күзетшісі Дудниктің қызы Райсаға бір көргеннен ғашық болады.

...Ауыл қараңғы түн қойнауына еніп, қара-құраң көрінбей, көшелер құлазып, қаңырап қалған мезгіл. Түн тылсым сыбдырға толып жүре берді. Айналаның бәрі қап-қара боп қарауытып тұр: жер де қара, үйдің төбесіндегі қаңылтыр да қара, сорайған бағаналар да қара. Тек арасында бір саңылау жоқ, тұтас бұлт торлаған аспан ғана қоңырқай сұрғылт реңдес. Анатолий қараңғылыққа шүкшія қарап, шеткі көшемен жай басып келе жатыр. Сонау Асау өзенінің жағасындағы бау-бақша жақтан, жігіттің көңіл күйіне себін тигізгендей кешкі салқынмен бір жұпар иісті аңқыта қоңыр самал есіп тұр. Алыстағы көрші ауылдың қыдырымпаз жастарының салған әні еміс-еміс талып естіледі. Көшенің шетіне дейін келіп Бахин солға қарай бұрылды. Райса тұратын үй осы арада қоныс тепкен еді.

Үйден шығып киноға бара жатқан Райса бұрыштан тас мүсінше сорайып шыға келген жігітті көргенде қорқып кетіп, шыңғырып кейін қарай қашты. Артынан қуып жеткен жігіт иығынан ұстап алды да:

– Қорықпа менен, күйкентайым. Сендей нәзік қыздарға тиісетін жігіттердің сортынан емес, – деді Анатолий.

Сонда барып есін жиып алған қыз:

– Ах, бұл сіз бе едіңіз? – деді ұялғаннан.

– Ия, – деді Анатолий.

– Мені шошытпай-ақ, бірден неғып үн қатпадыңыз? – деді Райса әнтек қылығынан ұялғансып.

– Адам көрмегендей қаша жөнеледі деп кім ойлаған. Өзіңіз құрық тимеген тағы екенсіз. Мен де бір адамдай жүйрік едім, зорға жеттім ғой.

– Бұл жақта неғып жүрсің? – деді, қыз қулана күліп.

– Бір көргеннен жанымды жадыратқан, айдай сұлу қызға келе жатқанымды айтсам, сенбейсіз ғой.

– !?

– Мынау саған, – деп, Анатолий артына ұстап тұрған гүлді қызға берді.

– Маған ба!? – Райса Анатолийге таңырқай қарады.

– Енді кімге дейсің? Бұл жерде екеумізден басқа ешкім жоқ қой, – деді жігіт.

– Дұрыс түсінбедіңіз. Маған арнап әкелдің бе деп сұрап тұрмын.

– Әлі сенбей тұрсыз ба? Саған келдім деп жаңа ғана айттым ғой, – деді Анатолий.

– Анатолий, неге сонша әлек болып жүрсің!? Өткенде жігітім бар деп айтқан жоқ па едім?! – деді Райса салқын үнмен.

– Бір көргенде лап еткен махаббатқа менің әлім келмесе, қайтем? Және бұрын болмаған тұңғыш ғашығым болсаңыз, сенсіз қалай өмір сүрем? Мен жиырмадан енді астым, – деді.

– Содан екен ғой, көрмей жатып машинада біраз көкігеңің, – деді қыз кекетіп. – Әлде қыз көрсең өзіңді ұстай алмайтын әдетің бе? – Райса жігіт түйсігіне бірдеме барар ма екен деп әдейі айтқан.

– Маған сенбегеніңіз бе? – деді қыздың сөзіне шамданып қалған Анатолий.

– Ә дегеннен-ақ емешегі үзіліп тұрған адамға кім де болса сенбейді, – деді, осы сөзім жөн демей көрші дегендей қыз жігітке тесіле қарады.

– Бұндай сөзді сізден күтпеп едім, – деп жігіт шынын айтты.

– Ондай махаббат менде болмаса қайтем? Өтінемін мені мазаламашы, – қыздың даусы қатты шықты.

– Мені сонша қинайтындай не жаздым? Егер алдыңызға жайып салған жүрек түкпіріндегі сырымды дұрыс түсінген болсаңыз, мен байғұсты аяр едіңіз, – деді Анатолий өзеуреп.

– Менің сезімімді сіз тұтата алмасаңыз, қайтем. Неғып соны түсінгіңіз келмейді, – деді Райса самарқау.

– Сіз аса сүйкімді перизатсыз, – деді қыздың көңілін ауламақшы болған жігіт, – және менің махабатымды көзге ілмей тұрғаныңыз өкінішті.

Жел тұрды. Баған басындағы жанып кеткен шамды жұлқылап тұр. Онымен бірге үстіңгі қалпағы да жұлқынады.

– Мен өжетпін, – деді Анатолий гуілдеген желмен бірге айқайлап. – Озбырлығым тағы бар... Бір күні маған жолдасым ұрысқан «Құзғын» деп...

– Біздер үйде жақсы сөздер көп айтатынбыз... – деді жігіттің сөзін жаратпай қалған Райса.

Бір сәт екеуі үнсіз қалды. Анатолий Райсаны қарсыласқанына қарамай, қолынан ұстап өзіне тартты.

– Анатолий... Сіздің ұятыңыз қайда? – деді зәресі ұшқан Райса.

Қыз бұлқынып теріс айнала бергенде ернінен сүйіп алды. Ол селт етіп басыла қалды. Анатолий кейінірек шегінді.

«Оңашада қыз сүйгенді қалайды», – деп армияда грузин жігіт айтатын еді. Сол ойына түсіп әдейі істеді.

Жігіттің көңілі шамдай жанды.

– Сен өзің сандуғаш секілдісің, – деп Анатолий жұтынды.

Қыз еріксіз күлді.

Анатолий керемет бір ғажап істі бітіргендей одан сайын есіре түсті.

Өзі әбден көңілденіп алды: бойындағы бір ғажап сезім кімнің болса да ішін елжіреткендей еді.

– Сен бақыттысың, күйкентайым! Мектеп бітіргесін армияға кеттім. Менің алғашқы махаббатым екенінді біліп қой. Ол қашан да, қай кезде де: жапанда жалғыз жапа шексең де, қуанышқа жарыла бөленсең де, мейлі қартайсаң да көзіңе ыстық. Бір ғажабы, есінде мәңгі қалады. Былайша айтқанда, ғұмыр бойы өзіңмен бірге. Мені жігіттік дәурен қуып жүрген көрсеқызар есерсоқ деп ойлап қалма. Саған деген көңілім бөлек. Сен маған ти. Ақшаны қанша керек болса, сонша табамын. – Ол өзінің денесін көрсетіп, екі иығын қомдады, кеудесін шалқайтты, үстіндегі жемпірінің әр жерін ұстап көр деп әуре болды, – тастай қатты, – деп мақтанды. – Министрдің әйеліндей ғып киіндіремін. Менімен тұрсаң қызыққа батасың, саспа, – деді.

Анатолий сөйлеген сайын Райсаның зығырданы қайнап, аза бойы тік тұрып безірейеді. Жігіттің тіпті масайрап кеткеніне жыны келіп тұр. Тіл ұшына келіп тұрған сөзді айта алмай қиналды.

...Әкесі жағынан рулас құрбысы Жадыра қыс айында көрші совхозда оқып жүрген мектебін тастап кетіп, оныншы сыныпты аудан орталығына келіп оқыды. Сонда осы Анатолийдің кесірінен болған еді. Райса оны қалай ұмытсын. Мұғалімдерді көзіне ілмей, бүкіл мектепті шулатты. Жадыраға айтқанын істеткізіп, қысылып-қымтырылмай ашық жүрді.

Тастай қараңғы түн іші де Райсаның сұсты бейнесін жасыра алмады. Оны Анатолий да сезді. Өлденеден сезіктенді ме, қайткенде де райынан қайтаруды ойлап демде өзгере қалды.

– Сен ренжіп қалдың ба? – деді, әлденеден сезіктенгендей Анатолий қызға.

Райса үн қатпастан екі көзін тура бағанаға қадап алып, қатып қалыпты. Бірақ ол тіпті бағананы да көріп

тұрған жоқ, әлдеқайдағы түпсіз қараңғы кеңістікке қарайды.

– Дүниеде алғашқы махаббаттан ыстық не бар? Білсең айтшы? – деді, Анатолийге түйіле қараған Райсаның даусы қатты шықты. – Неге десең, алғашқы сүю бір-ақ рет болмай ма өмірде? – деді, даусы дірілдеп.

Райса Анатолийдің өткен өмірін есіне түсіргісі келген, бірақ айта алмады.

– Ендеше, осы уақытқа дейін сақтаған ең қымбат нәрсем саған бұйырған екен. Менің есімде мәңгі қалатын болдың. Бұған не дейсің, күйкентайым... Мен ойлаушы ем, кездескен алғашқы сүйгеніме үйленемін деп... – Анатолий Райсадан үмітін үзбей мәз болып күлді.

Ол айтуын айтқанмен, артынан өзі өкінді. Сүйтті де не істерін білмей, абдырап қалды. Сонан соң дегбірі қашып, қыздың қасына жақындап келді де, еңкейе түсіп, ерніне төне түсті.

– Кетіңіз қазір! – деді шыдамы таусылған Райса зәрлі үнмен.

Жігіт жалма-жан басын көтерді. Құлағы тұнып, әлдеқайдан біреу сөйлегендей Райсаның даусы алыстан естілді.

– Гәп көңілдің қалауында ғой. Үміт үзгім келмейді. Оның үстіне менің алғашқы махаббатымсыз, – деді одан сайын емеурене сөйлеген Анатолий.

Қыздың суық жүзін көзі шалған Анатолийдің тұла бойы дір ете қалды.

Сонда да көңіл бөлмей:

– Күйкентайым, сонша неге ат-тоныңды алып қашасың менен? Осыны білуге бола ма? – деді Анатолий момақан түрмен.

– Мен оны айтқанмын. Бір сөзді қайталай бергеннен не шығады? Керек болса тағы қайталайын: жаңа ғана өзің айтқандай, көңілдің қалауы болмаса не істеймін? – Оның ызасы келгені соншалық, даусы қатты шықты.

– Мені соншалық бір әңгүдік деп ойлайсыз ғой деймін. Әйтпесе жүрек тебірентер сезімімді түсінбе-

уіңіз мүмкін емес. Сен маған өмірімнен де қымбат екенін білсеңіз... – деді әлі де үмітін үзбеген жігіт.

Анатолийдің үні қорғансыз адамдай тым аянышты еді.

Екеуі де үнсіз қалды.

Кенет Анатолийдің реңі тарап, көзі шатынай қалды, еріндері қозғалып, сөз қатуға ыңғайланған еді, көмекейі кептеліп қалғандай үні шықпай қойды.

Біршама уақыт өткесін барып:

– Көр де тұр. Ертең-ақ осы айтқан сөзімнің шындығына көзің жетеді. – Жігіт ышқына сөйлеп жүре берді.

Анатолий келесі күні қызға айтқан уәдесін орындап, айдап жүрген совхоздың су таситын машинасымен көпірден құлады. Оның бағына судың асты құм болып, машина аударылмай аман қалды.

Артынан Бахин қалаға келіп, кәсіптік техникалық училищені бітірді. Одан институтты сырттай оқып жүріп партияға өтті. Институтты бітірмей-ақ, қолдаушысының арқасында құйрығы бірден жұмсақ орындыққа тиіп, қызметі біртіндеп жоғарылады. Енді, міне, Одаққа аты шыққан, Қазақстандағы ауылшаруашылық машина жасайтын заводтың директоры. Осы заводқа келерінің алдында істеп жүрген ұсақ өнеркәсіп мекемесінің қоймасы өртеніп кеткен. Сонда да бұған ешқандай бәле жолаған жоқ. Жабулы қазан жабулы күйінде қалған.

Бахин қолындағы қаламсабының ұшын столға тықылдатып қойып, терең күрсінді. Оның осы бір әдеті Райсаға ғашық болғаннан кейін тап болды. Содан қалған ескерткіш десе де болады. Бір ғажабы, осы күрсіністің соңынан денесі жеңілденіп, өзін жақсы сезінеді. Әйтпесе бұл қиналатындай заводта жұмыс та жоқ еді. Анатолий Засимовичке Ильиннің үкімет жұмысын беріліп істегені жақсы болды. Соның арқасында абыройы бірден көтеріліп, «мен, мен...» деп мақтанып сөйлейтін дәрежеге қиналмай жетті.

Ильин арақтан зардап шеккені болмаса, жақсы адам еді. Менмендігі жоқ, қарапайым кісі болатын. Қашан көрсең де әжім торлаған бидай өңі қызара бөрітіп, сіркесі су көтермейтін адамдай қалың қабағы түйіліп жүретін.

Ол өте білімді болатын. Заводты бес саусағындай білетін іскер еді. Қысқасы, жұмысқа жан-тәнімен берілген іскерлігін жоғарыда отырғандар да біліп, қатты сыйлайтын. Талай рет тексеруге келген комиссия мүшелері де Ильин жұмысқа шықпай, үйінде ішіп жатқанын білсе де айқай-шу шығармай, үн-түнсіз кететін. Қоғам жұмысына берілгені сонша, өз жағдайын ойламайтын. Жылда салып жатқан заводтың жаңа үйінен де алмай, сыртының сылағы түскен үш қабатты ескі үйде тұрды.

Кейбір зерек адамдар өз орнын таппай күйініп, ішкілікке салынып кететінін Жасжан көріп жүр. Ильин де сондайлардың сортынан шығар деп оған жаны ашитын. Өмірде кемшіліксіз адам болмайды. Ол ақиқат нәрсе. Уақытында ұлы деп санаған Ленин не болды? Бір ол болса мейлі ғой. Ал Отанына шын беріліп, туған баласын генералға айырбастамаған, неміс фашистерінен азат етіп, атағы жер жарып, дүние жүзін дүр сілкіндірген генералиссимус атаққа ие болған Сталиннің де істеген еңбектері еш кетіп, аты өшкен жоқ па? Соғыстан кейін Отан үшін, Сталин үшін деп жазған әдеби кітаптарды мектепте оқып жүргенде Жасжан жиі оқыды. Қазір ондай кітаптарды ырымға таппайсың. Сол кітаптар қайда кеткені, қалай жоқ болғаны белгісіз. «Енді бүгінде өткен ғасырдан тарихта қалған кім бар? Осы шындық па?» дейтін күйінгенде Есенов.

Бахин қарадан-қарап мазасыздана бастады. Стол үстінде жатқан қаламсабымен столды тықыдатты. Одан да көңіл күйін таба алмай, трубканы көтеріп, хатшы қызға Цойды шақыртты.

Ішкі есік шалқая ашылып, кабинетке Цой келіп кірген кезде Анатолий Засимович жаңа бір ойларға шырмалып отырған еді.

Цойды көргенде орнынан тұрып, қол беріп аман-дасқан Анатолий Засимович:

– Қашан көрсем де тұнжырап бір күйде жүресің? Неге олай, Константин Петрович? – деді, күліп. Цойдың өңінен әлдебір өзгерістің нышанын байқағысы келгендей, көзін алмай қарады.

– Бізді солай жаратса қайтеміз? Ұлтымыздың бір ерекшелігі, алып-ұшпа мінезі жоқ, жаратқан жаратылысымыз салмақты. Бітеу жарадай тұнжырап жүретініміз де қанымызға сіңген әдет болар. Анатолий Засимович, менің осы айтқан сөзім дұрыс па? – деді. Цой директорға қарап сәл езу тартты.

– Жұмыс, жұмыс демей, бір ауық көңілімізді аулағанымыз да жөн шығар. Әншейін айтқан сөз ғой. Әр ұлттың салт-дәстүрі бөлек екенінде дау жоқ. Константин Петрович, шаруаға көшейік: Горбачевтың пленумда сөйлеген сөзін тыңдадыңыз ба? – деді, одан бір жаңалық күткендей арқасын креслоға тақап шалқайды.

– Ия. Менің ойымша, біз күтпеген жаңалық болайын деп тұрған сияқты, – Цой Бахинге қарап кеудесін көтеріп түзеліп отырды.

– Міне, міне, мен де осылай ойлап едім. Бір өзгеріс болайын деп тұр, – деді директор орнынан қопандап барып тынышталды.

– Қалай ойлағанда да сөзінің жаны бар. Шығарған өнімнің сапасына көңіл бөлмей, жоспарды көбейтіп, дікілдеп кеткеніміз рас емес пе? Анатолий Засимович, өзіңіз ойлаңызшы, шетел продукцияны алудан бас тартып жатса, басқа қандай шара қолдануға болады?

– Қайта құру деген үлкен жұмыс емес пе? – деді Анатолий Засимович Цойдан көзін алмай, қолындағы қаламсабымен столды тықылдатқан күйі.

– Менің ойымша, өндірісті бірден тоқтата қоймас. Не істеу керек екенін алдын ала ойластырған шығар, – деді Константин Петрович.

– Біздерге нұсқау келіп жеткенше, жағдай бір жағына шығар. – Директор ойланып қалғандай терезеге қарады.

– Біздің шығарып жатқан продукциямызға сұраныс бар ғой. Қайта құру мәселесі бізге келе қоймас деймін, – деді директордың ойын білмекші болған Цой.

– Қалай болғанда да оқыс өзгеріс болайын деп тұр. Айтпақшы, кеше маған Хоменко келіп, «тез шара қолданбаса, жұмыс тоқтап қалатын түрі бар» деп арыз айтып кетті. Бұл не сөз, осыны түсіндірші? – Анатолий Засимовичтің даусы демде өзгеріп, қатқыл шықты.

– Өзім білемге салып, бәленің бәрін бүлдіріп жүрген партком мүшесі Савельев деген бригадир. Ол нағыз сөзге түсінбейтін қырсықтың өзі ме деймін. Олай оны жөн-жосықсыз жіберуге болмайды, – деді қапелімде не айтарын білмей сасып қалған Константин Петрович.

– Константин Петрович, көп сөздің не керегі бар? Нақты жауабың қандай? – деп Бахин қабағын түйді.

Цой сонда да ойын айтып қалуға тырысты:

– Көрсеткен кемшілікті істегісі келмей, айқай шығарып жүр. Савельевті олай бейбастақ жіберуге болмайды ғой, – деп айтарын айтса да, директорға жалтақтап қараумен болды.

– Ортақ тіл тауып істеуге болмай ма? Шу шығарудың не керегі бар? – деді Анатолий Засимович қабағы түйілген күйі.

– Оған көнетін емес. Бірбеткей, – деді Константин Петрович.

– Олардың осы күнге дейін істеп келе жатқан жұмысы болса, солай істей берсін. Қалай болғанда да жұмыста айқай-шу шықпасын. Константин Петрович, түсінікті ме?

– Анатолий Засимович, жаңа ғана айтқан әңгіміздің өзі сапа жайы емес пе еді, – деді не дерін білмей сасқан Константин Петрович көзінен көзілдірігін алып сүртті.

– Олай болса осыны өзің бақылап, дұрыс жолға қой, – деді Анатолий Засимович.

Директордың қай жағынан шығарын білмей, Цой ішінен күйзеліп, үнсіз қалды.

– Сапаға әлі де жеткілікті көңіл бөліп жатқан жоқпыз ғой, оның несін жасырамыз? Бұл жерде сіздің көмегіңіз ауадай қажет деп білем. Арамыздан сапаны қолға алып бір адам шыққан екен. Оған қол ұшымызды беріп, көмек ете алмасақ, не болғанымыз?! – деді өңі қашып кеткен Цой.

– Константин Петрович бұл сөзіңізді қалай түсінуге болады? Қолымнан келмейді деп тұрғаннан саумысың? Олай болса, орынды босатқаныңыз жөн болар, – деді Бахин оған таңырқағандай қарап. – Мастер бұрын қайда жүр? Жаңа бастап жатқан продукция болса бір жөн, енді көре қалғаны несі? Константин Петрович, осыған жауап берші.

– Анатолий Засимович, қазіргі жағдайды бұрынғы жағдаймен салыстыруға болмайды. Оны өзіңіз де жақсы білесіз. Өткенде дүкеннен сатып алған тоқ диірмен істемейді деп екі адам маған келді. Сонда неғып қарамайсың деп мастерге ұрысып едім. Бұл содан кейін болып тұрған жағдай. Енді оған не деп айтам? – деді. Басқа сөз таппай қиналған Константин Петрович.

– Константин Петрович, мен сені тани алмай тұрмын. «Сасқан үйрек артымен сүңгиді» деген сөзді естіп пе едің? Менен сұрағаның сасқаның ба? Қарамағыңдағы адамға сөзің жүрмесе, қалай жұмыс істеп жүрсің? – Бахин даусы ызғарлы шықты.

Константин Петрович енді бір ауыз сөз қатса, істің насырға шабатынын сезіп, ішінен тынды.

* * *

Оксана Еленамен ойда-жоқта танысты. Көшіп келген жылы Оксанаға осы жақтың суығы жақпады ма, жиі ауырды. Ақыр соңында мұрнына салқын тиіп, дем ала алмай қалды. Берген дәрінің көмегі тимеген соң, ине салдыр деп емдеп жүрген дәрігер кеңес берді.

Еленаның мамандығы дәрігер. Бірнеше жыл невропатолог болып істеді. Москваға алты айлық курсқа барып келгеннен кейін ауруларды инемен емдейтін болды. Бірде Оксана Еленаға ине салдыруға келгенде Муннан айнымай қалған Цойды көргенде таңғалды.

– Бұл кім? – деп, Константин Петрович бөлмеден шығып кеткесін шыдай алмай Еленадан сұрады.

Сұрарын сұраса да, артынан өзі қысылып ақталды:

– Бұрын мен істеген мекеменің директорына қатты ұқсайды екен. Оның да ұлты карис болатын, – дегенде:

– Алексей Иванович емес пе? Білем. Ол кісінің әйелі маған шөбере апа болып келеді, – деп, Елена ескі танысын көргендей қуанып қалған.

Оксана ине салдыруға Еленаға келіп жүрді.

Бірде Оксана Жасжанды көрген қуанышын бөлісуге Еленаның жұмысына барды. Адам болмай кішкене бөлмеде бір өзі елегізіп отырған Цойдың әйелі Оксананы көргенде қуанып кетті.

Елена көрікті әйелмен сөйлесуге құмартып жүргенін білдірткендей, бірден кішкене кесеге кофе құйып берді. Сөзді де өзі бастады.

– Бүгін өзің тіптен құлпырып кетіпсің, – деді жай келмегенін іші сезген Елена Оксанаға.

– Мен де білгендей келген екенмін. Ешкім жоқ, – деп, кофені ішіп болғасын, біреу келіп сөзімізді бөліп қоймасын деп ойлады ма, айтатын әңгімесіне бірден кірісіп, Жасжанмен арада болған жағдайды оған жасырмай айтып берді. – Сенен несін жасырам, жігіттер мені көргенде жүре алмай тұрып қалушы еді. Маған небір жігіттер кездесті. Сенесің бе? Солардың бірі де оған жетпейді. Мен оны әлі де ұнатам. Бірақ ол енді қолға ұстатпайтын сағым болып кетті, – деп көкірегі қарс айрылғандай күрсінді. Үстіне киген сар кофтасының ішкі омырауына төрт бүктеп тыққан беторамалы мен қол сумкасынан алған айнасына қарап, көзінің айналасына жаққан бояуына тигізбей, көзіндегі жасты сақтықпен сұртті.

Оксананың айтқан әңгімесі Еленаға қатты әсер еткені соншалық, бірде мұңайып, бірде күлімдеп, сүйсіне тыңдады.

– Күйеуің біле ме? – деді Елена.

– Жұрттан естімесе, мен ешнәрсе айтпастан үн-түнсіз Бішкектегі апама кетіп қалдым. «Отбасында баланың орны бөлек. Қазір жас болғасын білінбейді. Кейін қиын болады. Әлі кеш емес, үйлен. Мені ойлама» деп барғасын кешірім сұрап жазған хатыма жауап бермеді. Бір жыл өткесін қыстың қақаған аязында келіп, «Маған сен болсаң болды» деді, бар айтқаны. Менің осы күнге дейін жанымды екі нәрсе қинайды. Біріншісі – Сергейге дұрыс жар бола алмағаным, екіншісі – Жасжанның мені сүймейтіні. Бір қызығы, осы жігітке көңілім қалай ауды, солай маған ешкім де ұнамайтын болды. Оның даусы күн демей, түн демей құлағымнан кетпей тұрады. Кейде түр-сипатын көз алдыма келтірсем, күн шуағына бөленгендей кеудемді қуаныш кернейді. Онымен сөйлесіп тұрған кезімде үлкен көзінің ішінен тарыдай кіп-кішкентай кескін-келбетімді көретін едім. Есіме сол да түседі. Ой, несін айтасың! Оған деген жаным бөлек қой. Маған оның жүрген-тұрғанының өзі ерекше әсер ететін. Осыған сенесің бе? Сондай бола ма, айтшы? Ал ол мені иттің етінен жек көретіндей, маған көңіл аударайын деген ниет білдірмейтін. Осы қылығы намысыма тиіп, жылауға шақ қалатын едім. Сондайда көбіне көңіл бөлмеуге тырысатынмын. Шынын айтайын, қанша жабыссам да жігіт маған иіліп, емеурін білдірмеді. Тас мүсіндей қақшып тұрды. Дүниеде еркектің әйелді көзге ілмегені жаман екен. Басыма түскенде білдім. Намысыма тигесін жек көріп кетем деп ойлады. Оным бекер болды. Бірде басына не келгенін білмеймін, құшағына қысып шыр айналып, балаша мәз болды. Құштарлық дегенді қойсайшы, оның осы қылығы жасанды екенін білсем де, менде ес қалмады. Оған аңсарым ауғаны сонша, әйел жолы жіңішке дегенге де қарамай, ұятты қойып,

жігітті бас салып сүйген кезімде әйелі келіп қалды, – Оксана ауыр дем алып күрсінді.

Елена онымен бірге қиналғандай өңі бозарып, сүлесоқ күйде отыр еді.

– Содан кейін не болды? – деді.

– Әңгімені осы жерден бастауым керек еді. Неге басынан бастағанымды өзім де білмеймін. Оны ойламаған жерде жаңа ғана көрдім. Маған жүрек жарар қуанышымды біреумен бөлісуім керек болды. Мен үшін оны көргеннің өзі бақыт қой, – деді. Артистерше қолын сермеп, ұшып тұрып билейтіндей қимыл жасап, орнынан жеңіл көтеріліп қайта отырды.

– Елена, шыныңды айтшы, мен құсап біреуге ғашық болып көрдің бе? – деді Оксана.

Бірден үн қата қоймаған Елена:

– Бәрібір сен бақытты екенсің, – деді. Сол сәтте көзінен шығып кеткен жасын көрсеткісі келмей, жүзін ала қашып орнынан тұрып кетті.

Іштегі шерін кімге ақтарарын білмей жүрген Оксана ойламаған жерде үлкен іс тындырғандай, ішін босатып, көңілі жайланған сәтте Еленаның көзіндегі жасты көріп, бір нәрсені бүлдіріп қойғандай сасып қалды.

– Саған не болды? – деді күйгелектеніп.

Оның сөзі жараның аузына тигендей Еленаны одан сайын қоздырып жіберді. Еңкілдеп жылағаны қалай тез болса, басылуы да солай тез болды.

– Маған көңіл аударма, ештеме де болған жоқ. Болмашыға көңілім бұзылатын әдетім. «Әйелдің күші көзінің жасында» демеуші ме еді. Бізді солай жаратса, қайтеміз? – деп ақталды. – Оксана, сүтпен шай ішкің келе ме? Шай қояйын, – деді. Елена құрбысының жауабын күтпестен орнынан тұрып, стол үстіне газет жайды.

Оксана су құйған ақ шәйнектің желіге қосатын шнурын таппай жүрген Еленаға ішінен қызыға қарады. Сөзге сараң, салмақты әйелді бір көргенде іштарта сөйлегені есіне түсті. Бойы бір тұтам күйеуін көргенде ішінен таңғалған сонда.

Әп-сәтте қайнаған шәйнекті столға қойып, Елена да отырды.

– Шайды ыссылай ішкенді ұнатам, – деді Елена кеседегі шайды бір ұрттап, үстіндегі халатын шешіп, жардағы шегеге ілді.

– Әйелдің өмірге өкпесі көп, – деді Елена көңілі жабығып. – Себебі әке-шешен бағып жетілдіргеннен кейін тұрмысқа шығып, күйеуінің торына түседі. Сонан соң қанша оқыдым, тоқыдым десен де үй шаруасы мен бала бағу міндеті мойынға ілінеді. Бірақ мен осының бірін де істемедім десем де болады. Әке-шешем төрт ер баладан кейін туған жалғыз қызы болғасын ба, бетімнен қақпай өсірді. Мені ағаларым да еркелететін. Содан ба, ерте есейдім. Жетінші сыныпта оқып жүрген кезімде менен екі жас үлкен бір жігітке көзім түсті. Ол болса мені тіптен кішкентай көре ме, көрген жерде сөйлеген сөзімді естімегендей бұрылып кететін. Бұл еркелікті қойсайшы! Оның осы қылығы жаныма қатты батқаны сонша, өзімнен-өзім қорланып, сондағы жылағаным әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Әке-шешем неге жылағанымды түсінбей, асты-үстіме түсіп бәйек болды. Бармаймын дегеніме қарамай, дәрігерге апарып көрсетті.

Ол менен қашқан сайын одан сайын ерегесіп, қайда барса да соңынан қалмадым. Содан бір күні қармағын алып, ауылдың шығыс жағында алты шақырым жердегі өзенге бара жатқанын көріп, соңынан ердім. Мектепте оны Нәди деп атайтын. Орта бойлы, бұйра шашты, қыр мұрнының ұшы біздей татар бала еді. Маған соның бір көргенде тесірейген кішкене көзінің билеп тұрғандай ойнақшып тұрған қарашықтары ұнады. Кездескен жерде ерекше жаратылысына таңырқап, жанарымды әкете алмай, қызыға қараушы едім. Артынан бір түсініксіз ұшқалақ сезім баурап алғанын бір-ақ білдім. Бұл жолы Нәдиге көрінбеуге тырысып, денемді жырған шөпке де қарамай, жолсыз жүрдім. Таяу жерден гүрілдеп су ағып жатыр. Міне, бір ән естілді. Үні таныс сияқ-

ты. Жапырақтардың арасынан сығалап қарасам, ән салған Нәди екен. Иығынан қармағын алып, судың жағасына отырды. Нәди өлеңін айтып болғасын беті-қолын жуды. Оңған көк көйлегінің жеңімен сүртінді. Күнге күйіп қарайған қолымен су алып, ұзақ ішті де аяғын тізесіне дейін жуып, жұпар иісі аңқыған көгалда жатты. Жанындағы кішкене бір гүлді жұлып алды да, иіскеп лақтырып жіберді. Әлі ашылмаған көк бүрік, жас әрі ірі гүлдер айнала жыпырлап тұр. Олар күн нұрына шағылып, жарқырап жайлап қана жанған шам сияқты көрінеді. Жел жоқ, бір шөптің басы қимылдамайды. Солған кішкене жапырақтар кейде сыбдыр етіп жерге түседі. Нәди бір нәрсені ойлап жатыр ма, не қалғып кетті ме, әйтеуір үндемейді. Ол алыс бір жаққа көз жіберіп, тағы татарша әнге басты – ашық қуанышты үнмен баяулата салды.

Бұрын оның ән айтатынын білмеуші едім. Нәди әнді керемет салады екен. Дүниеде түсініксіз зат көп қой. Мектептегі үйірмеге неге қатыспай жүргеніне таңғалдым. Бұдан әріге шыдамым жетпеді. Басқан аяғымның дыбысын білдіртпей қасына жақындадым. Ол мені көрген мезетте көзі ұясынан шығып кететіндей шақшиып, әншейінде ойнақшып тұратын көзінің қарашықтары бір орнында қозғалмай қатты да қалды. Ашуы терісіне сыймай, сұры қашып кеткен. Сондағы менің қорыққаным-ай, өзінен-өзі дізем бүгіліп, жерге қалай құлағанымды байқамадым. Көзімді ашсам, Нәди шашымды сипап отыр екен. Ыстық алақаны бетімді жанап өткенде, денем тоқ ұрғандай дір етті. Не екенін түсінбей жатқан жерімнен ыршып тұрдым.

Ол маған бір нәрсе айтқысы келгендей шегір көзінің қарашықтары жылтындап күлді.

Мен одан көзімді ала алмай бақырайдым да қалдым. «Бұл жерде не істеп жүрсің?» деді таңданған Нәди.

Менде үн жоқ. Жауап қайтаратын шама жоқ. Өзіме өзім келе алмай тұрғанымды кеш түсіндім. Енді кеш еді.

Нәди жерде жатқан қармағын алып келген жолымен ауылға қарай бет алды.

Соңынан ілбіп мен де жүрдім.

Ол аяғын тез-тез басып ұзай берді.

Өстіп жүргенде болымсыз жылтыраған үміттің өзі де сөнді. Неге екенін білмеймін, кейін оны көргім келмей кетті. Оған себеп: менің одан тауым шағылып, әбден күдер үзгенімнен шығар. Кенеттен пайда болған жүрек лүпілі кенет басылды. Бірақ оның салған әні құлағымнан біразға дейін кетпей жүрді.

Алғашқы менің нәзік сезімім осылай аяқталды, – деп Елена күлді.

– Содан кейін оны есіңе алған жоқсың ба? – деді Оксана.

– Әбден торықсаң, өзің де жалығып қояды екенсің. Көпке дейін есімнен шықпай жүрді. Нәди маған қатты соққы болып тиді. Көңілім құлазып, ешкімге керегім жоқтай алып-ұшпа сезімім суып, ұшқалақ ойдан арылдым. Былайша айтқанда, есімді жидым. Бірақ бұл да көпке бармады.

Елена шәйнекті қайтадан қайнатып әкеліп, екі кесеге шай құйды.

– Екеумізге бір нәрсе жетпей тұрған сияқты, – деді Елена сұраулы жүзбен Оксанаға қарап.

Оксана оның ойын бірден түсініп:

– Жұмыста отырғасын айта алмадым. Әйтпесе үйге барып әңгімелесіп отырғанымызда көңілді болатын еді, – деді Оксана.

– Бір ауық осындайда көңілді көтеріп қоймасаң, қалың ойдың шырмауына түсіп, еңсең түсіп кетеді, – деді де, – тоғызыншы сыныпта оқып жүрген кезімде жігіттер маған көз қиығын салатын болды. Бойым да өсті, – деп Лена кеседегі шайын ішті. – Бір күні қасымда отыратын құрбыма да айтпай, есеп пәнінен кетіп қалдым. Сабақтан кетерімді кетсем де, үйге барғым келмеді. «Неге ерте келдің?» деп тергейтінін білем. Ондай сұраққа жаным қас. Ешкімге көрінбей, мектеп-

тен шықтым да, көшенің шетімен де емес, ортасымен, ауылдың іргесінде ағып жатқан суға қарай жүрдім. Суы тайыз болса да балығының көптігі сонша, жыпырлап, көзіңді қызықтырмасқа қоймайды. Су бетінде жүзеді. Оны балалар үстіндегі көйлегін шешіп сүзіп алады. Үлкен кісілер балықты қуып жүріп шанышқымен шаншып ұстайды. Маған балықтардың қылығы қызық. Бірде үріккен қойларға ұқсап дүркіреп қашса, енді бірде жайбарақат жүзіп келе жатып кілт бұрылады. Ал енді бірде қалғып кеткендей қыбыр етпей тұрады. Менің қызықтайтыным басқа, ағып жатқан өзеннен бөлініп қалған кішкене көлшік су. Айналасы біреу қоршап қойғандай ну қамыс, оймақтай дөңгеленген судың беті айнадай теп-тегіс, түсі қап-қара. Әсіресе күн сәулесі шашыраған шұғыласы керемет! Гауһартастай жалт-жұлт ойнайды. Еріксіз еліктіреді. Маған бұл жерден басқа әсем көріністің керегісі жоқ. Неше түрлі құбылысқа толы табиғаты тамаша. Жел суылдаған кезде қамыстар шулайды. Талдар бұралып тербеледі. Айнадай жылтыраған судың бетіне ұсақ иірімдер пайда болады. Мен өзімді бойжеттім деп санасам да ешнәрсені ойламайтын бақытты балалық шағымды қызықтап, бір ауық сужыландарды қолыма ұстап, итбалықты аузына тосам, бақаның құрылдаған даусын тыңдаймын. Осылай әр нәрсені бір қызықтап отырғанда кеш болғанын да байқамай қаламын.

Бұ жолы көлшікке жете алмадым. Жанымнан ағызып өткен машина тормозын басып кілт тоқтады. Мектепті бітіріп оқуға түсе алмай қалған біреудің жалғыз баласы Тима екен. Аузынан темекінің түтінін бұрқыратып, кабинеттен шықты.

– Елена, мына арғымаққа мінгеніме үш күн болды, – деп, мені етене танысындай сөйлеп, бірден жаңалығын айтты. Қуанышында шек жоқ. Екі езуі құлағына жетіп мәз болып тұр. Әншейінде бажырайған көзі де жарасым тапқан. – Отыр қыдыртайың, – деп, темекінің тұқылын аяғымен езіп тастады.

Менің аңсаған арманымның үстінен түскендей айтты. Машинада отырып қиялмен бірге құстай ұшқанға не жетсін?! Бір ауыз сөз қатпастан сумкамды қолына ұстата салдым.

– Өтінішімді қабыл алғаныңа өте қуаныштымын, – деді. Желкесін қасып, машинаның алдыңғы есігін ашып ілтипат жасады.

Мен ойлағандай болмады. Машина айдауды жөнді білмейді екен. Мас адамдай қисалаңдап жүрісі өнбеді. Жүйкем шиқандай ашып, жыным қозып кетті.

– Машинаны тоқтат! – Оқыстан даусым қатты шықты.

Түкке түсінбеген Тима жыпылық қағып маған қарады.

– Неге?

Машина тоқтаған кезде:

– Алдымен айдап үйреніп алмайсың ба? – дедім, өзімнен-өзім қыстығып.

– Сол ма?! – деді.

Тима қарқылдап күлді.

– Шамасы, ішің пысқан ғой. Машинаны жүргізе алмай келе жатқанымның себебін айтайын ба? – деді, сұраулы жүзбен маған қарап.

– Ия. – Тиманың шашыла күлгеніне қатты қысылып, даусым зорға шықты.

– Қасымда нұрын шашып, бүлдіршіндей құлпырып жәудіреген көз отырса, қалай айдайм?.. Менің орнымда сенің де күнің күн болмас еді. Осы жүргізгеніме шүкіршілік ет. Өзімнен-өзім қысылып, азап шегіп келе жатқан жағдайымды білсең, бұлай айтпас едің, – деді. Өзі көзі жәутендеп маған қарап күліп тұр.

Жаныңды жадырататын сөз айтқасын еріксіз күліп жібердім.

Екеуміз жарыса күлдік.

– Олай болса, қорықпаймын деп уәдеңді бер. Айдағанның көкесін көрсетейін саған, – деді, Тиманың қуанған даусы қатты шықты. Алақанын ысқылап алды

да педальды басты. Бірден орқоянша ырғып зырғи жөнелді. Шкала жүзді көрсетті. Одан жүз жиырмаға жетіп барды. Көзімді жұмып қайта қарасам, жүз отыз беске тұр. Машинаның доңғалағы асфальт жолдың әр жеріне бір тиіп ұшып келеді. Бір жақсысы, жол ашық. Ұшқанда қарға көрінбейді. Иесіз дала көсіліп жатыр. Төбеңнен күннің көзі шақырайып күлімдейді. Сусып ескен желдің гуілі мен мотордың дыбысынан басқа құлаққа ештеңе естілмейді.

Тима жолдың ой-шұқырына да қарап жатқан жоқ. Ол қорқудың не екенін білмейтін сияқты. Педальды басқан сайын доңғалақ одан сайын шыр айналып, мотор гүрілдеп ышқына түседі.

Мен енді көзімді жұмып, айналама қарамауға тырыстым.

Жаңағы қорыққанымның бірі жоқ. Көз алдымды қараңғы түн орап алғандай ұйып тұр. Машина тербеп келеді. Мызғып кетсем керек, көзімді аштым. Машина да тоқтады.

– Шұқыркөл ме?! – дедім таңырқап.

– Дәл өзі. Бұрын келіп пе едің? – Тима сұраулы жүзбен маған қарады.

– Құс көрсетем деп әкем алып келген. Бұл жерде құс көрінбейді. Неге? – дедім.

– Жолдың бойы болғасын адамдар тыныштық бермейді. Құстың базары сонау көкжиек жақта, – деп қолымен терістікті көрсетті.

– Бұл жерге неге келдің? – Әлденеден секем алғандай жүрегім қобалжығасын сұрадым. Ешнәрсеге мән бермей, машинаға отыра салғаным әбестік екенін сезіп, бетімнен отым шығып, сондағы ұялғаным-ай.

– Екі сағат жүрдік, аз ба? Машинаны айдап келе жатқанда рөлді игере алмай қалам ба деп сөйлегенде де қорқып отырдым, – деді.

Тима кабинадан шыққан бойда темекі тартты. Сосын машинаның артын ашып, төрт бүктеулі кішкене текеметті алып жерге жайды.

– Елена, текеметті сен отырсын деп жайдым. Әйтпесе маған мына жайқалған көк шөп те жарайтын еді, – деді.

Бұрын сөйлесіп біліспеген жігітпен сөз де жараспайды екен. Кеудем өкініштен жарылардай болып, сондағы опынғанымды саған сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Бәрі есейдім деп жігітпен кездескенді қызық көріп, есіргеннің кесірі, бетімнен қақпай еркелетіп, бейбастақ кеткенімнің кесірі деп өзімді-өзім сөктім.

– Судың жағасына демаланғанды жақсы көрем. Самал лебі жанға жайлы жұп-жұмсақ, – деді. Тима ұшқан құс көрінбейтін айдалаға көз жүгіртті. – Ғалымдардың айтуынша, ағаштардың арасы мен су жағасының ауасы таза болады екен, – деді.

Басында бір үндемей отырып қалсаң, сөйлеуге зауқың соқпай қалады екен. Менде сондай жағдай болды.

Менде үн жоқ. Әлі де өзіме-өзім келе алмай тұрмын.

Тима маған бірдеме айтқысы келгендей жалтақтап қарай берді. Ақыры шыдай алмады.

– Аздаған тамақ бар еді, алып келейін, – деп жүре сөйлеп машинаға барды.

Газеттің үстіне шұжық, қолдан істеген ірімшік, майға пісірген тоқаш, шақпақ шекер, қаймақ қойды. Термоспен шай келді. Соңынан шампан әкелді. Бірақ мен жақсы көретін конфет болмады.

– Осы тамақтың бәрі машинада болды ма? – Көңілім шайдай ашылып, таңғалған түрмен Тимаға қарадым.

– Енді қайда болушы еді? – деп, Тима жатты да күлді. Ақыры өз күлкісіне шашалып жөтелгенде көзінен жас шығып кетті. – Сізге арнайы үйден алып шыққан дәм бұл, – деді, біреу қуып келе жатқандай асығып.

– Өзіңіз өтірік айтуға шебер екенсіз ғой. Мені дұрыс білмейсіз де ғой, – деп Тимаға бажырайып қарадым.

– Айтсам сенбейсіз ғой, – деп күлді. – Түс көрдім. Екеуміз су жағасында тап осылай отырмыз. Бұрын көрген түсім айнытпай келетінін білуші едім, таңертеңгі шайды ішкесін жолға алатын тамақты дайындадым. Түсімде көргенім айнытпай келді ғой. Рахмет, Елена! – деді Тима.

Ол ойдан шығарып айтып тұр деп ойладым.

– Тима, жанаспайтын сөзіңе сенетін мені бір кішкентай дейсің бе? – дедім.

– Солай ма? – Тима мені жаңа көргендей тесіле қарады. – Сізбен танысқанымға өте қуаныштымын, қысылып-қымтырылмай тамақ алыңыз, – деді сөзіме мән бермегендей.

Тима қағазға ораулы екі стақанның ішін термостағы шаймен шайып, шампан құйды.

– Жаңа ғана өзің кішкентай емеспін дегенсің. Ендеше бұл ашыған көженің суы, – деп стақанды қоярда-қоймай қолыма ұстатты. Сосын алдыма қойған кесеге шай құйды.

– Барымызбен базар болып отырайық. Бұрын сізді сыртыңнан көріп жүр едім. Көрген сайын... – деп Тима сөзін кілт үзіп жіберді.

Оның сөзі маған айдалаға жетелеп бара жатқандай түсініксіз әсер қалдырды. Содан ба, білмеймін, айта алмай қалған жылы лебізіне қарадан-қарап көңілім көтерілді.

Алғашқыда танымайтын жігіттің қасына қалай отырғанымды байқамай қатты қысылған едім. Машинада сөйлеуге зауқым соқпай, көңілсіз болғаным да содан еді.

– Сөзіңді аяқтамайсың ба? – дедім күліп.

– Қалай айтсам екен? – деп менің күлгендегі жүзіме таңырқағандай сүйсіне қарағанын көріп төмен қарадым.

– Мен әлі сізді жақсы білмеймін ғой. Қай жағынан шығам деп айта алмай күмілжіп тұрғаным... – деді Тима.

– Ендеше, өзіңіз біліңіз. Көмейіне келіп тұрған сөзді іркітіндей сондай жасық па едіңіз? – деп әдейі тиістім.

– Елена, сөйлеген сөзіңізге қарап жүрексініп тұрғанымды мойындаймын. Сізге сөйлеген жарасады екен. Жүзің құлпырып кетеді. Енді тіл табысып, үйлесіп ке-

терміз, – деп күлгенде ар жағында айта алмай тұрған сырын білдіріп алғандай екі бетінің ұшы қызарып кетті.

– Жалтармасайшы. Не айтқыңыз келді? – деп айтпасына қоймай ерегесе түстім.

– Менің әлі де болса батылым жетпей тұр, – деп Тима шынын айтты.

– Ұялатындай ерсі сөз бе?

– Жоға-а! Бұл сөзді оқушыға айтуға болмайтын сияқты. Содан қысылып тұрмын, – деді.

– Онда неге алдын ала ойланып алмадыңыз?

– Еркімнен тыс күш өзімді билетпей қойса қайтем?.. – деді төмен қарап.

– Олай болса, несіне іркілесің? Жігітке жасықтық жараспайды. Біліп қой оны, – деп Тиманы одан сайын қыспаққа алдым.

– Мені қызартпашы. Қазір емес тек. Кейін айтам. Мына шампанды неге ашқанымды білесің бе? – деп жауаптан қашқақтады.

– Саған өкпелеп қалдым, – дедім төмен қарап.

– Елена, бір сапарға кешірші мені. Енді сізді ренжітпеуге тырысамын, сөз берем, – деді. Бажырайған көзінің қарашықтары ойнақшып күлімдегенде жүзі тым сүйкімді болып кетеді екен. Өңімде көрмеген құбылыс еді. Ол мені арбап тұрғандай қайран қалдырды.

Тима тост айтқысы келгендей стақанды қолына алды.

– Елена, менде ұсыныс бар. Осыны арақ ішетін ішкіштерге ұқсап, кеңірдегімізді созып сөйлемей, лимонад ішкендей ішсек қайтеді? – деп, қылық еткізіп жұта салды.

Бұл мені ішкізу үшін ойлап тапқан амалы екенін ішім сезді. Бірақ ағаларымның туған күнінде шампан ішкенімді ол қайдан білсін.

Осыдан кейін екеуміз кездесіп жүрдік.

– Мені сүйген алғашқы жігітім әсте есімнен кетпей, өмір бойы санамда сары майдай сақталып, ең асыл дүниемдей бағалап жүретін жастық шағымның нәріне балап, мәңгі есімде қалады деп ойлайтын едім. Қоламта-

дай ыстық табы жүрегiнiң түкпiрiнде орын теуiп, өзiммен бiрге көлеңкемдей iлесiп, әр кез қиналған сәттерде күннiң шуағындай шапағатын шашып, көз алдымнан кетпей тұрады деп санаушы едiм. Тимаға ақ көңiлiммен ағымнан жарылып сенгенде, көкiрегiмдi өкiнiш жайлап, қапыда қалам деген ой болды ма? – дедi Елена күрсiнiп. – Сүйтсем, менiкi әшейiн дәмi жоқ, татымы жоқ құр қиял екен. Ойлағаным құр қиял болып шықты. Ол мен күтпеген орны жазылмас жара қалдырып, дегенiне жеткен күнi көзге көрiнбей кеттi. Соның кесiрiнен туған баламнан Тиманы көргендей жиiркенiп, әке-шешеме бердiм. Қазiр де солардың үйiнде. Бiрақ ол баласы барын бiлмейдi.

– Күйеуiң баланы бiле ме? – Оксананың да көңiлi бұзылып зорға сөйледi.

– Кездесiп жүргенде айтқанмын.

– Содан кейiншi?.. – дедi Оксана.

Жiңiшке қабағы сәл жиырыла қалған Елена Оксанаға сұраулы жүзбен қарап:

– Содан кейiнi қалай? – дедi.

– Бала жайында сөз қозғап, ренiш тудырмай ма? Пендешiлiкпен сөйлеуi мүмкiн ғой, – дедi Оксана.

– Алғашқы кездерi келiсе алмай жүрдiк. Басында бiрден айтпап па едiм. Несiн қозғай бересiң деп, қайырып тастағасын, кейiн онысын қойып кеттi. Бiрақ iшiнен тынып жүрген шығар, кiм бiледi. Ол жағы, әрине, жұмбақ. Бұл ешнәрсе емес-ау. Константин Петровичке ойланбай тұрмысқа шығарымды шықсам да, оған көндiге алмай бiраз жүрдiм. Сонда бет-аузымды күнде бояп, барымды киiп үн-түнсiз үйден шығып кететiн едiм. Оның мiнезi ауыр ғой. Бiр қызығы, қайда бардың деп сұрамайтын. Люса бойыма бiткенде барып жүрiсiмдi тоқтаттым, – дедi Елена.

– Алданышың бар, жақсысың ғой, – дедi Оксана мұңайып.

– Бiраз әңгiме айтып iшiмiздi босаттық, – дедi Елена Оксананың көңiлiн аулап сөзге тартқысы келiп.

Оксана көзіне келіп қалған жасты байқатпай бет-орамалымен сұртті. Көңілі бұзылып, мұңайғаны да бір сәтте тарап:

– Өмірде астамдық жасауға болмайды екен. Соған менің көзім жетті, – дегенде ақшыл жүзіндегі күйзелістің ізі де қалмай, үні жайдарлы шықты. Бұны Елена да аңғарыпты. Оны жаңа көргендей жұқалтақ ерні сәл ашылып, таңырқай қарап қалды.

– Жастықтың құмарына қанбай, алаулаған жалынның ортасында жүргенімде не істеп, не қойғанымды білмедім. Дүние шіркін көз қарықтыратындай құлпырып, көз алдында жайнаған сәтте есерленіп, өзіңе есеп беруден қалады екенсің. Ондайда өзіңнен асқан бақытты адам жоқтай санайды екенсің. Сондай кез менің басымнан өткен. Енді оны айтып не керек. Кінәлі өзім. Мен де құрсақ көтердім. Бақытыма сыйғыза алмай, алдыртып тастамағанда бүйтіп қу бас қалмас едім. Бүйтіп еңіреп жыламас едім. Бүйтіп мұң-шермен күн кешпес едім... – деді, даусы бұзылып.

Әлі де екеуі біраз әңгіме айтып, құлақ құрышын қандырар ма еді. Телефон шылдырлаған кезде қолындағы сағатына қараған Оксана:

– Әңгімемен уақыт қалай тез өткен, он бірде келіп едім, сағат үш болыпты! – деп таңғалды.

* * *

Күндер өтіп жатты. Бір жаңалық болады деп күтіп жүрген Леша да Векантий Алексеевичке түсінбей, ішінен таңғалып жүр. Есеновпен екеуінің арасындағы жағдай күннен-күнге ушықпаса өзгерген жоқ. Ендігі бұрынғы Савельев болса, Жасжанмен арадағы жағдайды бір жағына шығаратын кезі келген. Оның бұлай тыныш жүргені жұмбақ оған. Қанша бұлқынып қоқиланса да, Есеновке күші жетпей қойған сияқты. Олай деуге де қисыны келмейді. Олар көп емес пе? «Көп түкірсе – көл» деп бекер айтпаған. Қазір Савельев нанға

өкпелеген балаға ұқсап ешкіммен сөйлеспейді. Бір қызығы, оның қас-қабағына қарап бригадағысындағы адамдар да ауыздарына су толтырып алғандай жүреді. Бір нәрсе сұрасаң, жауап қатпайды. Сонан соң цехтың ішіне кіруге де ыңғайсызданып бармай жүр. Барса да олармен сөйлеспей, басқа бригадаға қарай өтіп кетеді.

Леша Жасжан десе ішкен асын тастауға бар. Неге екенін өзі де түсінбей, бүйрегі бұрып тұрады. Сірә, бұрыннан бірге істесіп, сырын жақсы білгесін шығар. Басында бұлармен байланыспа деп бар білгенін айттып, алдын ала сақтандырғаны да содан. Бір өзі оларға не істей алады деп, ішінен оны аяйтын. Цой болса басын сағаттап бір ауыз сөз айтуға жарамай отырғаны, Есеновтің бірбеткей, айтқанынан қайтпайтынын сөйлескенде байқаған болар деп өзінше жорамалдап қойған.

«Екі таудың ортасында шыбын өледі» дегеннің кері өзінің басына келген Леша да не істерін білмей қиналып жүр. Юрий Алексеевич те Жасжанмен сөйлескенін ұнатпағандай қырын қарайтынды шығарған.

Ақыры Жасжан айтқанын істетіп, цехтағы контейнер толы пластинканы пайдалануға рұқсат бермеді. Сондағы Хоменконың жынданып кетуге шақ қалған түрін көрсең, Цой мен бас инженердің кабинетіне шағымданып барғанда таба алмай, екі арада сенделіп күні бойы жүрді де қойды. Олардан нәтиже шығара алмаған соң Жасжанға барды. Оның бұдан басқа амалы қалмаған да еді. Леша ол келгенде кабинеттің ортасында қолын шалбарының қалтасына салып тұрған. Юрий Иванович оны көргенде бірден қаны басына шауып, жыны қозып кетті.

– Понимаешь, мұнда неғып жүрсің? Жөні дұрыс технолог болса, Векангий Алексеевичтің бригадасымен бірге ойласып, тығырықтан шығатын жолды іздестірер еді ғой. Әлде сенің ешнәрсеге басың ауырмай ма? – деп, ұратын адамдай қасына жетіп барып, үстіне төне түсті. Әшейінде ешкімге ұпайын жібермейтін Леша

өз кінәсін білді ме, бір ауыз сөз қаптастан есікке қарай бұрылып жүре берді.

– Есенович, бір сапарға кешірсең болмай ма? Ана пластинка толы контейнерді пайдалануға ұлықсат етсейші, – деп, бірден шаруасын айтты.

– Бүйтіп маған келетінің бар, неғып бастыққа бардың? – деді Жасжан алдындағы қағазына қараған күйі.

– Понимаешь, онда тұрған не бар? Ол сенің бастығың емес пе? Көмек сұрап бардым. Болмай ма? – деді, демде момақанси қалған Юрий Иванович.

– Олай болса, кеш. Бастық саған көмектеспегенде, мен қалай көмектесем? – деді Жасжан.

– Түсінбедім?.. – деді. Бұны ол сөзге тартып жібітпек оймен әдейі айтқан.

– Бұл түсінбейтін шешуі қиын есеп емес қой. Бастық көмектесе алмағанда, мен қалай көмектесем? Өзің ойлашы. Цой маған айтса, мен онда бұлжытпай орындайтын едім, – деді Жасжан босқа жеккөрінішті болғысы келмей, әдейі өзінен ысыра салды.

Ол мұны бірден түсінді.

– Понимаешь, осыны Цоймен ойласып істегендей сөйлейсің. Ол бұл жайында ешнәрсе білмейді. Менен естіді. Үйтіп бұлаң құйрыққа салмасайшы, – деп Хоменко күйіп кетті.

– Юрий Иванович, алдымен менің сөзімді дұрыс тыңдап алыңыз. Сосын айтыңыз, – деп қайталады. – Цойға барып айтпағанда бір сапарға кешіретін едім. Енді кеш, – деді, Жасжан сөз бітті дегендей қайта алдындағы қағазына үңілді.

– Есенович, сенімен бірге жұмыс істеу мүмкін емес. Соған енді көзім жетті... – Хоменко ашуға булығып, сөзін аяқтай алмады.

– Сонда сенің айтқаныңмен жүруім керек пе? – деп Жасжан, Юрий Ивановичке көзін ақшитып сес көрсетті.

– Сен мені қолайсыз жағдайға қалдырып отырғаныңды білесің бе? – деді сабасына түскен Хоменко.

– Маған сонда не демексің? Көрсен де көрмеген болып, көзді жұмып жүре бер демексің бе? Өткенде екі диірмен үшін Цойдан алған сыбағам да жетер, бұдан былай ондайды болдыртпау үшін шығарған продукцияның бүге-шігесіне дейін тексеремін. Юрий Иванович, бұл ештеңе емес, айқайдың көкесін алда көресің. Жай әншейін айта салған сөз деп ойлап қалма. Шын сөзім, бұрынғыдай кеңшілік енді болмайды. Біліп қой оны! – деді Жасжан сөзін шегелегендей нығырлап.

– Бұл принциппен алысқа бара алмайсың. Сен де біліп қой. – Оның бірден қушық маңдайы жиырылып: – Понимаешь, біз көппіз, одан сенің хабарың бар ма? – деді, ашуы терісіне сыймай кеткен Хоменко Жасжанды қорқытқысы келгендей, даусы ызғарланып шықты.

Есенов одан сайын ерегесе түсті.

– Ондай күшің бар екен, онда неге конструкторларға сызбаны өзгерткіздірмейсің? Маған құжат керек. Оны сен менен жақсы білесің. Сонда пластинканы қолдануыңа болады, – деді, Юрий Ивановичтен көзін алмай қараған Жасжан.

Хоменконың жанды жеріне тиіп кетті.

– Есенович, енді мені мазақ еткенің қалып еді, – деді не айтарын білмей ызаға булыққан Юрий Иванович қолын сермеп.

– Мазақ еткен бе? Ең оңай әдіс осы, – деді Жасжан олай істеу мүмкін емес екенін білсе де, әдейі қытығына тию үшін айтты. – Жаңа ғана осы заводта «біз көппіз» деп ұлтшылдығыңды білдіріп, бөліне калған өзің емес пе?

Хоменконың өмірінде қиналғаны осы шығар. Беторамалымен маңдайының терін сүртіп, бойы бүгіліп, шарасыз күй кешті.

– Понимаешь, сен маған ренжіме, мен бұлай қалдыра алаймын. Анатолий Засимовичке барам, – деді Хоменко ашудан түтігіп.

– Баратын жеріңе менен сұрап барып жүргендей, оны маған несін айтасың? – деді Жасжан әдейі қытығына тиді.

Есеновпен келісімге келе алмайтынына көзі жеткен соң, Юрий Иванович қолын бір сілтеп шығып кетті.

* * *

Келесі күні түстен кейін Жасжан орнынан тұра бергенде кабинеттің есігін шалқасынан ашып тастап Савельев кіріп келді. Оның қашанда бір күйден арылмай, қоңыр түсті селдір қабағы кіржиіп, өкпелеген баладай жүретін әдеті. Бойын тік ұстап, аяғын маң-маң басып асықпай сөйлейді. Векантий Алексеевичті білмейтіндер менмендігі мен түр-сипатына қарап, әпербақан біреу деп ойлап қалуы да мүмкін. Қалай айтқанда да ол өз есебіне толық адам екенін сөйлеген сөзінен байқау қиын емес.

Савельев ұратын адамдай кабинетке екпінмен кіріп келді де, орнына қайта отыра берген Жасжанның қарсы алдына тұра қалды.

Оның көзі от шашып, ашуға әбден мінген еді, қабағын түйіп алған ызғарынан су қатқандай. Ешкім бетін қақпай, әбден еркінсіп кеткен заводтың еркетотайынан бәрін күтуге болатынын Жасжан білетін. Түрін көргенде іші мұздап қоя берді. Басына қатер төнгендей састы. «Не істеу керек?» Алғашқы көкейіне қонған сұрақ осы болды. Көңіліне үрей қонса да сыр білдірмеуге тырысты. Күш көрсете қалса, қапыда қалмайтындай еденге аяғын тіреп ыңғайланды.

Векантий Алексеевичте әлі үн жоқ, қаққан қазықтай қақшиып тұр.

Уақыт өткен сайын оның әлгіндегі өңі өзгеріп, райынан қайтып бара жатқан сияқты. Бірақ қатқыл қабақтың астынан кішкене көкшіл көзі тесірейіп, «отырған жеріңде не істейін» деген кісіше Жасжанның тұла бойын тіміскілеп тұрған түрінде өшпенділіктің ізі қалғандай.

Жасжан шыдай алмады.

– Не болды? Менің жолымнан қалдырмай келген шаруанды айтпайсың ба? Жаудың бетін қайтарғандай екпіндеп келдің, жайшылық па? – деді кекетіп.

Өркөкірек өзімшіл бригадир Жасжанның сөзіне күйіп кетті. Қақ маңдайдан бір қоюға сәл қалды. Зорға шыдады.

– Өзің бәрін біле тұра, несін сұрайсың? – деді, бригадир зілді дауыспен.

– Келген шаруанды өзің айтпасаң, мен қайдан білем? – деді Жасжан.

– Қашан бізді мазалағаныңды қоясың? Бұлай жұмыс істей алмаймыз, – Савельев әлгідей емес, ызғар шаша тістене сөйледі.

– Сен маған жаңылысып келіп тұрсың. Бұл сөзіңді маған емес, басқа жерге, былайша айтқанда, цех бастығына болмаса жоғарыда отырғандарға айтуың керек. Менің білетінім, мына қағаз, – деп саусағының ұшымен алдында үйіліп жатқан сызбаларды көрсетті.

– Үйтіп білгішсіме. Сол көрсеткен сызбаңмен біздер қанша уақыттан бері жұмыс істеп келе жатқанымызды білмейсің? Білсең, бұлай істеуге арың жетпес еді, – Савельев әйелдерше ернін шүйіріп мырс етті.

– Менің арым – мына сызбаның ішінде не сызды – сол. Басқаны білмеймін. Болмаса сызған сызбаны өзгерткіз. Күшің жете ме оған? – Жасжан Савельевке бағжия қарады.

– Мен не деп барам? Олардың жіберген қателерін түсіндіріп, жөндеткізетін сенің жұмысың, – деді бригадир шытынап.

– Ондай кемшілігі болмаса ше? – деді Жасжан мырс етіп.

Жауап қайтара алмай тұтылып қалған Савельев:

– Одан да жұртқа өзімді көрсеткім келеді десейші, – деді, менмен жүзі жығылып сәл жұмсарғандай болды.

– Жоқ. Олай ойлайтын сен шығар. Мен жұмысымды адал істегім келеді. Бос сөздің не керегі бар?

– Бір өзің бұрын болмаған жаңалық ашып жатқан жоқсың ба? Осыны өтірік деші, – деп бригадир езуі бір жағына қисайып мырс етті.

– Бір жерден кеткен қатенің кесірінен істеген ісіңнің бәрі бүлінетінін білесің бе? Шығарып жатқан заттарымыздың сапасыз шығып жатқаны да содан. Өткенде Горбачевтың не дегенін естідің бе? Біздің шығарып жатқан өнімдеріміз сапасыз болғандықтан, шетелдер алмай жатыр. Себебі техникамыз заманымыздың бүгінгі талғамына сай келмейді. Өндіріске қайта құру жасауымыз керек деген жоқ па? Шығарған өнімнің сапасыз екенін менен жақсы білесің. Маған қай бетіңмен келіп тұрсың, соны айтшы? – деді Жасжан, қабағын шытып.

– Жасжан Есенович, не болса соны желеу етпесейші. Ол сөздің бізге қатысы жоқ. Біздің тауарымызды алып жатыр. Одан да маған тоқетер сөзіңді айтпайсың ба? Жұмыс тоқтап қалды, – деп, Савельевтің дауысы жұмсарғандай болды.

– Менің жауабым біреу: істеген жұмыстарың сыздағымен сай келсін, басқа айтарым жоқ, – деді Жасжан.

– Бұдан сен жақсылық таппайсың, менің осы сөзімді ұмытпа! – Векантий Алексеевичтің дауысы сызданып шықты.

– Сондағы ойың не? Жұмбақтамай айтсайшы. Мүмкін ақылыма кірермін, – деді, Жасжан кекетіп.

– Мен сені аяп тұрмын. Бірақ сен аяуға тұрмайсың! – Ызадан булығып кеткен Савельев Жасжанды ұратындай жұдырығын түйіп алды.

– Сенің бұндай да қоқан-лоққың бар ма еді? Онда біліп қой, мен де талайды басымнан өткізген адаммын, – деді Жасжан Савельевке ашулы жүзбен алара қарап.

– Екеуміз бір-бірімізді енді жақсы түсінген сияқтымыз. – Күйінішті үнмен жылусыз жымиды да, – Мен айтарымды айттым, – деп, Савельев сызданған күйі есіктен шығып кетті.

Есенов баяғы күйіне қайта түсіп, жападан-жалғыз жапа шекті. Жылы шырай танытып жүрген Лешаға да сеніңкіремейтін болды. Кім біледі, ойында не барын деп ойлады. Ол да бұны ұмытқан сияқты. Кабинетіне бас сұғуды қойып кеткен.

Осы заводтың ішінде іштартып сөйлесетін адамы жалғыз Алмабек қана. Бір жерде істесе де бір-бірімен сирек кездеседі. Онда да көңілі құлазығанда жиналып қалған жаңалығын құрдасына айтуға баратын өзі. Бүгін түскі тамақты ішкесін соған барды. Кең кабинеттің ішінде бір өзі терезеге қарап отыр. Қалың ойда отырса керек. Жасжанның келгенін де байқамады.

– Осы заманның адамдары не болып бара жатыр? Бұрынғы салт-дәстүрдің бірі жоқ. Құрдас деген көрген жерде көзі күлімдеп, құшақ жайып қарсы алар болар еді. Ең болмаса маған көз қиығыңды салсаң қайтеді? Қабағың су қататындай суық. Қалың мұзға оранып алғандай орныңнан қозғалатын түрің жоқ. Сонша саған не болды? – деді Жасжан құрдасының қолын алып жатып.

– Өзің ойлашы. Мына абажадай бөлменің ішінде мен қай жетіскеннен отыр дейсің?! Құлағыңда үш әйелдің тоң боп қатып қалған шуы бар адамның басында мазалаған ойдан басқа не болады? Кейде жалғыз өзім бөлмеде отырсам, «солар» қалай есіме түскенін байқамай қаламын, – деді Алмабек жабыққан күйі.

– Қалай айтсаң да еркің өзінде. Бірақ көңіліңде кірбің бары анық. Басқасын қойшы. Бала-шағаң аман ба? – деді, көңілсіз құрдасының даусынан байқаған Жасжан.

– Бәрі дұрыс. Құрақ көрпеге ұқсаған өмір болмаса... – деп Алмабек ар жағын айта алмай кібіртіктеді.

– Қойшы, не болса соны айтпай. Үш әйел алсаң, қазақтың орыстан алған өнегесі емес пе? Бұрын ата-бабаларымыз үстіне әйел алмаса, әйелінен ажырасқанын естіп пе едің? Қабағың түсіп, күн жаумай су болып отыр-

сың ғой, – деді. Жасжан Алмабектің көңілін көтеруге тырысып, әдейі тиісіп сөзге тартты.

Әлі де ой шырмауынан шыға алмай отырған Алмабек Жасжанның сөзіне мән бере қоймады.

– Адам тағдыры әрқилы болып келетіні несі екен? Мен соған түсінбеймін, – деді жабығыңқы дауыспен мұрнын тартып таусыла сөйлеген Алмабек.

– Шынымды айтсам, бүгін сені танымай тұрмын. Сөз саптауыңа қарағанда көңіліңді әбден кір басып кеткен. Не болса соған мүжілмесейші, онсыз да өмірдің адамға артқан ауыртпалығы жетпей ме? – деді Алмабекке жаны аши қалған Жасжан.

– Сенен несін жасырам: Зергүлмен отасқаннан бері бүгін бірінші рет сөзге келдім, – деп Алмабек ағынан жарылды.

– Бар болғаны сол ма?! – деді, Жасжан құрдасының болмашыға ренжіген ренішін естігенде қайдан келдімге қалған күпті көңілі орнына түсіп. – Кейбір ерлі-зайыптылар бір-бірімен «сіз, бізбен» сөйлесіп, ұрыс-керіс дегенді білмейміз деп мақтанады. Бұл сырт көзге сыпайы, мәдениетті болғанмен, шын мәнінде олай емес, өз білгендерін істеп, бірін-бірі алдап жүрген шетелдің өміріне ұқсас жат пиғылды жандар. «Үй болғасын ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды» деп қазақ бекер айтпаған. Адам ашумен не айтпайды. Ондайда күйеуіне күйінген әйел ішіндегі бүкпесін лақ еткізіп ақтарып тастайды. Онан соң еріне деген өкпесінен айығып, көңілі орнына түскен сыңай таныта момақанси қалады. Сен де соны естіп шошып кеткенсің. Одан сен үрікпе. Жұбайыңды жаңа көргендей ішкі дүниесін танып білгеннен басқа зиян шекпейсің, – деді Жасжан оған.

– Сенің білмейтінің жердің астында шығар. Осының бәрін қайдан білесің? Сөзіңнің жаны бар. Бір қызығы, менің айтқаныма тіпті құлақ асқан жоқ. Түймедейді түйедей етіп сөйлегендегі бажылдаған даусынан төсектен басын көтерген балалар не болғанын түсінбей, көздері жәудіреп, екеумізге кезек-кезек жәутендеп қа-

рап үрпий қалды. Мұны көрген менде ес қалмады. Балаларды аяп кеттім. Сол жерде Зергүлді ұрайын деп оқталып шақ қалдым. Айтарын айтып болғанда сұры қашқан өңі жазылып, түк болмағандай шайын құйып отырды. Құдды ала құйын арамыздан өткендей болды. Сен соны қолмен қойғандай айттың, – деді Алмабек Жасжанға таңырқай қарап.

– Мен саған жай келген жоқпын, – деді Жасжан оған келген шаруасын айтпақшы болып.

– Білем, – деп Алмабек оның сөзін бөліп жіберді.

– Білсең айтшы? – деді Жасжан.

– Заводтың ауласында жүрерге жер таппай қалғанда, маған келетініңді білем. Шырмалған ойдың ортасында қамалып шаршағанда мені іздейтініңді білем. Және жалғыз жапа шегіп, қиналғанда мені көргенше асығып жүретініңді білем. Осындай кездерде мені қорғаныш көріп, қамығып келетінің, шынын айтсам, маған ұнамайды. Неге дейсің ғой. Біреуге тіреу болған қандай жақсы. Бірақ сен күткен көмекті мен бере алмай қалай қиналатынымды білмейсің. Менің қолымнан келмейтін болғасын жаныма қатты батады. Өйткені сенің қатардан асқан білімің болмаса да, ақылыңмен бірге құдіретті күшің бар. Қорғаушың сол. Менде ол жоқ. Керек жерінде саған жәрдем бере алмай қатты қиналып, азапқа түсетінім содан, – Алмабек жөтеліп болғасын сөзін қайта жалғастырды. – Өткен жұмада сенің цехың жайында технологтар мен конструкторлардың бірлескен жиналысы болғанын естіген жоқсың ба? Сендердің шығарып жатқан өнімдеріңді бүге-шүгесіне дейін екі жақ бірлесіп тексеретін болып келісті. Бірақ сен жөнінде ешқандай сөз болған жоқ. Бүгін соны саған айтуға барайын деп отыр едім, – деді Алмабек.

– Сонда не істемекші? Бірден дайындықсыз жаңалық енгізе алмайды. Ондай қолдарынан келмейді. Ол анық. Бірақ сызғандарын қайта қарап өзгертулеріне болады, – деді Жасжан екіұштылау.

– Оны мен қайдан білейін? Бірақ қабылдаған шешім айтқан күйінде қалуы да мүмкін. Бұған біздер үйренгенбіз. Бір жолы жоғарыдан нұсқау келіп, қар тазалайтын машинаға реконструкция жасаймыз деп қапылғаны бар. Ақыр соңында қолдарынан түк келмей қойды. Мен айтты деме, мынау да солай болып қалады. Көр де тұр. Бірақ саған жайлы болмайды. Ертелі-кеш сені басқа жұмысқа аударады. «Атың шықпаса, жер өрте» деген, не болса о болсын, заводқа атыңды шығардың. Өзің жайында сыртыңнан айтып жатқан әңгімелерді естіп жүрсің бе? Солардың көбісі орнынан қозғалуға ерінетін, дайынға ие болып отырған орыстың теңкиген әйелдері. Оларда білім де жоқ. Билік қолдарында болғасын кімнен қорқады? Білгендерін істеп, қонышынан басып жүргендер өңкей. Басқаны айтпағанда, бас есепші Юлия Павловна дегенің техникум бітірген. Ал ана басы жылтыр Елемес деген бас есепшінің орынбасары Қарағандының институтын бітірген, экономист. Өткенде Семенова деген технолог әйел автобуста қасымда отырды. Маған ұйықтай алмай жүрмін деп бірден шағым айтты. «Неге?» дедім. «Жұмыстағы айқайшудың кесірі» деді салған жерден. «Түсінбедім?» деп жанымда отырған Семеноваға қарасам, қабағы кіржиіп, түсі өзгеріп кетіпті. «Сен білесің бе? Менің қарап жүрген цехыма келген қазақ мастер ай сайын жоспарын орындап, тым жақсы жүріп жатқан цехты тоқтатып тастады. Бұл сұмдық қой! Бізде бұрын-соңды болмаған жағдай. Соған не керек десейші? Тыныш жүрмей ме? Бірақ ол қазақ жұмысты тоқтатып қойып, түк болмағандай шіреніп жүр. Екі ортада отқа түсіп жүрген біздер. Бастық ұрысқанда астымыздан су шыққандай цехқа қарай жүгіреміз, онда Хоменко көмек сұрап алқымнан алады. Не істерімізді білмей күйіп кетуге шақ қалып жүрміз. Жүйкеміз құрып, жұмыстан шаршап үйге барғанда түнде ұйқы жоқ. Әбден сілеміз құрып біттік. Алик, сен оны танысың ба? – деді де сөзін қайта жалғастырды. – Бұрын қайда істеген? Икемге

келмейтін жаратылысы жат біреу екен. Арақ ішпейтін, темекі де тартпайтын мұндай қазақ бұрын заводта болды ма?» деп бетіме қарады. Сөзін жаратпай, ішімнен күйіп кетсем де елемеген болып, сыр білдіргенім жоқ. Күйеуі жоқ екенін білетінмін. «Оля, оның өмірбаянын жақсы біліп алыпсың, ұнатып қалғаннан саумысың?» дедім қалжыңдаған болып. «Ұйықтай алмай, сіркем су көтермей жүргенде орынсыз сөздің керегі не?» деп Оля қабағын шытып жақтырмай қалды. Келген шаруанды айтқызбай мен осы көп мылжындап кеткен жоқпын ба? Жұмысқа шықпай қалғаны бар, жұмыстан сұранып кеткені бар және командировкіде жүргені бар, ұзын сөздің қысқасы, кабинетте бүгін байпатшадай шалқайып бір өзім отырмын, – деп күлді де, – не айтсаң да тыңдауға әзірмін, – деді Алмабек Жасжанға.

– Сен құлшынып тыңдайтын әңгіме менде қайдан болсын, жұмыстан бас қатып жүргенде, – деді Жасжан немқұрайлы.

– Тұра тұр. Осы ұрыс-керісті алдымен бастаған өзің емес пе? Жалғыз мен емес, Леша да айтыпты ғой. Оларға тиіспе, жөн жүр деп. Қайдағы бір Цойдың сөзіне бола бүліндің. Ол бастық болғасын қалай сөйлесе де еркі өзінде деп айтқаным қайда? – деді Алмабек.

– «Өткен істің өкініші көп» деген. Енді оны қозғап қайтеміз? Білгеніңді айттың, оған сөзім жоқ. Оныңа рахмет. Енді не болса да шыдау керек. Мені қинайтын осы. Барған сайын шиеленіскеннің үстіне шиеленісіп барады. Әпербақан бригадир келіп қоқан-лоққысын көрсетіп кетті, – деді.

– Сөзің аузыңда, тұра тұр. Біріншіден, ол сен айтқандай әпербақан емес. Үйтіп оған қиянат жасамасайшы. Екіншіден, ол ешкімге ұпайын жібермейтін өз ісіне мығым адам. Үшіншіден, ол өзінен ешкімді асырғысы келмейтін менмен. Карамағындағы адамдарын уысына қысып ұстайтыны да содан. Төртіншіден, оның керек жерінде көмек беретін арқа сүйейтін адамы бар. Сонда не дейді? – деп Алмабек басын кекшитіп құрдасына қарады.

– Жұмыс тоқтап тұр деп бұлданады. Жоспар орындаймыз деп қалай болса солай істеп әбден жаман үйреніп кеткеннен қолдары қалыпқа түсетін емес. Сол жүргенде милары қатты істейді. Әр детальдың размерін қадағалап істесе, жоспар бере алмайтынын біліп, аттонын ала қашып отыр. Әрдесе артық қимылдауға жоқ. Бүгін істегендерін барып тексергенімде, оське барабанды дұрыс отырғызбаған, бұл бұрын болмаған ақау. Көрсетсем, бір-біріне қарап үндемеді. Соның артынан бригадир ашуы бетіне шығып, түтігіп кабинетке кіріп келді. Бұған не дейсің? – деді Жасжан күліп.

Алмабек орнынан тұрды.

– Мен не деуім керек саған? Жұртты шулатсаң да, бір өзің істі тындырып жүрсің ғой. Бірақ оларды да түсіну керек. Неге десең, техника ескі, детальдардың бірі келсе, бірі келмейтіні содан. Одан да Цой не деп жатыр, соны айтшы? Не бұлдіріп жүрсің деп кабинетіне шақырып ұрысқан жоқ па? – деді, қолына кілтін ұстап, шығуға бет алған Алмабек.

– Мен оны содан қайтып көрген емеспін. Не істесең де өзің біл деп бас сауғалап отырған сияқты. Аяғын сындырып алыпты деп Лешаның айтқанына да біраз уақыт өтті. Ендігі жұмысқа шыққан шығар, – деді Жасжан.

– Өткен жұмада болған партия жиналысына келмеді. Онда ауруханада жатқан шығар. Әйтпесе саған шіңкілдеп тыныштық бермес еді. Қарамағындағы адамды бетімен жіберіп, не істеп жүрсің деп директор Цойды қысса, қалай жүгіргенін білмей қалар. Жоспар орындалмай жатса, кім-кімге де жақсы емес. Квартал сайын алатын премиядан айрыламыз. Сенің істеген ісің біздерге де зиянын тигізеді. Басында соны ойладың ба? Сен жалғыз Савельевтің бригадасына емес, заводта істейтін адамдарға да жеккөрінішті болатын болдың, – Алмабек күле сөйлеп, көптен айта алмай жүрген ойын білдірді.

– Сондағы айтпағың не!?! – деп Жасжан елең ете қалды.

– Енді айт-айтпа – одан не пайда? Шегінуге саған жол жоқ. Әлің келгенше тіресіп бағасың. Осымен бұл әңгімені доғарсақ қайтеді? Сенің келгенің жақсы болды. Көңіл хошым болмай, асханаға бармай отыр едім. Тамақ ішейік, – деді Алмабек.

* * *

Жасжан енді атарға оғы болмай, ала көздерімен қарайтын цехтағы адамдарға да үйренді. Тек қана әлденеден секем алғандай, көңілінің хошы болмай жүр. Бәрінен де сөйлесетін адам таппай, жалғыз қалғаны жанына батты. Құрдас деп сырласатын Алмабек те «сенің кесіріңнен квартал сайын алатын премиядан қағылды» деп реніш білдірген сөзі кеудесіне шаншудай қадалып, одан да көңілі қалды.

Есеновтің көпшілікпен тіл табыса алмай, сәл нәрсеге көңілі қалып, көңіліне кір ұялатып алатыны өзімен сөз асырмаймын деген бойына біткен қыңыр мінездің кесірі еді. Енді ол өзін-өзі кешіре алмай, жер-жебіріне жетіп, сынап-мінеді. «Адам біткенді бір қалыпқа салам дейтіндей сен кімсің? Ешкім де емессің, олай болса жаныңды бағып неге жүрмейсің? Сонда сен ешкіммен ұрыспас едің, ешкім саған тиіспес еді. Енді не болды? Сен де бір елден шыққан тентек болдың. Қайда жүрсең де артыңа сөз қалдырмай жүре алмайсың. Осыны өтірік деші. Бір нәрсені бүлдіріп қойған баладай жұртқа қараудан ұялып, әлденеден қысылғандай тартынасың. Неге олай!? Кінәнді содан біле бер. Бұрын цехқа кіргенде маңдайыңдағы қыртыс жазылып, қабағыңды түймей, көтеріңкі көңіл күйдің әсеріне шаттана бөленіп, қарсы кездескендермен жадыраңқы жүзбен күле қарап, амандасатын едің. Содан бұрылуға шамалары келмей, жұмысқа беріліп істеп жатқан адамдарға қызыға қарап тұрушы едің. Әрқайсысына сынап қарап, мінездеріне баға беруші едің. Олармен сөйлескенде де артық ауыз сөз айтпауға тырысып, жылы лебізбен сөзге тартып,

оларың ішкі жан дүниесін ұғуға тырысатын едің. Онда уақыт та тез өтетін. Енді ше? Бұрын жұмыс істеп жүрген жеріңде жұрт сенен қашатын еді ғой. Міне, сол жағдайға қайта кезігіп тұрсың. Онда да тап осылай көпшіліктен оқшауланып қалғансың...

Рас. Бұрын ойлауға мұршаң болмады. Онда жас едің. Ешнәрсеге мән бермей қызбалыққа салындың. Қайтсем де арымды таза ұстаймын деп кім көрінгенмен жыртысып айқайластың. Соның кесірінен бойыңдағы ең асыл дүниенді де ұмыттың. Онсыз саған бұл дүниенің қызығы жоғын білсең де көңіл бөлмедің. Сол кезде тағдырыңның келешегіне үңілуге шамаң келмеді. Бір ғана затты жаныңа мықтап сақтадың. Ол үміт еді. Кеудедегі үміт отын сөндірмей, жаныңнан шығармауға тырыстың. Бұдан сен ұтылған жоқсың. Бүгінгі жетістігің сол ғана.

Осы заводқа келіп есіңді жидың. Бақыттың не екенін сезіне бастадың. Күйреуік күйден арылып, кеуденді көтеріп, есіңді жидың. Іштегі сыр бой көтеріп, адасқан арманыңмен табыстың. Ол қиялға жетеледі.

Кәне, айтшы. Қашанғы сен мақсат-бағдарсыз жел қуған қаңбақтай жүре бересің. Қашанға дейін арам терге түсіп, күшіңді далаға жұмсай бересің. Уақыт күтпейді. Кешегі бесікте жатқан балдарың оқыған институттарын бітіріп, азамат болып жатқан жоқ па? Ал сен болсаң әлі күнге дейін елге үлгі боларлық өнегелі іс істеген жоқсың. Әлі күнге дейін елге сыймай жүрісің мынау. Соны неге ойламайсың? Міне, осыны түсінсең, ендігі жерде босқа жаманаттасып ұрыспа, босқа кім көрінгенмен сөзге келме. Тыныш жүр.

Армансыз адам болмайды. Бақыт дегенің арман емес пе?! Оны жүрек түкпіріне сақтап қойып, осы күнге шейін құр қиялға беріліп келдің. Оның не? Бақыт өздігінен келмейді. Бақытқа жету үшін кездескен кедергіге мойымай қарсы тұрып күресесің, тер төгіп, қиналып, азаптанып, соның жолында қажымай-талмай жұмыс істейсің. Сенде ол жоқ.

Қаһарман екеуің түн баласы ұйықтамай, темір жолдан әрлі-берлі өтіп, таңды атқызған күндерді ұмытпаған шығарсың?! Содан сен қандай нәр алып едің?! Есінде ме?! Жазғандарың газетке шыққанда қалай қуандың? Өзіңмен-өзің ән салып, бөлмеде сыймай жүргеніңді көрген балдары барылдаған даусыңды естігеннің өзіне қызықтап мәз болып күлген жоқ па?!

Уақыт аққан судай өтіп жатыр. Ата-бабамыз бір күн өткеніне жылаған. Солар оқымаса да қандай көреген ақылды болған. Бірақ сен білсең де ондайға көңіл бөлмедің. Бөлсең, бүйтіп жүрмес едің ғой. Болмашыға алданып, өміріңді босқа өткізіп жүрген сені аяймын. Сен бар ғой қарны ашқанда ғана жылап, бөлеген бесігінде ұйықтап жататын кішкене нәрестеге ұқсайсың. Содан айырмашылығың: уақытыңда жұмысқа барып келгенің ғана. Осы сөзім өтірік десең, Қаһарманға қайта оралайықшы. Оқуын бітіргеннен кейін оны институтқа қалдырғанда қалған жоқ. Неге дейсің ғой. Ол білді ғылымнан таудай талант иесі бола алмайтынын. Өйткені оған ынтасы жоқ. Мектепте оқып жүрген кезінде жазушы болуды армандады. Соның жолында жан-жағына алаңдамай, табан тіреп ізденіп, күресті. Көзіңмен көрдің ғой. Жұмыстан келгеннен кейін бірер сағат жатып демалып, түнімен жазады. Таңертең жұмысқа барады. Міне, осылай алдына қойған мақсатына кездескен қиыншылыққа мойымай, қарсы тапжылмай күресті. Сенде оның бірі де жоқ» деп, Жасжан ақырында өзін кінәлады.

* * *

Ол таңертеңгісін лездемеден шығып, кабинетіне кіріп, орнына отыра бергенде Векантий Алексеевичпен бірге оның көмекшісі Вова кіріп келді. Екеуі бөлменің орта шеніне екпінмен келіп тоқтай қалды. Түстері суық. Түйілген қабақтары бірінен-бірі өтіп, неден болса да тайынбауға бел байлағанын байқатады. Ашудан

сыймай, өзегі өртеніп бара жатқан түрлерінде өшпес қастандықтың ізі барын аңғартқандай еді. Екеуі де кемерінен енді-енді лықсып төгілетіндей кернеп бара жатқан ашу-ызаны шама-шарқынша сәл тежеп, сұсты көздерінің ызғарымен сес көрсетіп тұр. Ол аздай, көз ішіндегі қарашықтары мұздай сіресіп, Жасжанның тұла бойын суық жүздерімен тіміскілеп ішіп-жеп барады.

Жасжан оқып отырған қағазынан басын көтеріп, екеуіне алма-кезек қарап алды да:

– Түрлерің ұнамайды. Біреулермен сөзге келіп, текетіресіп келгеннен саумысың дар?! – деді кекесінді үнмен жымыып. Тапал болғанмен, кеуделі келген, сопақ бетті, қоңқақ мұрын Вова тиісетін ілік іздеп шақ тұрған. Қайнаған самаурындай бұрқылдап Жасжан отырған столдың алдына жетіп барды.

– Тауып айттың. Тек біреулермен деген жерің ғана дұрыс емес. Біздің тіресетін адамымыз алдымызда отыр. Өйткені сен айтқан сөзге түсінбейтін кеше екенсің. Өткенде Векантий Алексеевичтің ескерткенін құлағыңа ілмедің. Оның ұят болды. Сенің орныңа мен қысылып тұрмын. Енді соны есіңнен кетпейтіндей етіп қайта ұқтыруға тура келіп тұр, – Вова ұратын адамдай жұдырығын түйіп асығып сөйледі.

Әшейінде артық ауыз сөзді білмейтін қойдан да жуас адамның өзіне үйлеспейтін жат мінезіне Есеновтің қайран қалмасына амалы қалмады. «Ішіп алғаннан сау ма?» деп күдіктенді.

– Сөзің қызық екен. Өзі кеше болса, қалай ұғады? – Жасжан сөзіне қарай қытығына тие сөйлеп, миығынан мырс етті.

– Мені үйтіп мазақ етпе, білдің бе? Неден болса да тайынбайтын жұмысшымыз. Оны біліп қой. Тіліңе ие бол! Жыныма тисең, жүрген жолыңды таппай қаласың, – деді Вова кіжініп.

– Сонда маған не істемексіңдер? Жетер осы тәлкектерің! Маған күш көрсетіп, қорқытам деп қолдарын

қышымай-ақ қойсын. Сендер ойлағандай әлжуаз емес-
пін. Сол ма естігілерің келгені?! – деп Жасжан сөзіне қа-
рай қасарысты.

Бойдағы тасыған күшін қайда сыйғызарын білмей,
сылтауға сынық іздеп тұрған Воваға керегі де осы еді.
Қуанып кетті. Тап қазір өзін бір көрсетіп алмақшы бол-
ды.

– Не дедің? Қайта айтшы? – Өктем дауыспен зірк ет-
кен бойда оқыс қимылдап, оң қолын көтере бергенде
Жасжан орнынан ұшып тұрды да, шап беріп білегінен
ұстап алды. Сол мезетте арындаған күштің қайда кетке-
ні белгісіз, қолын босатып алмақшы болып жұлқынып
қарсыласқан әрекетінен де түк нәтиже шығара алмай
састы. Оның бос кеуде екеніне көзі жеткен Жасжан
төбелесетін болса, жеңетініне кәміл сенді. Ұстаған же-
рінің саусағын батырып қысқан сәтте оның білегінің
тамырлары көгеріп, қаны бетіне шауып қызарып кет-
ті. Бұл оған ұрған соққыдан да қатты болды. Көзден
жас шықты. Жаңағы бойына сыймай тұрған тасыған
күштің, қайтпас қайраттың, мұқалмас жігердің қайда
кеткені белгісіз: әбден сілесі құрып, дәрменсіз күй ке-
шіп солбырайған түрі адам аяғандай еді. Кенет ол мұлт
кеткен ісіне өкінді ме, әлде кеудені кернеген ызадан өзін
ұстап, қайратқа мінді ме, сол қолының жұдырығымен
Жасжанды жақтан бір салды. Жұдырық тиген жері бір-
ден қызарып кетті. Бірақ сыр білдірмеді. Бар болғаны
оқты көзімен бір қарап, жағын сипады. «Артистің ро-
лін ойнағаннан да әрі екенсің» деді Жасжан ішінен. «Өзі
тілеп тұрса, неге аяуым керек?» деді тістеніп.

– Сендер маған өшігетіндей не істедім? Соны айтың-
даршы! – деді Жасжан Воваға басын шайқап, – Өзің
бұғауда тұрып ұрғаның не? Мен сені аяп тұрмын ғой.
Аяуды білмейтін нағыз ақымақ екенсің ғой.

Ол Вованың ұстап тұрған білегін көз ілеспес шап-
шаңдықпен солға қарай бұрады. Сол кезде көзінің оты
жарқ етіп, қалай шыңғырғанын байқамай қалды.

Осы арада көмекке Савельев жетіп келсе, қызу төбелес болатыны анық еді. Бірақ ол тұрған орнынан қозғалмады.

– Ә... Қалай екен? Өзің шыдамсыз екенсің. Жаныңа бататындай болған жоқ қой. Неге сонша қатты шыңғырдың? Орынсыз тиіспесең, бұл болмас еді. Алдымен күш көрсеткен өзің ғой? Сол күшің қайда? Кешірім сұра менен. Әйтпесе бұдан да зорын көресің. Бұл әлі ештеме емес, жарқыным. Енді мақтанатын менің кезегім. Тыңда! Сендер сияқтылардың талайын көргенмін деп айтпап па едім. Өйткені мен өмірдің ауыртпалығын көп көрген адаммын. Шынын айтсам, көрмеген азабым жоқ. Сен сияқты көрсоқырлар қайда жүрсем де алдымнан шықты. Олар ішіп-жегеннен басқа ешнәрсе білгісі келмейді. Олардың да ойлаған мақсаттары алдымда тұрған екеуіңе ұқсайды. Былайша айтқанда, қанағаты жоқ адамдар. Мысалы, сендердің бригадаларың алатын айлықтарыңды заводта істейтіндердің ішінде ешкім алмайды. Жұмысы ең ауыр литейный цехта істейтіндердің өзі сендерден аз алады. Неге олай? Ә, үндемейсіңдер, солай ғой. Онда себебін өзім айтайын. Өйткені арттарыңда тіреулерің мықты. Мен бұрын жұмыс істеген жерімде көрер азапты өздерің сияқты әпербақаннан көрдім. Оларға ешқандай заң жүрмейді. Өздері жауына шабуыл жасаған аралардай ұйымшыл. Ауызбіршіліктері мықты. Араларына тіс батпайды. Жаратылысымнан шындықты жаным сүйетін. Жеңілетінімді білсем де әлсіздерге көмектесем деп, солармен қарсыластым. Ондайлардың жұмсайтын қолшоқпарлары болады екен. «Қорқа-қорқа қоян да батыр болады» демей ме. Шынын айтсам, мен де соның кебін кидім. Оқып жүрген кезде бокске барғанымның көп пайдасы тиді. Соның арқасында түрмеде отырып шыққандармен де сүйкестім. Атышулы ұрылармен де шайқастым. Олардың қасында арақ ішкендермен төбелескен түк емес. Солардан қалған ескерткіш денемнің әр жерінде бар. Мына ерінің үстіндегі кішкене сызық

алмастың тіліп кеткен ізі. Шаштың арасындағы, желкедегі тыртық пышақ тиген жер. Мұны саған неге айтып тұр дейсің ғой. Бекерден-бекерге тиіспей, жөніңмен жүр демекпін. Өміріңді босқа арамдамай, адал бол демекпін. Арыңды сонда таза ұстайсың. Күшің тасығаны сонша, екі рет жұдырығыңды ала жүгірдің. Қолыңнан келсе, мені үйтетін түрің бар. Соған анық көзім жетті. Істеген ісіңе қарай жұдырық жұмсасам, сені кабинеттен сүйреп шығарар еді. Мен ондайға бармаймын. Себебі сені жұртқа мазақ еткім келмейді. Былайша айтсам, арым бармайды. Саған қоятын бір-ақ шартым бар. Жіберген қатеңді мойындап, кешірім сұрасаң ғана қолыңды босатам деп алдында айттым. Сол сөзім сөз. Әйтпесе жаңағыдан да зорын көресің. Айтпады деме. Бұл сөзіме не дейсің? Бол, айт тез! – деп ақырды.

Жасжан Вованың білегін жайлап солға қарай бұрай бастады.

Савельев Есеновтің бірде-бір айтқан сөзін естімегендей танауын көкке көтеріп, маңғаз тұр. «Сөзімді саған босқа шығын қылып қайтемін, бәрібір менің айтқаным болады. Сен кімсің?» деп кескін-келбеті әжуалап тұрғандай.

Векангий Алексеевичте әлі үн жоқ.

Вованың шыңғырған даусы шыққанда Савельев қасыма жетіп келеді деп Жасжан бригадирді күткен. Бірақ ол тұрған орнынан қозғалмай қойды. Келгеннен бері жұмған аузын ашпағанына қарағанда екеуі алдын ала уәделесіп алғанға ұқсайды. Не дегенмен өзімшілдігі бар менмен емес пе!? Қысылып-қиналғанды білмейтін өзгеше жаратылған адам іспеттес. Өңінен өзгеріс байқалмады. Жолдасына жаны ашымайтын тасжүрек екен. Қасындағы жолдасы жаны қиналғанда көмекке келуге жарамады. Ол шыңғырып айқайлаған кезде де селт етпеді. Не қылған безбүйрек десейші. Оның орнында Жасжан Вованың басы салбырап, құп-қу болып кеткен өңін көріп аяп кетті.

– Жәке, менен білместік болды, – деді Вова шыдай алмай.

Сол кезде Жасжан қолын босатты. Вова білегін алақанымен уқалап, орнынан қозғалмай тұра берді. Әлгі әзірдегі тапап кететіндей екпіні басылып қалған. Сыйғыза алмай тұрған бойдағы күштің қайда кеткені де белгісіз. Адам таңғалатындай: басы салбырап, ұшқыны қашқан. Сөздің қисыны кетсе, сенген күштен қайыр болмаса, ойлаған ойы іске аспай, насырға шапса және де намысы жер болса қайтсын. «Ұяттан өлім күшті» демей ме?! Қарсы алдында тұрған Жасжанға қарай алмай, жүзі төменшіктеп, жанары сүріне сүйретіліп, пана іздегендей Савельевтің жанарымен түйісті. Мүшкіл халдерін іштерінен ұғысқан екеуінің өзектері өкініштен өртеніп тұрса да, дымын білдірмей молдаға берген баладай бола қалған. Бір алапат қаһарлы күш алдарынан кес-кестегендей бойларын дәрменсіздік билеген. Әбден сілесі құрып шаршаған асау аттай сүлесок күй кешкен. Әсіресе Вова аңдамай сөйлеймін деп ауырмай өле жаздағанын білді ме, енді қайтып артық ауыз сөз айтпайтындай ұнжырғасы түсіп кеткен. Басын көтеріп, бозарған күйі есікке қарай бет алды. Бәрінен де Вовадан гөрі екі оттың ортасында қалғандай болған Савельевтің жағдайы қиын еді. Оған Жасжанның алдында абыройы айрандай төгіліп, мазақ болғаны жанына батқаны сонша, өзінен-өзі қорланып, қажығаннан түсі қашып кетті. Бұл оған қатты соққы болып тиді. Қазір ол ұшқыр ойдан, қанатты қиялдан, көсемсіп сөйлеуден қалған. Өңінде көрмегенді көріп, зәбір шеккеннен де әрі күй кешіп, жапа шегіп тұр. Сонда да оны жылдар бойғы қордаланып жиналған өр көкірегі намысқа тырысып, сыр білдірмеуге тырысқаны айдан анық еді.

Савельев тап осылай болады деп күткен бе еді?! Көзіне көк шыбынды үймелетеміз деп келген жоқ па еді? Бүйідей шаққан айбары қайда кетті? Бұның алында неге мысы басылып қалды? Соған түсінбейді. Бәрі Вованың кесірінен болды. Әй-шәйға қарамай бірден киіп кетті. «Бір кісідей күшім бар деп мақтанғандағың осы ма?» деп жыны көмекшісіне ауды. «Қоразша қоқи-

ланып жетіп бармай, сабыр сақтасаң қайтетін еді? Абыройды қолдан беріп, бұралқы иттей сүміреюін көрдің бе? Намысың қайда?» – Бригадир оған ішінен кіжінді. «Көр де тұр, көзіңе көк шыбынды үймелетемін» деп күліп едің. Сол күшің қайда кетті? Енді не болды? Өзіңмен қоймай, мені де қара жерге отырғыздың. Әлде маған көрсеткен сый-сияпатың осы ма?»

Савельевтің көзі Жасжанға түсті. Сол мезетте күтпеген жағдайға ұшырап, өзіне не болғанын түсіне алмаған. Қас-қағым сәт ішінде сұры қашқан, маңдайы тырысқан қабағы жыланша жиырылған. Ызаға булығып, іші қыз-қыз қайнаған. Сөйлейін десе демі шықпай қақшиған да қалған. Сол бойда-ақ өзінен зор шықса, бойынан дәрмен кететінін сезген. Содан ба, демде тауы қайтып, еңсесі түскен. Мына құдіретті қара! Күнде көріп жүрген адамына ұқсамайды. Аяздай қарыған айбарды қарашы: қас-қабағы түйіліп, қатқан қайыстай денесі серіппедей сарт етіп шап беруге шақ тұр. Оның оңай жау емес екеніне көзі енді жетті. Жасжанды көргенде арқасы бар бақсыдай жыны қозғанына өкінді. Сонда «Көп түкірсе – көл» деп нені айтқан? Осы сөз бекер-ау. Әйтпесе бір өзі бізге қарсы тұрар ма еді? Ол жалғыз, оны қолдап, қол үшін беріп жатқан да ешкім жоқ. Цой оның атын естігісі келмейді. Өткенде барғанымда Есенов жайлы маған ешнәрсе айтпа деп отырған орнынан ұшып тұрған. Оның арқа сүйейтін адамы болса, бұл жұмысты істемейді. Өйткені ақшасы (айлығы) аз. Амалсыздан жүр. Менің мақсатым оның иін сындырып, маған қарсы сөйлемейтіндей ету еді. Ол ойым іске аспай қалды. Өзі айтқандай, біздер көрмегенді көргенін іс жүзінде дәлелдеді. Сөзінде бір өтірігі жоқ. Өмірде неше бір алпауыттармен күресіп шыныққаны рас екен. Бекер байланысқанымды қарашы... Қап, бәлем! Мақтануға әлі ерте саған, алда да күн бар деп тістенді. Бірақ қолынан түк келмей, құйрығын қысқан бұралқы иттей кабинеттен сүйретіліп шыққаны шынында да таңғаларлық жай еді. «Бір асқанның бір тосқаны бар» деген осы екен-ау».

Есеновтің о бастан әйелге қыры жоқ болатын. Еркектер сұлу әйелдерді көргенде көздері ойнақшып, қалай ұрынарын білмей, жас балаша жаутаңдап, тамсанып тұрмай ма? Жасжанның бір жақсы жері – ондай әдеті жоқ. Уақыт өткен сайын адамның өмірге көзқарасы өзгере ме?! Кезінде өзі азар да безер болып қашқан Оксанаға бүйрегін бұрып жүр. Себебін өзі де түсінбейді. Бала-шағасы бар ер адамға бұл ерсі екен. Кейде үйдегілер сезіп қоймасын дей ме, оңаша бөлмеде ұрланып ойға берілетін. Осындай кезде сыптай түзу бойы, тым сүйкімді ақ жарқын жүзі тұла бойын еріксіз баурап, бұраң белі сыңғырлаған әсем үнмен үйлесім тауып, қытығын келтіретін. Содан елес болып кеткен өткен шақ қайта оралып, жарық жұлдызындай жарқырап, оның қарсы алдына тұра қалатынын қайтерсің. Содан ет бауыры елжірейді. Құйындай үйірілген ыстық сезім бүкіл жан дүниесін жайлайды. Тұла бойында бір мін жоқ. Ұлпа қардай аппақ дененің көз қарықтыратын жаратылысы таңғалатындай ғажап! Тереңнен үңгіп, бояуының қырсырын қандырған қылқаламның құдіретінен шыққан суретке ұқсайтыны соншалық, мамық төсекте жалғыз жатса да кімнен ұялатынын өзі де білмей, елес боп көрінген суретке қарауға жасқанып тайсақтайды. Өзінен-өзі қымсынып, қысылады. Неге десең ғой, көгілдір аспан арасынан жымың қаққан жарық жұлдызындай жарқыраған жанары өңменінен өтіп барады. «Бір кезде осы әйел «таңқы танау» біреуге ғашық болды дегенге кім сенеді?» деп қайран қалады.

Оның көңілінің түкпіріне қайта оралған жастық сезім тас кенедей жабысып айрылатын емес. Бұған ол қуанбаса, ренжімеді. Жас кезіндегідей алды-артын ойлауға мұршасы болмай дегбірі қашты.

Адам қалай өзгереді десейші. Енді, міне, жас ортасынан асқанда Жасжанның Оксанаға көңілі ауғаны сонша, бұған қарсы әрекет жасағанды да қажет деп

санамай, осы шектен асқан қылығына қысылып, қымтырылмады. «Күлме досыңа, келер басыңа» дегендей, сұлу әйелдің бір уақыттағы бұны беріле сүйген ынтық сезімі өзіне қайтып оралған. Соны ойласа болды дүние өзгергендей өзгеше әсерге бөленеді. Соны есіне алса болды, жүрегі алып ұшып кеудесіне сыймай кетеді. Және де тұла бойын бұрын-соңды болмаған шаттық сезім билеп алады.

* * *

Күн сәрсенбі еді. Есенов көңілі жабырқап, қарсы алдында тұрған шкафтың ішіне текшелеп жинаған папкілерге қарап жағын таянып біраз отырды. Сағат дәл он бір болғанда стол үстіндегі қызыл күрең телефонның трубкасын көтеріп, керек сандарын тере бастады.

– Алло! – деді.

– Сізге кім керек еді? – деді трубкадан шыққан жіңішке дауыс.

«Осының үнінде сиқыр бар».

– Оксана, саған не болды? Шынымен мені танымадың ба? – деді Жасжан бірден.

– Жасжан, сенбісің?! – деді Оксана сенімсіздеу үнмен.

– Таптың. Шынымды айтсам, қалай түсінерімді білмей тұрмын: таңғалып тұрғаныңды, әлде менен үркіп тұрғаныңды!? – деп Жасжан Оксананың көңіл күйін білгісі келді.

– Дұрыс айттың. Сонша уақыттан бері жүріп-жүріп түс көргендей хабарласқаныңа таңғалсам, оның несі ерсі?! Бірақ сізден үркетіндей маған не болды дейсің? Мен өзгерген жоқпын. Әлі сол баяғы күйім. Жасжан, сен менің аспандағы жұлдызым емессің бе? Соны әлі күнге дейін білмейсің бе?! – деп Оксананың күлген дауысы шықты.

Жасжанға да керегі осы еді. Көңілі тасып кетті.

– Оксана, саған қазір барсам бола ма? – деді.

– Кел. Үйде бір өзім. Ваня іссапардан бүгін келетін күні, – деді Оксана.

– Онда барам, бір-екі сағатқа мені ешкім іздей қоймас, – деді, трубканы орнына қойып жатып.

Жасжан таксиге отырып, Оксананың айтқан мекен-жайын тез тапты. Аулаға кіргесін тас қоршауды жағалап, жиырма бес қадамдай жүрді. Оның оқшау үйі бай жиһазды екен: жаңа болмаса да үйін оңдап-жөндеуге қыруар қаржы жұмсағанын аңғартқандай үйдің сырты сыңғырлап тұр.

Оксана Жасжанды есік алдынан күтіп алып, бетінен сүйді де, қолынан ұстап ішке кірді. Ауызғы бөлмеден өтіп, келесі жабық есікті ашты.

– Кіріңіз, – деді ол. – Басқа жерден ыңғайлысы осы бөлме, – деді Оксана қылымсып.

– Бұл өзі кімнің бөлмесі, сұлуым? – деді Жасжан жымып.

– Мен сені жататын бөлмеге алып келдім.

Екеуі төсекке отырды.

Жасжан жан-жағына көз тастады. Онша үлкен де емес, кіші де емес бөлменің ішінде жататын төсектен басқа шифоньер мен шарайна бар. Басқа артық зат жоқ. Баласы жоғын аңғартқандай, үйдің іші ың-шың жоқ, құлазып тұрғандай оған бірден әсер қалдырған.

Оксананың шырын ерні гүл күлтесіндей қып-қызыл еді. Жасжан енді байқады.

Ол бір сәт көзі қарығып тұрып қалды: әр кез көргенде Оксана тап қазіргідей үстіне жұпыны ғана ақ жібек көйлек киіп, таңғажайып сұлу болып көрінген емес.

Онсыз да Оксананың сұлулыққа тән сәл шығыңқы төменгі ернінің өзі де оның оймақтай алқырмызы аузына соншалық жарасып тұратын – күлімсіреген кезде аса көркем көрінетін.

Жасжан оны жаңа көргендей таңырқап, құшағына қысып, құшырланып сүйген кезде сұлу әйел нарттай болып қызарып кетті.

«Тамаша! – деп ойлады Есенов. – Бұл сұлу әйел әлі де маған өлердей ғашық екен. Көрдің бе, маған бола қалай боянғанын. Сіз онсыз да әдемісіз ғой, ғашығым!»

Жасжан қызықса қызыққандай, жасы қырықтан асса да әлі толған айдай толысқан сұлу өңін бермеген. Жұп-жұмсақ, үлбіреген мақпал денесі, жұп-жұмыр қолдары мен екі иығы көргеннің көз жауын алады.

«Осының не сиқыры бар, күннен-күнге құлпырып барады?..»

Ойын осылай түйген Жасжан сұлу келіншекке шоқтығымен қарады.

– Көрген көзіме сенбей тұрмын, – деді Жасжанға елжірей қараған Оксана біреу естіп қоятындай күбірлеп.

– Неге!? – деді түк түсінбегендей, өтірік көлгірсіп. – Көптен көрген жоқпыз, сағынғаның рас болса, сөйле, сұлуым, сөйле. Құлағым сенде, – деп Жасжан жымиды.

– Алдымен келген шаруанды өзің айтсайшы. Мені көруге келмеген шығарсың, – деп Оксана ішіндегі ренішін сездірді.

Жасжан оның ойын бірден түсінді.

– Әйелдер осы неге еркектерге өкпелеуге құмар?! Менің жазығым не сонда?! Жақсылықтың ерте-кеші жоқ деген. Сені аңсап келгенім бе?! Мен саған түбінде бір барам деп жүруші едім. Құшағыма қысып, аңсаған арманыма бір жетсем деуші едім. Мәңгі есте қалатындай өзінді аймалап қасыңда отырсам деп аңсайтын едім. Келгендегі мақсатым осы, – деп желпіне сөйлеген Жасжан сылқ-сылқ күлді.

– Е, әңгімең енді жөнделейін деді. Көңілге қонымды, жайлы сөзді бірден айтпадың ба? Бүйтіп сөйлей берсең сен менің көңілімді елжіретіп жіберерсің де, төбеден саулаған судай көзімнен жасты ағызарсың, – деді Оксана оның жүзіне телміре қарап.

– Мен сіздің еркіңіздемін! – деді көңілі тасып шаттанған ол.

– Несін жасырам, сені бір көргеннен ұнатқанмын. Содан бері қанша жыл өтсе де есімнен шыққан емесің, – деді. Сұлу келіншек мұнайып төмен қарады.

Сол мезетте Жасжан әйелдің қолын құмарлана қысқанын сезді де, Оксананың шарпыған жалынды

шаттық сезімі өзіне көшкендей тұла бойы шымырлап сала берді.

– Мен сізді күттім ғой! Түбінде бір соғады деп үмітімді үзбедім, – деді Оксана Жасжанның кеудесіне басын сүйеп.

Кенет магнит темірге қалай әсер етсе, өзіне солай әсер еткен бір құдіретті күшке ерік беріп, ол дереу Оксананы бас салып сүйді.

Әйел оның құшақтап сүйгенін күткендей жастыққа қарай қисайды.

Екеуі бірін-бірі аймалап сүйе берді...

Бұл Оксананың біржолата күдер үзген махаббатының баға жетпес қуанышы еді. Содан ба? Сұлу әйел қуаныштан есі шығып кеткен тәрізді. Не сөйлегеніне де есеп бермей, ойына не түссе соны Жасжанға қысылып-қымтырылмай айта берді...

Әкесі үш жасында суға кетіп қайтыс болыпты. Шешесі таңертеңнен кешке дейін фермада жұмыс істепті. Үйде жалғыз қалған Оксана әй дейтін әже, қой дейтін қожа болмаған соң дала киігіндей еркін өмір сүрген. Көшеде жастардың сүйіскендерін көріп, терезе жапқыштың ашық қалған саңылауынан төсекте жатқан ерлі-зайыптыларға қарап қызықтаған. Не болса соған еліктегіш кезге де жетіп, көргендерін өз басынан өткізгенін аңсап жүргенде, он бестен он алтыға қараған шағында өзінен алты жас үлкен жігітпен жадыраған жаймашуақ жаз күнінің бірінде саябақта кездескен. Қайран балалық шақпен осылай қоштасып, ерте есейіпті.

Сүйгенінің құшағында жатқан әйелдің енді есі кірді:

– Мен саған түсінбеймін, – деді, төсектен басын көтеріп алған Оксана Жасжанға жаңа көргендей таңырқай қарап. – Жас шағың болса да бірсәрі, бұның не? Бұндайға апарған қандай мұқтаждық сені, білуге бола ма? – Оксана Есеновтің шашынан сипады. – Шыныңды айтшы, бұрын көңілдес әйелің болды ма? – деді.

– Айтып тұрған көңілдесің не? Тәуекелге бел байлап келсем де, ұят екенін тап қазір басыма түскенде

сездім. Сүйтсем, арыңды ұрлатқанмен бірдей екен. Әуелден арсыз адамдарға жаным қас еді. Шынымды айтсам, менің жаратылысыма үйлеспейді екен. Сенесің бе, өзімнен жиіркеніп тұрмын. Осыдан үйге барғанда әйелдің бетіне қалай қарарымды білмеймін, – деді Жасжан.

– Маған сенің жүріп-тұрғаныңның бәрі қызық. Мен үшін ешкімге ұқсамайтын жаратылысың бөлек жансың. Сүйген адам кешірімшіл болады. Сүйгенінің жаман жағын көрмейді, көрсе де елемейді. Менде сол, сен маған періштедей ақсың. Осы уақытқа дейін сен мені азаптап келдің. Сонда да саған деген көңілім ақ. Еркектердің бәрі сіздей болса ғой, қандай жақсы болар еді. Сіздің таза жүрегіңізді баяғыда сезгенмін. Түсінемін. Сонда ғой, сенен басқа біреу болғанда бәрін ұмытып, маған қандалаша жабысар еді. Сізге борыштымын, ақылыма салмақ салдың. Сонан кейін неге екенін өзім де білмеймін, еркектермен сөйлескім келмейді. Сұлу әйел ер адамдардың көзінің құрты екен. Соған анық көзім жетті, – деді терең дем алып күрсінген Оксана.

Ол Жасжанды жаңа көргендей қарап, мұрнының ұшынан сүйе бергенде шылдырлаған қоңырау дауысы естілді.

Сол мезетте екеуі жастықтан бастарын көтеріп алды. Өңдері қашып, үрейлі жүзбен бір-біріне қарады.

Бұл қылмыстың үстінен шыққанмен бірдей еді. Екеуінің басына келген ой осы болды. Қандай қатерге бел байлап барғанын енді білген сияқты. Тұла бойларын үрей билеп дір-дір етті.

– Күйеуім келді! – деді үні зорға шыққан Оксана.

Бұндаймен айналысып көрмеген Жасжанның үрейден есі шығып кеткені сонша, төсектен қарғып түсерін түссе де, не істерін білмей тұрып қалды. Тілеп алған аурудың тауқыметін тартқан қандай жаман. Бұрын білсе мынадай қасіретке барар ма еді?.. Әп-сәтте адам аяғандай түсі қашып, қауқарсыз бейшара адамның күйін кешті.

Мұндайға кезігем деген ой оның басына келген бе? Қарадан-қарап құтырғанына қарадай қысылып, өкініш жүрегін тырнап, жанын жеп барады. Әлі де өзіне-өзі келе алмай, тұла бойы бір ысып, бір суыды.

Шылдырлаған қоңырау даусы қайта шыққан кезде Оксана аруақтай аппақ болып қуарып кетті.

– Тез! Тездет, Жасжан! – деді әйел шыдамы таусыла сыбырлап.

– Менің үйден шығуыма көмектес! – Жасжан үрейден бойын игере алмай қалш-қалш етті.

– Ойбай-ау, мына сиқыңызбен қалай жүресіз? Тыр жалаңаш тұрсыз ғой.

– Ия, иә, оның рас, – деді ол, жартылай жалаңаш тұрғанын енді байқап.

Оксана жердегі шашылған дүниелерін жинап, төсегінің астына тықты.

Сол екі арада шалбарын енді киіп жатқан Жасжанға:

– Енді сәл кешіксек, абыройдан айрыламыз. Қалған киімді қолыңа алып ал да, ауызғы бөлмедегі шкафтың ішіне кіріп тұра тұр, – деді Оксана.

Жасжан киімдерін құшақтап, дереу жай оғындай жылдамдықпен есік алдына шешкен аяқ киімін барып алды да, лып етіп шкафтың ішіне кіріп кетті. Ол сонда барып бой тасаласымен үшінші рет шылдырлаған қоңырау даусы шықты.

Ол сарылып көп күтпеді.

Алдымен ауланың есігін ашқанын естіді.

Сәлден соң:

– Қайда жүрсің?! – деген қатқыл дауыс естілді.

Сол кезде Оксана бірдемені бүлдіріп қоятындай Жасжанның зәресі ұшты.

Қай адамның да өзіне жетерлік қулық-сұмдығы болады. Соның ішінде әйел дегенің айласын асырып істеген ісінің ым-жымын білдіртпеуге шебер ғой. Қыз тұрмысқа шыққан күннен бастап бір жігітін ғана емес, ата-енесін де бірден өзіне үйіріп алмай ма? Сол сияқты июі қанған тері қандай жұмсақ болса, Оксанаға деген

күйеуінің де иі жұмсақ. Әйеліне деген көзқарасы елден ерекше болмаса, бала тумаса да сенсіз өмір қараң деп Бішкекке кетіп қалған жерінен алып келе ме?! Осыдан кейін күйеуінде қандай бедел болмақ? Соны білген сұлу әйел кімнен именіп, әдеп сақтасын. Неден тайынсын. Оның үстіне неше жылдан бері ойынан еш шықпай жүрген адамы бүгін өзі хабарласса, одан қалай қашсын. Қуаныштан жарылардай құштар сезімге өртеніп, алды-артын ойлауға мұршасы келді ме?! Ұрлық істеген ұрлықшылар да тез қимылдағанының арқасында ізін жасырып, тайып тұрмай ма? Бұлар керісінше қандай іске барғанын білмейтіндей, өтіп жатқан уақытпен де санаспады. Жайбараттыққа салынып, шектен тыс еркінсіп кеткен есесін қайтарды.

Міне, енді екеуінін жандары мұрнының ұшында тұр. Бірақ олар ойлағандай ешнәрсе болмады.

Күйеуінің сыры өзіне мәлім болғасын ба, оқыстан шошыған Оксананың дүрс-дүрс соққан жүрегі демде орнына түсті.

Артистің ролін ойнағандай Оксананың өңі әп-сәтте құбылып шыға келді. Сиқырлығы өзіне жететін әйелдің күлімдеген көгілдір көзі ұясына сыймай, ойнақшып, сыртқы есікті барып ашқанда сарғая күткен сағынышын емеуірінінен білдіргендей бар жан-тәнімен жымыып, күйеуіне елжірей қараған. Сонда ол аяздай қаритын ащы сөзді естимін деп тіпті ойлаған емес. Басқа уақыт болса сөз басқа болар еді, қазір өзінің жаза басқан қылмысына күйзеліп, үндей алмай ішінен тыңды. Әйтсе де әрекетсіз қалудың жөнін таппай, «Алдымен амандаспайсың ба?» дегендей жат көзқараспен гүлдей жайнаған қып-қызыл ернін бұлтитып, отағасына өкпелегенін білдіруге тырысып бақты. Онысы беркеге кетпеді.

Әйелінің қас-қабағын байқап қалған күйеуі кешірім сұрағандай еңкейіп, ернінен сүйді де:

– Неге кешіктің? – деді, даусы жұмсарып.

Салқын қабақ танытқан Оксана жауап қатпады.

Қолындағы затын шкафқа қойса қайтем деп, Есеновте зәре жоқ. Қыл үстінде қалтырап, «шықпа, жаным, шықпа» деп шақ тұр.

Шкафтың кілт салатын саңылауынан екі адамның бөлмеге кіргенін көрісімен, ол жасырынған жерінен атып шықты. Жанталасып киген көйлегіне галстугін байлап тақты.

Сырттан кірген Оксана күйеуі кірген есікке қарап алды да:

– Тез шығып кет. Терезенің алдынан еңкейіп өтпесең, көріп қояды. Ауланың есігін жәймен жабарсың. Мен аналарға барайын, – деді күбірлеп.

* * *

Қандай қылмысқа барғанын басына түскенде білген Жасжан аман-есен үйден шыққанына қуанды. Сонда да бойында әл жоқ. Аяғын зорға басып келеді.

Оның әбден есі кетіп қорыққаны соншалық, әлі де құтылып кеткеніне сенбей көшеде де жалтақтап артына қарай берді. Осыған дейін артық істеген істің артында сұрауы барын білмеген екен. Басқан аяғын есеппен баспаса болмайтынын түсінді. Қызбалыққа салынған жастық кезі де емес, орта жастан асқан шағында жасаған шектен тыс өрескел ісін есіне алғанда беті өрттей қызарып кетті.

Ол өткен өкініштің орнын толтыра алмай қамығып жұмысқа келгенде түскі тамақтан кешігіп қалғанын бір-ақ білді.

* * *

Бүгін Есеновке сәтсіз күн болды деу артық болар. Бірақ оның ойламаған жерде таңғалғаны рас еді.

Жасжан асханаға барып түскі тамақ ішкен соң, маңмаң басып кабинетіне келіп, төрдегі столына барып отырды.

Цех шығаратын жүн престейтін машинаның құралдары бәрі ақаусыз стандартқа сай келсе де, ылғал жүнді престегенде жиі қақалып тұрып қалатын. Соны көрсе де көңіл бөлмеген болып Есенов документке қол қоятын еді. Енді осы машинаға да акт рекламация бірінен соң бірі келе берген соң, таңертеңгі лездемеде ол цех бастығымен біраз сөзге барысты.

– Понимаешь, тексергендегі нәтижең осы ма? – деді. Есеновті жаңа көргендей ежірейіп: – Ендеше келген акт рекламацияға жауап бересің. Өнімді тексеріп қол қойдың ғой, – деді. Юрий Иванович Жасжанның жанды жеріне тигеніне қуанғанынан орнында отыра алмай ұшып тұрды.

– Цехтан шыққан өнім ауланың ішінде сыймай бара жатқасын, қол қойғаным рас. Мен одан қашпаймын. Бірақ осы жерде қуанатындай ештеме жоқ. Бұл әлдеқашаннан бері етіміз үйренген үйреншікті шағым емес пе? Несіне түс көргендей бола қалдың? Түсінбеймін, – деп Жасжан Хоменкоға даусын көтерді.

– Есенов, үйтіп бұлғақтама, білдің бе? Понимаешь, жаңадан шығып жатқан өнім болса бірсәрі. Бұрыннан істеп жатқан жұмысты сен келіп бүлдірдің. Осы айтқаным өтірік пе?

Оның сөзіне Жасжан шыдай алмады.

– Хоменко, тыңда мені, – деп, ойланғандай сәл мүдіріп барып: – мен болмашы қате жіберсем, бұл жерде мені бір күн де ұстамай қуып шығар еді. Басқа білмесе де, оны сен жақсы білесің. Маған тағар кінә болмағасын істеп жүрмін. Басқа айтарым жоқ, – деп Жасжан қызарақтады.

Оның таңертеңнен бері қолы ешнәрсеге бармай көңілсіз жүрген себебі осы еді. Арасында кешегі болған оқиға да көз алдына келе берді. «Сүйтіп тәуекелге бел байлап барғандағы еңбегім не болды? Өмірімде бір-ақ рет жүрген жолымнан аттап бұрылып едім, абыройым айрандай төгіле жаздады. Маңдайымның не соры барын білмеймін. Өмір бойы алшасынан басып

шалқақтаған кердеңбайларға ешнәрсе жоламайды. Неге олай? Маған дегенде қайда да қырсық алдымнан ұшыраса қалады. Онысы несі? Осыны қалай түсінуге болады? Бұл өмірге не жаздым? Сондағы менің кінәм не?» деп өзінен-өзі жүнжіп, көңілінің ұйпа-тұйпасы шықты.

Ол түстен кейін де кешегі болған оқиғамен бірге бүгінгі цех бастығымен арадағы кикілжің сөзді де ойынан қуа алмай, кабинетінде жабығып, сарғайып біраз отырды. Орнынан тұрып бөлмеде әрлі-берлі жүрді.

Әлі де сол өткен күнгі оқиғадан арыла алмай, ойына қайта Оксана оралған кез болатын. Есіктен кіріп келе жатқан бір топ адамды «солар екен» деп өзіне нық сенгені соншалық, үлкен көзі шарасынан шыға жаздап қорқып кетті. Жүруге шамасы келмей, тізесі дірілдеп, қаққан қазықтай қатты да қалды.

Біреуге қиянат жасаған қандай екенін көрсетейін дегендей ұрлық сезім ешнәрсеге бой берер емес. Қарадан-қарап қыбыжықтап, төбесіне қара аспан төнгендей зәресі ұшты. «Ұрының арты – қуыс» деп бекер айтпаған. Өзінен-өзі қарадай қысылып, тап қазір жердің тесігі болса кіріп кетуге бар. Енді болмағанда кешірім сұрап жалынар ма еді...

Амандасқан таныс дауыстарды естігенде ғана өзінен-өзі келіп, есін жиды.

Қапелімде жүндей түтіле жаздаған Есенов Бахинді көргенде қол беріп амандасудың орнына кейін шегініп жол берді. Ол да оны елемеді ме, қасындағы орынбасарымен сөйлесіп, орта жолда тоқтады. Екеуінің соңынан ерген жаңадан келген өндіріс бөлім бастығы Сидоров пен цех бастығы Хоменко Жасжанмен қол беріп амандасты.

– Понимаешь, біздер саған келдік. Айдың аяғында жоғарыға отчет тапсыру керек. Білесің ғой. Мына қағаздарға қол қойып берші, – деді, Юрий Иванович Жасжанға үстем дауыспен қолын сілтеп.

Сыйлы қонақтарға не дерін білмей тұрған Жасжанға керегі де осы еді. Тығырықтан шығар жер табылғанына ішінен қуанып кетті. Қолына берген қағаздарды оқымай қол қойып, Хоменкоға бере салды.

Есенов қол қойғанын көрген екі бастық бір ауыз сөз қатпастан, бұрылып есікке қарай жүрді. Үлкен бастықтың келген шаруасын енді түсінген Есенов қапыда қалып санын бір соқты. Бір ауыз сөз қатпай шығып кеткенін ерсі көріп: «Осыны директор қойған адамның да дені дұрыс емес шығар? Аспаннан салбырап түскендей, көрдің бе кекіреюін?!» деді ішінен оған жыны қайнаған Жасжан.

Хоменконың қасында тұрған Сидоров Жасжанға қарап:

– Енді цехтан шыққан өнімнің бәрін де вагонға тиеуге болатын шығар?

Сол арада Жасжанның жауап қайтаруына мұрша бермей қыстырыла кеткен Хоменко:

– Қол қойғасын болды ғой, – деді. Баланың сөзін сөйлемей жөн тұрсайшы дегендей, бастығына қабағын шытып.

Есеп дегенге мән бермей қол қоя салған Есенов не бүлдіргенін енді түсініп, алданып қалғанына қатты өкінді. Тақыр жерге отырғызған Хоменконың қулығына іші тұз жалағандай ашып, опынғаннан басқа қолынан келері болмады.

Есенов болған іске ішінен тынып, ауырған адамдай кіржиіп, есіктен шығып бара жатқан Сидоров пен Хоменконың артынан қарап қала берді.

Жасжанға кешеден бері істеген ісі өзіне қырын қарағандай болды.

Ойлап қараса еркек намысынаа тырысып, арын атап істеген ісі қаншалықты қауіпті болса да, Бахиндікі одан да асып түскендей намысына қатты тиді.

Ақыр соңында бір күннің оқиғасы ренішінен гөрі қуанышы көңіл аударарлықтай басым екеніне көзін жеткізіп тынышталды-ау.

Әуелден де Жасжанға ешнәрсе ұнамайтын. Неге екенін өзі де білмейтін. Жүрген жерімде сыймай жүргенім де содан шығар деп ойлайтын. Өзіне ұнамаса, не нәрсеге де бас жоқ, көз жоқ ұрынатын. Қорку, үрку дегенге қарамайтын. Содан бір ләззат алатындай көрсоқыр түйсікке беріліп, екілене тиісетін. Артынан көңіліне күдік қалдырмау үшін арым таза деп өзін жұбататын.

Басында цехтағы кемшілікті көрсе де елемей жүрген де өзі. Оған Цойдың сөзі себеп болды дегені бекер еді. Сонау студенттік күннен бері санасына тыныштық бермей келген жұмбақ құбылыстың не екенін білмей жүр. Көңіліне ешнәрсе ұнамай, тағат таппай жүретіні содан. Қала берді өзіне де, өзгеге де көңілі толмайтыны да содан. Уақыт өткен сайын өзіне жат боп кеткен жан дүниесі маза бермей, азапқа түсіп қиналатыны да содан.

Ақыры көңіліне демеу іздеп, Оксанаға ұрынып тынды. Сонда да оның көңілі көншіген жоқ.

* * *

Ертесіне таңертең Жасжанды Леша есік алдынан әдейі күтіп қарсы алды.

– Білесің бе? Мен саған ризамын, – деді салған жерден.

– Не болды? – деді, нені меңзеп тұрғанын іші сезсе де, аңқауси қалған Жасжан.

– Білесің бе? Қол қойғаның дұрыс болды. Бәрінен де цехтағы адамдар саған риза, – деді Леша тағы не айтсам дегендей басын сипалап.

Есенов оның шын көңілімен айтып тұрғанын түсінді. Оған деген ренішін ұмытып, соған риза болды. «Өзгелер неге осындай болмайды? Басқа орыстардай ішімдегіні тауып ал деп тымыраймайды. Арамдығы жоқ. Бір жақсы жері – зіл сақтамайды. Ойына келгенді іркілмей айтады», – деп, Лешаға сүйсіне қарады.

Жасжанның көңілі көтеріліп қалды. Тағы да не айтар екен деп күтті.

– Бахин қарамағындағы адамдарын кабинетіне шақырып алушы еді. Саған өзі барыпты ғой. Сен үшін бұл үлкен жетістік, оны біліп қой, – деді алақанымен мұрнының ұшын сипап, жайыла күлген Леша. – Айтпақшы кеше біздің цехта не болғанын білесің бе?

– Білмеймін. Кеше мазам болмай жұмыстан ерте кетіп қалдым, – деді Жасжан.

– Цехтағылар дастархан жасап тойлады. Тамаққа ақша таппай жүр едік, жақсы болды деп қуанғандағы дауыстарын естігенімде аяғанымнан көзімнен жас шығып кетті. Әшейінде ішпейтін Савельев те қырлы стақанды толтырып қағып салғанын көзім көрді. Хоменко мас болып қалды.

– Ақшаны қайдан тауыпты? – деді Жасжан.

– Сол сөз бе екен? Басқаға ақша таппаса да, араққа табады ғой. Көбісінің ішкендері самогон. Хоменко қалтасынан бір бөтелке шығарды. Бәрінен де маған жақсы болды. Юрий Иванович жұмыс істемейсің деп қыр соңымнан қалмай жүр еді. Рахметімді айтайын саған деп есік алдында күтіп тұрғандағы жұмысым сол.

– Рахметіңді маған емес, ана мені алдап соққан бастығыңа айт. Есеп дегесін қағазға үңілмей қол қоя салдым. Енді кеш, – деді. Қабағын түйіп ашудан қыстыға сөйлеген Жасжан.

– Не керек? Біраз естерін шығарып састырдың, сол жетпей ме? Одан да Бахин саған не деді, соны айтшы? – Жасжанның қолынан шап беріп ұстады. Оның бірден жауап қата қоймағанын жақтырмай қалған Леша: – Бәлденбей болсайшы, – деді, дегбірі қашып.

– Менің айтқанымға сенбесеңші, – деді Жасжан немқұрайлы.

– Олай болу мүмкін емес. Өз қара басым осы заводта дені дұрыс адам болса, соның бірі өзің деп білем. Не арақ ішпейсің, не темекі тартпайсың, қала берді біздердің екі сөзіміздің бірінде айтатын боқтық сөз де тісіңнің арасынан шықпайтын кристаллдай таза адамға сенбегенде кімге сенем?! – деді Леша қызып кетіп.

– Айтқан жоқпын ба саған, менің сөзіме сенбейсің деп. Менімен сөйлеспек түгіл, амандасқан да жоқ. Шынын айтсам, оның неге келгенін түсінбедім.

– Үлкен басын кішірейтіп, қалай сенімен амандасады?! Онымен сен амандасуың керек! – деп кекетті Леша. – Оның қандай адам екенін білмейтіндей сөйлейтінің не? Әлде Бахин екі сөзінің бірінде «мен» деп мақтанып сөйлейтіні есіңнен шығып кетті ме? Ондай адамда қандай ақыл болады? Өзің ойлашы. Қой бақса қойға да «мен» деп мақтанатын шығар. Сүйенерің болып, коммунист болсаң, таққа отыру қиын емес екен. Соны білем, – деді.

Ол қылмыс жасағаннан бетер қиналып, ақталып сөйледі:

– Директорды көрген сәтте сасып қалып, амандасудың орнына кейін шегініп жол бердім. Есіктен кірген адам бірінші сәлем бермей ме? Мені көзіне ілмеді. Оның қасында келе жатқан Шиллер басын изеп, ырымын жасады. Онда ол да жоқ, – деді Жасжан.

– Жәке, босқа жүйкеңді құртпа, берген сәлеміңе ол жауап қатпаса не болар еді? Соны ойладың ба?.. Мына түріңмен өзіңнен-өзің мүжіліп түгің қалмас еді. Қайта жақсы болған. Бұл жағдай менің басымнан өткен. Сужыланнның басындай кекшиіп берген сәлеміме жауап қатпай жүре берген. Сонда саған қандай мақсатпен келді? Түсінбеймін, – деп Леша басын шайқады. Сол кезде басы салбырап келе жатқан Хоменконы көріп қалған Леша сөзге келмей ішке кіріп кетті.

* * *

Түстен кейін Алмабек келіп әй-шәй жоқ, бас салып құрдасының бетінен сүйді.

– Бұл ненің құрметі? – деді оған Жасжан.

– Не үшін екенін шынымен білмей тұрсың ба? – Алмабек сенерін де, сенбесін де білмей сұраулы жүзбен Жасжанға қарады.

– Бәлденбей айтсайшы, – деді Жасжан оған.

– Сені жұрт мақтап жатқанда мен қалам ба? Осы айтқаным өтірік десең, өз көзіңмен көресің, бізге жүр, – деп, Алмабек Жасжанның қолтығынан ұстады.

– Бәрі бітіп, мені мазақ еткің келді ме? – Жасжанның көзі шытынап кетті.

Не дерін білмей сасып қалған Алмабек:

– Өй, не деп тұрсың? Жөнімді айтып тұрсам, мазағың не? Біздегілер күтіп отыр. Ертіп кел деп мені жіберді, – деді.

– Не үшін? Әлде мені алдағаныңа сене қоятын бала дейсің бе? – деп Жасжан сөзге құлақ аспай қасарысты.

– Айналайын, жүрші, осыдан өтірік айтсам бетіме түкір, – деп Алмабек жалынды.

– Енді жөнге келдің, – деді Жасжан бірден сылқ етіп күліп.

– Ту-у! Сөзге түсінбейтін не қылған адамсың?! Өлердегі сөзімді айтып зорға көндірдім ғой. Өзіңе жететін қыңырлығың бар екен. Бұндай мінезің барын бұрын неғып байқамадым?! Саған шыдап жүрген Сымбатқа алтыннан мүсін қойса да артық болмас, – деді Алмабек.

– Жә, осы айтқаның да жетер, қойсайшы, – Жасжан түк болмағандай күлді.

– Неге қоям? Менің жүйкемді бір сәтте терідей илеп жұқартып тастадың. Аз ба?

Жасжан қысылғаннан:

– Қойшы қайдағыны айтпай, – деді.

– Қуанышыңа ортақтасып келгенімде бетімнен қақтың, онымен қоймай ант-су ішкіздірдің, – деді Алмабек.

– Менің басымнан өткен бір күнде болған оқиғаны білсең, бұлай сен сөйлемеген болар едің, – деді қабағы қайта түсіп кеткен Жасжан.

Жасжанның алдында кінәлі адамдай жаутаңдап, не айтарын білмей сасқан Алмабек:

– Көптен бері жоламай тымырайып жүрсің. Айтпасаң қайдан білейін? Не болды? – деді, демде жаны ашып.

Айтарын айтса да шымбайына батыра сөз айтқандай Жасжанды аяп кетті.

Сүйтсе Жасжанды неге жақсы көретінін әлі күнге дейін білмейді екен. Онысын енді аңғарды. Басқалардай емес. Қанша ашық десең де аузынан артық ауыз сөз шықпайды. Әлде...

Оның ойын Жасжан даусы бөліп жіберді:

– Есіме түссе өзімнен-өзім қысылам. Өтіп кеткенді қозғамайықшы.

– Сөзіңді қалай түсінуге болады? Сонда менен жасырғаның ба? Олай болса, айтпағаның дұрыс еді. Жұмбақтап сөйлеп, өзіңмен бірге мені де қинап тұрғаныңды білесің бе?

– Сенің жаңа шақыра келдім дегенің қайда? Әлде өтірік айттың ба? – Не деп жауап қайтарарын білмей қашқақтаған Жасжан Алмабектің көңілін басқа жаққа аудармақшы болған. Онысынан да түк шықпады.

– Өй, қойшы, жайылған дастархан ешқайда қашпас, жұмыс аяғына дейін үлгереміз. Сен мені сөзбен алдарқатып құтылам деп босқа арамгер болма. Одан да не болғанын айт, мені босқа қинамай.

– Өзіме обал жоқ. Саған айтып нем бар еді... – Жасжан өзінен-өзі қысылып, оң қолымен төбе шашын қасыды. – Тілім күрмеліп, айта алмай тұрмын. Босқа мені қинамашы, өтінемін. Маған істеген жақсылығың осы болсын, – деді қайдан айттымға қалған Жасжан Алмабектің қолынан ұстап.

– Сонша менен жасыратындай қандай сыр?! Сенен естіген құлағым тосырқап тұр. Жарайды онда, – деді Алмабек амалсыздан.

– Үйістетініңді ішім сезген. Көптен бері Оксанаға көңілім ауып, есімнен шықпай қойғасын ахуалын білейін деп қоңырау соғып едім. Күйеуім іссапардан бүгін келеді деді. Онда тағы бірде хабарласармын дегенімде қазір кел, күтем дегесін бардым. Біраз уақыт өткеннен кейін қоңырау шылдырлады. Сол кезде Оксана күйеуім келді деді. Абырой болғанда ауланың есігін іштен

жауып алған екен. Әр нәрсенің байыбын басыңнан өткенде ғана түсінеді екенсің. Қандай қылмыс жасағанымды сонда білдім. Жантүршігерлік үрейдің не екенін де сонда ұқтым. Қара түнекте қалғандай, қорыққаным сонша, менде ес қалмады. Жазасыз жапа шегіп, күйіп кете жаздағанымды айтып жеткізе алмаймын. Санам алжасқандай, көз алдым тұнып, бойымнан қалай әл кеткенін білсең. Есерлікпен істедім дейтін жастық шағым емес. Өзімнен-өзім күйініп опынғаным-ай! Кешірмейтін күнәнің бағасы жоқ. Енді қайттім деп шарасыз күй кешіп түңілгенімді ешуақытта ұмытпаспын. Осы бір қас-қағым сәт ішінде шеккен азабым жылға созылғандай өтіп болмады. Оксана менен гөрі еті тірілеу ме, есін тез жинады. Шкафқа тығыл деді көкшіл көзі алақтап, маған бір, терезе жаққа бір қарап, зорға айтты. Әйтпесе абыройым айрандай төгілетін еді. Түскі астан кешігіп қалып, ешнәрсеге зауқым соқпай, өзімнен-өзім өкініп күнді өткіздім. Бұл аздай, келесі күні кабинетте отырғанымда нөкерімен Бахин кіріп келді. Ендігісі өзіңе мәлім ғой, – деді Жасжан селқос үнмен.

– Бәрекелді, қай жағын да тындырған екенсің. Мен саған ризамын. Еркек деген сендей болса, кәнеки. Жұмыр жер әлдеқашан бақыт шуағына малынып тұрар еді, – деп сөзін қайта жалғастырған Алмабек, – қалай болғанда да директор бас иіп барды ғой. Соған шүкіршілік ет. Енді жайылған дастарқанға барайық. Біздегі әйелдер қуанғандарынан шампан ішті. Олардан мен қалам ба? Арамызда отырып көңілін көтерсін деп дастархан жайған мен едім, – деді Алмабек.

* * *

Есенов тап осылай жағдай өзгере қояды деп ойлаған жоқ еді.

Заводта істейтін жеті мыңға жуық адамның танытыны да, танымайтыны да онымен кездескен жерде амандасқанымен қоймай, жол беріп, құрмет көрсететін

дәрежеге жетті. Ал цехта істейтіндердің бәрі оған деген реніштерін ұмытып кеткендей көрген жерде көздері күлімдеп қарсы алды. Енді өзі олардың шын пейілдері мен ақ жарқын жүздерінен ұялып, бір нәрсені бүлдіріп алған баладан кем болмай, тайсақтайтын жағдайға ұшырады. «Өмір – кезек» деген осы.

Осы жұмысшылардың арасында өңін өзгертпей, ішінен тынып жүрген бригадир мен оның көмекшісі. Екеуінің іштерінде не жатқанын Есенов білмейді. Савельевтің көпшілікпен арақ ішкенінде де өз есебі бар. Біріншіден, жұмысты ақсатып алған кінәсін біледі. Екіншіден, бірге істейтін он бес адамның қуанышына ортақтаспаса абыройына кір келтіріп алам деп сақтанғандағысы. Арасында өзі сияқты әпербақан болмаса да мінезі шәлкестер жетеді. Олар ішіп алған кезде ешнәрседен қаймықпайды. Бетің бар, жүзің бар демей айтып салады. Әсіресе ағайынды Ещанов пен Шәкенов. Бұл екеуінің мінезі ауыр, өз бағасын біліп, кез келген жерде килігіп сөйлемейді. Айтса айтқанын істетеді. Бригадир мен Вованы Есеновке жіберген де осы екеуі болатын.

Заводта бір кісідей абыройға ие болған Савельевтің көрген жауы Есенов екені айдан анық. Ол Жасжанның кесірінен ай сайын беретін жоспарын орындаған жоқ. Бұл аздай партсекретарьдың орынбасарлығынан алды. Бір сәтте осылай абырой-атақтан айрылды. Осыдан кейін қайтіп Жасжанға жылы шырай танытсын. Оны көрген жерде іші қан жылап, мысық көзі бажырайып, тікелейген селдір қабағы түйіліп, елемегендей жүре беретіні содан.

Хоменко ғана түк болмағандай жүр. Құжатқа қол қойғанның ертесіне жұрттың көзінше Жасжанға рахмет айтты. Біздерді өстіп қорқытып қойғаның дұрыс деп, оны қолпаштаған болып отырғандарды ду күлдірген. Жасжанмен текетіресіп берекет таппайтынын білгесін, оның ендігі ойы қайткенде де онымен тіл табысып, жұмыс істеу екені айтпаса да белгілі еді.

Кеше кәсіподақ комитеті кезегі келген Жасжанға Боржомиге демалуға жолдама берді.

Есеновтің қиналған жан дүниесі де, қиюы қашқан жұмыстың тәлкегі де, қаумалаған ойдың азабы да, болмашыға күйіп-піскен тіршілігі де бір күндей болмай өте шықты. Енді ол бәрі бәрін де ұмытып, ешнәрсе ойламай демалатынына қуанды.

Өмір берейін десе, қуанышты үсті-үстіне төгіп тастайды екен де, бермейін десе тәлкекке салып, жаныңды қинайды екен. Асылы, «Сабыр түбі – сары алтын» деп үлкендер бекер айтпаған. Есенов кездескен қиындыққа мойымай, күресе білгеннің арқасында дегеніне жетті. Мейлі ол цех шығарып жатқан өнімнің кем-кетігін өз деңгейіне көтере алмаса да, істеген ісінің дұрыс екенін іс жүзінде көрсетті.

* * *

Есенов кезекті демалысына шығып, демалуға кеткенде, цехтағы жұмыс қайтадан бұрынғы үйреншікті қалпына қайта түсті. Шыққан өнімнің сапасы жайына қалды. Басқаны айтпағанның өзінде кескен темірлердің жаңқасын да алмады. Жасжанның орнына уақытша басқа цехтан келген Ольга шыр-пыр болып айтқанын істеткізе алмай, қайдан келдімге қалып жүрді. Болмағасын Хоменкоға барып арыз айтты. Одан да нәтиже шығара алмай қойды. Қайта өзін мазақтап, есін шығарды. Жоспар деп жанталасқан жұмысшылар уақытпен санаспай істеді. Соның өзінде де олар Жасжанды естерінен шығарған жоқ. Үлкен қақпаның көк сырмен боялған сыртқы бетіне Есеновтің жұмысқа шығатын күнін таңертеңгісін бормен (белгілеп) жазып жүрді.

Жасжан Кавказ тауының бөктерінде орналасқан Боржомидың табиғатына таңырқай қарап, екі таудың арасында сарқырап ағып жатқан өзеннің қара мұздай суына түсіп, арасында ем-домын алып, қалың ағаштардың арасында шат көңілге бөленіп, қыдырып жүргенде жиырма төрт күн қалай өткенін де білмей қалды.

Жұмысқа шыққан күні цехтың алдында жиналып тұрған адамдар Жасжанды көргенде жаймен ығысып, ішке кіріп кетті. Ол көк қақпаға жақындағанда ғана бормен салған суретке көзі түсті. Цехтан шыққан өнімді құшақтап, төбе шашы шошайып тұрған өзін бірден таныды. «Көрдің бе ойлап тапқандарын?» Савельевтің ісі екенін іші сезді. Жалма-жан салған суретті қалтасынан қағаз алып сұртті. Көңілі нілдей бұзылды. Ашудан булығып, бригадирді жағасынан ұстап буындырғысы келіп, адымдай басып кішкене жүрді де, кілт тоқтады. «Ең болмаса біреудің аузынан сол деген сөз шықса бір жөн. Барғанда не деймін?» Сабасына түсті. «Мынаның есі ауған шығар деп қасындағы қолшоқпарлары маған күлмей ме». Ызадан айыға алмай, бәрібір бұл жұмысты істемеймін деп ант-су ішті. Өзінен-өзі жүйкесі таусылып, цехтағылардың бірде-бірін көргісі келмеді. Содан кабинетіне де кірмей, лездемеге де бармай, заводтың ішін аралап, өзіне жұмыс қарап күні бойы сенделді.

Жұмыс аяғында кабинетіне кірген Есеновті телефон шырылдап қарсы алды.

– Алло! – деді.

– Қайда жүрсің? – деді қатқыл шыққан жіңішке үн. Кадр бөлім бастығы татар әйелдің даусын бірден таныған Жасжан:

– Қайда болайын, заводтың ішінде жүрмін, – деді бойынан әлі кеткендей даусы зорға шығып. Оның күні бойы жүріп әбден сілесі құрып шаршағаны да рас еді.

– Манадан бері іздеп таппадық, – деді жаңағыдан даусы жұмсарып. – Директор шақырып жатыр, – деді де трубканы тастап жіберді.

* * *

Есенов кабинетке кіргенде Бахин телефонның трубкасын орнына қойып жатты. Есіктен кірген Жасжанды көрген директор бірден:

– Есенов, цехтың жұмысы жүрмей тоқтап тұр. Бұл қашанға дейін созыла бермек? – деді, Бахин ойланып қалғандай кішкене көзі тесірейіп Жасжанға қарап.

Ол сәлем беріп те үлгерген жоқ еді. Директордың сесті үні оны ықтырып тастағандай, бірден жауап қайтара алмай мүдірді.

– Осы сұраққа жауап берші, – деді Бахин отырғышқа отыра берген Жасжанға көзін алмай қараған күйі.

– Бұл сұраққа мен емес, Хоменко жауап беру керек қой, – деді Жасжан.

– Солай ойлайсың ба? Жоқ, олай емес. Саған да тиісті болғасын сұрап тұрмын. Кемшілікті көрген дұрыс. Оны талап ете білген де дұрыс. Бірақ жіберген кемшілікті түсіністікпен қарап, керек жерінде бірлесіп жұмыс істеуге болмай ма? – деді Анатолий Засимович.

– Алдымдағы сызған сызбаға қарап, өнімді тексергеннен басқа менің қолымнан не келеді? – деді Жасжан сөз таппай қысылғанынан.

– Онда саған бұл цехта жұмыс істеу қиын болады. Үстіңнен шағым көп. Оны, Есенов жолдас, білуің керек. Болмаса күзет бастығының орны бос. Барасың ба? – деді директор столдың қапталындағы кнопканы басып жатып.

– Көрейін, – деді Жасжан жай ғана.

Сүйткенше болған жоқ, кадр бөлім бастығы есікті тықылдатып ішке кірді.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Жасжанның емдеп жүрген дәрігері УЗИ-ге түсіріп, бауырынан тапқан кеселді айтқанда, әлденеден меселі қайтып, жігері мұқалғандай әсер қалдырғаны соншалық, әп-сәтте көңіл күйі сабындай бұзылып құлазып кетті.

Палата іші жап-жарық нұрлы, шуақты еді, енді оның көңіл құрғыры құрысып, бүкіл әлем-дүниенің бәрі бірдей күңгірт тартып, тылсым үрей оған төніп келе жатқандай әсер қалдырды.

Бұрын ол қанша ауырып қиналғанда да тап осылай жан алқымынан алғандай қатер ойына кіріп шықпаған еді. Қазір құрдымға мүлдем кеткендей, басына қара түнек орнап, келешектен әбден күдер үзіп, көңілін уайым мен қайғы жаулап алған сүлесоқ күйдің үстінде азап шекті.

Өйтпегенде қайтсін, дәрігердің сөзі кеудеге атқан оқпен бірдей болды. Сол мезетте астан-кестен болған ішкі жан дүниесін жаулап алған үрейді айтып жеткізу мүмкін емес еді. Ә дегеннен түсі қашып, үшті-күйде бойдан қуат кетіп, тұңғыықтан шығар жол таба алмай жанталасқан.

Суға кетіп бара жатқан адам да қайтсем аман қалам деп арпалыспай ма? Бұнда ол да жоқ. Бойын әбден қорқыныш пен үрей билеп, қалқиған денеде дәрмен қалмаған. Осындайда санадағы зерделі ой да сырт танытқандай күй кешіп, оған қоса бойдағы күш-қайраттан айрылған соң, қуыс кеуде жарған ағаштай қақырап қалғандай күй кешті.

Бөлменің іші жым-жырт. Жалаңаш қабырғалар көзге суық тартып мүлгіп тұр.

Қазір оның өз денесі өзіне жат боп, есеңгіреп қалған адамның түріндей өң-түс жоқ. Бұл дүние өзіне жат көрінетіндей сезініп кереуетте бүкшиіп отыр.

Бір уақытта бұрын ауырып көрмеген бауыры қарадан-қарап шаншып ауыра бастады. Шынымен, ажал келіп қалғандай зәресі ұшты. Жантүршігерлік құбыжықтан көз алды тұнып, сол отырған күйінде қозғалуға шамасы келмей, тұла бойы сіресіп қатты да қалды.

Сәлден кейін жан алқымынан алған қорқыныш та, кеудеге сыймай дүрс-дүрс соққан жүректің лүпілі де сабасына түсіп, бойына жылу пайда болғанда өзге дүниеден ауып келгендей сезініп, өзіне-өзі келе бастады. Басына ой туып, көңілін аулайтын күйге көшті-ау.

Енді ол «Бұрын ауырмаған бауырдың дәрігер айтқаннан кейін ауырғаны несі?» деп жауабын таппай қиналды. Қайткенде де бойды билеп алған үрейден айығудың әрекетін жасап, көңіліне күдіктің көлеңкесін қалдырмаудың амалын іздеді.

Қаншама санасымен шарлап шарқ ұрса да, дәрігер маманы болмағасын ба, ауырған жерінің себебін таппай қатты азап шекті.

Ойламаған жерде тап болған кеселге не істерін білмей қиналып, азапқа түсіп жүргенде тап осылай бұрын да бір есінен танып ауырғаны есіне түсті. Онда да тап осылай үрей оның жан алқымынан алған.

Ол кезде ауырып барған адамның тамағындағы қабынған безін көрген дәрігер бірден көрегендік танытып, «ауру қоздыратын қоздырғыш» деп бас салып операция жасайтын. Дәрігерге көрінуге барған оған да соны айтып ауруханаға жатқызған. Бес адамға жасаған операцияның ішінен жалғыз Жасжанның ғана тұла бойы өргеніп, көмейінен аққан қан екі сағат бойы фонтанша атқылап, тыйылмай қойған. Маңдайына басқан грелкідегі салқын су да ысып кетіп, медбике грелкіні әлме-әлі

алмастырып жүгіріп жүрді. Сонда денесі күйіп-жанып, жанын қоярға жер таппай қиналды. Басқа амалы қалмағасын дәрігердің өзі келіп операция жасағанда қолданатын сұйық дәріні беріп, ағып жатқан қанды тоқтатты. Онда да астан-кестені шыққан жүрегі кеудесін сығып, екі дүниенің арасында жанталасып бір ажалдан қалған. Сүйтсе жаның қай жерің ауырса, сол жерде екен. Аурудың жеңілі болмайтынын Жасжан сонда білген.

* * *

Шын мәнінде Жасжанның ауруханаға жататындай алып бара жатқан ауруы да жоқ еді.

Жылдың төрт мезгілінде басы ауырып жөтеле берген соң, таныс дәрігеріне барған. Сонда «ауруханаға жатыңыз, толық сараптама жасап, тексерейік» деген дәрігердің сөзін жөн көріп, жатқанда тапқан пайдасы. Обалы не керек, Балымбекте кінә жоқ. Күнде алған анализдерін қарап, қуантып келіп, кетіп жүргенде он күнде білінбей өте шыққан. Соңғы келгенде УЗИ-ге түсіріп қараймыз, сосын шығарамыз деген.

УЗИ-ге түсірген дәрігер өзіне ешнәрсе айтқан жоқ. Артынан Балымбек палатаға өңі бозарып, қабағы түсіп келді. Бұрынғы көңіл күйдің бірі жоқ.

– Жасеке, бар бәле бауырда екен. Бірнеше дақ бар. Нақ диагнозын айту қиын. Бұны тек томографияға түсіріп анықтауға болады. Егер біз ойлағандай болса, бұл сирек кездесетін кесел, – деп сәл мүдірді де, – ондай аппарат облыста жоқ. Ол үшін Ақтауға немесе Алматыға бару керек. Қаласаң, Ақтауға бар. Сонда институтта бірге оқыған жолдасым істейді. Барсаң күтіп алады, – деді Балымбек.

Жасжанның қасында біршама уақыт үнсіз отырып қалған дәрігер:

– Қарашы, аяқ астынан саған ауру тауып бергенімді, – деп, жаны бірге қиналғанын білдіре мұңайып, басын шайқап шығып кетті.

Ол Балымбектің түрін көргенде-ақ, әлденеден күдіктеніп қалған. Сүйтсе де бауырдан тапқан дақты естігенде, онша мән бере қоймады. Сирек кездесетін ауру дегенде ғана өңі бірден қашып, денесі мұздап қоя берді. Осыдан кейін алды-артын ойлауға мұршасы келмей, күдікті ой қаумалап, бойын қорқыныш сезім биледі. Сол екен, басына қара түнек орнағандай зәресі ұшып, не істерін білмей, түнде ұйқыдан қалып, сары уайымға түсті.

«Көтере алмасаң, қосып арқала» дегендей, бас-аяғы екі күннің ішінде жүрегі айнып, жиі кекіріп, түкіре беретінді шығарды. Тамақ ішсе құсқысы келетіндей тәбеті шаппады. Тамақ ішпегесін бойдан әл кете бастады. Не керек, алдан күткен үміт жіңішкергендей күй кешіп, сарғайып жүргенде ауруханадан шығып, үйде үш күн болды да, поезға отырып Алматыға кетті.

Алматыдағы аурухананың есігінің алдына таксиден түскенде сонда істейтін жерлесі Көмекбай кездесіп, кезек күтірмей томографияға түсірді. Әйтпесе кезек күтіп тұруға оның шамасы келмейтін.

Бұнда келген еңбегіне жақсы сөз ести алмай, жанын жаралаған үстіне жаралап аулына қайтты.

Орта жастағы орыс дәрігер томографияға түсіріп қарап болғасын Жасжанға көзін сығырайта шұқшия қарап алды да: «Бұл кеселдің екі түрі болады: біріншісі – туа біткен, екіншісі – жаңадан пайда болған, осының қайсысы екені белгісіз. Оны білу үшін екі ай сайын УЗИ-ге түсіп тұрасың, дақтар өспесе, онда туғаннан келе жатқан болғаны, режим сақтасаң, әлі де өмір сүресің. Егер көлемі ұлғайып өссе, оған ешқандай ем қонбайды. Медицина бұл ауруға дәрменсіз. Өміріңе ешкім араша бола алмайды. Қалай болғанда да саған көп жүруге болмайды, үш кг артық жүк көтермейсің, диета сақтайсың», – деді.

Кабинеттен шыққасын Көмекбай оған:

– Көп уайымға салынып езіле бермей, кеуденді көтеріп, көңілді жүруге тырыс. Денсаулыққа оның да көмегі

зор. Өмірдің тажалы – уайым. Ойда жоқ ауруды жамап аласың. Өмірде не жоқ. Жазылмайтын аурулардан да жазылатындар қаншама?! Қателеспейтін адам жоқ екенін білесің. Медицина да қателесуі мүмкін ғой. Осында бір жігітті білем, оның да кеселі сенікіндей, оның ауырғанына биыл бес не алты жыл болады. Жыл сайын жазда тауға барып, биенің жаңа сауған сүтін ішемін деген, сұрағанымда. Соны жақында көрдім, бет-ажары жақсы. Институтта менімен бірге оқыған жолдасымның інісі. Аты – Бауыржан. Өз аузынан естимін десең апарайын. Жаңа сауған биенің сүті өкпе ауруына да жақсы екен. Көрші неміс жігіттің жеті жасар баласы биенің сүтінен жазылды. Дәрігер айтты деп өмірден күдеріңді үзбей, қарсы күресіп бақ. Ғылымның аша алмай жатқаны көп. Жұмбақтың бәрі мына бізді қоршаған табиғат әлемінде екенін де ұмытпа. Салың суға түспесін, үйге барғасын сен де биенің сауған бойдағы жылы сүтін іш. Сені алпыстан асқан деп ешкім айтпайды. Уайымға салынып, ерте мүжілме. Адам бойындағы ең қасиетті нәрсе – сенім. Ең қатерлі нәрсе – уайым. Сеніміңді жоғалтпай қарсы күрессең, нені болса да жеңесің, – деп аурухананың есігінің алдында қоштасты.

* * *

Ол бойын билеген үрейден арылып өзіне келгенде, о дүниеге барып қайтқандай сезген еді. Бірақ тап осылай жағдайы өзгере қояды деп күткен емес.

Жасжан жаны қиналып, бойын үрей билеп, өмірден күдер үзе бастаған кезде Көмекбайдың берген кеңесі оған күдікті ойдан арылуына септігін тигізгендей әсер қалдырған. Көңілі көтеріліп, ауруынан айыққандай еңсесін көтеріп, тыңайып қалғандай сезінген. Поезда да, үйге келгенде де содан жазылып кететіндей сүйініш тұтқан. Содан жазылып кететіндей сенгені соншалық, көп жүруге болмайды деген дәрігердің ескерткеніне де қарамай, бие сауатын үйді қаланың шет жағынан

жаяу жүріп іздеді. Ақыры іздеген еңбегі еш кетпей тауып, биені сауған бойында сүтін ішті. «Адамның зәрі сынықтан өзгенің бәріне ем» дегенді кітаптан оқығаны есіне түсіп, оны да ішті.

Осыдан кейін тәуір бола бастады. Сары уайымға қамалып, бір күні өтпестей болған уақыт та өте шықты. Сары уайымға түсіп небір сұмдықтарды басынан өткізген күндерін де ұмытты. Тек қана не болса соған алданып өткізген өмірін ғана есінен шығара алмай қойды.

Тылсым дүниенің сырын кім ұққан дейсің? Жанды алқымнан алған кезде басынан кешкендерінің бәрі есіне сағымдай сырғып өткенде ашық аспан күмбезінде жарқыраған күн сәулесіндей сондай ыстық тартып, елжірей қалған. Еске алуға тұрмайтын, татымсыз сол бір күндердің өзін аңсағандай өңі түлеп шыға келген. Сол бір қиыншылыққа төзе алмай тарыққан кездері есіне түскенде көктем шуағындай ыстық тартып, көңілі жадыраған. Сағымдай иірім сезімге бой ұрып қанаттанған қиялы жаны қиналып жатса да көз жетпес биікке шарықтап, әсерге бөлегендей болған. Сүйтсе жарық дүниеден артық ешнәрсе жоқ екен.

Енді ойласа, өмірдің қызығымен байқамай жүре беріпті. Содан болар, өтіп жатқан уақытты да байқамапты. Бар жақсылықты алдағы күннен күтіп, зымырап өткен жылдың қай мезгілін де соқыр сезімнің түйсігіне еріп аңғармапты. Енді ше... Осымен бәрі біткені ме?! Бала кезден бері аңсаған арман қайда? Алдыма қойған мақсатым бар емес пе еді?! Жасжан алпыс үш жасқа келгенде сұрағына жауап таба алмай, кеудесі орны толмас өкінішке толып күйінді.

Жасжан тағдыр тәлкегін аз көрген жоқ. Соғыс жылы дүниеге келген бала өмірдің ыстық-суығына пісіп өсті. Бесінші сыныптан бастап тоғызыншы сыныпқа дейін тойып тамақ ішпей, жыртық-жамау киіммен таныс біреулердің үйінде жатып оқыды. Студент кезінде де өз қатарларымен бірге жарқылдап жүруге жағдайы көтермеді. Жұмыс істегенде де алған айлығы не киерге,

не ішерге жетпеді. Қысқасы, қай уақытта да маңдайы жарқырап өмірдің қызығын көрген емес.

Бәрінен де жылы жерін суытып, төрт баламен туған жеріне келгенде көрген азабын айтсайшы. Таныс дейтін таныс жоқ, туыс дейтін туыс жоқ, маңдайы тасқа тигендей есеңгірегені есінен шықпастай болған. Жалдап кеткен пәтеріне келіп жайғасқанмен, ең аяғы пешке жағатын отын таппай, қиыншылықты көріп, өлдім-талдым дегенде көктемнен шыққан. Өмірінде осымен екінші рет жалғыздықтан жапа шегіп, іші ұлыған еді.

...Бірінші рет Есеновтің басына түскен жалғыздық мектепті бітерген жылы болған. Аттестат қолға тиген кезде жүрек дегенің асау аттай тулап, тоғыз ай ауырып төсекте жатқан әкеге де қаратпай, Алматыдан бір-ақ шыққан. Содан оқуға түсе алмай қайтып келгенде, үш күннен кейін әкесі қайтты. Сол күндері қайғы жұтып, жапа шеккен Жасжанның қасында дос та табылмады. Әншейінде кіріп-шығып жүретін көрші-көлем де есіктен бас сұқпай қойды. Шешесі бес баламен қалды. Мұң басқан үйдің ішін меңіреу тыныштық жайлап, қорқыныш-үрейден денесі аяз қарығандай дірілдеп, уақыт та өтпеген. Жанашыр жақын-жуықтың жоғын сонда білді.

* * *

...Жасжан кішкене бөлмеде жайылған төсек-көрпенің үстіне малдас құрып отырып, ауыратын жерін асықпай бірінен соң бірін тізбектеп айтып жатыр. Оның сөзін тыңдап қарсы алдында орта бойлы, дөңгелек жүзді жігіт ағасы отыр. Екі жағына теңселіп көзін жұмып алған. Ақ көйлек, ақ дамбал киген, басында ақ тақия.

Жасжан айтып болғасын күрсінді. Сол кезде емші де көзін ашты.

– Уһ! – деді Нариман емші төмен қараған күйі. Басын көтеріп алақанымен кеуде тұсын сипалады. Бидай өңі демде құп-қу тартып, шаршап қалған адамдай

алқынып дем алды. Өз жайын күйттеп, маңғаз кейіппен сөйлеуге асыға қоймады. Оның арық та емес, семіз де емес етті денесі спортсмендердікіндей шымыр. Сырт көзге ерекше әсер бергендей байсалды да сабырлы. Сөйлегенде қоңыр үні жылы лептей майда естіледі. Бипазданып аспай-саспай қимылдағанына дейін өзіне жарасып тұр. Жасжанға тым сүйкімді, тым салмақты көрініп көңілі ауғаны сонша, кішкентай кезінде шешесінің айтқаны ойда жоқта есіне түскенде, емшіден артық ауыз сөз естіп қоятындай қайдан келдімге қалып, қорқып отырғанын да үшті-күйде ұмытты.

...Онда ол алты жаста еді. Ауылында айтқаны мүлт кетпейтін құмалақ ашатын кісі болды. Аты есінде қалмаған. Сол кісіге шешесі барып, әкесіне құмалақ салдырған екен. Қырық бес жасында қатер бар. Содан аман қалса, өмір жасы ұзақ болады депті. Жасжанның әкесі құмалақшының айтқанындай, қырық бес жасында қайтыс болды. Есіне сол түскен.

Емші Нариманды Жасжанның естігеніне үш ай болған. Сымбат дәрігерге көзі ауырып барғанда кезек күтіп отырған әйел оған осыдан бір жыл бұрын ауырғанын жыр қылып айтып берген. Сонда доқтырлар әйелді әрі емдеп, бері емдеп, ауруын жаза алмаған соң пенсияға шығарыпты. Алдағы жарық дүниеден күдер үзіп, не істеп, не қоятындарын балдарына айтып, қоштасып жатқанда жасы отыздан асса да тұрмыс құрмаған үлкен қызы біреулерден Нариманды естіп келіп, қоярда-қоймай шешесін емші кісіге апарыпты. «Алланың құдіретін қойсайшы. Жарылқайын десе, бәрі қолында екен ғой. Жарық дүниең таусылмаса, сәл нәрсе себеп болады екен. Сүйтіп емшіден жазылдым. Бірін айтып, бірін айтпағаным келіспес, осы қызымның тұрмыс құрмағаны да жаныма бататын. Әсіресе төсек тартып жатып қалғанда қатты уайым жедім. Қаңғып қалатындай көз алдымнан кетпей қойды. Нариман бір жылдың ішінде күйеуге шығады деп еді. Айтқаны келді» деді.

Кезегі келіп дәрігерге кіріп шыққасын емшінің мекен-жайын Сымбат сұрамаса да әйелдің өзі жазып берген. Содан бүгін сәті түсті.

Оған Нариманның сырт келбеті ұнады. Көңілі тоқмейілсіп, риза көңілмен қарап отыр.

Табиғатында мінезі ауыр адам асықпай жәй сөйлейді. Нариман да сондай екен. Біршама уақыт өткенде әлдебір көзге көрінбейтін қамалды бұзып шыққандай әсер қалдырған Жасжанға көзін аударып:

– Түк те ауруың жоқ, – деді емші қалтасынан беторамалын алып көзінің айналасын сүртіп болғасын.

Қоңыр үн қоңыраудай күмбірлеп естілгенде селк етті. Естіген құлағына сенерін де, сенбесін де білмей таңырқап емшіге қарады. «Не айтар екен?» дегендей құбылып тұрған көңіл сабындай бұзылды. Оның шамына тигені соншалық: «Ауырған жерлерімді айтып қаншама уақыт көпірдім. Соным бекерге кеткені ме? Әлде мені есалаң біреу дей ме екен. Ауруың жоғы деген несі?» Емшіге көңілі толмай қалса да сездірген жоқ. Сол кезде емшіге қарағысы келмей, жанарын ала қашты.

Бір қызығы, Жасжан сөйлейін десе сөйлей алмады, орнынан атып тұрып кетейін десе қозғала алмады. Арада қас-қағым сәт өте шықты.

Ол енді не істерін білмей, қайдан келдімге қалып меңірейіп отыр.

Нариманның даусы құлақ түбінен күмбірлеп қайта шықты:

– Ішің толып тұр ғой, – деді ренішке толы үнмен.

Онан сайын күдікті ой жанын жаралап, ауруынан жазылып кететіндей, емшіге үміт артқан сенімі тас-талқаны шықты. Жынына тиді. Зығырданы қайнап, қабасы шытынады. Бірақ қарсы сөз қайтарайын десе, әлі кетіп, шаршаған адамдай зауқы соқпады. Кеудесіндегі жүрегін басқа біреудің билегенінен өткен қорлық бар дейсің бе? Тап қазір соны басынан кешірді Жасжан.

– Неге ішіндегіні сыртқа шығармайсың? – Бұл жолы емшінің қатқыл даусы өзгеріп, жұмсарғандай болды.

Бұл сөз оған жағымды естілді. Ол бірден сабасына түсіп, малдас құрған аяғын жазып, тыңдауға ыңғайланып жайғасты. Бір жағынан шошқаның тұрпайылығындай келеңсіз ойынан беті қанкүреңденіп, ұялып төмен қарады.

Нариман сол бір күйі: сабырлы да салмақты маңғаз кейпі. Кімді болса да мысы басып тұратындай үстем қалпы.

– Ішің толып тұр. Ең болмаса қатарларыңмен сөйлесіп, ішіндегіні сыртқа шығарып неге бөліспейсің? Көпшіліктен неге шеттейсің? Неге күлмейсің? Осылай өмір сүруге бола ма? Бар ауруың осы. Өткен жылы сонау Жезқазғаннан мұртты жас жігіт келді. Оның да ауруы сенікіндей. Бірақ ол бірден ағынан жарылды. Қолынан келмейтіні жоқ ағаш шебері екен. Міне, сол кісі кеше ғана сөйлесті. Менің қуанышымда шек жоқ деп рақметін айтты. Соны естігенде мен де одан кем болмай қуанғанымнан, ішкі сарайым кеңіп сала берді. Көрдің бе, адам көңілі жайнап шыға келетін жайылған дастарқан сияқты. Саған айтарым: ішіндегіні сыртқа шығарып, ішінді босат. Ұнжырғаң түспесін, көңілді жүруге тырыс. «Күлкі адам өмірін ұзартады» деп доқтырлар да айтпай ма? Бір жеті келіп ем қабылдайсың, арқанды ашып беремін, – деді емші.

...Ойлауға сиймсыз болса да, «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп Жасжан емшіден жүрегі аузына тығылып, қуанышы қойнына сыймай шықты.

Сыртта күтіп тұрған Сымбат та оның түрін көргенде, бір жаңалықтың болғанын сезген екен.

– Не айтты? – деді, естігенше асығып.

Емшінің айтқан сөзі аузынан шықса, сонан айрылып қалатындай көріп, ол өзінен де, өзгеден де қызғанатындай қиналды. Бір жағынан, алып ұшқан жүрегі кеудесіне сыймай, күтпеген қуаныштан жарылардай шақ тұр.

– Жүр, – деді бар айтқаны.

Ол аптыққан көңілі басылғасын емшінің айтқанын қайта ойына түсірді.

Шын мәнінде оның толқитынындай бар еді.

Бәрінен де жақсылық нышан бергеніне төбесі көкке жеткендей қуанды. Бұл Жасжанға жаңа әлемнің есігі ашылғандай бұрын-соңды болмаған жаңалық еді. Емшінің шындыққа жанаспайтын сөзіне сенерін де, сенбесін де білмей, ғажап күй кешкен. Бұндай бұрын да ғайыптан пайда болғандай көзге елес боп көрінетін. Бала кезінде мұндай сөзді тек ертегіден еститін. Қала берді арман қуалап қиялданғанда ғана көз сүрінетін сағым боп көрінетін. Бірақ сол кезде мұның бәрі шындыққа жанаспаса да, жан дүниесі бір сәт те болса рахат сезімге бөленетін. Енді Нариман сол бала кезінен бері келе жатқан ақылға сыймайтын қиялын айтып отыр. «Бұны қалай түсінуге болады?»

Енді ол Сымбатқа қалай жеткізерін білмеді.

Нені болса да айту оңай, орындау қиын. Бірақ соның нәтижесі қалай болады? Ендігі қалған жаста оған жету мүмкін бе? Оны қинайтын да осы. Ерте қуанып, аяқ асты қалса ше?..

...Жүйелеп ойға алып көрсе, шындыққа жанасатын да сияқты. Осы күнге дейін қанша емшіге барып емделді. Солардың ауырған жерлерін емдеп жазғаны қаншама, бірақ бірде-біреуі алдына қойған мақсатына жете алмай, азып-тозып жүргенін айтқан жоқ. Бұл студент кезден қозған дерт еді. Институтты екі рет тастап кетіп, қайтып келіп оқығаны да содан.

...Күннің көзі көкжиекке еңкейіңкіреп қалған жаздың жаймашуақ кеші еді. Жел тымық. Көше жымжырт. Қара қарғалар ұшып келіп жасыл ағаштардың ұшар басында жапа-тармағай қонып жатыр. Бейсауыт жүрген адамдар да аз. Автобус аялдамасында бірі шемішкі сатып, екіншісі құмалағын жайып отырған екі әйелден басқа ешкім жоқ.

Күн жексенбі. Жасжан мен Сымбат таңертең төсектен тұрғаннан бері көңілді. Сәл нәрсеге күліп мәз. Оның да себебі бар. Екеуінің қосылғандарына бір жыл болған. Сымбаттың іші күннен-күнге үлкейіп барады.

Ішінде тып-тыныш жатқан нәресте алғаш рет таң алдында қимылдады. Сол кезде Сымбат Жасжанды түртіп оятты.

Жасжанның алақанын ішіне басқан Сымбат:

– Қимылдағаны саған біліне ме? – деді. Содан екеуінің де ұйқылары шайдай ашылып, кезек-кезек алақандарымен ішін басып қызықтады. Артынан бірінен бірі қызғанып, күні бойы таласты. Бірі ұл болса десе, екіншісі қыз болсын дейді. Одан шаршап-жалыққанда «маған тартып көзі үлкен болса, менің балам екенін айтпай таныр еді» деп қиялдады. Үлкен көз де неше түрге бөлінеді. Аласы көп бадырақ көз, аспан көз (жоғарыға қарап алақтап тұрады), қап-қара жапалақ көз, өңсіз бажырайған байғұстың көзі. «Солардың ішіндегі әдемісі – бота көз» деп Сымбат қарсыласады. «Одан да маған тартсын, менің көзім үлкен де емес, кіші де емес. Баланың елеусіз өскені жақсы, көз тимейді» дейді. Не керек, бірінен бірі асып түсіп, күні бойы беріспеді. Ақыры шаршап, таза ауаға серуендеуге шыққан беті.

Сымбат аялдамада отырған екі әйелді көрген мезетте:

– Ана құмалақ ашатын сыған кемпір осы жерден кетпейді. Күніге көрем, – деді таңырқағандай.

– Олардың қанына біткен жаратылысы емес пе, несіне таңданасың?! – деді жақтыртпай Жасжан.

Сүйткенше болған жоқ, анадайдан әженің:

– Шемішкі ал, балам, – деген даусы естіді.

Жасжан қалтасына қолын салып:

– Саған шемішкі алып берейін, әйтпесе аузың тыным таппай сөйлей бересің, – деді жымыып.

– Үйтіп өтірік соқпа, үйден шыққаннан бері ыңылдап өлең айтып келе жатқан кім? – деп Сымбат Жасжанның қарынан шымшып алды.

– Сенікі дұрыс, қойдым, – деп Жасжан жүгірген бойы әжеден барып шемішкі алды. Соңынан Сымбат келіп оның құлағына сыбырлап еді. Жасжан басын изеді. Келіншегі риза көңілмен күлімдеп, сыған кемпірге

бұрылды. – Құмалақ ашып бер маған, – деді естілер-естілмес жай ғана.

Кемпірдің әжім басқан қара қошқыл беті демде өзгеріп, алдында жаюлы жатқан ала шұбар матаның үстіндегі құмалақты алып шашып жіберді. Кемпір Сымбатқа қолын созды.

– Ырымын жаса, қызым... Жолың ашық, бақытты боласың... – деді ол, қайыр-садақа сұрағандай сығанның таза әуенімен.

Сымбат дайын тұрған ақшаны қолына ұстата қойды. Кемпір оны алған бойда ашық омырауына жытырып жіберді.

– Бұл жерде тұрмайсың, қызым, алысқа кетесің. Суық жаққа барасың, – деп бастады ол өздерінің шапшаң сөйлейтін әдетімен. – Көп әңгіме бар. Ештеңе етпейді, арты жақсы. Бақытты боласың! Бес балаң болады. Ұзақ өмір сүресің, – деп, басын көтерді. – Ырымын жасасаң, қызым, тағы да айтам, – деп қолын жайды. Сол кезде Жасжан шемішкіден қайтқан ұсақ тиындарды алақанына салды.

– Білсең айтшы, кітап жазам ба? – деді Жасжан дауысын қаттырақ шығарып.

Бұл жолы алақанындағы тиындарды көйлегінің қалтасына салып, әжім торлаған мыж-мыж бетін алақанымен сипады да Жасжанға қарап:

– Қазір жазбайсың, үлкейген шағыңда жазасың, – деді де жинала бастады.

Сыған кемпірдің айтқанына көңілі толмаған Жасжан:

– Да, ну... – деп қолын сілтеп жүре берді.

Сол есіне түсті. Сол мезетте оның көңілі жадырап, жүзі жарқырап кетті.

Ауладан шыққаннан кейін Сымбаттың қолтығынан ұстап:

– Білесің бе, емші не айтқанын? Естігенде құлап қалып жүрме, – деді Жасжан, біреу естіп қоймасын дегендей сыбырлап.

– Неге?!

– Түк те ауруың жоқ деп айтты. Осыған сенесің бе?

– Рас па?! – Әлі де таңырқаған күйден арыла алмаған Сымбат күйеуінің алдын кес-кестеп тұрып алды. – Өлтіресің бе? Қылжақтамай айтсайшы, не деді? – Бір жағынан оның жауабына көңілі толмай ренжісе, екінші жағынан мән-жайды білгенше асығып, шыдай алмай кетті.

– Қылжағың не? Осыныңды біліп алдын ала ескерткен жоқпын ба? – деп Жасжан күлді.

– Онда неге қуаныштан жарылардай болып тұрсың, ыржалақтап?! – деді Сымбат.

– Оны қайдан біліп қойдың? – деді Жасжан таңырқағандай түрмен келіншегіне қарап.

– Түрің айтып тұрған жоқ па?

– Ә, солай ма? Бар айтқаны – ішің толып тұр деді, сенесің бе емшінің осы сөзіне? – деді ол әлі де сенімсіздеу үнмен.

– Толып тұрғаны несі? Басқа не айтты?

– Ішіндегіні шығарып босатсаң, ауруыңнан құлантаза айығасың деді.

– Шын ба!? – Сымбат қуанғанынан алақанын шаптады.

– Құдірет демей көрші, – деді Жасжан шаттанған дауыспен.

– Мүмкін бе осы? – деді ертегі естігендей таңғалған Сымбат.

– Есінде ме сенің, сыған кемпірге құмалақ аштырғаның?

Сымбат оның көйлегінен тартқылап:

– Жоқ. Не деп еді?

– Қазір жазбайсың, үлкейгенде жазасың деген жоқ па? Содан бері есіме бір де түскен емес, ойыма жаңа ғана өзінен-өзі келе қалды, – деді Жасжан.

– Ия, ия. Есіме енді түсті. Сонда саған ішіндегіні шығарсаң, алдыңа қойған мақсатың орындалады дегені ме? Ендеше сыған кемпірдің айтқаны рас болды ғой.

Қалай білген, ә? – деді. Сымбат шырқобелек айналып Жасжаның бетінен сүйіп алды.

– Біле білсең, бұл – менің еңбегім. Саған айтқаннан бері қанша уақыт өтті? Нариманға қоймай сүйреп әкелгендей болған мен емес пе? – деді Сымбат. Нақ осы сәтте оның да қуанышқа толы жүзін көрудің өзі бір ға-нибет еді.

* * *

Есенов үйге келгесін де көп ойланды.

Өз басы осы жасқа келіп кітап жазған адамды естіген емес. Сол да себеп болды ма, жігерсіздіктен құты қашқаны сонша, жұртқа күлкі болып қалмаймын ба деп бір нәрсе бүлдіріп қойған баладай берекесі қашып қиналды.

Ол әрі ойлап, бері ойлап, сенімін әбден жоғалтқан сәтте емшінің даусы тылсым дүниенің ішінен шыққандай құлақ түбінен күмбірлеп естілгендей болды. Бұған оның таңданбасына амалы қалмады.

Жасжан Нариманның жанына жаққан жылы сөзін естігенде шыдай алмай, көп жылдан бері шеген боп қатып қалған ішіндегі сырын жасырмай айтты.

– Өттеген ай! Бір жыл бұрын неге келмедің? – деді сонда Нариман.

Кеш деп түсінген Жасжанның зәресі ұшып, жүрегі зырқ етті.

Уақыт жылжымай қалғандай арада өлі тыныштық орнады.

Ол тағы не айтар екен дегендей Нариманнан көзін алмай отыр.

Нариман аяғын жазып болғасын қайтадан малдасын құрып, көзін жұмды. Бұл жолы теңселген жоқ.

Біршама өткенде барып:

– Күдерінді үзбе, ойлағаның орындалады. Жазғаның жарыққа шығады, – деп айтқан бойда көзін ашты.

Жасжаңда ес қалмады. Оның күткені де осы емес пе еді. Көңілі ұшқан құстай самғап, алып ұшты.

Әуелгі кезде Есенов компьютердің алдында ойын жинақтай алмай ұзақты күн мелшиді. Осылай арада өткен бір жылды да байқамай қалды. Алпыс бес жасқа келді. Сонда да үміт алға сүйрелеп, алған бетінен қайтпай қойды.

Бұл қайтсем алдыма қойған мақсатыма жетем деген құлшыныс еді. Қажып-шаршағанына да қарамады. Осынша күш қайдан шығып жатқанын да түсінбей, қасарысып күресті.

Енді алдындағы бедірейген компьютерге де үйреніп, жазуға икемделе бастағанда оның қыр-сырын түсінбей, тағы азап шекті.

Бұның бәрі ешнәрсе емес екен. Шын азап алдында күтіп тұр екен. Оны басына түскенде білді. Бұл жас кезіндегідей мидың болмағанының кесірі еді. Бастағы ми қатып қалған ба, кеуіп қалған ба, ой жетелеуге көнбей тырысты. Өмірдегі шындықты әдеби шығармаға айналдырып көркем бейнелеу, мазмұнын құрастырып қиыстыру, мазмұнын ашып типтендіріп көшіру, адамдардың өзара қарым-қатынасы мен характерін ашу және баяндау мен суреттеу сияқты көптеген дүниелердің тетігін тауып жаза алмай, әуре-сарсаңға түсті. Осының бәрін ерінбей қазбалап ізденді. Ақыры бір жыл дегенде (көп ізденістің арқасында) алаңсыз жазуға отырды. Сонда білгені – адам өзіне деген сенімін жоғалтпай күресе білу керек екен.

Енді ол жазудан басқа ешнәрсені ойламауға кірісті.

Оксананы көрмеуге тырысып, одан қашып жүретін күйге көшті. Оны ойынан мүлдем шығарды. Самалайды түсінде көрді. Екеуінің қол ұстасып қаланы аралап жүргендері өңіндегідей, алдынан жарық жұлдызындай жарқ ете қалған. Періштедей арудың ауадай үлбіреген кіршіксіз таза бейнесі мен нұрлы жанарына таңырқап қарағаны, қаланың жұлдызды түнінде билетті соңғы қатардан алып киноға кіргені, қысылып-қым-

тырылмай оңашада еркін отырып Самалайды аймалап сүйгені, кинодан шыққасын кафеден тамақ ішіп, шығыс жақтағы ақша қардай аппақ құмның арасында батып, шығып біраз жүргені, қыздың қасында жатып аққан сұдай лепіріп сөйлеген Жасжан институтты бітірген бойда үйленетін болып Самалайдың уәдесін алғаны, содан қиялға берілген екеуі таңды атырып, асханадан тамақ ішіп бола бергенде саусағынан түсіп қалған сақинасын іздеп, екеуі ақ құмға қайтып барғанына дейін киноның лентасындай сырғып көз алдынан өте шыққан. Осыдан кейін Самалай көз алдынан алыстан бұлдырап көрінді де, қолын бұлғап, көз ұшында сағымдай толқып барып жоқ болып кетті. Содан қайтып түсіне кірген жоқ, есіне де алған жоқ.

Есеновке емшінің көмегі тиді. Әлі де алдағы күннен үмітін үзбей жазуға батыл кірісті. Бір қызығы, компьютерге отырған сайын өзін біреу алға сүйрелегендей көзі жайнап, жүзі жадырап, ғайыптан пайда болғандай өзгеріп кетті. Жүрегі кеудесіне сыймай, құнарлы жерге өскен гүлдей құлпыра түсті. Бұрынғыдай естіген жұрт не дейді деп те ойына алған жоқ.

Институттың екінші курсына оқып жүрген кезінде түсі қара қалың дәптердің сыртқы қабының ішкі жағына «Өмір толқыны» роман деп жазған еді. Сонысын әлі күнге дейін сақтап жүрген. Сол дәптерді алып романның атын «Тағдыр» деп өзгертті.

Бұрын жазғанда столға отырар-отырмастан сезімге бой ұрып, жүрегі алып ұшып кеудесіне сыймай кететін де, басына келген ойларын жазуға үлгере алмай қапыда қалатын. Неше бір ғажайып туындыларды енді қайтып есіне түсіре алмай қиналатын. Оның сонда түгі қалмай күйгелектеніп, жүйкесі құритын. Соның артынан түн баласы көзі ілінбей төсектен тұрып, ілбіп жұмысқа баратын. Содан әбден шаршап, әбден мүжіліп, әбден титықтап дәрмені кеткен соң, жазуды мүлдем қойып кеткен.

Кейін ақылға сыймайтын қиялдан нәр алып, бір арманмен ғана күн кешті. Қиялданған сайын жасарған-

дай әсерленіп, тағдырдың кездейсоқ кездескен қиыншылықтарының бәрін ұмытатын. Әбден дағдыланып кеткені сонша, тағдырына налыса да қиялға берілетін. Содан күш алып, содан әл алып, содан қуаттанып, шаршағанды білмейтін.

Күтпеген қуаныштың әсері шығар. Осы басынан өткізіп жатқан қазіргі күндерін бұрын болмаған жаңалықтай санап, сенерін де, сенбесін де білмей, кеудесі нұрға толғандай толқыды. Шын мәнінде өмір бойы кең дүниеге сыймай, басар жер, басар тауы қалмай, кім көрінгенге мазақ болып, көрмеген қиындықты көріп, бір пендеден сүйеніш таппай, жалғыздықтан жапа шегіп шеттеп қалғанда және басы тауға да, тасқа да тисе де қарсыласына беріспей, табандылық көрсеткен қайсарлығы да алға қойған мақсатынан үмітін үзбей жүргеннің арқасы еді.

Қалай болғанда да, бұл да жарық дүниенің жаратқан пендесі ғой. Жақсылықтың ерте-кеші жоқ деген, үлкейген шағында ойлаған мақсатына жетсе, жерге шыр етіп түскенде маңдайына жазылған тағдыры солай болса, не шара? «Жақсылықтың ерте-кеші жоқ» деген, ғайыптан пайда болған құдірет күш оның үміт отын жарқ еткізіп, сезім түйсігін оятса, бұл да Алланың бергені емес пе?!

* * *

Жасжан жазуға отырғаннан бері бұрын-соңды болмаған қуанышқа бөленіп, жүзі жадырап, көңіл күйі күндей жарқырап шыға келді. Қайтсем жетем деген санамен арманға бұрынғыдан бетер еліктеп, толқындай толқыған кеуде тыныш жатпай, жаны жай табар емес. Оның жазудан басқа ешнәрсеге көңілі соқпады.

Есеновтің көз алдында өмір өзгерді. Бұл құдірет дегенді қойсайшы. Көрген қызығын місе тұтпай, аңсаған арманына жете алмай, көштің соңына ере алмай, ел қатарында ілесіп жүре алмай, өмірде ойлағаны болмай, елес боп кеткен қиялынан күдер үзіп, иесіз де қалған-

дай азып-тозып жүргенде бұлай болады деп кім ойлаған?! Бұл деген елеске жанаспайтын құдірет қой деп таңданды.

Қолына алғаш қалам алғанда да тап осылай не жарын білмей қиналған. Содан ойына не келсе соны қосып-шатып жаза берген. Ешқандай ой, идея деген болмаған. Басынан кешкендерінің бәрі мағынасыз жай баяндағандай болып көрінетін. Жазғанда сөз қорынан да азап шегіп, менен түк шықпайды деп түңілген. Сол уақытта Қаһарманның ерте бастап жазғанының бұған пайдасы тиді. Әңгімелер мен повестер жазған қампиған папкасын үйіне алғаш барғанда көрсетіп мақтанған еді. Сол кездің өзінде оның тәжірибесі мол болатын.

Есенов жаза бастағаннан-ақ жаңа дүниенің есігін ашқандай болды. Қуана білген де жақсы екен. Қамкөңіл күй кешіп, шаршауды білмеді. Оның әлі де түсінбейтін жайттары көп екен. Бар ынта-жігерін салып жазуға отырған күннен өзін жасарып кеткендей сезді.

Ол әуелі көптен сары майдай сақтап жүрген дүниелерін ойына түсірді. Сонан соң барып көзімен көріп, ақылымен ұғып, жүрегімен сезгендерін жаза бастады. Басында шытырман оқиғалар мен кейіпкерлерден басы қатып, бірден романнан бастағанына өкінді де. Алған бетінен қайтпай, тапжылмай отырып жазғанның арқасында болар, ұшқыр ой, ұшқыр қиял өзінен-өзі келіп, біртіндеп икемделе бергенде төбесі көкке жеткендей қуанды. Осы қуанышқа бөлеген Нариманды жиі-жиі есіне алды. Күн өткен сайын оның әулиелігіне сүйсінді. Ол болмағанда бүйтіп отырмас едім ғой деп оған шын жүректен алғысын білдірді.

Емшіні кездестірмегенде жазу ойында жоқ еді. Әбден торығып, құр қиялдан да жалығып үмітін үзгенде кездестіргенін айтсайшы. Оның сөзіне иланғаны соншалық, бұрын жоғалтып алған сенім мен үміт қайтып оралды. Сонымен бірге өмірге деген ерекше құлшыныс пайда болды. Талай жылдан бері селт етпей жатқан ойдың оянғанының өзі не тұрады? Осындай жетістік-

ке жеткізген соның әсері емес пе? Оны қалай ұмытсын. Қуаныштың алғашқы баспалдағы осы болар. Бұл дегенің өмір бойы елес қуып армандаған қиялы емес пе?! Енді соның алғашқы нышаны емес пе?!

Шынын айтқанда, Есеновті осындай қуанышқа бөлеген Нариманның оқыған білімі де жоқ. Кішкентай кезінде мықты тентек болған, қайда төбелес болса соның ішінде жүрген. Төбелес десе арқасы қозып, өзін ұстай алмай кетеді екен. Әкесі байлап қойып, арқасынан қамшымен ұрғанда тілім-тілім болған терісінен қан шыққанда да мыңқ етпеген, ауырғанын да сезбеген. Әкесі сонда шаршай ма, жоқ әлде аяй ма, «осы баланың арқасы бар» деп қолындағы қамшысын лақтырып, артына қайрылмай жүре береді. Артынан шешесі келіп байлаған жіптерді шешіп, босатып алады. Әке баласының шектен тыс қылығынан ұялып, жұрттың көзіне түспеуге тырысады. Мұғалімдер де әке-шешесін мазалай бергесін, бір жағынан сабаққа үлгерімі де нашар болғасын, тоғыздан кейін мектепке өзі бармай қойған.

Соған қарамай көзі ашық. Емге барғанда қалай жазудың мән-жайын түсіндіріп Жасжаңды таңғалдырған. Соңынан білгені – өзі де өлең жазған екен. Мектепте оқып жүргенде қыздарға жазған өлеңдерінің ойына түскен бір-екі шумағын айтты. Артынан өзінен-өзі қысылып, аққұба жүзіне қан жүгіріп қызарып кетті. «Кезінде мен де жас болғанмын, арақ ішіп, талай бұзықтық жасағанмын. Сүйтіп жүргенде тізем ауырды. Дәрігерге барып едім. Бірден операцияға жатқызды. Наркозсыз жасатқаным докторлар таңғалды. Тіккен жеріндегі шірімеген жіпті алғанда одан сайын таңғалды. Алты айдан кейін тағы жасады. Екінші жасаған операцияның да көмегі болмады. Тізем сол күйі ауырады. Отырсам тұруым қиын, тұрсам отыруым қиын» деген Жасжанға.

Ол емшіге соңғы емін алуға барғанда:

– Жұрттың не дегені не керек. Ештеңе ойламай жаза бер. Мақсатыңа жетесің. Алла саған өмір берген. Кітап

оқып ізденудің де керегі жоқ. Сенің өмірден көргенің алдағы жазатын том-том кітабыңа жетіп жатыр. Жастар кітап оқымайды деп газет беттерінен жиі кездестірем, өзің ойлашы, оқыған кітабы тартпаса, қызықтырмаса қалай оқиды. Мен де бас жағын оқып, ұнамаса оқымай қоямын, – деп біраз әңгіме айтқан.

* * *

Өмір – күрес. Өмір – тартыс. Өмір – арпалыс.

Осы үшеуін де басынан өткізген Жасжан не жазып, не қоятынын жазуға отырмастан бұрын ойлап қойған болатын. Көзімен көргендері көп. Орыстардың ақ десе ақ, қара десе қара деп айтқаны болған заманын көрді. Шындық атауы солардың қолында жүрді. Сонан соң олар білгенін істеді. Қазақстан деген құр атаққа ие болған ұлтымыз орыстарға жақсы атты көріну үшін алдарында құрдай жорғалап, бірін-бірі өтірік жала жауып ұстап бергеннен басқа қолдарынан ештеңе келмеді. Есенов сонау студент кезінде түнгі сағат үште «Америка дауысынан» «Қазақстан – Россияның колониясы» дегенде сенбеген еді. Сол айтқаны рас екен. Кейін оқуын бітіріп, жұмыс істегенде түсінді. Өзі өмір сүрген социализм дәуірі қандай болғанын арқау етіп, болашақ ұрпақ білсін деген ниетпен көзімен көрген шымшытырық оқиғаларға толы төрт тараудан тұратын романның бірінші тарауын жазып бітіргенде көптен байланыс үзіліп, хабар-ошарсыз кеткен, ендігі аты да ұмыт болып бара жатқан Қаһарманға өзі қоңырау соқты.

Басында бейтаныс дауыс естігендей болған Жасжан:

– Бұл кім? – деп дұңк етті.

– Шынымен ба?! Мен сені даусыңнан бірден таныдым, – деп, трубкадан Қаһарманның күлген дауысы естіді. – Өзің қоңырау соғып тұрып, танымағаның қалай? Сен мені ұмытсаң, онда менің ешкімге керегім болмағаны ғой, – деді.

Сол кезде:

– Амансың ба, Қаһарман? «Көзден кетсе, көңілден кетеді» деген осы. Байланысымыз үзіліп кеткенімен қоймай, көрмегенімізге де көп болған жоқ па? Соның белгісі болар, адам танымастай даусың өзгеріп кетіпті ғой. Оның үстіне даусың ыңыранып зорға шығады, – деді өзіне тиісе сөйлеген Жасжан.

– Енді болмағанда трубканы тастайын деп жатыр едім. Даусыңды естіп қуанып жатсам, «бұл кім» деп кеудемнен итергендей болдың ғой, – деп Қаһарман, Жасжанның сөзіне мән бермеген сыңай танытты.

Бұндай сөз одан шықпайтын және де шамалыға көңіл де бөлмейтін, не жатса да ішінде жататын, әзіл-қалжыңға мыңқ етпейтін, мінезі ауыр еді. Бұл да жеңілейін деген екен. Ішіп алғанын іші сезді.

– Сені ұмытып мені жын ұрды дейсің бе? Арада өткен уақыт кінәлі. Менде бір-ақ дос бар. Ол – Қаһарман. Сен, сенбе, өзің біл. Енді болмағанда белді буып іздеуге шығайын деп жатыр едім. Бала-шаға сау ма? Ел-жұрт аман ба? Даусыңды естіп қалай қуанып тұрғанымды білмейсің, әрине, – деді Жасжан.

– Өзің көргендей, аманшылық. Бәрі жақсы. Шығармашылық жұмысың қалай? Өзің жазуды қойып кеткеннен сауымысың? Баспа беттерінен көрінбейсің? – деді Қаһарман Жасжанның жанды жеріне тигізіп.

– Жазуды енді бастадым, – деді Жасжан жаңалығын айтуға асыққандай тез сөйлеп.

– Енді жазып жатқаның қалай? Баяғыдан бері не істедің? Соны айтшы? Осы уақытқа дейін алпыс жастан асқан адамның жазғанын естіген емеспін, – деді Қаһарман ендігің бос әуре дегендей.

– Оның несіне таңданасың? Менің жағдайымды көзің көрген жоқ па еді. Ұмытып қалдың ба? Есіңде ме, Москваға алты айлық курсқа барып келіп маған «самовнушение» қалай жасау керек екенін көрсеткеніңді? – деп Жасжан ақталғандай сөйледі.

– Онда, Жәке, бәрін жинап қой да маған кел. Мен сені емдеймін. Мені бұрынғы Қаһарман деп ойлап жүрген шығарсың, мүлдем өзгеріп кеттім, оны білесің бе?

– Қазір емнің маған керегі жоқ. Құдайға шүкір, жазуға отырғаннан бері ауру жайында қалды. Ойыма алмаймын.

– Жәке, олай болса, алдымен менің жаңалығымды тыңдап ал. Сенің алдыңда көпіріп мақтанатыным бар еді ғой. Менің сол әдетім ғана қалмаған. Сен ойлағандай емес, уақыт өзгерді. Қазір өмір тіптен-тіптен басқаша. Менің дәрігер екенімді білесің, онымен қоса кәдімгі ем-доммен емдейтін емшімін. Және бес-алты кітабы шыққан жазушымын. Фадеев атындағы халықаралық алтын медаль иегерімін. Саған әлі айтпаған тағы бір жаңалығым, мен драматургпын. Жақында пьесамды театрда қояды. Соған шақырайын деп жүр едім. Менен бұрын хабарласып қойдың ғой. Бұған не дейсің?

– Алдымен барлық жаңалығың құтты болсын! Бұдан да биікке шарықтай бер! Шақырғаныңа рахмет. Алла жол берсе, барам.

– Жәке, жазып жатырмын деген сөзіңді естіп қуанып тұрмын. Жазушылардың қатарына қосылсаң, менен бақытты адам болмас еді. Неге дейсің ғой. Мен жетім қозыдай жалғызбын. Менің қасымда сен жоқсың. Жұбымыз жазылмай жүретінімізді көрген жұрт екеуімізді егіз қозы деуші еді. Сол сөз есінде ме? Мен оны ұмытқан жоқпын. Ал енді соның бірі жазушы болса, екіншісі жазушы бола алмай қалса, онда несі қызық?! Жазып жатқаның әңгіме мен хикаяттың қайсысы? – деді Қаһарман.

– Айтсам мені мазақтап күлкіден өлерсің. Одан да айтпай-ақ қояйын, – деді Жасжан күліп.

– Оны қалай түсінуге болады? – деді Қаһарман.

– Барғанда бір-ақ көрсетсем деп едім, – деді Жасжан сасқанынан.

– Оған дейін жиырма бес күн бар. Шыдамым жете ме? Соны неге ойламайсың? – деді Қаһарман.

– «Құласаң нардан құла» деген сөзді естіп пе едің? Жазып жатқаным роман, – деді Жасжан.

– Не дедің?! – деп, Қаһарман шошып кетті.

– Несіне таңғаласың?!

– Шынымен бе? Бірден роман жазып саған не болған? Одан да әңгіме мен хикаят жазбадың ба? Әлде басыңа тар келді ме? Қырық бес жыл жазып жүрген кәсіби жазушы мен әлі роман жазам деп ойлаған жоқпын. Жәке-ау, жазған не әңгіме, не хикаяттың жоқ, қалай жазбақсың? – деп сәл мүдірді де, – НЕ болса да оң болсын! Үйдегілердің бәріне сәлем айт. Аманшылықпен қауышайық, – деп Қаһарман тұтқаны қойды.

* * *

Есенов Қаһарманды көргенде көзіне сенбеді. Арада қанша жыл өткенін бетінің әжімінен айыратындай екен. Түр-әлпетінен уақытпен санаспай көп еңбек еткенін аңғаруға болатын. Қатты ауырып төсектен енді тұрғаны да көрініп тұр. Бойы еңкіш тартып, бұрынғы тығыншықтай етті денеден сүйегі қалған.

Қаһарман аяғын ілбіп басып, сәл жымыып поездан түскен Жасжанды құшақтады. Сәлден соң құшағын жазып, досының бас-аяғын кішкене құйрықты көзімен жүгіртіп өтті де:

– Екеуміздің арамыз бес жас деп кім айтады? Сен әлі жап-жассың ғой. Ойың талайда-ау, шамасы, – деп, сәл жымыып, екі езуін саусағының ұшымен сүртті.

«Өтірікті судай сіміріп сөйлейтініңді әлі қоймапсың» деп Жасжан оған айта алмады.

– Жақсы сөз естігеннің өзі қандай ғанибет?! – деді күліп. – Көптен көрмегенімізді білдіріп, үйістіп көңілді көтеріп қойсайшы, – қасыңда тұрған жігітке енді көзі түскен Жасжан: – ұлың ба? – деді.

– Сендер барда үш жаста еді. Немеремнің үлкені де үшке толды.

– Е, алдыңа келіп отыра бергенде шалбарыңа кәкетіп қойған балаң емес пе? Аты Ербол ғой. Ия, уақыт қалай тез өтеді, – деді Жасжан.

– Жүрейік, енді менен қашып кете алмайсың. Қақпанға түстім дей бер. Сенің арақ ішкеніңді көргендер

әлі күнге дейін айтып қоймайды, – деді, екі езуін сау-сағының ұшымен сүртіп, жымыған Қаһарман.

– Сенен уақытында қашып құтылдым. Әйтпесе маскүнемнің нағыз өзі болатын мен едім. Сені қойшы, қай уақытта да есебіңе толықсың. Сенің орнында басқа біреу болса, баяғыда жазу түгіл, қара басын алып жүре алмай қаңғып кеткен болар еді.

Екеуі машинаға жайғасып отырды.

– Сол күндерді енді ойлап қарасам, екеуімізден бақытты адам жоқ екен ғой, – деді Жасжанның арқасынан қаққан Қаһарман. – Біріміз аурухананың, біріміз мекеменің дәкейіміз: ақ дегеніміз ақ, қара дегеніміз қара дегендей болдық қой. Ой, шіркін-ай десейші! Жазудан шаршаған кезімде сол күндерімізді аңсаймын. Мен танымайтын адамдардың өзі бас киімін алып қарсы алып амандасатын. Ол саған деген құрмет қой. Ал сені ертегідегі адамдай санады. Сенің беделіңді айтып жеткізу қиын. Жиырма бес жыл директор болған кісі орнынан түскенде біздің аурухананың өзінде сені бірі жамандап, бірі мақтап дүрлікті. Олардың да шулайтындай себебі бар. Комбинаттағылардың да тамыртаныстары, жақын-жуықтары бар емес пе?! Онымен қоса жұмысында сені көре алмайтын. Айтайын дегенім, адамдардың бәрі бірдей емес қой. Біреуіне жақсаң, екіншісіне жақпайсың. Көпшіліктің екі жақты көзқарасы табиғи нәрсе. Сені қандай адам екеніне көзі жетіп, түсінгендер жаратылысыңа таңғалып, саған дән риза болса, тегін олжадан айрылып, аузын қу шөппен сүртіп қалғандардың іші удай ашиды. Ұрлық істегендер ғана байиды, әйтпесе үкіметтің берген айлығы неге жетеді? Бір күні екінші секретарьдың ауырып қалған жалғыз қызына шақыртқасын барсам, комбинаттағы ана біреу қандай адам жұртты дүрліктіріп жүрген деп кержиген мұрны пысылдап, сөз тартқысы келді. Ол уақытта Шубин жұмыс істеп жүрген. Сірә, менің сенімен араласатынымды біреулер айтса керек, оған не дейін. Білемін деген көп сөз, білмеймін деген бір сөз деген, басымды шайқадым да қойдым.

Сол уақытта сыртымыздан екеумізге бәрі қызығады екен ғой. Біз оны білмеппіз. Сен көшіп кеткенде барып естідім. «Онсыз қалай бұл жерге сыйып жүрсің?!» дегендер болды маған. Ең маңыздысы бұл да емес. Айтайын ба? – деп жанында отырған Жасжанға көзі жымыңдаған жұлдыздарға ұқсап жылт-жылт ете қарады. – Бақыттың мастығына малынып, кең дүниеге сыймай жүрген ғашықтардай әңгімені суша сапырып, түн баласы ұйқы көрмей таңды атырып, суда еркін жүзген балықтай көше кезген күндерімізді айтсайшы. Сол уақыт енді қайтып келсе не істер едік. Кезінде соны бағалай білмеппіз. Әбден сырласып, бауыр басып қалғаным соншалық, кейін маған бір нәрсе жетіспейтіндей біразға дейін сүлесөк жүрдім. Жәрдем есіңде ме? Хирургты айтам. Газетке жарияланған әңгімеңді оқыған сайын күлетін еді ғой. Біздің Жаскең қыздардан басқа әңгіме жазуды білмейді деп. Сол сені әлі күнге дейін сұрайды. Мен саған біраз әңгіме айтып ішімді босатып алдым. Міне, үйге де келдік, – деді Қаһарман.

Жасжан театрда отырып, таныс эпизодтарды көргенде есіне түсіре алмай ойланып қалды. Кейін барып жетім бала туралы жазған Қаһарманның әңгімесі екенін есіне түсірді.

...Жаз еді. Демалыс күн болатын. Қаһарман мен Жасжан екеуі темір жолдан өте бергенде дауыл тұрып, онымен қабаттаса нөсер жаңбыр құйды да кетті. Көзді ашып-жұмғанша болмай екеуінің үстіндегі ақ көйлегі малмандай су болды. Жаяу адамдар жүретін көпірдің астына келіп паналады. Сол арада қайдан шыға келгені белгісіз, жас ортасына жетпеген орта бойлы кісі қолын жайып қастарына жетіп келді. Күлге аунаған тауықтай шашы ұйпа-тұйпа, бітік көзінің айналасы көкпеңбек, бетінің екі ұшы қызарып ісіп кеткен.

– Аяңдаршы мені. Кешеден бері нәр татпай үзілуге шақ тұрмын, тиын-тебендерің бар болса беріңдерші, – деді қайыршы, әлі кеткен адамдай сөзін үзіп зорға айтты.

Екеуі де үстінен шыққан мүңкіген иістен жиіркенсе де, бір жағынан аяп, сыр білдірмей тыңдады. Сөзге келместен қалталарын ақтарып, тапқан тиындарын берді.

Қайыршы төмен қараған күйі қолын жайып:

– Ғұлама жазушы болыңдар, – деп батасын беріп, бүгежектеп жүре берді.

Ол кеткесін, Қаһарманның көзі жарқ ете қалды.

Жасжан оның жақсы бір жаңалық айтатында тап осылай көзі құлпырып, бозғылт өңіне білінер-білінбес қан жүгіріп, балаша жайнап шыға келетінін білуші еді. Не айтар екен дегендей досына таңырқай қараған.

– Не білдің? – деді Жасжанға. Құлағына жете ыржиган езуін саусағының ұшымен сипап. Мінезі ауыр адамның тап осылай ыржия қалғаны сөлекеттеу көрінетін. Бұндай күй онда өте сирек болатын.

– Нені білуім керек? – деп, Жасжан әдейі қырсыды. – Арақ ішіп азып-тозып кеткен біреу қайыр сұрап келді де кетті. Онда тұрған не бар? Бұл күнде көріп жүрген үйреншікті жай емес пе?

– Жоқ, олай емес. Екеуімізге кездескен қыдыр бұл. Өзің ойлашы, ғұлама жазушы болыңдар деген сөзді қалай тауып айтты? Талай қайыршыны көріп жүрмін ғой, берген ақшанды алған бойда аузын жыбырлатып тайып тұратын. Ол үйткен жоқ. Екеуіміздің жазушы болуды көкसेп, су етек болып жүргенімізді білгендей бата берген жоқ па? Көрдің бе? Жағасы бес батпан кір болса да, үстіне кигені ақ көйлек. Жай адам емес. Бойында бір нәрсе бар.

Содан бір күні екеуі көшеде кездесіп қалды. Қаһарман беті жайылып күліп Жасжанға қолын беріп амандасты.

– Тойдан келе жатқандай, өзің тым көңілдісің ғой, – деді Жасжан оған қарап тұрмай.

– Ия, төбесінен дәл түстің. Қаһарманға міндетті түрде ішіп мас болу керек деп ойлайсың ба? Мен ішпей де мас бола алам, – деп жадырай күлді. Әдет бойынша саусағының ұшымен езуін сұртті. – Өткенде кездескен

қыдыр есімнен шықпай жүрген. Сол себеп болды. Кеше түнде жұмыстан келіп бір-екі сағат тынығып алып, «Жетім бала» деген әңгіме жаздым. Әлі біткен жоқ. Менің ойлаған ойымдай шықса бар ғой, мынау деген әңгіме болады, – деп бас бармағын шошайтты.

– Неге көңілді десем. Көңілің таситындай себеп бар екен. Қайыршыны бұрын көрмей жүргендей, қыдыр жолықты деп сондағы даурығып қуанғаныңды енді түсіндім. Басыңа бір нәрсе келген болды-ау сонда, – деп Жасжан күлген.

Театрда қойып жатқан пьесасы сол әңгіме екені санасымен саралап барып, әрең дегенде жетесіне жетті. Бір жағынан бұл жаңалығын Қаһарман маған неге айтпаған деп таңғалды. Көп күліп едің деп, «әдейі істеді ме екен, қу». Осылай ойын сан-саққа жүгіртіп, пьесаны да дұрыс көре алмады. Бірақ жанында отырғандардың пыс-пыс етіп көздерін сұрткендерінен көрермендерге ұнағанын анық сезді.

Екеуі театрдан шыққасын машинаға мінбей үйге жаяу барды.

Қаһарман көпшіліктен бөлініп, оңаша шыққасын, көптен көрмеген досын қолтығынан ұстап тоқтатты да:

– Қалай екен? Саған ұнады ма? – деді, досына елжірей қарап.

– Шынын айтсам, ойым бөлініп дұрыс тыңдай алмадым. Мені қойшы, саған сын айтатын драматург та, сыншы да емеспін. Көрермендерге ұнаса болды да. Жанымда отырғандардың көңілдері босап, көздерін сұрткендерінен байқағаным, көпшіліктің көңілінен шыққан сияқты.

– Мен білем сенің көңіл күйің болмады. Үйтіп таусылмасайшы. Жазушы болмасаң осы уақытқа дейін жазбаған өзіңнен көр. Асылық айтпайын, енді боласың. Сенде туа біткен қабілет бар. Соның бір дәлелі деп айтайың, мен жазбаған романды жазып жатқан жоқсың ба? Біріміз Мұхтардай, екіншіміз Шыңғыстай жазушы боламыз деп көкітіміз есінде ме? Ендеше

жақсылықтың ерте-кеші жоқ деген. Босқа салың суға түспей, менің ақылымды тыңда.

– Бәрінен де жазған еңбегің ақталып, көпшіліктің алдына шыққаныңды айтсайшы. Бұл үлкен жетістік. Құтты болсын! Айтпақшы, осы пьеса мен барда жазған әңгімең екенін жаңа көріп отырғанда есіме түсті, – деді Жасжан.

– Бір нәрсені өзіңе сеніп қолға алсаң болады екен. Көп ойланып, толғанып жүріп жазған тұңғыш пьесам. Жазып болғасын таныс режиссерге оқуға бердім. Сөздің шындығы керек. Бұл соның еңбегі. Осы пьесаның арқасында сені көріп, өткен күнді еске түсіріп бір жасарып қалдым. Саған айтарым, жазушы бола алмадым деп көңілің ортаймасын, көресің әлі, сені де осылай тойлаймыз. Ол күн де алыс емес, – деп Қаһарман сенімді үнмен Жасжанды құшақтады.

– Жазған романның бірінші тарауын оқытуға алып келгенімді айттым ба саған? – деді Жасжан жақсы сөз естігеніне қуанғандай даусы толқып.

– Оның жақсы болған. Мендей адамның пікірін білгің келгені өте дұрыс. Осылай мақтанып қояйын. Маған мақтанған жарасатынын білесің ғой. Өзім ішкіш болсам да жазушы деген атағым бар ғой. Әрі десе Фадеев атындағы халықаралық алтын медаль иегерімін. Қалай ойлайсың, мен жындымын, ә? Өзімді дәріптеуге келгенде алдыма жан салмаймын. Астыма көпшік қойып мақтанғаным дені дұрыс адамның сөзі ме. Шыныңды айтшы? Екеуміздің тап осылай бөсетініміз есіме түсіп кетті. Бұл соның әсері. Сонда көңіліміз көтеріліп, жас балаша мәз болып шалқушы едік қой. Өзімізге-өзіміз дем беріп, болмасақ та ұқсап бағушы едік қой. Соның арқасында қанат бітіп, жазуға отырдық. Әңгімелеріміз шықты. Бұл аз болса жас жазушылардың алғашқы жинағына шықты. Сол уақытта сенімен кездеспегенде (ешкімді танымаймын, кім шығарады деп) жазғандарымды папканың ішіне сақтап қойып, осы бүгінге дейін жүре берер ме едім. Кім білсін?! Жазғаныңды

алып кел, оқиян деп айтуға ұмытып кетіппін. Әкелгенің жақсы болған. Онда ертең кешке отырып романыңды оқиян. Сынап-мінеуге шебер екенімді ерте бастан ескертіп қояйын, – деп қулана күлді.

– Мейлі ғой. Бұрыс жолға түсіріп жібермей, міне-сең, – деп Жасжан күлді.

Қаһарман пьесаны қойған артистермен екі күн есі кеткенше ішті. Сосын түк болмағандай қолына қаламы мен қағазын алып Жасжанның романын оқуға кірісті.

Жасжан демін ішіне алып, Қаһарманға қарап отыр. Бір кезде досы басын шайқап, жымыып қойды. Соған ол ұнатқанын іштей сезіп, риза болды. Қобалжығаны да басылды. Досының жылы сөзін естігендей қуанды. Мақсатына жеткендей көңілі көтерілді. Өз басынан кешірген ой-сезімді бере алыпты. Бұл үлкен жетістік емес пе деп толқыған.

Нақ қазір Қаһарманға жазғаны ұнады ма, жоқ па – ол басқа әңгіме, бірақ өзіне жақсы әсер қалдырғаны хақ. «Бұл нағыз өмірдің өзі ғой» деп масаттанды.

Ол көзімен көрген, ақылымен ұққан, жүрегімен сезген ең маңызды деген оқиғаларды жазған. Ешкімнен жылы сөз естіп көрмеген, қолдаушысы, жанашыры жоқ Есенов саңылаусыз қараңғыда жалғыз қалғандай күресті. Осының бәрін, толып жатқан тағы да басқа көргендерін романда жазбақшы. Сол бір меже еткен соны ойлар бірінен соң бірі қалықтап қиялына келе бастаған: машақаты мен алапаты мол өмірдің азабын тартып, өлдім-талдым дегенде барып арманына әрең жеткізетін шытырман оқиғаның нағыз өзі болатын.

Қаһарман оқып болып басын көтерді.

– Тез оқыдың ғой, – деді Жасжан таңырқап, – қалай екен, ұнады ма? – деді дегбірі қашып.

Шын майдан енді басталды.

– Жоқ. Мұнда қуанатындай ештеме жоқ... – деп Жасжанның сөзін бөлді де, қабағын шытып, зілді дауыспен: – Сюжет желісі нашар. Сөз көп, содан тым сүреңсіз. Әлсіз жерін орынсыз көтермелеп әсерлендіресің, сөз құрылымы кедір-бұдыр, оқығанда жымдаспайды.

Мұны күтпеген Жасжанның жүрегі алқымына тығылып, есі шығып кете жаздады. Өзін сабырға жеңдіріп: «Сюжет желісі нашар дей ме?» Ешуақытта ескермеген, ойына келмеген сөз екен. Қалай байқамағанмын. Мейлі солай-ақ болсын. «Сөздері бір-бірімен жымдаспайды дей ме?» Жүрегі дүрсілдеп соқты. Сабасына түсіп, «оныңа келіспеймін» деп жауап қайтара алмай абыржып қалды.

Қаһарман сәл мүдіріп, қайта сөйледі.

– Романға нұрлы әсер беретін тәуір бояу жетіспегеннен ешқандай өмір тынысы сезілмейді, – деді.

Қаһарманның сөзі Жасжанға қатты соққы тигеннен бетер болды. Оның даусы алыстан талып естілгендей жетті.

– Сенің пікіріңе толық қосыла алмаймын, – деп, наразы үнмен әлдене айтып жатқан Жасжанның сөзін Қаһарман тыңдамай бөліп жіберді.

– Бұрынғы барыңнан айрылып қалғансың, бұлай болмайды. Бойыңда күш-жігер мол, бірақ ол жүгенсіз кеткен. Соның кесірі, – деді. Қаһарман әзілдеген болып күлді.

– Мен де өз пікірімді айтуыма болатын шығар, – деді, Жасжан ішіндегі алай-дүлей сезімдерді білдірмеуге тырысып сабырлы үнмен.

– Жаңа сен оқығанда мен де зер салып тыңдадым. Жазғаным өзіме ұнады. Сөйлемдердің үйлесім тауып жымдасқанына қуандым. Сен айтқан сөздің кедір-бұдыр жерін де байқамадым. Мүмкін онша мән бермей, байқамай қалған шығармын. Сюжеттің желісі нашар дегенің де жөнсіз сияқты. Гүл де тамырын жайып барып өскесін, толысып құлпырмай ма. Сюжеттің желісі де сол сияқты. Екеуміздің пікіріміз бөлек болғаны

жазу мәнеріміздің алшақтығынан емес пе екен? Бір жағынан том-томдап шығарып жатқан кітабыңа қарап сенімен санаспағаным жөнсіз де шығар. Маған қарағанда тәжірибең мол ғой, – деді Жасжан көңілі жабығып.

– Бір өкініштісі, мен саған Белинский сияқты өткір сыншы бола алмадым. Солай ғой, – деді, Қаһарман оның көңілін жыққысы келмегендей күліп.

Қаһарман жазғанын түп тамырымен жұлып тастағандай мінеп-сынаған әр сөзінің өзі жанына инедей қадалғаны соншалық, оны ойламайын десе де ойынан шықпай қойды. Не нәрсеге де мойымай қарсы күрескен қайраты бір сәтте мүжіліп, күпті көңілмен үйіне келгенде де жазуға отыра алмай, осы бір күтпеген соққы сар масадай ызыңдап миынан кетпеді.

Күтпеген соққыдан жасып қалған көңілі алабұртып, байыз таппай, өзіне деген сенімнен айрылып, беті қайтқан Есенов неге болса да тер төгіп еңбек ету керек екенін есіне алып, өз көңілін өзі ауламақ болды, бірақ онысынан дәнеңе де шықпай, күзелген жанын тыныштандыра алмады.

Ол өз жазғанын қайтадан дауыстап оқып көрді. Сондағысы қай жерінен кемшілік табам деген ойы еді. Енді кей жерлерін өзгертіп қайта жазайын десе, бір мүшесін кемітіп алатындай көріп, қолы бармай қойды. Содан «Елемес» деген әңгімені екі ай отырып жазды да, Қаһарманға жіберді. Қоңырау соғып сөйлескенде «өткенде жазған романыңдай екен» дегеннен басқа ешнәрсе айтпады. Бұны да дауыстап оқып, бір жеріне тимей столының тақылына тықты. Осыдан кейін «Тақыр бас» деген әңгіме жазды. Оны да поштамен Қаһарманға жөнелтті. Қанша айтқанмен, бір жүрген жолдасы емес пе, бірін болмаса, бірін ұнатар деп дәмеленді. Бұл жолы Қаһарманның өзі қоңырау соғып: «Саған жазушы болуға қырық пайыз қалды, әлі де көп тер төгу керек» деді.

Енді Есеновке жазу қолынан келмейтінін мойындамасқа амалы қалмады.

Қаһарманға не деп кінә тағады. Оның сөзі дұрыс. Ол жұмыстан шаршап келсе де алған бетінен қайтпай күресіп жазудан қолын үзген жоқ. Соның арқасында алдына қойған мақсатына жетті. Өзін елге танытты. Онымен сөз таластыратын мен кімін?

Ақырында осы уақытқа дейін не болса соны сылтауратып босқа сандалып жүрген өзін кінәлады. Алдағы өмірінен күткен үмітіне малтығып алданған екен. Тектен-текке таңды атырып, күнді батырған күндерін есіне түсіріп, кеудесін өкініш қапты.

Өмір – күрес. Соны білсе де оған қарсы тұрып белдескен жоқ. Алып кел, аузыма салып бер деп күткен. Бағын сынап ізденбеген. Бағын сынап алысып та, жағаласып та көрмеген. Бар болғаны аңсаумен, армандаумен, көгілдір сағымның жетегіне еріп қиялдаумен жүрген. Енді байқап қараса, ешқандай әрекетсіз қол қусырып өмір сүрген екен.

Енді бірде өзіне кір жуытпай, Қаһарманға килікті. Өзі жоқтың көзі жоқ деді ме, сыбағасын аямай берді. Оны көргенде бойына біткен маңғаз қалпына сүйсінсе де, кекірейген түрін ұнатпаған. Сағыныштан сарғайып, аңсары ауып барғанда көкірегін көтерген менмендігін байқап іші суыған. Бер жағынан сөйлеп, бер жағынан күлгенін аңғарып, көңілі суығанын есіне алды.

Бұрын ол мұндай емес еді ғой. Жұрт көзіне тұйық, салмақты, ойлы, шамалыға елеңдей қоймайтын мінезі ауыр болса да өзіне ерекше көңіл бөліп, көрген жерде елпілдеп, артистерше құбылып шыға келетін. Табиғатында жоқ мінезін танытып, балаша жайраңдап мәз болатын. Бір ауық қайдағы жоқ әңгімелерді айтып суша сапырып сөйлейтін. Қазақтың кеңпейілдігін, қазақтың ар жағында арамдығы жоқ даңғойлығын, қазақтың аңқаулығын, сонымен қатар періштедей тазалығын және де тағы, тағылардың бәрін тек досының бойынан тапқандай оған сүйсініп қызығатын. Соларды жоғалтып алғандай Қаһарманды тани алмай қиналған. Еңбегінің өрге басқан жаңалығына құтты болсын айтып

және де сол бір ыстық сезімнің құшағына бөленген күндерін аңсап келгенде жатсынғандай сырт бергені несі деп таңданған. «Өмір – алдамшы» деп күрсінген сонда. Көргенше асығып, тасыған көңілі бір сәтте суып шыға келген. Бұл да ештеңе емес-ау, соңынан мұны ұмытып кеткендей, қайдан келдімге қалып, келеңсіз көрініске кезікті. Әуелгісінен де тарылып: қауқылдасқан жоқ, жымыңдап күлген жоқ, әңгімеге құштар емес адамдай мойны түсіп, басы салбырап, әлденеге қамыққандай, әлденеге тарыққандай немесе қымбат дүниесін жоғалтқандай жабықты. Мұны елемегендей, бар-жоғымен санаспағандай өзімен-өзі жүрді.

Жасжан соған күйініп, үш күн үйге де, сыртқа да сыймай жүрді. Себеппен келгесін жаманды-жақсылы жұмыс істеген жеріне барып, ескі таныстарымен кездесіп сөйлеспекші еді. Көңіл хошы болмағасын ол ойынан бас тартты. Ендігі ойы Қаһарманға жазғанын оқытып, пікірін білу еді. Бұл да іске аспай, орны толмас күтпеген өкінішке тап болды. «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деген, жанға батырып аямай айтты. «Қолыңнан жазу келмейді» дегенге барды. Бұл сөз денені аяздай қарығанын білді ме екен? Білмеген шығар? Білсе айтпас еді. Бір кісідей ауа жұтып, бір кісідей арман қуып, қиялданғанымызды ұмытқан ғой. Кеуде біткен. Әйтпесе мүмкін емес. Қаһарманның өзі болса осы бүгінге дейін содан нәр алып, содан қуат алып, әлі де келешегінен үміт күтіп жүрген жоқ па?! Бұл дегенің жаныңды жадыратып, күллі дүниені көз алдыңа келтіріп, ішкі жан дүниенді рахат сезімге бөлеп, шабыттандыратын күдірет күш емес пе?!

«Осы менің маңдайыма өмірдің қызығын көру жазбаған шығар?! Сонда не үшін тағдырымды тәлкек еттім. Қара басымның қамын ойлап, бала-шағамның жайын ойлап, жұмысшылардың жағдайына қомқоршы болмай-ақ, үкіметтің кем-кетігін толтырам деп арам-тер болмай-ақ, кім көрінгенмен жаманаттаспай-ақ, көпшіліктен оқшауланып, көзге сүйел болмай-ақ жөніммен неге жүрмедім? Неге? Неге? Неге?..

Осы жұмыстағы адамдардың маған несі ұнамады? Олардың несі маңдайыма тар келді? Олардан үкіметтің байлығын қызғанғандағы мақсатым не? Әлде өзімнің қолымнан келмегесін көре алмағаным ба? Жоқ әлде шындықты іздеп жұрт алдына шыққым келді ме? Олардан ат-тонымды ала қашқанда елдің алдына шыққанын қайсы? Елмен бірге көрген ұлы той деп көштен қалмай ілесіп жүргенде, қапаста қалғандай бұндай жағдайға душар болмас едім ғой. Солармен тіл табысып, бірге ішіп-жесем, бүйтіп жалғыз қалмас едім ғой. Байлыққа белшемнен батар едім. Балаларым не ішем, не кием демес еді. Үкіметтің байлығы одан кемімейді деп солардың айтқаны дұрыс. Соны уақытында неге түсінбедім? Ауырғанымға қарамай жаза бергенімде бүгінде Қаһарман сияқты жазушы болар едім. Онда мен аурудан құлан-таза жазылып кетер едім. Денсаулық көңіл күйге де байланысты. Нариман осыны қалай білді. Ауруың жоқ деді-ау! Не деген құдірет! Ауырған жерімді айтып болғанда: «Неге бір жыл бұрын келмедің?» деп бірден басын шайқады. Сонда бірдемені сезді ме екен. Әлде мені аяды ма екен? Әйтпесе, ішім толып, жер-көкке сыймай жүргенімді қалай білді? Төбесінен түскендей тауып айтқан жоқ па?! Соңынан көңілімді жықпау үшін ойлаған мақсатың орындалады деген шығар. Мен оны керісінше түсініп, қуаныштан жарыла жаздадым. Нариманның айтқаны рас болса, жазған романым Қаһарманға ұнау керек еді... Енді не істесем екен? Осылай қала ма? Бәрі жалқаулықтың кесірі. Болары болғанда енді өкінгеннен не пайда?..

Қаһарманды көрмейсің бе, ерінбей еңбектенгеннің арқасында алдына қойған мақсатына жетіп, жазушы деген абыройлы атаққа ие болды.

Ал мен өзімнің жалқаулығымнан көрмей, оны күндеймін. Осыным жөн бе? Оған менің ренжитін ештеңем жоқ. Ол шындықты айтты. Бар бәле өзімнен, әңгімені місе тұтпай, романнан бастадым. Осыным дұрыс па? Енді әңгіме жазу да қолымнан келмей отырысымынау» деп Жасжан өзін мінеді.

Бір күні Есенов телекомпанияның бастығы, орта бойлы, сөйлегенде даусы қырылдап шығатын сырықтай қара кісі Раукенді көшеде көрді. Екеуі бір ауылдан болатын. Ол бұрылыстағы автобус аялдамасында тұрған еді. Ауылдас ағасын анадайдан көзі шалып қалды – омсырайған жадау кескіні тым сазарыңқы екенін бірден байқады. Жасжан расында да не істерін білмей, жаны құлазып, көңілсіз жүрген кезі еді.

Екеуі амандасып жатқанда автобус келді. Сол кезде Жасжан Раукенді жібермей қолынан ұстап алып:

– Кездескенің жақсы болды. Асығыс болмасаң үйге жүр. Шаруа бар. Осындайда шақырып апармасам, өздігіңнен жасы үлкенге келіп сәлем беруді білмейсің, – деп әзілдесе де ойындағысын айтып жабысты.

– Аға, айтқаның дұрыс-ау. Өзім құрмет тұтатын ағамсыз. Үлкен басыңызды кішірейтіп тұрғаныңызға мен ұялып тұрмын. Шақыру менің міндетім еді. Бірақ соған құнт жоқ. Ойда болғанмен, уақыт болмайды. Жұмыс тынымсыз. Түк бітірмесек те шапқылаймыз да жүреміз. Одан алып жатқан абырой да жоқ. Мені жеңгеміздің алдында қызартпай, шаруаны осы жерде бітірсек болмай ма? – деді Раукен қысылғанын білдіріп.

– Жұмыстың аты жұмыс. Оның несін айтасың. Күнінде мен де күн-түн демей жұмыста сабылып жүргеннің бірімін. Оны басқа білмесе де үйдегі жеңген біледі. Сен ойлағандай бұл жерде бітетін шаруа емес, – деді Жасжан.

– Мақұл онда, жеңгеміз бір сапарға кешірер кемшілігімізді, – деді сөз таппай қиналған Раукен амалсыздан.

– Міне, сөзге түсінетін адам осындай болады, – деп Жасжан қуанып кетті.

Жасжан ішкі бөлменің табалдырығынан аттай бергенде:

– Сымбат, қайдасың? Раукен қайныңды көшеден күштеп алып келдім. Асықпай шайыңды дайындай бер, – деді.

Раукен көп жылдар бойы газетте жауапты хатшы болып істеген белгілі журналист. Осыған оқытсам

қайтеді деп, оны көрген мезетте мазасын алған ойдан құтылатындай қуанып кеткен. Түбінде біреуге оқытып көруім керек қой. Солай жата бере ме? Тәуекел. Тағы бір сынға түсіп көрейін деген ішінен.

Қарсы бөлмеден басына тартқан орамалын жөндеп Сымбат шықты.

– Сәлем бердік, жеңеше, – деді Раукен не айтарын білмей қысылып қалғандай жай ғана. Тағы да бірдеме айтар ма еді. Жасжан бөліп жіберді:

– Раукен екеуміз оңаша отырып сөйлесіп алайық, шайды сонан соң ішеміз, – деді қайнысымен аман-дасқан Сымбатқа қарап.

Екеуі жазу столына қарама-қарсы қойған креслоға жайғасып отырды.

– Жаңағы айтқан шаруам мынау еді, – деп столдың тартпасынан суырып қолына іліккен әңгіменің біреуін Раукенге берді.

– Аға, мынау әңгіме ғой, – деп Раукен бірден таңғалған дауыспен Жасжанға қарады.

– Ия. Білмеуші ме едің менің жазатынымды?!

– Жоқ. Таңғалғанымнан байқаған шығарсыз. Үлкен талант иесі екенсіз ғой, аға. Шығармаңыздың сәттілігін тілеймін, – деді, орнынан тұрып қайта отырған Раукен.

– Алдымен оқып көр, жарайтын болса сосын айтарсың, – деді, берерін берсе де қайдан бердімге қалған Жасжан.

– Мен баға беретін жазушы емеспін, бар болғаны журналистпін, аға, – деді Раукен өзінен-өзі именіңкіреп.

– Несіне қысыласың? Мен сенен журналист ретінде емес, оқушы есебінде пікіріңді білгім келеді, – деді Жасжан.

Раукен басын изеп, әңгіменің он екі бетін санап болғасын оқуға кірісті. Сол кезде Жасжан аяғын жаймен басып бөлмеден шығып кетті.

Ол келгенде Раукен де әңгімені оқып болған бойы еді.

– Ұнады ма? – деді Жасжан даусы толқып.

– Жақсы екен, – деді Раукен жай ғана.

– Сен үйтіп екіұшты сөйлегеніңді қой. Шындығын айт, – деді, Раукеннің жауабына сенерін де, сенбесін де білмей күмәнданған Жасжан.

– Нағашым екен деп көңіліңді қимай айтып отырған ештеңем жоқ. Шын сөзім, аға, – Раукен үшкір мұрнын тартып күлді. – Шешем тірі кезінде айтушы еді. Ол саған нағашы болады деп. Көрген жерде қалжыңдап сөйлей бер, әкесіне тартса мінезі ауыр болар деп. Бірақ мен сізді туған ағамдай көрем, қалжың сөзге аузым бармайды.

– Шешенді көрген жоқпын. Ол уақытта тұрмыста шығар. Нағашы атаңды білем. Жай ғана мырс етіп сөйлейтін, қуақы сөзге шебер, жаны жайсаң жақсы адам еді. Біздің үйдің шаруасына қолғабысын тигізіп жүретін. Бір барғанда үйіне қонғаным әлі күнге дейін есімде. Төсектен тұрып, беті-қолын жуып, шайға отыра бергенде алдында шашылып жатқан дәріні уысына жинап аузына салды да, тары жегендей күтірлетіп шайнап жұтып қойды. «Оның не, ата, уланасың ғой» деп шыр-пыр болған келініне «Обалы бар. Ақшаға келген дәрі ғой» деп кеңкілдеп күліп жауап берген. Сол үлкен кісі тоқсан тоғыз жасында қайтыс болды, – деді Жасжан.

– Аға, менің сөзімнің бір өтірігі жоқ. Имандай шыным. Жазған әңгімеңіздің мазмұны терең, өмірден алынғаны көрініп тұр. Шынайы мінездер мен болған жағдайларды баяндайтын оқиға желісі қызық, қазіргі заманның романтикасына лайық шығарма екен. Мен қанша журналист болсам да сіз құсап жазу қолымнан келмейді. Сіз үлкен жазушысыз, – деді Раукен көзілдірігін алып, беторамалымен көзін сүртіп жатып.

Жасжан күтпеген жаңалыққа не дерін білмей тосылып қалды.

– Нағашы ағаңды мақтауын жеткізіп, асыра сілтеп жіберген жоқсың ба? – деді жай ғана езу тартып күлген Жасжан.

– Аға, о не дегенің! Сіздің сұрағыңызға берген жауабым бұл. Басқа қосарым жоқ. – Раукен қысылғаннан беторамалымен маңдайын сипады.

Әлі де сенерін де, сенбесін де білмей тұрған Жасжан:

– Олай болса, осы әңгімені газетке өзің апарып бер, – деді Раукенге Жасжан.

– Мақұл. Мені қинамай-ақ бірден газетке бер деп айтпадыңыз ба? – деді көзі күлімдеп қуанып кеткен Раукен.

– Осы әңгімені газетке шығарсаң, ағаңның берген тапсырмасын орындадым деуіне әбден болады. Енді жеңгеннің дайындаған шайына барайық. Күтіп қалған шығар, – деп Жасжан орнынан көтерілді.

* * *

Раукен әңгімені газетке шығаратын болып кеткен. Есенов ішінде ұялаған күдігін оған айта алмай қалған.

Газетке қашан шығар екен деп, көңілі өрге сүйрелгендей күйде жүргенде түйеге мінген баланың суретін салған әңгімесі екі ай өткенде барып шықты. Осындайда бұрын шыққан әңгімесіне тиесілі ақшасын бергенде, торт алып, бала-шағасымен мәре-сәре боп дастархан басында отыратын еді. Сонда балалары да мәз болып, шат күлкіге бөленетін еді. Енді ондай жоқ. Ол заман өткен. Бүгінде орыстың бұғауынан құтылып, қолға теңдік тиген дербес ел болғанмен, аяғынан тік тұрып кете алмай жатқан мемлекетіміздің кем-кетігі жетерлік кезең болатын. Төлемақы төлемейді. Және де балалары үйленіп жөндерімен кеткен. Төрт бөлмелі үйде Сымбат екеуі сол бір күндерді еске түсіріп қойған.

Күндер өтіп жатты. Қардың ызғары біліне бастаған суық күз түсті. Шайдай ашық көгілдір аспанды еңсені басқан бұлт торлады.

Жасжан әлі де күдікті ойдан арыла алмай жүр. Соған қарамай жазудан қол үзген жоқ. Жазғанын орталық газетке жіберуге жүрексініп жүргенде ауылда мектепті

өзінен бір жыл бұрын бітірген Алматыда тұратын ақын Тұрақжан келгенін естіп, әр жерге бір қоңырау соғып, тауып алып сөйлесті.

– Түреке, бұның қалай? Қалаға келіп тұрып хабарласпай жүргенің? – деп алдымен өкпе-наз айтты. Содан кейін үйге шақырды. Алматыдан келген қонақты мектепте бірге оқығандары да, редакцияда істеген жолдастары да шақырғасын Жасжанның үйіне кештетіп келді. Түрі сары, бойы кішкентай болғанмен, бетің бар, жүзің бар демей айтып салатын сөзі удай, бірбеткей кісі. Ең алғаш ақындардың арасынан алғаш жүлдеге Волга машина алған ақын.

Онымен сөйлесуге сонша құштар болғаны – әңгімесін оқытып, оның да пікірін білмекші еді. Шынтуайтқа келгенде, әңгімені оқуға берерін де, бермесін де білмей қобалжи бастады. Қаһарманның соққысынан әлі күнге дейін арыла алмай жүргенде екінші соққы тисе не болады деп тайсақтады.

Бір мектепте оқыған аты болмаса, оны шын мәнінде дұрыс білмейтін. Бұдан қырық шақты жыл бұрын жазушы досы Қажымұрат Тұрақжанды үйіне ертіп келгенде Жасжан үйде болмағасын, онда кешке соғамыз деп кеткеннен келмеген. Сонда Қажымұрат кешкісін үйге келгенде:

– Сенің тумаңды әрі айтып, бері айтып көндіре алмадым, – дегенде:

– О несі?! – деп, Тұрақжанға содан өкпелеп қалған болатын.

Кейін Тұрақжанды кенже ұлының үйлену тойында көрді. Үзіліс кезінде Тұрақжан мен Қажымұрат үшеуі сыртқа шығып, ауылда оқыған мектебі жайлы әңгіме айтып тұрған кезде ақынның есіне әлдене түсті ме, Жасжанға көкшіл көзі шақшия қараған күйі:

– Осы сен жазғаныңды баспаға неге бермейсің? Кітап болып шыққаны жақсы ғой. Солай істесе қайтеді? – деп сұраулы жүзбен Қажымұратқа қарады.

Сол кезде:

– О неге керек? – деп Қажымұрат жақтырмай қабағын шытты.

Тұрақжан қайтып сөз қатпады. Жасжан досының сөзіне мән бермегендей түр көрсетіп, ішінен түйілген де қойған.

Осыдан кейін Тұрақжанды жақсы көріп, іштартып қалғаны соншалық, өзі әдейі қоңырау соғып сөйлесетін болды.

Енді жеме-жемге келгенде Тұрақжанның қиқар мінезінен именіп, ойланбай істеген ісіне бармағын тістеп отырғаны да содан шығар. Сүйтсе де ақынға күдігінен үміті басымдау әсер етті ме? Шай ішіп оңаша бөлмеге жайланып отырған кезде Жасжан:

– Түреке, өзің айтқан сөзің есінде шығар. Жазғаныңды баспаға неге бермейсің деген едің ғой. Содан бері қанша уақыт өтсе де, мен оны ұмытқан жоқпын. Мына жазған әңгімем соның куәсі. Оқып көресіз бе? – деді Жасжан ақынға.

– Бұның дұрыс болған екен. Мен сенен күдер үзіп қойып едім. Кәне көрейін, – деп, Тұрақжан Жасжанның қолындағы қағазды алып оқи бастады.

Ол өзінен-өзі қобалжып бір отырып, бір тұрып жүрді. Содан терезенің алдына барып сыртқа қарады. Қаз-қатар тізілген үйлердің арасынан шыққан екі балаға көзі түсті. Бірінің бойы ұзын, екіншісінің бойы аласа болғанмен, жауырынды екен. Бойы ұзыны ұстап келе жатқан жолдасының қолын оң жағына қарай бұрады. Сол мезетте баланың шыңғырған даусы шықты. Ашуға булыққан бала қолы босаған бойда серігіне тарпа бас салды. Ұзынның қарсыласуына мұрша бермей, белдігіне жармасып ұстаған бойда оны оп-оңай көтерді де жерге алып ұрды.

– Не істеп тұрсың? Бері келсейші, – деді Тұрақжан оған.

– Ойыңа не түсті, шақырғанда зорға келдің ғой, – деп алақанымен иегін сипап күлді ақын.

Жасжан қысыр сөзге о бастан шорқақ еді. Сөзді көбейткісі келмеді. Бір жағынан не дер екен деп естігенше асықты.

– Жәй, әншейін, – дей салды.

– Әңгімеңді оқыдым. Он кітабы шыққан жазушының жазғанындай екен, – деді бірден Тұрақжан.

Есенов қай сөз екенін түсіне алмай аңырып қалды. Сәлден кейін:

– Шын айтасың ба? – деді.

* * *

Жасжанға ақынның айтқаны демеу болды. Ертесіне-ақ жазған әңгімелерін орталық газеттерге жіберді. Күтпеген қуанышқа шаш-етектен кенеліп, гезеттің беттеріне бірінен соң бірі шыққанда Қаһарманға қоңырау соқты.

Баяғы күндері есіне түсіп, Қаһарманмен қуанышын бөлісуге асыққаны соншалық, аман-сау сұрасуға да мұршасы болмай, бірден:

– Менің газетке шыққан әңгімелерімді оқыдың ба? – деді еңтігіп.

– Жоқ, – деді Қаһарман.

– Сен жарамайды деп айтқасын жазуға қолым бармай, ішқұса болып өле жаздамаймын ба? Несін жасырам, жан қиналған ауыр күндер бастан өтті. Содан не істерімді білмей жүргенде көшеде таныс журналист кездесе қалды. Соны үйге ертіп келіп, папкіден сен оқыған әңгімені алып бердім. Әңгіме оған ұнады. Облыстық газетке өзі апарып берді, – деді.

– Облыстық телевидениенің бастығы болса, әрине, шығарады, – деді шыдамы таусылған Қаһарман.

– Сөзімді бөлмей, тұра тұрсайшы. Мен айтып болайын да, – деді де, – облыстық газетке әңгіме шыққаннан кейін, ауылда мектепті менен бір жыл бұрын бітірген Алматыда тұратын Тұрақжан деген ақын келді. Раукеннің айтқанына сенбей, оған да бір әңгімеді оқуға бердім. Ол да ұнатты. Жүрегім шайылып қалған, сон-

да да сенбедім. Не болса да бастамасы жақсы ғой деп орталық газеттерге жіберіп едім. Шықты. Мен сені қуанышыммен бөлісетін шығар деп күттім. Сүйтсем менің жаңалығымнан хабарсыз екенсің ғой, – деді.

– Мен газет, журнал алмағанымға қай заман. Оны оқитын менде уақыт жоқ. Күні бойы адамдарды емдеймін. Қолым босағанда жазуға отырам. Жәке, ойда жоқ жерде мені таңғалдырып тастадың ғой. Газетке шыққандардың ішінде мен оқыған әңгіме де бар ма еді? – деді Қаһарман таңырқап.

– Ия, – деді Жасжан.

– Қайта жазып өңдеп пе едің?

– Жоқ. Сол күйінде жібердім.

– Қой, мүмкін емес, – деді Қаһарман даусы күмілжіп.

– Өзім де соған түсінбей қойдым. Сен ғой он шақты кітап жазған дырдай жазушысың. Мен сенің айтқаныңа сеніп, қандай күйге ұшырағанымды білмейсің ғой. Менің бағыма таныс журналист пен жерлес ақын кездесті, – деді Жасжан ағынан жарылып.

Не дерін білмей үн-түнсіз қалған Қаһарман даусы тұтқадан сәлден кейін шықты.

– Ондай болады. Жазушының талғамына байланысты. Біреуіне ұнаған екінші біреуге ұнамауы мүмкін. Оған таңғалатындай ешнәрсе жоқ. Кезінде атақты жазушы Шыңғыс Айтматовтың да шығармаларын Қырғызстан да, Қазақстан да шығармай қойған жоқ па? Осы сөзді маған өзің айтқансың. Сөздің қысқасы, енді маған жазғаныңды оқытпайтындай болған екенсің, – деп Қаһарман күлді де, – қалай болғанда да сен маған өкпелемейтін шығарсың? – деп, не дерін білмей сасып қалды.

– О не дегенің? Мені олай алжастыра көрме, достым. Біле білсең менің өлкемді оятқан өзің емессің бе? Ұмыттың ба соны?! – деді Жасжан өкпесін білдіртпеуге тырысып.

– Онда мен саған барып қуанышыңды бөлісіп қайтайын, – деп Жасжанға сөйлеуге мұрша бермей, Қаһарман тұрбканы қоя салды.

Арада қыс өтіп, көктем келді. Көшеде ду-думанды көктем тынысы естіледі, аспан аясында бозторғайлар шырылдайды. Бір жолы жазу столынан тұрып, үйден шыға келгенінде көк көрпесін көсілте жайып құлпыра түскен көктемнің сәуір айындағы ерке ескен жылы лебі бетін сипалап, Жасжанның еңсесін бір көтеріп тастаған. Осыдан былай даланың хош иісті көктем самалы оның бойын жадыратып, көңілін сергіте берді. Күн барған сайын ұзарып, жол жиегінде жарыса өскен бозтеректер жамырай жапырақ жайған. Күн көзі тас төбеге көтерілгенде көкжиекте сағымдар жүзіп, шаң-тозаң басқан кірпіш дуалдар ысып кететін болды.

Осы көктем Есеновке де жанын жадыратарлық жаңалық әкелді. Бұрын өзіне жұмбақ болып келген тіл жетпес жарқын дүниенің есігін ашып, көңілі көктем күніндей жарқырап, гүл-гүл жанды. Кеудесін қуаныш кернеді. Шырқау биікте самғағаннан кем болмай шаттыққа бөленді. Енді оның қиялға беріліп күн кешкен өмірі артта қалды. Көптен күткен үміті ақталып, бақыт құшағына бөленді. Баспадан кітабы шықты. Осылай болады деп ол ойлаған ба еді?! Оның өңі емес, түсіне кіріп пе еді?! Бұрын-соңды болмаған қуаныш кеудесін кернеп, шаттыққа бөленді.

Енді ол болмашыға күйіп-пісіп шыдамсыздық танытқанына, сәл нәрсеге ашуланып күйгелектенгеніне, тағдыр тәлкегін көтере алмай налығанына, бір реніштің артында бір қуаныштың барын біле тұра астамшылық жасап өмірден түңілгеніне налып күйінді.

Жасжанның күпті көңілі орнына түскен. Ешкімге оның өкпесі жоқ. Бәрінен де тарыға күткен арманы орындалды. Тектен-тек уақыт өткен жоқ. Біраз іс тындырды. Соның ішінде өмір де шындықтың барын дәлелдеді. Бұл өздігінен келген жоқ. Бұған ол табандылықтың арқасында көп еңбек сіңіріп, қиналып жетті. Бұл қолдаушысы жоқ, жалғыздықтан жапа шегіп жүргенде екінің бірінің қолынан келмейтін үлкен жетістік. Сүйтіп жүріп алдына қойған мақсатын да ұмытпады. Рас. Алғашқы кездері жазуға өресі жетпей қиналды.

Сүйтсе де үмітін үзбеді. Өз күшіне сеніп, алған бетінен қайтпай жаза берді. Соның нәтижесі ойлаған мақсатына жетті. Бұрын бақыт деген ойдан шығарған нәрсе деп ойлаушы еді, олай емес екен. Бақыт деген ұшып-қонып жүрген құс секілді. Соған жігеріңді құм етіп алмай Алланың берген құдіретіне сеніп кездескен кедергілерге қарсы тұра алсаң ғана жетеді екенсің.

Бір жолы түстен кейін Жасжан стол үстінде жатқан газетті қолына ұстап, Нариманның үйіне барды.

Емшінің терезесі көше жаққа қарайтын. Ыс басып қожалақтаған үй төбесіндегі шиферді қос терек көлегейлей жасырынғандай еді. Шарбақтың түкпіріндегі бастырмада былтырдан қалған отын жатыр, оған жапсарлата салынған монша мен тауыққора: бір бұрышта төңірегін шөп басып кеткен иттің күркесі қаңқасы қисайып құлауға жақын.

Үй іші қапырық, жаңа жапқан нанның исі танауыңды жарады. Ауызғы бөлмеде отырған екі ұл мен үш қыздың айналасында ойыншықтар шашылып жатыр. Ошақ басында тамақ пісіріп балалардың шешесі жүр.

Есенов үйге кіргесін сәлем берді. Ошақ басында тамақ пісіріп тұрған әйел басын изеп амандасты. Балалар ұялып отырған жерінде қозғалақтап төмен қарады. Сол кезде келген адамның даусын естіп, төргі бөлмеден Нариман шықты. Жасжанды көріп қолын жүрегіне басып тұрып аман-саулығын сұрады. Екеуі төргі бөлмеге кіріп, жаюлы төсек көрпеге жайғасты.

– Нәке, мазаңды алсам кешірім сұраймын, – деді Жасжан қысылып.

– О, не дегенің?! Маған сені бір көргеннің өзі не тұрады. Мен үшін үлкен қуаныш. Айналайын, оны біліп қой. Сенің жасың үлкен болғанмен, менің жолым үлкен. Айналайын дегенімді ерсі көрме. Осы сенің алдыңда бір баланың әке-шешесі келіп айқай-шу шығарып кетті. Үлкен ұл біреудің баласын ұрып, көзін көгертіп қойыпты. Бір жақсы жері көзі аман. Содан балаға ұрсып, көңілімнің хошы жоғы еді. Келгенің жақсы

болды... – Әлі де айтар ма еді, үсті-үстіне жөтеліп, сөзі бөлініп кетті.

– Жәке, айтқан жоқ па едім, кішкентай кезімде мен де атышулы тентек болғанымды. Қазір ғой түк болмағандай момақан болып жүргенім, – деп кеңкілдеп күлді де:

– Мына бала да менің жолымды қуа ма деп қорқам, – деп Нариман күрсінді.

– Кіріп шығам ғой деп едім. Отырып қалдым. Мына газетті сізге әкелдім. Ішінде өзіңіз жайлы жазған әңгіме бар, – деді Жасжан жай ған езу тартып.

– Мен де біреуге керек бола қалғаным ба? – деп таңқалған Нариманның көзі газеттің бетіндегі «Ғажап» деген әңгімеге түсті. – Мынау ма? – деді Жасжанға көзі күлімдеп.

– Ия. Сол, Нәке, ана сурет сізге ұқсай ма? – деді Жасжан.

– Неге ұқсамасын, басқасын білмеймін, мұрным келеді, – деп күлді. – Онда кетпей тұра тұрсайшы, – деді, Нариман даусы жалынғандай шықты. – Көп күтпейсің, тез оқимын, – деді.

– Онда асықпай оқыңыз. Мен де ұнаған, ұнамағанын біле кетейін, – деді Жасжан.

– Дұрыс болды, – деді Нариман алақанымен жағын сипап.

Нариман аяғын бірінің үстіне бірін алмастырып, қайтадан малдас құрып жайғасып отырды.

– Мынаны жазған сен бе? – деді Нариман, газеттің алғашқы жолын оқи бастағаннан-ақ.

– Бәсе, мен жайлы жазған кім екен деп ішімнен басымды қатырмаймын ба?

Жасжан қалай әсер алар екен дегендей Нариманның бет-әлпетін қарап, көзін алмай отыр.

Нариман әңгімені оқып отырып, бірде өсіп кеткен сақал-мұртын алақанымен сипалап басын шайқайды, енді бірде еріксіз күліп таңқалғандай басын изеп қояды. Осылай оның әр қимылын қызыға қарап отырған Жасжан оқып болғанын газеттен басын көтергенде бір-ақ білді.

– Осының бәрін қалай тауып жаздың? Осыны күдірет демей көрші! Керемет қой, керремет! – деп Нариман басын шайқады.

– Мен артық ешнәрсе жазған жоқпын ғой. Өзіңіздің айтқаныңызды жаздым, – деді Жасжан.

– Жоға-у, қиыстырып жазғаныңа таңғалам. Неткен қабілет! Осындай қабілетті осы уақытқа дейін қалай сақтадың? Ішіңе қалай сыйды? Соған таңым бар, – деді.

– Нәке, айтқаныңыз келді емес пе?! Сіз болмағанда жазу, жазбауым екіталай еді. Мен үшін сіздің еңбегіңіз баға жетпес байлық болды. Менің жасаған жақсылығым осы. Қолымнан басқа ешнәрсе келмейді, – деді Жасжан.

– Айналайын-ау! Бұл дүниеде бұдан артық маған не керек? Ертеңі күні кедей болсаң да, бай болсаң да артыңда пайдасы да, пайдалы емес, жинаған дүниенің бәрі қалады. Біле білсең, сен менің атымды шығардың, – деді, көзінен шыққан жасты сүртіп. Орнынан тұрып түкіріп келді де сөзін жалғастырды. – Құй сен, құй сенбе, өзің білесің. Сөзіме сенсең, өлген әкем тірілгендей менің қуанышымда шек жоқ – деді, қолы дірілдеп көзіндегі жасты сүрте алмады. – Мына газетті ел оқиды. Нариман деген атымды танитын, танымайтындардың бәрі оқиды. Мені біреу осылай газетке жазады деп ешуақытта ойлаған емеспін. Мені бір пенде елейді деп ойыма кіріп шыққан емес. «Біреуге істеген жақсылығың алдыңнан шығады» деген осы емес пе?! Атымды шығардың, бұдан артық қандай жақсылық керек. Маған істеген осы жақсылығың Алладан қайтсын. Бұл менің халыққа істеген еңбегімнің қайтарымы шығар, – деп, Нариман мәз болды. Орнынан тұрып кеткен Жасжанның қасына барып қолынан ұстады.

– Бәрінен де мені ұмытып кетпей, атымды халыққа танытқаныңа рақмет, – деді Жасжанды құшағына қысып тұрып.

Шын көңілмен айтқан Нариманның сөзіне Есеновтің де жүрегі елжіреп көзінен жас шығып кетті. Тап осы сәтте екеуінің де қуанышында шек жоқ еді.

МАЗМҰНЫ

Бірінші тарау.....	3
Екінші тарау	82
Үшінші тарау.....	215
Төртінші тарау.....	351

Тынымбай Төлепбайұлы

ШЫРФАЛАҢ

Роман

Редакторы *Жанат Әскербекқызы*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқаров*
Корректоры *Айдана Сыдықбай*
Компьютерде беттеген *Ақмарал Кадикенова*

Басуға 02.09.15 қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 21,0.
Тапсырыс № 0257. Таралымы 500 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13
«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

FOLIANT
БАСПАСЫ

ISBN 978-601-302-315-1



9 786013 023151